

63.3(5-533)

Э/С 90

Сағат ЖҮСІП

АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ

Деректер мен дәйектер



03.3(5)08/1
ЖЕ 90
Сағат ЖҮСІП

**АШАРШЫЛЫҚ
АҚИҚАТЫ
Деректер мен дәйектер**

Қызылорда мемлекеттік университеті
КІТАПХАНА
№ 100000

Жинақты құрастырушы Сағат ЖҮСІП

Бұл құрастырылған жинаққа күні бүгінге дейін құпия мұрағаттарда толық ашылмай, терең зерттелмей, тиісті саяси бағасы берілмей келе жатқан, нақты кейіпкерлері өмірден өтіп кеткен 1918-1922 және 1931-1933 жылдардағы қазақ ашаршылығы жайлы әртүрлі дерек көздерінен алынған материалдар мен естеліктер кірген. Бұл еңбекті қазақ ашаршылығы жайлы естеліктер мен әңгімелердің, ашылған мұрағаттардан алынған кейбір деректер мен бейне көріністердің негізінде жинақ жасаған қарапайым өлкетанушының баршамызға үлгі боларлық талпынысы деуге болады.



*Бұл еңбегімді әкем
Есмаханның әруағына
арнадым*

Бұл ашаршылықтың қазақтарды ойсыратқаны соншалық, қазақтар бұл зұлматтан соң тіпті басқа халыққа айналды. ОЛАР ӨЗ ЖЕРІНДЕ АЗШЫЛЫҚҚА ТҮСТІ. Қазақтардың бүгінгі таңдағы мәдениетін, тілін дамытудағы қиыншылықтарының түпкі себебі сол кезден бастау алады. **ҚАЗАҚТЫҢ МӘДЕНИЕТІН ӨЛТІРГЕН - АШАРШЫЛЫҚ.**
Дмитрий Верхотуров, тарихшы

АШАРШЫЛЫҚ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР, МАҚАЛАЛАР

«Күніне қазақ мындап өліп жатыр,
Тұқымы сағат сайын кеміп жатыр.
Өз баласын өзі үйітіп, сирағын жеп,
Көр азабын тірідей көріп жатыр»

Ілияс Жансүгіров

«Ұлы Ашаршылық қырғыны жайлы біздің жадымыз — елімізді рухани мешеуліктен құтқаратын ғаламат рухани шипа, ем. Оның ең үлкен маңыздылығы сонда, бұл — әрбір боздақтың тағдырына түсетін сәуелелі дұға». Виктор ЮЩЕНКО, Украина президенті.

«Тарихынан айрылған халық 100 жылдан кейін жадынан айрылады, 150 жылдан кейін хайуанға айналады» ГЕББЕЛЬС

ҚАЗАҚ АШАРШЫЛЫҒЫ (Кіріспе орнына)

Отызыншы жылдарғы ашаршылыққа дейінгі қазақтың саны қанша болған? Әлі күнге дейін бұл сұраққа ресми және басқа деректер нақты жауап бере алмай келеді. Сол кездері жүргізілген ресми санақтар бойынша қазақтың саны жайлы шын деректерді большевиктер бұрмалап, көпе-кернеу азайтқаны жайлы енді ғана біліп жатырмыз.

Сондықтан да болар, 1917 жылы үкімет басына келген большевиктердің миллиондаған қазақтарды әуелі аштықпен, сосын зорлықпен, күшпен жерін тартып алу, ату мен асу жолдарымен қырғаны жайлы деректер әлі күнге дейін дұрыс жариялылық таппай келеді. Жиырмамыншы жылдары басталған репрессиялық жазалауларға тиісті баға берілмей отыр. Жұт кезінде қырылған төрт түлік малға ғана бастары ауырған большевиктер қазақтың трагедиясына мән бермеді. Әлі күнге дейін, тіпті қазақ тарихшыларының өздері ашаршылық жылдары қырылғандардың саны бар болғаны екі миллион болды дегенді алға тартумен келеді. Кейбіреулер ұлтымыздың жартысы аштан қырылды деп те айтып жүр. Бірақ, бұл «жарты» қанша санның жартысы? Бұл сұраққа нақты жауап алу үшін сол кездегі қазақтың нақты санына жүгіну керек. Сол кезде жүргізілген сталиндік ресми статистикаға сенудің еш қажеті жоқ. Ол статистикаға сенсек, отызыншы жылдардың басында қазақтардың саны 2,5-3 миллионнан аспайды. Әрине, бұл бетсіз өтірікті айтушылар,

өздерінің сұмдық қылмыстарын жасырмақ болған коммунистік басшылар. КСРО-ң мемлекеттік мұрағатында мынадай құпия дерек бар. «Из всех тюркских или турецких народов России.. самым многочисленным являются казахи.. На территории в два миллиона триста тысяч кв. верст живет без малого 10 миллионов казахов». (Архив Октябрьской революции, фонд № 1318, опись № 1, Ед. Хр. № 56). Мәскеулік тарихшы В. Кушкин өзінің «Советизация казахского аула» деген монографиясында Қазақстанның тек қана солтүстік облыстарының өзінде (халқы тығыз орналасқан оңтүстігін есептемегенде) қазақтардың саны 9 миллионнан асады деп жазған.

Жәй ғана қарапайым есептеулермен алғанның өзінде қазақтардың саны отызыншы жылдардың басында кемінде 16 миллион болған. Ашаршылықтан кейін бұл сан 3 млн 200 мыңға түскен. Қалған 13 миллионы қайда? Олардың көздері жойылған немесе шет аймақтарға ауып кеткен.

Мәскеуге барған бетте Ленин кітапханасынан 1926 жылғы санақтың қорытындылары жарияланған кітапты тауып оқығанмын.

«КАЗАХИ САМАЯ КРУПНАЯ ТЮРКОЯЗЫЧНАЯ НАЦИОНАЛЬНОСТЬ СОВЕТСКОГО СОЮЗА - 6 млн 200 тыс ЧЕЛОВЕК» деген тұсын көшіріп те алғанмын. Ал 1939 жылы сол 6 миллионнан астам қазақтан 2 миллион адам ғана қалған. Мұндай қорлыққа тек қой мінез халық қана шыдай алады. Ал біз жылқы мінез халық емес пе едік!?

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

1924 жылы сол кездегі Қазақ КСР-ң басшылығының органы «Еңбекші қазақ» газетінде Әлихан Бөкейхан былай деген еді: «1914 жылы Ресей халқының жалпы саны 161 млн 700 мың еді. Осы кезде қазақтар қанша еді? 1896 жылы, сосын 1907 жылы, одан он жыл өткен соң Көкшетау уезінің халқына екі рет санақ жүргізілді. Егер осы көрсеткіштерді салыстыратын болсақ, қазақтардың өсу қарқыны әлемдік деңгейден жоғары. Егер әрбір 200 қазаққа орта есеппен 3 адам қосылып тұрады десек, онда 1914 жылы қазақтардың саны 6 млн (!) 470 мыңға жеткен». Осы көрсеткіштерді 1926 және 1929 жылдарғы халық санағының ресми нәтижелерімен, ресейлік ғалымдардың, атап айтқанда Алексеевтің есептеулерімен жәй ғана салыстыра отырып таң

каласын. 1914 жылдан бері өткен 12 жыл ішінде, яғни 1926 жылы КСРО-а қазақтардың саны көбеюдің орнына, азайып кеткен. Тіпті 4 миллионнан аз – 3 968 289 адам. Өсу қарқынын негізге алатын болсақ, қазақтардың табиғи өсу қарқыны бойынша бұл көрсеткіш 7 миллионнан асуға тиіс. 1916 жылғы халық көгерілісін аяусыз жаныштау кезіндегі адам қырғынын, 1917-1919 жылғы азамат соғысының салдары мен қазақтардың шет елдерге ауып көшуін, 1921-1922 жылдарғы ашаршылық нәубетін есептегеннің өзінде қазақтардың саны 6-6,5 миллионнан кем болмауы тиіс. Сонда қалған 2-2,5 миллион халық қайда кеткен?

Алексееенко бұл сұрақтың жауабын іздеуге онша басын қатырмайды. Оны айтасыз, күмәнға толы 1926 жылғы халық санағының нәтижесін өзгертіп, қазақтардың санын 3 968 289-н 3 718 000 дейін азайтқан. Өзін 1926-1939 жылдарғы жүргізілген халық санағының қас маманы ретінде санайтын Алексееенко қазақтардың өсуін әдейі азайтып, өсу коэффициентіне ең төменгі – 1,5 деген цифрды қойған. **«1930 жылғы дағдарыс болар алдында қазақтардың саны, менің есептерім бойынша 3 млн 886 мың (жыл басында) болуы тиіс. Мен оны былай дәлелдеймін: Қазақтардың саны 1926 жылғы санақ бойынша (барлық түзетулермен қоса) 3 млн 718 мың. Үш жылғы табиғи өсімді есепке алғанда (1927-1929 ж.ж. 4,5 пайыз) олардың саны 3 млн 886 мың болуы тиіс».**

Онымен салыстырғанда Әлихан Бөкейхановтың жоғарыда келтірілген есептеулері әлдеқайда әділетті және шындыққа жуысады. Сол кезде Мәскеуде мәжбүрлі жер аударылуда жүрген қазақтың көсемі Қазақстан коммунистерінің жетекшілерінің санақ деректерін әдейі өзгерткен жымьсықларын әшкерелеу мақсатында мақала жазған болатын. Оның есептеулері бойынша қазақтардың табиғи өсімі 10 жыл ішінде, бірінші әлем соғысы басталған жылдан бері 979 мың болуы керек. Сонымен бірге бұл аралық кезеңде, жергілікті ұлттың өсіміне теріс әсер еткен факторлардың да болғанын айта кету керек. Олар – 1917 жылы Түркістанда болған холераның індеті, 1921-1922 жылдарғы Қазақстандағы аштықты Бөкейханов өз мақаласында атап өткен. Бұл жерде Қазақстанның 1924 жылға дейін екі бөлікке – Қазақ АССР-і және Түркістан АССР-і болып бөлінгенін айта кеткен жөн. Сол кездерде болған індеттер, шаруаның күйзелуі, соғыс пен аштық осы 10 жылдың ішінде әрбір 20 үйдің немесе 100 адамның 15-н басын жұтты. «Мейлі қазақтар отбасы мүшелерінің санын жасырған күннің өзінде, мейлі статистика «кателессін», бәрібір Түркістан

мен Қазақстанның қазақтары (Бұқара мен Хиуаның қазақтарын есептегенде) бүгінгі таңда 6 миллион 470 мыңнан кем болмауы тиіс» деп мәлімдеді Бөкейханов 1924 жылы. Автор бұл жерде қазақ жерінің 1925 жылға дейінгі шекарасында тұрып жатқан қазақтарды айтып отыр. Олар сол кездің өзінде Бұқара мен Хиуада тұратын қандастарымен қосып есептегенде 7 миллион толық болар еді. Сонда қазақтардың саны 1932 жылдың басында (ашаршылық басталғанға дейін) қанша болғанын білсек, аштан қырылғандардың санын да анықтаған болар едік.

Әлихан Бөкейхановтың есептеулерін негізге алсақ, қазақ 1914 жылы 6 млн 470 мың болған болса, 10 жылдың ішіндегі табиғи өсімі 1924 жылы 979 мың болған жағдайда, 8 жылдың ішінде, яғни 1924-1932 жылдары оның табиғи өсімі 783 мың болуы керек. Осыдан шығатын тұжырым - 1932 жылы ашаршылық басталғанға дейінгі қазақтардың саны, тек өз республикамыздың көлемінде кемінде 7 млн 250 мың санын құрайды.

Тағы бір айта кететін жағы, Қазақстанда ашаршылық басталғанға дейін үш жыл бұрын, 1929 жылдың көктемі мен жазында қазақтың бетке ұстар көрнекті қайраткерлері, ұлттық интеллигенцияның көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы бастаған 45-н астам «Алаш Орда» партиясы мен үкіметінің мүшелері тұтқындалды, бір бөлігі жалған айыптау жолымен атылды. Қалғандары ұзақ мерзімді түрмеге, ГУЛАГ мекемелеріне қамалып басқа жерлерге жер аударылды. Байтұрсынұлы әуелі ату жазасына кесіліп, сосын Астрахань облысына жер аударылса, кеңестік Қазақстанның бұрынғы басшылары Смағұл Сәдуақасұлы, Нығмет Нұрмақұлы, Сұлтанбек Қожанұлы және басқалар әртүрлі желеумен Мәскеуге шақырылды. Әлихан Бөкейхан Мәскеуде ОГПУ-н «қалпағының» астында 1922 жылдың желтоқсанынан аттап басқан ізіне дейін бақылауда жүрді. Бұдан шығатын қорытынды мынадай. 1932-1933 жылғы Қазақстандағы аштық алдын ала жоспарланған болатын, бұл аштықты қазақ көсемдерінің орнында қалғандар жүзеге асырды.

1932-1933 жылдарғы ашаршылықтың құрбандарының шамамен болса да саны біздерді мынадай тұжырымға әкеледі. 1937 жылғы «репрессиялық жазалау» халық санағы бойынша ашаршылықтан кейінгі 4 жыл өткен соң 2 млн 181 мың 520 деген цифрды беріп отыр. Осы бір ашаршылықтан аман қалған қазақтардың санын 1932 жылдың басындағы қазақтардың санынан алып тастасақ, шет елдерге көшіп кеткен 1 млн қазақтардың санын

есептемегеннің өзінде аштықтан қырылғандардың саны – 4 млн 68 мың 480 адам деген цифрды береді.

Бұған қосарымыз, жалпы саны 7 млн болған, Ресей империясының және КСРО-ң сан жағынан бесінші орын алатын халқы ретінде, 1932 жылға дейін Орталық Азиядағы ең саны көп ұлты ретінде болған қазақтардың саны 1933 жылы 5 млн 68 мың халқынан айрылып 2 миллионға түсті. Олардың 4 миллионы немесе 70 пайызы қолмен жойылды. 1937 жылы 2 млн 181 мың 520-а өрең жетті. Ежелден ата-баба жерінде өмір сүріп келген қазақтарды жоқ қылып жіберуге жақындатқан кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізген ұлттық саясатын геноцид дейміз бе, әлде этноцид дейміз бе, мағынасы бірдей. Украиндер сол кезде өз жерінде болған аштықты Голодомор деп атады, бұл термин қазір халықаралық сөзге айналып украин халқының басына түскен бұл Зұлматты айқын сипаттап беріп отыр. Қазақтар болса бұл зұлматты - АШАРШЫЛЫҚ деп атайды. Бұл сөз голодомор деген сөзден де ауқымды, одан да қасіретті мағынада. Қазақтардың басына түскен бұл қасіретті одан артық сипаттап көрсететін, одан айқын түсіндіретін басқа сөзді табу мүмкін емес.

1926 және 1937 жылдары жүргізілген санақ бойынша КСРО тұратын ірі халық өкілдерінің санының пайыздық қатынасы төмендегідей екен. Украиндердің пайыздық қатынасы 84,7, қазақтардың қатынасы 72,1. Осы екі ұлттан басқалардың бәрінде өсім бар.

Сұлтан Хан АҚҚҰЛҰЛЫ

Представители самых многочисленных этносов на территории СССР по материалам переписей 1926, 1937 гг. (выдержка)

Национальность	1926 г.	1937 г.	1937 в % к 1926
русские	77 791 124	93 933 065	120,7 %
украинцы	31 194 976	26 421 212	84,7 %
белорусы	4 738 923	4 874 061	102,9 %
узбеки	3 955 238	4 550 532	115 %
татары	3 029 995	3 793 413	125,2 %
казахи	3 968 289	2 862 458	72,1 %
евреи	2 672 499	2 715 106	101,6 %
азербайджанцы	1 706 605	2 134 648	125,1 %
грузины	1 821 184	2 097 069	115,1 %
армяне	1 568 197	1 968 721	125,5 %

Тақим образом, среднее соотношение населения СССР между 1926 и 1937 годом (без учета украинцев и казахов) составило 119,4% среди украинцев соотношение было 84,7%, то есть к 1937 году украинцев была 70,9% от ожидаемого количества.

Голощекин кезінде қалт-құлт етіп, өз күнін әрең көріп жүрген қарапайым шаруаға 16 түрлі салық ойлап шығарылды. Солардың ішінде "Шикізат салығы", "Мүйіз салығы" дегендер болған. Әр үйге бірнеше келі Мүйіз салығы салынғандықтан, амалы таусылған жұрт өздері жүрек жалғап отырған шағын ғана бидайды, ұнды Мүйізге айырбастап, аштан өлген. Ең масқарасы мынада. Сол жиналған Мүйіз бен Шикізат салықтарын осы шараны ұйымдастырушылар жұрт көзінен таса жерлерге апарып, өртеп отырған. (Мұхтар Шаханов)

Кезінде Н.С.Хрущев Қазақстандағы жантүршігерлік ашаршылықты Сталинге айтқанда, Сталин; «Ол сары пәлекеттерден тек осындай жолмен ғана құтылуға болады» - деп жауап берген екен. Осы сөзден кейін-ақ сол кездегі биліктің Қазақ халқы үшін қандай бағыт ұстағаны белгілі емес пе? Голощекин республикамызды 8 жылға тарта уақыт биледі. Ол "Қазақстанда Кеңес үкіметі толық орнаған жоқ, сондықтан Кіші Қазан төңкерісі қажет" деп байбалам салды. Түптеп келгенде, Сталиндік билік Қазақ халқын ашық түрде қолдан ұйымдастырылған ашаршылық негізінде тұқыртуды Голощекин арқылы іске асырды. (Мұхтар Шаханов)

30-жылдардың қасіретін көзімен көрген ақын-жазушылардың, ғалымдардың, саясаткерлердің бәрі дерлік сол кезде бұғып қалған. Жүздеген ғалым, ақын, жазушы, саясаткерлер арасынан билікке қарсы үш-ақ адам бас көтеріпті. Олар Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов және "Бесеудің хатын" ұйымдастырған Ғабит Мүсірепов еді. Жайшылықта жұрттың бәрі батыр. Ашаршылық қасіретін ашық түрде айта білген осы үш тұлғаға бүкіл Қазақ қарыздар. Мұхтар Шаханов жақсы айтқан мұны.

«АДАМДАРДЫ МАЛША СОЙЫП ЖЕДІ...»

...Ауру адамның, аш адамның есі, ақылы орнында болмайды. «Мастық не дегізбейді, аштық не жегізбейді» деген қазақта мақал бар. Өткен қыс аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті. Мұның бәрі аштық

өсерінен адамның есі шығып, ақылы қалмайтындығын көрсетеді. Аштық ақылын алмаса, адам аң дәрежесіне жетіп, хайуандықтан да асып, бірін бірі жер ме еді? Анасын баласын жеуге келгенде, ол анада ақылдан түк қалды деуге болар ма?

Міне, тән сау болса, жан да сау болатындықтың сипаты. Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ (Тәні саудың – жаны сау» мақаласынан үзінді, «Ақ жол», Алматы, «Жалын», 1991 жыл, 320 бет)

"Орыс зерттеуші В.Козловтың 1983 жылы Мәскеуде жарық көрген «Национальности СССР» атты еңбегінде 1897 жылы Ресей отарында болған бұратана халықтарға арнайы жүргізілген санақтың қорытындысы жарияланған. Ондағы мәліметтер сол шамада қазақтар – 4 миллион 84 мың, өзбектер – 726 мың, қырғыздар – 201 мың, түрікмендер – 281 мың, тәжіктер – 350 мыңнан аспағанын айғақтайды. 1939 жылы жүргізілген халық санағында қазақтардың саны – 2 миллион 300 мыңды көрсетіп, табиғи өсімін былай қойғанда, статистикалық тұрғыдан екі есеге кеміп кеткен. Ал, өзбектердің саны 3 миллион 900 мыңға жетіп, 50 жылда 3,5 есе өскен. Түрікмендер – 760 мың, қырғыздар – 750 мың, тәжіктер – 900 мыңға жетіп тоқтаған. Ал шығыстанушы П.Галузоның 1929 жылы жарық көрген «Отар Түркістан» атты еңбегінде «1915 жылы Қазақстан халқы 6 миллионға жетті» деген жолдар бар. Дәл осындай деректі алаш ардагері Мұстафа Шоқайдың «Түркістан Советтердің билігінде» атты жазбасынан да кездестіруге болады. Көп жыл құпия сақталған «Баяндау жазбасынан» әлгі қазақстандықтардың қаншасы қазақ, қаншасы өзге ұлт екенін аңғаруға болады. «1926 жылы Қазақстанда 3 миллион 963 мың қазақ өмір сүрген. 1930 жылы барлығы 5 миллион 873 мың адам болған, оның 1 миллионы басқа ұлт... Аштық жылдары 1,3 миллион адам Қазақстан жерінен басқа жаққа босып кетті. 1933 жылдың аяғында 2 миллион 493 мың адам қалды», делінеді онда. Р.Конквестің «Жатва скорби» атты ашаршылық жылдары туралы кітабында «Аштық жылдары Голошекин қазақтарға дәрігерлік көмек көрсетпеу туралы жасырын нұсқау шығарған» деп те жазыпты. Бұл да зобалаң жылдардың бір қасіреті, қайғысы. Бір айта кетерлігі, 1970 жылы ғана қазақтар 1926 жылғы деңгейдегі халық санына жеткен."

Асхат РАЙҚҰЛ



Главный редактор литературного журнала «Простор» Валерий Федорович Михайлов:

...Еще один момент. Почему-то когда мы говорим про голод в степи, то сразу подразумевается голод 30-х годов. А ведь в Казахстане это был второй голод. Первый был в 1919—1922 годах. Поэтому когда исследователи будут заниматься этой проблемой, должны ее разделить на первый и второй периоды. Первый голод тоже был страшным. Он больше коснулся южного региона, хотя в той или иной мере пострадали все жители Казахстана. Если в 30-х годах по различным оценкам погибло от 1,5 до 2 миллионов человек, то в первый голод — около одного миллиона человек. Так что казахи, действительно, за каких-то 10 — 15 лет лишились около половины населения. Мировая история не знает трагедии подобного масштаба. И каждый казах просто обязан знать, помнить об этой трагедии...."

Кеңес режимі өз қарастындағы халықтарға тек қана ату, асу, қуғындау, зорлықпен жер аудару (депортациялау) сияқты амалдармен ғана зобалаң тудырып қойған жоқ. Сонымен бірге қолдан жасалған аштықпен де зұлматтар жасады. Қолдан жасалған аштық қырғыны Ресейдің Поволжьеесінде, Украина мен Қазақстанда болғаны белгілі. Бірақ аштық қырғыны жайлы өз халқына барлық шындықты ашып жайған, Ұлы аштық қырғынын халықаралық деңгейге көтерген, аштық құрбандарына керемет кесене салған, жылы

сайын оны Азалы күн ретінде атап өтетін тек Украина болып отыр. Қазақстан басшылығына бұл шындықты өз халқына айтуға Ресей «руқсат бермей» отырса керек.

Осы орайда 2010 жылдың 12 желтоқсанында Украинаның «Наше слово» газетінде (украин тілінде) шыққан қазақстандық саясаттанушы Данила Бектұрғановтың «Ұлы жұт немесе қазақ даласындағы Ұлы аштық қырғыны жайлы» мақаласын назарларыңызға ұсынамыз. Өз елінде өз халқы жайлы шындықты айта алмаған қазақтардың мақаласын басқан украиндықтарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

ҰЛЫ ЖҰТ

немесе қазақ даласындағы Ұлы аштық қырғыны жайлы.

Қазақстандағы Ұлы аштық қырғыны жайлы әңгімені екі өте маңызды ескертуден бастаған жөн болар: кеңес заманында Қазақстанда екі рет аштық қырғыны болғанын айтуға тиіспіз. Әрине, ең үлкен аштық қырғыны өткен ғасырдың 30-шы жылдары орын алды. Ол тарихта Ұлы жұт - Ашаршылық жылдары деген атпен аталады. Бірақ, сонымен бірге 1919-1922 жылдары орын алған ашаршылықты да ұмытпаған жөн болар. Осы кездері Қазақстанда миллионнан астам адам аштан өлген. Сондықтан да осы екі қырғынды да әңгіме етпекпіз.

1919-1922 жылдардағы аштық.

Қазақстандағы 1919-1922 жылдардағы аштықтың бір себебі елдің бірнеше аймақтарында орын алған егіннің шықпай қалуы болды. Осы жағдайға байланысты кеңес үкіметі 1919 жылдың қаңтар айынан бастап «азық-түлікті тәркілеу» саясатын бастады. Бұл саясат кеңес үкіметінің 1918 жылдың 13 мамырынан бастап жүргізе бастаған азық-түлік диктатурасына сайма-сай дәл келген еді.

Қазақстанда егіншілікпен айналысушылардың көп болмауына байланысты большевиктер қазақтың малын кәмпескелеп алуды басты мақсат етіп қойды. 1919-1922 жылдардағы аштық негізінен алғанда Қазақстанның оңтүстік облыстарын шарпыды.

Мал - көшпелі халықтың күн көрісінің жалғыз ғана көзі. Жергілікті қазақтар ежелгі ата дәстүрімен мал өсірумен айналысып, малдың жағдайымен жайылым іздеп көшіп-қонып өмір сүретін.

Қазақ жерінде тұратын басқа ұлттар егіншілікпен де айналысатын, бірақ азық-түлік саясатында басты мақсат етіліп - қазақтың малын жинап алу арқылы жүргізілсін деген тапсырма қойылды. Қазақтан «мал жинаудың» түрі мен әдістерін айуандық, тағылық деген сөздермен ғана теңеуге болады. Мысалы, бір ауылға келіп малын түгел сыпырып алып кету жағдайлары жиі орын алды. Әрине, мұндайдан кейін бұл ауылдың халқының тірі қалуы мүмкін емес еді. Әртүрлі деректер бойынша осы аштық жылдарында миллионнан астам халық аштан қырылған.

Сол кездегі аштықты көргендер оны былай суреттейді. Қазақтың қоғам және саяси қайраткері, публицист Мұстапа Шоқай «Кеңестің қол астындағы Түркістан. Пролетариат диктатурасының сипаттамасы» кітабында: «Бұл жолы әлемде бұрын-соңды құлақ естімеген кеңес үкіметінің Түркістанның жергілікті халқына жасаған «аштық саясаты» жайлы әңгіме етпекпін. Туземдіктерге, атап айтқанда қазақ халқына қарсы жасалып отырған аштық жайлы айта келе Тұрар Рысқұлов мынадай деректі алға тартады. Түркістандағы Қазан төңкерісіне еңбегі сіңген жетекшілердің бірі Иван Тоболин Түркістан Орталық комитетінің мәжілісінде «қырғыздар (қазақтар) марксистік көзқараспен айтқанда экономикалық тұрғыдан әлсіз болғандықтан бәрібір өліп бітуге тиіс. Сондықтан да, революция үшін - аштықпен күресіп қаражатты шашудың қажеті жоқ, оның орнына майданды қолдау маңызды...» деп ашықтан ашық мәлімдеген. Рысқұловтың айтуынша аштықтан өлгендердің (мұсылмандардың) саны орасан көлемде. Ол цифрларды келтірмейді. Кеңестік көздер бір миллион бір жүз он төрт мың деген (1 114 000) жан түршігетін цифрды келтіреді. Мәскеудің «ұлт-азаттық саясатының» біздің ұлтымызға әкелген пайдасы осындай».

Кеңес үкіметінің Түркістанда жүргізген отаршылдық, ұлтты езгілеу саясатын куәлендіретін тағы бір-екі мысал. «Перовск қаласында (қазір Қызылорда) Гержот деген самодержец отыр. (Гержот Иосиф Иванович, Перовск уездік совдептің төрағасы). Одан түгел бір халық - қырғыздар (қазақтар) қашып көшіп кеткен. Осы көшу кезінде бір миллионға жуық адам өлген». Бұл жайлы «Правда» газетінің 1920 жылғы 20 маусымында шыққан 133 нөмірінде жазылған.

Зиновьев (Зиновьев Григорий Евсеевич, революционер, кеңестік саяси және мемлекеттік қайраткер), 3-ші Интернацио-

налдың басшысы кезінде, Шығыс халықтарының Бакуде өткен съезінде (1920 жыл, қыркүйек) «кеңес үкіметінің Түркістандағы агенттері түземдік шаруаларды ренжітеді, олардың малын, жерін тартып алады, оларға ең төменгі сатыдағы нәсіл ретінде қарайды» деп мойындауға мәжбүр болған еді.

Әрине, кеңес үкіметінің мұндай саясаты қазақтар тарапынан наразылық, қарсылық көрді. Бірақ, мал тартып алуға келгендерге қарсылық көрсеткендерді сол кездегі «Продармия» (сол кездегі мал тартып алуға жіберілген қарулы отрядтар осылай аталған) және Қызыл армияның ерекше мақсаттағы отрядтары (ЧОН — чрезвычайный отряд особого назначения) оларды аяусыз каталдықпен басып жазалады.

Жалпы алғанда, 1919-1922 жылдардағы аштық кездерінде бір миллионнан астам қазақ аштан өлген. Сол кездегі қазақтың санының бұл шамамен 20-22 пайызын құрайды. Дегенмен, қазақтың санын солқылдатып құртқан аштық отызыншы жылдары орын алды.

Отызыншы жылдардағы аштық - Ұлы Ашаршылық.

Қазақ даласының тарихындағы ең жан түршігерлік аштықтың себебі - сол кезде жүргізілген КСРО-ның ішкі саясаты деуге болады. Қазақстанда болған (Украинада, Поволжьеде т.б. жерде) бұл аштықтың себептерін түсіну үшін КСРО-ның өткен ғасырдың 20-шы жылдардың аяғы, 30-шы жылдардың басындағы саясатына қысқаша сапар жасау қажет.

1927 жылы өткен ВКП(б) XV съезінде «КСРО-ның халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдық жоспарын жасау жөніндегі директивалар» қабылданды. Осы директиваларға сәйкес бірінші бесжылдық жоспар жасалынып, онда КСРО-да ұжымдастыру мен индустрияландыруды бастау мақсаты қойылды. Алға қойылған іс-шаралар бойынша КСРО-а қуатты қорғаныс өнеркәсібін құру мақсаты қойылды. Қорғаныс өнеркәсібінің мақсаты, біріншіден - елдің қорғаныстық қабілетін қамтамасыз ету болса, екіншіден - болашақ жылдарда Европадағы көрші елдерге коммунистік экспансияны әрі қарай жалғастыру еді. Әрине, мұндай мақсат көп қаражатты қажет етеді. Ірі өндірістік кәсіпорындарды ашуға, ең бастысы, заманауилы жоғары технологиялар сатып алуға кеңес үкіметі ақшаны аяған жоқ. Ақша жинау көздері, оның ауырлығы негізінен алғанда шаруаларға түсті. Тіпті «қаражатты ауыл шаруашылығынан өнеркәсіпке айдау» деген термин ойлап шығарылды. Ауылдың тұрғындарын колхоздарға айдап

әкелді, мал (егіншілігі нашар дамыған Қазақстанда негізгі құндылық мал болатын) ортақтандырылды.

20-шы жылдардың аяғы мен 30-шы жылдардың басындағы Қазақстанда кеңес үкіметі «қаражат айдаумен» ғана тынған жоқ. Қазақтардың мал шаруашылығы көшіп-қоу жағдайында жүргізілгендіктен үкіметке малшыларды бақылап қолында ұстап тұру қиын болатын. Сол себептен де қазақтардың көшіп-қону өмірін тоқтатып, жерге байлауға шешім қабылданды. Осы мақсатта қазақтардың малы тартылып алынып, қазақтар Қызыл армияның бөлімшелерінің және милицияның көмегімен «отырықшылдандыру нүктелеріне», колхоз ұйымдастырылып жатқан жерлерге айдап әкелінді. Бір жерге айдап жиналған мал саны көп болғандықтан олар сол жердің шөбін тез жеп қоятын, сол себептен де оларды жаппай сойып тастауға мәжбүр болды. 1933 жылдың басында қазақ даласында бұрын болған 40 миллион бас малдың оннан бірі ғана қалды. Нәтижесінде, осы жүргізілген саясаттан қазақтар жапа шекті, себебі олар үшін күнкөрістің бірден бір көзі мал еді.

Қазақтарды зорлап отырықшылдандыру «Кіші Октябрь» деп аталды. «Кіші Октябрьдің» негізгі дем берушісі, орындаушысы аты көпке мәлім, патшаның отбасын атып тастауды ұйымдастырушылардың бірі Филип Исаевич Голощекин еді. Ол 1924 жылдың қазан айынан бастап 1933 жылға дейін Қазақстан компартиясының орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған. Оның Қазақстанда өткізген алғашқы іс-шарасы 1928 жылдың күзінде өткізген малды кәмпескелеу болды. Кәмпескеге 700 шаруа қожалығы ілініп, олардан 150 мың мал басы (ірі қара мал басына айналдырғанда) тәркіленді. Бұл жердегі «ірі қара мал басына айналдырғанда» деген нені білдіреді? Бұл сталиндік статистиктердің мал басын азайтуды жасыру үшін ойлап шығарғаны болса керек. Статистиктердің айтуынша, бір ірі қара мал басы, мысалы 1 сиыр — 2-3 шошқаға немесе 10 қойға тең. Егер 150 мың ірі қара бас малын қойға айналдырсақ, онда әңгіме кем дегенде 1,5 миллион қой туралы айтуға тиіспіз... 700 шаруа қожалығының мүшелерінің отбасының тағдырының қаншалықты қайғылы болғаны жайлы айтпаса да болады.

Мал жоқ жерде, тамақ жоқ, тіршілік жоқ. Қазақтар тұратын ауылдар жаппай қырыла бастады. Тарихшы А.Н.Алексеевтің айтуынша «...өртүрлі есептеулер мен түзетулерге сүйенгенде 1930 жылғы қазақ халқының қырылуы 1 млн 840 мың адам немесе жалпы қазақтың 47,3 пайызын құрайды. Бөрінен ең көп қырылған

республиканың шығысының қазақтары болды. Бұл жақта 379,4 мың адам немесе 1930 жылғы халықтың 64,5 пайызын құрады. Бұл аймақтың халқы көрші елдерге Ресей мен Қытайға жаппай ауып көше бастады. Солтүстік Қазақстан аймағы қазақтардың жартысының көбінен - 410,1 мыңнан немесе 52,3 пайызынан айрылды, Батыс Қазақстан 394,7 мың немесе 45,0 пайыз, Оңтүстік - 632,7 немесе 42,9 пайыз қазақтан айрылды. Аздау өлім Орталық Қазақстанда - 22,5 мың немесе осы аймақтың 15,6 пайызы орын алды. Басқа халықтарда да шығын аз болған жоқ: украиндер – 200 мың (23 пайыз), өзбектер – 125 мың (54 пайыз), ұйғырлар – 27 мың (43 пайыз). Тек қана 1931 жылда 1 млн 30 мың адам көшіп кетті, оның 616 мыңы қайтқан жоқ. Жүздеген мың казак Қытай жағына қашты. Олардың көп көшкендігі сонша Қытайда 1954 жылы Лле-Қазақ автономиялық округі құрылып орталығы болып Құлжа қаласы белгіленді.


Өз малын тонаудан қорғаған, кәмпескеден қашқан қазақтарға Қызыл армияның әскерлері жіберіліп, өзі аштықтан титықтаған қазақтарды аяусыз қыруы ашаршылықты одан да бетер өршітті. Кейбір ауылдар мен рулар малын сақтамақ болып көше бастағанда олардың алдынан, соңынан Қызыл армияның отрядтары жіберіліп оларды «басмашы бандылар» ретінде жоюға, тұтқындауға бұйрық берілді. Шын мәнінде олар өз малы мен отбасы мүшелерін аштықтан аман алып қалу мақсатында аштығы жоқ Қытай мен Ресейге көшуді ойлаған бейбіт жандар болатын. Қытайға көшушілерге тосқауыл қоюға шекарашылар да өз үлесін қосып оларға пулеметпен оқ атқан кездері де болды. Соншама болған тосқауылдарға қарамастан жүздеген мың аштықтан қашқан қазақтар ауыл, ауыл болып Қытай асты.

Сүйтіп, кеңес үкіметі жасаған екі ашаршылықтың нәтижесінде қазақтар бар болғаны 10-15 жылдың ішінде халқының жартысынан айрылды. Әлем тарихында мұндай көлемдегі трагедия ешбір халықтың үлесінде болған емес. 1970 жылы ғана қазақтар 1926 жылғы деңгейдегі халық санына жетті.

Бұл жерде бүгінгі биліктің Ұлы Ашаршылықта қырылған боздақтарды еске алуға байланысты жүргізіп отырған саясатын айтпасқа болмас. Осындай ашаршылықты бастан кешкен украиндықтар өз астанасы Киевте ашаршылық құрбандарына арналған теңдесі жоқ ескерткіш салған кезде, қазақстандық билік «болашақта салу ойымыз бар» деген хаттамадан артыққа бара алмады. Алматының скверлерінің бірінде (таң қалатын жері бар – бұл

жердің қарсысында 1930 жылы қанқұйлы НКВД «сұр үйі» орналасқан екен) «бұл жерде отызыншы жылдардың аштық құрбандарына ескерткіш орнатылады» деген тас қойып барлық мәселені «бітіріп» отыр. Бұл тас 1992 жылы қойылған болатын. Содан бері 18 жыл өтті, оның 8-і, яғни 2000-н 2008 жылдары Қазақстанның экономикасы үшін қаржының «тамылжып құйқылжыған» табысты жылдарында ел билігі ескерткіш салуға қаржы таба алмады. Өз өмірін коммунистік режимнің зорлықпен жүргізген ұжымдас-тыруына, индустрияландыруға және басқа да толып жатқан қанды сынақтар үшін құрбан еткен туған халқының, ата-бабасының, әруақтарының рухын мәңгілеуге, еске алуға қарсы биліктің осындай қиянат, сұрқия алдамшылық жасап отырғанына ешбір ұялатын түрі жоқ.

Данила БЕКТҮРҒАНОВ,
саясаттанушы.



АШАРШЫЛЫҚТЫҢ АЩЫ ШЫНДЫҒЫН ҚАНШАЛЫҚТЫ АША АЛДЫҚ?

1921-22, 1931-33 жылдары қазақ халқының жаппай ашаршылыққа ұшырауының себебі неде? Ашаршылықтан қазақ халқы қандай зардап шекті? Ашаршылық құрбандарын ұмытпау үшін не істеу керек?

31 мамыр — Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Жұлдыздар отбасы» журналының дөңгелек үстеліне жиналғандар осы және өзге де мәселелер бойынша ой бөлісті. Дөңгелек үстелді журналдың бөлім редакторы Рысбек Үркімбаев жүргізді.

МИЛЛИОННАН АСТАМ ҚАЗАҚ АШТЫҚ ҚҰРБАНЫ БОЛДЫ

Рысбек ҮРКІМБАЙ - «Жұлдыздар отбасы» журналының бөлім редакторы - Құрметті ағалар, қазақтың басынан өткен алапат ашаршылықтың себеп-салдарына тереңірек тоқталсақ деген мақсатпен өздеріңізді дөңгелек үстелге шақырып отырмыз. Қазақ халқының тарихындағы қасіретті парактардың бірі — 1921-22 жылдардағы, әсіресе 1931-33 жылдардағы ашаршылық. Осы ашаршылықтар тарихы бізде қаншалықты жүйелі түрде зерттелді? Бізде бұл тақырыпты зерттеуге арналған кешенді ғылыми орталық бар ма? Жалпы, осы ашаршылықтар не себепті болды? Не себепті халықтың жартысынан астамы қырылып қалды? Алғашқы әңгімемізді осыдан бастасак.

Талас ОМАРБЕКОВ - тарих ғылымының докторы, профессор: Жалпы, ашаршылық тарихы зерттеушілер тұрғысынан дұрыс жолға қойылмай отыр. Оның себебі, бізде зиялы қауымның арасында, олардың ішінде ғалымдарымыз да бар, әсіресе баспасөз қызметкерлері, жазушылар, журналистер ашаршылықтың себептерін шынайы ашуға, шынын айтқанда кедергі жасап отыр. Өйткені «Сталин әдейі қазақ халқын қырмақ болды, қазақ халқының санын азайту үшін бұл ашаршылықты әдейі ұйымдастырды, бұл — қасақана ұйымдастырылған саяси науқан» деген сарындағы көзқарас белең алып кетті. Тарихшылар бұл мәселеге әлі бара алмай отырған кезде осындай көзқарастар зерттеу ұстанымына айтарлықтай теріс ықпал етті.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Шын мәнінде қалай еді?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Шын мәнінде сол кезде Кенес Одағын басқарғандар шетінен шала сауатты адамдар болды. Сталиннің өзінің де түк білімі болмаған. Табиғи таланты болар, оған күмәніміз жоқ. Сталин тіпті қазақ деген халықтың бар екенін білген жоқ. Ол Бөкейхановпен, Байтұрсыновпен сөйлесіп және Рысқұловты орынбасар қылып ұстап, Алашорда қайраткерлері арқылы ғана «осындай халық бар-ау» деп ойлаған болар еді. Ал енді шын мәніне келетін болсақ, басы Сталин болып, оның төңірегіндегілер — Бериясы, Калинині бар, Ворошиловке дейінгі саяси бюро мүшелерінің барлығы сауатсыз, тіпті өз саласынан арнайы мамандығы жоқ адамдар болатын. Мысалы, оларды Санкт-Петербургтің орман шаруашылығы институтын бітірген Бөкейхановпен салыстыруға бола ма? Олардың түсінігінде, қазақ — бір жабайы, тағы малдың соңында жүрген сауатсыз, қараңғы халық болды. Сол себепті де Сталин Қазақстанда болып жатқан шараларға немкетті қарады. Оған Қазақстаннан қажеті ет қана болатын. Қазақ халқын қырудың оған қажеті жоқ еді.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Бірақ қазақты қырды ғой, қазақтың жартысынан астамы аштықтан ажал құшқан жоқ па?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Оның мәнісі былай. Ашаршылықтың алдында ғана Сталинге Қазақстанда 40 миллион бастай мал бар деп есеп берілген болатын. Осыдан кейін Сталин «Қазақстаннан малды көптеп алуға болады. Тіпті Одақтың индустриальды орталықтарын, Мәскеу, Ленинград сияқты ірі қалаларды, Қызыл Армияны Қазақстанның етімен қамтамасыз етуге болады» деген байламға келді. Голощекинге ет дайындау жөнінде арнайы тапсырма берілді. 1928 жылы қаңтар-ақпан айларында Сталин екі вагоннан тұратын құпия үкімет пойызымен Сібірді басып өтіп, Омск, Томск, Красноярск қалаларының бәрін аралап, Алтайдың Рубцовск қаласына дейін барды. Сонда Сталин әр стансаларға тоқтап, құлақтарды жою науқанын өзі басқарды. Красноярск қаласында «Шығыс кеңесі» деген жасырын кеңес өткізді. Бұл кеңеске Қазақстанның барлық солтүстік губернияларының басшылары, өлке басшысы Голощекиннің өзі қатысты. Сол кеңесте Сталин «Сендер неге құлақтарды есіртіп жатырсындар? Оларды тап ретінде жою керек, астықтарын тартып алу керек!» деп тапсырма берді. Осы кезден бастап Қазақстанда республикалық деңгейде астық, ет дайындауға байланысты «бестік» деген жұмыс істеді. Ол бестікке үкімет басында отырған өзіміздің бауырларымыз да кірді. Төрағасы Голощекиннің өзі болды. Голоще-

киннің 1928 жылы 31 қаңтарда Красноярскіден жасырын берілген жеделхаты қазір Президент мұрағатында сақтаулы. Онда «Мен барғанша астық, ет дайындау науканын жылдам қолға алыңдар!» деп жазылған.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Сонда халықтан тартып алынған малдың барлығы Ресейге жіберілген бе?

Талас ОМАРБЕКОВ: - 1928 жылы 40 миллиондай болған малдан үш жылдан соң 4 миллион бас қана қалғанын жақсы білесіздер. Малдың қалай азайғанын есептедім. Малдың есебін жүргізу оншалықты қиын болған жоқ. Өйткені Мәскеудегі басшылардың қазақтың санын санауға құлқы болмаса да, Қазақстанда қандай малдың барлығына қатты назар аударған. Жақсы білгені сондай – әр жылдың маусым айында бүкіл Қазақстанда мал санағы жүрген. Осы есеппен өзіміздің, Мәскеудің мұрағаттарында біраз отырдым. Сонда байқағаным, үш жылда жойылған 36 миллионға жуық малдың 15 миллионнан астамын Қазақстаннан тысқары жерлерге алып кеткен. Оның ішінде етті өте көп тұтынғандары – Мәскеу мен Ленинград қалалары. Осы қалалардың «Москвямясо», «Ленинградмясо» сияқты ұйымдарының өкілдері Қазақстанда жұмыс істеген. Олар Қазақстан басшылығына, яғни Голощекинге бағынбаған. «Ет дайындауды дұрыс жүргізе алмай отыр» деп Голощекинді Сталинге жамандап жазған хаттары бар. Сонымен бірге 9 миллион бастай мал Қазақстанның ішінде сойылыпты.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Бұл мал не үшін сойылған?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Үш жылдың ішінде Қазақстанға Ресейден 640 мың переселен қоныстандырылған. Славяндардың есебінен жанадан совхоздар құрылып, кенттер салынды. Қазақ қырылып жатыр. Қазақты құтқарудың орнына сырттан славяндарды әкеліп, оларды етпен қамтамасыз ету үшін осы 9 миллион бас мал ішкі тұтынуға кеткен. Сонымен бірге Батыс Қазақстан Солтүстік Кавказдың қалаларын, Оңтүстік Қазақстан мақта өсіретін Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстанды етпен қамтамасыз еткен. Сол кезде Қызыл Армияда 12 миллиондай әскер болған. Солардың басым бөлігін етпен Қазақстан қамтамасыз еткен. Міне, осы себепті қазақтың соңғы тышқак лағына дейін сыпырып алуға барған.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Ол үшін арнайы қаулы шығарған ғой?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Иә, халықтың малын алу үшін неше түрлі қулыққа барған. «Контракция» деген бәлені шығарған. Осы

арқылы жеке шаруаның жанадан туған төлін есепке алады. 17 айға дейін шаруа сол төлді өлтірмей сақтауы керек. Өліп қалса, «халық жауы» ретінде сотталады. Осыдан кейін қазақтар «үкіметке бергенше» деп малды тыңуға тырысқан. Болмаса, жаппай союға кіріскен. Ақырында шаруаның есігінің алдында тігерге тұяқ қалмады. Міне, осындай психологиялық ахуалды туғызған – коммунистік партия мен оның басында отырғандар.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Өзіміздің қайраткерлеріміз бұған қарсы шыққан жоқ па?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Жандосов, Нұрмақов, Рысқұлов, Мыңбаев, Мұстанбаев, Сәдуақасов сияқты ел басшылығында жүрген қазақ азаматтарының барлығы мұның дұрыс емес екендігін түсінді. Бәрінің жазған хаттары бар. Бірақ оларды тыңдаған кім бар? Өздерін «солшыл, оншыл, қожановщина, рысқұловщина» қылып жіберді. Қызметтерінен алып, бәрін Қазақстаннан қуалады. Нұрмақовты да, Рысқұловты да, Қожановты да.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Барлығын Мәскеуге алып кетті.

Талас ОМАРБЕКОВ: - Халықтың жағдайын айтып тыныштық бермейді деп әдейі алып кетті. Міне, осындай мәселені білмей жатып біздің ақсақалдар кейде отырып алады да: «Сталин қазақ халқын әдейі қырмақ болды», - дейді. Сталин қазақ халқын адам деген жоқ. Ел қатарына санаған жоқ. Ал енді Украинадағы аштық қалай болды? Бұл мәселеге қатысты украиндармен бірнеше мәрте кездескенмін. Біздің мұрағатта үлкен конференция болып, украиндармен айтысып қалғанбыз. Украинада 5 миллионға жуық халық қырылды ғой. Кейбіреулер тіпті 7 миллион деп жүр. Оларда негізінен егін шаруашылығы. Олар – баяғыдан отырықшы халық. Сол себепті Қазақстан индустриаландыруға ең көп ет беретін өңір болса, Украина ең көп астық беретін өңір болған. Украинаның деревняларын ОГПУ-дің әскерлері мен қарулы коммунистік отрядтар (украиндардың өздерінің шолақ белсенділері) қоршап тұрып, ешкімді шығармай қойған. Бүкіл астығын тартып алған. Осылайша украиндер деревняларында отырып-ақ қырылып қалған. Ал қазақтар малын тартып алғасын босып кеткен. Осыған байланысты украиндарға «Неге бұл мәселені бірігіп көтерейік дейсіңдер? Сендердің себептерін басқа, біздің себеп мүлде басқа. Екеуін екі түрлі зерттеуіміз керек. Концепция екі түрлі болуы керек» дедім. Сталин украиндерді халық, ұлт ретінде бағалаған. Ал біздің қазақты адам демеген, малмен теңеген ғой. Сондықтан Мәскеудің екі халыққа

деген ұстанымының өзі екі түрлі. Сол себепті екеуін біріктіріп кітап жазу қиындау.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Қырылған халықтың үлес салмағы бойынша біз көбірек зардап шектік қой?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Иә, халықтың үлес салмағы бойынша ең көп қырылған – қазақ. Қазақтың 2 миллионнан астамы аштан қырылды ғой. Енді қойылған сұрақтың соңына келсек, біздің үкімет бұл жағдайды, жалпы, түсініп отыр. Елбасымыз Астанада ашаршылық құрбандарына монумент орнатты. Бірақ басқа облыстық қалаларда ешқандай қозғалыс жоқ. Астанада монумент орнатылған соң, барлық облыстар бұл бастаманы іліп әкететін шығар деп үміттенгенмін. Алматыдағы Наурызбай мен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы саябақтағы тастың тұрғанына жиырма жыл болып қалды. Ол таста «Осы жерде ашаршылық құрбандарына арналып ескерткіш салынады» деп жазылған. Салынған түгі жоқ. Менінше қазақта осы ашаршылық мәселесінде бірауыздылық жоқ. Біздің зиялы қауым ашаршылық мәселесін зерттеушілерге беруі керек қой. Әркім бір жаза бермей.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Ашаршылыққа қатысты мұрағат материалдары бар ма?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Құпия мұрағаттар бар. Мысалы, КГБ-ның мұрағатында Қытайға қазақтан қанша адам өткеніне дейін тіркелген. Малдың басы түгел санақта. Осындай мұрағат материалдарымен таныспай жатып біздің кейбір жазушы ағайындар құрбандардың санын көбейтіп көрсетеді. Менің есебімше, қазақтың саны 1928 жылы кәмпескенің алдында 4 миллион 800 мың болған. Соның 4 миллионы өліп қалды дейді. Айналайынау, олардың барлығы өліп қалса, біз қайдан шықтық? Кішкене шындыққа жақындау қылып, ойланып сөйлеу керек қой. Бізде журналистер, жазушылар әртүрлі цифрларды айтып, елді адастырып бітті. Тағы бір мәселе, осыны байқаған әкімшілікте, билікте отырған азаматтар енді Қазақстанның тарихшыларын ысырып қойып, шетелдің тарихшыларын қаржыландыра бастады. Атын атамай-ақ қояйын, осыған дейінгі Білім министрінің кезінде бізді Астанаға шақырды.

Рамазан ҚҰРМАНБАЕВ - «Ашаршылық құрбандары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы: -Айта беріңіз.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Бакытжан Жұмағұловты мензеп отырғаныңызды түсіндік.

Талас ОМАРБЕКОВ: - Қызметтен кеткен адам ғой, несіне айтам деп отырмын. Ол жиынға министрдің өзі, сол кездегі Мемлекеттік хатшы Мұхтар Құл-Мұхаммед қатысты. Сол жиындағы баяндамасында Мұхтар Құл-Мұхаммедтің шетелден келген 11-12 тарихшыны қоймастан мақтағаны бар. Марта Олкотт дей ме, Стивен Уиткрофт дей ме. Көкөтай-ау, олардың барлығы «қай жерді, қай мұрағатты қарау керек?» деп бізден келіп ақыл сұрап жүргендер емес пе? Стивен Уиткрофт маған бірнеше рет келді.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Стивен Уиткрофт деген кім?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Аустралиядағы Мельбурн университетінің профессоры. Қазір Назарбаев университетінде ашаршылық тақырыбын зерттейді. Бұлардың барлығы бізден келіп «Қай жерде құпия қор бар, онда не жазылған, қалай аламыз?» деп сұрайды. Мақтанғаным емес, сол отырғандардың біразы менен екі-үш рет келіп кенес алды. Ал енді соларды мақтап-мақтап, бәріне медаль берді. Соңынан министріміз бен Мемлекеттік хатшымыз, ішінде Мемлекет тарихы институтының директоры Бүркіт Аяған бар, әлгі шетелдіктерді тамақтандыруға банкетке алып кетті. Ал бізге сол жиналыста адам деп қараған жоқ. Маған баяндама жасауға рұқсат етті, әйтеуір. Мен баяндамада оларды сынадым, әрине.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Басшыларды сынадыңыз ба?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Басшыларда нем бар? Оларда ашаршылықты айтатындай деңгей жоқ қой. Әлгі шетелдіктерді сынадым. Мысалы, Жиромская мен Поляков деген орыстың тарихшыларын біздің биліктегілер мақтап жүр. Олардың айтуларына, ашаршылықта шетелге, оның ішінде Қытайға 1 миллионнан астам қазақ өтіп кетіпті-міс. Егер ашаршылықтан барлығы 2 миллионнан астам қазақ кеміді десек, оның 1 миллионы Қытайға өтіп кетсе, онда аман қалғаны ғой. Қазақтың тең жартысы қырылмаған ғой деймін мен.

ГОЛОШЕКИННІҢ СТАЛИНГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ БАР

Рысбек Үркімбай: - Сонда ашаршылық кезінде қазақ қанша адамға кеміген?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Бұл – ресми түрде зерттелген мәселе. 1992 жылы 22 желтоқсанда «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде осыған байланысты Парламент комиссиясының қарары шықты. Ол комиссияны тарихшы ағамыз марқұм Манаш Козыбаев басқарды. Ол комиссияда мен, Мәмбет Қойгелді, Әбілғожин сияқты тарихшылар, заңгерлерден Сапарғалиев, Алдажұманов т.б, болдық. Тұңғыш рет КГБ-н

мұрағатына отырдық. Кейін 1997 жылы тағы да комиссия ұйымдастырылды. Мұның барлығын істеген – Парламент. Ол комиссияда КГБ-н мұрағатында үш ай отырдық. Сонда жинаған материалдарымыздың көбісін әлі жариялаған жоқпыз.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Неге?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Өйткені қызығушылық жоқ. Баспа-сөздегілер қуғын-сүргін көргендердің балаларын жинайды, олар не біледі? Әкесін кішкентай күнінде айдап алып кеткен. Елдің бәрінің Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатова сияқты есте сақтау қабілеті мықты емес қой. Негізгі айтайын дегенім, ашаршылықты зерттеуді біздің тарихшылар емес, шетел тарихшылары қолға ала бастады. Өйткені біздің билік шетел тарихшыларына жағдай жасап отыр. Мысалы, қазір Назарбаев университетінде әлгі айтқан Стивен Уиткрофт жұмыс істейді. Уиткрофт былтыр Назарбаев университетінде ашаршылық туралы халықаралық конференция ұйымдастырып, мені баяндама жасауға шақырды. Сол конференцияда жасаған баяндамасында Уиткрофт қазақтың қырылып қалуына ауа райы себепкер болды дейді. Бұған қатысты мен қазақта жұттың талай мәрте болғанын, бүкіл қазақтың малы осыншама қырылып қалмағанын, қайтадан қалпына келтіріп отырғанын қарсы уәж ретінде айттым. Ал мына 1931-33 жылдың ашаршылығынан әлі қалпымызға келе алмай отырмыз ғой. Мұның барлығын айтып отырғаным, қазір үкіметіміз сол шетелдік тарихшыларға ғылыми жоба беріп, соларды қаржыландыруға кірісті. Біздің шенеуніктер өзіміздің тарихшыларымызды менсінбей, тарихымыздың ауыр-ауыр тұстарын біздің мұрағаттарымызда жұмыс істемеген шетелдіктерге беруге кірісті. Оның үстіне оларды біздің құпия мұрағаттарға қауіпсіздік комитеті жібермейді, өзімізді зорға жіберіп отыр. Сондай шетелдің тарихшыларына табыну басталды. Әлгінде айтқанымдай, олар шындықты бұрмалап жазады. Климаттық жағдай, ауа райы т.б. сылтауларды айтады. Ең қызығы, Уиткрофтың әлгі пікірі Голошекиннің пікірімен үндес. Голошекиннің Сталинге 1932 жылдың 9 қыркүйегінде жазған 9 беттік хаты бар. Сонда ашаршылықтың бірінші себебі ауа райы дейді Голошекин. Яғни бұл – Голошекиннің сөзі. Бізде Марат Тәжин Мемлекеттік хатшы болып тұрғанда осы мәселе орнынан қатты қозғалып еді. Ол кісі көп қамқорлық жасады. Өкінішке орай, ол кісінің Ресейге елші болып кетіп қалуы біздің тарих ғылымына үлкен соққы болды. Егер Тәжин осы бағытта жұмыс істеп, «Халық тарих толқынында»

деген бағдарламаны басқарып, тағы бір 4-5 жыл тұра тұрғанда көшіміз жөнделетін еді.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: Сіздің айтқан сөздеріңізден түйгенім, Кеңес үкіметі қазақ халқын әдейілеп қырған жоқ деп есептейсіз ғой, солай ма?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Олар қазақ деген халықты менсінген жоқ. Қазақтың еш уақытта бәсекелес бола алмайтынын білді. Өйткені қазақты малдың соңында жүрген қаранғы, жабайы, надан халық деп есептеді.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - КГБ-ның құпия мұрағаттарына 1992 жылдан бастап кіре бастады деп отырсыз. Қазір сол мұрағаттар толық ашылды ма, әлде ашылмаған мұрағаттар бар ма?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Әлі ашылмағандары бар. Мысалы, ГУЛАГ-қа қараған КарЛАГ, АЛЖИР сияқты концентрациялық лагерьлердің материалдары әлі ашылған жоқ. 1937. 1939 жылғы халық санақтары кезінде лагерьлерде ұсталғандарды да санаққа енгізді ғой. Дегенмен ашаршылыққа қатысты материалдар түгелдей дерлік ашылды. Қараймын деген адамға рұқсат бар. Бірақ мынадай мәселе бар. Ашаршылық деректері қатты шатысқан. 1933 жылы Мирзоян Қазақстан басшылығына келген бетте Сталинге хат жазып, 2 миллион пұт астық сұрайды. Мұнымен қатар Рысқұловтың ашаршылық туралы Сталинге жазған соңғы хаты бар. Осы екі хатты салыстыра қарасаңыз, Мирзоянның хатының да Рысқұловтың айтуымен жазылғаны көрініп тұр. Қалай дегенмен, Мирзоян жаңадан келген, жағдайды әлі білмейді ғой. Рысқұлов жергілікті жігіттерге материал дайындатып берген. Мирзоян Қазақстан басшылығына келген соң «Ашаршылықта қанша қазақ қырылды?» деп жалпы сұратқан. Ал Голошекиннің кезінде ешкім сұрамаған. Мирзоян келді де, «Босқындарды қайтару керек, оларды орналастыру керек, аштықты тоқтату керек» деп қазақтың мәселесін көтерді ғой. Мұның барлығын Мирзоян қазақты жақсы көріп істеді деп айтпаймын. Мирзоянға Сталин сондай тапсырма берді. Сонда байқағаным, Қазақстаннан жіберілген санақ деректерін Сталинге көрсетуге қорқып, бүкілодақтық санақ басқармасы, Госплан ашаршылықтан қырылған адамдардың санын азайтып, қазақ халқының санын көбейтіп көрсеткен. Бұл санақ басқармасы ол кезде «Нархозучет» деп аталған. Кроваль деген еврей басшысын 1938 жылы атып жіберген. Қазақстанның санақ басқармасын ол кезде Мұхтар Саматов деген кісі басқарған. Бұрын Алашордада болған кісі. Оның орынбасары – Маскевич деген

еврей. Екеуі де кейін атылып кетті. Саматовтың айтуымен Маскевич 1934 жылы Қазақстанда халық санағын жүргізген. Соның 6,5 беттей анықтамасы қазір Президент мұрағатында тұр. Барам деген адамға нөмірін беремін. Мәскеуге жазған хатында Маскевич бүкілодақтық санақ басқармасы барлық деректерді бұрмалап көрсетіп жатыр деп зар илейді. Өзі нақты цифр келтіреді. Маскевич ашаршылық кезінде Қазақстанда үш жылда 3 миллион 389 мың адам кеміген дейді. Ал Мәскеудегілер соны азайтып көрсетіп жатыр деп, олардың да цифрларын келтіреді. Енді сол салыстырмалы цифрларға карап шатыса бастайсыз. 1937 жылы қантар айында бүкілодақтық санақ басталды ғой. Сол кезде Саматовтан Мирзоян сұратты ма, әлде Мәскеудегі бастығы Крваль сұратты ма, әйтеуір Мәскеу мұрағатында Саматовтың 1,5 беттік анықтамасы бар. Бірінші болып оны мен таптым. Сол анықтамасында Мұхтар Саматов ашаршылықтың үш жылында қазақтар 3 миллион 379 мың 500 адамға кеміді деп айтады.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Бұл аштықта қырылғандар мен босып кеткендерді қосқанда ғой?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Иә, босқындар да бар. «Оседание казахского хозяйства» деген науқан болды ғой. Сонда сандары тіркелген. Тірі қалған босқындардың саны 1 миллионнан сәл ғана асады. КГБ-ның дерегі бойынша Қытайға 79-82 мың адам өтті делінген. Біз оны дөнгелектеп 100 мың деп алдық. Өйткені шекарадан өткенде атты, қырылды. Одан кейін Қытай жағында қырылды. Осылардың барлығын қосқанда 100 мың деп жүрген Мақаш Тәтімовтың есебі дұрыс. КГБ бұл деректі қалай алған? Қытай жағында КГБ-н жансыздары жұмыс істеген. Солар Қытайға ауып барған қазақтардың есебін мәлімдеп отырған. 1930 жылы Қытайда төлқұжат беру жүргізілген. Сонда олар есепті бастаған екен. Солардың есебі мен КГБ-н есебі сәйкес келеді. Сондықтан Қытайға барған қазақтардың саны Ауғанстанды, Иранды қосқанда 100 мыңнан артық емес.

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Бұл 100 мыңның ішінде көршілес республикаларға, Ресейге кеткендер жоқ қой?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей бұл есепте жоқ.

Жарылқап ҚАЛЫБАЙ «Жұлдыздаротбасы», «Аңыз адам» журналдарының бас редакторы: - Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Ресейге босып кеткен қазақтар Қытайдағыдан көп болса керек.

Талас ОМАРБЕКОВ: - КСРО құрамындағы көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Ресейге барғандардың да есебі бар. Олардың 626 мыңы қайтып келген. Мирзоян қайтарған. Осыларға көрші елдерден қайтпай қалғандарды қосқанда, тірі қалған қазақтар 1 миллионнан асады.

Жарылқап ҚАЛЫБАЙ: - Өзге республикалардан барғандардың барлығы тірі қалған ба, әлде ол жақта да қайтыс болғандар бар ма?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Қайтыс болғандар көп. Бірақ біз оларды қырылып кеткендердің есебіне кіргізіп жібердік. Яғни үш жылда опат болған 2 миллион 300 мың қазақтың есебіне солардың барлығы кіреді.

Жарылқап ҚАЛЫБАЙ: - Ашаршылықта қанша адамның қаза болғанын нақты зерттеген адамдар бар ма?

Талас ОМАРБЕКОВ: - «Қазақстан қасіреті» деген кітабымда мен босқыншылықты арнайы зерттедім. Сонда босқындардың санын шығарғанмын. Оның себебі, босқындардың санын анықтамай тұрып, қазақтың қаншасының қырылғанын анықтай алмайсың. Ал босқындарды қалай анықтадық? 1930 жылы қантарда көшпенділерді жаппай отырықшылдандыру жөнінде комиссия құрылды. Оны Ораз Исаев басқарды.

Жарылқап ҚАЛЫБАЙ: - Сонда 1928 жылы тек кәмпескелеу, сосын ұжымдастыру жүрді ғой?

Талас ОМАРБЕКОВ: - Шын мәнінде ұжымдастыру болған жоқ. Қазақстанда ұжымдастыру мәжбүрлеп отырықшылдандыру түрінде болды. Мұндай отырықшылдандыру бізде, қырғыздарда, калмақта, Сібірде болды.

Жарылқап ҚАЛЫБАЙ: - Мен Viasat History деген телеарнадан Америкадағы үндістерді қалай бағындырғанын көрдім. Отаршылдар үндістерді ХІХ ғасырдың соңына дейін бағындыра алмай қойған ғой. Бер жағындағы штаттарды алған, ал орталықтағы штаттарда үндістер таудың басында жүре берген. Көтеріліс жасаған. Оларды басқаратын атақты көсемі ұстатпай жүреді. Содан отаршылдар «бұл халықты қалай қырамыз, қалай бағындырамыз?» деп ойлайды ғой. Бірнеше жазалаушы отряд шығады ештеңе істей алмайды. Содан кейін ақылды біреуі «Бұлардың тамағы – бизондар. Бизондарды қырып тастасак, бұлар өздері ақ біздерге келеді» дейді. Тура солай болады. Бизондарды қырып тастайды. Темір жол салады. Ен соңында байғұс үндістер аштан қырылатын болғасын отаршылдарға өздері келеді. Қазақтарды


қыру үшін малын тартып алу біреудің ойына келді ме деп ойлаймын.

Талас ОМАРБЕКОВ: - Бұл туралы, қазақты әдейілеп қырмағаны жөнінде әңгіменің басында айтып кеттім. Кейбіреулер «Мәскеу қазақтардан қорыққан, сол себепті әдейілеп қырған» дейді. Мәскеу қазақтан қорықпаған. Мәскеуге қазақтың малы, еті керек болған. Ал енді малын тартып алғасын қазақ өле ме, тірі қала ма? Бұл жайында ешкім ойланбаған. Олар үшін қазақтың мал құрлы құны болмаған. Тіпті қазақтың кім екенін де білмеген. Біразға дейін қазақты қырғызбен шатыстырып келген жоқ па?

Рысбек ҮРКІМБАЙ: - Ереке, сіз «Ашаршылық» деректі фильмін түсіріп, осы мәселемен айналысып жүрген азаматсыз. Әңгімені әрі қарай өзіңіз жалғастырсаңыз. 1918 жылы, 1921-22 және 1931-33 жылдары үш рет ашаршылық болыпты. Осы ашаршылықтың шығу себептері неде?

Еркін РАҚЫШЕВ –кинорежиссер, «Ашаршылық» деректі фильмінің режиссері: - Алғашқы ашаршылықтар туралы Рәкен айтсын (Рамазан Құрманбаев – Р.Ү.), мен негізгі үлкен ашаршылық жайында айтайын. Өткен ғасырдың 20 жылдарының аяғында әлемде халықаралық жағдай шиеленісіп тұрды. Ресей негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатын аграрлы ел болған. Германия тарапынан соғыстың басталып кету қаупі төніп тұрды. Сол кезде КСРО басшысы «біз жедел түрде елді индустриаландыруға көшуіміз керек. Бес жылда 1500 зауыт-фабрика салуымыз қажет» деген шешім қабылдайды. Бұл жай ғана зауыт-фабрикалар емес, Магнитогорскідегі және өзге де Ресей қалаларында металлургия зауыттары, Мәскеу метросы, әскери нысандар, түрлі су электр стансалары сияқты алып құрылыстар болатын. Сол зауыт-фабрикаларға шетелдерден құрал-жабдықтар алу үшін ақша керек және сонда жұмыс істейтін миллиондаған жұмысшыларды тамақпен қамтамасыз ету үшін азық керек. Осыны қайдан аламыз деген мәселе туындағанда Кеңес үкіметінің басшылығы жеке шаруалардың қолындағы астық пен малды кәмпескелеу жөнінде қаулы шығарады. Өйткені бұған дейін бүкіл КСРО бойынша ауыл шаруашылығы жеке меншіктің қолында болатын. Бұл қаулының соңы қазаққа үлкен қасірет алып келді. Қаулы алғашында тек өте ірі байларға қатысты дегенімен, соңында қазаққа тышқак лақ та қалдырмай, малын жаппай түгел сыпырып алды.

1870 жыл, үндістерді аштан қыру мақсатында жойылған бизондар сүйегі



Мұқтар ТАЙЖАН

Мұқтар Мағауин мектепте оқушы кезінде тарих сабағында мұғалимадан: Неге американдықтар жергілікті үндістерді түгел қырып, оның орнына Африкадан қара құлдарды алып келген? Соншама алыстан құл тасығанша жергілікті үндістерді құлға айналдыру тиімді емес пе еді? Сонда мұғалима былай деп жауап беріпті: Алыстан басқа жерге алып келген құл қожайынына ешқашан бас көтеріп наразылық жасамайды, себебі ол басқа жердің адамы, бұл жер оған бөтен, бұл жер оған куш, қуат бермейді, оның бұл жермен рухани байланысы жоқ, тамыры жоқ. Жергілікті үндістер өз жерінде келімсектерге ешқашан құл болуға көнбейді. Сол себептен де американдықтар жалпы саны 50 миллионға жуық үндістерді қырып тастады.

Қазір үндістердің саны АҚШ-а өте аз. Оларға сол себептен АҚШ үкіметі орасан зор жеңілдіктер жасап отыр. Мемлекет өздерінің үндістер алдында орасан күнәсін түсінеді - үндістердің бірнеше мұражайы бар, заңмен бекітілген "first nation" – бірінші ұлт деген ұғым ендірілген. Олар барлық салықтардан босатылған, кез келген университетте қалаған білімін тегін алады. Егер

қаныңда сегізден бір (1/8), мысалы әжем үндіс болды деген дәлелің болса, онда салықтың сегізден бір бөлігінен босатыласың. Үндістер орналасқан резервация толық автономиялық дербестікте. АҚШ заңы ол жерде жүрмейді, Тіпті шерифтің өзі үндіс көсемінің рұқсатынсыз ол жерге кіре алмайды. Бірақ, үндістердің автономиялық аймағы табиғаты бай емес полигон орналасқан Невада штатының жерінде, ол жерде казино аймағы саналатын Лас-Вегас бар. Үндістер өздеріне берілген жеңілдіктерді пайдаланып темекі, спирт ішімдіктерін сатумен айналысады, казинолар үндістердің атымен құжатталған. Қанишама жеңілдіктер жасалынса да үндістер өз отанынан мәңгі айрылды. Америка олардың отаны емес.

Әлемдегі жаулап алушылардың қайсысы болмасын жергілікті халыққа «қажетсіздер» тұрғысынан қараған. Жергілікті халық отарлаушыларға қажет емес, жері мен кен байлығы ғана керек. Үндістердің тағдырын отарланған Сібір халқы да кешіп, жоқ болып кетті, олардың мұнайы мен газы ғана қалып, байлығы Мәскеуге тасылып келеді.

19 және 20 ғасырларда қазақты осы жағдай күтіп отырды. Жері үлкен, табиғаты орасан бай, ал өзі ешкімге керегі жоқ, қажетсіз халық болды. Жасанды ашаршылық жасалынып қазақтардың үштен екісін жойып, олардың орнына сырттан 5 миллион жұмыс қолын әкелді.

Қазір, міне 21 ғасыр туды, қазақтың төбесінен гептил төгіліп жатыр, атом электр стансасы салынуда, ядролық қалдықтар әкеліп төгілуде. Мұның бәрі не үшін Қазақстанда салынып жатыр? Үндістер сияқты өз жерімізде артық халыққа айналып жатқан жоқпыз ба? Қазірдің өзінде қазақ жеріне Қытайдан, Индиядан, тіпті Филиппиннан мыңдаған жұмыс қолдары әкелінуде. Үндістердің немесе Сібір халықтарының күйін кешеміз бе әлде Біріккен араб әмірлігі халқындай боламыз ба? Мал құсап қырыла береміз бе? Әлде намыстанып өз тағдырымызды өз қолдарымызда ұстаймыз ба? Бұл сұрақтарға ешкім емес, тек өзіміз жауап бере аламыз.



Алматыда бұл белгінің қойылғанына 22 жыл болды.... Ескерткіш әлі жоқ....

Талас Омарбеков: Ереке, дұрыс айтып отырсың. Кәмпеске екі-ақ халыққа болды. Бізге және қырғызға. Басқаларды кәмпескелеген жоқ.

Жарылқап Қалыбай: Бірақ қырғыздар қазақ сияқты қырылған жоқ қой, неге?

Талас Омарбеков: Оның себебі былай. Қырғызстан Совнаркомының төрағасы Жүсіп Әбдірахманов Мәскеуге бағынбай, орталыққа өткізіледі деп жиналған астықты халыққа таратып береді. Сөйтіп, қырғыздарды аштықтан аман алып қалады. Бірақ өзі сол үшін 1938 жылы атылып кетті.

Еркін Рақышев: «Мәскеу қазақтарды әдейі қырды ма, әлде байқамай қырды ма?» деген сұрақ болып отыр ғой. Бұған қатысты менің ойым мынадай: Әдейі қазақты жою керек, құрту керек деген қаулы болмаған. Бірақ барлық саясат қазақты құртуға бағытталған. 1550 жылдары Ресей Сібірді бағындырып алғанда олардың негізгі мақсаты – Сібір халықтарын тілінен, дінінен айырып, өздеріне бағынышты қылу, көнбегендерін қыру болды. Олар өздеріне қажетті қара жұмысшыларды ғана қалдырғысы келді

және сол мақсатына жетті. Кеңес үкіметі де дәл осы әдісті қолданды. Кәмпескеден кейін дінді жоюды қолға алды. Имамдарымызды атып, Құран кітаптарымызды өртеді. Мешіттердің барлығын жауып, клубтарға, қоймаларға, тіпті мал қораларға айналдырды. Одан іле-шала отырықшылық, колхоздастыру науқаны басталды. Осының барлығын көріп отырған қазақтар мұның соны халықтың қырылуына әкеліп соғатынын түсініп, жер-жерде бас көтере бастады. Кәмпескеге біздің қайраткерлеріміз ашық қарсы шықты. Рысқұловтар, Нұрмақовтар сол кездің өзінде үлкен жиналыстарда мұның дұрыс еместігін, соны қасіретке алып келетінін айтты. Тек олар ғана емес, бүкіл қайраткерлеріміз қарсы болды. Мұның соны көтерілістерге алып келді. Осы кездерде үлкен бір оқиға болған.

Рысбек Үркімбаев: Ол қандай оқиға?

Еркін Рақышев: Кеңес үкіметі алдында алашордашыларға рақымшылық берген. Сол уәделерін бұзып, алашордашыларды қуғындап, алғашқыларын ата бастады. Біз бүгінге дейін сол кездегі қайраткерлеріміз жайында «Бұлар жазықсыз еді, жаламен атылды» деген әңгімелер айтып келдік. Менің ойым олай емес. Олар жазықсыз атылмаған. Бұлар шынымен де Кеңес өкіметін құлату үшін оған қарсы жұмыс істеген. Бұл факт еш жерде жоқ.

Талас Омарбеков: Айтып отырғаныңыз өте дұрыс сөз.

Еркін Рақышев: Мен осы қайраткерлеріміз жайында материал жинағанда ҰҚК-нің мұрағаттарынан көптеген тергеу материалдарын көрдім. Солардың негізінде осындай байламға келдім.

Рысбек Үркімбаев: Сіз айтып отырғаныңыз Алашорда қайраткерлері және Кеңес өкіметіне қызмет еткен қайраткерлер ғой?

Еркін Рақышев: Бұл кезде Алашорда қайраткерлері көп іс-қимыл жасай алмады. Айтып отырғаным – негізінен Кеңес өкіметіне қызмет етіп жүрген қайраткерлер. Бұлар халқының осылай қырылып жатқанын көріп, неге қарап отырады? Алғашында жеке-жеке, шама-шарқы келгенше күрескен. Сосын астыртын ұйым құрған, Кеңес үкіметін құлату үшін жұмыс істеген. Тәкең жақсы біледі. 1930-33 жылдары Өзбекстанның, 1933-37 жылдары Қазақстанның Халық ағарту комиссары болған Темірбек Жүргеновтің әкесі Қара Қуанұлы, балалары Досжан, Қосжандармен, Темірбектің ағалары ғой енді, Қарақұмда бес мыңға дейін адамдарды бастап көтеріліске шыққан. Темірбектің өзі халық комиссары, яғни министр болып отыр. Егер Темірбек Жүргенов әкесін, бауырларын қолдамаса, оның қай жері қайраткерлік? Қазаққа ең көп қасірет әкелген – 1931-33 жылғы ашаршылық. Мұны біздің қай-

раткерлеріміз алдын ала болжап білген. Әлгінде айтқанымдай, қазақты қыр деген арнаулы қаулы болмағанымен, Мәскеудің бүкіл іс-әрекеттерінен мұның ұлтты жоюға бағытталған саясат екенін өзіңіз де түсінесіз. Мысалы, бір сиыры барларға екі сиыр өткізесің деп салық салған. Бір сиыры бар адам екінші сиырды қайдан табады? Сосын «салық төлемеді» деп жалғыз сиырын тартып алып өзін жазалаған. Көзі ашық азаматтарымызды қуғындау сол жылдардан басталған. Бас көтерер, білімді, оқыған, көзі ашық 25 мың қайраткерімізді атқан. 130 мың адамды Сібірге жер аударған. Көбі 25 жылға кеткен. Оның қаншасының аман қайтқанын бір Құдай біледі. Бұл жерде Кеңес үкіметі басшылығының мақсаты – қазақтың негізгі бетке ұстарларын өлтіріп тастап, елдің байлығын алу, сол байлықты өндіретін кара жұмысшыларды ғана қалдыру болды. Бұл саясат ашық айтылмаса да, жасап отырған іс-әрекетінен осындай ой түюге болады. Менің ойым осы.

Талас Омарбеков: Ерекеннің айтып отырған сөзінің жаны бар. Әлгінде айтқанымдай, КСРО басшылары қазақты ұлт ретінде еш уақытта мойындаған жоқ. Бірақ олар қаласа да, қаламаса да жүргізген саясаты ұлтты құртуға алып келгені рас.

АШАРШЫЛЫҚ ҚАЗАҚҚА ҮШ РЕТ АЙНАЛЫП СОҚҚАН

Рысбек Үркімбаев: Рамазан аға, осы мәселелерге қатысты ойларыңызды айтсаңыз.

Рамазан Құрманбаев: Ашаршылық туралы әңгіме болғанда көпшілігіміз негізінен 1931-33 жылдардағы ашаршылық туралы айтамыз. Патшаны тақтан құлатып, билікті қызылдар алғаннан бастап ашаршылық қазаққа үш рет айналып соққан. Бұл туралы алғаш жазған – тарихшы Кеңес Нұрпейісов ағамыз. Өйткені Кеңес үкіметінің тұсында бұл туралы айтқызбады, жаздырмады. Кеңес ағамыз «Көмусіз қалған боздақтар» деген мақаласында 1918 жылғы ашаршылық туралы ептеп айтып кетеді. 1918 жылғы бұл ашаршылықтың себебі не, қалай болған? 1918 жылы Түркістанда Кеңес үкіметі орнайды. Ол кезде Түркістанға Жамбыл, Шымкент, Қызылорда сынды оңтүстік өңір кірген. Сол жылдары Түркістанда 2 миллион 700 мыңдай қазақ болған екен. Әлгінде Тәкең айтқандай, Қызыл Армияны етпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін халықтың қолында бар малын, астығын түгел тартып алған. Мұндай тонаушылық әрекеттерді Михаил Фрунзе

басқарған. Осының салдарынан халық аштыққа ұшырап, 1 миллиондай қазақ қырылған.

Рысбек Үркімбай: Ал 1921-22 жылдарғы аштық ше?

Рамазан Құрманбаев: Орталық, Солтүстік Қазақстанда Кеңес өкіметі жаңағы саясатты қайталап қолданды. Халық тағы ашаршылыққа ұрынып, қырылды. Бұл жерде әртүрлі деректер айтылады. 800 мың, тағы бір деректерде 1 миллион халық қырылды дейді. Бұл туралы Әуезов, Тынышбаев т. б. айтқан. Сол жылдары Илияс Жансүгіров «Жұт» деген поэмасын жазған. Осы поэманы іздедік, таба алмадық. Жок. Бір ғана шумағын таптық.

Күніне қазақ мыңдап өліп жатыр,

Тұқымы сағат сайын кеміп жатыр.

Өз баласын үйітіп, сирағын жеп,

Көр азабын тірідей көріп жатыр.

Сұмдық емес пе? Бір-ақ шумақтың өзі ашаршылықтың бүкіл қасіретін көрсетіп тұрған жоқ па? Бұдан артық қандай дәлел, қандай құжат керек?!

Рысбек Үркімбай: Бейімбеттің аштық туралы әңгімелерінде дәл осы 1921-22 жылдардағы ашаршылық суреттелген емес пе?

Рамазан Құрманбаев: Иә, дәл осы ашаршылық суреттелген. 1931-33 жылдардағы ашаршылық не себепті болды деп жатырмыз. Ол кезде де саяси мәселе сұмдық болған. «Сталин қазақтарды адам құрлы көрген жоқ» деп Тәкең дұрыс айтып отыр. Үлкен халықтар кіші халықтарға әрқашан үстемдігін жасайды. Керек болса, жинап аламыз» деген ойда болған олар. Қазақта бір мылтық жоқ. Айқайлап шығады. Ол баяғы 1723 жылғы жонғарлармен болған соғыс емес. Бір қора адамды бір пулеметпен-ақ қырып тастайды. «Батыр — бір оқтық» деген қазақтың сөзі бар. Әдейі жасады ма, білмей жасады ма, бірақ бүкіл қазақты қолдан жасалған ашаршылық арқылы қырғаны анық. Гитлердің салған соғыс өрті қазаққа тура өртті қарсы өрт салып тоқтатқандай әсер етті. Егер бұл соғыс болмағанда, қазақты қыру әрі қарай жалғаса бере ме еді?..

Талас Омарбеков: Иә, дұрыс. Қолдан жасалған ашаршылық. Большевиктердің реформасы болмаса, осыншама қырғын болмайтын еді.

Рамазан Құрманбаев: Болмайды, болмайды. Ұжымдастыру деп отырсыз. Не үшін ұжымдастырды? Алдымен малды жинап алды ғой. Сосын қалған малды бір жерге жинау үшін ұжымдастырды. 1931-33 жылдардағы ашаршылық туралы неше түрлі фактілер бар. «Ашаршылық» фильмін түсіру барысында ФСБ-ның біраз мұра-

ғаттарын қарадық. Сталиннің кезінде Кеңес Одағы компартиясының Андрей Андреев деген хатшысы болған. Сол 1931 жылы Ресейден Қазақстанға 150 мың қожалықты көшіру туралы қаулы қабылдайды. Сол 150 мың қожалықтың жол шығынын, тамағын, киімін, жататын жерін — барлығын дайындаған. 1932 жылы қазақ қырылып қалды ғой. Адамдар көмілмей далада қалған. Мәйіттердің иісі сасып кеткен. 1933 жылы нарком Ягода, сосын ГУЛАГ-тың бастығы Бирман Сталинге Қазақстанға 2 миллион адамды қоныс аударту жайында баяндама жасайды. Сонда қалай? Мына жақта қазақтың қолындағы малын тартып алып, қырып тастады. Енді соның орнына қазақтың кең жазира даласын Ресейден адамдар әкеліп толтырмақ. Көрдiңiз бе, қандай саясат? Қазақты құртып, жерiн иемдену керек. Бүкiл қаймақтарымызды сыпырып алып, атып тастады. Одан кейiнгiлерiн Сiбiрге жер аударды. Абайдың «көпте ақыл жоқ, тiлiн тап та, бастай бер» деген сөзi бар ғой. Бүкiл бас көтерерлерiн құртқан соң, қазақты басқару оңай. Голощекин «Мұның соны азамат соғысына ұласса да, алған бетiмiзден қайтпаймыз» деген. Жауыздықтардың неше түрi болған. Ақтөбе округiнiң Ақкемер ауылында Позднов деген уәкiл қазақтарды үйден шығармай қамап ұстаған. Қарсылық көрсеткендердiң аузына керосин құйып, қинап өлтiрген. Алматы округiнiң Шамалған ауылында «черный бойкот» жариялап, 22 шаруашылықтың есiк-терезесiн бекiтiп, адамдарды далаға шығармай қамап тастаған. Мұндай мысалдар өте көп.

Еркін Рақышев: Осы ашаршылықтан қанша халық қырылып қалды деген сұраққа келетін болсақ, мұның анық-қанығын дәл басып ешкім айта алмайды. «Ашаршылық» фильмін түсіргенде бұл сұраққа қалай жауап береміз деп киналды. Содан біз басқа жағынан алдық. Мысалы мынадай факті бар. 1897 жылғы санақ бойынша қазақтардың саны 4 миллиондай болған. Тура жиырма жылдан кейін 6 миллион болған. Ахмет Байтұрсынұлының «Әлхамдулиллах, 6 миллион қазақпыз» деп жүргені сол 1917 жылдары. Тағы жиырма жылдан кейін, 1938 жылы тағы да санақ жүрген. Сол санақтың кезінде қазақтың саны 2 миллион 100 мың болған.

Рамазан Құрманбаев: 2,5 миллион болған дейді кейбіреулер.

Еркін Рақышев: Жоқ, келесі 1939 жылғы санақта 2,5 миллион болған. Енді қараңыз, 1917 жылы 6 миллион болса, жиырма жылдан кейін елу пайызға көбейіп, 9 миллион болуы керек еді. Ал, бар-жоғы 2 миллион 100 мың ғана болған. Қалғаны қайда?

Мақұл, шамамен 1 миллионы шетелге көшіп кетті дейік. Ал қалғандары ашаршылық пен қуғын-сүргіннен көз жұмды. Бұл жерде басқаша дерек келтіру қиын. Егер қолдан жасалған осы ашаршылықтар болмағанда, бүгінде халқымыздың саны 50 миллионға жететін еді. **БӘЛЕНІҢ БАРЛЫҒЫ – РЕСЕЙДІҢ БОДАНДЫҒЫНДА БОЛҒАНДЫҒЫМЫЗДАН.** Соның кесірінен халқымыз қаншама қасірет шекті, қиянат, азап көрді.

Рамазан Құрманбаев: Брежневтен кейін Кеңес Одағы компартиясының бас хатшысы қызметін атқарған Константин Черненко 30-жылдардың басында Жаркентте шекара заставасының бастығы болған. Қазақстанда Шевченко деген КГБ-ның бастығы болды ғой. Ол оның орынбасары болған. Солар шекарадан өтіп бара жатқан қазақтарды қырған.

Еркін Рақышев: Жәй ғана өлтірмеген, кішкентай балаларға дейін азаптап, бауыздап өлтірген. Қытайдағы КСРО елшісінің Мәскеуге жазған хаттары бар. Сонымен бірге Қытай өкіметінің Мәскеуге жазған хаттары бар.

Рысбек Үркімбай: Біздің келесі сұрағымызға Ерекең аздап жауап беріп кетті. Халық жаппай ашаршылыққа ұшырап жатқанда «бұл дұрыс емес» деп қарсы шыққан қайраткерлер бар ма? Болмаса Кеңес өкіметінің, Голощекиннің саясатын қолдағандар ше? Өйткені бұл туралы әртүрлі әңгімелер айтылады. Мына жақта халық аштан қырылып жатқанда республика басшылары биік мінберлерден Кеңес өкіметін мадақтап сөз сөйлеген деп жатады. Кеше Бейімбет туралы материалдарды оқып отырсам, тура халық қырылып жатқан 1932 жылы Алматыда Бейімбет Майлиннің шығармашылығының жиырма жылдығын тойлапты. Қазақстан басшыларынан кім Сталиннің, Голощекиннің саясатын қолдады, кім қарсы шықты?

Еркін Рақышев: Қайраткерлеріміз 1930 жылдан бастап Кеңес үкіметін құлату мақсатында бір ұйымға біріккен деп әлгінде айттым. Мұның басында Тұрар Рысқұлов тұрған. Рысқұлов ол кезде РСФСР Совнаркомы төрағасының орынбасары болған. Негізі, Кеңес өкіметін құлату жөніндегі ұйымды Рыков, Бухариндер басқарған. Ал 1930 жылға дейін бүкіл Кеңес Одағы және РСФСР Совнаркомының төрағасы, яғни Рысқұловтың бастығы Рыков болған. Біздің Қазақстандағы қайраткерлер де 1930 жылдан бастап Кеңес өкіметін құлату бағытында астыртын жұмыс істеген. Ал өзіңіз айтып отырған Бейімбеттің шығармашылығының жиырма жылдығын өткізбесе, «бұларын қалай?» дейді ғой. Өйт-

кені жоспарда тұр. Оның бәрі көзбояушылық. Ал олар мүмкіндіктерінше халық үшін астыртын жұмыс істеп жатқан. Біреуі министр болып отыр, басқа болып отыр. Олар шалқып жүрген жоқ. Халық үшін іштей күйініп, қолдан келгенінше жұмыс істеп жүр. Мысалы, Ұзақбай Құлымбетов Қазақстандағы жаңағы астыртын ұйымды басқарған. 1929 жылғы көтерілістерге қатысты Темірбек Жүргенов «Бұл көтерілісте маскара боп қазақтар жеңілді. Бұл бізге сабақ болуы керек. Келесі көтерілісте біз мұндай қателіктер жібермеуіміз керек. 1929 жылғы көтерілісте билік басында отырған қазақтар мен көтерілісшілер арасында байланыс үзіліп қалды. Біз оларды шындап қолдай алмадық. Бірақ келесі көтерілістерде біз оларды бар мүмкіншілігімізбен қолдап, Кеңес өкіметін құлатуымыз керек. Қазақстан тәуелсіздігін алып шығып, буржуазиялық мемлекет болуы керек.» деп жазған.

Рысбек Үркімбай: Нақты дерегі бар ма?

Еркін Рақышев: КГБ-ң мұрағатында бәрінің де дерегі бар. Біз Жүргеновті, Бейімбетті, Илиясты, Нұрмақовты, Қожановты т.с.с. қайраткерлеріміз дейміз. Егер халқы қиналып жатқанда жаны ашымаса, онда олардың несі қайраткер? Өлең жазғаны ма, министр болып отырғаны ма қайраткерлігі? Бұлар халық үшін қатты жұмыс істеген. Күйінген, ашынған. Бірақ, ашық күресуге күштері аз болған. Мынадай бір өлең бар:

Күшінді жи, жаныңды ки,

Дүние тұрмас қалпында.

Неше ғасыр ызаланып,

Кек кайнаған жауыңның

Шықсын жаны, аксын қаны

Қолыңды сал алқымға.

Бір таңғалғаным, Абыралы өңірінде қазақтың 13-14 жасар қыздарына дейін қолдарына тас, таяқ алып, көтеріліске шыққан. Біз олар жайлы ештеңе де білмейміз. Олар өлетіндерін біле тұра, күші өздерінен бірнеше есе басым жауға қарсы шыққан. Бүгінгі егемен ел болуымыз — сол шайқастарда қаза тапқан бабаларымыз бен кішкентай батыр ұл-қыздарымыздың тартқан азабы мен тартқан қасіретінің, төккен қанының жемісі. Біз осыны түсіне білуіміз керек. Сол көтерілістерді өз көзімен көрген Илияс Жансүгіровтің де мынадай өлеңі бар:

Қалың кісі, қатын-бала,

Өне бойы қызыл ала.

Үсті-басы жара-жара,

Тамтығы жоқ арқа-бастар,
Қолдарында мылтық, тастар..

Жарылқап Қалыбай: «Аңыз адам» журналының бұл жолғы кейіпкері – Бейімбет Майлин. Не үшін Бейімбет Майлинді алып отырмыз? Себебі біз ашаршылық тақырыбын үш жыл қатарынан көтеріп, жазып келе жатырмыз. «Жұлдыздар отбасы» журналында профессор Қамбар Атабаев ұйымдастырған экспедицияда жиналған ашаршылық куәгерлерінің жантүршігерлік естеліктерін бердік. «Аңыз адам» журналының Филипп Голошекинге арналған санында толығымен ашаршылық туралы жаздық. Сол жолы тарихи-ғылыми жағына көбірек көңіл бөлгенбіз. Енді бұл жолы біз Бейімбет Майлин арқылы ашаршылықтың өнердегі, әдебиеттегі суретін көрсеткіміз келген. «Күлпаш», «Аштық құрбаны», «Айт күндері», «Әже» т.б. шығармалары арқылы ашаршылықтың әдеби суретін салған қаламгердің бірі – Майлин. Бейімбет шығармаларында колхоздастыру кезіндегі өрескел жолсыздықтар да жан-жақты айтылады. Ілияс Жансүгіровтің «Жұт» поэмасы болғанын айтып отырсыз. Бірен-саран болса да фото-деректер бар. Адам жегіштерден аман қалған кішкентай қазақ қызының фотосуреті бар. Қазақ жігітін аштан өлерінен бірер минут бұрын Татьяна Невадовская түсірген фотосурет бар. Яғни ашаршылық тақырыбын суреттеген әдеби шығарма, ән, күй, фильм, кинохроника, фотосурет, көркем картина т.б. бар ма?

Талас Омарбеков: Ашаршылық туралы кинохроникалар жоқтың қасы. Ашаршылыққа ұшырап, басы ауып қаңғып бара жатқан қазақтар түсірілген 3-4 кадр бар. Қазақ ауылының жалпы көрінісін, көмпескені көрсететін бірнеше ғана кадр бар. Олардың барлығы пайдаланып жүр. Одан басқа хроникалық, фото-құжаттар жоқ. Ауыл ақсақалдарының жазып қалдырған ішінара естеліктері, өлеңдері бар. Марқұм Қамбар Атабаев деген досым 1992 жылы «32-нің зұлматы» деген экспедиция ұйымдастырған. Сол экспедиция Қазақстанның өртүрлі аудандарында болып, ашаршылықтың көзі тірі куәгерлерінен естеліктер жинаған. Сол естеліктерді жинап, ол кісі шығара алмай кетті. Соларды мен қазір кітап қылып шығарайын деп жатырмын. Сол естеліктерде өмірдің нақты шындығы бар. Ашаршылықты басынан кешкен адамдардың естеліктері. Кезінде оларды газеттер жариялай алмады.

Жарылқап Қалыбай: Жарияланды. 1991 жылы Егемен «Қазақстан» газетінде жұмыс істеп жүргенімде профессор Қамбар

Атабаевтың студенттері жинаған естеліктердің ең әсерлі жерлерін «Егемен Қазақстанға» бердік. Сосын әлгінде айтқанымдай, «Жұлдыздар отбасына» және «Аңыз адам» журналының Голошекинге арналған санында бердік.

Талас Омарбеков: Айтайын деп отырғаным, сондай естеліктерден басқа қолымызда түк жоқ.

Рысбек Үркімбай: 1931-33 жылдардағы ашаршылықтан зардап шекпеген қазақ отбасы жоқ шығар. Дегенмен қазір осы ашаршылық болмағандай, көп адамдар оны айтпайды да, ол туралы ойламайды да. Мұның себебі неде? Тіпті біз ашаршылыққа саяси баға да берген жоқпыз ғой әлі күнге дейін. Мұны қазақтың енжарлығынан көреміз бе, әлде ресейшіл биліктің сақтығы деп есептейміз бе?

Талас Омарбеков: Коммунистік партияның кезінде идеологиялық саясат бір ғана нәрсеге бағытталды. «Халықтың тұрмысы жақсарып келе жатыр. Социализм – капитализмнен артық қоғам. Социализмде қасірет, ашаршылық, қуғын-сүргін деген болмайды. Адам баласы тең, барлық ұлттар дос болады» деген ұстаным болған. Жасыратыны жоқ, сол ұстаным әлі күнге дейін жалғасып келеді. Тәуелсіздіктің 20 жылында да талай қиыншылықты бастан өткіздік қой. 1990 жылдардың барысындағы жекешелендіру өте дөрекі түрде жүргізілді. Бұл жайында уақытында «бұл ұжымдастыруға кері үдеріс» деп айтқанмын. Ұжымдастырудың кезінде бәрін жинап алса, енді бәрін таратып берді. Мемлекеттің, халықтың ондаған жылдар бойы жинаған дүниесі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Дәл осындай келенсіз жағдайлар тәуелсіздік алған кезімізде болып жатыр. Ал бірақ мемлекеттік ұстаным қалай болып отыр? «Жылдан жылға тұрмысымыз жақсарып келе жатыр, мықты болып, әлемдегі ең озық 30 елдің қатарына енетін болып келе жатырмыз». Міне, осы ұстаным тарихымыздағы қайғылы, қасіретті беттерін еске түсіруге кедергі болып отыр. Адамда ойлау еркіндігі болуы керек. Ал біз мемлекет билігінде отырған шенеуніктердің аузына қарап отырмыз. Олар тарихты білмейді. Осыған байланысты мынадай ойым бар. Жалпы, ел болам деген ел мемлекетті ұлттың атынан қойған. Тарихқа тереңірек үңіліп, ежелгі дәуір туралы айтсам, түркеш халқы ел боламын деп Түркеш қағанатын құрған. Содан соң біздің жердегі мемлекетті қарлұқтар басып алғаннан кейін Қарлұқ қағанаты деп атаған. Қарахан әулеті басып алғаннан кейін Қарахан мемлекеті болған. Ақырында Шыңғыс хан Моңғол мемлекеті деп атады. Ал енді

казак өзінің тарихын ұмытпауы үшін тарихындағы осындай қасіретті беттерді қайта-қайта еске алып, оны тереңдей зерттеп, бала-шағасына айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, халық басынан кешкен қасіреттер арқылы патриоттыққа, отаншылдыққа, ұлт-шылдыққа тәрбиелеу үшін бізде ойлау еркіндігі болуы керек. Ойлау еркіндігі мықты идеология арқылы жүзеге асады. Мықты идеология ұлттық мүддені бірінші орынға қоюы керек. Яғни біздің мемлекетіміз казак деген ұлттың ең мықты ұлт екенін мойындауы керек. Мемлекеттің аты «-стан» да, «-пстан» да емес, «Қазак елі» деп аталатынын мойындау керек. Яғни біздегі мемлекеттік идеология мемлекет құрушы ұлттың мүддесіне ашық жұмыс істеуі керек. Жалтақтамауымыз, қорықпауымыз керек. Татулық, бірлік қай уақытта болады? Елдегі басқа ұлттардың барлығы казакты, казактың тілін, мәдениетін, тарихын, қайғы-қасіретін мойындап, казактың төңірегіне біріксе, сондай жағдайда ғана тарихтың осындай қаралы беттерін есте қалдыру шараларын жасар едік. Әйтпесе осылай, Астанадан басқа бірде-бір жерде ашаршылыққа арналған монумент жоқ, отыра береміз. Жаңағы айтқан Алматының саябағындағы кара тас сол күйі қала береді.

КАЗАҚТЫ ЗЕРТТЕГЕН АДАМДАР БОЛДЫ

Рысбек Үркімбай: Ереке, осы мәселелерге қатысты ойыңызды білдірсеніз.

Ерлан Төлеутай - өнертанушы: Тәкен әлгінде «Қазакты Сталин менсінген жоқ» деп айтып жатыр. Былайша айтқанда, казак өзінен өзі қырылып қалған сияқты. Мен мұндай ойға қосылмаймын. Мысалы, жаңа Жарылқап аға бизон мәселесін жақсы айтты. Шынында да, кез келген ұлттың жаны болады. Отаршылдар осыны ұзақ зерттеді. Әйткені жан беру оңай емес, бәрі қарсыласады. Қазакқа да дәл осы бизон жүйесін қолданды. Бұл – империялық мемлекеттердің отарлағысы келетін елдегі қарсыласын құрту үшін қолданатын ортақ құралы. «Біреу өлмей, біреуге күн жоқ» дейді халқымыз. Империялық пиғылдағы мемлекеттердің ұстанатын ұстанымы осы. Империяға не керек: жер керек, жер асты, үсті байлығы керек. Оны жергілікті аборигендерден тартып алу керек. Жергілікті халық өліспей, беріспейді. Сол үшін өлтіру керек. Сондықтан да осы уақытқа дейін «Ең жақсы адам – өлген адам» деген ұран отаршылдардың қасиетті девизи болып келеді. Орыс отаршылдығы Иван Грозный патшаның кезінде басталды. Бірақ бұған керемет бетбұрыс жасаған – атакты I Петр патша.

1722 жылы Петр патшаның Астрахань арқылы жорыққа аттанып бара жатқанда «Егер казактар қол астымызға кіретін болса, қандай да көп шығындарға қарамастан, тіпті миллион болса да, әйтеуір қағазға қол қойып, Ресей империясының протекциясына енгізілуі керек. Бұл казак Ордасы көшпелі және тұрақсыз халық болса да, оның жері бүкіл Азия елдеріне жол ашатын кілт пен қақпа. Сондықтан казак жерлері Ресей қол астында болуы қажет, сөйтіп, бүкіл Азия елдерімен қарым-қатынас жасап, Ресей жағына пайдалы да тиімді шаралар жүргізуге мүмкіндік болар еді» деп тасқа басылған сөзі бар. Әйткені далиған казак даласының Ресей үшін стратегиялық маңызы өте зор болған. Олар көшпелілерден талай жеңілді ғой. Олардың санасында барлығы қатталып тұр. Сол кездің өзінде казакты зерттеп жатқан шығыстанушылар болды. Мұрағат материалын алаштанушы ғалым Зарқын Тайшыбайдың аудармасы бойынша жазып алып едім, оқып берейін.

«№192 1761 жылғы 2 қараша. Ресей Сыртқы істер алқасына Вейморнның казак даласын отарлау жөніндегі ұсыныстары туралы құпия комиссияның ұйғарымы ...»

Құжатқа «Күпия» белгісі қойылған.

Рысбек Үркімбай: Вейморн деген кім?

Ерлан Төлеутай: Бұл өзі генерал-майор. Қазак даласындағы құпия тыншылардың материалдарын жинақтаған. Олар казакты әбден зерттеген. Осылайша зерттей келе былай деп ұсыныс тастайды:

«Осы жылғы 22 қыркүйекте генерал Вейморн казактарды тыныштандырып, ежелгі салтынан айыру, мінез-құлқын жұмсарту, олардың негізгі байлығы болып табылатын малын бірте-бірте азайтып және бізге шын берілген рухта бағындырудың жоспарын жеткізді. Генерал-майордың ойынша, олардың шамына тимей, әділ болу, кейбір оғаштығына кешіріммен қарау арқылы бетін бері қаратуға ұмтылу керек. Атап айтқанда:

1. Казактардың малын шекараға таяу жерге әкеліп бағуына рұқсат берейік;

2. Казактардан қашып шыққан тұтқын қалмақтарды, біздің бекіністерімізге қашып келіп жатқан басқа адамдарын, өтіп кеткен малдарын бөгетсіз қайтарып отырайық. Екіншіден, олардың беделді ел ағаларына шекара іргесінен үй салып берейік, ұсақ малдары мен мініс аттарына жабық қоралар мен жаппалар салып алу үшін әскер командаларынан балташылар жіберейік. Өздерін қора-қопсы салуға үйретейік.

Қалай да отырықшы тұрмысқа бейімдесек, мұның тұрмысқа қолайлы жақтарын өздері де сезіп, бойлары үйренер еді. Сөйтіп, қазақтардың тұрғын жерлерін есепке алу мүмкін болады.

Үшіншіден, әуелі өзіміз пішен шауып беріп, кейін өз малдарына өздері қысқы азық дайындап алуларына жағдай жасайық. Өйткені қазақтардың қолда тұрып пішенмен азықтанған малдары мен жылқылары қатал қыстың ауыртпалығын сезбей, тебін малдарға қарағанда әлжуаздана береді. Ал пішен шабумен айналысқан қазақтар жұмыспен айналысып, бос уақыты азаяды. Қыстың қатты аяздарында жылы үйде болады. Құлын кезінен қорада өсіп, пішенмен азықтанған жылқы тебінді ұмытып, қолдан ғана шөп жеуі үйреніп кетеді. Шөп қоры шектеулі болғандықтан, мал саны да азая береді. Малы азайса, қазақ та тұрақтанып, жуаситын болады, бізден көмек пен қамқорлық сұрай бастайды. Мініс аттары да азайғаны жақсы. Қытайлар қазақтардан көп ат сатып алмас еді, атты әскер жасақтау мүмкіндігінен айрылар еді.

Міне, осы жағдайларды жан-жақты дәлелдей келіп, генерал Вейморн алдағы көктемде Абылай сұлтан мен Құлсары батырға үй салып беруге балташылар жіберу жөнінде жарлық шығарғанды жөн көреді. Балташыларды атты жасақтар апаратын болсын, қасына ең болмаса екі инженер-офицер қосып жіберу керек. Олар сол жақты сипаттап жазып, картаға түсіріп әкелетін болсын. Үйжай мен қора-қопсы салатын жерді белгілеп, манайындағы шабындықты есепке алу қажет.

Енді генерал-майор Вейморнның бұл ұсыныстары жөнінде мынадай ұйғарымға келдік:

Қазақтарға әділ және кешіріммен қарау, олардың малын шекараға таяу бағуға рұқсат беру, қазақтардан қашып шыққан тұтқындарды (егер олар Ресей азаматтары болмаса) және өтіп кеткен малдарды ұстап қалмай, қайтару жөнінде Вейморнның ұсынысын қолдаймыз. Сондай-ақ Абылай сұлтан мен Құлсары батырдың өздеріне баспана, малдарына қора-қопсы салып беру керек деген ұсыныс та орынды. Бұл шараларға қазынадан едәуір шығын кететін болса да, қазіргі жағдайда, әсіресе Қытаймен арадағы қатынастардың өзгеше жағдайында, қазақтарды бауырға тартып, қытайдан алшақтату қажеттігіне байланысты қаражат шығындарына баруға болады. Осылайша біздің қазақтарға қандай жақсылық жасап отырғанымыз әйгіленеді де, олар қытайдан іргесін аулақ салады. Демек, жоғарыда аталған құрылыстарды алдағы көктемде салып беру керек. Басқа қазақтар бұл өнегеге

қызығып, уақыт өте келе нағыз мешандық тұрмысқа көшеді. Ұрпақтары да үйреніп, біздің көмегімізсіз тұра алмайтын болады. Ал енді қора-қопсы салып, өздері жылы үйде отыратын болса, қазақтардың малдары да, адамдары да жұмсарып, біздің айтқанымызға сөзсіз көне қояды деген пікірмен келісуге болмайды. Қанша қора салып берсек те, азығы болмаса, қорада қандай мал тұрады? Қорада малы жоқ, кедейленіп қалған қазақтарды уысымызда ұстап тұру оңай емес. Бұл тұрғыда Вейморнның пікірі ұшқарылау көрінеді. Дегенмен сынап көру мақсатында алдағы 1762 жылы қазақ билеушілеріне үй салып беру мәселесін тиісті мекемелер арқылы қозғап, шеше бастаған дұрыс...»

Ерлан Төлеутай: Енді мынаған қараңыздар:

«1762 жылғы 24 наурыз. Ресей Сыртқы істер алқасының жарлығынан.

Сібір шебі әскерлерінің бастығы генерал-майор Вейморн қазақтарды тыныштандырып, Ресейге адалдық ниетін күшейту мақсатында мынадай шараларды жүзеге асыру қажет деп есептейді:

Қазақтардың негізгі малы болып табылатын жылқысы аз болса, қазақтар өздері де жуас болады. Сондықтан ынғайын тауып, олардың малын азайтудың амалын іздестіру керек. Ол үшін, мысалы, **біріншіден**, қазақтардың қитығына тимей, айтқанына көнген болып, әділдік танытып, шекараға таяу жерге көшіп келіп, малын жаюға бөгет жасамау керек.

Екіншіден, қазақтардан қашып шыққан тұтқындарды мал-мүлкімен бұрынғы иелеріне қайтарып отыру керек. **Үшіншіден**, қазақтардың беделді деген ел ағаларына шекара шебіне таяу жерден тұрғын сарайлар, ұсак малдары мен асыл жылқыларына жабық қора салып беріп, осындай іргелі жайларды тұруына бойын үйрету керек. **Төртіншіден**, қазақтарды шөп шауып, пішен дайындауға машықтандыру керек.

Малдары мен жылқыларын қыста қорада тұруға бейімдеп, «нәзіктендіру» қажет. Шекараға таяу тұрған ел ағаларына шөп дайындап беру қажет. Егер жылда шөп шабатын болса, қазақтар дене еңбегіне үйренеді, тұрмысы жайлы болады, «нәзіктеніп», тентектіктен тыйылады, Ресейден қорған, қамқорлық тілейтін болады. Қорада, оттықтан пішен жеп өскен мал да қысқы тебінді ұмытады, осылайша мал басы да азаяды.

Вейморнның бұл айтқандары жөнінде коллегияның пікірі мынадай: әрине, бұл шараларға қазақтар тез арада

«нәзіктенбек» түгілі, өздерінің көшпелі тұрмыс тәртібін ғасырлар бойы ұмыта алмайды, дегенмен бұл ұсыныстар казактарды Ресейдің карауында ұстауға және кытай ықпалынан аулактатуға аз да болса себі тиеді.

Сондықтан коллегия Абылай сұлтан мен беделді ел ағаларына, әсіресе Құлсарыға үй салуға, мал қораларын салып беруге қажетті қаржы бөлінсін, тәжірибелі шөп шабушылар жіберіліп, екі маусым бойы казактарды шалғыға үйрететін болсын..» дейді.

Жарылқап Қалыбай: Осыдан тура 250 жыл бұрын екен.

Рысбек Үркімбаи: Яғни бұл саясат сол кездерден бері жүргізілген ғой?

Еркін Рақышев: Иә, 1764 жылдардан басталады.

Жарылқап Қалыбай: Жүз жылға созылған казак-жоңғар соғысының кезінде Қытай мен Ресейдің әдейі сондай саясат ұстанғаны туралы тарихи мәліметтер бар. Олар үлкен жерді бөліп алу үшін екі көшпенді халықты бір-біріне айдап салып, біреуіне зеңбірек беріп, қолтығына су бүркіп отырған. Бұл — казак дала-сындағы 40 миссионердің біреуінің ғана айтқаны. Казак әдебиетінің, музыкасын, дәстүрін зерттегендердің барлығы осы тыңшылық жұмыс үшін келген ғой. Әдебиетінен, дәстүрінен бөлек, құпия полицияға деректер беріп отырған.

Ерлан Төлеутай: Мұның барлығын не үшін айтып отырмын? Яғни Төкен айтқан «Сталин казакты менсінбеді» деген сөз бекер. Казакты менсінбеу мүмкін емес. Бүкіл миссионерлік жүйе, Казакстандағы татар молдалары, Уфадан оқып келген молдалар — барлығы казак даласына тыңшы болып кіргізілді. Казактың дәл санын алу үшін олар былай істейді екен. Казак орысқа малының, әйелінің, балаларының санын айтпады. Сол кезде ұказной молда келіп: «Байеке, мынау көк Құран, өтірік айтпаңыз, қанша әйеліңіз, балаңыз, малыңыз, жалшыңыз, қосшыңыз бар?» дегенде казактың сорлы байы надандығынан ананың арғы пиғылын білмей, Құраннан қорқып, бәрін жайып салған.

Жарылқап Қалыбай: Өзіміздің мұсылман ғой деп отыр емес пе?

Ерлан Төлеутай: Иә, дәл солай. Ресейдің сондағы түпкі ойы — казакты ұлт ретінде жойып жіберіп, мына тусырап жатқан ұлан-ғайыр далаға ие болу еді. Мұндай алып даланы ақымақ иелене алмайды ғой. Яғни казактың жаны малында екенін Ресей білді. Бірақ патша өкіметін билегендер большевиктерге карағанда белгілі денгейде обал-сауапты білетін аксүйектер болғандықтан, казакты қырып жіберуге тәуекел ете алмады және

күші де жетпейтінін сезді. Жиналған сол ақпараттардың барлығы большевиктердің қолына түскесін большевиктер казактың жаны малында екенін біліп, малын қыруға шешім қабылдады, Сталин мен Голощекин оны жүзеге асырды деп ойлаймын. Сол себепті «казакты мал деп есептеді, менсінбеді» деген сөзбен өз басым келіспеймін. Сондықтан бұл үшеуі де қасақана ұйымдастырылған ашаршылықтар. Мақсаты — казакты қырып, ұлан-ғайыр жерді Ресейге босатып беру. Тағы бір айтайын дегенім, ашаршылықтан казактың жартысы қырылды деп жатыр. Мен өзім Арканың қазағымын. Мысалы, Қарқаралы ауданында шамамен ашаршылыққа дейін 50 мың адам тұрады да, ашаршылықтан кейін 15 мың адам қалады. Менің ауданым Жаңаарқада ашаршылыққа дейін 25 мыңнан аса халық болған екен. Ашаршылықтан кейін 5-ақ мың халықты санаған. Шет ауданында да ашаршылыққа дейін 26 мың халық болса, ашаршылықтан кейін 5-ақ мыңы қалған.

Жарылқап Қалыбай: Қайдағы 50 пайыз десеңізші.

Рысбек Үркімбаи: Бес есеге азайып кеткен.

Ерлан Төлеутай: Бір жолы бала кезімізде мектептен келе жатсақ, жолдың үстінде адамның бас сүйегі жатыр. Бәріміз де сол жерге жиналып қалдық. Сосын молда келді. Ақыры әлгі басты қорымға апарып, арулап көмді. «Бұл не қылған бас?» деген сұрағымызға Зәрубай Тәжитов деген тарихшы мұғаліміміз: «Балалар, бұл — аштықтан өлген, көмусіз қалған адамның басы. Осы ауылда аштан өлген адамдар өте көп болған» - деп жауап берді. Жұрттың барлығы амалы құрыған соң ең болмаса мешіттің төңірегінде өлейік деп, Жиын қожа деген кісінің мешітінің маңына жиналатын болған. Ашаршылық өткен соң, аядай ғана жерден 40 адамның сүйегін жинап алған. Қатты ашыққанда адам ар, намыс, ұят дегенді ұмытады. Психологиясы өзгеріп, адамдық санасы өледі. Үлкен кісілердің әңгімесін көп тыңдап өстім. Сонда ол кісілер ашаршылық кезінде кісі жейтін топтардың болғанын айтатын. Адам-жегіштердің қарындары тоқ болған, әрине. Олар жол бойында, тасада тығылып тұрып, шұбап, босып келе жатқан елдің ішіндегі қондылауын таңдап жеген. Мәшһүр Жүсіптің «Ақтабан шұбырынды» туралы бір әңгімесі бар. Сонда босқан жұрт түнге қарай демалғанда семіздеу адамдарды орталарына алып жатады екен. Аштар ұрлап, жеп қоймасын деп.

1933 ЖЫЛЫ 200-ДЕН АСА ӘН-КҮЙДІ РЕСМИ ТҮРДЕ
СОТТАҒАН

Рысбек Үркімбай: Өнерде, ән мен музыкада ашаршылық тақырыбы қалай көрініс тапқан?

Ерлан Төлеутай: Бізде бұрын халықтың басынан өткен қандай да бір елеулі оқиғалар музыка өнерінде қалатын. Мысалы, «16-шы жыл» деген ән бар,

Атты емеспіз, жаяуыз,

Жаяудан да баяуыз

Он бес сөтке жүргенде

Омскіге таяуыз, - деп келетін окоп қазу үшін солдатқа жаяу айдап апара жатқан қазақтардың шығарған әні. Бекболат баяғыда осы әнді мұрағаттан алып айтты. Сөйткен деген керемет күйші болған. Ол да репрессияның құрбаны болды. Ол кісінің «16-шы жыл», «17-ші жыл» деген екі күйі бар. Бұл күйлерде сол жылдардың қасіреті суреттеледі. Динаның да осы аттас күйі бар. Қазанғаптың Қокан езгісіне байланысты «Шырылдатпа» деген күйі болды. «Елім-айды» білесіздер. Осындай жырлар, әндер, күйлер болған. Бірақ, қазақтың басындағы нәубетті музыка арқылы суреттеу 17-ші жылмен бітеді. Өйткені Кеңес өкіметі орнағасын ондай қасіретті шығарманың авторын бірден жойып жіберетін болған. Қарағанды облысының Шет ауданында Қыздарбек деген күйшінің мектебі бар. Сонда 1928 жылдан бастап шолақ белсенділер күйшілердің барлығын ұстап алып қырады. Алдымен 1928 жылы Сармантайдың Ахметжаны дегенді атты. 1930 жылы Көрібек деген күйшіге у беріп өлтіреді. 1931 жылы ГПУ-дің жендеттері Әбди Рысбекұлы мен Сембек Айдосұлы деген кісіні айдалада ұстап алып атып тастады. Сембек деген кісіні тіпті сонау Арқадан мына Жамбылдың Хан тауына дейін қуып келіп, атып өлтіріп кеткен. Сондай-ақ 1930 жылы ГПУ жендеттері Үкілі Ыбырайды және атақты Иманжүсіпті атып өлтірді. Үкілі Ыбырайдың шәкірті Тайжан ақынды 1937 жылы атты. Тірі болса, олар Ақан серіні де атып өлтіре салатын еді.

Рысбек Үркімбай: Бұл қай жылдары болған?

Ерлан Төлеутай: Бұл 1929 бен 33-жылдардың арасында болған. Не үшін оларды қудалап, қырды? Өйткені олар феодалдық дәуірді, ескілікті аңсайды, қайғылы күйлер тартады. Өшіру керек мұндай музыканы! Содан Әбікен Хасенов қана кездейсоқ аман қалып, кейін Алматыдағы Сәкен Сейфуллинді іздеп табады. Осылайша ол Тәттімбеттің күйшілік мектебін аман алып қалды. Күйді аман алып қалғанымен, әйелі мен бес баласына араша бола алмады. Барлығы аштан өлді. Осыдан соң

қалай күй тартады? Тіпті 1933 жылы 200-ден аса ән-күйді ресми түрде соттаған.

Жарылқап Қалыбай: Кәдімгідей сот процесі болған ба?

Ерлан Төлеутай: Иә, солай болған. Өйткені «бұлардың барлығы кенестік идеологияға қайшы, бұлар феодализмді, қазақтың ескілікті өмірін аңсайды, бұл біздің жасампаз, коммунистік партияның саясатына қайшы» деп айып таққан. Сонда байлықты, сән-салтанатты, қазақтың ескі өмірін жырлайтын немесе қасіретті кезеңдерді еске алатын ән, күй, жырлардың барлығын соттап жіберді. Олардың орындаушыларының бәрін құртты. Жүсіпбек Елебековтің өзі 37-ші жылғы дүрбеленде өзгеріп аман қалған. Сонда Жүсіпбекті күн сайын тергейді екен. «Сәкен Сейфуллиннің үйінде жиналыпсындар, Ахмет Байтұрсынов, Орынбек Беков болыпты. Не әңгіме айттындар?» деп сұрайтын көрінеді. Жүсіпбек атамыз: «Мен қараңғы адаммын, саясаттан хабарым жоқ. Маған ән айт дегенде айтып беремін. Олардың әңгімесін түсінбеймін, есімде жоқ» деп өзгеріп аман құтылған. Жүсекең айтатын «Қанат талды» деген ән сол кездері өте танымал болған. Шолақ белсенділер оған да тиісіп, «Мына жасампаз заманда қанат неге талады? Сен коммунистік заманның қанаты талды деп отырсың» деп Қазақ драма театрының директоры Орынбек Бековке басқа да сөз жазғызады, болмағасын осы әнді де соттайды. Сүйтіп, бұл ән 1956 жылға дейін орындалған жоқ.

Жарылқап Қалыбай: Адам емес, ән сотталды дегенді бірінші рет естіп отырмын.

Еркін Рақышев: Тыйым салған ғой енді.

Ерлан Төлеутай: Жоқ, кәдімгідей сот процесі болып, соттаған.

Соған сәйкес репертуардан алынсын, орындалмасын деп бұйрық шығарған. Осындай жағдайдан кейін ашаршылықтың жағдайы туралы сурет салуға кім тәуекел етеді?! Сондықтан да қазір ашаршылықты бейнелейтін шығармалар жоқ. Әйтеуір, Бейімбет Майлин 1921 жылғы ашаршылық деп көрсетіп, кейбір шығармаларын жазған. Оларды да қысқартқан. Сәкенде бар аздап. Илиястың поэмасы жоғалып кеткенін айтып отырсыздар.

Рамазан Құрманбаев: Біз қазір мынадай бастама көтеріп жатырмыз. Қасіреттің атасы бір. Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», одан кейін өздеріңіз айтып отырған үш ашаршылық, 1937 жылдардың зұлматы, ең аяғы кешегі Желтоқсан көтерілісі — осы бір қасіреттердің барлығының атасы бір. Сондықтан бір күнді ҰЛТТЫҚ ҚАСІРЕТ КҮНІ деп белгілеп, сол күні ойын-сауықтар тоқтатылып, туымыз төмен түсіріліп, бүкіл

халық аза тұтып, құрбандарға арнап Құран оқылып, ас беріліп, басқа да игі шаралар өткізілуі керек деп есептейміз. Бұл туралы мақала да жаздық. Осыған байланысты біздің «Ашаршылық құрбандары» бірлестігі Парламентке, Кәрім Мәсімовке хат жаздық, 1000 шақты адамның қолын жинап қойдық.

Жарылқап Қалыбай: Ашаршылықтың музыкада, ән мен күйде, әдебиетте көрініс табуын айттық. Ал енді театрда, кинода осы мәселенің көтерілгені бар ма?

Еркін Рақышев: Ілияс Жансүгіровтің «Жұт» поэмасын қанша іздесек те таппадық. Бірақ, ол бір жерден шығып қалуы мүмкін. Біздің таппаған тағы бір дүниеміз – 1929 жылдары «Жұт» деген кино шыққан. Режиссерінің кім екені де белгілі. Тапсақ, бұл баға жоғалтпай құнды дүние болар еді. Мәскеудің түбіндегі Красногорск деген жерде бүкіл кино-фото құжаттар жиналған үлкен мұрағат бар. Сол жерден де таба алмадық. Ал енді ол фильмнің жоғалып кету себебін жаңа Ерлан бауырымыз айтты. Яғни коммунистік идеологияға қайшы келетін өнер туындыларының барлығының көзін жойған.

Ерлан Төлеутай: Енді бізге өнер саласында не істеуіміз керек деген сұрақ туады. Бұл енді халықтың санасында қалды ғой. Бізге енді осы қасіретті жағдайларды өнерде бейнелеуді іске асыру керек. Ерекеңе рахмет, ашаршылық туралы фильм түсірді. Фейсбук желісінде де «фильмді көріп жылап отырмыз» деп жазып жатыр. Осындай жанкештілікпен жүрген кісілер бар. Мысалы, еврейлер Холокост туралы деректі фильм түсірді. Қарап отырсаң, өте қарапайым фильм. Бірақ, сол зобаланда ғайыптан тайып аман қалған, сол сұмдықты көзімен көрген куәгер арқылы еврейлердің ішіндегі шемен шерді, трагедияны қотарып алып шыққан. Біз сәл уақытты өткізіп алдық. Тәуелсіздікті алған бетте негізгі куәгерлер тірі болды ғой. Соның барлығын жазып алып, фильмдер шығаруымыз керек еді. Біз оны шығара алмадық. Куәгерлердің көпшілігі өмірден өтіп кетті. Бірен-саран қойылымдар болмас (Шерхан Мұртазаның «Сталинге хаты», «Бесеудің хаты» т.с.с.) Адам Мекебаевтың «Күпия қойма», Смағұл Елубаевтың «Ақ боз үй» деген шығармалары кезінде жарыққа шықты. Ал театрлық қойылымдар жоққа тән, көркем фильмдер жоқ, картиналар салынбады. Ұлттың санасын оятатын не? Біз бұл әңгімені күнде айтамыз. Біз ұлттың жанына, көпшіліктің санасына әсер етпей, халықтың көзінен жас шығармай, ашаршылықтың зардабын түсіндіре алмаймыз.

Рысбек Үркімбаев: Әлгіде ашаршылықтың көзі тірі куәгерлерінің қалмағанын айтып жатырмыз. Бірақ олардың балалары бар ғой. Мысалы, менің әке-шешем ашаршылық туралы өте көп әңгіме айтатын. Соның барлығы санамда жаттаулы тұр. Біз сияқты екінші буынның өзі – үлкен дерек көздері. Қазір біз журнал арқылы бүкіл халыққа айтуымыз керек. Әркім ең болмағанда өз әке-шешесінің ашаршылық туралы айтқандарын жазып, тіпті редакцияға жібермеген күннің өзінде үйінде сақтап қоюы керек. Қолынан келгені бейнекамераға жазар, қолынан келмегені қағазға жазып қояр. Қалай дегенмен мұның барлығы құнды деректер. Жоғалып кетпесін.

Рамазан Құрманбаев: Дұрыс, өте дұрыс.

Жарылқап Қалыбай: Адам жеуі, баланы жеуі – ашаршылықтағы сұмдық көріністердің біреуі ғана. Аш адам аштықтан құтылу үшін мың түрлі әдіс-тәсілдерге барған. Тышқан аулап жеген..

Рысбек Үркімбаев: Тышқанды шамасы келгені, қолы жеткені жеген..

Жарылқап Қалыбай: Дәл сол сияқты итті, мысықты, неше түрлі шөптердің тамырларын жеп, іштері кеуіп кеткен.

Рысбек Үркімбаев: Біз әдетте «Қазақ деген егін салуды, аң-құс, балық аулауды білмеген. Сол себепті аң-құстың ортасында отырып қырылып қалған» дейміз. «Ашаршылық» фильмінен жаңа дерек көрдім. Сөйтсе, Мәскеу қаулы шығарып, аң-құс атуға, балық аулауға қатаң тыйым салған екен ғой. Ораз Исаев Куйбышевке «Қазақтарға аң аулауға, құс атуға, балық аулауға рұқсат беріңіз» деп хат жазғанда Куйбышев «Ешқандай рұқсат жоқ, бір құс немесе аң атқан адам сотталады» деп жауап берді.

Еркін Рақышев: Бұл да – ұлтты жою жөніндегі мақсатты саясаттың болғандығының дәлелі. Қазақтың бүкіл малын, астығын тартып алса, ең аяғы дала кезіп жүрген аң мен аспандағы құсты атуға тыйым салса, сол үшін қылмыстық жауапкершілікке тартса, ұлтты жою деген осы емес пе?

ТАРИХТЫ ЖАСАЙТЫН - ТҰЛҒА

Жарылқап Қалыбай: Ал адамдардың тағдырына келетін болсақ, неше бір ауыр тағдырлар болды. Ең жиі кездескен нәрсе – әдемі, жас қызы болса, сол қызын азын-аулақ астыққа 60-70-тегі шалға беріп кеткен. Тіпті өзінің қойнындағы әйелін де берген. Жан-жаққа босқандардың ішінде күнкөріс үшін қыздарын өзбекке де, тәжікке де, қытайға да бергендер көп.

Рамазан Құрманбаев: Алатын адам тапса, берген.

Жарылқап Қалыбай: Сол жерде жарты қап, бір қап дән үшін қаншама қыздар қалды.

Ерлан Төлеутай: Иә, ашыққан адамның психологиясы өте қатты өзгереді. Қанша қиналса да, ең соңғы мүмкіншілікке дейін баласын жемейді ғой. Бірақ жейтін ештеңе жоқ болып, әбден өлуге айналғанда алдымен қыз баланы жейді екен. Ұлым тірі қалса екен деген оймен. Бірақ бәрібір өледі ғой. Сосын босып келе жатқанда, әбден қажыған аштар алқа-котан отырып бір-біріне «сенің балаң бітті, енді адам болмайды, одан да оны жейік те» деп ақылдасады екен. Осындай келісімге келеді екен. Бұл маскара ғой.

Рамазан Құрманбаев: Мына бір әңгімені ауылдан естідім. Бір отбасы әбден ашаршылыққа ұшырап, тұралаған. Жейтін түктері жоқ. Бәрі өлімнің аузында. Сонда бір отбасындағылар өзара ақылдасып, ең кішкентайын жеген.

Еркін Рақышев: Әлгінде Жәкең айтып отырған суреттегі кішкентай қызды да аштар жейміз деп дайындап қойған. Оны НКВД ұстап алған. Екі қыздың біреуін жеп қойған екен. Сосын КСРО-н Әділет министрі қыздың суретін дәлел ретінде Рысқұловқа жіберген. Валерий Михайловтың «Хроника великого джута» деген кітабы негізінен тарихи деректерге негізделіп жазылған. Өкінішке орай, қазақ оқырмандарына өз денгейінде жетпей жатыр. Шыңғыс Құлжанов деген кәсіпкер азамат Михайловтың сол кітабының қазақшасын 10 мың таралыммен шығарып берді. Сосын бұл кітапты ағылшын, француз тілдерінде шығарды. **«Жұлдыздар отбасы» № 11, 2014.**

БІР ЗҰЛМАТ, ЕКІ ХАЛЫҚ, ЕКІ ТАҒДЫР

2010 жылдың күзінде Киев сапарында болған Қазақстан президенті, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Украинадағы өткен ғасырдың отызыншы жылдары аштық қырғынынан өлгендердің ескерткішіне барып тағзым жасады, басына нан қойды, шырақ жақты.

Осы бір қазақ ақпараттары елеусіз қалдырған оқиғаның астарында не жатыр? Жәй ғана сыпайыгерлік, протоколдық шара ғана ма?

Бұл жай ғана іс-шара, протоколдық қана әрекет емес. Алдынала келісілген ресми саяси іс, елбасылардың саяси іс-қимылын, бет-пердесін ашып көрсететін, нақты айқындайтын әрекет.

Бұл саяси іс - үлкен екіжүзділіктің, арсыздық тасжүрек-тіліктің, қорқау қасқырлықтың, өз халқының ар, намысын

таптау, өз халқының тарихын қорлаушылықтың айқын бейнесі. Бұл іс-шараның артында өз халқының тарихының қанды парақтарын отандастарының санасынан жою мақсатын қойғандығы көрініп тұр.

Украина тәуелсіздік алған соң дереу сол аштық заманында қырылған әрбір адамды іздеп, көмілген орнын белгілеп, аттарын тауып еске алып саусақпен санап шықты. Аштан қырылғандардың саны 10 млн 63 мың адам, оның 3 млн 941 мыңы аштықтан өлген және 6 млн 122 мыңы туылмағандар деп оларды түгел тізіп шықты. Бұл қылмысқа қатыстыларды түгел атымен атап жауапкершіліктерін мойнына салды. Жыл сайын Аза күні белгіленіп әрбір қала, село, деревняларда ескерткіштер қойылды, аштық қырғынына байланысты барлық құпияларды ашты.

Ал біз болсақ, Елбасының тапсырмасы бойынша отызыншы жылдардағы аштық қырғыны жайлы айтуға тыйым салынды, халықтың аузы бұылды. Нәтижесінде отызыншы жылдардағы аштық қырғынының тірі куәгерлері жасы келіп өмірден озып жатыр. Аштық қырғыны жайлы кейінгі ұрпақ еш хабарсыз қалатын болды, тарихымыздың осы аштық қырғыны жайлы беттері ұмыттырылмақ.

Пропорцияға шағатын болсақ, қазақ даласындағы аштық қырғыны Украинадағы аштық қырғынынан асып түседі. Украинадағы қырғыннан халықтың шамамен төрттен, бестен бірі қырылған болса, біздегі қырғын жөнінде зерттеушілердің бірі халықтың жартысы деген сөз айтса, екінші бірі одан аздау цифрды айтады. Бірақ, айналып келгенде бұл аштық қырғыны қазақ тарихында болған ең ұлы зұлматтардың бірі. Қазақ даласында бұл зұлматқа ұшырамаған, ағайындары аштықтан қырылып атаусыз қалмаған, көмусіз қалмаған отбасы кемде-кем. Тіпті көсеміміздің өзі біздің рулас ағайындарымыздың ешқайсысы осы аштық қырғынынан аман болды деп айта алар ма екен?

Әрқашан әруақ пен ата-бабаны сыйлауда қазақтан асып өтетін халық жоқ деп мақтанамыз. Әруақтарға ас, садақа, құдайы, жиын өткізуден қазір алдымызға жан салмай жүрміз. Сүйте тұра, осындай сұмдық зұлматты ұмыттыру саясатының жүргізілуіне көңуіміздің жөні қалай? Оған не себеп?

Мұның бір себебі, кезінде Ресей басшысы Путин біздің көсемге қазақ даласындағы аштық қырғыны жайлы айтушы болма деп қатаң тапсырған көрінеді. Бұл сөздің шындығына биыл екі-үш депутаттың Назарбаевқа хат жазып Аштық мәсе-

лесіне байланысты ескерткіш қоялық, бір күнді белгілейік деген кезінде көзіміз жетті. Депутаттарымыз мүләйімсіп мәймөнкелеп: «бұл мәселені саясаттандырмаймыз, оған орыс халқының кінәсі жок» деп қанша жұмсартқанына Ақорда қарамады, керісінше қабақ түйіп «Жабындар ауыздарыңды!» деген болса керек, депутаттар үнсіз қалып, «жабулы қазан жабулы күйінде» қалды.

Сөйтіп, Мәскеудің ашуланғанынан қорыққан бишара халықтың бишара басшысы мен депутаттары бишаралық мінез танытып отыр.

Өз халқының аштық құрбандарын еске алуға дәті бармаған басшымыздың украиндық құрбандарды еске алуға қалайша қорықпай құрметтегенін түсіну бізге қиын.

...Украиндерді де, қазақтарды да бір қайғы, бір зұлмат шарпыды. Бірақ, екі халық та, оның екі басшысы да екі түрлі мінез танытып отыр. Бірі өз халқына, өз тарихына, өз тарихын білуге, өз халқының болашағына деген өршілдігін, өр мінезділігін танытса, екінші халық пен оның басшысы өз халқының намысына, болашағына байланысты мәселеде намыссыздығын, арсыздығын, жалтақтығын танытып келеді. 2010 жыл қараша

P.S. Автордың бұл пікірінің қаншалықты дұрыс-бұрыстығының бағасын Ресей журналисі Сергей Народицкийдің келесі мақаласынан аңдап көріңіздер.

ҚАЗАҚТАР БАСТАРЫНАН КЕШКЕН ЗҰЛМАТТЫ ҰМЫТУҒА ЖАҚЫН

Егер қазақтар 1932-33 жылдары аштықтан қырылған жүздеген мың алыс-жақын туғандарының әруақтарын еске алғысы келсе, онда бұл шараны олар өз Отанында емес, тек Украинаға келіп өткізген болар еді. Неге бұлай? Мүмкін, біраз уақыт өткен соң мұндай нәрсені біреулер сандырақ деген болар. Бірақ, бүгінгі шындық мынадай: Қазақстанда Ұлы аштық қырғыны жайлы айтуға іс жүзінде тиым салынған.

Қараша айының соңғы аптасы қалыптасқан дәстүр бойынша украиндықтар үшін Аштық қырғынын еске алу күні ретінде атап өтіледі. Украинаның ең мәртебелі саналатын жоғарғы оқу орны -

Киев-Могилянск Академиясында жұртшылық алдында «1932-33 жылдардағы Украинада болған Аштық қырғыны жайлы Мемлекеттік Қауіпсіздік Қызметінің құжаттары сөйлейді» деген кітаптың тұсаукесері болып өтті. Бұл кітапта Украинаның Қауіпсіздік Қызметінің (1930-1980) құпиялары ашылған құжаттарының Аштық жайлы толық тізімі қамтылған, бірінші рет басылып шығарылған, мазмұны қысқаша түрде берілген алғашқы басылым.

Кітапта сонымен бірге, атаулық және географиялық индекстері берілген. Атаулары бар бөлімде Аштық қырғындарының есімімен қоса бұл зұлматты ұйымдастырушы-өкілдер - судьялар, прокурорлар, партия, кеңес белсенділерінің аттары жазылған. Сонымен бірге құпиялық белгіден алынған УССР КГБ-ң жазбалары мен хабарламалары берілген. Бұл жазбаларда Ұлы аштық қырғыны жайлы ақиқатты сыртқа шығармаудың әдістері мен оған қарсы күрес түрлері тәптіштеп жазылған.

Кенестік Украинаның заманындағы арнаулы қызмет орындарының идеологтары жүргізген (барлық одақтас республикаларда сол кезде жүргізілген) осы жұмысты қазіргі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік аппараты айнытпай қайталап отыр. Қазақ даласында болған Ұлы аштық қырғыны жайлы ақиқат ҰҚК-ң жеті қабат жер астындағы терең сандығында жатыр. Тіпті, президенттің жеке мұрағатының өзінде аштық құрбандары жайлы деректердің біраз шеті ашылып қалуы мүмкін. Әйтсе де, президенттің басқару заманында кенестік режим жасаған бұл зұлматты бүгінгі биліктің өшкеремесі анық. Неге? Әлде, қылмыс жалғасып жатқандықтан ба?

Еске алу шараларының ең басты күні - 27 қарашада украиндық бұқаралық ақпарат құралдарында елдегі атакты саяси қайраткерлердің жұртшылыққа үндеулері жарияланды. Бұл үндеулердің өн бойында қайраткерлердің Ұлы аштық қырғынын атап өтуге басты қарсы кісі (ресейлік идеологтардан кейінгі) - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арнаған сөздері де бар екен. Бұл кісі қазақ ұлтының тарихында оның басынан кешкен ең зор, сұрапыл зұлмат жайлы бірден-бір айтқызбаушысы, жария етпеушісі болып отыр. Сонда бұл кісіні қандай күш, әлде қорқыныш па, өз халқының, өз туғандары мен қандастары кешкен қырғын зұлматы жайлы айтуға кедергі болып отырғанын білмейміз.

Сірә, бұл кісіге арнап Виктор Ющенко мына сөздерді айтса керек: «Өз халқыңнан, төл тарихыңнан, өз болашағыңнан қорқып қажеті жок. Ұлы аштық қырғыны жайлы біздің жадымыз - елімізді

рухани мешеуліктен құтқаратын ғаламат рухани шипа, ем. Оның ең үлкен маңыздылығы сонда, бұл - әрбір боздақтың тағдырына түсетін сәулелі дұға».

Украинаның бүгінгі президенті Виктор Януковичтің мына сөзі Назарбаевқа арналмаған деп қалай айтуға болады: «..Ұлы аштық қырғынында қырылғандардың алдында тағы да басымызды иеміз. Елімізде мұндай қара түнек, сұмдық зұлымдықты енді ешуақытта болдырмауға уәде береміз».

Юлия Тимошенконың жұрт алдында айтқан мына сөздері Қазақстан президенті жеке өзімен өзі қалғанда оның ойына келетін болар: «1932-33 жылдары орын алған Аштық қырғыны - сталиндік режимнің біздің халқымызға қарсы жасаған сұмдық зұлымдығы, ХХ ғасырдағы ең ғаламат трагедиясы. Адамдардың өз бойындағы еркіндікке ұмтылуын сындырмақ болған кеңес басшылығы оларға қарсы ең сұмдық жазалау әдісін - жасанды аштықты қолданды. Оба індетіне ұқсаған азық-түлікті тәркілеумен айналысатын арнайы «қызыл керуендер» бригадасы бүкіл елді аралап, артында азап, қайғы және өлім қалдырды».

Әрине, Нұрсұлтан Назарбаев мұндай жазалау әдістерінің тек Украинада ғана емес, Қазақстанда да жүргізілгенін жақсы біледі. Бұл жәйттерді қырылған әуақтарын еске алуға рұқсат ала алмай отырғандар да жақсы біледі. Аштық қырғындарына арналған ескерткіш қоямыз деген уәде де орындалмай отыр.

...Қарашаның 27-і сенбісінде Киевтегі Михайлов алаңындағы Аштық құрбандарына қойылған ескерткішке мындаған адамдар ағылып келе бастады. Олар бұл жерде «Жадымызда сақтаймыз» деген шырақ жағу ғибадатын өткізді. Бұл шара тек қана Украинада ғана емес, шет елдерде де жалғасын тапты. Еске алу шаралары Австралияның - Канберра, Аделаида, Перт, Сидней, Брисбен, Мельбурн және Ньюкасл қалаларында өтті. Шырақтар Ереванның Сурб Зоравар шіркеуінде, Грецияның Афины, Малакас қалаларында, Римнің орталық алаңында жағылды. 27 қарашада шырақтар Канаданың қалалары - Ванкувер, Оттава, Гамильтон, Ошав, Сент-Кетеринс, Торонто және Виндзорда жағылды. Бұл акция сонымен бірге Португалияда, Сербияда, АҚШ-а, Францияда, Хорватия мен Чехияда өтті.

Тек екі ел ғана, Украинамен пара пар аштық қырғынын басынан кешкен - Ресей мен Қазақстан үн шығармады. Бірақ, халықтың зары мен мұнына қарсы қамал соғу өте қауіпті. Қазақтың санасының терең түбінде жатқан шер мен мұң күндердің бір

күнінде бұл қамалды бұзып шығады. Биліктің ондай селге қарсы шығар күші болмайды. Әуақтарды ұмыттыруға ешкімнің көнбесі анық. **Александр НАРОДЕЦКИЙ, 2010 жыл.**

АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕ ЕЛ БАСҚАРҒАН ЕЛТАЙ ЕРНАЗАРОВ

Кеңес заманында, большевиктер қолдан жасап қазақты қырғынға ұшыратқан қос ашаршылық жайлы айтылып, жазылып келеді. Бірақ осы зұлмат пен нәубаттар жайлы жалпылап қана айтамыз да, ал олардың нақты орындаушылары мен ұйымдастырушылары, рухани көсемдері мен жетекшілеріне келгенде ауыз ашпаймыз. Мәскеуді ғана қарғаймыз, Мәскеу жіберген Голощекин, Мирзоян сияқтылардан асып кете алмай жүрміз. Қазақ даласында жасанды жүргізілген Ұлы жұтпен қатар, соған лайық рухани ашаршылық та қатар ұйымдастырылды. Рухани ашаршылығымыздың бастауында болғандар жайлы, айталық Елтай Ерназаров, Құрамысов сияқтыларға келгенде неге кібіржіктейміз? "Ол кісілерді жамандауға қалай аузымыз барады, біріміздің ауылымыздан, екіншіміздің руымыздан, үшіншіміздің жерлесіміз емес пе" дейтіндердің көңілдеріне осы кезге дейін қарап келсек те, "ақиқат бәрінен де жоғары" түр емес пе? Осы тұрғыдан алғанда қазақтың қос ашаршылығының бастауында болған кейіпкерлері мен геройлары кешегі және бүгінгі тарихымызда жетіп жатыр. Олар жайлы халық аузында қалған әңгімелер де жетерлік, мұрағаттарда құжаттар да баршылық. Қазақтың басына түскен нәубаттарына мұрындық болған басшылары мен атқа мінірлері жайлы да ашық айтатын мезгіл жетсе керек. Мәселе - оларды жамандау немесе қаралауда емес болса керек...

Солардың бірі, ҚазЦИК-тің (Қазақстан Орталық Атқару Комитеті) басшысы болған Елтай Ерназаров сауаты төмен, қазақтың рухани құндылықтары мен байлығы, тарихы түгіл өзі өскен ауылының арғы - бергісін жетік білмейтін қара дүрсіндеу адам болса керек. Осындай адам қалайша ҚазЦИК-тің төрағасы болған дейсіз ғой. Ол жайлы ел аузында мынадай әңгіме қалған.

Қазақстанның астанасы Орынбор болып тұрған кезде жалпы-республикалық құрылтай өтіп ҚазЦИК-тің төрағасын сайла-

мақшы болады. Бірақ құрылтай барысында екі мықты топ билікке өз адамын сайламақшы болып бірін бірі жеңе алмайды, екі жақ ымыраға келмей әбден титықтап шаршайды. Сонда бейтарап бір кісі тұрып:

- Жолдастар, біз болсақ дені кедейден тұратын Кеңес үкіметін құрдық. Мына Елтай - кедейдің ішіндегі сіңірі шыққан кедей, басы таз десендер - таз, сауатсыз десендер - сауатсыз, өзі төренің тұқымы. Меніңше, төрағаға осыдан қолайлы адам жоқ, - деп елдің ортасында қалғып-мүлгіп отырған Ерназаровты саусағымен көрсетеді. Бір-бірін билік басына жібермеуді мақсат етіп, бір-бірімен тіресіп, қасарысып отырғандар, мейлі, қарсы жақтың адамы өтпесе болды деген пиғылмен тегістей Елтайға дауыс беріп сайлапты. Сүйтіп бүкіл қазақ халқының тағдырын шешетін шешуші кезеңде елді басқаруды Ерназаровқа тапсырыпты.

...Бір жолы Елтай Ерназаров Алматыдан шыққан пойызбен Қызылордаға жол тартса керек. Елтайды жарты патша санайтын Шымкенттің аш-жаланап, әбден тарыққан ел-жұрты, ішінде ағайын-туыстары, бұрынғы көрші-қоландары да болыпты. Осы хабарды естісімен жағдайымызды айтайық, жәрдем сұрайық деген оймен жаяу-жалпылап вокзал басына жеткен. Елтай алғашқыда өзін тосқан халықпен диалогқа ниеті болып, бірақ анталаған елді көріп, ол ойынан қайтыпты. Тек вагонның тамбурына ғана шығады. Осыны күтіп тұрған халық:

- Елтай төре, ашпыз!

- Босып кетуге айналдық!

- Қырылып жатырмыз. Бір шапағатыңызды тигізіңіз - десіп шулап қоя береді.

Сонда басына сусар бөрік киген етжеңді Елтай қолын жоғары көтеріп:

- Жолдастар, - дейді. Қайтсе де туған жері емес пе, төренің ықыласы түсіп, жарылқар деген оймен халық сілтідей тынады.

- Жолдастар, - дейді ол тағы да. Жолдастар! План, план, план. - деп үш қайтара дауыстайды да, есікті тарс жабады.

Жоқшылықтың қыспағына түсіп, тарыққан жерлестерімен, тіпті өзінің ағайын-туғандарымен жөнді тілдесуге жарамаған басшының барша қазаққа жүрек жылуы қайдан жетсін. Мүмкін егер басқа сауаттылау, қайырымдылау адам оның орнына төраға болғанда қазақтың басына түскен сол кездегі нәубаттың зардабы аздау, жеңілдеу болар ма еді"!!?

Елтай Ерназаровқа байланысты тағы бір әңгімені аралдық Нұрбай Жүсіп былай әңгімелейді: - Бірде Ташкенттен қайтып келе жатып Жаңабай Сәлімбаев деген менің жақынымның туыс қарындасы Шекерден шай ішіп аттанған едім. Сол жігіттің әкесі - Тасбау. Тасбаудың әкесі Сәлімбаев деген қария 96 жасында қайтыс болды. Елтай Ерназаров жоқ-жітіктеу кезінде сол Сәлімбаев ақсақалдың жақсылығын өте көп көріпті.

Ерназаров ҚазЦИК-тің төрағасы болып сайланған соң аудан басшысы Тасбауды шақырып алып:

- Елтай ағамызға дұғай-дұғай сәлем айтыңыз, көрші ауданда бір трактор бар, ал бізде жоқ. Жер жырта алмай, қор болып отырмыз. Туған ауданы ғой, бізге де бір трактор бергізсін, - деп оны Елтай Ерназаровқа жұмсайды. Тасбау бірден төрағаның үйіне барып түседі. Әйелі қуанып қарсы алады. Шүйіркелесіп біраз отырған соң, Елтай да қызметінен оралыпты. Тасбауды жақтырмай, қол ұшын әзер ғана ұсыныпты. Әйелі қатты ыңғайсызданып:

- Елтай-ау, келіп отырған - атамның баласы ғой, қалайша танымай қалдың? Осылардан көрген жақсылықты ұмытсақ, Құдайды да ұмытармыз. Ең болмаса, жөндеп аман-саулық сұраспайсың ба? - дейді күйеуіне.

Елтай сонда: - Иә, шал аман ба? Ертең жұмыс өте қауырт болғалы тұр, демалуым керек, - деп ішкі бөлмеге өте шығыпты.



Мәскеу, 1929 жыл, Бүкілодақтық 5-сиез, Бірінші қатарда оң жақта бірінші Қызыл ту орденді А.Жармұхамедов; Оң жақтан төртінші Е.Ерназаров.



4-қараша
1967 ж. Елтай
Ерназаровқа
орнатылған
ескерткіштің
ашылу
салтанатында.
Ортада
Ж.Тәшенов.

4 қараша 1967 ж. Елтай Ерназаровқа орнатылған ескерткіштің ашылу салтанатында. Ортада Ж.Тәшенов.

Әрине, мұндай ел басқарған қарадүрсін, қайырсыз адамның сол кездері қазақты басына түскен зұлмат пен нәубеттен құтқармақ түгіл, сол зұлматтарды еселендіріп жіберері анық еді.

...Елтай Ерназаровтың қызметтен түсетіндігін естіген кезде қойған бірінші сұрағы:

- Машинам өзімде қала ма? - бопты...

Елтай Ерназаров кім болған? 1887 жылы туған Елтай Ерназаров 1919 жылы компартияға мүше болады, 1925 жылдан кәсіп-одаққа мүше. Қазақ тіліндегі жазу сауаты тәуір болған, бірақ орыс тіліндегі сөйлеу және жазу сауаты өте төмен болған. Бұл сөздерімізге дәлел ретінде жауапты 1929 жылдың 16 сәуірінде бүкілқазақстандық кеңестердің XII сиезінің мүшесі ретінде толтырған жеке көртішкесінен табуға болады. Көртішкедегі орыс тіліндегі сұрақтарға жауапты екі адам толтырыпты. Бірі — өзі яғни Е.Ерназаров және белгісіз екінші адам. Енді оның сол көртішкедегі өзі толтырған жауаптарды көрелік.

Білімі — низши

Партияға кірген уақыты - 1919 жыл.

Әлеуметтік қызметі - жер егуші дикан — (араб харпімен)

Қызыл армияда болды ма, қашан? - ны были

Кәсіподағына қай жылдан мүше? - 1925 ж.

Қосшы одағына мүше ме? - 1921 ж. Жұмыс орны - кревой кшик

Атқару комитетіне мүше ме? - велла 1925 ж.

Мекен-жайы - кзела арда (ҚРОММ 5 қор, 10 тізімдеме, 4-іс- 135)

Әрине, мұндай деңгейдегі сауатсыз, қараңғы адамға Қазақстанның үкіметі түгіл, кішкентай ауылды басқаруға тапсыруды болмайтынын Мәскеу басшылығы, Қазақстан өлкелік партия комитетінің сол кездегі хатшысы Ф.И.Голощекин бастаған коммунистер жақсы білді. Қазақтарды өздерінің қолымен өздерін құртуға, малын, жерін тартып алып аштан қыруға Елтай Ерназаров сияқты надан сауатсыз басшы таптырмайтын адам еді. Оларға Мәскеуден жіберілген басшылардың айтқанынан шықпайтын, жоғарыдан түскен, дайындап берген қандай болмасын құжатқа қол қоятын, қайда жұмсаса да «Ләббай, тақсыр!» дейтін надан қазақ басқарушы керек болды.

Е.Ерназаровтың Голощекин қайда жұмсаса да баратындығына, айтқанын екі етпейтін басшы болғанына дәлел ретінде, оның 1931 жылы «Ақкөл» көтерілісін басуға қарулы отрядты басқарып барғанын, көтерілісшілерді пулеметпен қырғанын жазушы Бек Тоғысбаев өзінің «Алапаттан аман қалғандар» деген публицистикалық әңгімесінде жазған. Ақтөбелік журналист Шара Тұрмағанбетованың айтуынша Ақтөбе облысындағы Алға ауданының бір бөлімшесі Елтай ақсақалдың атымен аталады екен. — Осы жерде жұмыс істеген кезімде сол жердің халқынан естігенім: Бірде Ерназаров-Тышқанбаев Орынбор бара жатып па, әлде келе жатып па, сол жерге үй тіктіріп, қона жатыпты дейді. Үрзия деген апайдың өз аузынан естідім, сонда сол киіз үйді солдаттар қоршап, ауылда ит үргізбендер, қой маңырамасын, сиыр мөніремесін деп қырып кете жаздапты.

Елтай Ерназаров жайлы бір естелікті «Жалын» журналында Молдабай Әбдіров деген кісі былай жазыпты.

« - Әлі есімде, Қазақ педагогика институтының құрылғанына 5 жыл толуына орай салтанатты мәжіліс өтті. Бұған Голощекин бастаған өлкелік комитеттің, Қазақстан үкіметі басшыларының бәрі келді. Жұрт көп жиналған, залдың іші қатты ысып кетті де, сыртқы есіктерді ашып тастауға тура келді. Іргедегі паркпен бұзылған мүрделердің иісі мүнкіп қоя берді. Бұл - республиканың түкпір-түкпірінен жан сауғалап келген босқындардың сүйектері еді. Милиционерлер арбамен тасып әкетіп жатады, бірақ толық

тазарта алмайды. Аштық тұралатқан адам өліктері үсті-үстіне үйіле береді. Бір кезде Қазақстан Орталық Атқару Комитеті Президиум председателі Елтай Ерназаровқа сөз берілді, ол жарықтың мұрны иіс білмейді екен. Біз мынандай-мынандай үлкен табыстарға жеттік деп сайрап тұр. Есік жақта отырған біздер - студенттер үн шығармай жылап отырмыз. Жылағанда аштан қырылып жатқан халқымыз үшін емес, енді Қазақстан өкіметінің басына сауатсыз, не айт десе соны айтатын мына сияқты кембағал адамның отырғанына қорландым».

Әулие Шәкәрім мен Елтай Ерназаровтың кездесуі жайлы Қ.Мұқаметханов өзінің «Шакқарім» атты мақаласында жазған. Шәкәрім мен Елтайдың кездесуін өз көзімен көрген Аюбай Кенесарин (1906 жылы туған) деген кісі мынадай естелік айтады: «Осы ауданға (Шыңғыстауға С.Ж.) Қазақ үкіметінің басшысы Елтай Ерназаров келгенде (1931) Шәкәрім сол кісіге кіріп, ұзақ әңгімелесіп, шығып тұрғанда көрдім. Жаздыкүні болатын. Елтайға арналып Қарауыл өзенінің жағасына бірнеше қазақ үйі тігілгенді. Елтай отырған үйді милиция адамдары күзетіп тұрды. Арыз айта келгендер өте көп еді. Бірқатары кіруге рұқсат ала алмай күнұзақ тосумен болды. Сол күні атакты өнер иесі, әнші Ағашаяқ ретін тауып кіріп, сиырымды қайтарып беретін болды деп қуанып шықты. Басқалары арызымыз шешілмеді деп ренжіп шығып жатты. Бір кезде Елтай отырған үйден Шәкәрім де шығып келіп, тұрған халыққа: «Малдан айрылған елдің ашыға бастағанын айтып, тәуір-ақ сөйлестім. Көнбеді. Мәселе шешетін басшыға ұқсамайды. Босқа әуре боп кірмей-ақ қойындар», - деп атына мініп жүріп кетті.». Осы кездесудің белгісі ретінде мынадай өлең жолдары бүгінге жетті:

...Қазақтың басшы баласын
Сөйлестім, көріп шамасын.
Қалайша қалап қойған ел
Сезімсіз, ойсыз шаласын,
Түк келмейтін қолынан?!
Ел мұның ондай ұға алмас,
Бастық та болып тұра алмас.
Мансапқа өзін мақтансан,
Еліңнің басы құралмас,
Адасар айқын жолынан...

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының қызметкері З.Ижановтың «Ана тілі» басылымында (№ 15-16, 2004)

жарияланған «Кәмпеске» деген мақаласында аты-жөні белгісіз қазақтың Е.Ерназаровтың атына жазылған хаты ерекше назар аудартады. Бірақ, әтеген-ай, мақаланың қазақша түпнұсқасы жоқ, орысшаға аударылғаны ғана сақталыпты. Хат сөзбе сөз аударылған ба, әлде қазақша мазмұны бойынша берілді ме, ол жағы белгісіз. Сөз жоқ, түпнұсқада оны жазған адам Елтай Ерназаровты бетін шығғырып, мақтамен бауыздағаны айқын. Орысша аударманың өзін оқып та оны аңғаруға болады.

Елтай!

Теперешний казахский аул переживает тяжелые бедствия, у них отобрали джайляу (летовки), хлеб, который принадлежал детям аула. У них нет одежды, питания, они кормятся самообманным, безрезультатным и бесконечным разговором и этим самым начинают пропадать.

Этот позор, этот голод, этот холод, этот самообман завтра же должен занимать место в истории на белой бумаге красной кровью. Кто же тогда даст на это ответ? Завтра молодое поколение и образованная интеллигенция казахского народа, будут выводить казахский народ из темноты, невежества, болезни и очищать от неприятного запаха, будут стремиться к тому, чтобы он стоял на высоте. У кого же тогда будет краснеть лицо?

Если наступит день, что плачущий народ, голодающие дети, нуждающиеся женщины, сжатая степь - будут радоваться и придут в себя. То чье лицо должно быть намазано черной сажой? Конечно, я не буду давать ответа и не буду краснеть и не будет на моем лице черной сажи, ибо я буду изгонять имеющиеся болезни и сажу помощь в строительстве кирпичей будущего хорошего.. Кто же будет отвечать? Отвечать будешь ты как дураки бывших предков - ты продал интересы народа за желтый билет и за красный стол и не думая о будущем народа, ты продал их интересы русским пришельцам - колонизаторам. Тебя не избрал голос народа и дух предков, а ты посажен колонизаторами России. Ты за это готов даже пожертвовать своего собственного сына, ибо ты палка в руках колонизаторов. 70 проц. пролетариата запада боролись и борются с 30 проц. индивидуальниками капиталистами уже 200 лет, но они строительства социализма не добились. Социализм Елтая - 99 проц. имущему индивидуальнику казахского народа навязал ярмо и тянет его на веревке, на автомобиле вперед.

Елтай! Подумай, не заставляй народ плакать, богатыря найти можно, но найти народ трудно. Если найдется народ, то не найдется земли. Если будет народ и будет богатырь, если будет земля и будет народ.

Перевел п/п Ахметов Заверено зав. статью кцик (Глухов)

З. Ижанов сонымен бірге Ф. Голошекин мен Е. Ерназаровтың арасындағы мынадай параллельді аңғарыпты. Екеуі де әкесінің аттарын өзгертіп жазған. Голошекин аты-жөні - Шая Ицковичті Филипп Исаевич деп өзгертсе, Елтай әкесінің азан шақырып қойған Тышқанбай атын Ерназарға ауыстырған. Бұл деректі белгілі жазушы Ғалым Ахметов «Алаш, Алаш болғанда» (Алматы, «Жалын» баспасы — 1996 ж) кітабының 176 бетінде оны өзгертіп беруге Голошекиннің көмектескенін жазған.

Жалпы алғанда, қазақтың сол кездегі үкімет басшылығында болған жайсандары мен белсенділері жайлы әлі күнге дейін ғылыми зерттеулер мен монографиялық еңбектер жазылмай келеді. Осы олқылықтарды толтыратын уақыт жетсе керек.

Әрине, рухани ашаршылығымыздың бастауында Елекең сияқты сауаты төмен кісілер ғана тұрды, ол заман кеше болып, енді келмесе кетті десек қатты қателесеміз. Оның бастауында тұрғандардың арасында сауаттылары да, сауатсыздары да жетеді. Мысалы, отызыншы жылдары бірін бірі ұстап берген ақын-жазушыларымызды қалайша сауатсыз деп айта аламыз. Қазақтың ашаршылығының рухани демеушілерінің біріне сол кездегі "Социальды Қазақстанды" айтсақ та жетіп жатыр емес пе?! Рухани ашаршылық қазір де жалғасуда. "Сені жиырма бес жыл күттім" деп Колбинді құшақтаған Әлжаппар ағамызды, кеше ғана Челах жайлы пікір айтып, "сірә, бұл мәселенің басты кінәсі - оның қазақтілділердің ортасында қалып қоюы болса керек" деп қазақ тіліне күмән артып топшылаған Олжасты, тағы басқаларды рухани ашаршылықтың жалғасы деп қалай айтпасқа.

Мұхтар Шаханов:

- Қазақстанда болған аштық - ұлтымыздың ең ауыр трагедияларының бірі. Халықты жан-жақты қанаудың көрінісі. Сол кезде халыққа 16 түрлі салық салынды. Оның бірі — мүйіз салығы. Мүйіздің өзі тек текеде, сиыр мен кошқарда болады. Сондықтан оны табу оңайға соқпайды. Әр жанұяға төрт келі,

бес келі мүйіз салығын салған кезде, мүйіз таппай малын мүйізге айырбастап жібергендер болған. Халық мүйіз таппай сабылған. Аңқау халық мүйіз үкіметке қажет екен, одан пайдалы дүние жасайтын болар деп ойлаған. Ал жоғарыдағылар болса, оларды қаланың сыртына шығарып, ел көрмейтін таса жерде мүйіздің үстіне май құйып өртеп отырған. Яғни бұл қолдан жасалған ашаршылық еді. Голошекин Қазақты ұлт ретінде жою саясатымен айналысқан. Ашаршылықта 4 миллион 100 мың казак қырылды. (4100000). Едәуір бөлігі шетелге көшіп кетті. Көпшілігі жолда суық пен аштықтан қаза тапты. Кей ауылдар тұтастай қырылды. Қайтыс болғандарды жерлейтін адам табылмаған кездер болды. Адамдардың сүйектері екі-үш жылдап далада жатып қалды. Тұтас ұлт үшін орны толмас трагедия ғой! Оған жауапты адамдардың аты аталуы керек! Халық кінәлілерді білуге тиіс! 1997 жылы «Рауан» баспасынан Шыңғыс Айтматов екеуміздің «Құз басындағы аңшының зары» атты кітабымыз жарық көрді. Кітапта Голошекиннің оң қолы болып жүрген адамдардың бірі Елтай Ерназаров туралы айтылады. Ашаршылық төңірегінде де біраз әңгіме қозғалады. Кітап жарық көргеннен кейін Елтай Ерназаровтың туыстары өре түрегеліп, маған қарсы шығып, сотқа берді. Іс екі-үш жылға дейін созылды. Ақыры маған сотқа шақырту қағазын әдейі жібермей, «сотқа келмеді» деп, менің сыртымнан Ерназаров туыстарының пайдасына үкім шығарған. Бірақ, мен істі қайта көтердім. Бұл іске басқа сот тағайындалды. Сот отырысына тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелді, Кеңес Нұрпейісов, Талас Омарбеков, қорғаушы Гүлнар Мұраталиева қатысты. Бесеуміз 37 жылдың шындығын жан-жақты дәлелдедік. Сол кезде біраз фактілер ашылды, кінәлі адамдардың көбінің аты аталды. Кейіннен ұлт үшін еңбек етті деп, мақтанышпен айтып жүрген адамдардың ашаршылыққа қатысы бар екені анықталды. Осы деректерді жайып салғанда, сот амалсыздан шешімді біздің пайдамызға шығаруға мәжбүр болды. Аштықтан қырылғандар — 4 миллион 100 мың адам. Аштық болмағанда қазір Қазақтың саны 40 миллионға жетер еді! Тұрар Рысқұлов пен Ғабит Мүсірепов сынды еліміздің біртуар перзенттері Голошекин саясатына тікелей өз қарсылықтарын білдірген. Олардың да еңбегі еленіп, атқарған істері насихатталып жатқан жоқ. Аштық кезінде Голошекиннің қасында жүріп, айтқанының бәрімен келісіп, басын шұлғып отырған мәңгірт ұлтсызданған

сатқын қазақтар да аз болмаған. Неге солардың атын атауға күні бүгінге дейін жасқанамыз? Себебі, ол адамдардың кей туыстары қазір билікте отыр. Шындықтың ашылмауына олардың ықпалы бар. Кезінде бұл мәселе төңірегінде «Қазақ әдебиетінде» үлкен мақала жарияланды. «Өлі аруақтармен алысып, не береке табамыз?» деп маған қарсы топ ұйымдастырылған. Бірақ, мынаны ескеру керек. Өлген адамдардың бәрінің аруағы осы күнге дүниені кезіп жүрген болса керек. Олардың аруағы риза болуы үшін шындықты айтуымыз қажет. Билік бұл арада да шындықты айтуға құлық танытпай отыр.

«Кеңестік ұлт саясаты бізді «балғасымен» жанышты, «орағымен» орып тастады» Мұстафа Шоқай

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЗҰЛМАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ БАТЫС СІБІРГЕ БОСҚЫНШЫЛЫҒЫ

Қазақстанда жүргізілген «бай—құлақтармен» күресу, зорлап отырықшыландыру мен ұжымдастыру саясаты бойынша барлық малды ортақтандыру арқылы етке өткізу науқанының нәтижесінде мал басы күрт азайып, оның аяғы бұрын-соңды болмаған ашаршылыққа соқтырды. Бұл ашаршылықтың ауқымы 1918-1919 және 1921-1922 жылдары болған сұрапыл ашаршылықтан да зор болды. 1931-1933 жылдары болған кезекті ашаршылық кемінде төрт миллион адамның өмірін қиды, олардың басым көпшілігі Қазақстанның аумағында қырғынға ұшырады; олар отырған қараша үйлері мен қыстауларында, бір үзім нан іздеп кезіп жүріп өлді, қалаларға жеткендері көшелерде ішектері бұралып өлді, жете алмағандары орыс шаруаларының қыстақтары мен деревняларының, рудниктер мен зауыттардың аймағында жер жастанды. Бір кездерде даланың өркөкірек, еркін де намысқой батыр ұл-қыздары Мәскеу ұйымдастырған жасанды сұрапыл зұлматты басынан өткерді.

Голощекин мен Орталықтың Қазақстанға жасаған осы қылмыстық саясатының түпкі мәні — бұл ашаршылықтың Дешті Қыпшақ жерінде қолдан жасалуында болатын. Оны айтсаңыз, олар мұнан да сорақы қылмысқа барды: Олар қырылып жатқан қазақтарды құтқаруға ешбір тиімді шара іздеген жоқ, істегісі де келмеді.

Қырылып жатқан қазақты ашаршылықпен жеке өзін қалдырды, қазақтар аштықпен өздері ғана күресуге мәжбүр болды. Ұлы көшпенділердің ұрпағының алдында екі ғана жол қалды — отырған жерлерінде өлу немесе басқа жерлерге ауа көшіп босқынға айналу. Онда да малсыз, дүние-мүлікті қалдырып босқын болу «таңдауы» алдында тұрды. Себебі малының барлығы тартып алынды, қалғандарын өздері сойып алуға мәжбүр болған еді. Үй-мүлкін алып көшуге жағдай көтермеді.

Осындай жағдай басына түскен аш қазақтар 1931 жылдың күзінен бастап лек-легімен Қазақстанның Ресеймен шекаралас облыстарына жаппай үдере ауа басталды. Аш қазақтардың жаппай босқынға айналып көше бастауы, бір жағынан олардың зорлықпен ұжымдастыруға білдірген ұжымдық наразылығы болса, екінші жағынан алғанда аштықтан аман қалудың бірден-бір дұрыс жолы еді. Қазіргі зерттеушілердің есептері бойынша осы жылдары республика аймағын 1 миллионға жуық отандастарымыз ауып кеткен. Сол кездегі Павлодар округінің Ертіс ауданының қазақтарының Омбының Русскополян ауданына ауған босқыншылығын көрген сол облыстың Қаратал ауылының тумасы Асылбекова Зылиха Сартымбекқызы былай суреттейді: «1932 жылдың қысында болған сұмдық оқиғалардың куәсі болдым. Аулымыздың қасынан Омбы жаққа өтіп бара жатқан аш қазақтардың шұбырынын көрдім. Сол жылы сұмдық қатты қыс болды, сақылдаған аяз бен боран толастамай соғып тұрды. Боран толастаған соң ауыл адамдары жолға шығып қарайып жатқан қазақтардың өлігін жинап жерлейтін еді. Өліктердің көптігі сонша оларды тезірек көмуге тырысатын, себебі аш қасқырлар өліктерді жеп қоятын. Бір айта кетерлік жай — адамдар өлер алдында үстіндегі киімдерін шешіп тастап құлайды екен. Денелері тез ісіп кетеді екен. Көп жағдайда аналарына ере алмаған жас балалар көп өлген. Ере алмай қалжыраған балаларына қарайлауға аналардың күші де, мүмкіндігі де болмаған».

Бір үзім нан іздеген Солтүстік және Қазақстанның теріскей шығысының, Орталық Қазақстанның қазақтарының басым көпшілігі Батыс Сібірді бетке алып, Ертістің бойын жағалап парходпен, темір жолмен, жаяу шұбырды. Жаяу жүргендердің көпшілігі жолда өлді, атап айтқанда Сібірдің шекара аймағында өліктері қалды. Осы жағдайды Батыс Сібір бойынша ОГПУ-н өкілетті өкілі өзінің «Қазақстандық қазақтардың Батыс Сібір өлкесіне қашып келуі туралы» деген 1932 жылдың 23 ақпанындағы арнайы ақпара-

тында былай баяндапты: «1931 жылдың күзінен бастап Қазақстаннан қашқан қазақтар көрші орналасқан Батыс Сібір өлкесінің аймақтарына үдере көше бастады. Соңғы кезде бұл жағдай жаппай сипат ала бастады... қашқан қазақтардың қолдарында ешқандай дүние-мүліктері жоқ, еш жерде жұмыс істемейді, басым көпшілігі аш. Қайыршылық жаппай етек жайған, өлген жануарлардың етін жеу көп тараған. Аштықтан өліп жатқан жағдайлар кездеседі».

Ресми ақпаратта Батыс Сібірге немесе «Запсибкрайға» көшіп келген қазақтардың саны 50 мың шамасында деп көрсетіледі. Бірақ, біздің пайымдауымызша шын мәнінде бұл дерек кемінде 250 мың деп ойлаймыз. Не себептен ауып келген қазақтардың саны азайтылып көрсетіледі?

Біріншіден, 1933 жылға дейін, жергілікті билік орындарының қолдарында ауып келген босқын қазақтарды Қазақстанға қайтарып жіберу жайлы нақты нұсқаулары болатын. Себебі олар әрбір ауып келген босқын аш қазақты өздерінің тап жауы деп санады. Сол себептен де ауып келген босқындарды қабылдауға мәжбүр болған билік орындары, ақпарат берушілер қазақтардың санын азайтып көрсетуге тырысты. Бұл сөздерімізге Батыс Сібір өлкесінің Волчихин ауданының атқару комитетінің 1931 жылдың 26 мамырындағы директивасы дәлел бола алады: «Атқару комитеті үш күн мерзім ішінде Қазақ өлкесінен келгендеріне екі жыл болғандарды, біздің ауылсоветтің аймағында тұратын барлық ауқатты құлақтарды, олардың сыбайластарын анықтап оларды Михайлов ауылсоветі арқылы Қазақ өлкесіне, бұрынғы мекен жайларына көшіріп жіберуді ұсынады». Бұл директивада сонымен бірге оларды колхозға қабылдауға тиым салу жөнінде нұсқау берілген. Батыс Сібір өлкесіне ешқандай малсыз, дүние-мүліксіз аштан өлмеу мақсатында жаяу шұбырғандарды қалайша құлақтар мен ауқаттылар қатарына қосуға болады?

Екіншіден, ауып келген босқын қазақтардың көпшілігінің қолында еш құжаттары жоқ болатын. Сол себептен де Қазақстаннан келгендердің санын анықтауға мүмкіндік болмаған. Төлқұжаттар кейінірек пайда болды.

Үшіншіден, босқындар тез жиналып, тез көшіп кетуге дайын тұрды. Пәлен жерде тамақ бар немесе жұмыс бар деп естісе сол заматта көшіп кете берген.

Төртіншіден, қазақтардың жаппай қырылып қалу жағдайлары көп болған. «Сібір өлкесінің» көптеген жол бойларында, әсіресе қыс мезгілінде аштық пен суықтан өлген қазақтар жаппай орын

алды. Олардың өліктері орыс деревнялары мен қалаларының көшелерінде жиі кездесетін. Кейбір жергілікті тұрғындар, шовинистік пиғылдағылар «қазақтар орыстардың балаларының етін жейді» деген әңгімелер таратуына байланысты жергілікті тұрғындардың қазақтарды өлтірген оқиғалары да орын алды. Осындай себептер босқын қазақтардың нақты есебін алуға өз кедергілерін жасап отыр.

Бесіншіден, босқын қазақтардың арасында әртүрлі аурулар оларды бауша орып, олардың нақты есебін алуға мүмкіндік бермеді.

Алтыншыдан, халық санағын жүргізетін статистердің жұмысында көптеген кемшіліктер мен олқылықтар орын алды.

Жетіншіден, 50 мың адам көшті деген цифрды алғаш рет 1932 жылы Т.Рысқұлов айтқан еді. Бұл көрсеткішті ол нобай ретінде айтқан болатын. Жаппай көшу 1932 жылдың аяғына дейін орын алып, 1933 жылғы ашаршылықтың келесі жылында жалғасқан болатын.

Аштық құған босқындар қайда бет алды?

Біріншіден, олар Батыс Сібір аймағындағы кішігірім қазақ ауылдарына, ағайын-жекжаттарын, қандастарын көздеп бет алды. Бірақ Сібір қазақтарының да жетіскен жағдайлары жоқ еді, олардың бірнеше жүз мың қазақты қабылдауға мүмкіндігі жоқ еді. Бұл аймақта да бай-құлақтармен, ауқаттылармен деген күрес, олардың малын тартып алу, сайлау құқығын жою процестері жүріп жатқанды. Нәтижесінде сібірлік қазақ ауылдарының тұрғындарының саны екі-үш есе көбейді. Аш қазақтар қайтсе де өз қандастарының, жекжаттарының қасында қалуға тырысты. Жесір әйелдер екінші, үшінші әйелдікке қуана-қуана келісіп күйеуге шықты. Жас қыздарын жергілікті қартайған кісілерге беріп, өздері жалшылыққа тұрды. Бір үзім нанға сақтаған алтын-күмістерін ауыстырды. Босқын қазақтардың келген аймақтарында кейін жана колхоз, жаңа қоныстар пайда болды. Мысалы, Омбы облысының Есілкөл ауданында «Бақабас» деген (1991 жылы осы жаққа келген экспедиция мүшелері бұл аттын шығу төркінін сұрағанда мынадай түсінік алыпты. Жергілікті қазақтар аш қазақтарды аяп оларды «бақабастар» деп атаса керек) колхоз-ауыл, Таврия (Молотов) ауданында «Ағыс», Борисов ауданында «Наймандар», Любинск (Горький) ауданында «Белсенді» және басқа қоныстар құрылды. Бұл қоныстардың халқы тез өсіп, сырттан келген өздерінің аш

қандастарын ықласпен қатарына қабылдап отырған. Мысалы, Батыс Сібір өлкесінің алдыңғы қатарлы шаруашылығының жетекшісі, Русскополян ауданының ауыспалы Қызыл ту иегері, Қаратал колхозының төрағасы Мамынов Иманғали Павлодар облысының Ертіс ауданынан келген бірнеше ондаған аштықтан бұралған қандастарын колхозға қабылдаған.

Екіншіден, қазақ босқындары Батыс Сібірдің қалаларына (Новосібір, Славгород, Барнаул, Бийск, Омбы) жетуге тырысқан. Ондағы мақсаттары - аман қалуды ойлап балаларын балалар үйіне орналастырып, өздері жағдайдың қиындығына қарамастан жұмыс және баспана тауып аман қалған. Мысалы, бір ғана Славгородте 6 мыңға жуық қазақ болыпты, тағы 4 мың қазақ осы ауданның ауылдық жерлерінде өмір сүріпті. Қазақтардың тағы бір азғантай тобы Иркутск мен Читаға дейін жетіп жергілікті халықтың малын бағып, үй қызметшісі болып патша заманы кезіндегідей кісі қолында жұмыс істеген.

Үшіншіден, сол кезде шахталар мен рудниктерде, темір жол салу жұмысында жұмыс қолына сұраныс көп болған.

Төртіншіден, Батыс Сібірге тереңдеген сайын қазақтар әртүрлі шаруалар тұратын деревняларға кезіккен. Мысалы, 1932 жылдың ақпан айында бір ғана Ключевский ауданының селоларында 5 мың қазақ, Баев ауданында, 1500, Ребрихинда 2500, Алей ауданында 3000 қазақ тұрған.

Батыс Сібірде қазақ босқындарын қандай проблемалар күтіп тұрды?

Батыс аймағының барлық стансалары толған аш қазақтар болды. Аш қазақтардың көпшілігін жергілікті колхоздар мен совхоздар жоғарғы кеңес-партия биліктерінен қазақтарды дереу кері қайтару жөнінде нұсқау болуына байланысты қабылдауға бас тартты. Қалалар мен шахталарда, рудниктерде қазақтарды өмір сүруге қолайсыз жатақханалар мен пәтерлер күтіп тұрды. Патша заманы кезіндегідей қазақтарды жалақы беру кезінде алдап кету көп орын алды. Оларға жалақысы төмен, кәсіби біліктілікті қажет етпейтін қара жұмыстар берілді. Қазақтарды орыс тілін білмейсің деп жұмыстарға қабылдамады. Бұл аймақта сол кездерде шешек, туберкулез, қышыма, сүзектің бірнеше түрлері адамдарды бауша орып жатты. Азық-түлік тапшылығы, балалар үйлерінің аздығы

орын алды. Балалар арасындағы қаңғыбастық та көп болатын. Киім мен аяқ киім тапшылығы ерекше болды. Шахтерлердің жағдайы, атап айтқанда Кузнецк шахтерлерінің жағдайлары тіптен қиын еді. 1932 жылдың 27 маусымындағы өлкелік прокуратура мен өлкелік соттың ақпараттық анықтамасында мынадай жолдар жазылыпты: «Өлкенің өндірістік аудандарында қазақ жұмысшыларды орыс жұмысшыларымен салыстырғанда материалдық-тұрмыстық жағдайы төмен ахуалға қойғандығы, қазақтарға дөрекі үстемділік жасау кездері анықталған. Мысалы, Ленинскіде, оның ішінде «7 ноябрь» шахтасында 500-ге жуық қазақ жұмыс істейді. Қазақтар өте төмен тұрмыстық баспаналарда, ешқандай жихазы жоқ бір кішкентай бөлмеде 16-17 адам тұрады. Асхана бірнеше рет жұмысшы қазақтарды түскі асыз қалдырған...»

Осындай жағдайлардың нәтижесінде ондаған ересектер мен жүздеген балалар өлімі орын алған. Мысалы, 1932 жылдың қаңтар-ақпан айларында бір ғана Ключевск ауданында аштық пен суықтан 29 адам өлген. 16 ақпанда Ключи селосындағы «Красный Октябрь» артелінде суықтан шалажансар халге келген қазақ әйелінен «неге қатып өлгің келді?» деп сұрағанда: «Ашпын, сондықтан, қалай өлсем де маған бәрібір. Бірде бір орыс үйіне түнеп шығуға кіргізбеді» деп жауап берген. 20 ақпанда Ключевск ауданының милиция басқармасына өлген 4 қазақтың мүрдесін әкелген. Николаевка селосында бір қазақ түнеп шығуға сұранған, ешкім кіргізбеген. Бос тұрған бір үйге кіріп ұйықтап аяздан қатып өлген. Васильчук селосында екі қазақ басқа селоға бет алған. Село сыртына шығып отырып демалған. Әлсіреген болса керек, өліктері табылған. 1932 жылдың 5 наурыздағы дерек бойынша Батыс Сібірдің бір ғана Славгород ауданында босқындар арасында аштық пен аурудан өлген 117 жағдай болғандығы ресми түрде тіркелген. Ең сорақысы, келген қазақтарға адамгершілік жасамау, табалау мен қорлау ғана емес, оларға күш жұмсау, тіпті өлтіру жағдайлары болған. Мұндай болған жағдайларға жергілікті соттар онша мән бермеген, аудандық прокурорлар мен аудандық милиция бөлімшелері қылмыскерлерді іздемеген, оларды жеңіл жазалар беріп құтқарып отырған. Мұндай зорлық-зомбылыққа көп жағдайда орыс шаруаларының ортасына аз топпен түсіп қалған қазақтар тап болған. Қазақтарға деген жаман көзқарас болмағанына қарамастан орыс деревнялары мен қалаларында «ұлыдержавалық шовинизм» (сол кезде Батыс Сібір өлкесінің

партия қайраткерлерінің арасында жиі қолданылған сөз тіркесі) қанат жая бастаған болатын. 1932 жылдың 28 қыркүйегінде Крупин РайКК-РКИ-ң төрағасы мынадай хабарды жазған: «Өлкелік соттың кассациялық коллегиясын тексеруді сұраймын, себебі бұл коллегия шовинистердің шокпарын соғып отыр. Нақты айғақ: **«Овцевод» совхозының директорының көмекшісі Попов, түгелдей бір қазақ ауылын өртеп жіберуге жарлық берген адамды партиядан шығардык.** Қалалық сот оны 5 жыл бас бостандығынан айыруға кесті. Өлкелік сот бұл шешімді бұзып оған бар болғаны 6 айлық мәжбүрлік жұмысқа салып отыр». Айтпақшы, түгелдей бір қазақ ауылын өртеп жіберуді біз патша заманында да кездестірмеген едік. Ондай жағдай қазақтардың көтерілісін жазалаушы отрядтар басқан кезде ғана болды.

Сол кездегі қылмыстық жағдайдың қаншалықты болғанын Батыс Сібірдің өлкелік милициясы басқармасының 1932 жылдың 26 қазанында жасаған шолуынан аңғарамыз: **«Крупин ауданы. 28 қазан күні «Овцевод» колхозының аймағында, совхоз хуторынан 7 шақырым жерде, айдалада 9 өлтірілген қазақтың мүрдесі табылды. Үшеуінің жасы 20 мен 45-ң арасында, 12 жастағы ер баланың денесі, екінші баланың басы кесілген, 2 баланың өлігі, біреуі 3-4 жас шамасында, екіншісі 13-14 шамасында және екі қазақ әйелінің денесі табылды».** Кейін бұл іс бойынша іздестіру жұмыстары жүргізіліп, кінәлілер жауапқа тартылды.

Босып келген қазақтарға деген жергіліктілердің жаман көз-қарасы жаппай еді. Бұл жөнінде өлкелік прокурор былай деп жазды: «Алейск вокзалында вокзал бастығы қазаққа қол жұмсап, оны қорлап буфеттен желкесінен ұстап шығарып жіберген... Баев ауданында шаруалар қазақтарды аяусыз соққының астына алған.. Мұндай оқиғалар кең тараған, ұлыдержавалық шовинизмнің нақты көрінісі деуге болады. Ешқандай себепсіз ұрып соғу, тек қана қазақ болғаны үшін ұрып соғу қалыпты жағдай».

Мұндай жағдайларды болдырмау үшін жергілікті билік орындары не істеді? Әрине, мұндай масқаралықтарды тыю үшін шаралар жасалынып тұрды. 1932 жылдың қорытындысы бойынша, ұлыдержавалық шовинизмдік істері үшін 273 адам қылмыстық жауапқа тартылды. Жергілікті биліктің, оның құқық қорғау органдары, жергілікті және өлкелік соттардың аш босқындарға деген жаппай жек көрушілік іс-әрекеттерін жасырып келгенін ескерсек, сол кездегі «ұлыдержавалық шовинизмнің» қаншалықты ауқымды болғанын аңғарамыз

Сонымен бірге аш босқындарға деген адамгершілік көзқараспен қайырымдылықтардың да болғанын айтуға тиіспіз. Бұл тұрасында, келген аш халыққа шын көңілімен ұйымдасқан түрде көмектесуге ұмтылған Омбы облысының Любинск ауданының басшылығының іс-қимылдарын айтқан жөн. Атап айтқанда оларды совхоздарға жұмысқа орналастыруға директорларды міндеттеді, азық-түлік паектарын бергізді, өндірістік тауарлармен қамтамасыз етті. Жергілікті астық дайындау мекемелеріне келген босқындарға 300 центнер астық берсін деген тәртіп берілді. Сонымен бірге оларды дереу жұмысқа орналастырсын деген шаралар қабылданды. Барлық мекемелерге қазақтардың жалақысын, азық-түлік паегін беру мәселесінде жүгенсіздіктерді болдырмасын, қазақтарды «қумасын» деген қатаң тапсырмалар берілді. Сонымен бірге, «соңғы кездері Любино селосында және басқа елді мекендерде қазақтарды қуғындау, балаларын ұрып-соғу, жастардың арасында қазақтарды табалап мазақ қылу мысалдары жиі орын алып келді, мұндай жағдайларды бір тәулік ішінде іздестіріп тауып, айыптыларды жұрт алдындағы сотпен жауапқа тарту жүктелсін». Қазақ балаларына арналған бала бақшалары, өз алдына қазақ колхоздарын ашып, ұйымдасқан түрде киім-кешек беру қолға алынды.

Уақыт өте келе қазақтарды енбекқорлығы үшін, төзімділігі мен ақжарқындығы үшін сыйлай бастады. Аш қазақтар жергілікті шаруалардың балаларын жейді-міс деген жалған әңгімелер жоққа шығарылды. Қазақтардан құрылған құрылыс бригадалары жергілікті орыс халқының ұжымдарын социалистік жарыстарға шақырып жоспарларын 100 пайыздан артық орындайтын болды. Жергілікті қарапайым тұрғындардың арасынан қазақтардың басынан кешкен зұлматына деген жаны ашығандардың саны көбейе бастады. Омбы облысының Павлоград ауданының У.Дробатенко деген украиндық колхозшы ЦКК РКИ төрағасы Я.Рудзутакқа Қазақстанда болған сұрапыл аштық жайлы хат жазды: **«Қазақстан бізден бар болғаны 10 шақырым жерде тұр. Ол жақтың жағдайы бізден де «жақсы». Жол бойлары толған өлген адамдардың сүйегі, балаларын караша үйлерде қалдырған. Оларды тірі күйінде құрттар жеп жатыр. Біз 120 шақырым жол жүріп бар болғаны үш тірі адамды кездестірдік. Тапқан сүйектерді қайнатып пісіріп жеп тауысқан, дүние-мүліктерін қалдырып көздері қараған жаққа ауып, босып кеткен.»**

1933 жылы Батыс Сібір өлкесі босқын қазақтарды проблемаларын шешуге байланысты шұғыл және тиімді шараларды қарас-

тыра бастады. 1933 жылдың 15 сәуірінде КСРО Совхалкомының В.Куйбышев қол қойған «Орта Волга, Батыс Сібір өлкесіне және Қырғыз АССР-е көшіп кеткен қазақтарға көмек көрсету шаралары туралы» көптен күткен қаулысы шықты. Батыс Сібірге қазақтарға деп 200 тонна тары бөлінді. 1000 баланы орталықтандыру арқылы бала бақшамен қамтамасыз етілсін, сонымен бірге қазақтарды жұмысқа орналастыру жұмысы жалғастырылсын деген тапсырма берілді. 1933 жылдың 25 мамырына дейін Новоомскіде 120 орындық, Славгородте 100, Алейскіде 100, Прокопьевскіде 60 орындық бала бақша ашу міндеттелді. Қазак балаларына арналған мектептер ашыла бастады. Қазақстаннан оқулықтар алдырылды. Бірте-бірте қазақтардың тұрмысы жөнделе бастады. Тіпті мейрамдар мен мерекелер өте бастады. Мысалы, 1934 жылы «Кемерово» руднигінің қазақтары «Трактортой» деген мереке ұйымдастырып оған 2000 қазақ келіп, оған орыстар да қатысты. Сөздер айтылып, кітап, журнал, газеттерді сату ұйымдастырылды. Үрлемелі оркестр ойнап, ұлттық ойындар өткізілді, спорттық жарыстар өтті. Үздік жұмысшыларды марапаттау өткізілді. Мерекеге 2500 рубль ақша жұмсалды. 1935 жылдың шілде айында Славгород ауданының Бауыржансор ауылсоветі өлке бойынша үздік деп танылды. Бұл ауданда шаруашылықтардың 92 пайызы, яғни 136 шаруашылық ұжымдастырылған еді. Осы ауылсоветтің колхозшылары ауданда бірінші болып егін себуді 110,9 пайызға орындады. Ауыл шаруашылығы техникасы мерзімінен бұрын жөнделді. Бұзаудан өлім-жітім жоқ, козыдан бар болғаны 3 пайыз. Екі фермасы, 54 сиыры, 160 қойы бар екен. Жемшөп дайындау да бірінші болып, колхозды басқарған — Қонаев. Батыс Сібір өлкелік атқару комитетінің қаулысымен қазақ колхозы Ауыспалы Қызыл ту алды.

1934 жылдың тамызында кейбір қазақтар тарихи мекеніне орала бастады, көпшілігі Батыс Сібірде қалып қойды.

Сүйтіп, қиын жылдары Батыс Сібір аймағына көшіп кетуге мәжбүр болған қазақтардың бұл аймаққа келуінің жақсы жақтары да болды. Ондаған мың отандастарымыз өз елінде қалған жағдайда аштан өлері анық еді, осында келіп аман қалды. Орыстардың «ұлыдержавалық шовинизміне» тосқауыл қойыла бастады. Келгендер орыс тілін үйреніп, жаңа жұмыс мамандықтарын игерудің арқасында, қажырлы еңбегінің арқасында отандастарымыз жаңа жерге тез үйреніп кетті. Бүгінгі таңда Батыс Сібірде тұратын 200 мың қазақтың ұрпақтары сол қиын заманда

аштықтан қашып бас сауғалаған ата-бабаларының жерінде тұрып жатыр.

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы Л.Н.Гумилев атындағы евразиялық ұлттық университетінің жанындағы «Евразия» ғылыми-зерттеу орталығының директоры. Тарихшылардың Ұлттық конгресінің ғылыми хатшысы, тарих ғылымының докторы, профессор.

ДОКЛАДНАЯ ЗАПИСКА

органов юстиции Западно-Сибирского края о борьбе с проявлениями великодержавного шовинизма в отношении казахомигрантов.

25 марта 1933 г.

Совершенно секретно

Основной удар судебной репрессии органов юстиции Запсибкрая в области борьбы с великодержавным шовинизмом в основном был направлен с проявлениями последнего в отношении нацмен-казахов. Объясняется это тем, что осенью 1931 г. и зимой 1932 г. в связи с недородом и агитацией кулачества мы имели значительное неорганизованное переселение нацмен-казахов из Казахстана в Западную Сибирь.

Массы переселенцев, не имея средств к существованию, занималась нищенством, а часть была вынуждена встать на путь преступления. На этой почве среди русского населения края проявились недовольства. Казахом перестали пускать в квартиры и тем самым еще более обострили положение последних.

Классовые враги, воспользовавшись создавшимся положением, стали распространять дикие, ни на чем не основанные слухи, вроде того, что казахи поедают русских детей и т.д. Преступные элементы, в частности, конокрады, оживив свою преступную деятельность, одновременно усиленно распространяли слухи, что все кражи совершали казахи.

На фоне такого положения с конца 1931 г. и почти весь 1932 г. мы имели усиление проявления великодержавного шовинизма в отношении казахов.

По неполным сведениям за 1932 г., за проявление великодержавного шовинизма по нашему краю привлечено 273 чел., из них:

кулаков и зажиточных 34 чел.; единоличников 111 чел.; колхозников 72 чел.; должностных лиц 56 чел.; всего 273 чел.

Карательная политика по этим делам характеризуется следующими данными: лишение свободы 135; исправительно-трудовые работы 98; прочие меры социальной защиты 40; всего 273 [чел.].

Приводим несколько фактов наиболее характерного проявления великодержавного шовинизма.

В начале 1932 г. в Бийскую горпрокуратуру поступили заявления о распространении ложных слухов по городу о том, что якобы казахи воруют и едят русских детей. По этому заявлению было произведено расследование, которым установлено, что Юрин — сын кулака, приехавший в г. Бийск, сознательно распространял контрреволюционные слухи о том, что казахи крадут детей и едят. Юрин утверждал, что он сам будто бы видел, как на одной подводе везли три детских головы, 2 ноги и одну руку, и эту подводу сопровождал милиционер с ружьем. На подводе сидела женщина и плакала, потому что она, по утверждению Юрина, узнала своего ребенка. При проверке оказалось, что ничего подобного в действительности не было, и эти слухи Юриным распространялись сознательно с контрреволюционной целью. Дело рассмотрено крайсудом как контрреволюционное по ст. 59 п. 7 УК.

Характерен и другой акт, имевший место в Кемеровском р. На стройках района работало много казахов, и в феврале 1932 г. классово чуждыми элементами были распушены контрреволюционные слухи о том, что казахи употребляют в пищу русских детей, дело доходило до того, что отдельные лица говорили о том, что они сами были очевидцами этого. Вместе с этим на стройках наблюдались случаи издевательств над казахами, доходившие до помещения их в гораздо худшие жилищные условия и даже до избиения. По этому вопросу горпрокуратурой был принят ряд мер. В частности, помещена статья в газете, опровергающая распространяемые про казахов слухи. Нарсудьей была проведена специально беседа с разъяснением сущности данной вылазки классового врага. Одновременно прокуратурой был возбужден ряд дел против конкретных виновников в возбуждении межнациональной розни. Все эти дела рассматривались в наикратчайший срок на месте возникновения показательными процессами. Так, на Энергострое было рассмотрено дело на рабочих Воронова и др. (в прошлом крестьяне-середняки), которые во время работы допустили избиение казаха-рабочего, говоря, что их, казахов, надо

убивать. За указанные действия все приговорены к одному году исправительно-трудовых работ каждый.

В г. Омске в марте мес. 1932 г. было арестовано и осуждено 10 чел. работников Омского горФО, которые задерживали на базаре всех казахов и их жен, у которых были деньги, заводили в торговый комитет, где раздевали донага и найденные деньги отбирали, а их владельцев выталкивали в шею, иногда с помощью примазавшихся спекулянтов избивали казахов.

В результате распространяемых ложных слухов в отношении казахов мы имеем ряд фактов, когда в ряде районов на почве слухов возникали эксцессы.

В дер. Николаевке Исиль-Кульского р. ходил и побирался казах-нищий, и когда он стал заходить в один из домов, из последнего выбежала женщина и с криком «Ты хочешь моего ребенка съесть» схватила палку и начала бить казаха. На крик собралась толпа крестьян, которая, предварительно избив казаха, отправила его к милиционеру, который его освободил. Казах, отойдя 2—3 версты от деревни, в результате побоев умер. Характерно, что это произошло в мае мес., и до июля в РУМе против виновных возмутительного факта самосуда никаких мер предпринято не было. Не произведя никакого расследования, дело было прекращено. Крайпрокуратурой для расследования этого дела был специально послан помощник краевого прокурора. Виновные осуждены на разные сроки лишения свободы.

В Алексеевском р. на почве слухов имел место самосуд. В пос. Вороново Ояшинского сельсовета два казаха ходили просили милостыню. У дома гр-на Самокоена сидел 4-летний ребенок, который, увидев казаха, испугался и заплакал. На плач ребенка выбежала мать, подняла крик, сбежались соседи, которые стали избивать казахов. Председатель сельсовета Епишев, его заместитель и сельисполнитель вместо того, чтобы прекратить самосуд, сами приняли участие в избиении. Причем били с расчетом, чтобы не оставлялось следов. В результате один казах умер, а другой был доставлен в камеру участкового инспектора РУМ. Последний, зная об избиении, вместо того чтобы отправить избитого к врачу и возбудить дело против виновников самосуда, выгнал казаха. Об этом случайно узнал находившийся в совхозе следователь, который немедленно принял меры, арестовал виновников самосуда. Виновные осуждены к длительным срокам лишения свободы.

Кроме приведенных фактов необходимо отметить, что за последнее время в связи с борьбой с хищениями общественной (социалистической) собственности мы имеем целый ряд фактов, когда в районах в результате недостаточно серьезного отношения к привлечению нацмен-казахов к уголовной ответственности за хищения колхозной и совхозной собственности по существу проявляется великодержавный шовинизм. В этом отношении интересна информация нарсудьи Нижне-Каргатского р., который сообщает: участковым инспектором РУМ Мокеевым было получено заявление от кладовщика совхоза, что рабочий-нацмен (казак) похитил со склада картофель. Учинспектор установил, что действительно картофель был похищен, и, не вдавшись в глубину анализа этого дела, арестовал нацмена и квалифицировал преступление по декрету от 7 августа. На суде выяснилось, что арестованный нацмен работал в совхозе, и в момент уборки картофеля над последним рабочие из числа русских издевались. В частности, с целью издевательства заставили его насыпать немного картофеля и нести домой, они же на дороге поймали его и отобрали картофель. Не ограничиваясь на этом, другая группа рабочих вновь заставила нацмена набрать картофеля и нести домой, и вновь по дороге стали отбирать. Нацмен, выйдя из терпения, стал ругаться на кладовщика и сбросил с него фуражку. Обиженный кладовщик заявил учинспектору о том, что у казаха было обнаружено несколько картошек, который и создал уголовное дело о хищении. Нарсудьей дело в отношении нацмена-казаха прекращено и возбуждено дисциплинарное преследование в отношении учинспектора.

Наконец, нельзя не отметить характерное дело, рассмотренное крайсудом в Ново-Омском р. В период уборочной кампании директор Ново-Омской молочно-овощной фермы ЦРК Овчаренко Иван и его помощник Нагорный Петр на целом ряде общих собраний работников фермы, а также и на производственно-технических совещаниях, говоря об охране картофельных и овощных участков, давали «установку»: «Кого бы где ни поймали, расправляйтесь, как умеете, своими способами и методами». В результате таких «установок» под руководством Овчаренко и Нагорного на ферме выработались свои «методы и способы» «борьбы с хищениями общественной собственности». Эти «методы и способы» характеризуются прямым административным произволом, граничащим с контрреволюционными действиями.

Организованные Овчаренко и Нагорным бригады из комсомольцев и вообще из молодежи ловили ночами всех оказавшихся на территории фермы, как правило, задерживали, избивали и сажали в специально отведенный для этого подвал, причем ловили, главным образом, казахов. Опять-таки благодаря «установкам» Овчаренко и его помощника на ферме было создано общественное мнение, что картофель воруют только казахи. В результате в конце августа «бригадой» было поймано три казаха. Один казах сумел скрыться, а двум оставшимся были нанесены побои железными тростями и палками. В результате один из казахов от побоев умер, которого выбросили на пашню. Труп был обнаружен месяц спустя. Расследованием была вскрыта вся картина безобразий и отдельные конкретные виновники.

Краевой суд рассматривал данное дело как контрреволюционное и принял его к своему производству, и на днях выездная сессия крайсуда в Ново-Омске рассмотрела это дело. Все факты подтвердились. Руководители избиений Овчаренко и Нагорный приговорены к 10 годам лишения свободы каждый. На разные сроки лишения свободы приговорены и остальные 7 участников безобразий — непосредственно исполнители избиений.

Подробно работа краевого суда и краевой прокуратуры в области борьбы с проявлениями великодержавного шовинизма освещена в информационной сводке № 8 от 20 апреля 1932 г., в информационной сводке № 15 от 17 июля 1932 г., и в бюллетене № 4 от 29 февраля 1932 г., и в целом ряде других документов, копии которых, как правило, посылались для сведения руководящим краевым советским и партийным организациям.

и.о. начальника Оргинстра крайсуда и крайпрокуратуры
Казачков
Старший инспектор Оргинстра Скоморохов (**Фейсбуктан алынды**)

ОРЫСТЫҢ ОЗБЫРЛЫҒЫ

Кенестер үкіметі құлап, оның құрамындағы республикалар тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Новосібір облыстық мемлекеттік мұрағатының «Күпия», «Аса күпия», «Айрықша пәпкі»-лерінің бірқатарының бауы таркатылды. Алайда, акиқаттын

ашылуы қызыл империяның мұрагері РФ-ға абырой әпермесін білген орыс билігі ол құжаттарды қайта «құлыптап» тастады. Бірақ, жариялылықтың желігімен 1-2 жыл болса да, ізденушілер «құпия құжаттардың» шет жағасын көріп қалды. Соның арқасында бөлшебектердің біраз «маскаралары» әшкере болды. Кеңес үкіметінің қазаққа жасаған қастандығы туралы көп дерек осы мұрағаттан табылды.

РФ Журналистері Одағының мүшесі, ПМ доғарыстағы (отставка) подполковнигі Александр Агалаков қолындағы деректерге сүйене отырып, ол кезде Қазақ АССР-інде 6,2 миллион адам болғанын, соның 2,1 миллионы аштықтан өлгенін, 1 миллионнан астамы Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркияға қашқанын айтады. Сол кезде 100-200 мың адам Қазақстанмен шекаралас жатқан Сібірге барып бас сауғаламақ болған. Бірақ, Кеңес үкіметі мен жергілікті тұрғындар арып-ашып жеткен елге қып-қызыл қиянат жасап, жауыздық көрсетті. Соның салдарынан ұлтымыздың талай ұл-қыздарының басы сол жақта көмесіз қалды, тірі оралғандары кісі төзгісіз азап шекті.

Батыс Сібір өлкелік атқару комитетіне 1931 жылы 7 желтоқсанда Алейск аудандық атқару комитетінің төрағасы жазған хатта «ауданға кейінгі екі айда аштыққа ұшыраған қазақтар көптеп келіп жатқанын, олардың жағдайы тым ауыр екенін, босқындардың арасында жұкпалы ауруға шалдыққандар көп екені» айтылады. Өлкелік прокуратураның 1932 жылы 9 наурызда жазған есебінде қазақтар Барнаул, Омбы, Ключи, Тюменцев, Волчиха, Новосібір, Ново-Омск, Славгород, Бийск, Алейск, Бай, Прокопьевск, Сталинск, Поспелихинск, Шипуновск, Угловск, Родинск қалалары мен елді мекендеріне таралып кеткені жазылған.

Аш-арық жұрт алғашында Қазақ АССР-мен шекаралас аймақтарға кідірген, бірақ ол жерлерден жан сақтайтын мүмкіндік, істейтін жұмыс таппаған соң, Сібір даласына ішкерілеп ене берген. Үкіметтің есебінде сол жылдары Сібір даласын жайлаған қазақтың саны 100 мыңның үстінде дейді. Бірақ, белгілі тарихшы, марқұм Владимир Позанский босқындардың саны 200 мыңға жетекабыл деген дерек келтіреді. Ол: «Қазақтар деревнялардағы, қалалардағы қираған ғимараттарды, бос тұрған қора-қопсыны паналады, вокзалдарда түнеді. Олар өлексе көметін жерлерді аршып, өлген ит-құстың, малдың етін жеді. Үйлерге, асханаларға кіріп қайыр сұрайды. Олардың қазіргі «бичтар» сияқты жылу құбырларына, жылы жертөлелерге жататын мүмкіндігі болмады.

Өзі аш, өзі аурушаң адамдардың Сібірдің қақаған қысында қираған ғимараттарды паналауы қандай болатынын өздеріңіз де пайымдай беріңіздер. Қаланың әр бұрышында аштықтан, аурудан өліп жатқан қазақтарды ұшыратасын»,— дейді.

Ірі қалаға ілігіп, жолы болып кара жұмысқа тұрып кеткен қазақтардың жаны қалды. Олар аздаған табыс тауып, сонысымен өзін де, туыстарын да асырауға мүмкіндік алды. Бастарын сұғатын жеркепелер салды. Бірақ жергілікті жұмыс берушілер өзі де сорлап келген босқындардың еңбекақысын жөндеп бермей ығыр қылатын. Әйтпесе, сылтау тауып жұмыстан қуып шығатын. Тіпті, дұрыстап ақы төлемес үшін, бір орыннан екінші орынға жиі ауыстырып, жалақыны өзгелерге 120 рубль төлесе, қазақ жұмысшысының қолына 20-30 рубль ғана ұстатады екен.

Жалпы босқын қазаққа Кеңес үкіметінің де, жергілікті орыс тұрғындары да үлкен өшпенділікпен қараған. Батыс Сібір өлкелік атқару комитетінің бірінші хатшысы Р.Эйхе өңірдің әлеуметтік ахуалын оңалту мақсатымен босқын қазақтарды 24 сағаттың ішінде қуып шығуға бұйрық береді. Бұл бұйрық жергілікті үкіметке қазаққа қарсы ашық жауыздық жасауға жол ашты. Өлкелік милиция қазақтардың жеркепелерін, тұрған орындарын бұзып кіріп, қуып шығуға белсене кірісті. Тіпті, жұмыс істеп жүргендерінің жұмыстарынан есеп айырысуларына да мүмкіндік бермеді. Жергілікті тұрғындар арасында босқын қазақтар бай-қулақтың тұқымы, тығып жүрген байлықтары бар деген сөз таратты. Ол-ол ма, «аш қазақтар орыстардың балаларын жейді екен» деген өсек шықты. Осыдан кейін тұрғындар қазақтарды ұстап алып, өлімші қылып сабап кететін болған. Мынандай оқиға болған: Бірде Шағыров деген қазақ баракқа қайыр сұрап кіреді. Үйде 11 жасар қыз бала ғана бар екен. Ол ұсқыны алба-жұлба қазақты көріп, шошығаннан баж ете түсіпті. Дауысқа жүгіріп келген көрші әйел сол жерде шу көтерген. Осыдан кейін барактың барлық тұрғындары Шағыровты «қыз баланы жеуге келді» деп соккының астына алады. Ол байғұс оқиға орнына жеткен милицияның арқасында ғана аман қалған. Ал, Николаев ауданының Есілкөл деревнясында бір әйел қайыр сұрап келген қазақты сойылдың астына алып, «адамжегіштен баламды құтқаруға көмектесіндер» деп айкайлаған. Дауысқа жиналған тобыр әлгі қазақты ұрып өлтірген.

Борисов ауданында 1932 жылы 18 мамырда мынандай оқиға орын алған. «Большая Роша» бөлімшесінің менгерушісі Рычков деген жауыз Қоңыр Есов деген қазаққа 100 рубльге 2 қап бидай,

І пұт ет сататынын айтады. Оны түнге қарай келіп алып кет деген. Қастық ойлаған ол Зайцев пен Рутц деген сыбайластарының қолдарына мылтық беріп жасырып қойып, қазақ келгенде оның ақшасын тартып алуды ойластырған. Түнге қарай қасына екі серігін ертіп жеткен Қоңыр ақшасын төлеп, енді бидайды ала бергенде, әлгі екеуі бұрыштан мылтық атып шыға келген. Атқан оқтан Қоңыр тіл тартпай кетеді, ал әлгі мұжықтар «қазақтар ұрлық жасап жүр» деп аттандаған. Милиция қарақшыларға еш жаза қолданбаған соң, қылмыстарына шабыттанған олар осы «операцияны» тағы қайталап, тағы бір қазақты атып тастаған.

Өлкелік прокурор материалынан: «Михайловка ауылдық кеңесінің каталажка камерасында 40 тұтқын қазақ отыр. Олардың 7-уі Бостан селосында ұрып кеткен». Бостан оқиғасы былай болған: Селода біреудің сиыры жоғалыпты. Шаруалар мұны қазақтардан көріп, жиналып келіп, мылтық атып, олардың 2 жылқысын, 2 арбасын тартып әкеткен. Соққыға жығылған қазақтарды байлап-матап әкеліп ауылдық кеңеске тапсырған. Осыған ұқсас екінші оқиға Михайловка ауылдық кеңесінде 1932 жылы мамыр айында орын алған. Мал ұрлады деп күдіктенген қазақты ауылдық кеңес төрағасының өзі ағашқа асып қойған. Ол буынып өліп бара жатқанда, босатып алған. Осылай бірнеше рет қайталаған. Амалы құрыған қазақ еріксіз мал ұрлағанын «мойындаған».

1932 жылы қыркүйек айында Волчихинск ауданында мектеп мұғалімі бақшасында бүрнеше түп картопты біреу қазып әкеткенін көріп, оны қираған үйде тұртын қазақ келіншегінен күдіктенеді. Үйіне баса көктеп кіріп, картоптың қабығын іздеп таба алмаған соң, үйді шашып, әйелдің басын жарған. Оның 1,5 айлық баласын лақтырып жіберген. Ертенінде сәби алған соққыдан қаза тапқан. Мұғалім коммунист болғандықтан, бұл қылмысы үшін жазаға тартылмады.

«Культура» кеңшарында мал ұрлады деген күдікпен екі қазақты сабаған (жылқылар соңынан жайылып жүрген жерінен табылған); Шендорфск ауылдық кеңесінде ағаш және нан ұрлады деген жаламен екі қазақты атып тастаған; №41 кеңшарында картоп ұрлады деп жала жауып бір қазақты сабаған. Бұл оқиғада кеңшар фермасының менгерушісі мен кооператив күзетшісі қазаққа картоп сатып, ол алып кетіп бара жатқанда «ұрыны ұстандар!» деп айқайлаған. Сосын екеуі қазақты жабылып сойып, қан-қан болып жатқан байғұсты амбарға лақтырып кеткен. Ол амбарда 16 сағат бойы жатыпты. Ақыры, жауыздардың қазаққа

өтірік жала жапқаны анықталып, сот екеуін 4 және 6 жылдан бас бостандығынан айырды.

1933 жылы 18 тамызда Кемеров ауданының «Ударник» кеңшарында үш шаруа ұлтараздық наразылықты қоздырғаны үшін сотталды. Оқиға былай болған: Тасымал судың кезегінде тұрған сауыншы Малыгина мен қазақ Зекмет Рекмешева ұрысып қалып, сауыншы шелекпен қазақ келіншегінің басын жарды. Шуға екі жақтан кісілер жиналған: қазақтар – 24, орыстар – 100. Десятник Брусов орыстарды қазақтарды сабауға шақырған. Золотарев 7-жасар қазақ қызын жерге алып ұрған. Қыздың мұрнынан қан кеткен. Сот Брусовты 2 жылға, Малыгина мен Золотаревты 8 айға бас бостандығынан айыру жазасына кесті.

1932 жылдың 30 шілдесінде Хабаров ауданының Михайловка селосында шаруалар Кереев, Үркімбаев және Әлмырза деген азаматтарды сабап өлтірген. 1932 жылы тамызда бір топ қанішер тонауға барып, 9 жанды қазақтың бір отбасын түнде қырып кеткен. Тонағанда оларда қандай байлық болсын? Бар болғаны егістік даласынан масақ теріп күн көріп отыр екен...

Мақаладағы деректердің бәрі Новосібір облыстық мемлекеттік мұрағатынан алынды. Және жоғарыда аты аталған екі автордың жазбаларынан үзінді келтірілді.

Дәулетқали АСАУОВ

КӘМПЕСКЕ НӘУБЕТІНІҢ ТАРИХЫ НЕГЕ АШЫЛМАЙ ЖАТЫР?

Кенес заманындағы нәубеттер мен зобаландарды сөз етсек, бірінші боп аузымызға отызыншы жылдарғы Ұлы ашаршылық пен репрессиялар түседі. Ал солардың алдындағы жылдарғы кәмпескелеу мен отырықшылдандыру зобаланы ше? Басқа зобаландарды айтпағанның өзінде. Тәуелсіз ел болғанымызға жиырма жылдан асты, әлі күнге дейін Ұлы ашаршылық жайлы қорқа-қорқа сөз етіп жүрміз. Ресми түрде, үкімет тарапынан аштыққа қатысты барлық тарихи құжаттарды ашуға, оған баға беруге әрекет-қимыл жоқ. Қорқып отыр, билік Ресейден.

Ал уақыт болса өтіп жатыр. Тірі қуәлар өмірден әлдеқашан өтіп кеткен, бірен-саран тірі қалғандардың көпшілігі бұл нәубеттер кезінде сәби, балақай болғандар. Отызыншы жылдарғы Ұлы ашаршылықтың алдында осы нәубеттің бастауына жол салған - Кәмпеске зобаланы, байларды тәркілеу нәубеті ұйымдастырылды. Ашаршылық жасанды жолмен - қазақты дәстүрлі мал шаруашылығынан айыру жолымен жасалды. Байлармен қоса, сол кездегі қазақ даласының ең сауатты, білімді, оқу-жазуды жүргізген, медресе ұстаған, ғұлама молдалар мен арабша танитын білімділері де сотталды, айдалды. Сотталған, айдалған байлар мен молдалар отбасыларымен бірге (себебі олардың көпшілігінің әйелдері күйеулерінен қалмаған, лагерьлерде балаларын туған) сол кезде қазақ жерінде ашылған құпия лагерьлерде ұсталынған. Міне, осы зобаланды басынан кешіргендердің тағдырлары, лагерьлердің құпиясы әлі күнге дейін ашылмай отыр. Билік неге оларды ашқысы жоқ? Мүмкін, кәмпеске жүргізгендердің, мешіттерді бұзып, молдаларды қуғындап, мал біткенді талан-таражға салғандардың ұрпақтары қазір де билік басында отырғандықтан болар?

Қазақстан бойынша қанша бай деп саналғандар тәркіленді? Олардың қанша мал-мүлкі тәркіленді? Бұл деректер ашық жатқан болса керек, оларды мұрағаттардан алуға болар. Олардың тағдыры қалай болды, қандай лагерьлерде ұсталды, қаншасы аман қалды. Лагерьлер қандай жерлерде орналасты деген сұрақтарға келгенде құпиялықты билік ашқысы жоқ.

Қолда бар деректерге сүйенсек, қазақ байларын тәркілеу жөніндегі шешім 1928 жылдың 28 тамызында қабылданды. Бұл декрет бойынша тәркілеу науқаны 20 қыркүйекте басталып 1 қарашада аяқталуға тиіс болды. Байларға кімдер жатқызылдыға келсек,

әуелі қазақ жерлері көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандар болып бөлінгенін айтуға тиіспіз. Ірі байларға көшпелі аудандардың 400 бастан жоғары малы барлары (малы дегенде оның негізінен қой малы болғанын айтқан жөн болар), жартылай көшпелі аудандардан 300 бастан жоғары малы барлар жатқызылды. Отырықшы аудандарда байлар санатына 150 бастан жоғары мал саны барлар кіргізілді. Мысалы, Қызылорда округі бойынша көшпелі аудандарға Арал, Қазалы, Аламесек, Қарсақпай аудандары кірді. Қызылорда округі бойынша 27173 мал тәркіленуге тиіс болып, іс жүзінде 54 байдан 56720 бас мал тәркіленген. Тәркіленген малдың 43490 – қой, 5989 – жылқы, 4318 – түйе болған. Сонымен бірге байлардың үйі, мүлкі, заттары, қыстаулары да тәркіленген. Атап айтқанда 29 киіз үй, 8 қыстау, 5 үй, 117 киіз, 10 мың бау шөп т.б. тәркіленген. Тәркіленген 54 байдан барлығы ірі бай болмағанын, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген жолмен жасалғанын мұрағат деректерінің өзі дәлелдеп отыр. Мысалы, Теренөзек ауданынан Нұрмақов Аймаханның 35 малы, Қармақшы ауданынан Қабыланов Қазханның 60 малы, Тәжібаев Нығметбайдың 50 малы, Қарсақбай ауданынан Қасқабаев Хасенханның 9 малы, Мінайдаров Өмірбектің 20 малы, Аламесек ауданынан Алпысбаев Мұқатжанның 82 малы болған. 9-20 малы барлардың өзі байға жатқызылған! Байларды мал, дүние, мүліктерінен айырып қойған жоқ, олар жер аударылды, туған жерінен, туысқандарынан айырды.

Қазақ АКСР Халық Комиссарлар кеңесі осы жылдың 30 тамызында арнайы қаулы шығарып байларды жер аударатын аймақтарды белгіледі. Атап айтқанда Жетісу мен Сырдария округтерінен - Оралға, Оралдан Жетісуге, Гурьевтен - Петропавлға, Қарқаралы округінен - Қостанайға, Семейден - Сырдарияға, Паводардан - Ақтөбеге, Қызылордадан - Адайға, Ақмоладан - Гурьевке, Ақтөбеден - Қарқаралыға, Қостанайдан - Семей округтеріне жер аударылатын болып бекітілді. Бұл аймақтарда нақты қай жерде лагерь орналасқан дегенге келсек жауап табылмайды. Лагерьлер өте құпия жағдайда болған, хат-хабар алғызбаған. Қызылорда облысындағы лагерь Барса Келмес аралында болған деген әңгіме бар.

«Менің атам Хамза Әбілқасұлы Қызылжардан 70 шақырымда орналасқан Аралағаш деген жерде тұрыпты. Атамды бай деп тәркілеп соттап 1928-1940 жылдары Барса Келмес аралында ұстапты. Әжем Бөпежан Мұқаметқалықызы атамнан қалмай (күйеуімнен

қалмаймын деп) 70 шақырым жаяу жүріп түрмеге бірге кетіпті. Лагерьде бірнеше бала туыпты, екеуі тірі қалыпты. Хамза атаммен бірге інісі Сәдуақас та бірге айдалыпты, кейін қашып шыққан көрінеді» - дейді қызылжарлық мұғалима Сәуле Әбілқасова.

- Барса Келмеске пароход айына бір рет келіп азық-түлік тастап тұрған. Кеме азық-түлікті жағаға лақтырады да өздері түспей кетіп қалады екен. Әжем бұл әңгімелерін сыбырлап айтушы еді - дейді Сәуле Серікқызы.

Барса Келместе лагерь болғандығын қызылордалық ардагер Бектай Сүлейменов ақсақал да растайды.

- Жәңгір ханның шөбересі, ғұлама дінтанушы, медресе ұстаған, 30-а жуық кітаптар жазған (қазір олар Өзбекстанның мұрағаттарында сақтаулы) Шәді төре Жаһангерұлы да осы Барса Келместе жетпістен асқан шағында тұтқында отырған. Іздеусіз, сұраусыз, азапта өмір сүрген Шәді төре 1933 жылы Өзбекстанда аштықтан өлді. Кітаптары шығарылмай қалды - дейді Шәді төренің аман қалған мұраларын сақтап баспаға ұсынып жүрген ақсақал.

Осындай аянышты тағдырлар каншама. Бар күнәсі - бай болғаны, сауатты, білімді, діндарлы болғаны үшін канша қазақ байлары, діндарлары азапты тағдыр кешіп сүйектерінің қай сайда, қай далада қалғанын туғандары, жерлестері, халқы білмей, аттары ақталмай, ардақталмай келеді. Әлде бұрынғы кеңес империясының көзқарасымен оларға тағылған «жау», «жаудың құйыршығы», «зиянды» деген атаулар алынып тасталынған жоқ па?

С.Ж.

ҚАЗАҚСТАН КІНДІК АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АЗАМАТТАРЫНА АШЫҚ ХАТ

«...Қазақ жұрты Николай заманында қалай таяқ жесе, өзгерістен кейін де сондай таяқ жеп отырған жоқ па? Оның бір мысалы мынау емес пе: осы жиырмасыншы жылдан бері, әсіресе 21-ші жылдың ішінде бір Ақмола оязында 25-тің ішінде адамдарды коммунистер мен қызыл әскерлер жазықсыз атып өлтірді. Семей губерниясында талай адамды коммунистер жазықсыз жоқ нәрсені сылтау қылып атты. Осы 21 жылдың күзіне қарсы Мойынты болысы (Қарқаралы оязы) Марсон деген ауылда 7-8 адамды Ақмола коммунистері мен қызыл әскерлері атып кетті. Қызылтау елінен екі адам, Ақшатаудан екі адамды атып кетті. Абыралы, Дегелен елдерінде бірнеше адамдар атылды.

Бұл бейшаралар үкіметке жазалы болып, айыптарына көзі жетіп өлтірілсе сөз жоқ қой. ...Іс басындағы азаматтар-ау, сіздердің дауыстарыңыз жетіп отырмай ма? Өтірік коммунист болып елді жыллатып, талап өлтіріп отырғандармен неге алыспайсындар? Неге оларды дүниеге қояды? Сіздер қазақтың орынсыз жылағанын сөйлесеңіздер, партиядан шығып, комиссар болмай қаламыз деп қорқасындар ма? Партияның өзі де осындай езілген жұрттар үшін шыққан жоқ емес пе? Енді езілген жұртты құтқару ұлтшылдыққа келе ме? Осы күні ойлап қарасаңыз, сіздердің баққан елдерінің бірсыпырасы қанғып, қай жерлерде итке, құсқа жем болып қырылып жатыр. Қайсыбірі Қазақстан жерінен Түркістан жеріне қашып жатыр». **И. Токтарбекұлы**

«Ақжол» газеті, № 166, 27 сәуір, 1922 жыл («Төртінші билік» № 21, 06.06.2011)

АШАРШЫЛЫҚ ЖАЙЛЫ ӘНГІМЕЛЕР

«- Е-е, карағым-ай, - Шал шамалы үнсіз қалды. – Заманның жақсы болуын тіле. Егер дүние кіндігінен ауа айналып, олай-былай күн туып кетсе, мына түп-түзу жүрген адамдардың бірі – қой, бірі – қасқыр, екіншілері – жылан болып жөніне кетеді. Айнымай қалатын адамның адамы ғана, бірақ ол да өте сирек».

Жазушы Қазі Данабаевтың «Қашақтар» атты әңгімесінің кейіпкері Тілеумұраттың айтқаны.

Малдыбай қарияның әңгімесі

Сексеуіл стансасында Малдыбай деген қария тұрады, жасы қазір тоқсанды, руы Игілік. Қазақтың нағыз әңгімешіл ақсақалы, естіген көргендерін миына жақсы тоқып қалған қария. Сексеуілде тұратын Жайлау Шаханұлының сол кісіден есітіп жазып алған бірекі әңгімесін айтып берейін.

- Малдыбай ақсақалдың айтуынша Сексеуіл стансасы ежелден тоғыз жолдың торабы, пойыздар келіп дем алатын, су толтырып, отын жинап, вагондары мен басқа жарақтарының кем-кетігін жөндеп алатын ғана жер болмаған. Отызыншы жылдардың ашаршылық кездерінде стансаға жолда өлген, әлсіреген адамдарды түсіріп алатын, өлгендерін көметін станса болыпты.

Сондай күндердің бірінде пойыздан бір жас жігіт түсіпті. Сірә, бұрын ауқатты отбасыдан шыққан адам болса керек, киімі таза, өңі текті адамнан шыққанын білдіретін көрікті бейнесі аңғартса керек. Қасында өзінен де нашар жағдайда аштықтан өбден әлсіреген келіншегі бар, жүруге жарамайды екен, жиналған жұртқа қарап: - Уа, ағайын сөзім бар! Біз жақында ғана жас жұбайлы болған едік, өзім кідіріп тоқтауға болмайтын жағдайдамын, маған жол азығы керек болып тұр, араларында мына келіншегімді алып қалатындарың табылар ма екен – деп сөз тастапты. Ол кезде жұрттың бәрі аш қой, бір мұсылман табылып жігітке бір тегеш бидай беріп жас келіншекті алып қалыпты. «Аман қалсам бір күні қайтып келемін» деген жігіт жылай-жылай келіншегімен қоштасып кете беріпті. Келіншекті «сатып» алып қалған жігіттің әйелі бар екен, жас келіншекті үйіне кіргізбепті. Жігіттің үлкен қария ағасы бар екен, келіншек қарияның үйінде өмір сүріп денсаулығы жөнделіп аштықтан аман қалыпты.

Үш-төрт жыл өтеді, жас келіншек қарияның үйінде тұрып жатқан кезінде баяғы жігіт аман қалған екен, бір күндері

келіншегін іздеп келіпті. Келіншекті бір тегеш бидайға «сатып алған» жігіт өліпті, бірақ қария аман екен. Жас келіншектің күйеуінің аман келгеніне, келіншегін іздеп тапқанына, оны күйеуінің қолына аман есен тапсырғанына қуанған қария және ауыл аймақ қуанып жұбайларды қауыштырып қонақ қылып шығарып салыпты. Келіншегін аман тапқан жігіт ризашылығын білдіріп күмістен жасалған бүлдіргілі камшыны ескерткішке қалдырып кеткен екен. Сол камшы қазір осы ауылдағы бір үйде сақтаулы жатуы мүмкін – деп аяқтады әңгімесін Малдыбай ақсақал.

Аш босқындар

Малдыбай қарияның екінші әңгімесі. – Отызыншы жылдардың басы, ашаршылықтың басталған кезі, аштықтан қазақтың беті ауған жаққа босқыншылығының басталған кезі. Ол кезде біз сияқты теңізге жақын отырған ауылдың қазағының жағдайы аз кем тәуір, теңіз бен көлдерден ұстаған балығын қалжалап күн көріп жатқан шағы. «Кіші құмнан теңізге қарай төртқаралар ауып, босып келе жатыр екен» деген әңгіме тарады, Айтқанындай көп ұзамай 50-60 бала-шаға, қатын-қалаш, қария ауылымызды басып салды. Дереву ауыл ақсақалдары ауылдың жас жігіттерін жинап келген аштарды ауылдың ортасына жинаңдар деп бұйрық берді. – Ешкімді үйлеріне кіргізбедер, дәм бермендер, аш адам жаудан жаман, сақ болыңдар – деп жар салды. – Оларды үйге кіргізсең болды, олар тамаққа бас салады, тоқтамай жеп, тойса да жей береді, ұрсаң да сабасаң да жеуін қоймайды, сүйтіп өлгенше тынбайды. Шалдардың бұйрығын тындаған жігіттер аш адамдарды шашау шығармай, еш үйге кіргізбей, жолда жете алмай қалғандарына ат-көлік жіберіп алдыртып ауылдың ортасына жинап, қазір тамақ береміз деп үміттендіріп бір жерде ұстап отырады. Аш босқындар қазір тамақ келеді деп үміттеніп, демдерін жинап, көңілдері тоқтайды. Бір уақытта ортаға үлкен қазан әкеліп, су құйып, астына от жағыпты. Көздерінше торта балықты қазанға салыпты. Қазан қайнап, балықтың дәмді сорпасының исі шыққан кезде аштықтан ішегі бұралып отырғандар құлай бастайды. Құлағандарының аузына су тамызыпты. Бір кезде балық піседі, бірақ піскен балықты бірден бермепті, Аш адамдар балықты сорпасының суығанын күтіп тағы біраз отырыпты. Сосын барып төрт адамға бір торта, кішілеу болса екі адамға бір торта беріп аштан құлағандардың аузына сорпа тамызып тойғызбай жүрек

жалғатып сол жерге жатқызып түнетіпті. Келесі күні тамақты көбірек беріп бірте бірте күш жинатқызыпты. Келесі күні сол жерге бөлек үй тіккізіп, біраз уақыт бөлек ұстапты. Қазақтың талай аштықты басынан кешкен данышпан қарияларының осындай даналығының арқасында келген бір ауыл елден ешкім шетінемей бәрі аман қалыпты. Данышпандық емей немене, келген аштардың арасына өз аулының адамдарына жұқпалы ауру тиюі мүмкін деп сол жағын да ойластырған екен. Сол кісілерден аман қалған ұрпақтар әлі күнге дейін осы Аралдың аймағында өсіп өніп жатыр - дейді Малдыбай қария.

Жандәулет байдың тапқырлығының арқасында бір ауыл ел аштан аман қалған

Әли Жайлаудың әкесінен естіген әңгімесі. — Менің әкем Шахан Әлиұлы, туған жылы 1915, жақайымның асаны. Әкемнің әкесінің аты Әли, оның досы Жандәулет деген бай, руы төртқара, міне осы кісі өзінің тапқырлығының арқасында кәмпескеден болған қолдан жасалған ашаршылық кезінде біздің ағайындарымызды аштықтан аман алып қалыпты.

Әли әкемнің әкесі Ахмет деген кісі ауқатты бай болған екен, өзінің бес баласына енші берген кезде әрқайсына 500-н қой беріпті, басқа да төрт түлігі сай болған болса керек. Кәмпескенің хабары шыққан кезде Әли атам, мұндай зорлыққа көнбей кәмпескеден малын айдап біраз уақыт құмда қашып жүріпті. Ол кезде байлар жылқыдан басқасын айдап көшелі де, тек жылқысын ғана түзге қалдырып кетеді екен. Жылқы деген ақылды мал ғой, егер оларды иелері іздемеген жағдайда өздері су ішкен құдығына көшкен ауылдың артынан іздеп жетеді екен. Міне, Әли атам жақын туыстарын ертіп және Жандәулет деген досымен бірге Қаракұмның қойнауларында қашып бірнеше ай жүріпті. Жандәулет байдың сонымен бірге түрікмен жерінен алдырған асыл тұқымды қызыл нарлары болыпты. Сексеуілдің маңында «Ақкөл» деген жерде (құдығы бар) қашқан ауыл отырыпты. Күз айы, жер қырау. Артынан іздеген қызыл әскерлер, ауылдың комсомолдары мен белсенділері, милициясы бастап, ішінде жол көрсететін ағайындарымыз да бар, сондарынан қалмаса керек. Бір күні түнде қызыләскерлер ауылды қоршап алады. Әли мен Жандәулетті төсегінде тұтқындайды. Сол кезде бала Шахан (әкем) 13-14 жас шамасы болса керек, төсекте отырған Жандәулетті шошайма бас киім киген екі қызыл әскердің екі жағынан мылтықты кезеп

тұрғанын көріп, бір сұмдықты жүрегі сезіп 4 түйені түнде алып қашады. Солдаттар оған бала деп мән бермесе керек. Шахан бір төбеге шыққанда бір нар қырсығып табандап жүрмей қояды. Амал жоқ, нардың бұйдасын қиып қалдырып кетеді. Үш түйемен 10-15 шақырым жердегі «Боқай» деген ауылға жетеді түнделетіп. «Ауылға жау шапты» деп хабар айтады. Сүйтсе бұл ауылды да қызыл-әскерлер қамап отыр екен. «Ақкөлде» екі байдың қонысы бар дегенді есігіп қуанған әскерлер дереу шауып барыпты. Сүйтсе «Ақкөлге» барған Шалқардың милициясы болса, «Боқайды» қоршаған Аралдың милициясы екен. Екі жақ таласқан қызыл-әскерлер «бұл байларды мен бірінші ұстадым», «мен қуып жеттім» деп бір бірімен ағысып қала жаздапты. Тұтқындалған Жандәулет қызыләскерлерге «менің бір өтінішім бар еді» деп сұрапты. «Бота кезінен өсірген түрікменнен сатып алған, көбейтіп өсірген қызыл нарларым бар еді, солармен қоштасайын» депті. Ұлықсат алған соң сонадай жерде тұрған түйелерге дыбыс беріп шақырады. Иелерінің соңғы қоштасуын сезген болса керек қызыл нарлар бірінен соң бірі келіп еміреніп Жандәулетпен қоштасады. Қызыл-әскерлер сол күні барлық малды алдарына салып Шалқарға қарай айдап жөнеледі. Бірақ жолда әр төбеде бір нардан омақасып құлап қала беріпті, оларды келесі күні ауыл адамдары етке сойып алады. Сүйтіп қорасы босап қалған ауылдың бала-шағасы осы нарлардың етін қорек қылып қыстан аман-есен шығыпты. Сүйтсе, ақылды Жандәулет бай бір істік пе әлде басқа қару ма белгісіз затпен білдірмей нарларды ауырмайтын жанды жерінен сұғып жаралап қалдырған екен. Жандәулет сол кеткеннен мол кетіп хабарсыз кетті, Әли қайтып келіп қарақалпақ жеріне жер аударылып кете барды. Міне, біз сол Жандәулет байдың тапқырлығының арқасында аман қалып ұрпақ шашқан жандармыз. **2014 жыл. С.Ж.**

«Табиға» қорымы

Арал ауданында теңіз жағасында орналасқан «Тастүбек» деген елді мекеннің маңында «Табиға» атты қорым бар. Бұл қорымның атауы осы жерде бірінші жерленген - отызыншы ашаршылық жылдары қай жақтан келгені белгісіз, ауып келе жатып жолда өлген әйелдің атынан қойылған. Өлерінің алдында әйел «менің атым Табиға» деген бір ауыз сөз айтуға ғана шамасы келіпті. Сол кездерден бастап маңайдағы ауыл аймақтың тұрғындары осы жерге туғандарын жерлейтін болды. Осы бір қасиетті ананың бір ғана ауыз сөзі жұрт аузында сақталып

ұрпақтан ұрпақ арқылы ауыздан ауызға жалғасып келеді. Бұл оқиғаны ауыл аймақтың баласына дейін біледі. 2014 жылы осы аймақта тұратын Ардана руынан тараған ағайындар әруақтарға ас беріп, аштан өлген Табиға анаға белгі қойды.

Қаншама қазақ сол бір ашаршылық заманда осылай аты-жөні ашылмай, сайда сүйегі, құмда ізі қалмай иен даламызда сүйегі шашылып, дұға бағышталмай иесіз қалды десенші! Ашаршылықта өлген осындай белгісіз аналарға қазақтың әрбір елді мекенінде ескерткіш қойса дұрыс болар еді.

ӘЛИ Жайлау.

АШАРШЫЛЫҚ

Өмір Шыныбекұлы

Ауыл қарияларының айтуынша, 1932-33 жылдары, нағыз ашаршылық басталып, айналадағы ауылдардың тұрғындары ит, мысық, тышқанды тауысып, адам етін жей бастаған. Ал халықтан тартып алынған астық поезға тиіп Ресей халқы мен салынып жатқан зауыт-фабрика жұмысшыларына жіберу үшін Шымкент камбаларында толып тұрған. Әр колхозға, әр жанұяға белгілі мөлшерде астық және т.б. салықтар салынған. «Берсең қолыңнан, бермесен жолыңнан» - белсенділер үй ішін астаңкестең етіп тартып әкететін болған. Олар өзін не жейсін, балашаған қалай күнелтеді — деген сияқты сұрақтармен өз бастарын қатырып, әуре болмаған. Осы, өзіміздің Төлеби ауданы Кеңесарық ауылында Н. есімді белсенді өткен. Ол үйдің ішіне кіреді де, тіке бұрыш-бұрышқа «шаптырып», зәр сындырады екен. Зәр тез сіңіп кеткен жерді «Мына жерде ұра бар» деп қаздырады. Егер, жазатайым астық табыла қалса, өлімші болып таяқ жеп, атылмай-айдалмай аман қалсаң құдайыңа шүкіршілік айтасын.

«Біз ол жылдары Жергенталда тұрдық-деп еске алады Кеуенов Паң қария (1916-2012 ж.). ...Бір күндері үйде талғажау етерлік бір түйір дән қалмады, тері бөстек, қайыс тоқым, тартпа сияқтылардың бәрін қайнатып жеп тауыстық. Біз енді, бір ересектеу ағамыз есіктің алдындағы шөпке, кәдімгі қой сияқты жайылатын болдық. Ересектеулеріміз «Мына шөпті же, мынаны жеме, уланып қаласың» - деп ақылын айтып, майда балалардың

қасынан ұзамайтынбыз. Тізенің бәрі көкпенбек болып кеткен, біраз күннен кейін, бәріміз «семіре» бастадық. Бір күні азық іздеп, қаңғып кеткен бір туысымыз бір дорба бидай тауып келді: Шешеміз сол бидайды аз-аздан қуырып бере бастады. Енді, біз «арықтай» бастадық. Сөйтсек, «семірдік» деп жүргеніміз ісініп кеткен екенбіз ғой...».

«Әкем Есебай айтушы еді, Сайрамсу бойында «Түлкінің сазы» деген жерде отырушы едік- деп еске алады Есебаев Аралбек (1928ж.т.). Есебай (атақты суретші Бексейіт Түлкіевтің атасы) бакуатты, дәулетті кісі болған. Соны білетін белсенділер үйдің ішін күн сайын тінтілеп, топалаңымызды шығаратын. Бірақ, қанша тінтсе де астық табылмайды. Сөйтсе, адамнан қулық артылған ба — Есебай ақсақал өзен бойындағы бұлақтардың бірінің арнасын уақытша бұрып, ұра қазып, астықты су өтпейтіндей етіп, жақсылап жасырып, бұлақты өз арнасына қайта бұрып қояды екен... Тыққан астық таусылған соң, Есебай әйелі мен 12 жасар қызы Алтынгүлді алып, тәжік-ауған шекарасынан бірақ шықты. (Алтынгүл Есебайқызы Әлікұлова бұл күндері - Мақтарал ауданы «Победа» ұжымшарының 3 бөлімшесінде тұрады)».

Бөртекеев Жолдасбек (1928ж.т.): «Біз аштықтан бұрын ұжымдастыру басталған уақытта атам Бөртекенің бастауымен, алдымен Ангренге бардық. Ангренде құрамалардың арасында Атай деген ауылдас жігіт ауылкенең төрағасы еді. Біздің ауылдың жартысы Атайды сағалап сол жаққа кеткен. Біз де өз ағайындарымызға қосылдық. Бірақ, сондағы өзіміздің ағайындардың бірі, құрамалардың малдарын ұрлап сойып, жеп жүргенін сезген, атам «балалар бір пәлеге душар болып қалар» деп, Қырғыз жеріне бастап кетті. Ол жақта да босып, қаңғып жүрген қазақтар, жағдай болмаған соң, тағы да сол атам «өлсек те, ауылға жетіп өлейік» деп кері алып қайтты. Ауылдан жырақтау, Ақсу өзенінің арғы жағында «Масат» деген шағын өзеннің бойындағы «Маматас» деп аталатын үңгірге 5-6 отбасы тұрақтайды. Шөптің тамырын талғажау етіп күнелттік. Бұл өңірде, 1932 ж. қатты құрғақшылық болды. Қыстай қар жаумады, жаз бойы жаңбыр түгілі, аспаннан бір шөкім бұлт көрінбеді. Себілген, астық топырақ құрғақ болғандықтан, өнбей қалды. Есесіне, 1933 жылдың көктемінде әлгі «қодыра» бидай бітіп берді. Әлі деген көкемнің екі аттық арбасы болатын. Атам өзінің 3 ұлы және Күлшат деген қызы бар, айдың жарығымен жанағы бидайды орып-бастырып, Ақсудың бойын-

да, ілгеріде «Қан кешу», кейін «Қазына көпір» аталған көпірдің (Қызыл білек ауылының тұсы) жоғары жағында орналасқан «Ізбасардың үңгірі» дейтін үңгірге көшіп келдік. Сол маңдағы тік құздың түбінен, белге арқан байлап түсіп, топырағын көзге шалынып, күдік тудырмас үшін суға ағызып, ұра қазып, 11 ұра бидай көмдік. Құдай сездірді ме, енді, атам «Жасым болса келіп қалды, мені өз сүйегіме қосыңдар, өз қорымымда қалайын, ауылға қайтайық. Өкімет алатын нәрсесін баяғыда алып қойды, енді тимейтін шығар, кара басымызда несі бар» - деп айта берді. Ол заманда әртіл (артель) деген болатын, біздің ауыл әлі колхоз емес еді, оған бір мал қосқан адам ғана мүше болатын. Әкем 2 атының бірін артельге қосып мүше болды. Ерте көктемде қар енді еріп, жердің ала кезінде, із жасыру үшін қары еріп, қарайған жерлермен, жүріп отырып, Ақсудың бойына көмген, бидайымыздан әкеп қорек қылатынбыз....

Пошатаев Қанат: «1920-36 жылдар ішінде әкем Пошатай 5-13 жас аралығындағы 14 баласынан айрылыпты, ал аштықтан аман қалған ұлы Қарымсақ Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалды».



23.05.2014 11:18




23.06.2014 11:21

"Сырлыбай көпірі" Ақсу өзені (Төлеби ауд., ОҚО) 1932-33 жылдардағы алапат аштықта, өзен бойындағы үңгірлерді адам жегіштер мекендеген. Көпірден өткен жалғыз-жарым жолаушыны ұстап, сойып жеп қояды екен.

Суреттерді түсірген Ө.Шыныбекұлы

**1932-33 ЖЫЛДАРЫ АШТАРҒА КӨМЕКТЕСКЕН АЗАМАТ
1935 ЖЫЛЫ ТҮРМЕГЕ ТҮСКЕН.**



Мұрағаттан табылған ашаршылыққа қатысты бір құжаттың тарихы....

Өңір қарияларының айтуынша, 1932-33 жылдары, нағыз ашаршылық басталып, ел ит, мысық, тышқанды тауысып, адам етін жей бастаған уақыттарда, Сайрамсу бойындағы ауылдарға, түнде-түнде белгісіз жақтан кейде, арпа-бидай, кейде қарақұмық пен раң деп аталатын шөптесін өсімдіктің дәні арбамен жеткізіліп тұрған. Ол сенімді жігіттер арқылы ашыққан елге уыстап таратылған. Тіпті, оның қандай астық екенін ауылдағы «шолақ белсенділерден» де жасыруға мәжбүр болған.

Мәселе былай екен...1931 ж. шілде айында Шымкент облыстық «ОБЛПРОМСОЮЗ» мекемесіне, төрағаның орынбасары қызметіне Айнабек Ақынбеков деген азамат тағайындалады. Ресей халқына жіберу үшін, халықтан тартып алынып, поезға тиеу үшін Шымкентте жинаулы тұрған астықтан Айнабек есебін тауып, ауылға жіберіп тұрады екен..

Ал Шымкент қамбаларындағы астықтың барлығы, осы өзіміздің халықтан тартып алынған астық еді.

...1934 жылы жаз айларының бірінде, Айнабектің інісі, «Кенесарық» колхозының (Бадам ауданы, қазіргі Төлеби ауданы) парторгі Жақатай және ауыл кеңес төрағасы Танабай көрші ауылдардың біріне, бір жиынға барады. Екеуі де, басшы қызметкер дегенмен, өрімдей жас, Жақатай мен Танабай дос, құрдас, әрі дос, екеуінің де жастары 28-де, сол жиында, әлгі ауылдың жігіттерімен төбелесіп қалады. Оған себеп болған, кәмпеске жылдары облыстық соттың көшпелі сессиясы, Сайрамсу бойындағы, сол ауылдың бір азаматының қылмыстық ісін қарайды. Нәтижесінде, әлгі азамат «кінәлі» деп табылып, сотталады. Ол сотқа Кенесарықтың жігіттері-Қонақбай Майлиев (Серік Қонақбаевтың атасы) мен Токтамысов Зия халық заседателі болып, қатысады.

Жалпы, кеңес заманында өмір сүрген ересек кісілер соттағы халық заседателінің ролін білуі керек, оларды сотқа қатыстырғанмен, үкім шығаруға араластырмаған, халық аузында «тройка» деп аталып кеткен сот істі қарап, үкімді де өздері шығарған. Ал, заседатель тек, дайын үкімге қол қойған. Міне, сол сотты болған кісінің, әлгі ауылда мұғалім болып істейтін ұлы Жақатай мен Танабайға орынсыз тиіседі. Арты төбелеске айналып, Кенесарықтың жігіттері әлгі мұғалімді қасындағы мас серіктерімен қоса, Сайрамсудың мұздай суына біраз тоғытып алады. Әлгі мұғалім, аудандық газетке мақала жазып тұрады екен. (Оның үстіне, НКВД органдары

барлық ауыл мұғалімдері мен басқа да сауатты адамдарды, біреуін-мақтап, екіншісін-алдап-арбап, тағы бірін –қорқытып-үркітіп дегендей «тыншылық» жасауға мәжбүрлеген). Бірнеше күннен кейін аудандық газетте «Мұғалімдерге қарсы террорлық әрекет» жасалды деген мақала бұрқ ете қалады.

1935 жылдың 1 қаңтары күні, түскен арыздар мен газетке шыққан мақала бойынша, Кенесарық колхозы мен Сайрамсу ауылдық кеңесінің жұмысын тексеру үшін, Ленгір аудандық атқару комитеті құрған бригада келеді.

Бригада жетекшісі, аудандық атқару комитетінің мүшесі – Халилов, мүшелері Сағалаев, Алдабергенов және аудандық қаржы бөлімінің бастығы Дүйсебаев, ағарту бөлімінің бастығы Сағындықов дегендер болады.

Олардың жұмысы бірнеше бағытта жүргізіледі, колхоз мүлкінің сақталуы мен ауылдық кеңестегі қаржы –салық жұмысы және мектептердің жағдайы.

Ол комиссияға «тілеулес» біреулер, аштық жылдары облыс орталығынан жасырын жеткізіліп тұрған, баяғы астық туралы да айтып қояды.

Сонымен, 1935 жылы 8 ақпан күні ауылдың Айнабек бастаған бір топ жігіті тұтқынға алынады. Олардың арасында «Кенесарық» және «Оңтүстік» колхоздарының төрағасы Тойболов Өтебай (аталас ағайындардан құралған қос колхозға бір төраға болған), Кенесарық колхозы партия ұйымының хатшысы Ақынбеков Жақатай, Сайрамсу ауылдық кеңесінің төрағасы Тұрғынбаев Танабай, «Кенесарық» және «Оңтүстік» колхоздарының тексеру комиссиясының төрағасы, «Блинков» (Тасарық) селосындағы Ауылдық тұтынушылар қоғамының сатушысы Майлиев Қонақбай, «Блинков» (Тасарық) селосындағы Ауылдық тұтынушылар қоғамының төрағасы Токтамысов Зия болады. Шұқылап, тырнақтың астынан кір іздеген адам, қалай болса да, кемшілік табатыны белгілі жайт.

Оларға сол кездегі атакты, ең қатал - 58/8 бап пен халық жадында «7 август заңы» деген заңдар қолданылады.

(1927 ж. 25 ақпанда күшіне енген РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58/8 бабы « Кеңес өкіметі өкілдері мен революциялық жұмысшы және шаруа ұйымдарының қызметкерлеріне қарсы бағытталған террорлық әрекет - жазасы: мүлкі тәркіленіп, «еңбекшілердің жауы» деп жарияланып, өлім жазасына дейін қолданылады».

1932 ж. 7 тамыз Заңы: Қоғамдық мүлікке қол салу- мүлкі тәркіленіп, ату жазасына, ал, жеңілдететін жағдайлар табылғанда, мүлкі тәркіленіп, 10 жылдан кем емес мерзімге, бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады).

Яғни, олар ауылдағы колхоз құрылысын құлатуға әрекет жасады деген айып тағылды.

Мысалы, «Оңтүстік» колхозының төрағасы Тойболов Өтебайға тағылған айыптардың бірі «Колхоз құрылысын құлату мақсатында, қасақана жем бергізбестен, колхоздың 8 биесін құлын тастатты» деген жалпы қазақ баласы үшін өрескел, адам сенгісіз сөздер бар.

Танабай мен Жақатайға жауапты қызметтерге өз адамдарын: «Көрегетас» колхозының төрағасы етіп Алтаевты, «Қасқасу колхозының төрағасы етіп Қалдыбаевты, Блинков сельпосына Қ.Майлиевты қойды деген айып тағылды.

Одан өзге, ауылдық кеңестің 1932-33 жылдардағы кіріс-шығыс құжаттарынан 3882 сом, ауытқушылық табылады (Бұл, баяғы аштарға таратылған астықтың есебінен болуы мүмкін.- авт.).

Қонақбайға 8 центнер тұқымдық астықты құртты, Токтамысов Зияға Сүлеймен ишан деген біреуге Кеңесарықтан 50 пұт, Оңтүстіктен 60 пұт астық жинап берді деген айыптар тағылды.

Ал, Шымкент қаласында тұратын, төбелестің болғанын тұтқындауға келген ОГПУ қызметкерлерінен естіген Айнабек «террорлық әрекеттің» дем берушісі ретінде 3 жылға кесіледі («Адам болса - болғаны, ал заң бабы табылады» И.В.Сталин).

Арызданушылармен де, «терроршылармен» де жақсы таныс Қызылбілек ауылының мұғалімі Құттыбаев Сүлеймен жігіттердің актығын айтып, ара түспек болғаны үшін түрмеде 5-6 ай жатып шығады. Қонақбай мен Өтебай айдауда жүріп қаза табады.

Олардың айтағына осы ауылдың - кейбір өресі таяз, іші тар «Шолақ белсенділері» қосылып, арты үлкен саяси процесске айналады.

Сонымен, Зия босатылады. Ал, қалғандары партия қатарынан шығарылып, сотталады. Айнабек-3 жыл, Танабай мен Қонақбай - 5 жылдан, Жақатай мен Өтебай -10 жылды арқалап кетеді. Жалақорларды әшкерелеп, шындықты айтып, шырылдап ара түсуге әрекет жасаған, «Қызыл білек» колхозының парторгі, Сайрам ауданы «Қайнарбұлақ» ауылында туып-өскен Құттыбаев Сүлеймен деген азаматтың да үстінен іс қозғалады.

Төменде Құттыбаев Сүлейменнің Облыстық партия комитетінің партиялық бақылау бөлімінің бастығы Бидерманға жазған арызын ықшамдап, аударып береміз:

ОҚО Әкімдігі жанындағы Өңіраралық (бұрынғы — парт. архив) мұрағат:

Қор-4, жазба-1, іс-256.

Облыстық партиялық бақылау комитетінің бастығы жолдас Бидерманға, көшірмесі: Облыс Прокурорына УОК (ИТК) күдікті ретінде отырған ВК(б)П мүшесі Құттыбаев Сүлейменнен

Арыз

Ленгір ауданы №2 ауыл-колхозының 6 коммунистен тұратын басшыларына 58/8 және

07.08.1932 ж. заңдары бойынша қозғалған іс бойынша, мен де 16.01.1935 ж. бастап қамауға алындым. Тергеуді Ленгір аудандық НКВД бөлімшесі жүргізуде. Мен өзім, Сайрам ауданы №10 ауылда туып, өскенмін. Қамауға алынғанға дейін «Қызыл білек» колхозы партия ұйымына жетекшілік еттім. №2 ауылдың әкімшілігіне де, шаруашылығына да ешқандай қатысым жоқ. Менің білетінім, №2 ауылдың басшыларына қозғалған іс — жала! Жауапқа тартылғандарды нағыз коммунист және шынайы пролетарий (еңбекші-авт.) ретінде, өте жақсы білгендіктен, олардың контрреволюциялық (революцияға қарсы-авт.) қылмыс жасауы мүмкін емес,- деп ашық айта аламын. Арыз жазған мұғалімдерді жақсы танығандықтан, және олардың бірі Жорабеков Пернебаймен достық қарым-қатынаста болғандықтан, оған өз пікірімді білдіріп, бөтен пиғылды адамдардың азғыруына ермеуін, топ құрып, арыздануын тоқтатуын, сұранып, жолдастық хат жаздым. Хатта басқа ештеңе де жоқ. Бірақ, хат тергеу орындарының қолына түсіп, мен де қамауға алындым.

Мен тағы да қайталаймын: Мен қамауға алынған адамдардың ешқандай кінәсі жоқ екеніне толық сенімдімін. Арызданғандар, өздерінің жеке бастарының араздығы себепті, жазықсыз жандарға жала жауып отыр.

Өзім туралы айтар болсам, мен кедей-батрақ отбасында туып өскенмін. 15 жасымда тұл жетім қалдым. Содан, 1928 жылға дейін орыс және қазақ байларында жалшылықта болдым. 1928 жылдан бастап, партия-шаруашылық жұмыстарына араласа бастадым. Бірнеше рет сыйлыққа ұсынылып, марапатталдым.

Міне, менің өмір жолымды өздеріңіз көріп отырсыздар, менің көзімді партия мен өкімет ашып, кешегі езілген тап өкілін, бүгін елдің қожасы дәрежесіне жеткізіп отыр. Сонда, мен қалайша контрреволюционер боламын.

Сізден сұрайтыным, істің ақ-қарасын анықтап, бізге социализм құру майданында, бұдан кейін де жемісті еңбек етуге мүмкіндік беріңіз. Сонымен бірге, тергеу орындарына жалақорларды қатаң жазаға тарту туралы тапсырма беруіңізді сұранамын.

/Қолы/

Уақытша оқшаулау колониясы (ИТК) Шымкент қ.
05.04.1935

КЕК

Бұл әңгімені Сыр бойының танымал ақыны, «Ақ босаға» әнінің сөзін жазған Сәнімкүл Желдербаева апайдан жазып алған едім.

Мен 1932 жылының ақпан айында ашаршылықтың қысында дүниеге келіппін. Шын атым Сәнімкүл емес, Сәнікүл. Ашаршылық тезірек бітсін, елдің, заманның сәні кірсін деп Сәнікүл қойыпты. Құжаттарға Сәнімкүл болып қате жазылып кеткен ғой - дейді апай. Біздің Сырдың бойында колхоздың жаңа ұйымдастырылып жатқан кезі болса керек, әкем байлардан жинап алынған жылқыларды бағыпты. Нағашым Алпысбайдың ауылы бізден бөлек Сарықұм деген жерде тұрады екен. Ол кісі аңшы, мерген, сері адам еді. Сол аңшылығының арқасында ашаршылық кезінде көп ағайын-туғанды аң аулап, тері өткізіп аштықтан сақтап қалыпты. 1973 жылы қайтыс болды. Сол Алпысбай ағамызға байланысты ашаршылық кезінде болған бір оқиға жайлы аманнан естігенімді айтайын. Кеңес заманында ашаршылық жайлы әңгімелерді айтуға келгенде ата-аналарымыз бен үлкендер онша сыр шашпайтын сараң еді ғой. Бар айтатындары: «Қарактарым, ол күндерді сендердің бастарыңа бермесін» деп қысқа қайыратын. Ежіктеп сұрай да бермейтінбіз. Бірақ аманның аузынан сөз арасында естігенім бойынша, Алпысбай ағамның анасы мен алты жасар қызының кегін қалай алғаны жайлы, адам жегіш ауылдасын атып тастағаны жайлы естігенде ғана елең етіп, құлақ түріп «ол қандай оқиға, айтшы» деп сұрағанда білгенім мынадай.

Сол ашаршылық жылы Алпысбай нағашым аң аулауға және тері дайындауға адамдарды жинап қырға аттанады. Қасына ересектеу баласы мен әйелін ғана алады да, жүре алмайтын қарт анасы мен алты жасар қызын қарындасына, яғни біздің үйге қалдырады. Қақпандары мен құрал-сайман, қаруларын есекке артып көп күндік жолға шығады. Қайтып келетін күнін де айтады. Сонымен нағашымның аннан келетін күні де туады. Анасы тағат таппай, баласының өзін алып кетуін күтпей үйіне қайтпақ болыпты. «Балаң келіп алып кетеді деп айтқанымды тындамады, алты жастағы немересін ертіп таңертең жаяу жолға шықты, қойнына бір күлше нан салдым» дейді амам сол күндерді еске алып. Баратын жері шамамен жеті-сегіз шақырымдай, жолда бір құм болатын, соны айналып өту керек, адамдар жүріп жатқан жүргін жол. Сол күні кешке қарай нағашым біздің үйге келіпті. Сұрайды: «Қызым мен амам қайда?» Таңертең кетіп қалғанын айттым дейді шешем. Алпысбай ағам айтқан уақытында аңшылықтан оралса керек, шешесі мен қызының жолда келе жатқанын, жүргін жолдың шетінде оқшау тұрған бір киіз үйдің маңында келе жатқанын көргенін біреулерден естіп ол кісі де шыдамай алдынан шыққан екен. Бірақ кемпір мен қыз ұшты-күйлі жоқ, таба алмайды. Ағам шарқ ұрып іздейді, із кесіп кемпір мен қыздың ізінің сол жалғыз үйдің маңына дейін жеткенін, содан кейін жоғалғанын да аңғарады. Аңшының із кесушілік қасиетінің өзгелерден артық болатыны белгілі ғой. Сонымен не керек, екі туғанынан бірден айрылған нағашым іші қайғы мен шерге толы, анасы мен қызын іздеуді тоқтатпаса керек. Өте қиын заман еді ғой, аштан қырылып жатқан халық, жүргін жолда тұрған оқшау жалғыз үйдің иесі жайлы ел арасында неше түрлі сыбыс әңгімелер жайлы, некен-саяқ жолаушылар мен қайыршылардың осы маңда жоғалып кететіндері жайлы жұрт айтып жүрген әңгімелер нағашымның шерін, басына түскен ауырталықты қаншалықты үдеткенін бүгіндері көз алдымызға елестетуге болады. Нағашымның сол бір үйдің жұмбағын ашу жолында, анасы мен қызына қатысты айғақ пен дәлелді қалай іздегенін, таба алмай қалай ішқұса болғанын бір ғана Құдай біледі. Сірә, осы құпияның сырын ашуды ағам бір сәтте де естен шығармаған болса керек. Жарықтық өте сабырлы, аз сөйлейтін, ұстамды, ақылды кісі еді. Жұмбақ үйдің құпиясын нағашымның қалай ашқанын ол кісі сол күйінше бізге айтпай кетті, бірақ, бұлтартпайтын дәлел таппаса адам өлтіруге бармайтын мәрт кісі еді, жарықтық.

Сонымен екі жыл өтеді. Сол жылы ауылдың адамдары аз-аздап есін жиып, тоқшылықтың шеті көріне бастайды. Көктем жанбырлы болып, көк мол шығып, бидай бітік болыпты. Жанағы жалғыз үйдің егесі сол бидайға қарауыл болады. Ұзын сөздің қысқасы, нағашым жұмбақ үйге байланысты мәселені тәмамдайтын уақыт жетті деген болса керек, бір айлы түні егістікке барады да жанағы адамжегішті атып тастаған ғой. Қазір ойлаймын, неге нағашым ол қанішерді жазалауды сонша ұзақ күтіп жүрген деп. Әлде, жауызды отбасы мүшелерінің көзінше қанын төгуді жөн емес деп осындай оңаша сәтті күтіп жүрді ме екен. Бұл іске қалай бел байлағанын, екеуінің арасында айлы түнде қандай әңгіме болғанын, адамжегіштің өмірінің соңғы сәттерінде өзін қалай ұстағанын білмейміз. Оны нағашым айтпады, құпияны өзімен бірге алып кетті. Біздің «неге аттың?», «не үшін аттың?» деген сұрағымызға:

- Не қыласындар, ату керек болды, аттым — дейтін.
- Сонда, адам өлтіргеніңіз үшін ешкім сізді жауапқа тартпады ма? Туыскандары ше?
- Жоқ. Ешкімнен бір ауыз да сөз шыққан жоқ.
- Ол кім деген кісі? Туған-туыскандары қазір ауылда бар ма?
- Бар, балалары да бар. Бірақ айтпаймын кім екенін. Балаларының кінәсі жоқ, білмей-ақ қойсын.

Нағашымның жұмбақ үйдің егесін атып тастағанын естіген ауылдастары «жұртқа істегені өзінің алдынан шықты» деп үнсіздікпен мақұлдапты. Ешкім оны іздемепті. Кейін жұмбақ үйдің жұртынан бірнеше ұралар қазылып ол жерлерден адам сүйектері табылғанына ауыл адамдары куә болыпты.

Бұл оқиғаны ауыл адамдары сол кездері де, кейін де ешкімге тіс жарып айтпаған, сыртқа шығармаған, жабулы қазан күйінде жабық қалдырған. Сірә, олар кер заманда болған мұндай сұмдық оқиғаның жай-жапсарын айтудың өзі, оны еске алудың өзі ешкімге де, ешбір қоғамға да, заманға да лайық емес, ондай әңгіме ұрпақтың құлағына жетпей-ақ қойсын деген болса керек. Себебі оны ешбір сөзбен ақтап айту мүмкін емес, оған ешбір мәжбүрлік те сылтау бола алмайды деп түйсе керек. **С.Ж.**

2012 жыл

ӘЖЕМНІҢ АШАРШЫЛЫҚ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕСІ

«Қырғыздар (қазақтар), экономикалық жағынан әлсіз болғандықтан, марксистік принцип бойынша бәрібір құрып бітеді. Сондықтан да революция үшін қаржыны - барлық мүмкіншілікті аштықпен күреске шығындаудың орнына майдандарды қолдауға жұмсаған маңызды». (Түркістандағы большевиктер фракциясының жетекшісі И.Тоболлиннің 1919 жылғы Түркістан ЦИК-н мәжілісінде айтқан сөзі. Т.Рысқұловтың «Революция және Түркістанның жергілікті халқы» кітабынан).

«Егер біз, шет аймақтардың есебінен орталықты нығайтқан болсақ, бұл ісіміз дұрыс, табиғи іс болған болар еді. Егер орталықты күшейту үшін шет аймақтарды тонау қажет болса, оған да барған болар едік» (В.П.Затонский, украин большевиктерінің жетекшілерінің бірі, ВКП (б) X съезінде сөйлеген сөзінен. М.Шокайдың «Кенестер билеген Түркістан» кітабынан).

Қайта құру кезінде қазақ жерінде болған жаппай ашаршылық жайлы айтыла бастағанда, аштық туралы нағашы әжем Әкиба Темірғалиқызы Бекболатовадан (1908-1991, БҚО) көп жәйттарды сұрап білген едім. Әжемнің балалық шағындағы естеліктерінде 20-ы жылдардағы, оның ішінде шамамен 1922-23 жылдары болған ерекше қатал қыс есінде жақсы сақталыпты. Мүмкін ол кісінің айтқан жылдарының дәлдігінде қателік те болар, себебі ол кездегі қазақтың жыл санағы басқаша еді ғой. Қазір 80-і жылдардың аяғында сол кездегі әжем айтқан әңгімелерді компьютерге түсірген кезімде, «кейбір жерлерін өндесем қалай болар екен» деген ойлар да келіп қалатын. Бірақ, олай еткен жоқпын, бұл әңгімелерді әжем қалай айтса, солай қағазға түсірдім. Әжем ол кезде жас та болса, өте зерек, жады мықты, есті қыз болыпты. Әкиба әжем Байбақты руынан, оның Байжиені, одан Токсаба аталатын тармағынан. Жазғы жайлаулары Қызылоба деген жер болыпты. Әжемнің әкесі Темірғали 1943 жылы 77 жасында (ата-бабасының көпшілігі осындай жасқа жетеді екен) дүниеден өтті. Бұл кісі өте ірі келген, қарулы, бойы екі метр, сауаты мол, еті тірі, көкірегі ояу кісі болыпты. Қазан қаласына барып қазақша кітаптар әкеліп, қыстың ұзақ кештерінде ауылдастарына арнап оларды дауыстап оқиды екен. Бір күні дастархан басында шәй ішіп отырғанда қонақтардың бірі темір жол мен шайтан арба жайлы әңгіме қозғағанда Темірғали атам: «Шайтан, шайтан деп қоймайсындар. Міне,

мынау самаурын қайнап тұр, оның селкілдеуінің себебін білесіңдер ме? Себебі, оны ішіне симай тұрған бу селкілдетіп тұр. Егер оның аяғына дөңгелек салсаң жүріп кетер еді» деп қарапайым тілмен түсіндіруінің өзі атамыздың сауатты екенін көрсетеді.

Сол кездің өзінде ол кісінің ел ішіндегі абырой-қадірінің, көкірегінің ояулығының арқасы болар, көптеген ауқатты орыстармен тамыр болған, Лбишенскіде (Кенес заманындағы аты Чапаев, аудан орталығы) тұратын орыстардың малын баққан малшы, бақташыларды басқарған. Соның арқасында орыстардың басшыларымен келісіп ағайындарын Лбишенскіге жақын жерге, сол кездегі заң бойынша қазақтарға Жайық өзеніне 10 шақырымнан жақын тұруға тиым салынған аймаққа көшіріп әкеліпті. Сол жерде қос ылди шатыры бар үй соғып, оны бойы екі метрлік темір шарбағы бар қақпамен қоршатады.

Атамның бірінші әйелі Отарқызы Қатирадан бір ұл (ерте өлген) және төрт қыз туған. Менің әжем қыздардың үшіншісі. Әжемнің айтқанынан білгенім, бұл әулетте әйелдерге, әсіресе қыздарға деген ерекше құрмет болған. Ру атауының Байжиен болып аталуының өзі (ғалым С.Қондыбайдың түсініктерді тарқатуын негізге алсақ) бұл руда матриархат үрдістері басымдықта болғанға ұқсайды. Темірғали атам қыздарын тәрбиелеуге көп көңіл бөлген, оларға ертегі, жыр, аңыз, мақал-мәтелдерді бала тілімен жеткізіп құлақтарына құйып отырған. Дене шынықтыру мәселесіне де назар салыпты. Әжем жас кезінде Жайық өзенін Чапаев қаласының тұсынан бір қолымен жүзіп (бір қолымен киімдерін ұстап) өтеді екен. Қыздарының иманды әрі зеректі болуы жағын да ойлапты. Кейін қилы заман орнағанда оларды әртүрлі қару ұстап меңгеруге де үйреткен. Әжем күйеуге шыққан соң, атамның кеңесімен тирге барып, сол кездегі «Ворошилов мергені» деген атакты бір салғаннан алыпты. Кинофильмдерді көріп отырған кезімізде әжем кино кейіпкерлерінің қолындағы қаруларға қарап «мынау наған мен маузер, мынау револьвер, пятилинейка, берданка, шолак мылтық деп жаңылмай айтып отыратын. Мұның барлығын айтып отырғаным - әжемнің айтқан әңгімелерін оңай түсіну үшін қажетті жәйттар дегенім.

...1922-23 жылғы қыста аулымыз үлкен жүргін жолдың шетінде, үлкен елді мекенге жақын болғандықтан, атыс-шабысқа тап болдық. Күн сайын атыс, мылтықтың, пулеметтің дауысы естіліп тұрды. Күн сайын Лбишенскіден қызылдар кара шыбындай қаптап келіп тұрады. Әжемнің оларды «безенші» деп неге

атайтынын сұрамаппын. Ақтардың отрядтары, басқа да әртүрлі бандиттер келіп ауылды шауып кететін. Бәрі де қайырымсыз, қатал, тамақтары аш, жүдеу, қолына түскеннің бәрін жинап алады. Қазақтың малын тәркілеп яғни кәмпескелеп сол жерде сойып жейді. Бұны өздері «қызыл қуырдақ» деп атайтын. Көп ұзамай нағыз аштық басталды. Балалар аштықтан ісе бастады, өлім көбейді. Ауылдастардың көпшілігі мұндай қауіпті аймақтан көшуге бел байлады. Темірғали оларға, көшкеннен пайда болмайтындығын, мынадай сұрапыл қыста балалармен көшу қырылуға соқтырарын айтып үгіттегенімен оны ешкім тыңдамады. Көпшілігі көшіп ауылымызда үш-төрт қана үй қалды. Үйлері қаңырап бос қалды. Көшіп кеткен ағайындарымыздың көпшілігі сол кеткеннен мол кетіп, хабар-ошарсыз жоқ болды.

Темірғалидың екі үлкен қызы ол кезде тұрмысқа шыққан. Атам құда тандауға ерекше қарайды екен. Қалың малына қажетті зергерлік бұйымдарды өзі істеген. Апаларымның біріне қалай құда түскені жайлы бір әңгімені әжем жиі айтатын. Апасының біріне Лбишенскіден алыс жерде тұратын, елде қадірлі бір кісі құда түсіпті. Атам қызын қасынан алыс жерге жібергісі келмесе керек, бірақ қадірлі кісіге ашық бас тарта алмайды. Сылтау іздеп, баяғы ертегілерде болатын үрдістер есіне түссе керек, қулыққа барыпты. «Қызыма қалың малға пәлен деген (өте сирек кездесетін) тұқымдас жылқы бересің» дейді. Құдалар оған да келісіп, жылқыларын айырбастап Темірғалидың барлық шарттарын орындайды. Амал жоқ, енді құдалықтан бас тарта алмайды, болашақ құдаларына қиын шартты орындатқанын түсінген, енді өз абыройын түсірмеу үшін атам қызының барлық жасауы мен қалың малын қомақты етуге күш салып қызын абыроймен ұзатады. Қиын заман орнаған кезде екі қызының да күйеулері өліп қалған соң, екеуінің де отбасын қасына көшіріп әкеледі. Әжем мен оның сіндісінің бойлары үлкен емес-ті. «Аштықтан ғой» дейтін әжем. Керісінше екі әпкесі де бойшаң болыпты, маған «сенен де биік» (менің бойым 169 см) дейтін.

Темірғали атам сол кездегі қиын заманға, отбасын аштықтан аман алып қалуға дайындала бастайды. Сол кездегі қаңғып жүрген бірен-саран солдаттарға қарсы тұру үшін әркез бойында қару ұстап жүріпті. Қорасының қуыс-қуысына қаруларды тығып, қару болмаған кезде айыр, балта, шалғы сияқты суық қаруларды тығып жүріпті. Бірнеше рет тәркілеуге түсіп аман қалған екі сиырын егесіз қалған сарайларға қамап, тығып ұстайды. Оларға пішенді

тек түн кезінде, жолында пішеннің бірде бір қылауын түсірмей жеткізіп тұрған. Малдың қиын ауыл сыртына апарып қардың астына жасырған. Сарайға барған ізін де жасырып отырған. Сиыр бұзаулаған кезде төлдерін үй астынан өжіре қазып сонда ұстапты. Сауылған сүтті тек бұзауларға берген, себебі үйде азық-түлік пен тамақ сақтау қауіпті. Тамақ дайындап жатқан кезде Темірғали жолға шығып күзетеді екен. Өзі тамақ жемей жартылай аш жүрген. Тамақ істеген қазанды босаған соң қармен әбден ысқылауды ұмытпаған. Солдаттар қазанда майдың ізі бар ма, жоқ па деп тексереді екен. Қыздардың қабырғаларын ұстап «аш балаға ұқсамайды, іспепті, сенде тамақ бар» дейді екен. Жүдеу көрінсін деп қыздарға алба-жұлба көйлек кигізіп, әжемнің тілімен айтқанда «сыған» қыздары сияқты киіндіреді екен. Солдаттардың да жағдайы мәз емес, аштықтан жүдеген, әлсіз. Бір солдат Темірғалидың үлкен қызының тамақты тығып жатқанының үстінен шығыпты. Тамақты тартып алмақ болған солдатты әйел итеріп жіберіп қаруын тартып алады. Келесі бір осындай жағдайда шоланда жасырып үлгермеген бір кесе сүтті тапқан солдаттар соған өзара таласып төбелесіп қалады. Бір кесе сүт ешқайсысына да бұйырмай төгіліп қалған, шоланда солдаттардың шинельдерінің жұлынған белбеулерінің үзінділері қалыпты.

Бір жолы қаңғып жүрген отрядтың солдаттары сиырдың біреуін тауып, алып кетпекші болғанда Темірғалидың екі қызы ер кісінің киімін киіп алып әкесі үшеуі солдаттарға қару кезенеді. Менің әжем атамның ымдауымен, қорқып тұрғанын жеңіп солдаттарға барып қолдарындағы сиырды бұйдасынан ұстап жұлып алады. Солдаттар кетіп бара жатып, отрядпен қайтып келеміз деп қорқытса керек, бірақ Құдай сақтап аман қалады. Осындай ерекше сақтықтың, жолы болғыштықтың арқасында солдаттар осы қыста Темірғалидың отбасынан бар болғаны 5 кило ұн және арнайы тігілген әкемнің қос қабат былғарыдан тіккен киіз жапсырмасы бар саптама етігін алыпты. Қыстан әбден жүдеп-жадап болса да, ең бастысы аман шығыпты. Ауылда қалған екі-үш отбасы ағайындарымыздың жағдайы мүшкіл болыпты. Әскерлердің дойыр камшысының астына түскен, атып тастау қатерінен қорыққан ағайындар тыққан малы мен азығының жатқан жерін көрсетіп бәрі де аштан өледі. Бір ғана шал мен кемпір тірі қалыпты. Темірғали оларға көмектесе алмаған, егер олардың малын өз малымен қосып қосып бірге тыққан болса, өз балаларының өмірін қауіпке салады, сонымен бірге олар қорқып бірге тыққан малы

мен азығының орнын айтып қойған болар еді. Тағы бір отбасыда ата-анасы мен жалғыз баласы аман қалыпты.

Бірде осы үйдің отағасы Баймырза Темірғалиға келіп кемпірдің үйіне бір қайыршы қыздың кіріп қайтып шықпағанын айтады. - «Сенін де балаларың бар, менің ұлым бар... Не істейміз? Темірғали қолына шолақ мылтығын алып ағайын кемпірдің үйіне барады. Сарайында қыздың жіліктелген, тұздалған етін көреді. Кемпірге кірсе үйінде әлсіреп нашар халде жатыр екен. Келе жатқан адамның дыбысын естіген кемпір:

- Темір, сенсің бе?

- Иа, мен. Апа өзің өлім аузында жатырсың. Жазықсыз жанның қанын жүктегенің не? Қалай тірі жүрмексің? Бір оқпен жаныңды алайын ба?

- Қасықтай ғана қаным бар. Туыс емеспіз бе. Атам десең ат.

Темірғали бөгеліп тұрып қалады, бірақ жақын туысын атуға бата алмай шығып кетеді. Көп ұзамай адамның еті де бұйырмаған кемпір өледі. Темірғали кемпірді де, қыздан қалған сүйектерді де жерлейді.

Темірғалиға шешесі жағынан туыс келетін бір шал жалғыз қалған соң ағайындары кеңес құрып шалдан кімнің қолында тұратынын сұрапты. «Темірғалидың қолына барамын. Жақсылық та, жамандық та, шықса тентектен шығар» депті.

Көктем шығып табиғат оянған кезде қыздары көгалға ойнап, қымыздық теруге шыққан кезде әкесі қыздарының қастарында болып әркез шапанының астына шолақ мылтығын тығып жүреді екен. Қыздарын біреулер ұрлап кетер, адам жегіштерге қолды болар деп қорқады екен.

Жазғытұры шыққанда Темірғали екі үлкен қызына аман қалған екі баспағын беріп (жасауы ретінде) екеуі де қайтадан күйеуге шығады. Сүйгіп, осы қыстан шыққандар үшін жаңа өмір басталады...

* * *

Алматыдағы үйіміздің терезесінің алдында қызыл шиі өсіп тұрды. Оны Кенжебек ақсақал егіпті. Бұл кісі Тәттімбет пен Мәдиге туыс екен. Қызыл шиенің жемістері ірі және тәтті болғандықтан ауладағы балалардың көз құртын жейтін еді. Балалардың талай шабуылдарына төзе алмаған (балалар шиені бұтағымен жұлатын) ағаш кейін өспей қалды. Жыл сайын көктем келгенде шиенің гүлдегенін көрген сайын әжем: «Жарықтық, тірі жанға көктем келді» дейтін еді.. 2012 жыл

Зира Наурызбаева

ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ АШАРШЫЛЫҚ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕЛЕРІ

КҮЛПАШ

Бейімбет МАЙЛИН

(Әңгімеден үзінді)

Ұзыннан созылған ауылдан оқшау, жеке, манайында бұдыр жок, қалың күртіктен мұржасы зорға көрініп тұрған шеткергі үйге ауыл сыртындағы жіңішке жолмен жастау әйел аяндай басып келе жатыр. Бұл Күлпәш еді. Жұмағазыға тигеніне жиырма күндей болған. Аштықтың қанды тырнағы Күлпәшты бұған да көндірген. Бірақ «аштықтан құтылған екем» деп қабағы ашылған Күлпәш жок. Жұмағазының үйіндегі жиырма күн жиырма жылдан ауыр болды. Әсіресе Қалиды сағынды. Аяғын екі-үш басып қайта-қайта қойнын сипап қарайды. Қойнында екі кесек ет бар: біреуін Қалиға, біреуін Мақтымға деп жасырып пісіріп алған.

...Күлпәш жалма-жан сығалап еді, пештің жанында ұйлығып, бүк түсіп құшақтасып жатқан әкелі-балалы екеуіне көзі түсті. Іші елжіреп көзіне жас келді. «Ұйықтап жатыр екен» деп қуанып, малтыға, сүріне үйге кірді: - Қарағым, Қалижан, тұр!... Төніп келіп Қалиды сүйейін деп ұмтылғанда, көзі Мақтымның көзіне түсіп кетті: көзі адырайып, аузы ашылып, тісі ақсып жатыр екен!.. Күлпәш шошып: - Әй! - деді. Бұдан кейін не болғанын өзі де білмей, өліп жатқан байы мен баласын құшақтай құлады.

АЙТ КҮНДЕРІ

Бейімбет Майлин

- Айт құтты болсын!
- Айтсын, жақсылығы бірге болсын!
- Жыл он екі айда бір келген жарықтық «айт» қой, бұл күнді көрген де бар шығар, көрмеген де бар шығар...

I

Сәске түс. Желсіз тынық ыстық. Азғана мал ауылдың қорасында көлеңке сайын топтанып, көбі салған түтінге ықтасында тұр... ызындаған маса, сона, шіркей есінді тандырғандай...

Ауылдың адамының бәрі қыбырлап, ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Бәрі де киінген. Жүздерінде әлденедей бір қуаныштың белгісі бар. Жер ошақ біткеннің көбінде асылған қазан, ақ көбігі бұрқылдап семіз ет қайнап жатыр... Кәрі-құртан шалдар, кемпірлер екеу-екеу көлеңкеде отыр.

- Жарықтық-ай, бұл күнді де жұрттың көретін күні бар екен-ау!..

Ауылдың орта жеріндегі бір үйдің алдында үйме-жүйме болған кісі. Ішінде кәрілеу кемпірлер, бірен-саран шалдау адамдар да бар...

Біреуі пышақ қайрап, бір жігіт семізлеу қызыл өгізді ұстап тұр. Шеттен келген адам:

- Құрбандық қабыл болсын, - дейді.

- Әмин, айтқаның келсін! - дейді шалдар.

- Неғып кеш қалып жатырсындар?

- Малдың табылғаны-ақ осы болды... шетінен ұстап соятын бұрынғы дәуір қайда...

Жұмағазы Зәйкүлмен шетте сөйлесіп тұр...

- Сен шалсайшы, мен кәйтейін.

- Қой, ойбай, өзін кір, мен ренжімеймін.

- Кір, кемпір, Жүмекең рұқсат берген соң, несіне тоқталасын.

- Ия, шын айтам. Шала ғой, мен бұрын да шалып жүрмін ғой... құдай қабыл қылса махрұм қылмас...

- Қой, мені әуре қылма...

- Here?

- Соны қалай шалатынын да, намазын қалай оқитынын да білмеймін.

Алдыңғы қатардағы ақ отаудан бұралып бір келіншек шықты. Басында шетін кестелеген шашақты көгілдір жаулық. Неше түрлі асыл тұмаршалар қадаған көк пүліш камзолдың төсі неше түрлі асыл ілгек, алқым баулармен безелген.

Тысқа шығып біраз тұрды да:

- Еркежан, - деді.

Үйден 16-17 шамасындағы бұралған әдемі қыз шықты. Үсті-басы малынып тұр.

Келіншек күлімсіреп:

- Суға барайық. Айдарлым да келе жатыр екен, - деді.

Қыдырып жүрген бір-екі жігіт арт жағынан келіп келіншекті қытықтап қалды.

- Қойшы, ибай, ұятты...

- Мұнша безеніп қайда барасың...

- Айттаймын...

- Байы үйде жоқ болған соң құтырып жүргенін көрмеймісін, - деп екінші жігіт күлген болды...

Терлеп-тепшіп, үйінің көлеңкесінде ақ текесін сойып жатқан Молдағалидың қасына Уәли келді.

- Айт құтты болсын.

- Айтсын...

- Немене, сен тоқтыңды саттың ба?

- Жок.

- Маған сатшы, әжеме құрбан шалдырайын.

- Ақша дабай.

- Күз аларсың.

- Болмайды.

Уәли кеткен соң Молдағали текенің терісін жұдырықтап жатып:

- Аштан өлейін деп жүріп, айтта несі бар екен, алдап апарып сойып бір тоймақ қой, - деп күлді...

II

Ауылдан оңаша, томардың жел жағында үш кара үй тұр. Маңайында қыбыр еткен мал да жоқ, ызындаған маса да жоқ, асылған қазан да жоқ, кезіп жүрген адам да жоқ... Күнбатыс жақ шеттегі үйдің көлеңкесінде, үсті-басы өрім-ерім болып бүкшиіп

он екі-он үш жасар бір қыз бала мен бір орта жасты әйел отыр. Жүздері сарғылт, көздері ісіңкі... «Уф!» деп күрсінеді. Әлденені ойлайды... Айдай әлем қуанып жатқан «айт» оған азап секілді. Бар айтатыны:

- Сорлады-ау, сорладық-ау...

Ауыл жақтан ақсандай басып орта жастағы бір еркек келеді.

Қиімі алым-жұлым, мойнында дорба.

- Қатын, Бәкен қалай?

- Не қалайын сұрайсың, сорлады ғой.

- Немен, қайтты ма?

- Қайтты.

Көленкеге сылқ етіп құлай кетті, жылады.

- Ақыр байдың түбі аштан өлер деген осы екен-ау... Зейнеп ше?

- Кірпігі қимылдап жатыр еді, не болғанын білмеймін.

- О да өлген шығар.

Мойнындағы дорбаны алып жерге тастай берді, ішінде бір-деме бар секілді.

- Бірдеме таптың ба әлде?

- Мардымды нәрсе жоқ.

Тырдай жалаңаш алты-жеті жасар бір ұл, бір қыз бала тысқа шыға келді. Қапшықтан алып жатқан домалақ малдың терісін көріп екеуі бірдей тарпа бассалды. Таласты.

- Қойындар, құрғырлар. Мә, біреуіне жүректің құлағы бар.

- Күнімен жүргендегі әкелгенің осы ма, - деді қатыны.

- Е, қайтейін, бермеген сон... мынау текенің ені... Мынау жүректің құлағы... мұны да итке лақтырған жерінен алдым... Жүрттан қайыр кеткен ғой... құрбандарының қанын бер деп едім, Ұлбала бәйбіше айқай салды: «Быттырдан бері асырағаным жетер» деп... не бергенін қайдан білейін...

- Ай, сорлысын-ау, мана өзім барғанда ішек-қарнын аршып бірталай нәрсе әкелетін едім, аурудан шыға алмадым ғой...

III

Топ-топ болған атты, арбалы адамдар тұс-тұстан ауылға ағыла бастады.

Ауылдың орта шеніндегі ақ боз үйдің маңайында лық толған адам, топтанған арба, ат... кілен бозбала. Бір топ ауыл қыдырып «айттық» алып жүр. Ауыл гу-гу.

- Айт құтты болсын!

- Жаксылығы бірге болсын!

Жер ошақтың басында үш-төрт адамның басы құралып қалды. Бірдеме есітіп бастарын шайқасып отыр.

- Есіл ер-ай, қор болған екен...

Бірден-бірге жайылып хабар ақ боз үйдің манайындағы көп адамға да жетті.

- Қатыны мен Бәкен кайтыпты...

- Қашан?

- Бүгін.

- Алда, бишара-ай!

- Қайтқандары да дұрыс болған екен, тірідей көр болып еді.

- Айт күні қайтқаны тілеулері дұрыс болған екен бишаралардың.

- Дүние деген осы, жігіттер, - делі ортада отырған бір ақсақалды кісі.

- Едәуір жыл болды-ау. Өгіз өлгеннің басында «айт» болып ат шаптырғанымызда, жиылған адам қанша болса да, бөгелмей- ақ қымызға қандырып шығарып еді. Ақырында бүгін сол Бәкен қатынымен аштан өліп отыр... тұз-дәмін татқан жігіттер, ескеріндер, еттерінді жеген соң, жаназасын жерге тигізіндер, сауап кой...

Ет желінді, қымыз ішлді, жұрт жиналып елдің сыртындағы белеске шығып, жалау байлап ойын қылуға айналды. Ақсақал сөзін тындаған жан жоқ...

Ат шабыс, күрес, тоқ бәйге... аштан елген Бәкен мен Зейнепке көптің көрсеткен құрметі «тілеулері дұрыс екен, айт күні қайтты!» болды.

1922 жыл

Аштық құрбаны

Б. Майлин

(Әңгімеден үзінді)

...Әй, басыңды көтересің бе, - деп Шырынкүл Қайрақбайды оятты.

- Не айтайын деп едің?

- Манағыны, манағыны қайтеміз?

- Қайрақбай жауап бермей, басын салбыратып отыра берді.

110

- Сен жаси берме, Құдайдың салған ісіне көну керек! Көре біле өлеміз бе, қырыламыз ба?! Сен бата алмасаң мен-ақ айтып көрейін!.. Қайрақбай әлдене уақытта барып:

- Мейлің! - делі.

- Қалқам Дәмеш!

- Ау, әже!

- Басыңды көтер. Біз сорлы болдық кой. Біз өлуге қалып отырмыз... Біз енді қайтпекпіз?

- Қайтейін әже, қолымнан келетін нәрсе болса, басымды құрбан қылсам да, сендерді құтқарар едім, бірақ қайтейін!..

Дәмеш көзінің жасына булығып, сөзінің артын бітірмей булығып тоқтады..

- Қалқам Дәмеш!

- Ау, әже!

- Сен білесің бе, бізге өлімнен құтылатын бір жол табылып отыр ғой..

- Әжетай, айтшы! Қолдан келетін іс болса, құтылып бағайын.

Тым болмаса өзіміз құтыла алмасақ, Таңсықты құтқарайық!..

- Оны істесек бәріміз де өлімнен құтыламыз.

- Айтшы, әжетай, айтшы!

Шырынкүл біраз күрмеліп отырды да, сөзін бастады.

- Қалқам, өткен жайдың несін айтайын, өзін де білесің, сені жасыңда күйеуге беріп қойып едік. Былтыр күйеуін өлді. Әменгерім деп қайнаған қатын үстіне алғысы келеді, мен де, әкен де төбе шашымыз тік тұрып сені айырып алуға жан салдық. Айналдырған төрт-бес қараны сыпырып байдан алған қалың малдың төлеуін бердік. Нақ сол күнде сені айырып алудан басқа біздің ойымызға ешнәрсе келмеді. Біздің бар тілегіміз сені теңіне қосып, қызығыңды көру еді. Бірақ Құдай онымызды қос көрмеген секілді. Біз тұңғыық жарға кез боп отырмыз. Бұдан шығудың амалын қарастырмасақ, бәріміздің де өлгеніміз. Бәріміз өлмей біріміз ғана әлейік десек, ортамыздан сені құрбан қылғалы отырмыз, сені сатқалы отырмыз!

- Әжетай, мен шынымен пұл болам ба? Мен пұл болып әжеттеріне жарасам, сендерді өлімнен алып қалатын болсам, мың жаным болса да қидым, мен садаға?

- Рас айтасың ба, қалқам!?!

- Рас айтам, әже, мен құрбандыққа әзір!

- Ендеше сені Тілеумағамбет тоқалдыққа сұрап отыр. Мал бермейді, үй ішімізді қыстан асырап қана шығады.

111

Дәмештің жүрегі мұздай боп, тұла бойы қалтырап қоя берді.
- Тілеумағамбет!

Тілеумағамбет алпысқа келген шал. Бай. Екі баласының еншісі басқа. Екі қатыны бар еді, тоқалы биыл жаз өлді. Апыр-ау өлейін деп отырып қызды қайтеді екен? Өзі өлгенше қатын үстіне болса да, балаларының біріне неге әпермейді екен?.. Болса да сатылатын болған соң, бір жас жігіттің душар болмауын қарашы!

Дәмеш отырған күйі қалшыып қатып қалды. Еніреп жылағысы келіп тығылса да әжесі ренжіп қала ма деп қысылып, тістеніп үнін шығармады. Көзден шұбырған ыстық жас үн-түнсіз бетін бояп, қойнына құйылып жатты..

Төр алдында жатқан мейман тіленші ыңырсыды. Түс көрді ме қалай, сандырақтап сөйледі:

- Әй, қатын, наның күйіп барады... Табадағы нанды ал! Маған бір үзіп берші, - деді.

- Нан!

Нан үшін жұрт не қылмай жатыр. Шұбырып кетіп жатыр, жүрегі үзіліп аштан қырылып жатыр! Әке-шешесі үшін құрбандыққа атап, Дәмеш сияқты қыздар құнсыз бәске сатылып жатыр!... Әй, аштық, қылдың-ау.

- Қалқам, Дәмеш! — деп Шырынқұлдың даусы қалтырап шықты.

- Әу, әжетай!

- Әлгіні қайтесің?

- Көндім, әже, көндім! Сендер үшін, жас нәресте Таңсық үшін бір түгіл мың басым болса да, қидым... Мен — құрбан! Мен аштықтың құрбаны!...

ҚЫЛМЫС

Қажығұмар ШАБДАНҰЛЫ
(романнан үзінді)

Рақымсыз ашаршылық бізді ұлар шу болып жылауымызға қарамай бүрді. «Қуаныш айтып» уатушылардың өздері де бүріліп, тыжырына әрең сөйлейтін болды. Әкеміз бен Бигелді мойындарына қоржын-қап артып ел кезді. Әркімнен қарыз астық сұрағанымен, жақын маңнан табыла қоймай, алысқа жортты. Әр күні кеткен жақтарына қарап тұрғанымызда екеуі екі таяқпен қалқак-

тап әрен жетіпті, үн-түнсіз құлап түседі. Олар тастай салған қап пен қоржынның бос екенін көре тұра көзіміз сенбей, қол сала тінтеміз. Түбінен кейде бір табақ кебек, иә, тарының қара талқаны шыға қалса, жайраңдап қаламыз. Табылмаған күндері, табанынан таусылып қайтқан екеуінше біз де солай жата қаламыз. Бір күні екеуі де ақсап таяқ сүйенішімен әрең жетті, десе де, кеберсіген еріндерінен күлкі байқата жетті. Екеуі бөліп көтерген екі пұттай шикі тары бар екен. Сол кеште тілмар Биғазы бізге қызық ертегі айтып берді. Бәріміз күлкімен болдық. Шешем де жасаңғырап қалғандай, ол ертекке жымыып қойып жүрді. Бұл шаттық қайнап жатқан шикі тары көженің буы еді. Айналырған бір пұт тары түс аумамай-ақ ақталып болды. Шешем ақталған тарының бір бөлігін шекер қосып жармалады да, жылап отырып бір дорбаға салды. Оны көрі әжеміздің бас жағына қойды. Қалған тарыны қоржынының бір басына, талқанын бір басына салып тігіп тастады. Енді бұл үйде отырып жерлік еш нәрсенің қалмағанын кішкене болсақ та бәріміз біліп алдық. Күн бата көрі әжеміз үнсіз жылап орнынан тұрды да, бәріміздің бетімізден сүйді. Әкем де, Бигелді де, тіпті, он жастағы Биғазы да мені мен Биғайшаның бетінен қайта-қайта сүйе берді. Биғаділдің маңдайынан шешем иіскеп, алдына дәмлі-дәмлі алды. Ымырт жамылған, май шам жағулы. Әкем таяқ ұстап, буыншағын арқасына салды да, Биғазыны жетектеп, алдымен шығып кетті. Әкем теріс қарап төсегінде жатыр: өне бойымен солқылдап, үнсіз жылап жатыр. Бигелді азық салынған қоржынды мойнына асты да, Биғаділді орап, аркалап шыға жөнелді. «Қайда барады, апа?» - дедім мен сонда ғана. «Шәуешекке барады, біз де барамыз, жылама, - деді шешем, - біз де қазір жүреміз». Мен мұнан соң «Шәуешек» дегеннің немене екенін, онда неге баратынымызды сұрай бердім: «Нағашым да бара ма? Камал тәтем де бара ма?». Менің сұрауларыма шешем жартымсыз ғана қысқа-қысқа жауап қайырып, бірденелерін буып-түйе берді. Ұйықтайтын уақыт әлдеқашан өтіп кетсе де, ұйқым келмеді. «Қыс ішінде қалай жетер екенбіз, ауру әкем қайтып жетер екен?» - деп тітірене ойланумен болдым.

ӘКЕМНЕН ЕСТІГЕНДЕРІМ

Әнуар ӘЛІМЖАНОВ

...Біздің ауыл Төрегелді деген байдың атымен аталған екен. Байдың таудан бастау алатын бұлақ пен өзендері бар екі жайылымы болған. Төрегелді Құлжаға көшіп кеткеннен кейін ауылдың атын «Үш қайың» деп, отырықшылдандыру басталған кезде «Қарлығаш» деп өзгертіпті. Алғашқы қарлығаш – бірінші колхоз дегені болса керек. Колхоздардың қалай ұйымдастырылғаны жайлы әкем әңгіме еткен емес. Ол жайлы әңгіме басталса түнеріп үндемей қалатын. «Қанша мал, қанша жан қырылды...»

- Олар не ғып қырылды? - деп сұраймын.

- Сен білмей-ақ қой! - деп кесіп тастайды. Қужақ казактарды түгел құртуды ойлаған. Ол кол-л-лективтендірмекші болды. Әлі күнге дейін тірі деседі, әлі тірі! Құдай жоқ, әділет жоқ деген осы да!..

Әкемнің мұндай ашулы кезін бұрын көрмеппін. – Голошекин атаман Анненковтан да, бұрынғы патша жазалаушыларынан да залымдығы мен зұлымдығы асқан жауыз болды. Голошекиннің қанішерлігіне тең келер адам болған емес. Қазақты сегіз жыл басқарған кезінде аштықтан қырылған, атылған қазақтың саны оншақты жылға созылған жоңғар басқыншылығындағы «Ақтабан шұбырындыдан да» сұмдық болды – дейтін. – Жоңғарлар соғыспен келді, олармен соғысуға, жерімізден қууға болатын еді. Халқымыз оларды соғысып қуды емес пе. Ал мынау Қужақ – өлім әкелген Әзірейіл болды. Тілі балдай тәтті, жұмсақ. Елді басқарған кезінде астанадан өте сирек шығатын. Кабинетінде отырып басқарып, елге нұсқаулары мен жөндеттерін жіберіп отырды. Барлық халықтың көсемі Сталиннің атынан тапсырма беріп отырды... Осындай сәттерде әкемнің ой түбіне жете алмай, бірнәрсенің шешімін таба алмаған жағдайын көргендей болатын едім. Осы әңгімелерді маған айтқан сайын, маған әкем сол кезде болған сол сұмдық оқиғалардың себебін енді тапқан сияқты болып көрінетін.

- Қаншама астық отқа өртелді, шіріді, тасып кетті?! Қанша мал қырылды!.. Малды қойшы? Жандар ше, адамдар қасірет шекті?! Өліктер шұңқырларда шіріді. Аш адамдар жол жағалап, жемтік жеді..

Тамтық қалдырмай тартып алды, соңғы лағын, бір уыс бидайға дейін тартып алды. Адамдарды ауылдан жырақ жерге жинап әлдері құрығанша аш ұстап дінкелетті. Киіз үйлерден

жасанды қалашықтар жасап, адамдарды жинап әкеліп оларды бірнеше күн күзетпен ұстап тұрды. Тамағы жоқ, киімсіз, көліксіз, отын-сусыз, құрал-саймансыз зорлап бала-шағасымен әкелінген адамдарды қысқа дейін ұстап өздері кетіп қалып жүрді...

Қужақ казак даласында «жаңа өмір» құрмақ болды, «казактарға шанышқы мен қасық ұстауды» үйретпек болды.

Елу мыңға жуық казак Балқаш құрылысы кезінде аштық пен індеттен өлді. Олардың сүйектері осы қаланың фундаментінің астында жатыр; жүздеген мың қазақтың қара жұмысшылары Қарағанды көмірін тездетіп өндіру мен жаңа шахталарды ашу жолында, жаңа рудниктердің құрылысында, Түрксібті салу кезінде тамақтың, дәрігерлік көмектің жетіспеушілігінен өлді..

Қазақтарды ең ауыр жер қазу жұмыстарына ақысыз, пұлсыз пайдаланған Голошекин (ол кезде адам құқы деген сөз болған жоқ қой), оларды малдан да төмен (малға да шөп пен су береді емес пе) қойды. Бұл жоғары нұсқаумен рұқсат етілген қазақты қыру саясаты болды. Осының алдында ғана, он алтыншы жылы теңдік талап етіп көтеріліске шыққан, он жетінші жылы өз үкіметі мен армиясын жасақтаған қазақты жоқ ету саясаты еді. Қужаққа екі миллион қазақтың өлімі түкке де тұрмайтын, тәйірі?! Оған айтқанынан шықпайтын құлдар...- әкем осы жерде бұл зұлматқа теңеу таба алмай ойланып қалды. Ол кезде геноцид дегенді, тарихтың қанды шежіресін ешкім білмейтін кез еді. Пол Поттың геноциды алда тұрды...

- Ол мақсатына жетті... - деп жалғастырды әкем. -Қазақтың даласы адамынан түгел айрылды.. Тірі қалғандар Ресейге, Сібірге, қалғандары өзбек, түркімен жағына, Иран, Түркия, Қытай мен Ауғанстанға босып кетті.

Отызыншы жылдардың екінші жартысынан бастап НКВД-ң қызметкерлері шетелге ауып кеткендердің туысқандарын ұстап, атып, казак интеллигенциясынан қалғандарды «жапон, түрік шпиондары», «пантүрікшілдер» деген айып тағып лагерлерге, түрмелерге тықты, атты... - деп терең күрсінген әкем біраз үнсіздіктен соң тағы да жалғастырды:

- Мұны саған неге айтып отырмын? Бұл зұлматты жүрегіңе салмақ еткім келмейді. Қажет деп тапсан, есейген соң білерсің..

...Қаһарлы қалың қарлы қыс болған сол жылы жұт басталды. Малсыз, тамақсыз қалған, көшейін десе не аты, өгізі, түйесі жоқ

адамдар өле бастады. Қар басқан ауылдар түгел қырылды. Қолдан жасалған, жан-жақтан айдап әкеліп «отырықшылдандырылған киіз үй қалаларының» жандары түгел өлді.. Тау жақтың адамдары аман қалды. Себебі ол жаққа бару НКВД-ң адамдары үшін әрі алыс, әрі қауіпсіз де емес болатын. «Қарлығаш» ауылының адамдары басқа жақпен салыстырғанда аз қырылып жартысы аман қалды. Көктемге қарай әкем Жақыпбекті ертіп жұмыс іздеп ауылдан кетеді. — Ананды ерте алмадым. Қиын кез, түгелдей жайлаған аштық пен індет. Баспана да жоқ. Сол кезде Түркісіб құрылысы біздің ауылдан 140 шақырым жерде Лепсі өзенінің Балқашқа құяр жерінде жүріп жатқан. Құрылысқа әлсіздіктен өлгендердің орнына жер қазушы боп орналастық. Тегін жұмыс қолы көп. Ауыр шпал, рельс, бөренелерді таситын адамдар қажет, тамақ берсе болды ғой біз үшін. Бір кесе көже үшін қара жұмысшылар ең ауыр жұмыстарды істеді, құлап қалғанша істеді. Құлап қалғандарды жинап алып, терең қарьерге тастап көме салатын.. Біз Жақыпбек екеуміз пар ат жеккен арбамен тас, қиыршық тас тасыдық. Бір күні жер қазушылар мен құрылысшылардың арасымен келе жатсам арқасында дорбасы бар, әбден шаршап келе жатқан бір әйелді көрдім. Қолында құшақтаған баласы бар, Тастарға сүрініп қабынып біреуді іздеп жүргенге ұқсайды. Аяғым қалтырап кетті, жүгіріп жанына жеттім.. Осы сөздерді айтқан әкем сәл ойланyp, сол кездерді есіне түсіріп кідіріп қалды. Көзінен байқаймын, сол бір көріністер ол үшін қайғылы ғана емес, ең қымбат кез болса керек..

- Білесің бе, сол әйелдің кім болғанын? — делі маған бұрылып қараған әкем. —Сенің шешен.. Қолында сен. Шөкімдейсің.. Ит өлген жерге сені құшақтап қалай жеткен? Әлі күнге дейін миым жетпейді. Мені көргені сол екен, түрінен арып, қалжырағаны бірден жоқ болып кетті.. Жадырап қуанғанын көрсен.. Мақтанышпен, қуанышпен жадыраған күйі сені маған ұсынып.

- Міне, көре ғой баланды! — деп иығынан дорбасын түсірді. Байқамай қолымен ілінген орамалы түсіп кетіп қою қара шашы арқасына түсіп кетті. Терең күрсініп, кеудеме сүйеніп көзінен қуаныштың жасы ыршып шықты. Шаршаған жұмысшылар бізге қарап қалыпты. Біздің қуанышымызды олар да бөлісіп жатқаны анық еді. Ол кездегі адамдардың шын ақниеттілігі, аш, жүдеу болса да ашықтығы ерекше еді ғой. Болашақта заман жақсы болады дегенге шын сенгендер еді ғой..

- Біздің үйдің жанында байланыс үйі болды, күнде телеграф шыға кіріп Морзе әліппесімен тоқылдатуды үйрендім.. Сүйтіп сол аймақтың бірінші телеграфшысы болдым...- Әкемнің дауысында өкініш те, мақтаныш та сезілетін.

Біздің стансаны Лепсі өзенінің атымен «Лепсі» деп қойды. Жер қазушылар мен жол салушылар әрі қарай келесі стансаларды салуға кеткенімен халықтың келуі тоқтамады. Жұмыс та жеткілікті болды — Сібірден тоқтамай құрылыс ағаштары, шпалдар, рельс, көмір тасымалы толастамады. Оларды вагоннан арбаға тиейміз. Түйе, өгіз, ат жеккен көлікпен оларды құрылысшыларға жеткізіп тұрдық. Аштық айдаған адамдар үлкен жолдарды айналшақтап келе берді. Кәмпеске, мал тәркісі, ұжымдастыру, екі жылға созылған голощекиндік «Кіші октябрь» қазақ даласына қырғын әкелді..

-Жабайы болып кеткен иттердің ұлығаны адамдардың өліктері бар екендігінің белгісі болды. Жалғыздап, топтап шұбырған, аштықтан әлсіреген, жүдеген адамдар қайтсем тірі қаламын деп стансаларға қалжырап жететін, - деп әкем әңгімесін жалғастырды. -Шешен оларға көмектесемін деп тыным таппайтын. Басқа әйелдермен бірге аш адамдарға тарату мақсатында быламық көже пісіріп көмектесті. Адамдар үйлердің көлеңкесінде, шарбақтардың жанында құлап өліп жатты. Кейбірі Алтайдан келе жатқан тауар вагондарға түсіп картоп пен астық ұрлағандары болды. Ондайларды сол жерде атып тастайтын, көмбейтін. Құм басып қалатын..

Қазақ тарихындағы ең зұлматты болған отыз екінші жыл да келіп қалған болатын.. Қаншама ауыл қаңырап бос қалды. Жол жиектері толған ағарып жатқан аштан өлген адам сүйектері. Аштыққа індет келіп қосылды (бір-бірінің серігі ғой). Ауру анаңа да келіп тиісті. Тамақ ішпегендіктен анам әлсіз болыпты, сол кезде аяғы ауыр екен.. Күні бұрын босанады, егіз екен. Нәрестелер екі күннен кейін көз жұмды, үшінші күні өзі де о дүниелік болды... — Әкем біразға дейін үндемей терезеге қарап жатты. «Ең өкініштісі, мен іссапарлық жұмыста жүрген кезімде төсек тартып құлапты» - Әкем ауыр күрсінді.

...Көз алдымда екі дәу тесіктен буы шыққан, шуылдаған демімен ауа жұтқан, кірпік ерінді бір дәу құбыжық тұр. Әрине мен ол кезде оның біздің шаңамыздан кейін келе жатқан жегілген өгіздің бірі екенін білмеймін. Өгіздің жылы лебі мені жылытқан

болар, сонымен бірге одан шыққан белгісіз иіс те әсер еткен болар. Одан жылжып ығысқым келеді, бірақ қозғала алмаймын. Сыртымнан көрпеге орап, оның сыртын киізбен қымтаған. Бүйіріме тақалған нәрсе ауыртқан болар, шыдамадым, айқайлап жібердім... Қайдан шыққаны белгісіз қалың қардың арасынан әкем сол заматта жетіп келді. Бүкіл бетін қырау мен мұз басқан, түрі үрейлі. Мені ұстап кеудесіне көтерді.

- Қандай жақсы болды жылағаның, балам. Жаратқанға рақмет! Енді болмағанда өгіздің аяғына түсер едің..

Сүйтсем, мен жылжып жылжып шананың артқы жиегіне келіп жерге түсуге сәл ғана қалыппын. Әкем мені көтеріп шанада жатқан бір кісілердің жанына салып арқанмен байлап қойды. Ол кезде қайдан білемін, кейін білдім, ол жатқандар менің өлген анам мен екі күн ғана өмір сүрген қос қарындасым екен..

Кейін білдім, анамның өлгені жайлы ауылға әкем хабар бере алмапты. Телеграф жоқ, Жақыпбекті алыс ауылға хабаршы етіп жіберу еш мағынасы жоқ тірлік еді. Анамның туыстары бәрі бір келе алмас еді, оның үстіне, ол кездегі жолдар қауіпсіз емес – ті. Қазақ жерінде «Кіші Октябрь» жүріп жатты.

Малсыз, нансыз – қазақтың өлімі оп-оңай болды. Әкем талай рет айтты, өзім де кейін көзім жетті, сол жылдары әрбір төрт қазақтың үшеуі өлді...

Жариялылық кезеңінде сол бір зұлматты жылдар жайлы сирек қалған мұрағат құжаттарын қараған сайын әкем айтқан бір әңгіме есіме түседі.

...Күндердің бірінде кең жол мен соқпақтардан жырақ жолмен, айдаладан құм арасынан бір шал келді. Денесі күнге қарайып, терілері шытынап жарылған, қу сүйек болған арық денесін жара қаптаған. Қолында ақ таяғы бар, басында тозығы жеткен малакай, бұтында қой терісінен тігілген құрақпен жамалған көн шалбар. Өзіне жақындаған адамдарға қарап әрең шыққан дауысымен:

- Аллатағала рахым етсін, балаларым мен немерелерімді құтқарыңдаршы.. Ана жерде қалды, жүре алмайды, жақын жерде.. Құтқарыңдаршы.. — Сөзін аяқтай алмады, құлап түсті. Аузына су тамызайын деп су әкелгенде, өліп қалыпты. Бір көлік алып, тағы бір жұмысшы екеуміз шал көрсеткен жаққа жүрдік. Бір шақырым жүргеннен кейін алдымызда ұшып жүрген қарғалар мен тазқара құстарды көрдік. Әкем де, қасындағы кісі де алғаш рет сол кезде бұрын-соңды бұл өлкеде болмаған тазқара құсын көріпті. Басқа

жақтан келгені анық. Сонда олар қазақ даласы өлік сасып жатқанын қалай сезген?

Құзғындар біздің келе жатқанымызды көріп, қорқатын түрі жоқ, асықпай жақын жерге барып қонды. Тоқ екендері көрініп тұр. Жерде шашылған өліктің денелері.. Талай өлікті көрген әкем мен қасындағы кісілер соны көргенде жүрегі айнып лоқсыпты. Ана құзғындарды атайын десе мылтықтары жоқ. Екеуі де үнсіз, екеуі де ішін кернеген ашуы мен кегін кімге арнайтынын білмеген. Бұл адамдардың малын, астығын тартып алып, елсіз айдалаға қаңғыртып жіберген кімдер, соның жауабын білмеген екеуі мәңгіріп біраз тұрады...

-Кеше ғана осы жолмен мал айдап өтті, астық тасып өткенін көрдім.. Мыналар... Бұл не болды!? Кім? Не үшін? — деген қасындағы адамға әкем еш жауап айта алмаған.

Осылай үнсіз тұрғанда, жүз қаламдай жерде бір жалғыз тазқараның икемсіз қозғалысын байқайды, әкем. Тазқара қанатын қағып бір-екі қадым жасайды, сосын жәй жүріп тағы жақындайды... Әкем құстың алдында бір нәрсенің қозғалатынын байқайды, кеткісі келеді, қашқысы келеді. Әкем жүгіріп барады. Барса, жасы он шамасында болар, мүмкін одан үлкен шығар.. жас бала. Аштықтан әлсіреген бала сандырақтап, әлсіз қолымен құзғынды қумак болады. Әкем айқай салып камшымен құсты қуып балаға қараса, о, сұмдық: баланың арқасының еттері киімімен коса жұлынған, қандары қатып қалған, сүйегі көрініп тұр. Бала ауырғанын сезбейді, естімейді, көзі ғана.. Көзі толған үрей..

Мына суретті 1994 жылы Суданда болған ашаршылық кезінде Кевин Картер деген фотограф түсірген. Осы суреті үшін ол ең жоғарғы марапат — Пултер сыйлығын алған. Суреттің тарихы мынадай: Кішкентай қыз баланың Судандағы аш адамдарға көмек көрсетіп жатқан Біріккен Ұлттар ұйымының лагеріне жетпек болып (1 шақырым) еңбектеп бара жатқан кезі. Балақанның артында оның өлімін күтіп отырған тазқара құс. Суретті түсіріп болған К.Картер ештеңе істемей, балаға көмек көрсетпей (тек тазқараны қуып жіберген) кетіп қалған. Баланың тағдыры не болғанын білмеген.. Екі өлімнің ортасында қалған баланың тағдырына араласпаған К. Картер кейін осы ісіне өкініп құса болып өзіне қол салып өлген.., (Фейсбуктан)



Әкем баланы арбаға дейін жеткізіпті, бірақ жете алмапты. Бала қолында өліпті..

Қас қарайғанша әкем мен қасындағылар әлгі шалдың балалары мен немерелерін жерлеген. Жерлеп болып өгіздерді арбаға қайта жегіп жатқанда станса жақтан мылтықтың дауысы (далада дауыс алысқа жетеді ғой) естіледі. Сосын тағы бірнеше рет, сосын жарқ ете қалған от көрініп, артынша айқай-шу тез басылыпты..

-Оншақты қаңғыған аштар пайда болыпты, тауар вагондарға түскен екен, жейтін тамақ іздеген ғой... Күзетшілер тез келіп, бәрін атып тастады.. Үндерін тез өшірді.. — депті Жакыпбек әкемнің не болды дегеніне, бетіне тіке қарамай.

- Арасындағы ұсталып қамалғандары да бар, бірақ олар тірі қалмас. Түрмеде олардың бәріне орын жете бермес. Бәрібір оларды бір жерде атып тастайды.. - Жакыпбектің мінезі сол кездерде өзгере бастады, айыптап отыр ма, ақтап отыр ма, түсініксіз, - делі әкем.

...Менің мемлекеттегі болашағымды ойлаған әкем өткен тарихты маған түгел айтпады. Талай рет күрсініп, әңгімелерін қысқа айтқан әкемнің сол ауыр жылдары Алматыға барған жалғыз сапары жайлы есімде.. Осы сапарынан қайтқан әкем үйге келгенде анамды өлім халінде көрген.

Алматыға оны телеграфшының куәлігін алып келуге Николай Сиротин жіберіпті. Морзе әліппесін білетіндігін дәлелдеген соң оған телеграфшы деген мамандықтың куәлігін береді екен.

Алматыға қасында НКВД-ң екі адамы және Голошекиннің жеке тапсырмасымен іссапарда болған крайкомның бір өкілімен барыпты. Қалаға полуторкамен түнде жетіп бір тәулік қана болыпты. Таңертең телеграфшылыққа емтихан тапсырады да, сосын әкемді сол күні қаланың үлкен залында өткен үлкен жиналысқа апарды. Мұндай үлкен залды әкем ешқашан көрмепті. Сол кездегі республиканың атқару комитетінің басшысы Елтай Ерназаровтың баяндамасынан әкемнің есінде қалғаны: «Кенес үкіметінің арқасында, көсеміміз Сталиннің басшылығымен және оның сенімді серігі жолдас Голошекиннің жетекшілігімен Қазақстан экономикалық және мәдени жағынан гүлденді. Мемлекетке бұрын-соңды болмаған көлемде астық пен ет тапсырды»..

Жиналыстан шыққаннан кейін әкем базарға барып маған және анама бірнәрселер алмақ болады. Екі квартал өткеннен кейін базар жаққа қаланың батыс және солтүстік жағынан киімдері алба-жұлба, әбден қалжыраған адамдардың шұбырып бара жатқанын көреді. Атты милиционерлер қамшымен және аттарының кеудесімен оларды жолдың жиегіне ығыстырып жүр. Адамдар құлап жатыр, кейбіреулер аттың аяғының астына түсуде, тұра алмағандары еңбектеп барады, қамшыдан қашып жатқан олар емес. Мұны көрген әкем аң-таң, түсінер емес. Бір қазақ шал, сірә қаланың адамы болса керек, аш қарияға бір үзім нан ұсынады. Бірақ, қамшылы, қылышты бір милиционер атының кеудесімен қалалық қарияны қағып жіберді. Нан ұстаған қария сол күйінде құлап қалады. Сол кезде әлсіреген, дауысы үзіліп шыққан «Нан!» деген дауысты естіген әкем жаңағы шалдың қолындағы нанға сол жердегі және бүкіл базарда тұрған аштардың тобыры түгел қарағандай көрініпті. Олар аш адамдарды жібермей тұрған милиционерлердің қоршауын бұзып, қос қолдарын созып: «Нан!.. Нан.. Нан!..» деп ыңыранған дауыстар әкемнің құлағында ұзақ тұрыпты.

Әкемнің басы айналып кетеді, базарға жетіп те қалыпты. Бірақ орнынан қозғала алмайды. Ол көшенің милиционерлер қоршаған жағында, аш адамдарды ұстап жүрген милиционерлер жағында қалып қойыпты. Милиция қала тұрғындарының «тыныштығын

сақтап» аштар мен қайыршылардан тазартып жүр екен. Бірінен соң бірі бірнеше пар ат жегілген арбалар келе бастаған. Милиционерлердің көмекшілері аштарды арбаға тиеп жатыр. Әлсіз, аш-жалаңаштықтан естері түгел емес адамдар неге бүйтіп жатқанын түсінбей жатса керек, еріксіз көнуде. Әлсіз жандарды бірінің үстіне бірін салып тиеп жатыр.

- Қанша арба тасыдың? - деген бір кісінің екіншісіне қойған сұрағын естиді әкем.

- Оны кім санапты?! Төгетін сай алыстау болып тұр. Жақын жерде бір терең сай бар. Өзі терең, әрі тік жар, шыға алмайды, сол жаққа апару керек бұларды. Асылған қазандары дайын. Өлген ит пен кірпіден дайындалған быламықты жесін. Түнде жинастырамыз.

- Білгеніңше істей бер, тезірек бітір! — деп жауап қайырды. Бастығы болса керек.

- Ертең тағы шұбырса кайтеміз..

- Ол сенің жұмысың емес. Шұбыртпаймыз.. Оларды қалаға жақындаған жерден дайындықпен күтіп аламыз. Тәулік бойы күзет бөлінді.

Мына сұмдықты көрген әкем, естігені тағы бар, есенгіреп біраз тұрады. Осылай селтиіп тұрған кезінде алдындағы терең лас сайдан өзіне қарап тұрған қорқынышқа толы көзді көреді. Жуан теректің тамырының артына тығылған, бір уыс болған жас бала тығылып отыр. Баланың денесі жара мен тыртық, денесі күнге қарайған, көрікті жас бала екені көрініп тұр. Кір басқан шөмеле шашында қылтық шөптер араласқан.. Бала орысша түсінеді-ау, жанағы әкем естіген сөздерді ол да естіген болар: енді оны қорқыныш билеп алып кете ме деп үрей қаптаған. Әкеме қарап тесілген көзінде «мені ұстап бере көрме» деген жалыныш тұр. Бұрынғыдан бетер сасқан әкем не істерін білмей абдырап, қандай қимыл жасасам деп тұрғанда:

- Не ғып қалшыып тұрсын, әй қырғыз!? Тайып тұр бұл жерден, әйтпесе мыналармен бірге тиіп жібереміз. Кім екеніңе қарамаймыз. Әлде бастықсың ба? Бәрібір, табаныңды жалтырат! - деген қаһарлы дауысқа қараған әкем бір салт аттыны көреді. Жаңағы тығылып тұрған баланы көріп қояр деп қорыққан әкем салт аттының алдынан шығып бұйдасынан ұстап оны кейін қарай жетектейді. Сол заматта қамшымен басына соғылған соққы оны жерге құлатады. Әкемді кездейсоқтық құтқарыпты. Жиналыстан шыққан әкемді артынша өзімен бірге келген НКВД қызметкеріне тауып кел деп жұмсаған екен. Сол қызметкер әкемді милицио-

нердің қолынан суырып алады.. Сол түні әкем өзі келген полутор-камен кері қайтады...

«...Кіші Октябрь» саясаты стратегиялық тұрғыдан алғанда үлкен соғыс алдындағы жоспар сияқты жан-жақты ойластырылған, майда-шұйдасына дейін ұйымдастырылған науқан болды. Оның әрбір кезеңі күзде, жиын-терін біткен соң, мал басының қысқа дайындығы біткен кезде басталып отырды. Алдын ала әрекет жасайтын аудандар белгіленіп отырды, ол жаққа жіберілетін билік өкілдері, НКВД қызметкерлері, қосымша милиция отрядтары мен қызыл казактар белгіленіп қойылды. Малы мен астығын тартып алған соң, адамдарды күні бұрын белгіленген жерлерге жинап олардан «ұжымдасқан киіз үйлер қалашығын» құрды. Айдалада боранды суықта, сусыз, тамақсыз, отын-көліксіз қалған «кала» тұрғындары ешқайда бара алмай, жете алмай сол «қалада» қырылды. Жан жағы аппақ қар, мидай дала, даланы кезген қасқырлар өз дегенін істеді. Мыңдаған тұрғындардан көктемге дейін жабайыланған ондаған адам ғана тірі қалды. Мұндай көріністер Алтайдан Зайсанға дейін, Қызылжар аймағында, Көкшетау мен Қостанай жерінде, Торғай мен Керекуде орын алды. Кездейсоқ тірі қалғандарының бірен-сараны Жетісуға, сол жақтағы Бөрібай мен Омарбек бастаған көтерілісшілерге жетіп қосылды. Қалғандары, күші жоқтары адамдар жүретін жолдарға жетпек болды..

Әбден қалжыраған, тоналған, қорланған Қазақ елінің тірі жандары түгелімен ұзын жолдарға қол жайып, қайыр сұрап шыққан сияқты еді. Бірақ, бір үзім нанның орнына оларды қамшы мен оқ күтіп тұрды... Қазақтар өз жерінде өздерімен бірге өмір сүріп жатқандарға жеккөрінішті халық болып көрініп, олар қазақ деген ұлттың құрып жойылып бара жатқанына селт етпей қарады. Ұлы далада осы адамдар бұл жерге келгелі бері, мұндай жағдай ешуақытта, бұған дейін де, кейін де болған емес.

Шыдамы таусылған далалықтар зорлық пен тонауға баруға мәжбүр болды. Бірақ, олар өзгенің дүниесін емес, өз дүниесін — өзінен тартып алынған малы мен киіз үйін, күзеті бар қоймаларда шіріп жатқан өз астығын қайтармақ болды. Бірақ алдынан тағы да оқ күзетіп тұрды, орыс казактарының қылышы, НКВД-н штыгы, оған қоса ұлттық жеккөрініш қоздырылып: «Қырғыздарды, қалбиттерді ұрыңдар! Олар сендердің дұшпандарың!» деген ұрандар көтерілді. Тіпті орысша «Распроклятые киргизы косят

наши травы!» деген частушкалар шығарылды. «Орыстан досын болса, айбалтан белінде жүрсін» деп қазақтар бірін бірі бекемдікке шақырды. Аштыққа ұшырағандардың көтерілістері бірінен соң бірі тұтанып, олар қазақтардың өз қанымен тұншықтырылды...

Ең үлкен көтеріліс Жетісуда орын алды. Көтерілісті басуға Алматыда жинақталған полктер жіберілді. Көтеріліске шыққандарды өз қанымен тұншықтырды. Ішкі қоршауды бұзған нашар қаруланған аштардың бір тобы Шыңжанға өтіп кетпекші болып еді. Бірақ алдына қойылған тосқауыл отрядтар олардың бірін де қалдырмай қырып салды. Солардың ішінде ерекше қатыгездікпен шекара отрядының жас инженері, пулеметші Коля Черный көзге түсіпті... (Бұл жас жігіт кейін Бас хатшы болған Н. Черненко болса керек. С.Ж.)...

«Познание» Повесть. «Шабьт» баспасы, 1994 жыл.

СОҢҒЫ ӨЛІК (Әңгімеден үзінді)

Есжан АЙНАБЕКОВ

...Ат, шаналы көлік мінген алты адамнан тұратын отряд асығулы еді. Қар жамылған меңіреу түзбен тартып келеді. Қаладан шыққалы екі күн. Жолай әлі бір тірі жанды жолықтырған жоқ. Жүздері қатулы. Көліктері болдырып, өздері де шаршаулы еді. Бір-біріне сирек тіл қатысады. Айтатын әңгімелері де жоқ. Сөздері санаулы. Кешелі бері жол бойы кездескен ауылдардан тірі пенде таппай әбден түңілулі. Қатты ойға кеткен сынайлы.

Макпалқара ат мінген еңгезердей, мұртты кісі жол бастаушы секілді. Суықтан беті домбығып кетіпті. Бір қыркадан асқан соң әлгі еңгезердей мұртты кісі тізгін тартты. Ат басын кері бұрып, камшысын жоғары көтерді.

- Аз ғана тыныс жасайық! Аттар да болдырды, - деді өзі аттан түсіп жатып. Бәрі ошарыла бірін-бірі кимелей тоқтасты. Аттардың белін босатып соңғы шанадағы көк балаусаға бос қойысты.

- Осы маңда ауыл болуға тиіс, - деді жол бастаушы, - Ендігі көп қалмаған шығар. Ымырт байланғанша сол ауылға жетіп жығылайық!

Өзгелері үндеген жоқ. Жол азықтарын алып үнсіз тамақтанды. Кеш түсе ауылдың төбесі көрінді. Бәрі де тіктелісіп, түзелісіп

отырды. Аттар да ауылға жақындап қалғанын сезінгендей жүрістерін ширатты.

- Ананы қара! Қасқыр... Қасқырды қара, - деп айқайлап жіберді бірінші шанада отырған жастау жігіт. Бәрі тоқтай қалысты. Макпалқара ат мінген жол бастаушы екінші шанаға жақындап:

- Мылтықты әперші, - деді.

- Өздері бес-алтау екен, - деді шанадағы кісі су жаңа бесатарды анаған ұсынып жатып.

- Мыналар қасқырға ұқсамайды. Қаңғып кеткен иттер ғой.

- Құтырып кеткен-ау, шамасы. Бізге шабатын сияқты ғой, - шанадағы кісі иттерге үрейлене қарап қойды. Бұл кезде көздері қанталаған он шақты ит жолаушыларды қоршап алған еді. Аттар оқыранып, кісінесті. Осы кезде үстемелете атылған мылтық үні айналаны жаңғыртып жіберді. Иттер қынсылап қаша жөнелді. Аңай жерде өз құйрығын өзі қауып дәу бір төбет айнала берді. Қынсылап жан дауысы шыққан төбет гүрс етіп құлады.

Алты адамдық шағын отряд ауыл шетіне келіп кіргенде қас қарайып қалған еді. Шеткі үйдің алдына келіп тоқтаған олар көліктердің жанына бір кісіні қалдырып қалғандары үйді-үйді аралай бастады.

Үйдің іші қараңғы екен. Ішке кірген кісілер есік аузында тұрып қалды.

- Кім бар-ау, - деп дауыстады біреуі.

Ешкім жауап қатпады. Осы кезде біреуі сіріңке жақты. Бөлме ішіне аз да болса жарық түсті.

- Төрге қарай жарық түсірші. Пеш жанында біреу жатқан секілді, - деді кісілердің бірі. Жарық қайта жанды.

Бұл жолы ешкі бөстектің үстінде өліп қалған кісіні бәрі көрді. Үстіне жапқан тоны сыпырылып қалыпты. Жанында жатқан тері дорбадан алты уыс арпа ақтарылып жатыр. Өліктің сол қолы төгілген арпаға сәл-ақ жетпей қалыпты.

ӨЗ КӨЗІММЕН КӨРДІМ...

Өтебай Қанахинның "Нәубет" кітабынан (Алматы, "Жалын" баспасы, 1990ж.) алынған бұл үзінді естелік иесінің көзімен көргендері, бастан кешкендері негізінде жазылған.

Мен қазір алпыстың бесеуіндемін. Ал енді сол бір тоғыз жасымда өзім және мен сияқтылар басынан кешкен, бүкіл елді

есінен тандырып, халықты — қалың қазақты зар илеткен, атаны баладан, баланы анадан, ініні ағадан, сінліні ападан, ағайынды туыстан, жақынды бауырдан жаппай айырып, неше миллион адамды — жасы бар, кәрісі бар, ересегі бар, балғыны бар, ұлы бар, қызы бар, емшектегі баласы бар, жаңа талпынып аяғын қаз-каз басқан сәбиі бар, өмірге көзін жаңа ғана ашқан бесондардағы бүлдіршіні бар — бәрі де тек қана қазақтар — Қазақстанда 1931-33 жылдары, яғни, үш жыл қатарынан болған жаппай ашаршылық, соның салдарынан қазақтардың батыста да, шығыста да, терістікте де, түстікте де топалаң тиген қойдан бетер қырылғаны, солардың қалың ортасында тоғыз жастағы өзімнің болғаным, сол көп қырғынның ішінде әлдеқалай тірі қалғаным есіме түсіп, жанды сурет боп елес бергенде, тұтас бір халықты жер бетінен құртып жіберудің аз-ақ алдында қалған шексіз қасіретке душар етушілікті кімдерден көрерімді, кімдерден сұрарымды, кімдерге қарғыс, мың да бір лағнет айтарымды білмей зығырданым кайнап, ашынған ашудан қос жұдырығым бірдей өз-өзінен түйіліп, шемен боп қатқан кешірімсіз кектен (қымыран ірімейді, кек шірімейді) көзімнің алды бұлдырап, кей-кейде жынданып кете жаздаймын...

...“Жетім бала ерте есейеді” деген рас, білем: үй ықтап, ауыл аралап күнкөріс қылған менің сол кездегілерім күні кешегідей әлі жадымда, көз алдымда, ұмытылар, көмескіленер емес...

Күзге салым колхоздастыру науқаны біздің жақта да қызып бір берді дейсің. Дігерді сала, елдің апшысын қуыра құйындатып келіп, шандатып кететін, шетінен әкірең өкілдердің аузындағы ұраны: “Жаппай колхоз!” Олардың ауылдағы қолшоқпары шалақ белсенділер: “Не колхозға кіресің, не көрге кіресің!” деп момын қазақты жаналқымға алды; жұртты, тоғытқа айдаған қойдан бетер тықсырып, колхозға күштеп, зорлап тықты. Өкіл: “Ортаға түспеген бір мал қалмасын!” деп қарапайым қазақтың апшысын қуырса, олардың жандайшап итаршылары — солақай белсенділер: “Белдеуде бұзау қалмасын!” деп ақикөзденіп, ауыл біткенді бықырт тигендей қылды. (“Өкіл келмейді, ылаң келеді”, “Белсенді келді — береке кетті” деген нақыл сөздер ел арасында сол кезде пайда болды).

Сорлы елге кілен бір мінезі содыр, көкірегі көрсоқыр әкімдер мен өкілдер тап болып, оларға өз іштерінен аш бөрідей жалаңданаған жалған белсенділер қосылып, жұрт күзге қарай аша тұяқ атаулыдан ада болды; күштеп төрт түлік түгелдей ортаға салынды. Сол

кезде шыққан мына бір шумақ өлеңді мен осы күнге шейін ұмытқан жоқпын:

Сталин көсем, кайдасың?

Белсенді салды найзасын.

Соңғы лақты тартып ап,

Асырды-ау нәлет айласың?!

Қос санды қоса білмейтін, алты әріпті ажырата алмайтын, бұрындары күндерін көре алмай жүрген жатыпшыер жалқаулар, қой баға алмайтын қотыраштар аяқ астынан өкіметтің елдегі тірегі — белсенді боп шыға келді. Әкімдер мен өкілдердің алдап арқадан қаққанына мәз болған өңкей желік, сауысқанша шықылықтаған олар халықтың жай-күйімен санасу дегенді білген емес, бар көксегендері — әкімдер мен өкілдердің көңілінен шығу; ал олар, әкімдер мен өкілдер болса — жоғарғы жақтағыларға қайткенде де жағыну, сөйтіп, үлкенірек мансапка қолын жеткізу... Мұндайлардың пірі — “аспанда бір құдай, жерде бір құдай” атанған сол кездегі Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Ф.Голошкекин...

Сол тұста не көп — шаруаға салатын салық көп: ет, жүн, май, тері-терсекті айтпағанда, сүйек салығы, мүйіз-тұқай салығы, тіпті ит терісінің салығына шейін (неге керек екенін бір құдайдың өзі білсін) болғаны әлі есімде. Әкімдер мен өкілдер: “Ет керек”, “Жүн керек”, “Май керек”, “Сүт керек”, “Астық керек”, “Бәрін де орындау керек!” деп ұрандатқанды ғана білді. Жоспар біткенді асыра орындаймыз деп жанталасқан олардың және жергілікті белсенділердің аузындағы сөзі: “жерден қаз, көктен сау — бәрін тап!” немесе “Қайдан тапсаң, одан тап: қаптың түбін қак!”. Зіркілдеген өкілдердің зорлап, қару асынған милициямен қорқытып кедейдің жалғыз сиырын етке тапсырттырғанын көзім көрді. Әлгі байғұстың: “Енді қатын-балам аштан өлетін болды ғой!” — деп еңірегенде етегі жасқа толды. Оған қарап жатқан өкіл мен милиция жоқ...

Кім көп, өкіл көп. Әсіресе, басында қара былғарыдан тігілген, маңдайына қызыл жұлдыз қадаған фуражжасы бар, үстінде жырық етек әскери көне шинель, бұтында қара бура сан әскери шалбар, шыжыған ыстықта аяғына ақ байпак киген бір өкіл келді ауданнан. Келісімен ол қарапайым халықты бықырт тигендей қылды. Қымс етсе: “Жабам!”, “Соттатам!”, “Айдатам!”, “Атам!”, “Контра!”, “Апартон!..” деп айқайды салып, халықтың басына әңгіртаяқ ойнатқанды ғана білді.

Ауданнан шыққан ақ байпақ,

Келген екен ел байқап,

“Жапқызам да атқызам!” -

Айтар сөзі бас шайқап, - деген бір шумақ өлеңді біздің елдің казактары күні бүгінге шейін ұмытпаған.

“Ақ байпақ” келген бойдан ана салықты төлемедіндер, мына салықты өтемедіндер деп бір топ кара шаруаны мешітке апарып камайды. Сыртынан құлыптап, кілтін қалтасына салады да, жайына кетеді. Содан ертеңгісін қамалған байғұстар мешітке түнеп шығуға мәжбүр болады. Келесі күні де ешкім бұларға есік ашпайды. Шөлден қаталағаны, қарындары қатты шұрқырағандары өз алдына, бұлар да өзекті жан болғасын, ұлылы-кішілі дәреттер қыштағаны бәрінен де жаман болады, жандарына қатты батады. Үшінші тәулікке қарағанда барып бірқора адамды мешітке қамап кеткені “ақ байпақтың” есіне түсіп, милиционерлерін жіберіп есікті ашқызады. Қанына қарайған жұрт “ақ байпақтың” өзі болғанда түтіп жібергілері келіп тұрса да, қару асынған милициядан қаймығып, қорқады да, іштерінен тынып, үн-түнсіз үйлеріне тарасады. “Ол кездегі “ақ байпақтың” қаһарынан кара тас балқуға бар еді...” - дейді казір көзі тірі қариялар.

Күні бүгінге шейін біздің жақта нағашылы-жиенді немесе құрдастар қалжыңдаса қалса: “Сенің әкең мешітке с...” немесе “Сенің атаң мешітке т...”, “Ал сенің әне бір аған ше? Ол осы екеуін де істеген...” деп бірін-бірі мінеп-шенеп, қалжындап қағытқанды қоймай келеді.

Ортаға салынған мал күн санап құлдырай бастады: етке тапсыру, қызыл керуен жөнелту, қасапқа өткізу, шетелдердегі ашыққандар мен тарыққандарға жәрдем көрсету, ит-құс әкетті, өлді-житті т.т. себеп-сылтаулармен қысқа қарай колхозда аша тұяқ атаулыдан ада бола бастады. Жұрттың қолында тігерге тұяқ қалған жоқ, екібастан. Сол тұстары елге шыққан уәкілдер: “Өкімет сендерді аштан өлтірмейді, қыс бойы предпәміш беріп асырап шығады”, - деп көпті алдарқатқан болды. Қарапайым қараңғы халық та бір - алдағанға көне салатын есі кірмеген бала да бір емес пе: кедей-шаруа соған кәдімгідей сеніп, жалданып, көңілдері өсіп қалды.

Қыс түсіп, қар бірер жауғаннан кейін жұрт аштан қырылып бара жатқан соң, қолдарындағы тығып ұстаған бірлі-жарым қарасын жасырын түрде жаппай союға кірісті. Қолы жеткендері ортадағыға да ауызды салып бакты. Өкілдердің бәрі жарылқаймыз

деп кеткен продпомоштың қарасы көрінбей-ақ қойды. Қыс ортасына таман жаппай ашыққан халық тері, көн, тулак жей бастады. Олары қаншаға жетсін, ғасырлар бойы малмен ғана күнелтіп келген, қолынан малы шықса жаны қоса шығатын қалың казак қыстың бел ортасында аштықтан ісіп-кеуіп жаппай қырыла бастады. Аштық ел ішін обадай жайлады: күнелтіс-талғауыт таппай әр төбенің бауырында аштан өліп сұлап жатқан қисапсыз халық - әйел-еркек, кемпір-шал, бала-шаға аралас... Кедейдің қашан да күні қаран: ең алдымен, солар, солардан от басындағылар аштықтан жаппай қырылды (қайғы-қасіретке толы сол бір тұста қаншама казактың сүйегі итжемеле көмусіз қалмады дейсін).

Ел тұнығы шайқалып, басына айықпас кара бұлт төніп, казак алмағайып аса бір ауыр кезеңге тап болды. Бүкіл халықты есінен тандырған зұлмат - қай жер, қай халық, қай ел болмасын, ең басты байлығы - адамдарын қынадай қырған жаппай ашаршылық атты тажалмен тең нәубет төнді ел басына: әсіресе соры әбден қайнаған кара шаруа шыға алмастай тығырыққа біржола тірелді. Запыран жұтқан аш халықтың - қарапайым шаруа казактың сол тұста зарын тындар ешкім, тірі жан табылмай-ақ қойды.



Барар жер, басар тауы жоқ: осы елге ең жақын қаласымақ - аудан орталығының өзі бұл өлкеден 160 шақырым қашықтықта жатыр; аудан орталығынан темір жолға шейін 170 километр. Түстіктегі Арал қаласына жету үшін де 200 шақырымдай жол жүру керек. Қатыгез әкімдер, әумесер өкілдер мен безбүйрек белсенділерден әбден ығыр болған бір тайпа ел, аштан өлгені өліп, бірлі-жарым тірі қалғаны тоз-тоз болып бет-бетіне босып кетті. Жол біткеннің бәрі аштыққа ұшырап, шұбырған аш-арық (сол жыл-

дары Ырғыз өлкесінде бір семьяны аштықтан алып қалу қалың жаудың бетін қайтарғанмен бірдей болды). Далбасамен темір жол басындағы Шалқарға не Аралға жетіп жығылмақ боп жаяулап-жалпылап, кішкентай сәбилерін арқалап, жүруге жарайтын балаларын қолдарынан жетектеп босып бара жатқан бұларды ұстау, қамау, айдау, аруды ғана білген қыр да жой милиция арттарынан қуып жетіп: “Колхоздан қашып бара жатқан жаусындар!” - деп бораған оқтың астына алып, қан жоса етіп қырып салады. Сол бір қанды қырғыннан кездейсоқ тірі қалған, қолға түскеннен кейін айдалып барып елге аман оралған бірлі-жарым көзі тірі қариялар сондағы зұлымдықтар мен жауыздықтарды еңкілдеп жылап отырып айтқанда, адамның жаны түршігеді.

Осының алдындағы бір есімде қалғаны: 1931 жылы ашаршылық, әсіресе, Торғай, Қостанай жағында қатты болды. Қыстың көзі қырауда жаяулап-жалпылап босқан ол жақтың адамдары – кілең қазақтар: “Өзіміз өлсек те, балаларымыз аман қалсын”, - деп ұл-қыздарын көрінген үйге тастап кетіп жатты. Перзентін жанынан артық көретін қазақтың мұндайға баруы, бейтаныс қаймана біреулерге бауыр еті баласын көзі қиып, сұраусыз тастап кетуі – шыға алмастай тығырыққа мықтап тірелгенде, алдан үміт әбден үзілгенде ғана болатын пұшаймандық, шарасыздық.

Ол жылы біздің елдің тоғы әлі онша көп шайқала қойған жоқтың. Бұлардың сор кепешін келер жылы, яғни, қорқытып-үркітудің, қарудың күшімен жаппай колхоз болып, төрт түлікті түгелдей ортаға өткізген соң, 1932 жылы кидік, аузын арандай аш-қан ашаршылық бізге де жетті, шалғысын сүйретіп.

...Етек-жеңім ырым-жырым мен, жетім күшікке ұқсап, түртінектеп, быламығы, аталасы бар үйдің (ет, май, көже, сөк, нан, сүзбе, құрт, ірімшік, жент дегендер көзден бір-бір ұшқан) босағасынан шықпаймын мөлііп. Бірер қасық бірдеңе бергенше, үйдің адамдарына көзімді сатып пештің түбінде тіленіп қыл-қиып отырып аламын (аштық ұятты білген бе?). Сосын көне киіз, көржер жатқан пештің есік жақтағы қуысына барып түнеп шығамын. Дірдек қағып бүрсендеген күйім осылайша ауыл кеземін, түтін аңдымын. Күн санап ондай үйлер де азая бастады. Бір күн, кейде қатарынан екі күн бойы дым сызбайтын ауыр жағдайға да душар болып жүрдім. Ақырында шер көкірек қу жетімдік әбден титықтатып, аштан әлім бітіп, көзім қарауытып, есім бірде кірсе, бірде кірмей, тек кірпігім ғана қимылдап, бас сауғалап басқа бір жаққа көшіп кеткен үйдің тастанды күшігіне ұқсап, құрым киізінің

ортасында кірпігім ғана қимылдап, шала-жансар жатқан жерімнен ересек біреулердің тауып алып, сыртта тұрған шанаға апарып салғанын, үстіме киіз жауып тастағанын еміс-еміс білем...

Беріректе барып мұның анығына жеттім: әлгілер аштықтан жаппай қырылып жатқан қазақ ауылдарына шығып, ең болмаса, халықтың болашағын – тірі қалған балаларын аман алып қалу үшін қыстау-қыстауды аралап жүріп, шанаға тиіп панасыздар үйіне тасуға, орналастыруға аттанған комсомол жасақтары екен.

Жолда бір жерге тоқтап, бірер ұрттам ыстық ас бергенде барып есімді жидым. Біраздан соң қайтадан жолға шықтық. Нәр татып, аздап әл шақырған соң бізді алып келе жатқан екі жігіттің өзара әңгімесіне құлақ қойдым. Сонда халықтың қазіргі мүшкіл халін, қазақтардың аштықтан шыбыннан бетер жаппай қырылып жатқанын егіле айтқанда, біреуінің еңкілдеп тұрып жылап жібергені әлі күнге дейін көз алдымда.

...Бір қыстаудың есігін қар басып қалғанын көріп, біреуі күрпінкі күрекпен аршып үйге кіреді. Ортасын нар пешпен бөлген кең зілмәңкенің әр бұрышында, қазандықтың алдында, естирлау бірнешеуі есіктің алдында аштан өліп жатқан балаларды көреді: бәрі де қылқан кескендей, санағанда он бір болып шығады. Есік қарға кептеліп тұрғандықтан, жаңағы он бір баланың бірде-біреуі сыртқа шыға алмай, аштан бұралып жатқан-жатқан жерінде жан тапсырады. Ертерек өліп қалған бұлардың әкесі мен шешесінің сүйегі де сол жерден табылады.

Осының бәрін егіле отырып, делбе ұстаған серігіне айтқанда, әлгі екі жігіттің екеуі де еңіреп тұрып жылап жіберді; біразға дейін иіндер селкілдеп, көздерін жеңдерімен алма-кезек сүрте берді. Аққұбаша келген, сұңғақ бойлысы: “Бұл не сұмдық? Не боп барады?! Мұны қалай түсінуге болады!” - деп, күнірене күрсінгенде көкірегі қарс айырылғандай болды. Тағы бір байқағаным, қалқанды шанадағы нән киіздің астында (біреудің туырлығы болуы керек) менен басқа да біраз бала жатқанға ұқсайды; кеуделерінде жаны болғанымен, көбісі бастарын көтере алмай, әлсіз ғана аянышты ыңырсыды. Бізді қалаға әкелгенше, шанадағы тоғыз баладан бесеуіміз-ақ қалдық: аштық өтіп кеткен төртеуі панасыз балалар үйіне жете алмай, жарты жолда мәңгілікке көз жұмды...

Басқа жерде қандай болғанын білмеймін, бәрімізді орналас-тырған Ырғыздағы (Ақтөбе облысы) панасыз балалар үйі де бізді өгей қабақпен қарсы алды: төсек-орын атымен жоқ, еденге жайған

киіздің үстіне жатамыз және сондай бір киізді жамыламыз. Көпшік дегенді білмейміз. Былай да өлермен болып жеткен — бастары қауғадай, шеке тамырлары білемдей, мойындары ырғайдай, қарындары кабактай, қабырғалары ырсиған, қол-аяғы шидей шілбиген аш-арық балаларды өріп жүрген қандала жабыла шаққанда кейде түн бойы көз ілмей шығамыз. Биттеп-құрттауымыз шегіне жеткен. Шашы едірейіп өсіп кеткен, ауру-сырқаулау алты-жетідегі бір баланы құжынаған, шашының әр талының түбінде дерлік бірі кіріп, бірі шығып өріп жүрген бит жеп өлтіргенін өз көзіммен көрдім.

Балалар үйіне деп әкеле жатқан ұнға жолда аш кірешілер тұз қосып, соның салмағындай ұнды ұрлайды. Сор татыған нан жеп, тұзы удай ашы быламық ішкеннен кейін біздің ішіміз өтіп, шетімізден ісіп-кебе бастады; өлім-жітім де аз болған жоқ...

...Қыстың ұзақ түніне аш-арық баланың қуығы қалай шыдасын: таң алдында түзге шықтым. Дәретхана деп оның қасында сонан аумайтын, жазда үй ақтау үшін әк сақтаған жұқа тақтай-қойманың есігін ашып қалғанымда, отынға жаққалы дайындаған сексеуілге ұқсатып, төбеге жеткізе қалап қойған өзім құралпы, кейбірі менен де кішкентай балалардың тырдай жалаңаш өлі денелерін көргенде, зәрем ұшқаны сонша, табанда құлап қалыппын. Арғы жағында не болғанын білмеймін. Есі-құсым жоқ, талып жатқан жерімнен біреулер көтеріп ішке кіргізе керек...

Қардың үстінде ұзағырақ жатып қалың суық тигізіп алдым білем, содан мен ауырдым. Ауруханаға түстім. Бір керуетте аяқта-сып, екі-екіден төрт бала жатамыз. Бөлменің іші азынап тұр. Сырт киімімізді шешу дегенді білмейміз: бас, аяқ киіміміз де сондай.

Менің бағыма, Қаракөлде бізді оқытқан мұғалім сол панасыз балалар үйінде тәрбиеші болып істейді екен. Ол кісі сонда сабақтан соң мені алып қалатын. Оңаша отырып маған талай қиссаларды айтқызып, өзі сүйсіне тыңдаушы еді. Ағай мені бірден танып: “Жырау бала, бар екенсің ғой!” — деп мүсіркей арқамнан қакты. — Аштан өліп қалмай, тірі жетіпсің. Бағың ашылар! Аяқ астынан қамқоршы табылды. Бірақ ол кісіні көп ұзамай мектепке ауыстырды. Кетер алдында әлгі ағайдың мені әдейі іздеп келмесі бар ма. Қолымнан жетелеп қоймаға ертіп барды да, үстімдегі бит өріп жүрген шокпытымды тастатып, үр жаңа көйлек-ыштан, жейде, шалбар, шолақ пальто, құлақшын, байпақ, қолғапқа шейін алып берді.

Ауруханада жатқанда осы киімдерім, әсіресе, байпағым, пальтом, құлақшын, қолғабым жанымды алып қалды. Нендей дерт екенін білмеймін, жаңа ғана сүт ішіп, нан жеп отырған бала, окыс қисая кетіп, қылғына қырылдайды да, көзі ақшандап жүріп кете береді. Менімен бір керуетте жатқан бес бала осылайша қайтыс болды. Ересек адам былай тұрсын, кішкентай баланың да көре берсе, өлімге, өлікке де еті үйреніп кетеді білем: қасымдағы балалар бірінен соң бірі өліп жатса да, мен онша көп үрейленбеген болсам керек. Сосын өткен соғыста да солай болды: өлердей қалжырап, бір жағынан ұйқы қысып, қараңғы түнде қалың қарды кеулеп жата кеткенде, томар екен деп басыңа жастанғаның ертеңіне біреудің қатып қалған өлігі болып шығады...

Жазғытұрым ауруханадан шығатын болдым. Киімімді беріп жатқан орта жастағы бір қазақ әйелінің көзінде жас тұрды. “Апай, неге жылайсыз?” — дедім. Сонда ол кісі көз жасы арасынан: “Мен осы палатаға (патша заманында солдаттарға арнап салған нән бөлмелер ғой) нәңкі (нянька, С.Ж.) боп келген төрт айдың ішінде мұнда түскен елу жеті баладан әне бір-екеуің-ақ тірі кетіп бара жатырсыңдар... Өмірлерің ұзақ болады екен”, — деп өксігін баса алмай. Менімен бірге жазылып шыққан әлгі бала зінгіттей жігіт болып өсіп-ақ еді, бірақ өткендегі қанды қырғын соғыстан қайтады; сүйегі Германия жерінде біржола қалған көрінеді...

Емшектен шыққаннан кейін тал бойына нәр, күш-қуат, жас ағзаның өсіп жетілуіне күнбе-күн керек құдіреттің бәрін беретін ағарған: сүт, айран, қатық, сары май, жас ет, жуабас салып, құрт езген жас сорпа, жаңа сойылған малдың қара қуырдағы, майы тамған шұжық; сүзбе қатқан тары немесе бидай көже, қасық тік тұратын қою ботка; тілді үйірген ірімшік, құрт, сарысу, жент; су сұрасаң езіп бере қоятын артылған айранның мәйегі — ақ сүзбе, ашыған көже, ақтаған тары, сүт татыған сөк — бәрі-бәрі көзден бір-бір ұшып, бірден былжыраған қара нан, қатықсыз дерлік қара быламық, сүтсіз қара шайға ғана қарап қалған, мұнда әбден әлсіреп жеткен кілең ғана қылқандай қазақ балаларына неше түрлі аурулар жабысып, жетім балалар үйіне аман жеткендеріміз де қынадай қырыла бастадык...

Аштық, ауру титықтатқан мен жазға салым құрғұлақ болып тағы да ауырдым. Тісімнің қызыл еті талаурай ісіп, аузымды дұрыстап жабудан қалдым. Сөйлегенде күрек тістерім әрлі-берлі қозғалып тұрады; азу тісіме бірдене басу мүмкін емес, қан қақсайды. Өлген екенмін дедім. Менен төрт-бес жас үлкендігі



бар бізбен аталас, ауылда кой-қозы мен ешкі-лақты бірге бағысқан ересектеу бір бала (әттен, атын ұмыттым) даладан жуа теріп әкеп беріп, жанымды аман алып қалды. Бірдеңені талмаудың өзі күш болып жатқан маған ол әдепкіде көк жуаны өзі шайнап аузыма салуға дейін барды. Мен сол күйі жұтқанды ғана білем. Сөйтіп, әлгі мың жасағыр жақыным, күнде құм арасынан жуа теріп әкеліп беріп, бетімді бері қаратты.

Жаз шыға енді оларға өзім де ілесетін, еретін болдым. Сонда қаланың түскей жақ шетіндегі “Итмола” деп аталатын тұстағы

бұрын кірпіш басу үшін балшық алған әлденеше нән апандардың ішінде үйген тезекке ұқсап, кішкентай балалардың қос жұдырықтай ғана бас сүйегінің үйіліп жатқанын көрдім...

Бақсам, қыстыгүні өлген панасыз балалар үйіндегілерді, тоң боп қатып қалған жерді қазып көме алмай, апандағы қалын қардың астына тастай берген, тастай берген...

Өзім аяғыма жалынып қалаға алғаш шыққандағы көргендерім: ана көшеде аштан өліп жатқан шал, мына бұрышта аштан бұралып аянышты ыңырсыған өлім аузындағы кемпір, келесі бір қайырылыста терісі сүйегіне жабысқан кішкентай баласын алдына алып қайыр сұрап отырған әйел...Жуа тере барғанда құмның етегіндегі құдықтың басында аштан өліп қалған арыстай бір дәу жігітті өз көзіммен көрдім...

Жаз бойы жуа, сарымсақ, көсік теруге шығып, құмның ішін шарлап жүргенде, біз кез-келген жерде, әсіресе, темір жолы бар қалаға Шалқарға апаратын үлкен жолдың екі қапталында да қалай болса солай, шашылып жатқан ересек адамдар мен жас балалардың қаңқаларын, қурап қалған сүйегін сондай көп ұшыраттық...

Есіме түссе күні бүгінге шейін жанымды суылдататын бір сұмдық көрініске сол құм арасында тап болдым: сақал-мұрты өсіп кеткен бір орта жастағы кісі, екі қолын алдына созып жіберіп, етпетінен түсіп өліп жатыр екен. Біраз жер еңбектепті. “Неге бүйтті екен?” деп мен ілгеріге көз жіберіп едім, анадай жерде қақпанға түскен балпақ тышқанды көрдім. Ол да өліп қалыпты. Қақпанға артқы аяғынан ілініп, ол жан тәсіліммен біраз жерге шейін қашқанға ұқсайды. Мына сорлы, аштық титықтатқаны сонша, сол тышқанға жетуге әлі болмай жан тапсырған...

Және бір есімде қалғаны, анық білетінім: балалар үйі орналасқан қалада тұратын Грошев дейтін көпес көзі қарауытып, аштан бұралып қорасына кірген казак жігітін табанда атып тастайды. Жазықсыз жанды неге өлтірдің деп сұрап жатқан ешкім болмайды... Бакшама түсті деп бір жақтан айдалып келген Нұри деген түрік тағы бір аш қазақты атып тастайды. Ол да жауапқа тартылған жоқ. Сонда аш қазақ та бір, бұралқы ит те бір болған ол кезде.

Сол кезде біздің аудан “Мемлекетке ет тапсыру жоспарын 125 процент орындады!” деп жергілікті ғана емес, облыстық, тіпті астаналық газеттердің өзі қазақ және орыс тілінде, екі езуі бірдей көпіре, шулап жатыпты... Сол бір халық басына түскен сұмдық трагедиядан – қазақ даласында коллективтендіру саясатын теріс жүргізудің салдарынан болған жаппай аштықтан кездейсоқ тірі қалып, бауырымды көтере бергенде армияға алынып, сұрапыл соғыстың қанды қырғынынан да аман-есен елге қайтып оралған мен университеттің соңғы курсына оқып жүріп, диплом жұмысын жазбақ боп көне басылымдарды қарағанда, ақтарғанда барып мұның үстінен түстім...

Жоғарыда жазғандарым менің – тоғыз жасар жетімектің – сол жылдары өз басынан кешкендері, өз көзімен көрген сұмдықтары, сонша жылдардан кейін есімде қалғандары ғана... Сол кездегі біздің ауыл сияқты қазақтың мындаған ауылдарында, жүздеген аудандары мен ондаған облыстарында не болып, не қойғанын бір құдайдан басқа ешкім білмейді, ешқандай із, мағлұмат, дерек қалмаған, сақталмаған. Бәрі де беймәлім.

Адам жаны төзгісіз, естіген құлақ тұнарлық, көрген көз соқыр боп қаларлық, езіліп-егілмей, көзіне жас алмай айту, әсіресе, қағазға түсіру әсте мүмкін емес мұндай сорақылықтар мен оспалдарсыздықтардың, жалаң өктемдік пен асыра сілтеушіліктің, адамды ит құрлы көрмеудің, заң атаулыны аяққа басып, ар-

ождан, адамның жеке басын құрметтеу, әділдік, шындық, жанашырлық, мейірім-қайырым, қамқорлық атаулының бәрін көзіне ілмеудің, бәріне де пысқырып та қарамаудың зардабынан сол бір бүкіл халықтың мандайына сор боп жабысқан, қазақ атаулы жер бетінен біржола құрып, аты өшудің аз-ақ алдында қалған үш жылдың – 1931, 1932, 1933 жылдардың ішінде жаппай аштықтан (бү дүниеде не жаман – ашаршылық жаман) қаншама қазақтың қырылғанын, әсіресе, халықтың болашағы – қаншама жас сәбидің, балалардың жарық дүниеге келіп, көздерін ашар-ашпастан аштан бұралып, мың-миллиондап сондай бір аянышты жағдайда жан тапсырғанын солардың жалпы санын қандай құдырет күштің де есебінен жаңылмай түгел санап шығуы әкіталай... Ал ресми статистика бұл жөнінде жұмған аузын ашқан емес, тірі де ашар ма?! Соншама ғұмырдың ешбір сұраусыз кетуін, жоқтаушысының табылмауын қалай деп түсінуге болады?! Бұл не өзі сонда?!

Сол бір зымыстан кезеңді бастан кешіп, небір сұмдықтарын көзбен көріп кездейсоқ тірі қалған мен соның бәріне қазіргі азаматтың көзімен қарап, бүгінгі күн биігінен бағалар болсам, сол бір жаппай ашаршылықтың қолдан, қасақана ұйымдас-тырылғанына көзім анық жеткенін ашып айтар едім. Соңғы кездері баспасөз бетінде жарық көрген деректі материалдарда келтірілген нақты фактілер сол тұста Қазақстанда астық қоржыны, азық-түліктің жетерліктей болғанын көрсетеді. Жаппай ашаршылықтың болуына ең басты себеп, қазақ еңбекшілері арасында коллективтендіру саясаты мүлде теріс жүргізілген, осы халықтың ғасырлар бойғы күнкөрісі, негізгі кәсібі, тұрмыс-тірлік ерекшелігі еш жерде ескерілмеген, ешкімнің ескергісі келмеген. Әйтпесе, атам заманнан бері қалыптасқан қалың қазақтың өмір сүру тәсіліне, тіршілік ету кәсібіне – мал ұстауға, төрт түлік өсіруге қатты тыйым салынып, отырықшы болып жермен айналысу керек деген ұран тасталып, өсіреқызыл саясат жүргізілмеген болар еді ғой (1932 жылы республикадағы қазақ шаруаларының 80 процентінде мал қалмаған).

Сол кездегі Мәскеуде отырған ВКП (б) Орталық Комитетінің бас секретарынан бастап Алматыдағы Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретарының да қазақ халқына деген көзқарастары оң болмағаны анық.

Голощекин Балқаш қаласы көшелерінде аштан өліп жатқан қазақтарды көргенде: “Колхоздан қашқан қазақтың тірісінен өлісі

жақсы”, - деп үстінен аттап өткенін де күні бүгінге дейін ел-жұрт ұмытқан жоқ...

Қаламды көсеуден айыра алмайтын, қолын да жөндеп қоя білмейтін хас надан, пасық та тасыр, зорлықшыл да безбүйрек әкімдер, өкілдер мен белсенділерге шексіз билік беріліп, халықтың тағдырын, елдің тізгінін солардың қолына ұстату да апатқа тең оспадарсыздық еді. Солардың – мәңгірт өкімдердің, миғұла өкілдердің, сарық қойдың құйрығындай шолтандаған ақымақ белсенділердің қазақ ауылын советтендіру, әсіресе, коллективтендіру тұсындағы шектен шыққан озбырлығы мен зұлымдығы бірер жылдың ішінде елді аздырып-тоздырып тынды; халықты аштан қырды...

“Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын” атты атышулы саяси науқанның “екпіні мен текпініне” шыдай алмаған (төзу мүмкін емес еді ғой) қаншама қазақ алтын бесік – атамекенін тастап, беті ауған жаққа: ана шеті Орталық Россия, Украина, Закавказье, Орынбор, Челябин, Сарытау, Омбы, Новосибирь, Қиыр Шығыс; мына шеті Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан аспады... Ол аз болғандай, қаншасы “балапан – басына, тұрымтай – тұсына” деп бас сауғалап, жан сақтау үшін Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран, Сирия, Түркия т.б. елдерге ауып кетпеді...

Халқымыздың тарихында бұрын-соңды кездеспеген, ешқашан басына түсіп көрмеген 1931-33 жылдардағы ауыр зұлматтың салдарынан әр үш қазақтың біреуі туған жерін, өсіп-өнген елін тастап, шет жерлерге, жат елдерге кетуге мәжбүр болды...

Негізінен, халқымыздың қаймағы зиялылардың көзін құртқан 1936-38 жылдың қасіреті тағы бар... 1941-45 жылдардағы қырғын соғыста да аз қырылмасак керек... Аяғы елуінші жылдың басынан, Сталин өлгенге, яғни, 1953 жылға дейін созылды, бір толастамады.

1931-33 жылдары Қазақстанның түкпір-түкпірін түгел жайлаған, жергілікті халықты жаппай ашаршылыққа ұшыратқан нәубет XX ғасырдағы аса ірі апаттардың бірі болғанын ашық айтуға тиіспіз. Бұл жолғы аштан қырылған қазақтардың саны “ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” трагедиясынан екі есе, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тура және жанама шығындардан алты есе асып түседі...

...Аранын ашқан аштыққа ұшыраған 670 шаңырағы бар бір тайпа ел, қырылғаны қырылып, азын-аулақ тірі қалғандары жан-жаққа босып кеткендіктен сол өлке – менің атамекенім –

революцияға дейін дербес болыс болған (әр болыста кем дегенде 500 шаңырақ болуы шарт) 1957 жылға дейін, яғни ширек ғасыр бойы қаңырап бос жатты, адыра қалған өлке, тұл мекенге айналды. Аңырап адамдар кетті, қаңырап дала қалды...

Сол жылдарда жаппай ашаршылықтың зардабынан Ырғыз ауданының адамдарының оннан бірі, малының жүзден бірінің ғана қалғанын мен бұрын да білгенмен, бұл қасірет туралы ашық айтуға, қорықпай жазуға кешелері ғана қолымыз жеткен қайта құру, жариялылық, демократия тұсында толық мүмкіндік туды.

...Бір шаңырақтың астындағы үлкенді-кішілі он екі жаннан сол жылдарғы жаппай аштық, қырылудан аман қалғаны, әзірге жер басып жүргені – жалғыз менмін.

Өтебай ҚАНАХИН.

Қалжан ҚОҢЫРАТБАЕВ

Қазақ халқының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі тағдыр-талайын сөз еткенде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов секілді көптеген тұлғалар ауызға алынады. Солардың қатарынан өз кезеңінің көрнекті қоғам қайраткері, үлкен ағартушы әрі публицист Қалжан Қоңыратбаевтың да алатын өзіндік орны бар. Төменде оның "Бірлік туы" газетінде бұдан 90 жылдай бұрын жарық көрген "Түркістан қазақтарының жәйі" атты мақаласынан үзінділер келтіреміз.

"Төрт жылға созылған кесірлі соғыстың лаңымен қымбатшылықтың зардабын тартқан Түркістан халқына былтырдан бері табиғат та қосымша "жығылғанның үстіне жұдырық" болып тұр. Өткен жыл құрғақшылықтан жерге түк шықпады. Түркістан халқы астықсыз қалды. Жалпы Түркістанның басына келген бұл ауырлықтың айрықша салмағы біздің қазаққа түсіп, бұл оған "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан" кейінгі бір әйдік апат болды. Әулие Ата, Шымкент, Ташкент пен Түркістан уездері, әлде қалай жерлері болмаса, теп-тегіс малдан қол жуғандай көрінеді.

...Бұл елдерде айрықша болған бір жаман жұмыс - малсыз қалған сорлылар жиналып барып, малы барлардың қолындағы малын бас салып тартып жеп жатыр екен. Осы күн әр жерде-ақ жарлы халық арасында өлім көбейіп, күннен күнге қорқыныш үдеп барады.

138

...Аккемер, Жұрын стансасынан бастап Түзтөбеге шейін терміржолмен жүрген адам "Түркістанда ешбір қазақ қалмаған шығар" деген пікірді еріксіз ойлайды.

...Сатуға нәрсесі қалмағандар аштан өле бастады. Арықтан арам өліп қалған малдардың өлімітігін жеп, бір күнге болса да жан сақтап тұрғандары да жоқ емес.

...Ал енді тамағы тоқ, иығы бүтін ағайынның ол сорлыларға көрсетіп жатқан аз ғана да қайыры жоқ. Шаруасы тәуір ауқатты адамдар өзінің арықтап өлген малының жасығын кедейге сатып пайда қылады. Бейшара аштар қайтсын... амалсыздан өліп баратқан сон байдың сұрағанына көніп ала береді.

...Бұл не деген мейірімсіздік?

Бұл не деген мұсылманшылық?

...Мінеки, аштан өлейін деп жатқан ағайынның халін біліп, оған жәрдем қылудың орнына ауқатты ағайынның істеп жатқан істері осы. Бұл қалай? Қырық ру халықты бір кісінің баласындай қылып, бір тудың астына жиған "өз басың сүйгенді басқа мұсылман ағайындарыңа да істемесең, мұсылман емессің" деген дін біздің тұтынған ислам дініміз емес пе?

...Жұрт иесі қариялар! Ел ағасы мырзалар! Дін бастығы ғұлама һәм ишандар! Қарындастық, мұсылманшылық борыштарыңызды шынымен-ақ ұмытып кеттіңіздер ме? Алаш балалары қаны бір бауыр емес пе едік? "Ағайын бір өліде, бір тіріде" деген қайда? Ағайын өлсе, өп-өтірік өкіріп келіп, жылаған боламыз. Тіріде керек қылмаған ағайынның өлгеніне жылауымыз рия болмай ма? Жұрттың жайы осы.

Енді мұның үстіне қошемет кеш болып тұрған қазіргі хукіметтің қосымшылықтары өз алдына бір бап".

*Қалжан Қоңыратбаев
("Бірлік туы" газеті, 14 сәуір, 1918 жыл)*

КЕРКЕТКЕН

(үзінді)

Жанат АХМАДИ

...Жиырмасыншы жылдары атадан қалған малды үкіметке өткізіп, «мойынсерікке» ұйымдасқан. Осыдан біраз жыл өткенде қазақ жерінде тағы бір басты науқан әуен салып: «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген заман орнады. Қазақ үшін

139

карғыс атаулының ішінде «бұра тартып, бұт артарың болмасын» дегенінен өтері жоқ еді. Бірақ шынтуайтқа келгенде бұ да түк емес екен... 1931-32 жылға ілінгенде әлгіден де сорақы «желін тартып, шек ағартарың қалмасын» деген нәубетке тап келді, халық. Бағы заманның «оба» қырғынындай, казак жерін алапес дерт ашаршылық жайлады! Оба-шума әлдеқайдан қаңғып, өзі ауып келетін болса, бұндағы үй басын түгендеп жабысқан өлім-қаза індетін өз қолдарымен егуші, кара ниеттер шықты. Тұтас бір ұлттың абыройын аластап, елдік ар-ожданын аяққа бақан Голошекиннің сұрқылтай заманы орнаған. Момын халықтың қызыл қарын жас баласынан, қызыл иек кәрісіне дейін баудай түсіп, қырылып жатқанда адам баласының жаны бір жан, көңілі бір көңіл-ау деп кәперіне алмаған сол қарғыс иелері.

Қалың қарлы, қатты қыста бір шоқырлық дән таппай; әр тастың туысында қокиып, қатып қалатын шіл-кекілік қырғынындай, сұраусыз қаза жайлаған елдің қызығына қарап отырған сол Голошекиншілер. Халық басына қалың апат жаудырып, иек қаға, тәлкек еткен сол ішмерездер. Қоралы қойды қызыл қырман ете жусатып салып, «қасқыр қырды» атақ алған ұялас бөрі тектес топ өз есімін кара сиямен жазып, тарих бетінде атын қалдырған. «Қой қарғысы қасқырға жетпейді» деген күнді тудырған.

Қазақстанның барлық түкпіріндегідей, Қоржынкөл өңірінде де мал атаулыны тігерге тұяқ қоймай, мұрындыққа тізіп тапсырды. Сонымен қоса әр үйдің айлық азық, жылдық үнем үшін тірнектеп жиған соңғы дәніне дейін қаптап төккізді, қамбаға «қорға» алды.

Сөйтіп, 1931 жылдан басталған бұл зауал келер жазға жеткенде әркімге-ақ түйіншек арқалатып, қайыршылық күйге ілдірген. «Қайыршы» атанып тірі қалғанның да өкініші жоқ еді. Осы маңда малы өріске симай, мыңғырып жатқан елден ел қалмауға айналған. Қабыл ауылы алғашқы жылы барларын ортаға салып, сығымдап өлшеп ішіп, өлмес аужал алып келген болса, биыл жаз басынан бері біртіндеп бұл ауылдан да кісі өлімі біліне бастаған. Төңіректегі шарасыз қаза бұларға да жылжып жетті. «Аш адам жатып өлмей, жүріп өледі» дегеннің кері келді. Ендігі ауыл басы, жасы сексенге тақаған Жансүгір қашан тұралап жығылғанша, жаздайғы әдетімен ала қоржынын арқалап кетіп, бірталай күннен кейін зорға ілбіп келе жататын. Бір жолы Балқаш қаласында біреуге бір бестілік кісе белдігін шешіп беріп, соған алып келген «ет қосқан» тоқаштың ішінен жас баланың саусағы шыққан.. Аштан жығылып жатқан Жанықыз алғашқы тоқашты қарбыта

асап, жарымдап жеп салғаннан кейін әлгі саусақты көргендегі күйзелісі ерекше болған.

Бірталай күннен бері өздері еккен сыпыртқы курайдың әлі піспеген, көкала бүрінен қайнатып, тұз салған сұйық сүлемікті өлшеммен ішіп, үнемсозар етіп жұтып жатқан болатын. Енді нан тұқымын көргенде көмейлете асап жей бастаған ғой. Жылымшы татыған тоқашты екі-үш қылғып жұтқаннан кейін, ішінен жас баланың кіп-кішкене саусағы шыға келген! Сол-ақ екен, бірден локсып, құса бастаған.

Иә, бір кезде рулы ел алдында өзінің келіндік, әйелдік міндетіне қылау түсірмей атқарған Жанықыздың ендігі халі шынымен-ақ осы болған.

Бұның алдында Жанықыздың екі отау болған ұлдары: Арғынбай мен Найманбай биылғы жаз бойғы тіл тістеткен аштық әлегінен бала-шағасымен түгел қырылып қалған. Осыдан үш күн бұрын кіші отау – Найманбай үйіндегі келіннің екі жасар қызы әлдеқашан өліп, денесі суып қалған шешесінің көкірегін аймалап, әлсіреп, өксіп жатқанының үстінен түскен Зарауқа бейшара сәбиге не істерін білмей қиналған. Сол бойы көз алдында өксімен өлген нәрестеге Жанықыз бен Зарауқа өз халдерінің мүшкілдігінен жылай да алмаған.

Ендігі еркек атулыдан тірі қалқайып жүргендер; ауыл басшысы Жансүгір және Байсүгірден қалған Ізбасар мен Зарауқа асырап алған Керейбай, Қабыл атасынан бата алған Керейбай өзі ғана тірі жүргені болмаса, мұның да қатын-баласы тегіс өлді. Өзімен бірге туған екі ағасы: Арғынбай, Найманбайлар болса олар да үй-іштерімен түгел қырылғаны мәлім. 16 жасар Ізбасар екеуі Зарауқаның ұқыптылығынан, тең қарауынан тірілер көшіне ілесіп келе жатқан.

Сөйтіп кешегі бақадай шулаған Қабыл ауылының әйел атаулысынан енді қалған тек осы Зарауқа мен Жанықыз еді.

Жанықыз адам еті қосылып жасалған тоқаштан ұшынып ауырып жатыр дегенді естіп Зарауқа жеделдетіп жеткен. Бір кездегі мұқым тобаш ауылына үлгілі келін атанған Жанықыздың балтыр, білектері іркілген ісіктен барбып кеткен. Бет-маңдайы да сарқылып іскен, домбық. Ашаң жүзді ақсары әйел өңі көкшіл тартып бытпиып ісінген. Төр алдына салынған қараала текеметтен бері, есік жаққа жамбастап сырғып келіп локси түсіп бүгіліп жатыр екен. Басына тартқан ақ орамалдан шыққан шашы дудырап кеткен. Күндесім демей, бұрынғы абысын қалпында сыйлап, «іш-әй»,

деспей өскен Зараука өзіне ең соңғы серік санаған Жанықыздың мына қалпын байқағанда есіктен кіре, тіксіне көз салып:

- Жеңеше! Әй, жеңеше, мына жатысыңыз не ойбай! – дей келіп тақыр жерден басын көтеріп алған. Жанықыз біраз үнсіз бөгеліп жатып, ыңырсыған болымсыз дауысымен:

- Ана... сорлылар бір өзіңе аманат! Саған қуат берсін! – деді.

- Неге, жеңеше, өйдемесенші. Мен қу маңдайды қайда тастамақсыңдар түге! - деп Зараука кемсеңдей бастаған. Өлімнен көз ашпаған сорлы енді бұдан айырылса жапанда жалғыз қалардай, ішкі дүниесі аңырап кеткен.

Жанықыз ішінде түйір нәр жоқ болса да, қабысып бұралған қалпы үсті-үстіне лоқсып, дәрмені құрып қинала келіп ақырында қап құсты. Осындай кезде Зараукаға соңғы аманатын жеткізіп:

- Ана абдырада, тері дорбадағы жүгеріні үйіне апар. Екі балан, Керейбай мен Избасарына қаужатып, соларды тірі алып қалудың қамын жасарсын. Ара-тұра мына жатқан көтерем сорлыға да көзіңнің қиығын сал, - ол ірге жақта бүк түсіп жатқан, соңғы жұмада шөгіп қалған Жансүгірді нұсқады.

Ауылда еркектер жоқ күндері кейбір өліктердің беті жасырылмай, әйелдердің сүйреп тастаған жерінде қалғандықтан, Жансүгір күш-қуатының барында өз көрін өзі қазып, денесі жасырарлық науаша, шұңқыр дайындап қойған. Өлсе соған жеткізіп бетін содан шыққан өз топырағымен жаба салуды табыстаған. Өзі екі сөзінің бірінде жылқы теуіп өлтірген інісі Байсүгірді аузынан тастамай, соның қазасы мына қырылып жатқанның барлығынан артық, жақсы өлім екенін айта берген.. Бір жағынан онысының да жаны бар еді. Ел іргесі аман, ағайынның береке-бірлік, ықпал-ықтияты бар кезде мұқтажы шешілген қаза екен. Бәленше деген боздақты бие теуіп өлтіріпті деп дүйім ел дүрліге құлақ түрген. Соның өзі қаншалық. Ал бүгінгі бұлар ит өлімімен үй-үйдің сыртында, жол-жолдың жағасында іштері кеуіп, теңкііп, сасып-шіріп өліп жатыр.

Жанықыздың «тері дорба» деп жатқаны еліктің лағының шұбар терісін мес қылып, бітеу сойып илеген жарғақ дорба, тұлыпша болатын. Сондағы аз ғана жүгері дәнін айтқан. Керейбай мен Избасар бабаларынан қалған сары садақты Лепсідегі бір қауға сақал, тиірменші орысқа апарып екі пұт жүгеріге сатып, екеуі бөліп жаяу аркалап келген. Қоржынкөл мен Лепсінің арасы көліксіз кісіге ит өлген жер. Бұлардай аш-арық жаяу арада иен далаға төрт-бес қонып жетеді. Әлгі аманаттағаны Жанықызға содан

тиген үлестің қалдығы еді. Жолшыбай шикі жүгеріні талшық етіп, аш күзендей ағалы-інілі екеуі жаяу қаңғырып, жер түбінен сол жарытымсыз астықты ауылға жеткізгенде қарындары қабысып өздері де құлап түскен. Ол кезде Керейбайдың келіншегі соңғы демімен жатқан. Және Арғынбай, Найманбайдың әйелдері де далаға кіріп-шыға алмай, ісініп жығылады екен. Сондықтан жүгерісін екі шешесіне бөлген Керейбай:

- Бәрібір, олардың кетеуі кетіп қалыпты. Енді ол үшеуіне үгілмәлік берсен де мал болмайды... Бергеніңмен жей алмайды. Онан да бәрімізді тауып, азаптанып бағып өсірген сендер тірі қалыңдар, - деп токетере сөзге көшкен.

Айтқанындай бірінің артынан бірі – үш келін және Жанықыз, Жансүгір бәрі сондарына жаны сірі, Зарауканы қалдырып, дүниеден аттанып кетті. Зараука екі баласына жүгеріні қуырып жегізбей, күніне бір қос уыс қана алып тұз салып қайнатып соның тосабын үшеуі тең бөліп ішіп, үнемсозарға салған.

Естулерінше, осы алдағы күзге ілінсе үкімет өлмес аужал боларлық дән үлестіретін көрінеді...

ЗАР-ЗАРАУКА (Хикаяттан үзінді)

Табыл ҚҰЛИЯС

Деректі хикаяттар

...- Аймағамбет әкеміз түбінде бәрі жақсы болады деп, қиындықты сезінбегендей болушы еді. Күс-күс қолын укалап отырып жалғыз биені аман сақтасма деп арман қып іштей тынатын. Сосын жаман-жұман киімдерін реттей бастайтыны әлі көз алдымнан кетпейді, - дейді Арыстан

- Ауылда өлім көп, жетісіне кемі екі адамды жерлейді. Қанша мұнайса да сыр білдірмейді. Жекендіде ірі тұлғалы, қайратты Айдос деген болды. Кісі өлсе сол қайрат көрсететін. Қыста жердің тоңы күрек бойынан асады, үш-төрт адам қабір қазғанда қатты қиналады. Шаршағандары: «Біздің Айдос тонның жігін біліп қопарады», - деп мақтап қояды, ақкөңіл Айдос соған мәз бола ма, тонға лом темірді ұрып қадап, кіршілдетіп опырып береді. Әйтеуір бір жеті сайын кейде үш, кейде төрт адам өліп жатады, оны орап көметін мата да жоқ, кейбір әйелдер екі көйлегі болса

біреуін береді. Өлікті қазақша жерлеу тәсілін үйренсін дей ме, көбіне ер балаларды молаға ертіп апарды, - деп Арыстан заман қайғысын булығып айтқанда ішім алай-түлей болады. Жұрт өліп жатыр екен, халықтың қырғыны көп екен деп уақыт бәрібір күтіп тұрмайды. Жаратқан өз билігін өзі біледі, тек адам баласы ған қысқа ғұмырында өзгелермен қырқысып, пендешілікке салынады. Сүт бетіндегі көбіктей әр күн жоғалады, қайта оралмайды. 1932 жылы қазақ елінде бар болғаны еңбекке жарамды 657 мың адам делінсе, аштықтан қанша халықтың қырылғанын оп-онай есептеп шығаруға болады. «Актюбинская правда» газетінің 1932 жылы 4 қазан күнгі санында мектептерде – 927 мың оқушы, техникумдарда 38 мың, жоғарғы оқу орындарында 9500 жастар оқыған деген дерек бар.

- Ана дүниеге бала әкелді – ел қуанды, өлді – жер қуанды. Өмір мәнін осылай түсінер едің, бірақ зұлым күшті қайтесің? - деді Арыстан күрсініп.

-Бүлдіріп, тас-талқан еткен жаулықты жойып, жанасын жайнатамыз деген ұран бар емес пе? КСРО Халық Комиссарлар Советі мен БК (б) П Орталық Комитеті және КСРО Наркомземі 1932 жылғы 5 сәуірдегі қаулысында: «1480 совхоз ұйымдасты, онда 2,5 миллион ірі қара, 4,7 миллион қой-ешкі, 850 мың шошқа өсіріледі», - деп жазады. Бұл жойылып кеткенді қаншалық жанарта алады? Белгісіз. Ақтөбе облысы бойынша егістікке дән себу 9 пайыз орындалған, тұқым қоры жоқ, жұмысшы күші жетіспейді. Облыс бойынша 65 мың тонна ет дайындалып Отанға өткізілген. Елдің жаппай аштыққа ұрынуын ойлап, азық қорын сақтау мәселесі айтылмайды. Зұлымдықтар деректерден көрініп тұрса да, барлық пәле бай-қулақтардан деп із кесіледі.

- Аштық қырғыны «халық жауы» деген қырман сабақтасып жатты ғой, - деді де Арыстан ойын одан әрі жалғады. – Елге жолым түскенде мола басына барып Құран бағыштап, дұға оқимын. Сонда ұрпағына туыс-туғанының, ата-анасының моласы қалғанына шүкір дейсін, ал зұлмат жылдарда қазақтың сүйегі айдалада шашылып қалды ғой. Соны ойлағанда көкірек қан жылайды. Бауыры бүтін пенде жоқ, сүйген жарым ерте дүние салды. Одан кейін ұлымды Астанада қаражүрек қаскөйлер өлтіріп кетті. Қазақ тарихы қанмен жазылған деп іштен тынасын...

Кенес үкіметіне қарсы сөз айта алмай, іштей құса болған сол заманның қазақтары бөлшебектерді «мақтап» мынадай өлең шығарыпты:

144

Атаңа нәлет Николай
Жал мен жая жегіздің
Айналайын үкімет
Шөп-шөнгені жегіздің
Өлсең - орның қара жер
Жасасын көсем дегіздің
Әбілқайыр тұсында
Халқы тұрды тарықпай
Айналайын үкімет
Өтірікке жарытты-ай
Әзгертемін деп ит өлек
Тірлік еткен қалыпты-ай
Өліп жатқандар әнекей
Құс боп ұшты қалықтай
Өлгендер де жазықты
Төлей алмас салықты-ай
Айналайын үкімет

Тынысты әбден тарылтты-ай, - деген қағытпа өлең тірілердің құлағында қалды.

- Аштық жөнінде басқа түскен, халыққа тап болған нәубет, зауал деп қысқа қайыра салуға болар. Бұл туралы әркім әртүрлі бөсер де. Өмірде шындыққа не жетсін! - деп бір сәт терең ойланып алып, іздеп келген шаруамызды білгесін Жәпек карт жан сарайын ашып әңгіме тиегін ағытты:

- Сұрағына қарай айтпағым, отыз екінші жылдың аштығы ғой, өлім аузында жатқандарды көрдік, олардың басын сүйейтін, аузына су құятын жан болмады. Осы жерде елуден астам жанұя бар еді, бар малын ортаға салды. Әуелі ТОЗ, одан соң серіктес атанды. Мал балағынан өспеді, бәрі құрыды, етке өткізілді. Үкімет бұзау, қозы әкеп берді. Ойша есептенде үш жүзден астам адамның жұмырына жүк болатын азық жоқ, қапқа да сыймайтын уәде жетіп жатты. Жұрт үнсіз, өлетін бала молаға қашады деп өлерде тіл байланады ғой. Аштық ел шетіне келді. Азыққа деп жинаған ірімшік құрт сүзбе, майды милициялар тартып әкетті. Салық деп адал асты жинап алды. Аз-кем азығын жасырып қалғандар аштан адам өле бастағасын үреймен жалмап қойды. Үрейдің өзі өлім екен. Қазір сондай көргенімізді еске алудың өзі қорқынышты. Түсіме кіргенде талай рет шошып оянғанмын. Адамның арса-арса сүйегі,

072-10

145

бақырайып ұясынан шыққан көзі, аңкиып жатқан ауызы, аяқ-колының сіңірі тартылып, кейбіреуінің ашылып-шашылып жатуын көру оңай емес. Есім кірген сегіз-тоғыз жастағы баламын, үйімдегі он жаннан аман қалған менмін. Анам «жаныңды сақтайды, анда-санда аузыңа салып сор» деп екі шақпақ тұз берген. Ауылда орыстар балық аулайды, солардың қасына барғанымда әйтеуір қықымын, сүйек-саяғын, кейде аяп балық береді. Соны талғажау етіп жүрдім. Басыңды көп ауыртып қайтейін!? Айналасы бір-екі айда халықтың біразы қырылып қалды. Өліктерді көмуге үлгіре алмаған соң суы тартылып қалған ескі құдыққа тастай бастады. Үш үйлі орыстар көшіп келіп қоныстанды, қазақтарға жолай бермейді. Оларға азық беріледі. Үйлерге орналасты. Әкеші-шешем, бауырларым өліп қалғасын, сол орыстардың жұмсаған жұмысын атқарам. Отын шауып, тасып әкелем. Адамдары өліп қанырап қалған үйлердің тезек отынын тауып берем. Ауылдың басшылары, белсенділері халықтың дені өлгесін жүктерін тиіп басқа жаққа көшіп кетті. Иесіз үйлер құлап жатты... Бұралқы иттер қуыс-қуысын паналап еді, оларды да кейін ашыққандар жеп қойды.

- Қазақтар неге балық ауламаған?

- Молдалар айтыпты, көлдің құрты – балықты жеген адам о дүниеге барғанда ауыр сокқыға тап болады. Балықты тірілт деп күрзімен қабырғасын күйретіп, денесін отқа қақатап тастайтын көрінеді дегенді молда айтты ма, қаскөйлер ойлап тауып зұлымдық жасады ма, малдан айрылғасын ажалды тып-тыныш күтіп алайын деген ғой. Тұяқ серіппей, онсыз да сақтаған азық-түлігін милициялар тінтіп әкеткесін ажалды күтіп жатпай ма. Аңғалдық, адалдық, ешкімнің ала жібін аттамаған бейкүнә мінез сол. Үйіміздегі он жан шетінен өле бастады. Әлгінде анам берді деген екі шақпақ тұзды аз-аздан сорып, шаңырақта бір өзім аман қалдым. Анамның да тілегі сол еді... Тірі жүргенінді көпсінетін қаскөйлер сұрқиялығын көрсетпей қалған жоқ. Жаратқан Иемнің құдіреті ғой, солардан тұқым да қалмады. Алайда құдықта денелері ашық-шашық жатқандардан бір артықшылығы - моласы бар. Басына барып ит те симейді. Аштық адамдардың қастандығын, жыртқыштығын көрсетіп берді, - деп орамалымен жасаураған көзін сүртті.

Бірде қаламгер ініміз Сәбит:

- Мына Ереймен халқының біразын аштық жалмап кетті дегенге, кейде ойға қаласын. Қытайлар: «Қазақтар неге қырылып

жатты, жерінде жусан көп, адам жусанды жесе де өлмейді ғой», - депті деседі. Сол айтқандай, Күншалған таулы өңірі аң-құсқа бай, көлдері балыққа толы, шөбі де не түрлі дәрілік өсімдіктер ғой. Ашыққандар малдан айрылғасын табиғаттың байлығын алуға, дәлірек айтсақ, балық аулап жер еді, құралы жоқ, аң қағар еді, мылтығы жоқ. Тіпті көсеу болар дейтін темірді де табу мүмкін емес. Егістік жерді ағаш соқамен жыртады. Тірлікке қажетті жылтыраған құралды милиция қағып әкетеді. Олар да өлшеп берген азыққа жарыды деймісін. Сонымен Айжарық деген аңшы жанұясын асырау үшін Күншалған етегін мекендейді. Аң қағады. Оның хабарын елдің тыншыларынан білген милициялар аңдұға түседі. Себеп көп, үкіметке қарсы сөз айтты, бандылық топ құрып жүр десе қағаз көтереді. Бәрі сыйымды, заңға жатады. Ең бастысы, өзін өлтіріп, жүйрік атын, қаруын, үй-мүлкіне қол салып, байдың тұқымы дейді, алтын-күмістерін тонап алады. Айжарық өзін милицияның аңдитынын біліп, жасырынатын орындарын алдын ала дайындап қойған. Содан не керек, Айжарықтың үйіне жақын келгенін милициялардың көзі шалып қалып, үйді, оның маңын тінте бастайды. Таба алмайды, жер жұтқандай жоқ деп ойлаған милицияның бірі қазан астына от жағып жатқан әйелдің қасына келіп:

- Айжарықтың кінәсі жоқтығын біліп, үкімет кінәсін кешірді, «мал ұрлады, бандылық топта» дегені бекер болды, ақталды. Күйеуіне айт, бізден құжаттарын алсын – дейді. Сол кезде аңқау әйел дауыстап:

- Айжарық, жасырынба, шық, үкімет ақтапты, ел ортасына барамыз, - дейді. Сол кезде от жанып жатқан қазандық астындағы шұңқырдан атып шыққан оны милиция қақ маңдайынан атып түсіреді. Балаларын, әйелін қаңғытып, үйіндегі бар мүлкін, байлығын сыпырып әкетеді...

- Біз не көрмедік, ажал қасымызда жүрді. Дұшпан ізімізді бақты. Жылтыр мұз үстінде тұрғандай күн кештік. Қауіп көп, табан тірерлік дегенін сенімсіз, адам сияқты сөйлесу де қиын еді...- дейтін-ді Тоқбай сыбырмен.

Құдай-ау, адамдарға не болды, заманға не болды?! Аспан жерге айналып түсті ме? Не жазып едік күштіге? Малың алды, алтын-күміс барын алды. О, Алла-ай, нең қалды? Тонады бәрін, ашықты қарын. Ойда ойран, тәркіленді жан-жағын. Адам аман қалсын дейтін кім бар? Бірін жоқ, тірідей көмдің бе? Жер беті

толған өлік. Ауыл-аймақ, туыс-туған, тамыр-таныс – бәрі де безіп кетті. Шыбынын қағар дәрмен жоқ. Кеңесімен емес, бай, жау, қанішер деген егесімен бездірді. Байға не түрлі жамандықты жапсырды. Жорға мінді деді, жүйрік мінді деді. Кедейдің жегені тас болды деді, кенеше сорып тірлігіне қас болды деді. Бай сәнденді деді, қиқулап кедейді қуып мәнденді деді. Байлыққа қолын жеткізген кедейді ұмытты деді. Еңбегін сұраса бай үстемсіп: «Шығарма дымынды, шашып тастаймын миыңды», - деді. Обалы жоқ байдың деп үкімет кінәлап атып тастады, түрмеге жауып тастады. Тұқымына балта шапты. Бәжік байдың екі ұлы бар-тын. Үлкені үйленген, екі баласы болған-ды. Әкешесінен айырылған бойда екі ұлы қашып кетті. Келіні қалды екі сәбиін құшақтап. Баспана жоқ, кара қазанына дейін қиратты. Тұлдыр қалдырмады. Маңына жақындатуға ел қорықты, жүрек шыдамады. Ит пен мысықтай ырылдасу емес, атып-асуды көріп шошыды, жан тәтті. Екі сәбидің әкесі, байдың үлкен ұлы үкідей ұша жөнелді, ұясынан безді, елінен, жерінен безді. Қарулы топқа қайтіп қарсы тұрсын!? Жан тәтті. Қашып құтылды. Байдың келінінен сұрақ алынды.

- Байдың ұлына еркінмен тидің бе, сүйдің бе?

Әйелге де жан қымбат. – Мал беріп сатып алды. Байдың бас-бұзарлары әкем кедей болғасын тартып алды., - деп жылады. Өні өрттен шыққандай үрейден күйіп тұрды. Зәре жоқ. Қара сұр, қалың қасы бар, қозы қарын, толық бетінде ызғары мол жігіт.

- Күйеуің мен інісі қайда қашқанын айтсаң жаныңды сақтаймын. Әйтпесе, атыласың, - деп сұс көрсетті.

- Айттым ғой, мені түсінбеген бай баласы шынын айта ма? – деп әйел көз жасын сықты.

- «Қызыл отаудың» тар бөлмесіне қамаймын, тұтқынсын.

- Балаларымды қайтем!?

- О да тұтқын.

- Елдің пәлен-түгені таусылмайды. Сұмы көп, қоянның жымындай жымы көп, пысығы көп, осы әйел бәрін айтады, кама! - деп екі-үш өкіл қараңғы түсе басқа үйге кете барды. Қара сұр жігіт әйелді екі баласымен тар бөлмеге қамауға кірісіп жүріп:

- Отызға келгенше қалыңмал қырсығынан үйлене алмай кү тіземді құшақтап өттім. Енді байдың келінін құшаққа алып олжалауым керек, - деп талыстай ауызын ашып күбірлеп, түсінін суықтығын танытты.

- Әй, келіншек, нешедесің? - деді.

- Жиырма екіде.

- Келбетің әдемі, мінезің қалай?

- Көріп тұрсың ғой.

- Үнің күмістің сынғырындай екен. Үстіңнен иіссудың аңқуы байдың байлығын танытады. Тұшынып тұрғаным.

- Мені жарытты деймісің, қорлықтан арылтты деймісің!?

- Есіл-дертім – құшаққа алғым келіп, көңілім ауып тұрғаны.

- Жетім көңілімді көтергің келе ме?

- Балаларын ұйықтады. Есікті кілттейін.

Озбыр көңілді кара сұр әйелдің жұпар иісі аңқыған тамағынан тұшына иіскеді де, құрыштай шымыр денесімен үйме-жүймелеп, бүкіл жан тамыры өрттей қызған кезде әйел:

- Аға... аға... өзім.. өзім, - деп үздіге тіл қатты. Міне, сол түннен кейін жырық етік белсенді Қырлан мен байдың келіні Құнжан арасында төсек айы басталды. Кеңес үкіметінің қорлығы да, зорлығы да өлімнен басқаны елестетпейтіндей еді. Қырланның құшағы, сүйгені, «катыным боласын» деген сөзі ғана тірлігіне демеу ме? Сөзі тәлкек пе, алдап-арбау ма, бәрі белгісіз екенін Құнжан сезеді. Ар тапталды, дене былғанды. Ел-жұртқа әйгіленіп, тірі жүргенше өлгені тәуір еді. Ақылынан адасқан сайқал атанды. Жұрт «шыбын жанын сақтаудың амалы, өз күнәсіне өзі күйер» демеуді. Жер басып жүргенін көпсінеді. Кейбірі байдың адал дастарханынан ас ішкенін ұмытып, хайуандыққа барды деп жатты. Сүйтіп, күндердің бір күнінде Қырлан:

- Маған қатын болуға келіссең екі баланы құрт, ертең байдың ұрпағын бағып отыр деп бізді соттайды, - деп кесіп айтты. Құнжан балаларын қимай көп жылады. Зар-мұның кім түсінеді!? Некелі күйеуінің қарасы батты. Жанұясын қорғай алмады, оны қылмыскер деді, бай тұқымы түрмеде шіруі керек деді. Іздеп табамыз деді. Ал қорғансыз әйел ар-ұятты жоғалтып, кісілігі құрыды. Мазак пен зұлымдықтан, қайғы-қасіреттен жер-дүние зарланып, кара жер төңкеріліп түскендей еді. Ойлашы, бай тұқымын сәби екен деп кім тәуекел етіп бағады?! Ондайды биік құздан атып құлатып жатыр, кім өлгісі келеді дейсің!? Қырсық шалса намысын, аналық мейірін де ұмыттырады. Сөйтсе де бірге өскен қадірлі құрбысы бар еді, мысықша басып, жасырын түрде сонымен ақылдасты.

- Күйеуің елден безіп кетті, тірі ме, өлі ме, белгісіз. Қырлан сені әйелдікке алмайды. Босқа әуреленесің. Байдың келінін алса өзі де сотталады. Елге қарайтын бетің жоқ, бірде – бірі маңына

жуытпайды. Қорқады. Тірі жүрсін деп аяса да бәрі дәрменсіз, әке-шешен болса өлді. Ақылмды тыңдасаң, бір түнде қашып кеткенің жөн, танымайтын елден бір пана табарсың, - деді.

Күнжан сол ақылға тоқтады. Кім біледі, әйел қырық шырақты деп жолы ашылар. Сөйтіп, Күнжан елсіз далада тағы аңдай кете барды. Азық-түлік жоқ, шиеттей екі баласы аш, түн жүрді, күн жүрді, елсіз дала, меніреу аспан, таңдай жібітер су да жоқ. Жылай-жылай сәбилері көз жұмды. Емшегінен сүт те шыкпады. Әйел бала түглі өз өмірінен күдер үзді. Аш адам естен айырылады. Адал шөпті талғап еді, қоректігі қайдан болсын!? Неболғаны оң мен түстей. Әйтеуір шөмеле түбіне келіп құлаған, ажал жақындағанда қара қарғалар маңына үймелейді. Көйлек жұрттылған, алжасты, камзолды шешіп тастаған, жан дүниесі рахатқа бөленгендей маужыраған.

Бір заматта, Құдайдың күдіреті, аузына айранның дәмі келді. Тамсанып жатты. Қарымды адам көтеріп ала жөнелген. Арбаның дыбысын сезді. Өлімші күйдегі әйел тамұқ азабынан құтқарылған. Есін жиса екі иығына екі кісі мінгендей тұлғалы ақ сары еркек аузын жыбырлатады. Ас береді. Бұл сақау, санырау Жандау еді. Жалғыз басты келей, бірер малына шөп дайындап жүріп әйелді шаңырағына әкелген-ді. Көкірегіне қан кеткен Кенес үкіметінің белсенділерінен сақтап қалды.

- Міне, ақыры байдың түбі аштан өледі деген сөз осындайдан қалған шығар, - деп Токбай толғанатынын кім білді, кім ескерді!? Ұзынқұлақтан қайғылы оқиғалар төбе шашты тік тұрғызып жатады. Қасірет жанға батады. Жүректе зіл жатады, қоғам қиянатының зілі, есірген белсенділердің озбырлығы. Кенес үкіметі еркелетіп, есірткен надан Қырлан: «Байдың келіні Күнжан екі баласының аузына құм құйып өлтіріп қашып кетіпті. Айдалада кетіп бара жатқанда оны шимұрын жетектеп батпақ-ұймаға батырыпты», - деп жұрттың аптығын басып, ешкімнің аузын аштырмауға тырысып қылмыстан өзін қорғап қалған. Байдың келінімен ашына болды деген айыптан сақтанған-ды. Сосын бұл оқиғаны ешкім қазбаламапты. Талайдың белсендіден тапқан ажалын Болаттың анасы естісе де, одан кейінгілер естісе де айтпайды. Сыбыр-күбір ұмытылды. Түнде түсінен, күндіз есінен кетпеген Күнжан көкірегіне қан батырып дүниеден өткен. Тәркілеу кезінде талайдың басына осындай күн туған..

АҒАДАН ҚАЛҒАН АМАНАТ

Т.Құлыяс «ҚЫРҒЫН»

1931 жыл. Ел басына күн туып, ашаршылық нәубеті басталып, кеше ғана берекесі тасыған елдің солақай саясаттың салқынынан құты қашты. Әбжыландай болған тойымсыз ажал аштықтан ақырғы демін тауысқан тірі пенделерді бірінен соң бірін қылғытып жатты. Қызыл Үкімет байлардың малын тартып алып, тентіретіп жатса да мүмін мұсылман баласы патшаға қарсы шыққан жоқ.

Кезінде бай атанып, ағайын мен бауырларын камтып, мырзалығымен, жомарттығымен елге жаққан сауатты Байдәулет те солардың бірі болып сабырлық етті. Алайда халық басына үйірілген кара бұлттай ашаршылық тырнағынан бұл шаңырақ та құтыла алмады. Кебеже мен ұрасындағы азығын соңына дейін халқымен бөліп жеген Байдәулет те ақыр аяғы далада тентіреп, балаларына нәр іздеп сүйек-саяқ теретін жағдайға жетті. Тоғай кезіп тауып әкелген сүйектің қайнатылған соңғы сорпасын балаларына ұсынды. Денелері ісініп әбден аштықтан есенгіреп отырса да ұрпағын аман сақтау үшін Байдәулет те бәйбішесі Қалипа да сорпаға ортақтаспады.

Кешегі күні тоқшылықта тай, өзгізді иығына лакша көтеріп кететін Байдәулет аштықтан әлсірегені сонша бір аяқ сорпаны қуатсыз дірілдеген қолымен зорға көтеріп, немересі Избасарға ұсынды. Бәйбішесі Қалипа бұл кезде тұруға шамасы жоқ өмірінің жалғасындай болған немерелеріне елжірей қарап, талықсып кете берді. Осыдан көп күн ұзамай Байдәулет те бәйбішесінің соңынан жан тапсырды. Ендігі бар нәубет, ізіндегі бауырлары мен ағайындарының аманаты, Байдәулеттің кенже ұлы жиырма жастан жана асқан жігіт Байментайдың мойында қалды. Себебі арқа сүйер үлкен ағасы Есмахан науқастанып қайтыс болған, одан кейінгі ағалары Қошан мен Оспан «байдың баласы», «халық жауы» болып ұсталып кеткен еді.

Қолына қанжарын алып дала кезіп, ел аралағанмен таңдайға басар түйір таппаған соң бауырлары мен ағайынның тірі қалған балаларын, жесір жеңгелерін ертіп, тұмсығынан сыпырған туған жері Күмісқорғаннан ауа көшті. Елін қимай артына қарайлай берген ердің негізгі мақсаты Ақмешітке жетіп, отарбамен Тәшкентке бару. Ол жақта тоқшылық екен деген әңгіме бұлардың да

құлағына шалынған. Құр сұлделері қалған топтың отарбаға отырып Тәшкентке жетпек түгілі 70 шақырымдай жердегі Ақмешітке тірі жетуінің өзі сенімді емес. Аштан бұралып, көздері аларып кеткен бауырларының барлығы жас.

Жолдың барлығы құр сұлдері қалған өліктер. Сенделіп жүрген адамдар. Байментай сүйрелеп зорға келе жатқан топты басқарып, қайта-қайта түгендеп қояды. Болмаса ішіндегі жас балаларды жолда жүрген аш адамдар ала қашып, пісіріп жеуі мүмкін.

Осылайша араға бірнеше күн салып Ақмешіт вокзалына жетті. Мұнда сіресіп жатқан өлік те, шырылдап жүрген бала да көп. Тәшкентге барамыз деп ағылған ел қолындағы барын жетегіндегі баласына беріп, өздері нәр татпастан перронға жетіп жығылып, жантәсілім етіп жатты. Әр жерде сіресіп жатқан өліктерді түске дейін бір арба, түстен кейін бір арба келіп тиіп кетіп жүр екен.

Көкелеп жылаған балаларды бақылап отырған Байментай қай баланың көзі шарасынан айналып бара жатса сол балаға ауылдан қайнатып алып шыққан бар азығы қос алақандай есектің көнінен бір тарамын жұмалап үзіп алып бере қояды. Жалма-жан шайнап, жұтып жіберген баланың көзі айналып орынына келеді. Осылайша талғажау етіп отырғанда перронда кетіп бара жатқан бір әйел баж ете қалады да шалқалай құлай береді. Киімінің ішіне түйіншектеп дән тықса керек, сол түйіншегін қанжармен жарып жіберген екі-үш аш адам жердегі дәнлі ауыздарына обығып тығып жатты.

Аштан өлу бір бөлек, бір жерінде томпайып бірдене тұрса, талқан ба тары ма деп қанжарымен сол жерді тіліп жіберіп жазымдайтындар қаншама.

Осылайша өліммен өмір арасындағы арпалысты күндер өте берді. Қанша адам көз алдарында не көмусіз, не жаназасыз кетіп жатты. Бірнеше күннен соң ажалдан алып қаламын дегендей демігіп отарба да келді. Жұрттың барлығы жапа-тармағай мініп жатқанда Байментай да ұмтылған еді. Бірақ Есмахан ағасынан қалған аманат 10 жасар Ізбасар топқа ере алмады. Ал, өзгелері сүйретіліп отарбаға қарай бара жатты. Құлды бір отарбада жандарын аман алып қалатын ас бардай үздіккен топ ештеңеге қарар емес. Сонда ауылдан бірге шыққан бір ағайындары «Байментай, Алла басымызға салды ғой, мына өзге бауырларыңды аман алып барсаң да жарар. Ізбасарды қалдырып кете бер, ол бәрібір жолда өліп қалады, құр әншейін денесін поездан лақтырамыз» дейді. «Иесіз балаларды жинап жүрген «Қызыл крес» адамдары Ізбасарды да

алып кетеді, кейін балалар үйінен тауып аласың ғой» - деп кеңес берді. Осы сөзге иланған Байментай Ізбасарды отырғызып ұзай береді. Алайда құрығыр бауыр жанды езіп барады. Әудем жерге барған соң көзіне тығылған жасын сүртіп, артына қарады. Ізбасар ағасына тесіле қарап отыр екен. Бірақ орнынан еш қозғалмаған. Қайтадан отарбаға қарай асықты. Бірақ қарыны жарылып, ішегі артында ілініп қалғандай жіберер емес. Біраз жер жүріп барды да тағы да артына қарады. «Ағажан-ай, мені тірілей өлімге тастап бара жатсың ба, қайран ағамай-ай, ағам-ай дегендей әлі көзі тесірейіп отыр екен. Бұдан әрі шыдамаған Байментай кілт бұрылып, өзіне өзі ерік беріп, өкіре жылайды да Ізбасарға қарай жүгірді. Осы жерге дейін тозақтың отын кешіп келгендей еді, енді жұмаққа қарай жүгірген жандай әзер барған жүз метірдей жерден екі-ақ аттағандай інісінің қасына жетіп келеді де, «Мен өлген жерде сен де өлерсің, мен өлмейінше сені тастап кетпеймін» деп өкси жылап құшақтап, бауырына қысты. Осылайша өзі әлден кетіп жүрсе де Ізбасарды арқалап, отарбаға мінді. Сөйтіп шиеттей бала-шағаны вогонның бір шетіне жинап алып, ажал жалмап жатқан өңірден жүріп кетті.

Бір күн жүрсе екі күн тоқтайтын отарбадағылар сағат сайын азайып, жолай өлі денелер лақтырылып жатқанда адам дүниеден өтті-ау деп қиналып жатқан кісі аз.

Поезд біраз күн жүріп, Тәшкент жеріне де табан тіреді. Елден алып шыққан есектің көні де бітіп, балалар да әбден әлсіреп, жүруге жарамай қалады. Тек көздері аларып, еріндері кезеріп тамақ ғана сұрай береді. Ол жақта шынымен тоқшылық, жеміс-жидек пісіп жатыр екен. Бара сала обығып жеген талай адамның аш өзегіне ас түсіп кетіп ақырғы демін жұтып қалып жатқанын көрген. Бұлар бірден тоя тамақ жемей там-тұмдам астанып асқазанын үйретті. Бұл сөнгелі тұрған шырақтарға май құйылған күн болатын.

«Өлмеген құлға шықты жаз» демекші «Аштық» атты ажал тырнағынан босап шыққан соң Байментай жалданып жұмыс жасап, бірге барған бауырларын аман сақтауға тырысты.

Сөйтіп, Өзбек елінде екі жылдай уақыт өтеді. Бір күні елден таратылып, жағдай жақсара бастады деген хабарды естиді. Байментай өзімен бірге ере барғандар мен інісі Ізбасарды ертіп туған жерге оралады. Елге келген соң колхоз жұмысына араласады. Ал, Ізбасар болса елге келіп білім алып, 1942 жылы соғысқа аттанып, ел алдындағы борышын өтейді. Соғыста Совет Одағы-

ның батыры Қызатовпен бірге қан кешіп, өміріндегі екі қанқұйлы кезенді бастан өткерді.

Женіс күнін тойлап, елге оралған соң шаңырақ көтеріп, колхоздың жұмысына араласып, елге еңбек етті. Сонау аштық заманда қалың өрттің ішінен өртенбей қалған мақтадай аман қалған Ізбасардан қалған үлкен ұл ауыл шаруашылығына басшылық етті. Екінші ұлы ішкі істер саласында басшылық қызмет атқарды.

Бұл сонау Ташкентке кетіп бара жатқан сапардағы бауырмалдықтың бүгінгі нәтижесі еді. Бұл көркем шығарма немесе ойдан құраған, әсерлеген дүние емес. Әкемнің жылап отырып айтатын әңгімесі. Сол қалпында қағазға түсірдім. Қағазға түсіріп отырып тағы да көзге жас келді. Өз тағдыры талқыға түсіп тұрған Баймен-тайдың ағасынан қалған аманат болған інісін тастамауы, аштықтан бұралған бала-шағаны аман алып қалудың жолында ескетін көнінің талшығын талғажау еткені... бәрі-бәрі тұла бойынды астан-кестең аласапыран күйге түсіреді. Ауызынан ақ май ағып отырып бір-біріне қараспайтын ағайындар, қанағатты қайырып қойып, жау жоқ жерде батырсынып «Елбасы елдің жағдайын неге түзмейді?» деп езуі көпіріп екіленіп сөйлейтін есер азаматтар, әкесі көлік алып бермесе, қалыңдығы хат жазбай қалса асылып өлем дейтін көкжасық желөкпе мігіттер... Ішің ұлиды-ай, шіркін!.. Кімге айтып түсіндіре аласың осының бәрін?!

Байментайдың басына түскен ауырлық ешкімнің басына келмесін! Иә, Алла! Ешқайсымыздың басымызға келтіре көрме! Әумин!

БІЗ ГИТЛЕРДЕН БҰРЫН СТАЛИНДІ ТАНЫДЫҚ (В. Михайловтың «Хроника великого джута» кітабынан үзінді)

...«Ер кісілер ізбен жүріп отырып киіз үйге қарай беттедік. Есікті аштық. Күтпеген жерден қаңырап бос тұрған киіз үйдің ішінен адамның жүрегін шымыр еткізетін жіңішке ысқырық естілді. Бәріміздің денеміз мұздап кетті. Әлде иттің ырылы ма дерсің, әлде мысықтың ызаланып айбын көрсетуіне ұқсас па, бір дыбыс шығады. Жаман шошаланың саңылауынан кішкентай адамға ұқсас бір сұлбе адамдарға тұра ұмтылды. Үсті басы қанға боялған. Ұзын шаштары қанға бітіп мұз қырау сияқты түйдектелген, қап-қара екі аяғы сидіған, қара қарғаның мүйіз аяқтарына

ұқсайды. Екі көзі есі жоқ бейнені танытады, екі беті қанға боялған, ернінен жас қанның ағып тұрған ізі көрінеді. Ақсқан тістері жыртқышқа ұқсатады, аузында көбікті қан. Зәре-құты қалмаған төртеуі де бір сәт мелшиіп тұрып қалады да, алды артына қарамай қаша жөнеледі. Артына бұрылған кезде жаңағы жәндік ғайып болып кетіпті.

- Бұл не? — деп еңтігін басқан Ғабит қасындағы серіктеріне қарайды. Бәрінде де үн жоқ. Көпке дейін ешқайсысы да бір ауыз сөз айтпаған. Кейін Қостанайға келген соң жаңағылардың бірі:

- Сендер жаңағыны Жын, әлде Пері деп отырсындар ма?! Жок, жын емес. Мен анық көрдім, айқын көрдім! Ол — адам. Кішкентай бала, Қазақтың қызы, 7-8 жастағы..

- Жок! Жок! — Мүсрепов айқайлап жіберді. Ғабиттің ашу кернеген әлсіз дауысы ұлы адамға тән, бірақ шарасыздыққа толы еді. — Бұл Ашаршылық! Ашаршылықтың көзі! Қарғыс атқан Ашаршылықтың бейнесі...»

Зейтін Ақышев, жазушы («Зауал» кітабынан):

- 1934 жылдың мамыр айында Павлодар облысының Май ауданы, Аққудық деген жеріне 120 пұт егістік тұқым апардық. Ауылға кірдік. Жан жоқ, адам түгіл еш жәндіктің қыбыры жоқ. Ауыл шетіндегі бір үйге кірдік. Еш жанның белгісі білінбейді. Ішке кірдік, бөлме бұрышында бір шымылдық керілген екен, жас жұбайларға арналған болар. Шымылдықты түртіп қалып едім, матасы іріп тұр екен, жұлым болды. Ар жағында екі адамның қаңқасы, бірінің қара шашы ұзын, екіншісінікі қысқа, жас жігіт пен әйел екені, жас жұбайлар екені байқалып тұр. Өлімді құшақтасып қарсы алыпты. Осы көрініс өмір бойы есімнен кетпейді...

БАЛЫҚТЫҢ ҚЫЛТАНЫ

Жанат ЕЛШІБЕК

...«Аллау ақбарын» айтып, бетін сипаған Құрақбай құр бекерге отырмай, үзілген әңгімесін сабақтады.

- Аштыққа қатысты әкем айтып отыратын қайғылы бір хикая есіме түскені. Сұрапыл сойқанды жылдары әкемнің әулеті өрдегі Қапал тауының етегіндегі «Тоғызбұлақты» мекендепті. Аштық шенгелі бұл өңірді де құрсаулағанға ұқсайды. Қолдағы бар-жоғын

түгесіп, ауыр өмірден әбден түнілген әкейдің ортаншы ағасының төзімі бір аптаға да жетпейді. Неше күн нәр сызбаған оның іші қасқырша ұлып, қос жанары қанталап, ашкөзденген кейіпте кереқарыс аншылық пышағын малта қайрақтасқа түкіріп-түкіріп ұзақ жанып қайрайды. Жарлауыт қабағы бұрынғыдан бетер түксініп, түнерген сұғын есік алдында алаңсыз құлдырандап жүрген екі-үш жасар ұлына қадай береді, қадай береді. Шайтани пиғылдан секем алған анасы бейкүнә сәбиін алдарқатып, қарыс қадам ешқайда бұрылмайды. Дір-дір еткен қу жүрегі көзден ғайып болса, бір сұмдықтың болатынын сезетіндей. Ниеті бұзық, көзі қарайған қаскөй күйеуі оны әр нәрсеге жұмсап, есінен тандырады. Өстіп қылпылдаған ұстараның жүзінде зыр қағып жүргірген ол ұлын қолтығына қыса жөнелгенде «Баланы қоя бер, өзім қарай тұрамын» деп қатты зекиді. Үйдің сыртына шығып, қораны айнала беріп, іле-шала жанұшыра кері оралады. Қуанғаннан тілі байланып, сөйлей алмайды. Алмас жүзі жарқ-жүрк ойнаған пышағын тастатқызбай, еңіреп жылаған әйел күйеуін дедектетіп сүйрелейді. «Тез!... Бол»... Адам айтса сенгісіз оқиға.

Қаңғырып таудан түскен екі арқар бір-бірімен сүзісіп, айшық мүйіздерімен ілінісіп қалыпты. Текетіресіп не алға, не артқа тыпырлап жылжи алмайды. Неткен күдірет! Осылайша тұтас бір әулет аштан аман қалыпты...»

Жұлдыз №10 2009.

Осы оқиға кейін ел аузында ауыздан ауызға тарап кетсе керек. Қызылордалық мұғалима Зайра Мамырова бұл оқиғаны өлеңмен баяндапты.

АШТЫҚ ЖЫЛЫ ЕДІ... (Баллада)

Аштық жылы екен дейді сол бір кез,
Қалың тұман жапса керек жер бетін.
Беталысы шетсіз-шексіз құла түз,
Келе жатты бір үйлі жан селбесіп
Жер бауырлап, кейде тоқтап, сыбырлап,
Дейді жігіт:
- Бас садақа емес пе,
Жанымыз жас, тірі қалсақ қыбырлап,
Берер Құдай тағы да бір нәресте,
- Айтшы, жаным, қалай көзің қияды?
Сен емес пе ең, болса деген тұяғым.
Тілегінді орындадым, шыдашы, -

Не боп кеткен кескін-келбет, сияғың?
Кезереді неге ернің қаталап,
Қиналдың ба, көзің кеткен қаталап,
Жалғызымды жегізбеймін, атама, -
Деп келіншек ұзай берді сұр тұманды тасалап,
«О, сұмдық-ай, кім естіген мұндайды,
Мұнан өткен бар ма екен шын қайғы,
Өз баласын шеңгелімен уыстап,
Қанын ішпей, жемей кәпір тынбайды.
- Балапаным, бауыр еттен жаралған,
Тұтқыны боп аш ажалдың қамалған.
Бұл өмірден не білесің, бейкүнә
Өмірінді сактай алсам – бар арман!»
Деп күйзелді назалана келіншек,
Үрейленіп арттан кара көрінсе
Келе жатты өмір тілеп Тәнірден,
Қалай ғана тіршіліктен безінсін.
Кенет алдан дыбыс шықты тырсылдап,
Тоқтай қалды демін тартып тың тындап,
О, ғажайып, көзін сүртіп қараса
Өң бе, түс пе...
Екі теке тұр ырсылдап,
Ажырата алмай мүйіздерін айкасқан,
Әбден шаршап, аяқтарын жәй басқан
Сүрінеді, еңтігеді пырылдап,
Сольқатаған сан сағаттық шайқастан
Осы кезде жетті келіп күйеуі,
Көктен емес, жерден болып тілеуі.
Селебесін суға салып, бауыздап,
Құлатып сап, қос киікті іреді.
Адам қасқыр, тұманданса ақылы;
Деген рас,
Болсын бірақ ақыры,
Пайда болды жұртымызға жат қылық,
Қаныпезерлер бауыздап жүр жақынын
Бұл дертті көрінбейтін көзге түк
Емдемесе болмас, сірә, тездетіп
Қиын болар ойнанайық, ағайын,
Қазақ халқын алмайықшы өзге етіп

«Күн мен түн», 06.08.1998.

«...Енді соғыс ардагері, бірнеше кітаптың авторы Меңғали Мусиннің «Түнекте тұншыққандар» кітабындағы мына бір жантүршігерлік оқиғаға назар аударайық.

- Шекара аспақшы болған тағы бір көш Қойтүбекке ілікті. Босқын бейшаралар сорларына қарай шекарашыларға көмектесіп, босқан елді қудалап жүрген Успенка селосындағы болыстық военком Яков Кондауров басқаратын қарулы топқа тап болды. «Ұзын сөздің қысқасы», қалған жұртқа оралудан басқа лажы қалмаған көш енді сол жұртына жетпей тұтқынға түсті. Оларды жаяулатып таудағы Тополевка селосына атқа қонған Кондауров өзі айдап әкетті. Жиынып, буынғандарынша сор болған арттағы кәрі-құрған, бала-шаға, араға едәуір уақыт салып аттанады. Шытырман арасындағы бұл тар соқпақ тозаққа апаратын жол іспеттес болып шықты. Көш жарты шақырым ұзады ма, жоқ па, өліп жатқан адамның үстінен түсті. Оқтан өлген. Көштегілер «әке-тайым-ау» деп шулады да қалды. Жиырма-отыз адымнан кейін тағы осындай өлік, тағы у-шу. Алысқа ұзап не керек, әне бұта түбінде үшіншісі қансырап жатыр. Одан әріректе төртіншісінде шала жаны бар екен, ыңырысды. Тополевкаға жеткенге дейін талай адам осылай қаза тапқан. Ал көшті айдап жеткізген отрядын қарсы алған Кондауров жолдастарына қарап: - Адаспадыңдар ма? Мен сендер адаспасын деп жол бойы белгі қалдырып отырдым, - деп ыржия мәз болды».

Ғалым БАЙБАТЫРОВ,
«Ана тілі» № 20, 2012 жыл

Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы

Баласын өлтіріп, шалға тиіп алған жас келіншектер естерін жиғаннан кейін жынданып кетіпті.

«...біздің ел Жем бойынан, Үстірт үстінен қарақалпақ, түркімен жеріне қарай лықсиды да, ол кезде Қазақстанға қарайтын қарақалпақ жерінде, Әмудің төменгі сағасында «келімсек» ел атанып жүріп, 1932 жылы сұрапыл аштық кебін киеді. Одан ештеңе өнбегеннен кейін жас қыздарын бір тостаған жүгеріге айырбастауға кіріседі. Балаларын ел жиналған жерге тастап кетіп жатады. Жергілікті шалдар баласы бар келіншекті алмайды. Содан қолындағы баласын өлтіріп, әлгі шалға тиіп алған жас келіншектер естерін жиғаннан кейін жынданып кетіпті» («Аңыз адам» №, 2013),

Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ӘКЕМНІҢ ӘНГІМЕСІ

- Е, сарсүйек, бұл қу бас нені көрмеді дейсің? Түрмесін де, түнегін де, істігін де штыгін де, көрдік қой бұ үкіметтің. Соның бәрінен маған батқаны 1932 жылғы ашаршылық болды. Өз басымыз аман қалды демесең, ол көріністі еске алсам, әлі де тұла бойым түршігеді. Аяқ астынан әскердің қолына түсіп, Алматыға айдалдым. Ақ па, қызыл ма, қайдан білейін, әйтеуір, қара орыстардың қылышынан қан тамып тұрған кез. Ептеп өштігім қозса керек. Бірақ адам қанын мойныма жүктегім жоқ. Істі болдым да шықтым. Онда тоғыз ай жаттым. Саясаттан хабарсыз болғандықтан ба, біраз адамды абақтыда сыртқа шығарып, әртүрлі жұмыс істедік. Қыс түсе бастағанда-ақ түрменің маңына қайыршылар жинала бастады. Біз олардан бірдене дәметіп жүрсек, олар бізге келген адамдардан қайыр тілеп жүр екен. Елге аштық кіргенін содан білдік. Түрменің қара жұмысы. Қара нан, қыс бойы соны талғажау еттік. Сөйте жүріп үш жігіт, үшеуіміз де жиырманың ішіндегі жас едік, тіл табысып, «кампан» болып алдық. Қолға түскеннің бәрін бөлісеміз. Бірі Қаратаудың, бірі Ақсу-Сарқантың адамы еді. Қыс ортасында түрменің айналасына үйіліп қалған, аязға қатып қалған аштардың денесін өзеннің жағасындағы жарға құлата береміз. Әуелгіде зәреміз ұшып, бұлай өлгенше түрмеде жүргеніміздің өзі жақсы екен» деп тәубе еттік. Осылардың кебін құшарымыз анық қой. Келе-келе ет үйренді. Бізде қайбір жетіскен киім бар дейсің. Әлгі аштан қатқандардың тәуір киімі болса, шешіп алып, етік-байпақтарын киіп, өлместің күнін күттік. Алматыда жылымық ерте басталады екен. Ақпанның басында күн жылт ете қалып еді, әлгі өліктер ырсып-ырсып шыға келді. Ит екеш иттің де адамды басынғанын сонда көрдім. Адамның сүйегін кеміріп жатады. Қасына барсаң, өзіне ырылдап сес көрсетеді. Үшеуіміз бұл қорлыққа қатты қапаландық. Содан «итке жем болмайық» деп, қалайда қашуға бекіндік. Ептеп азық-түлік, киім-кешек жинастырдық. Бір күні кешке қайтқан кезде әрқайсымыз үйіліп жатқан өліктердің ортасында жасырынып қалдық. Күзетші іздейді ғой, бірақ та, теңкиіп-теңкиіп жатқан өліктердің ортасына келуге дәттері шыдамайды. Түн ортасы ауа үшеуіміз дыбыс берісіп, бас қостық та, аштардың дауысына салып тамақ сұрап, ыңырысып жүріп Серкеш шынын бетке ала тау сағалай жүрдік. Таң ата қалың

ағаштың ішіне кірдік те, жатып қалдық. Сол арада мынадай байламға келдік. Бәрібір ауылға жете алмаймыз. Теміржолға барсақ, сақшылар ұстап алады. Сондықтан, не де болса, Серкеш шыңының бауырын барып паналадық. Не желдің, не ұстадың дерің бар ма? Аю мен арқар атқанымыз жоқ. Тышқан ба, құс па, жылан ба, таңдағанымыз жоқ. Бұйырғаны біздікі болды. Көшкінде өлген аңның өлексесін қақатадық. Құстың жұмыртқасын талғажау еттік. Жуа, сарымсақ, тердік. Сонымен, мамыр айының аяғында қопынымызды тастап шықтық. Алатауды бүйірлеп, бір өзенді сағалап Алтынемелге бет алдық. Шындығын айтайын, үш жігіт болсақ та жолға тақап жүруге сескендік. Жолдың шетінің бәрі өлік. Иісі мүлкіп, қолқанды жарады. Оның үстіне адамдар әбден ашынып алған. Мерт етуі мүмкін. Ауыл тұрғындарынан да қайырым кеткен. Сондықтан жолдан 10-15 шақырым қашықтықта жарыса жүреміз. Әйтеуір жаз күні ғой. Жуа, сарымсақ, саумалдырық, рауғаш тердік. Жәндік көрсек, оны олжаламай ілгері жүрмейміз. Бір екі рет ауыл шетіне барып, енді ел көрместей күйге түстік. Үйіліп қалған өліктер. Қойшы, содан екі ай дегенде Балқаштың құмына іліктік. Киімнің борша-боршасы шықты. Аяқ пен қол тілім-тілім болып жарылды. Сол арада қаратаулық серігіміз: «Құмға іліндім, енді мен өз еліме Бетпақты сағалап жетіп алайын. Көріскенше қош болындар. Қияметте де бұл достықты ұмытпаймын» - деп рұқсат сұрады. Жыласып айырылыстық. Қалған екеуміз тағы жылжыдық. Кісі етін жеп есінен ауысқан бір адам біздің өзімізді торып, екі күндей зәре-құтымызды алды. Адамның жидіген шашынан қыл шылбыр өріп алыпты. Зады, сонымен шамасы жеткенді қылқындырып өлтіретін болуы керек. Әсіресе, емшектегі баласын құшақтап өлген әйелдердің сүйегінің қанқасын көргенде қасымдағы серігім еніреп жылап жібереді де: «Мына жатқан менің әйелім мен балам болса қайтемін, Құдакелді-ау!» - деп жерге отыра кетеді. Менің де қабырғам сөгіледі. Бойдақпын. Ондай уайым қыспағанмен, ағайын-туыс, әке-шеше еске түседі. Бірақ та «олар шекарадан өтті» дегенді құлағым шалғаны бар.

...Қыркүйекке таман әлгі серігімнің ауылына келдік. Қауіп қайдан дерің бар ма? Ауыл толы белсенді. Ұстатып жіберіп отырғандардың өз сол ағайындар ғой. Оның ауылы абыр-сабыр болып жатыр екен. Екі күндей ауылдың желкесіндегі биіктен бақылап отырдық. Екінші күні етекке таман түсіп, мен ауылдың тұсындағы қалың бұтаның арасына тығылып қалдым. Серігіммен сол арада қоштастым. «Егер ұзақ бөгелсем күтпе, менің қолды болғаным.

Ал мына бұтаның қасына келіп үш рет қақырыпсам онда елдің аман болғаны» - деді. Қас қарайған соң ол шеткі үйге жетті. Ар жағын аңдай алмадым. Түн ортасы ауғанша келмеді. Ауыл жақтан абыр-сабыр көп дауыс естілді. Үмітімді үзе бастадым, суық та қалтыратып барады. Енді орнымды ауыстырып, қарсы бетке бара жаттым... Бір кезде сыбыс шықты. Тыңдадым да жаттым. Белгілі бұтаның түбінен үш рет әйел дауысы естілді. Қозғалмадым. Бір-неше рет қайталады. Содан кейін ақырын ғана: «Жолаушы! Сізге сәлем айтты серігің. Мен соның зайыбымын. Біздің ауыл аңдылуда. Бірақ қазір арғы бетке көшуге қамданып жатырмыз. Сіз тезірек бұл маңнан кетіңіз. Құдай жолыңызды қылсын!» - деп байыппен нақтылап айтып шықты. Әбден көзім жеткен соң орнымнан тұрып, қасына бардым. Жағдайды қысқаша түсіндірді де, бір дорба тамақ ұсынды. Киім де бар екен. Әлгі серігімнің әйелі: «Бары осы болды. Таудан төмен түспегейсіз. Мына Семей жақ тіпті қауіпті. Торұылшы көп. Алаам дем берсін сізге» - деді де кері бұрылды. Өксік кеудеме тығылып мен қалдым. Апыл-ғұпыл әкелген тамақтан асап-асап жібердім де, тау сағалап таң атқанша жүріп отырдым. Бір төбенің басына барып тынықтым. Ертеңіне әлгі ауылдың орнына қарасам, өздері жоқ, тек жұрты ғана қалыпты.

Несін созайын, тура қазан айының аяғында Аягөзге жеттім-ау. Жолда қаңыраған қыстауларды паналап, қатқан сүйектерді қайнатып ішіп, аң-құстың, өлексенің етін қорек етіп жеткенімде, осы жерге жетуге неге сонда өзүрегенімді түсінбедім. Жұрт бір-біріне жауығып, қанын ішіне тартып алған. Ел жақтың да берекесі кетіпті. Содан «есім бар да арғы бетке өтейін» деп бекітім де, Тарбағатайды сағалап, Бақтыдағы шекараға қарай жүрдім. Бар жұбанышым – мұрынды шүйірткен өліктердің иісінен құтылғаным. Қыстың аты – қыс. Бұтаның түбіне, тастың ығына, маяның ішіне түнеп жүріп шекараға да жеттім-ау. Бірақ Тарбағатайдың иегіндегі Арқалық тауына күре жолды қиып өтіп бара жатқанымда, тура шекараға бір шақырымдай қалғанда, алдымнан атқа мінген үш әскер шыға келді. Біреуі шауып келіп мылтықтың дүбімен бір ұрғанда, есім ауып қалды. Абақтыға әкеліп жапты. Он бес күн жаттым. Күніне бір кесе ыстық су береді. Екі күнде бір уыс кебек араласқан тары береді. Әлгіні бірден жемей, талмап қана, бір сағат бойы аузымыздың дәмін аламыз. Тәп-тәуір тершіп қалғандай боласың. Күн суық, боран ұйытқып тұр. Алтыншы күні аң атқанда сапқа тұрғызды да, Мақаншыға қарай айдай жөнелді. Қар дегенің белуардан. Аш-арықта не күш бар? Жолдың шетіне бұратылып

барып құлай кетеді. Қызыл әскерлер аттын үстінде тұрып камшымен ары сабайды, бері сабайды. Кейін сол күйде жаң тәсілім етеді. Солай Мақаншыға да келдік-ау. Тері -терсек жиятын қораға камады. Өгіздің терісін шелдеп, от жаққан кезде есік жақты сағалай бердім. Түтін бұрқырап, койманың іші көрінбей кеткен соң есікті ашты ғой. Сыртқа түтін лап етіп шыққанда, мен де есіктің қайырмасына жасырындым. Күзетші түтіннен қашып, әрі таман барып тұрды. Сол кезде ақ шәлі тартқан әйел жанап өте берді де, жапсарда тығылып тұрған мені байқап қалды. Қолында ақ бидоны бар. Шырайлы адам екен. Әлгі күзетшінің қасына барып әзілдесіп тұрды да, оны өзіне қаратып, әрі қарай баспақтай берді. Сол кезде мен жалт беріп, әлгі койманың артына қарай зытып бердім. Сөйтіп базарға тарттым.. Кісі көп, ішіне сіңіп кетесің. Аш-арық, өліп жатқан адамды сыртқа әкетіп жатыр. Базарды үш айналып шықтым. Әлгі ақ шәлі тартқан әйел сонда келіп айран сатып тұр екен. Жанына жақындағанда: «Ей, осы сенің ақшаң жоқ қой. Бірақ та осыны түгел ішіп кете алсаң – ақысын алмаймын. Іше алмасаң – киімінді шешіп бересің» - деді. Ақ бидонды бас салдым. Айранды төгіп-шашып құныға сіміре бастадым.. Бір кезде көз алдым қып-қызыл болып қанға тұнды да, теңселе бердім. Есімді жисам, бір жылы үйде жатырмын. Сөйтсем, аш адам әлсіз келеді емес пе, зорыққаннан мұрнымнан қан саулай жөнеліпті. Біраздан кейін әлгі ақ шәлі тартқан әйел кірді: «Ей, сорлы-ау, байқап-байқап ішпейсің бе, мен сенің киімінді қайтемін. Біреу-міреу күдіктеніп, сені тағы ұстап әкетпесін деп алдартқаным емес пе? Біз де түсінеміз. Менің де аға-бауырым босқын болып жүр. Арғы бетке кеткені бар, айдалғаны бар, солардың біреуін кезіктіріп қаламын ба деп базарға барып тұрамын. Табыс үшін емес. Осында бір белсендіге сен сияқты жүдеп жүріп тап болдым да, тұрақтап қалдым. Оларға тамақ табылады ғой. Өзі қазір Аягөзге жиналысқа кетті. Осында екі-үш күн демал» - деді. Несін жасырайын, басымнан кешкенімді әлгі әйелге түгел айттым. Жылап отырып тындады. Бір апта үйіне жатқызды. Киімімді жамап, әлгі белсендінің ескі киімін берді. Кәдімгідей әлденіп қалдым. Жолыма ек бөлке нана, талқан, бидай берді. Содан кейін арғы бетке өттім».

М. Шапиян «Аңыз адам» № 4, 2013.

Нұрилла Ыдырысова тәтейдің айтқандары

Өмірде болған оқиғаларды, ширыққан шындықты ел-жұрттың есінен шығарып, мәңгі көміп тастау мүмкін емес, - деді де Нұрилла тәтей қабағын шытып, сәл ойланып отырды. – Сендер ол кезде туған жоксындар, еміс-еміс естігендерің болмаса, барша шындықты үзіп-жұлып қана білесіңдер. Сондықтан тыңдап ал, бір жеріне түртіп қой, түбінде керегі болады...

Жаппай коллективтендіру зорлықпен басталғанда мен есі кіріп қалған тоғыз жасар қызбын. Елдің қорадағы, қотандағы малын тегіс сыпырып алып, отар-отарымен айдап кетіп жатты. Жұрт «ақыр өзімізге бұйырмайды екен» деп малдарын туыс-жек-жаттарына, ағайындарына үлестіре бастады. Қалғандарын сойып тауысты. Іле-шала ақша салығы, ет-жүн салығы, тіпті ит пен мысықтың терісіне дейін салық салынғаны есімде.

Менің әкем ұста еді, оның азын-аулақ малын ауылдағылар өз малдарына қосып бағып, іс істететін. Малдан айырылған соң, әкем ұсталықты тастап, өзі жасаған қауамен Іледен балық сүзетін болды. Бір үйлі жан сөйтіп жан баға бастадык. Балық аулауды кәсіп етпеген, тек қана малмен күн көрген қараңғы қазақ жаппай аштыққа ұшырады.. Белсенділер малды сыпырып алғанымен қоймай, көмген тарыны істік тығып жүріп табатын болды. Тіпті қалаулы тұрған пешті бұзып, асты-үстің ақтаратын «заманақыр» туды.

Балық аулай алмағандар кесіртке, жылан, тасбақа теруге жарамағандар ісіп-кеуіп, отырған орнында аштан өліп, басы ауған жаққа қаңғып кетті. Әлі барлар көрші аудандарға сүріне-жығылып жетіп жатыр деп естиміз. 1932 жылдың көктемінде Іле өзенімен моторлы кеме қатынап, жүріп-тұруға әлі жететін адамдарды өрдегі елге қарай таси бастады. Әкем жасаған алты канат ақ үйімізді, талай жыл тірнектеп жинаған дүние-мүлкімізді тастап, біз де кемеге отырдық. «Егінжайы, көкөнісі бар жоғарыдағы елге жетіп қалыңдар» деп көзі ашық басшылар үгіттеген соң, атамекеннен айрылсақ та, аштан өлмеу үшін үй-ішімізбен ұзақ жолға шықтық. Кеме өрге қарай өте баяу жүзеді. Жол-жөнекей тамақ жетпей, ісіп-кеуіп жан тапсырғандар қаншама. Екі мезгіл жағаға шығарғанда «суға тастағанша жерде қалсын» деп өлгендерді үлкен кісілер құмға көмеді.. Мен көмілгендердің біреуін көрдім, тіл-аузы жоқ шала-жансар екен, көпке дейін құмның үсті жыбыр-жыбыр етіп жатты..

Өліп-талып Іле стансасына да жеттік-ау! Біраз күн аш-жалаңаш, ашық аспан астында жаттық. Ескі ауруы козып әкем дүние салды.. Күндердің күнінде Шелек ауданының шетіне іліндік. Тірі қалғандары балалар үйіне әкеліп жатыр. Шешем мені оған бермеді. Қызылжиде, Қаражота деген жерлерде сиыр совхозы бар екен, әр үйде 15-20-дан сауынға бөліп берген. Шешемді темекі терушілерге қосты. Күнде оқу басталды, мен 2-ші, інім 1-ші класка бардық. Бос кезде апам екеуміз күріштің, бидайдың масағын тереміз. Сөйтіп, бір қап бидай жинап алдық.

Шешем пысық кісі еді, қазан-аяқты, келі-келсапты тастамай ала келіпті. Күн суыта бөрімізді үлкен баракқа кіргізді. Есік-терезелері аңғал-саңғал, ішіндегінің бәрі қираған. Айнала - өрмекшілердің торына толы, ыс, сасық. Бәрін тазалап, ортаға қазан қойып, сол баракта аз уақыт күн көрдік. Екі бірдей жас баласы бар, жұмысқа мығым, айтқанды екі етпей істейтін анамды аяды ма, қазақшаға судай рабoчкoм - қара орыс өз үйінің бір бөлмесін босатып берді. Екі бөлмелі үйдің ортасында бір пеш бар, «үйді суытпай от жақсаңдар болды, түнде келгенде біздің де бөл-меміз жылып тұрады» - бізге қойған талабы осы ғана.

Апам темекі тергенде де, шөмеле үйгенде де елдің алдын бер-мей, «стахановшы» атанып жүрді. Соның арқасында күніне 800 граммға дейін нан жеп тұрдық.

- Сен енді детдомға бар, - деді маған бір күні рабoчкoм.. Тамақ та, киім де өкіметтен. Оқитын село алыс емес, 15-20-ақ шақырым жерде. Демалыс күндері шешенді жіберіп тұрамын. Күн жылынған соң өзін де ары-бері қатынап жүресің. Бұл - 1932 жылдың жел-тоқсаны. Сөйтіп, мен Қорамдағы детдомға тарттым.

Босбелбеу балалар мұнда да өліп жатыр екен. Мен шешеме тартқан пысықтауымын, асхана жақты көп жағалаймын, күнара кезекшілікке барамын. Нан, май өлшеу - менің қолымда... Бала-лар сонда да аурудан өліп жатыр, оларды совхоз ауыл сыртына апарып көміп қайтады...

1934 жылдың көктемінде ашаршылық алапаты артта қалып, тірілер тоғая бастаған соң, мен мектепті тастап, «апама барам» деп қиғылық сала бастадым. «Жок, бармайсың, апаң сені күйеуге беріп жібереді - деп мектеп басшылары қарсы болды. - Сен жақсы оқи-сың, оқуды ары қарай жалғастыруың керек»...

Бек ТОҒЫСБАЕВ

ҚОЙНЫНА МЫСЫҚ ТЫҚҚАН БАЛА

...Осы кездері, біз жаққа, Арқа жақтан аштыққа ұшырап ауған жұрттың есебі болмады. Олар күн демей, түн демей Қантағы арқылы Түркістанға қарай ұбақ-шұбақ ағылумен болды. Түркіс-танға жеткен соң, бұлардың қайсыбірі - жан сауғалап осында қалды. Қалмағаны, стансадан олай-бұлай өтіп жатқан пойыздарға ілігіп, «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» - беті ауған жаққа кетіп жатты. Ал, қайсыбіреулері - Түркістанға да жете алмай, жолда қалды. Сол кезде, мұндай жолда қалғандардың өлігі, саған өтірік, маған шын, Қантағы мен Түркістан арасындағы қара жол-дың бойында кәдімгі дәріден қырылған шыбындар құсап, пырдай болып жатушы еді. Мұндай аштық құрбандарын Қантағы посел-кесінің кез-келген жерінен, кез-келген бұрышынан да көруге болатын. Оларды дер кезінде жерлеп, бетін жасыруға мүмкіндік болмады. Себебі, аштықтың салдарынан, поселкеден көр қазуға жарайтын әл-қуаты бар адамды табу қиын еді. Сондықтан, бұл міндетті жергілікті милиция қызметкерлерінің атқаруына тура келді. Олар қабірді өздері қазып, өліктерді ат арбамен өздері жинап әкеп көміп отырды.

Менің Сәйімбетов Әлмахан деген жолдасым болды. Жолдас болғанда, екеуміздің тағдырымыз да, өмір жолымыз да егіз тамшы-дай ұқсас. Менімен бірге ол да жастайынан жетімханада тәрбие-ленді, менімен бірге Шымкент педагогикалық техникумында оқыды. Ақырында, әйтеуір бір себеппен атылудан аман қалғаны болмаса, мен көрген сталиндік қуғын-сүргінді ол да бастан-аяқ көрді. Қазір ол да осы қалада тұрады. Осы арада сол Әлмаханнан естіген бір әңгіме есіме түсіп отыр.

Бұл біздің зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі жылдардың бірі еді. Бір жолы екеумізге бір жиын-тойға бірге баруымызға тура келді. Бір кезде төр жақта, менің қасыма отырған Әлмаханға, бізге қарсы отырған қонақтардың ішінен жасы елулердегі бір жігіт ағасының қайта-қайта қарағыштап отырғанын байқадым. Оны Әлмахан да байқап отыр екен. Бір кезде ол:

- Әй, жігіт, сен маған неге қарай бересің? - деді.
- Мен сізді біреуге ұқсатып отырмын, - деді анау.
- Кімге?
- Әлмахан Сәйімбетов деген кісіге.
- Онда жаңылмапсың. Сол Сәйімбетовың - мен.

Бейтаныс жігіт өз құлағына өзі сенбегендей таңданыс білдірді:

- Шынымен бе?! Шынымен, сол Сәйімбетовсыз ба?.. Апырмай, мен сізді 37-38 жылдардағы аласапыранда не атылып, не айдалып кеткен шығар деп жүр едім. Бар екенсіз ғой!..

Бейтаныс жігіт орнынан ұшып тұрып, Сәйімбетовпен құшақтай көріспекші болып еді, дастархан үсті болғандықтан олай етудің ынғайы келмеді.

- Ал, өзің кімсің? - деді Сәйімбетов орнына қайта отырған бейтаныс жігітке.

- Танымадыңыз ба?

- Танымадым.

- Иә, қайдан танысыз.. Одан бері не заман өтпеді бастан... Мен баяғы, өзіңіз Түркістанның көшесінен кездестіріп, балалар үйіне орналастырған пәленшемің ғой (атың ұмытып қалыпты). Есіңізде ме, үстінде алба-жұлба киімі бар, қойнына тыққан мысығы бар бала?

- А-а!.. Сол сен бе едің? Міне, ғажап! Қайдан жүрсің мұнда? Не жұмыс істейсің?

- Мен осында, Байылдырда тұрамын, шахтада істеймін..

...Қайтарда, әлгі «қойнына мысық тыққан» бала жайлы Әлімханнан естігенім мынау болды.

...Сәйімбетов онда Түркістан аудандық оқу бөлімінің бастығы еді. Барлық күш аштықпен күреске жұмылдырылған. Райкомның номенклатурасындағы лауазым иелерінің бірі ретінде Әлмахан-ның күнделікті атқаратын қызметі де осы аштыққа қарсы күреспен байланысты: үйлерді аралайды, үйлерде, көшелерде аштан өлгендерді жинастырып, оларды жерлеуді ұйымдастырады, панасыз қалған балаларды «Детдомға» орналастырады.. Сәйімбетовке бәрінен бұрын қиын тиетіні — осы соңғысы. Себебі: олардың бәрін бірдей балалар үйіне орналастыруға мүмкіндік жоқ. Орын жетіспейді. Қабылдамайын десең тағы болмайды. Ата-анасы ма, әлде туған-туыстары ма, әлгі балаларды түнде келеді де, детдомның алдына тастап кетеді. Оны былай қойғанда, Сәйімбетовтың өзі таңертең жұмысқа келгенде, кеңсесінің алдында кем дегенде осындай төрт-бес «тастанды» баланың жатқанын көреді. Не істейсің? Қабылдасқа шараң қайсы? Осылайша қабылдаудың салдарынан, күндердің бір күні қаладағы, әрқайсысы жүз елу орындық бес балалар үйіндегі балалар саны — бюджетте қаралған мөлшерден екі-үш есе асып түсіп, 750 бала орнына екі мың балаға бірақ жетпесі бар ма?! Мұның аяғы аупартком төрағасының төрағасының Сәйімбетовты бұл «заңсыз тірлігі» үшін қылмыстық жауап-

қа тартуымен тынды. Жетім балалардың көз жасының көмегі ме, әйтеуір Құдай сақтап, сотталған жоқ. Аман-сау орнында қалды..

Осы бір тұстар еді, Сәйімбетовтың әлгі қойнындағы мысығы бар балаға кез боп жүргені. Бұл түс әлеті еді. Сәйімбетов кабинетінен шығып, үйіне бет алған. Кенет алдынан, кесе-көлденендеп, көшемен бір бала өте берді. Өзі бұған жалтақ-жұлтақ қарайды. Жасы сол тоғыз-ондар шамасында. Басында — құлағын түсіре киген жаман құлақшын. Үстінде — белін жіппен буынған күпәйке. Аяғында көн шоқай. Қойнында шоңқиған бірденесі бар. Сәйімбетов бұрын мұндай баланы бұл маңнан көрген емес еді. «Бұл бала қайдан жүр бұл жақта? деп ойлады. «Әй, балам, тоқтай тұршы», - деді сосын. Бала артына қиыстай бұрылып тоқтай қалды. Сәйімбетов жайлап баланың жанына келді.

- Бұл жақта қайдан жүрсің, балам?, - деді. Бала үндемеді. Жауап берудің орнына қибыжықтап төмен қарады.

- Әке-шешен қайда? Бала тағы үндемеді. Сол сүмірейіп төмен қараған күйі тұра берді. Сәйімбетовтың көзі енді бала қойнындағы томпайған нәрсеге түсті.

- Мынауың не?

- Мысық, - деді бала. Сөйтті де кемсеңдеп жылап жіберді.

Сәйімбетов баланы жұбатып, қайта сөзге тартты. Бұл бала, Сәйімбетовтың алғашқы ойлағанындай, расында да, басқа жақтан келген болып шықты. Осында әкесімен алыстан қосылатын туыстық жағы бар, бір жалғыздікті кемпір тұрады екен. Жуырда, семьясы, аштыққа ұшыраған жұртпен бірге Арқадан ауып келе жатып, сол кемпірдің үйіне тоқтапты. Қазір әке-шешесі үшеуі сол үйде тұрып жатқан көрінеді. Мына қойнындағы мысығын соларға пісіріп бергелі апара жатыр екен. Мұны да иесіз бір үйдің жанында жүрген жерінен ұстап алыпты.

Сәйімбетов әлгі жерде баланың мысығын қоя бергізді де, өзін Балалар үйіне алып келді. Мұндағыларға баланы ертең келіп алып кететіндігін айтып, оған дейін оны тамақтандырып, моншаға түсіруді тапсырды.

Ертеңіне таңертең баланы айтқан үйіне алып келді. Бұл қаланың теріскей жақ шетіндегі қабырғасы кесектен қаланып, төбесі камыстан жабылған, жапырайған қоржын тамдардың бірі болып шықты. Тамның сыртында, не ішінде ешқандай тіршілік белгісі байқалмайды. Өлі тыныштық. Баланың айтуынша, тамның бір бөлмесінде үйдің иесі — кемпірдің өзі тұрады екен де, оның қарсысындағы бөлмеде бұлар тұрып жатыр екен. Кемпір қайда

кеткені белгісіз, есігі құлыптаулы. Оған карама-қарсы екінші бөлменін де есігі тарс жабық. Ар жағында ешқандай дыбыс жоқ, тым-тырыс. Кешеден бері келмеген баласын күтіп отырған үйге ұқсайды. Сәйімбетов бір сұмдықтың болғанын сезгендей болды. Жүрегі өрекіп, қолы есік тұтқасына әзер барды. Сондағы көрініс Сәйімбетовтың әлі күнге дейін көз алдында. Есікті ашқан замат көзінің түскені – екеуі де екі жерде қылжиып жатқан баланың әке-шешесі болды. Бұлардың келгенін сезгендей ешқандай қимыл-қозғалыс білдірер емес. Сол тым-тырыс күйінше жатыр. Сөйтсе, екеуі де әлде қашан о дүниелік болған екен. Мұны марқұмдардың жүрегін тыңдап, тамырын басып көрмей-ақ, әлдеқайдағы бір нүктеге кірпік қақпай қала қарап, қимылсыз жатып қалған көздері де айтып тұрғандай еді. Ерлі-зайыптылардың жас шамалары сол қырықтардың о жақ, бұ жағында десе де болғандай. Астарындағы төсеніші – жалаңқабат алаша үстіне төселген көнегөз көрпеше де, үстерінде – қалың қыстық киімдері. Байғұстардың, бір-екі көрпе, жастық пен бір сандықтан тұратын бірқатар жүктен басқа іліп алар ештеңесі жоқ, қазан-ошағына көптен бері от жағылмаған, осынау едені сыз, азынаған суық бөлмеде өмірінің соңғы сәттеріне дейін тек осы киімдерімен ғана жан сақтап келген секілді.

Сәйімбетов марқұмдардың көздерін сипап, беттеріне бірдене жапты да, баланы Балалар үйіне қайтадан алып жүрді. Бала Балалар үйіне жеткенше өксіп жылаумен болды. Сәйімбетов оны жұбатаумен болды.

Бұл жолы бала – Балалар үйінде біржола қалды. Сол күні баланың әке-шешесі жерленді. Оларды Сәйімбетовтың сілтеуі бойынша, аудандық атқару комитетінің аштан өлгендерді жерлеумен айналысатын арнайы топ қызметкерлері жерледі.

Бұл қазақ халқының тең жартысына жуығын, яғни екі жарым миллиондай адамды жалмаған, тек Қазақстан ғана емес, сонымен бірге Украина, Поволжье, Дон, Кубань, Батыс Сібір аймақтарын да қамтыған отыз екінші жылға аштықтың бір ғана көрінісі еді.

...Ал осы аштық жайлы, өз «теориясы» бойынша жүзеге асырылған коллективтендірудің аяғының осындай ауыр зардаптарға алып келгендігі жайлы Сталин білді ме?! Осы күндері бұл жайлы әңгіме бола қалса, баяғы жеке адамға табынушылардың

қалдықтары: «Мұны Сталин білген жоқ. Мұның бәрі оның бер жағындағылардың ісі» дегенді айтады. Бұл – бос сөз. Сталин бұл аштық жайлы білмеді емес, білді. Білгенде қандай! Бірақ, білмеген болды. Білмеген болғандығы сондай, оған бұл аштық жайлы алдына кіріп бірдене айту мүмкін болмады. Айтса, айтқан адамның өзі бөлеге қалатын болды. Бөлеге қалу былай тұрсын, қайтып бас көтерместей, «халық жауынан» бетер оңбай жазаланып болды. Мәселен, мына бір мысалға қараңыз: Украина КП(б) Орталық комитеті Харьков облыстық және қалалық партия комитетінің секретары Р. Терехов Украинадағы адам етін жеуге дейін барып жатқан жан түршігерлік аштық туралы айту үшін әзер дегенде Сталиннің қабылдауына кіреді. Бірақ, Сталин өзіне батылы жетіп, мұндай арыз айтуға келген «жүрек жұтқан» секретарьға жылы қабақ көрсете қоймайды. Зірк етіп, сөзін орта жолдан бөліп жібереді:

«Біз, - дейді Сталин оған, - сіздің шешен сөйлейтін оратор екендігіңізді естіген едік. Сөйтсек, сіз тек шешен сөйлейтін оратор ғана емес, аштық туралы осындай ертегіні ойдан шығарып, құрастырып айта білген шебер әңгімеші де екенсіз. Сондағы ойыңыз не? Бізді қорқыту ма? Оныңыздан ештеңе шықпайды. Осы, сіз, секретарьлықты қойып, Жазушылар одағына жұмысқа ауыссаңыз қайтеді? Онда, сіз ертегілер жазар едіңіз.. Оны ақыматқар оқыр еді»...

Расында да, Сталиннің бұл бопсалауы босқа кеткен жоқ. Осыдан кейін көп ұзамай, байғұс Тереховтың «ұлы көсемге» айтқан бұл арызы үшін барлық қызметімен, лауазымдық креслосымен қош айтысып, без теріп кетуіне тура келді. (Шаяхметов О. «Түркістан тұтқыны», Роман, Алматы, 2009)

ҚАЗАҚ ҚАСИПЕТІ

Бұл өленді өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қазақстанға жер аударылған жас орыс қызы Татьяна Невадовская 1933 жылы жазған. Сол кезде Татьяна жасы он жетіде екен. Қазақстанға әкесімен келіп «Союзсахарда» лаборант болып жұмыс істеген. Қазақ даласындағы Ұлы аштық қырғынын көріп, оған көкірегі қарс айырылған, көргенін қарапайым шумақтарға түсірген жас қыздың өлең жолдары еріксіз тұла бойды шымырлатады. Қазақ даласында болған геноцидтің куәсі

болған орыс қызының осы өлені қазір республикамыздың мемлекеттік мұрағатында сақтаулы.

Қазақтың қасіретін көріп көкірегі қам болып қан жылаған, қазақтың қайғысына ортақ болған Татьянаның бұл өлені әлі күнге дейін қазақ тіліне ресми түрде аударылмаған екен.

Абай заманындағы Татьянаның әні қазақ даласында еркін қалықтаған болса, кеңес заманындағы Татьянаның зарлы мұнын ешкім ести алмапты.

Сазгерлер мен жыршыларымыз осы өленді лайықты мақаммен әнге қосса, артық болмас.

2011 жыл

КІМ ТАРТАДЫ БҰЛ ЗҰЛМАТТЫҢ ЗАУАЛЫН?

Т.Невадовская

Наурыз еді, шуақтанып Күн тұрған
Дала оянып, тіршілікке ұмтылған.
Ашаршылық қасіреті жадымда
Қазақтарым бастан кешкен түн тұман.

Қазағым аш, аш иттей боп ұлыған
Ісіп-кепкен, тым қайғылы, қиын хал.
Өліп жатыр, бұратылып аштықтан,
Күйінемін, менің тәуір күйім бар.

Аш нәресте шырылдайды ыңылдап,
Ана шіркін сәбиімен бір жылап.
Қос емшегін тоқпақтайды қолымен,
Есі шығып, «сүті жоқ» деп тұр жылап.

Бейшаралық халін көріп ананың,
Көкіректі езгілейді нала мұң.
Ашаршылық апатының құрбаны,
Аяп тұрмын мына сәби баланы.

Өлік сасып жатыр мына далаңыз,
Ашаршылық, жоқ қой саған шарамыз.
Құйған жанбыр, суық жел мен аязда,
Жансыз дене мұз боп қатқан, қараңыз.

Шөмеле тұр айдалада жиналған,
Сабақтары шірік тартып уланған.
Бір жас сәби содан масақ іздеп жүр,
Нәзік қолмен сүртіп көзін суланған.

Көрінеді қабырғасы ырсыып,
Іші ісініп, сыртқа шыққан тырсыып.
Ұқсамайды тірі адамға сұлбасы,
Тірі аруақ, адам емес, құр сиық.

Бейшаралар түнілген бұл өмірден,
Қар астынан жем іздеді қолымен.
Жаратқан-ау, жан азабын тартардай,
Жазығы не, түсінбеймін соны мен?

Төзе алмаймын мен мынандай сұмдыққа,
Арашашы бола алмадым мұңдыққа.
Қандай жауыз ашаршылық әкелген,
Алас ұрдым, көзім жетпей шындыққа.

Егін бітті ел шүкірлік етерлік,
Нан мен шай да, темекі де жетерлік.
Ауа-райын сылтау етіп сандалса,
Ондай былшыл болар нағыз есерлік.

Келді үкімет, тәркіледі астықты,
Етті зорлық, жасап елге қастықты.
Көмілусіз қанша сүйек шашылды,
Соны ойлап суарамын жастықты.

Айтшы, үкімет, бұл не қылған мазағың?!
Көз алдымда тартып жанның азабын.
Малын алып, үйсіз-күйсіз қалдырған,
Ажал құшып қырылуда қазағың.

Ен даланы жайлағандай жын-пері,
Түк қалдырмай түл еткен кім бұл жерді?
Ашаршылық зұлматына күні ертең
Жауапкер деп тарта аламыз кімдерді?

Көшпелі ел ен даланы жайлаған,
Малын бағып, қыс соғымын сайлаған,
Дихандыққа бейім емес қазақты,
Кім ажалдың аранына айдаған?

Кім оларды сұм ажалға тап қылған,
Қырып-жойып, жаппай ажал таптырған,
Маң далада мал өсірген қазақтың
Шат көңілін, жайлы өмірін жоқ қылған?

Көкіректе көп болып тұр сауалым,
Бұл зұлматтың кім береді жауабын?
Мен сұраймын, айтыңдаршы ағайын,
Кім тартады бұл зұлматтың зауалын?!

**Аударған Сағат ЖҮСІП,
Нұрадин ҚАНАТБАЕВ**

АШАРШЫЛЫҚ

Көдек МАРАЛБАЙҰЛЫ

Көдек ақын 1888 жылы Нарынқол жағында, Шалкөде деген жерде дүниеге келген екен. 1931 жылы Қазақстанда басталған ашаршылық кезінде Ілеге (Қытай) қарай ауа көшкендер арасында болады. Ел аузында көптеген өлеңдері сақталған... 1937 жылы Ақдала деген жерде қайтыс болған. Өлеңді жеткізген Қытайда тұрған қандасымыз Ілебай МАТАН деген азамат. Ол кісі Көдектің, одан басқа да ақындардың өлең-жырларын көп біледі, Іле өңірінің тарихына қанық жан. «Ашаршылық» атты бұл өлеңді 1993 жылы Халық Ахметбекұлынан жазып алыпты.

1932-ші жыл еді тауық,
Қазаққа ашаршылық төнді қауіп.
Барлығы бір-ақ күнде ғайып болып,
Бұрынғы байлық, барлық құрған сауық.
Байларды жер аударып, Сібірге айдап,
Бар малын күн көрерлік алды шауып.
Қуандық өлгеніміз тірілгендей,
Қаңғырып, бір уыс дән алсақ тауып.
Аштықтан талай адам шығын болды,
Әрең қойдық олардың бетін жауып.
Өлгенде ақыретке аттандырып,

Қытайға қалғанымыз келдік ауып.
Тау сағалап талай ел аман өтті,
Тұрса да бесатардан «бұршақ» жауып.
Алғашқы өткен елді қара тартып,
Әр жерден іздеп жүріп алдық тауып.
Жалшы боп, үй иесі қойын бағып,
Біреулер отынын ап, шөбін шауып.
Әйтеуір қарындары ток көрінді,
Әйелдер қой мен сиыр, бие сауып.
Көбейдік Жарсу, Текес, Ілеге кеп,
Ел келіп артымыздан ауық-ауық.
«Бермесен бізге жосын, айдаймыз» деп,
Тұрғын ел де олжа алды ебін тауып.
Тез өсіп мал мен басы бір мезгілде,
Асы мен Қарқараны жайлады албан,
Байларды жер аударып, Сібірге айдап,
Ел-жұрты, бала-шаға қайда қалған?
Олардың сол кеткеннен хабары жоқ,
Білмейсің тұрғын жерін қайда барған.
Қит етсе қынабынан қылыш шығып,
Тас қылып қолын артқа байлап алған.
Шықты да заңға қарсы бұзақылар,
Көресің топ-топ жанды айдап алған.
Айтсаң да, айтпасаң да айтты болып,
Шығады мойындатар айғақ алдан.
Бізге де осы пәле келеді деп,
Шулады ел қорыққандай айдаһардан.
Қорланған бай тоқалы жетілді деп,
Әйелден комиссия сайлап алған.
Келіскен комиссия деп қойғаннан соң,
Қылыштай жалт-жұлт етер қайрап алған.
Жанында шытырлаған шеруені бар,
Жақында мал сатқызып байдан алған,
Құрылып қалкоз, сапкоз деген ұйым,
Төрт түлік мал жиналды байдан алған.
Саясат күннен-күнге жіңішкеріп,
Бұл заман кесегінен майдаланған.
Кедейге батырақ деп мал таратып,
Олар жүр әзірінше пайдаланған.
Жаз болса машинаға сүт құйғызып,

Көрмейсің бір әйелді қаймақ алған.
 Байдан соң орташаның орын қазды,
 Анықтап, нақ кедейдің жоғын жазды.
 Пролетариат-еңбекші боласың деп,
 Жаз тұрмақ, қыста жердің тонын қазды.
 Саясат күннен-күнге кеңейгенде,
 Белсенді ел ішінде көбейгенде.
 Үлкені бастықтардың келіп жатты,
 Біз көрмеген Омбы мен Семейден де.
 Бірін-бірі айдатты абактыға,
 Ел бұзылып, ынтымақ кемейгенде.
 Бір қырсық саясаты шалды-дағы,
 Малсызбен бірге болды малды-дағы.
 Тапсаң да, таппасаң да табасың деп,
 Халыққа ауыр салмақ салды-дағы.
 Батырақ бадырайып шыға келді,
 Бай-қулақ деген ат та қалды-дағы.
 Тауыққа жем шашқандай шырық беріп,
 Халықты кенірдектел алды-дағы.
 Осымен келіп шықты ашаршылық,
 Ел сенген саясаты нашар шығып.
 «Басқа пәле, - деуші еді, - қызыл тілден»,
 Төбемді ояр ма екен қашау шығып?!

1934 жыл.

Іле, Қытай Халық Республикасы

МЫҢ ӨЛГЕН ҚАЗАҚТЫ ТІРІЛТКЕН ҚАЗАҚТЫҢ АНАЛАРЫ...

Купеде отырған үш әйелдің әңгімелері әуелі киносериялдар жайлы басталып, жалғасы махаббат тақырыбына ауысты.

- Қазіргі жастар қызық қой, сұрақтары да қызық - деді орта жастан асқан қара торы әйел. — Қызым мен ұлым «әкем мен екеуім қалай таныстыңдар? Қанша уақыт кездесіп жүрдіңдер? Махаббаттарың қандай болды? - деп қоймайды. Түк ұялмайды. - Қашан бірінші рет сүйістіңдер? Бірінші свиданияларың қандай болды? - деп қазбалап қоймайтынын айтамын ғой. — Біз де жас болдық қой. Әрине білгіміз келетін, әкем мен анамыздың қалай танысқандарын, қалай үйленгенін. Бірақ, олардың бәрін есейгесін, көбінесе

үшінші біреулер арқылы естіп білетінбіз. Солар арқылы білгенім, әкем колхоздың жүк машинасын айдап аудан орталығына қатынайды екен. Анам ол кезде жас қыз, жолдағы бір ауылда тұрса керек. Күнде үйіндегі жалғыз сиырының сүтін алып үлкен жолға шығып жол-жөнекей машиналарға қол көтеріп аудан орталығына барып сүтін сатып отбасын асырайды екен. Осындай күндердің бірінде танысқан әкем анамды бір жылға жуық жолдан алып кетіп жүріпті. Бірақ, араларында жылы қабак пен бір-екі ауыз сөздерден басқа ештеңе болмаған көрінеді. Сондай күндердің бірінде әкем анамды ескертпестен, сөз байласпай машинасына мінгізген күйі үйінен бір-ақ шығарған. Міне, барлық махаббаттары осы..

- Иа, қазіргі жастардың ол замандағы өмірден еш хабары жоқ қой. Олар кинодағыдай неше түрлі махаббат сезімдерін бастарынан кешкісі келеді — деді сөзге араласқан аққұба әйел. — Менің анам әкеммен танысқанда жасы 22-де, әкем 45-е екен. Анам соғыс алдында ғана күйеуге шығыпты. Көп ұзамай ері соғысқа кетіп содан оралмапты. Анам әпкесі екеуі әркімнің қолында жүріпті. Бір кісіні өкіл әке ғып соның қолында тұрады. Тіршілігі - қол арбамен базарға отын апарып сату болған. Содан бір күні - дейді анам, арып-ашып, дүниеден әбден торығып арбамады сүйреп келе жатқанымда алдымнан шыққан өкіл әкем:

- Әй, Гүлдаш, байға тиесің бе? — деді.

- Иа, тием — дедім еш ойланбастан.

- Ендеше сенің байың мынау болады — деп қасында тұрған бір кісіні көрсетті. Түріне қарап едім, шошып кеттім. Әбден жүдеген, кескінсіз қап-қара бір кексе. Бір сәт үндемей тұрдым. Бірақ, «иа» деп қойдым ғой, сөзімді қайтып алуға болмайды. «- Жақсыны да көріп едім, жаманды да көрейін» дедім. Кейін осы сөзімді әкең марқұм талай рет бетіме таңба ғып басты. Жанағы өкіл әкем екеуімізге бір қос тігіп, бір бұзауын енші ғып беріп бөлек үй ғып шығарды - дейтін еді анам.

- Кейін білдім, сол кездегі әкемнің жағдайы анамнан да мүшкіл болған екен. Еңбек армиясында тоғыз жыл болып оралса әйелі мен баласы өлген, үйі құлап қалған, үй-мүлкі дегеннен бір кебеже мен екі-үш көрпешені жанағы маған өкіл әке болған көршісі үйінде жинап сақтап отыр екен. Барар жері, баспанасы жоқ ол да әркімнің босағасында жүрген сорлы бейбақ екен. Міне, сол менсінбеген әкемнен анам он бес құрсақ көтеріп, содан жетеуіміз аман қалыппыз. Қазіргі заманда ғой бір-екі баламыз өлсе, дүниеде ақырзаман орнағандай күңіренеміз. Ол заманның

әйелдері он-он бес құрсақ көтеріп олардан бір-екеуі аман қалса соған шүкіршілік еткен — деп аяқтады әңгімесін аққұба келіншек.

Шынын айтар болсақ, ата-аналарымыздың, әсіресе аналарымыздың ұрпақ үшін, артына ұрпақ қалдыру жолындағы жанкешті ерліктері жайлы ештеңе білмейміз. Өте аз білеміз. Аналарымыздың мың өлген қазақты тірілту жолындағы өздерін құрбандыққа шалып, өмірлерін ұрпақ үшін арнағанын бағаламай жүргеніміз өтірік болмаса керек. Аналар жайлы, атап айтқанда қазақ аналары жайлы бір емес бірнеше кинолар, киносериалдар шығарса, қайта-қайта шығарса көптік етпес еді. Жылда аталынып өтіп жүрген, мереке саналатын 8 наурызды «Әйелдер күні» емес, «Аналар күні» деп өзгертсе оған қарсы бірде бір адам пікір айтпасы анық. Немесе 8 наурызды тіптен алып тастап «Аналар күнін» өз алдына белгілеген де жөн болар ма еді.

Бірде іссапарда болған кезімдегі сол ауылдағы қонған үйдегі кейуананың әңгімесі ұмытылмастай болып жадыма қалыпты. — Е, қарақтарым, біздің көргендерімізді бастарына бермесін. Бәрі сол ашаршылық кездерінен басталды ғой. Байдың қызығын көріп те үлгермедім, отасқаныма бір жыл жетпей күйеуімді Құдай алып кетті. Артында өлмелі әке-шешесі мен он жастағы кайным төртеуіміз қалдық. Қайда барамын, күтіп отырған төркінім жоқ, барар да жерім жоқ. Мені кетпесін деді ме, кайнымды әменгерің деп некемізді қиып қосып қойды. Бала ғой, ол менен қашады. Кеш болса, «бар әйелдің қасына барып жат» деп шал мен кемпір баланы маған қарай қуады. Ол келмейді, «алып кет» деп маған ұрсады, қойныма алып жатамын. Құдайдың басқа салғанын көре береді екенсің ғой адам болған соң, бұл күніміз аз болғандай, бір күні шал мен кемпір де көп ұзамай қисайып қалды — деді ауыр күрсініп. — Көрмегеніміз жоқ қой, екеуіміз шоқиып қалдық.

- Қайныңның неше жасында пайдаға жарағанын айтпадың ғой - деді әңгіме тыңдап отырған бір қутындаған ауылдың шалы. Сірә, кейуананың жақын қайындарының бірі болса керек. - Е, жарады ғой. Бірақ, Құдай ол қызығымды да көп көрді ғой. Артынша соғыс басталып армияға алып кетті. Сол кеткеннен мол кетіп оралмады ғой, байғұс - деп аяқтады әңгімесін кейуана.

Мұхит деген досым айтады: - Аулымызда Балтабай, Балғабай, Найзабай, Қылышбай деген аттарын ырым етіп темірмен байла-ныстырған балалармен қатар өстік. Аналарының аты Тазагүл болатын. Бірақ, кейін барып білдім, анасы басқа әйел екен. Сүйтсек, жанағы Тазагүл апамыздың балалары бірінен соң бірі өле

беріпті. Сенесіз бе, он төрт бала туған, бәрі де бір жасқа жетпей өле берген. Апамыз әбден торығады, не істерін білмеген. Өзіне қол салып өлмек болады, бірақ дер кезінде келгендер аман алып қалады. Қайтсем де отағасына тұқым қалдырамын деп мақсат қойған апамыз, күйеуіне жақын сіндісін алып беріп өзі бөлек үйге кетіп қалған, күндесінің балалары аяққа тұрып кеткесін ғана оларды бауырына басып ер жеткізіп, солардың қолында өлді.

Міне, қазақ әйелдерінің осындай жанкештігі, ұрпақ үшін бар өмірін, жанын құрбандыққа шалғандығының арқасында бүгінгі қазақ қайта тіріліп, қазақтың санын енді толтырып жатыр.

Осындайда өмірімізде кездесіп тұратын Балаға, баланың санына деген астамшылық та жоқ емес осы күндері. Қазақ әйелдері үш бала тапса өздерін көп балалы ананың қатарына жатқызып, отыз бесінде бала көтерсе «ойбай, естіген жұрттан ұят», «кемпір туып жатыр деп айтады» деп бетін шымшитын жағдайға жеттік. Таныс келіндеріміз айтады, төртінші құрсақ көтеріп гинекологқа барып едім, дәрігер әйелден өмірі естімеген сөздерді естідім: «Сен қатын, ит құсап күшіктей бересің бе!» деп әбден жерден алып жерге салып сөкті дегені бар еді.

Әр нәрсенің киесі болады, тіпті жәндіктің де киесі болады. Баланың киесі ерекше, балаға жасаған зорлықтың, мейлі ол дүниеге келмеген, іште жатқан бала болсын, оған қарсы айтылған күнәлі сөз, жасалған қиянат бір күні алдыннан шығуы мүмкін. Жаңағы жас әйелді сөккен гинеколог әйелдің өз сөзі өзінің баласына, қызына бір заманда қайтып тимесіне кім кепіл? Бір досым айтады: - Қызымның бала көтермей жүргеніне жеті-сегіз жыл болды, ЭКО дегенге де екі рет барды, болмады. Әйелім өкініп жүр: Талай баланы жұмыс арасында жүгіріп барып оп-оңай алдыртып түсік тастатып едім. Құдай сол істегендерімді алдыма келтіріп қызыма бала бермей жүрген шығар — дейді.

Соңғы кездері қазақ киносының туындылары жайлы көп айтылып жүр, мақтанып айтып жүр. Бірақ, сол кинолардың ішінде аналар жайлы түсіріліп жатқан кинолар жоқ есебінде. Мың рет өлген қазақты тірілткен, аман сақтап қалған жанкешті қазақ аналары жайлы кинолар, сериалдар түсірілсе дегенді қайталап айтамыз. Ол кинолар ешқандай фестиваль, бәйгелерден жүлде алу үшін емес, қазақ аналарын ардақтау үшін, Ана деген ардақты сөз жан дүниеміздегі ең жоғарғы ыстық сезім, Анаға деген махаббат болып мәңгі қалу үшін түсірілсе ... **С.Ж.**

КІШІ АШАРШЫЛЫҚ 1918-1922

1917-1920 жылдары алынған статистикалық деректердің мәліметтеріне ғылыми салыстырмалы талдау жасау барысында тарихшы В.А.Семеновта: «Түркістан халқының саны 1000 000-нан астам адамға азайған». *Семеновта В.А. Продовольственный кризис в Туркестане в 1917-1918 годах и его преодоление. — 35 бет.*

Кенес елінде 1919 жылы жарияланған деректерге сүйеніп М.Шоқай Түркістанда 1 114 000 адам аштан қырылған деп жазды. *Шоқай-оглы М. «Туркестан под властью советов» - 45 бет. Шоқай М. Блокада и ее последствия. — 376 бет. Статистические данные Высшего экономического совета Туркестана. — Ташкент, 1919*

Төтенше комиссар П.А.Кобозев аштық кезінде Түркістан халқының 25 пайызы қырылғанын мәлімдеген. *РЭСТММ, 122-қ. 3-іс, 9-п.*

1921 жылы РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатында қызмет атқара жүріп, партиялық тазалау жөніндегі Мәскеу қалалық-аудандық комиссиясы мен Ұлт істері комиссариатының коммунистік ұйымына жолдаған өмірбаянында Т.Рысқұлов Түркістанды жайлаған аштықпен күресті қалай жүргізгендері туралы былай деп еске алды: «Түркістан халқын қамтыған жантүршігерлік аштықты көріп мен ашаршылықпен күреске күш салдым. Көшелерде, арықтарда, қыстақтарда аштан өліп жатқан миллиондаған ашжалаңаштар мен балаларды шын мәнінде құтқарып қалу мақсатын көздедім. Бұған сол кездегі үкімет саусақ арасынан қараған еді». *ӨРОММ. 86-қ 1-т. 55а-іс, 11-п.* (Бұл деректер О.М.Қоңыратбаевтың 2014 жылы Таразда басылған «Тұрар Рысқұлов Өмірі мен қызметінің күндерегі», 1 томынан алынды)

Жоғарыда аталған кітаптан алынған бірнеше құжаттар

№ 2 құжат

Үлкен Алмалы болысы ауылындағы аш адамдарға тамақ беру пунктін тексеру барысының ХАТТАМАСЫ

Әулиеата уезі 1918 жылдың 7 мамыры

1918 жылдың мамырының 7 жұлдызында, біз төмендегі қол қоюшылар, Әулие-Ата қаласынан 14 шақырымда орналасқан Үлкен Алмалы болысының №4 ауылының маңында орналасқан аш қырғыздарға (қазақтарға С.Ж.) арналған тамақ беру пунктін тексердік. Бұл пункт тауға жақындау жердегі биіктеу жерге орналасқан, ауасы таза, сол себептен де сүзек ауруын тудыратын жағдайлар жоқ болғандықтан аш адамдардынарасында сүзек жоқ. Аш қазақтардың саны 600, сәуір айының аяғы мен 2 мамырға дейін олардың саны 1850 жетіп, 3 мамырдан бастап саны бірнеше жүзге кеміді. Оған екі себеп болды: Бірінші — пункт Михайловск селосына жақын жердегі қазақтар тығыз орналасқан, сол аймақтағы ауылдарда тұратын қазақтардың көпшілігі осы жерге келіп тамактанып жүрді; тамақ беру пунктін №4 ауылға ауыстырғаннан кейін Михайловск маңындағы ауылдарда тұратын қазақтар үйлерінен алыс орналасқан жерге барғысы келмей үйлерінде қалды. Екінші себеп — көптеген қазақтар пункттегі тамақтың нашарлығынан басы ауған жаққа кетіп жатыр. Біз жолда бір топ қазақты көрдік, бәрі де өлуге жақындаған, біздің сұрағымызға «тамақ беру пунктінде бәрібір аштан өлеміз, қайда барсақ та өлім ғой, басқа жақта өлейік» деп жауап берді.

Пунктте 10 киіз үй бар, оларда өлген адамдар жатады. 600 адамның барлығы оған сыймайды. Киіз үйде қазақтың шал-кемпір, әйелдер мен балалары жерде жатыр. Көпшілігі жерде, кейбірі жырттық киізде, жырттық шүберек төсеп жанбырдан, суықтан бас сауғалайды. Кейбірінің ондайлары да жоқ, жерде жартылай жалаңаш жатыр. Біз келген күн жанбырлы, салқын күн еді. Адамдарды мұндай жағдайға жеткізу дұрыс емес, бұл көрініс қазақ қауымының, қазақ әкімдігі, пункт меңгерушілерінің салақтығы мен ықлассыздығын көрсетеді. Біз өз тарапымыздан тағы 10 киіз үймен қамтамасыз етуге шара көрсеттік.

Аш адамдарды тамақтандыру былай жүргізіледі: Аш адамдарға күніне (теория жүзінде) жарты фунт ет және 1/10 фунт күріш жармасы, осымен бітті. Осы тамақ күніне екі рет, таңертең сағат 12-е және кешкі тамақ сағат 4-е сұйық тамақ күйінде беріледі. 10

шелек су құйылған қазанға 25 фунт ет және 10 фунт жарма салынады. Әр он адамға осы тамақтың 1 шелегі беріледі. Жағдайды дұрыс білмегендіктен шын мәнінде аш адамдарға бұл тамақтың қалай жететіндігін айта алмаймыз, теория жүзіндегіден аз жететіндігі анық. Өлейін деп жатқан бір әйел қызанақ салынған консервінің қалбырын көрсетіп, өзіне ондай көлемде де тамақ жетпейтіндігін айтты. Сұрастыра келе білгеніміз, тамақтың қою бөлігін қазақ аспазшылар жеп қоятын сияқты, әйтеуір жоқ болады. Аша адамдардың мұндай тамақпен тірі қалуы неғайбыл, оған күн сайын өліп жатқандар дәлел. Біздің көз алдымызда бір жас қазақ өлді, бұл аш адамдарға ең болмағанда күніне бір шепке нан берілсе дұрыс болар еді. Осы мақсатта пунктке 100 пұттай ұн алдыруды қарастырдық. Қызыл армияның қолбасшысы тәркілеп алған бұл ұн Цыганов жолдастың қарамағында.

Тамақ беру жұмысын тәртіпке қою үшін, тамақты өлшеп беру мен тарату мәселесінде еш сатылмайтын, идеяға берілген, аштардың жағдайы мен өмірін тұрақты бақылап отыратын адам керек. Ондай адамдар қайырымды мейірбике немесе Депутаттар Советінің мүшесінен табылар. Осындай адамға өте зәрулік туып отыр. Себебі жолдас Романовский қазір Ташкентте, пунктте идеялық бақылаушы болмаса, бұл іс жөнге келмейді. Бұл мәселенің шаруашылық жағын – азық-түлікпен қамтамасыз ету, қаржы табумен Азық-түлік комитеті айналысуы тиіс. Қазіргі таңда бұл іспен Орыс комитеті айналысады. Оған дейін қазақтың азық-түлік секциясы айналысып келген болатын. Естуімізше бұл мәселені қайтадан қазақ азық-түлік комитетіне беру жоспары қарастырылып жатса керек. Бұл жұмысты кім атқаруы тиіс, оны Депутаттар кеңесі шешпек. Қалай болған күнде, бұл жұмысты қайырымды, аш адамдарға жаны ашитындардың қолына тапсыру керек. Осы кезге дейін бұл мәселені шешіп келген Азық-түлік комитетінің қазақ секциясы немесе қазіргі орыс азық-түлік комитеті атқарғандай болмауы керек.

Пункттің жұмыс құрамы мынадай: 1. Менгеруші, бір жағынан артельщик Нелюбов, аға жұмысшы Масленников, фельдшер, аудармашы қазақ. Нелюбов жайлы аш адамдардың пікірі тәуірлеу. Азық-түлік кіріс-шығыс кітабын онша ыждағатты жүргізбейді екен, бұл жайлы ескерту жасалды. Масленниковтың үстінен арыз-шағымдар бар, төбелеседі екен, кейде қазақтарды бетінен ұрған жағдайлар болыпты. Масленниковқа ескерту

жасалды, енді қайталанса жұмыстан қуылады деп ескертілді. Қойма бөлмесінде бірінің үстіне бірі жиналған еттің дұрыс сақталмауы жайлы ескерту жасалды. Үлкен Алмалы болысының комиссарына пункт менгерушісіне мініс ат беру, отын табу т.б. жөнінде айтылды.

Ет пен жарманы менгеруші базардан сатып алмайды, тікелей комитеттен зағтай күйінде алынады. Менгерушіге отын сатып алуға және т.б. майда-шүйделерді сатып алуға ақшалай аванс берілді. Осылай ету тиімді болса керек.

Әулие-Ата уезінің комиссары:

Депутаттар кеңесінің төрағасы:

Депутаттар Кеңесінің мүшесі: Т. Рысқұлов

ГАЗО. Ф.50. Он. 1.Д.1 Л.63 об.

№3 құжат

«Наша газета» басылымында жарияланған Түркістандағы аштық жайлы мақаладан үзінді

Ташкент қаласы

18 мамыр 1918 жс.

...Ташкенттегі жағдайдан еш хабары жоқ адамның оны көрген кездегі көрінісі мен бұрынғы Ташкент жайлы ойлағанын салыстыру мүмкін емес. Ташкенттен Орынборға бет алып шыққан жолымда сұмдық жан тебіренерлік көріністердің куәсі болдым. Тамақтың бірден бір көзі - қолдағы бар малын сойып жеп болған қазақтар темір жол бойына лек-легімен келе бастады. Бар мақсаты - темір жол жүргіншілеріне қол жайып тамақ сұрап жеу, қолындағы барын тамаққа сату.

Міне осы стансаларда неше түрлі жан түршігерлік көріністер кездеседі. Үсті-бас жыртылған, аштықтан ісіп кеткен, бет-ауыздары қан болған үлкенді-кішілі қазақтар вагон тоқтаған сәтте лап қояды. Олардың аштықтан жылаған, жүрегі үзіліп сұраған дауысы денені түршіктіреді...

Есімде ұмытылмастай бір көрініс Арыс стансасында болды; біреу терезеден бір түйір нан лақтырғаны сол екен, оған 20-а жуық адам тұра жүгірді. Нанды ұстаған бірнеше қанды қол нанның пәрше-пәршесін шығарып таласты. Аузына жеткізген бір жұтым нанды топырағымен қосып жеп жатқаны ұмытылмайды...

Аштықтың барлық сұмдығы мұнымен таусылмайды... Барлық төсенішін, жамыларын сатып болған соң аш қазақтар әйелін,

балаларын сата бастады. Әсіресе әйел балаларын сату ерекше болды. Сауданың осы түрінен пайда табушылар көбейді. Ең бағалы тауар ретінде жас қыздар саналды. Редакциямызға жергілікті Рысқұлов деген (жергілікті Ташкент институтының тыңдаушысы) азамат былай деп жазады: «Әулие-Ата базарында бір қазақтың өзінің 14 жасар қызын сатқанының куәсі болдым. Ол қызын бір шәйханадан екінші шәйханаға жетектеп жүрді. Дүкендерінде отырған сарттар еш қымсынбастан қызды өзіне шақырып ұстап көріп саудаласып жатты. Бірі 63 сом, екіншісі 70 сом ұсынып, ал қазақ болса қызына 100 сом сұрап саудаласты».

Оның айтуынша мұндай жағдайлар толып жатыр дейді. Міне, көріп отырсыздар, Ресей халқы өздерінің азаттығын осындай қымбат бағамен алып жатыр. Осындай жана өмірге жету үшін, оның алыстан жылтыраған сәулесіне ғана қаншама қандастарымызды құрбандыққа шалып жатырмыз...»

«Наша газета» - 1918 - 18 мамыр - № 18. Болотов С. Из истории Осиповского мятежа в Туркестане. С предисловием И. Тоболина (Пролетарская революция - 1926 - № 6 (53) Июнь (9-й год диктатуры пролетариата) - М-Л Госиздат, 1926 - с. 119.

№ 4

Протокол № 50 заседания Аулиеатинского уездного совета солдатских, рабочих, крестьянских и мусульманских депутатов 10 июня 1918 года

(Үзінді)

Г. Аулие-Ата

10 июня 1918 года

VI1. Заслушан доклад председателя исполнительного комитета тов. Федорова о его действиях со дня избрания его на эту должность. «В бытность старого совдепа по городу масса шлялось голодных киргиз, а так же валялось трупы умерших от голода. Видя все это нам стало жаль бедный люд, тогда мы пришли в соглашение с союзом рабочих, фракцией большевиков и гарнизонных солдат, после его явившись в Совет и сказали, что вам здесь не место, так как народ умирает, хлеб выпекается невозможный с разной примесью и народ от этого мрет, а потому и заняли места в Совете, отстранив старый Совет и стали наводить некоторые порядки, как например, сейчас приказали Городской продовольственной управе, чтоб, хлеб выпекался без всякой примеси, а также решили убрать всех шляющихся голодных киргиз из

города в уезд, а после этого приступили к проверке питательного пункта, где оказалось много беспорядков: книги велись не правильно и масса денег не записано на приход, как например, у одного не записано 4000 рублей, которые и приказали немедленно внести в фонд голодающих. После этого приступили к проверке деятельности продовольственной секции, где оказалось, что у казначея Ибрагимова также не занесено на приход 19 800 руюлей, которые приказали сдать ему, что конечно, и было исполнено и эти деньги были израсходованы на голодающих и так как нам не отпускали средства на содержание Совета и на нужды населения в Совете средств не осталось, потому мы на на закрытом заседании решили издать декрет об обложении капиталистов города Аулие-Ата, т.е. наложить жителей туземной части 10 000 000 рублей и на жителей г. Аулие-Ата 300 000 рублей, из которых получено от мусульман 100 000. Из которых израсходованы на разных организации и голодающих 76656 р. 91 коп., а остальные деньги по декрету не получены, так как народным комиссаром Агаповым отменено взимание контрибуции, хотя полсе было и опять разрешено, но деньги не брались, а оставшиеся деньги имеются на лицо...

ГАЗО. Ф.61. ОП. 1. Д.2Л. 11.- 12 обр.

СЫР БОЙЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ пен ИНДЕТ Қазақ жеріндегі алғашқы ашаршылық (1918-1922) жайлы деректер мен мақалалар



Ашаршылық қалай басталды?

Біз көбінесе ашаршылық әңгімесін айтқанда, оны 1931-33 жылдармен, 20-жылдардың аяғында жүргізілген кәмпескелеу, зорлап отырықшылдандыру мен ұжымдастырумен байланыстырамыз. Шын мәнінде, ашаршылық қазақ даласына большевиктердің үкімет басына келген күндерінен басталды. Билік басына келген әртүрлі саяси қашқындар мен соғыстан қашқан солдаттар тыныш жатқан қазақ даласына ойран салды, қазақты атты, асты, тонады. Кеңес үкіметінің шынайы бейнесіне 1917-1919 жылдары Перовск уезін басқарған уездік совдептің төрағасы Иосиф Гержодтың басқаруымен жасалған қанды қырғын айқын дәлел бола алады.

Сол кездегі тарихи жағдайға үңілсек, Сыр аймағында басталған аштық пен індет халықты қырып, қаусатып тастағанын сол кездердегі тарихи деректер көрсетеді. Бір ғана 1918 жылдың өзінде «Түркістан халқының 30 пайызы аштықтан қырылған» («Наша газета», 13 авг., 1918). Түркістан республикасындағы аштықпен күресу Орталық комиссиясының аштарға көмек көрсетумен айналысқан комиссияның нәтижесі жайлы 1919 жылдың 11 наурыздағы баяндамасында Перовск уезінде 47 мың, Қазалы уезінде 29 мың адамның аштықта екені жайлы дерек айтылған (ЦГА Уз ССР, ф. Р-17. Оп.1, д.11, л.149 түпнұсқа). Осындай сұмдық аштық кезінде, Сыр халқы өздерінің бала-шағасы аштан қырылып жатқанына қарамастан большевиктердің зорлауымен Ресейге

балық жіберіп тұрған. Кеңес заманында Сыр өңірінің азаматтары, соның ішінде Арал балықшылары өз аймағының адамдарының ұлы Ленинге байланысты тарихи дерекке қатысы барлығын әрқашан мақтан етіп айтып жүрді. Атап айтқанда, 1920 жылдың 25 желтоқсанында «пролетариат көсемі» В.И.Лениннің Арал балықшыларына жазған өтінішіне орай 1921 жылдың 5 сәуірінде аштықта қалған Поволжье халқына 14 вагон балық жібергені мақтанышпен қайта-қайта айтылатын. Қалыптасқан пікір бойынша, Арал балықшылары тек бір рет ғана, онда да көсемнің өтінішімен 14 вагон балық жіберген дейміз. Олай емес, большевиктер ең бірінші балық аулау саласын меншіктеп өз қолына алды да, ауланған балықты шашау шығармай Ресейге жөнелтіп тұрған. Бірақ, сол жіберіліп тұрған балық көлемі сол кезде Ресей жағына жетіп тұрды ма? Оған күмән көп, жетіп тұрмаған сияқты.

Қазан төңкерісінің белгілі қайраткерлерінің бірі, кейін атылып, сосын ұмытылған Георгий Сафаровтың 1921 жылы шыққан «Колониальная революция» (Опыт Туркестана) кітабында («Жалын» баспасы, 1996 ж., 155-бет) мынадай дерек келтірілген: «В громадном количестве была заготовлена рыба из Аральского моря для вывоза в Россию. Но ввиду оренбургского фронта и отсутствия транспорта часть испорченной рыбы пришлось сжигать вместо топлива» («Наша газета», 14 марта 1919 г.). Күй сен, күй сенбе, паровоздың пешіне отын орнына балықты жағып отырған!

Осы бір ғана мысалдың өзі 1917 жылы болған қазан төңкерісінің қазақ даласы мен қазақ халқына қаншалықты орасан трагедия әкелгендігінің, қазақ даласына жат саналатын кеңестік тәртіпті зорлықпен орнатқан большевиктердің іс-әрекет, қимылдарының қылмыстық, қарақшылық сипатта болғанының айқын дәлелі бола алады.

Міне, осы кездерде Гержод бастаған Перовск совдепі аштық мәселесін шешуге байланысты жанталасты әрекет, қимылдарға кірісті. Арнайы азық-түлік комиссариаты, аштықпен күресу комитеттері құрылды, Ташкенттегі үкіметке қайта-қайта жеделхат, өтініштер мен қатынастар жазып, ақша мен қаражат сұрап, байлар мен ауқатты кісілердің тізімін жасап, оларға салық салу, артық астықты тартып алу, саудагерлермен күресу сияқты әрекеттерге кірісті. Бірақ большевиктер бұл тірліктерді Сыр бойындағы қазақтардың жағдайын ойлап емес, уездегі европалықтардың, Перовск қаласында орналасқан №3 Сібір полкының, теміржол,

пошта, милиция, комиссариат қызметкерлерінің отбасылары мен өздері үшін істеді. Жергілікті казактар, егер олардың малына салық салынбаған болса, егіншілікпен айналыспайтын казактарға астық салығын салып зорламаған болса, бұл аштық пен індеттен аз шығынмен құтылып кеткен болар еді. Астық салығын төлеу үшін казактар бар малын орыстарға астыққа айырбастауға мәжбүр болды, қалыптасқан көшіп қонып жүрген қыстау мен жайлауларын тастап, бастары ауған жаққа қашты. Осы қашу кезінде қырылғандардың саны жайлы деректер жоқ. Атбасар мен Қарсақбайға 2000 түйеден тұратын 3 астық керуенінің жіберілетіні осы мезгілге жатады. (Бұл жайлы автордың «Қанішер Гержодтың ізімен» кітабында Битуған Нұрымбетовтың қайғылы тағдыры туралы мақалада айтып өттік).

1918 жылдың 23 маусымында Перовск азық-түлік комиссары Сапожников Түркістан өлкесінің Халық комиссарларының азық-түлік бөліміне жазған № 3179 хатында былай депті: «В дополнение к представлению Комиссара продовольствия Перовского уезда от 22 сего июня за №1922 на имя Краевого продовольственного отдела, доношу, что действительно население как города Перовска так и его уезда, за полным истощением продовольственных продуктов, систематически голодает, а потому ходатайствую о разрешении Перовскому продовольственному отделу, хотя бы частичной но самостоятельной заготовки хлеба для Перовского уезда.

Краевому продовольственному отделу

Копия: Сыр-Дарьинскому областному продовольственному отделу

22 июня 1918 г. №1922.

В ответ на отношение Краевого продовольственного отдела от 19-го июня с.г. за №10229 сообщаем, что упрек в отношении захвата двенадцати вагонов хлеба, идущего в Ташкент, несправедлив: хлеб этот приобретен нами совместно с железнодорожными агентами в обмен на мануфактуру и на нашу долю пришлось получить только 7000 пуда, 5000 пуд. — ст. Перовск, так что говорить о каких-то самовольных захватах не приходится. Город Перовск в борьбе за существование употребляет все усилия и средства для добытия хлеба но со стороны высших продовольственных инстанций в лице Обпродота и Крайпродота не только не встречает поддержки, но наоборот наталкивается только на препятствия. Эти высшие продовольственные инстанции и не

выполняют своего прямого назначения по снабжению населения хлебом и не разрешают непосредственных заготовок местным органам — в результате чего население буквально стонет. Сепаратные выступления с товарообменом не допускаются и Краевой продовольственный отдел просит высылать сырье в его адрес, взамен какового сырья обещает выдать мануфактуру, по высылке же сырья уездный продовольственный отдел остается и без сырья и без мануфактуры и без денег, ввиду того что Краевому отделу нужно только сырье, в отношении же своих обязанностей Крайпродот не думает, на правах высшей инстанции. На все крики изголодающего населения поступают ответы: «Вам за время с 22 апреля по 15 июня назначено 1200 пуд. пшеницы и 3000 муки» («назначено» - а получено всего 1200 пуд.) В течении трех месяцев «назначено» 1500 пуд., тогда как ежемесячное потребление хлеба одним городом Перовск выражается в 8625 пуд., не говоря уже о 200 тысячном уездном населении и высшая продовольственная инстанция вероятно, спокойно себя чувствует «назначая» 1500 пуда хлеба на три месяца. 230 тысяч жителей в течении трех месяцев получают 1200 пуд., а контр-революционный Чилиинский район, имеющий 4000 жителей получает 1000 пуда на май месяц.

Докладывая изложенное сообщая, что и без того безсистемная продовольственная работа, подрывается самими высшими продовольственными инстанциями, которые заботятся только о гор. Ташкент («Наша газета» от 18 июня с.г.). Ташкент получил 11 вагонов, а Сыр-Дарьинская область 1 вагон, но ничуть, ни вообще о населении, ввиду чего прошу, указать район в котором мы могли бы заготавливать хлеб своими агентами и средствами и выдать на перевозку этого хлеба, в противном случае голодное население не будет считаться с «Планомерным подвозом» хлеба в Ташкент, а будет отцеплять и отцеплять хлеб без конца.

За Комиссара продовольствия **Сапожников**

Делопроизводитель **Шевченко**

Уездн астық комиссары Червяков Перовск совдепіне жазған хатында: «...видим смертные случаи от голода. В уезде рядом с ними богатые баи и спекулянты, которые имеют хлеб и зарывают таковой, я нахожу это преступлением. Все имеющиеся крупные запасы должны срочным порядком отобраны у владельцев и переданы в продовольственный отдел для распределения по комитетам бедноты. Если же Исполком не примет в данный тяжелый момент никаких мер, то я считаю это преступлением.

Поэтому я предлагаю сейчас же послать несколько человек в пределы Джулекской волости и весь имеющийся там хлеб взять на учет. Дальше так жить нельзя. Видим смертные случаи, с другой стороны развиваем спекуляцию, поощряем спекулянтов и богачей- это недопустимо...», - деп жазған.

Герждотың Ташкенттегі Түркістан республикасының басшылығына бағынбағанын осы хаттан жақсы аңғаруға болады. Аштық мәселесін желеу етіп Ташкентке өтіп бара жатқан астық вагондарын өз қалауынша ағытып алып отырған. Бұл әдетті ол 1917 жылдың қараша айында билікке келген уақыттан 1919 жылдың аяғына дейін жасап отырған. Оған нақты дәлел мына құжат (казак даласы мен казак халқына қандай орасан трагедия әкелген):

«В Совет солдатских депутатов

Командир Сибирского

Стрелкового полка

4 ноября 1917 г.

№22467 Прошу сообщить когда нужно назначить 5 человек г.

Перовск солдат в распоряжение продовольственного комитета для реквизиции хлеба, следующего с поездами №№ 22 и 8, согласно сношения Совета солдатских депутатов на 20-е ноября с.г. за №695

Полковой адъютант,

Прапорщик колы»

Ашаршылық тек Түркістан өлкесін ғана емес, сол кездегі бүкіл казак даласын, Ресей губернияларын да жайлап, өлкенің үлкен қалаларынан шұбырған ашыққан босқындар жайлап кетіпті. Осы орайда Сырдария облыстық атқару комитетінің төрағасы М. Мырзабаев 1921 жылдың 16 қарашасында №3953 циркулярлық хатпен (Қосымша құжаттарды қараңыз) барлық уездердің басшыларына: «Аш босқындар уезд орталықтарында, теміржол стансаларында екі-үш күннен артық кідірмесін. Аш босқындардың бір жерде көп жиналуы олардың өздеріне де, біздерге де қауіпті (індет жайылуы мүмкін), сондықтан да оларды тезірек тіркеуден өткізіп, ауыл, қыстақ, селоларға таратындар», - деген тапсырма берген.

Ресейдің губернияларынан келіп жатқан аш босқындар бүкіл теміржолды, пойыздарды жайлап, үкімет орындарының қызметіне біраз келергі келтірген.

«Ташкент

Турчека О. К. Т. Ч. К Ташчека 9. 02.

В связи массовым наплывом из голодающих губернии граждан каковые ежедневно приходят исполком Политбюро и

Одчека за разрешением пропусков литер на проезд некоторых городов Туркеспублики тчк Неимея достаточно правил положения о эвакуировании из голодающих губернии просим точно разъяснить как поступить таких случаях дабы непасть ошибку ибо эвакуированные никаких документов на право въезд турк-республику не имеют

Предугорисполкома **Сахаров**

Комвужсилы ташжелдороги первого района **Фасберг**

Зампред Ташчека **Ескараев**

Начальник Политбюро Алифбаев (ф.1. оп.2. д.62)».

Түркістан өлкесіндегі ашаршылықтың ең ауыр кезені 1917-1918 жылдарына келеді. Бұл жайлы Г.Сафаровтың 1921 жылы шыққан «Колониальная революция» («Опыт Туркестана») кітабында: «Зимой 1917-1918 года трупы умерших с голоду валялись всюду — на улицах новых городов, на железнодорожных станциях, на больших дорогах. Вот краткие, но красноречивые сообщения того времени; «В селении Янги-Корган за одну неделю умерло от голода 35 человек. В селении Будал умерло голодной смертью за одну неделю 43 человека. В селении Буке за то же время умерло от голода 37 человек. В Семиречье голодные киргизы начинают поедать трупы умерших от голода» («Новый Туркестан» 19 февраля 1918 г»).

«По данным с мест, убыль людей от голода, холода и болезней доходит к настоящему времени (ноябрь 1918 г.) в разных районах от 25 до 50 процентов» («Известия Ц.И.К. Турк. Республики», 23 ноября 1918 г»).

Жергілікті халықтың аштықтан қырылып жатқан жағдайына тек Герждотың ғана емес, Түркістан республикасының басшылығының да басы ауырған жоқ. Республика басшысы Колесов сол жылы өткен Кенестердің IV съезінде азық-түлік туралы жасаған баяндамасында аштан өліп жатқандар жайлы бір ауыз да сөз айтпаған. Баяндамашы негізінен алғанда үлкен қалаларды, атап айтқанда Ташкент халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін жан-жақты талқылаған. Бір сөзбен айтқанда, жаңа келген «революциялық басшылық» тек өздерінің, атап айтқанда европалықтардың көңілінен шықсам болды деген бағытта жұмыс істеді. Бұл жөнінде Георгий Сафаровтың аталған кітабында айтқан мына пікірімен келіспеске амал жоқ: «Ясно, что все поступавшие хлебные грузы шли исключительно для распределения среди русского населения» (132-бет).

УЕЗДЕГІ ИНДЕТ ЖАЙЛЫ

Кенес үкіметінің орнауымен басталған қолдан жасалған ашаршылыққа сол жылдары «жығылған үстіне жұдырық» болып қосылған қасірет - індет болды. Атап айтқанда, тырысқақ пен іш сүзегінің індеті. Сүзек індеті 1918 жылдың қаңтарында басталғанға ұқсайды. Оған дәлел, сол кездегі денсаулық сақтау жөніндегі уездік комиссар Шухардттың Перовск аткомына жазған мына хаты:

«Председателю Перовского совдепа

Сыпной тиф начался в уезде 1 января месяца, т.е. до принятия мною комиссариата; на будущее время донесения будут поступать аккуратно. Распоряжение сделано на №1096

Уездный комиссар Шухардт Секретарь Письмоводитель (ф.1, оп. 2, д.7.)»

Осы мерзімнен бастап Шухардт совдепке індет жайлы ақпаратты жиі беріп тұрған. Бірақ, уезде дәрігерлер жетіспеген, аурухана жоқ, қаражат аз болған. Совдептің атына ауру таситын арба, қосымша аурухана, лазарет ашу, дәрі-дәрмек, азық-түлік үшін қаржы сұраған арыз-өтініш қайта-қайта түскен. 1918 жылдың 10 наурызында дәрігер Шилов совдепке «Уматжановтан тартып алынған ат арбаны (карета) ер-тұрманы, ат-сайманымен сүзек ауруларын тасу үшін беруіңізді сұраймын» деп өтініш жазғаны (ф.1. оп.2, д.7) осыған дәлел.

Сүзек пен тырысқақ ауруы тек қана уезде ғана емес, жаппай етек жайған сияқты. 1918 жылдың 28 сәуірінде лазареттің аға дәрігері Готлиб «Лазаретке поездан түсірілген сүзекпен ауырған жолаушыларды әкеліп жатыр. Бұл дұрыс емес, індет бүкіл қаланы жайламауы үшін, мұндай адамдарды жұқпалы бөлімге апару жөнінде қаулы шығаруды сұраймын» деген.

Комиссар Шухардт Совдепке 28 мамырда жазған хатында «...Перовск уезінің 1-учаскесінің 20 мамырдағы ақпарын жібере отырып, індеттің Сауран, Үзгент және Телікөл болыстарындағы жағдайын жеткізіп отырмын. Қаржы, қаражат жетіспеуде» депті.

«Комиссару Перовского уезда

ДОКЛАД

Я уездный фельдшер Ефим Стожаров был командирован в Баюзакскую волость станции Джалагаш, для следствия больных. Мною было обойдено 5 аулов и причем оказалось, больных 20

человек. Милиционер Баюзакской волости заявляет, что неделю тому назад много померло киргиз, от чего неизвестно. Мною было предусмотрено как я видел в Баюзакской волости голод и жители питаются только одним кислым молоком и пьют сырую воду. По моему предумотрению как я вижу заболевают жители от голода и также помирают.

Уездный фельдшер Е.Стожаров 14 июня 1918 г.»

Осы жылдың 21 маусымында Жөлөк учаскелік ауруханының дәрігері Елена Яковлевна Барцеваның совдепке жазған хатында мынадай жағдай айтылған: «Сим довожу до сведения Перовского уездного Совдепа, что вверенный мне участок неблагополучен по холере. Холерная эпидемия развивается, в отношении поселения Скобелево имеется 20 случаев заболевания холерой, из них 50 проц. смертности...».

Дәрігер Шилов 8 наурызда жазған хатында «тифке бөлінген 50000 рубльдің әлі түспегенін» жазған. Индет асқынды берген соң дәрігер Ключанский Ташкентке Түркістан республика басшылығына хат жазыпты: «В Перовском и его уезде появились заболевания холерой. В то же время увеличилось число сыпно-тифозных больных, для борьбы с этими болезнями в г. Перовске открыты больницы холерная и тифозная. Оказать какую-либо помощь жителям уезда больным холерой и тифом. Отдел не может за отсутствием свободного санитарного персонала и средств. Сыр-Дарьинский областной врач согласно его сообщению от 22 мая с.г. за №1149 в этом отношении тоже не может ни чем помочь».

Находя такое положение борьбы с эпидемиями и помощи больным в уезде ненормальным, отдел обращается с просьбой сформировать особые подвижные отряды для борьбы с эпидемией и отправить их в Перовский уезд.

Председатель Ключанский».

Маусым айынан бастап бірнеше ауылдардан адам өлімдері жайлы хабарлар түсе бастайды. Атап айтқанда, 8 маусымда тырысқақтан бір адамның өлгені, Жалағаштың №3 ауылынан тырысқаққа ұқсас аурудан өлген адам жайлы хабарлар көп түсе бастаған болса керек, «Распоряжение о закапываний трупов мною сделан» деп хабарлапты Шухардт.

Индеттен жаппай адам өлімінің көбеюі, өлген адамдарды көміп үлгіре алмай жатқаны жайлы Шухардттың Совдепке келесі жазған хатында көрсетілген:

«Перовскому Уездному Совету

При разледовании о непогребении трупов, Тартугайский Сельский Исполнительный комитет донес, что умершие погребаются через 2 часа в глубокой яме. Был только один случай, когда труп лежал 6 дней, за неимением родственников его скрывали и боялись зарыть, за что виновные Исполнительным Комитетом были привлечены в наказание к общественным работам.

Уездный комиссар Шухардт 16 июня 1918 г.»

Осы кездерден бастап тырысқақ пен сүзек ауруы жаппай етек алып денсаулық сақтау комиссары Совдепке күн сайын ауруханаға түскен, жазылып шыққан, өлген аурулардың саны сияқты деректерді беріп тұрған.

«Совету Р.С.К.М. депутатов г. Перовска

Доносу, что на 28 июня 1918 г. больных при воинском лазарете состоит: русских 7, военно-пленных 30, туземцев, красной армии 4, из тюремного дома 2. Итого больных 65 чел.

Комиссар народного здравоохранения подпись (ф.1, оп.2, д.17)»

Індеттің уезд халқының қаншасын жалмағаны жайлы нақты дерек жоқ. Бірақ, оның ешкімді аямағаны, әсіресе іш сүзегінің жас балаларды аяусыз алып кеткені мына бір деректен аңғарылады. 1918 жылдың тамыз айының 26-жұлдызында Перовск священнигі П.Тиховтың денсаулық сақтау бөліміне жіберген мынадай қатынасы сақталыпты.

«Отделу народного здравия Перовского уездного совдепа

Сообщаю, что в течение прошлой недели всего отпето лиц: Михаил Кенемань — 6 мес. от поноса, Александр Горюнов — 8 месяцев, от поноса, Людмила Дементьева 1 год, от поноса, Константин Ернев 8 месяцев, от поноса, Валентина Кобрякова от поноса, Александр Конобевцев 4 месяцев от поноса.

Подписал священник П.Тихов»

Сүзек індеті уезде 1919 жылдың ортасына дейін сақталып, ажал отын себуін тоқтатпаған сияқты. 1919 жылдың сәуір айындағы Перовск қалалық ауруханадағы аурулардың динамикасы жайлы мына бір дерек осыған дәлел.

«Сведения о движении больных заразными болезнями в Перовской городской больницы для сыпно-тифозных больных с 10 по 16 апреля 1919 г.

Состояло — 10; умерло - 3; поступило - 6; осталось - 8.

Сведения с 16 по 22 мая: Прибыло - 21; умерло - 1; осталось — 19. (ф.1, оп.2, д.50)»

Бұл табылған деректер негізінен алғанда уездегі қалалық европалықтарға, орыстарға, солдаттар мен әскери тұтқындарға ғана қатысты. Жергілікті халықтың ауруханалар мен лазареттерде емделуге, дәрігерлерге көрінуге құқы болмаған. Сондықтан да 1917 жылғы қазан төңкерісінің «топаланынан» қанша қазақтың қырылғанын анықтау тарихшыларымыздың алдағы уақыттағы міндеті болмақ.

1917-1918 жылы Сыр бойын жайлаған ашаршылық жайлы өте құнды деректі Перовск уезінің Скобелево (қазіргі Шиелі кенті) қыстағының тұрғыны, Иван Саньков деген сауаты бар мұжығы бізге қалдырып кетіпті. Ол кезде уездің орыс тұрғындары қызметпен, азық түлікпен қамтамасыз етіліп отырған...

Г-НУ ВОЛОСТНОМУ КОМИССАРУ

Гражданина села Скобелево Перовского уезда И.Санькова
ЗАЯВЛЕНИЕ

Везде голод везде недостача хлеба Но такого голода какого приходится переносить нашим окрестным жителям нигде нет Везде дают полфунта хлеба в день а нам полфунта не дают в неделю и хлеба некоторые достают у лесничества с большим трудом. А именно лесничество дает за доставку леводарьинских саксауловых дров за каждые 100 пудов 1 пуд муки 40 золотников сахара меняю осмушки чаю 1 ³/₂ аршина ситца 100 снопов камышу для скота и вот кто только чтоб ни сдохнуть с голоду возят эти дрова в том числе поехал и я как не имеющий крохи хлеба А семейство 8 душ Я предполагал съездить за дарью в два дня и привезти 50 пудов дров чтоб получить пол пуда муки Но не тут то было. Человек предполагает а бог располагает К моему сожалению подули ветры настал холод и я обморозил пальцы в руках и ногах привез вместо 50 пудов и вместо двух суток проездил четверо Приехавши к дому не входя во двор меня встретили жена с криком дети с плачем, чего кричит чего плачут тут уже спрашивать нечего Известно с голода. Я успокаивая жену жену и детей сказал им не плачьте сичас здам дрова получу муку зарежу теленка и наварим пельменей и не успел досказать как мое семейство еще пуще подняли вопли говоря мне что теленок с голоду сдох а муку у лесничаго солдаты забирают. И на самом деле не успел я свалить дрова как вижу что солдаты при всем вооружении забрали всю муку и даже не дали мне получить с большим трудом заработан-

ный 14 фунтов муки тут уже и на самом деле хоть с голоду сдыхай разве это не подлость Разве это не грабеж разве Это ни наглость отобрать у меня со слезами заработанный 14 фунтов муки Кроме этого эти же солдаты позволили себе ездить по туземным кишлакам производить обыск разве солдаты в России только для того чтобы пугать мирных жителей и кроме того выставя свою противную рожу уйди а то я тебе дам муки сейчас у меня пулю получишь Где же дедалась правда Неужели ее в России нет Неужели прежде времени придется подыхать с голоду Правда с голоду не страшно было умереть с голоду если бы на самом деле был голод а то ведь у нас теперь у нас так очень много развелось королей которые с жиру бесются подобно той старухи которая в сказке о рыбке и рыбаке Идея дурацкую рожу и баранью голову изображают себя осла в львиной шкуре Это не те короли которых некоторые называют буржуями а те которые до войны молоко хлебали а теперь они товарищи то есть какие товарищи Значит один другому в карман залезут вот например теперь наши железнодорожники 8 часов они они смотрют когда они пройдут а по прошествии 8 часов Советы делают где бы кого и как ограбить как бы капиталы. На жить все лето они получали из вагонной лавки лишнюю муку для того чтоб печь хлеб для пассажиров а вместо этого они эту муку меняли киргизам на масло а потом нажили капиталы и заделались отправителями цельными вагонами баранов быков клевера и сена у каждого стрелочника имелся летом гурт баранов И теперь эти же стрелочники и другие служащие железнодорожные отобрали у лесничего 1000 пудов муки чтоб снова променять на масло. Некоторые же продали ссылаясь на то что мука размол есть нельзя корлевскую глотку дерет Этого мало что у них всего запасена с лета они еще сумели разделить зданного в багаж 60 пудов коровьяго масла с платою по полтара рубля фунта а сами тут же его продают по 7 р. фунт По надевали чужие отобранные калоши а до войны в лаптях ходили по разделили урюк и из которого по наделали самогонки набрали себе всякого материя назначая за все цену какую им вздумается Если станешь им говорить что и почему вы так делаете то они отвечают пусть нам дают по старой цене и столько сколько нам нужно тогда Мы не будем грабить А мы мирные жители не имея погон на плечах не имея винтовки и не имея участия на железной дороге пропадай хоть с голоду и раздевший и во всяком случае было бы чего есть не поехал бы за 50 верст на паре лошадей за 14 фунтов муки и ту ты отобрали

Заявление это прошу на печать в Туркестанском вестнике и передать такую в совет солдатских и рабочих депутатов
К сему гражданин Иван Саньков 22 декабря 1917 года

Бұл хатты оқыған Перовск уезінің совдепінің төрағасы Иосиф Гержод ашуга басып мынадай бұйрық берген: «Уездному комиссару. Произвести следствие, вызвав жалобщика Санькова В прошении обвиняются целая организация, - есть данные для привлечения Санькова к судебной ответственности за клевету 15. 01. 1918 г.»

Пред. Совета колы Гержод

Бірақ, қағаз әуелі учаскелік комиссарға, содан кейін Саньковка жетемін дегенше біраз уақыт өтіпті. Жазға таман Саньковты тауыпты, бірақ ол өліп қалыпты... Сүйтіп, Гержодтың жазасынан «аман» қалған. С.Ж.

АШАРШЫЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІ



Қазақстан, 30-ы жылдар.
Туған жерін тастаған аштық босқындары



«1933 жылдың ерте көктемі еді. Мен бір мамандардың бірі қасымда, келе жатыр едім, қолымда фотоаппарат. Көше бойында әлсіреген, қу сүйек арық казакты көрдім... әбден арып-ашыған, жүдеген, ыңкылдап су, тамақ сұрайды. Қасымдағы кісіге фотоаппаратты ұстаттым да тезірек су әкелуге асықтым. Құлқыны кепкен адам сияқты жұтынып ішіп жатыр. Осы кезде мені қасымдағы кісінің қалай суретке түсіріп алғанын байқамай қалыппын. Тезірек тағы да үйге барып бір үзім нан мен кант әкелуге жүгірдім. Сәл уақыттан соң нан алып келсем... ол өліп қалыпты» *Татьяна Невадовская, жер аударылған ғалымның қызы.*




Живая девочка обнаруженная в сене в тряпках похищенная также для употребления в пищу гор.Токмак.

3-4 жасар мына кішкентай қызды сойып жеу үшін шөптің арасына шүберекке орап жасырып қойған. Фотосуретті арнайы қызмет адамдары түсірген. Токмак қаласы, Қырғызстан.



Ұрпақтан жасырылған шындық!





Вот в какой обстановке обитали люди



Вот в какой обстановке обитали люди



1932-1933 жылғы ашаршылықта Украинада аштықтан күн сайын 25 мың, сағат сайын 1000, минутына 17 адам өлген ...

ГОЛОЩЕКИН ЖАЙЛЫ ПІКІРЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР. ГОЛОЩЕКИН:



«Қазақ ұлтшылдығында басқаны бодандықта ұстау сипаты жоқ. Қазақтың бойында біреуден басым болу немесе бәз-біреулерді өзіне бағындыру деген ой мүлде жоқ. Ол бар болғаны өзін қорғағысы келеді, өзін аман сақтап қалғысы келеді. Қолынан келсе, мүмкіндігі болса теңдікке қолын жеткізгісі келеді»

Қазақтың қас жауы, оны түгелдей құртуға ұлгермеген жемдет. Бірақ, қалай деп айтқан!

Кейде өз тарихымыздың ресми жазылған тұстарының бейресми жағына мән бермейміз. Мәселен, тіс дәрігері Филипп Голошекин деген қанішердің

- шын атының Шая Ицкович екенін;
- Ресей императорының отбасын өлтіруде басты рөл атқарғандардың бірі екенін;
- Түрмеде бірнеше рет отырған адам екенін;
- Оның гомосексуал екендігін енді ғана біліп жатырмыз. Бұл деректі НКВД басшысы болған, Голошекинмен жақын дос болған Ежов 1939 жылы тергеу барысында былай деп жазып берген: «Голошекин Ф.И. — приехал он холостяком, без жены, я тоже жил на холостяцком положении.. До своего отъезда в Москву я фактически переселился к нему на квартиру и там часто ночевал. С ним у меня также вскоре установилась педерастическая связь, которая периодически продолжалась до моего отъезда.

Қазақ тарихының ең зұлматты дәуірінде қазақты басқаруға адам кейпіндегі миы шайқалған осындай қанішердің жіберілуін кездейсоқтық деуге болар ма екен?!

Бүгінгі тарихшылар 1931-32 жылғы аштықтың авторы, яғни казактарды қырып тастаған адам – Шая Голошекин дейді. Осы тұста Алматыға жер аударылып келген Лев Троцкий 1927 жылдың наурыз айының 11 күні Г.Я.Сокольниковке жазған хатында, «Голошекин орыс деревнясында бейбіт өмірді, казак ауылы үшін азамат соғысын уағыздайды» деген екен. Осыған карағанда бұл алапат аштық казак халкын қырып тастау үшін әдейі, Голошекиннің қолымен ұйымдастырылған. Тіпті Роберт Конквестің «Жатва скорби» атты кітабында мынадай дерек бар: «Аштық жылдары Қазақстанда басшылық қызмет жасаған Голошекиннің аштан қырылып жатқан казактарға дәрігерлік көмек көрсетуге қатаң тыйым салған жасырын нұсқауы болған» дейді. («Жұлдыз» журналы, 1992 жыл. №5, 6-15). Дәл осындай мәлімет әдебиетші ғалым Мекемтас Мырзахметовтың «Қазак қалай орыстандырылды» деген еңбегінде де бар.

Бұл жерде айтпай кетпесе болмайтын бір мәлімет, еліміз тәуелсіздік алған 1991-91 жылдары халық қатты күйзелді. Кейбір алыс ауылдарда аштықтың салдары да болды. Осы тұста жаппай жекешелендіру деген желеумен колхоз-совхоздардың малы күшпен таратылды. Көптеген шағын қала, ауыл тұрғындары үлкен қалаларды сағалап босып кетті. Осы тұста Қазақстандағы ірі өндіріс орындарын жеке меншігіне өткізіп алған алпауыт Александр Антонович Машкевич мырза жоғарыдағы казакты аштан қырған Шая Голошекиннің туған жиені екенін қазір көп адамдар біле бермейді. Бұл деректі бізге жеткізген, кезінде Бішкек Мемлекеттік университетінде экономика кафедрасының меңгерушісі қызметін көп жыл атқарған, үлкен ғалым Мырзахметов Хамза Аленович дейтін казак азаматы. Бұл кісі қазір өмірде жоқ. **Әнуар Шотбай**

Голошекинге қарсы шыққандар мен шыға алмағандар.

...Апаттың ең қорқынышты үшінші кезеңінде аштан бұралған алғашқы босқындардың пайда болуы мен үдеп келе жатқан аштық күйзелістері жайында жер-жерден жекелеген азаматтар Мәскеудегі биік үйге, Алматыдағы автономия басшылығына аштық қасіретінің алғашқы белгілерін хабарлаудан бастап, жаппай сипат алған мысалдарды айтып дабыл қақты. Өлкепарт-

комның бірінші хатшысы Ф.Голошекиннің атына 1932 жылғы 4 шілдеде Ғабит Мүсірепов бастап (Қазмембаспа меңгерушісі Мансұр Ғатаулин, Комвуз проректорының орынбасары Мұташ Дәулетғалиев, проректоры Емберген Алтынбеков, Госплан энергетика секторының меңгерушісі Кадыр Қуанышев) қол қойған «беседің хаты» түсті. Хатта ауыл шаруашылығындағы құлдырау деректері келтірілді (1930 жылғы 40 миллион бас малдан 1932 жылы 5 миллион ғана қалған). Казактар арасында аштан өлудің тым көбейіп кеткені және осынша мүшкіл халге «солшылдық» асыра сілтеулер мен Қазөлкекомның қате саясаты жеткізгені айтылды. Алайда «беседің хаты» ұлтшылдықтың нақты көрінісі ретінде бағаланды. Хат авторларымен тиісті «сауықтыру жұмыстары» жүргізілді де, бір аптадан соң олар Қазөлкекомға өздерін-өздері кінәлап-жазалаған опыну хаттарын тапсырды. 1932 жылғы 15 шілдеде өткен Қазөлкеком Бюросы мен Өлкелік бақылау комиссиясының біріккен мәжілісі «беседің хатын» «Қазақстандағы социалистік қайта құру ісінде қол жеткізілген күллі жетістіктерді толығымен бүркемелеп, тек теріс сәттерді бадырайтып көрсету, Өлкекомның жүргізіп отырған барша бағытын сынау» болып шыққан деп тапты. Бірақ олардың «кінәларын мойындаулары» еске алынды. Сөйтіп, бір топ коммунист «кателесіп» қол қойған сол хатты «социалистік қайта құру мен ұлт саясаты жетістіктеріне» қара бояу жағушылық дей тұра, авторларды партия қатарында қалдырып, бір-бір қатан сөгіс арқалатты.

Голошекиннің содан кейін Мәскеуге бара жатқан сапарында орын алған бір оқиға жайы біздің заманымызға жетті. Қазак автономиялық республикасының диктаторы мінген пойыз шілде-тамыз аптап күндерінің бірінде Ақтөбе вокзалына тоқтайды. Перронда жиналған қалың жұрт алдында сөз сөйлеуге үкіметтік вагоннан өлкекомның басшысы шығады. Ел ішін жайлаған ашаршылықты әдеттегісінше, «тап жауларының малды жаппай сойып тастауды әдейі ұйымдастырған тіміскілік зымиян әрекеттерінің салдары» ретінде түсіндірмек болуы ықтимал. Бірақ сол жолы ол құдіреті үстем сөзін сөйлей алмайды. Көпшілік назары топты жарып алаңға шыққан жайдақ арбаға ауады. Арба үстінде отырған жүдеу шал өте әйгілі тұлға болатын. Ол кезінде казактардың шұрайлы жер-суын тартып алып, өздерін шөлге ығыстырған патша үкіметін Мемдума мінбесінен өткір сөзімен сынаған қайраткерін. Сонда ол биліктің «ішкі Ресейдегі 130 мың

помещиктің мүддесін қорғау үшін» қазақтарды ата қонысынан қуып «ренжітіп отырғаны Мемлекеттік думаның есінде болсын», қазақтар солшыл партияларға іш тартады, олардың жекеменшік жерлерді мәжбүр ету жолымен бөліп алу арқылы шаруалар мұқтажын шешуге ұмтылуы дұрыс деп мәлімдеген еді. Кейін большевиктер қатарына кіріп, Орал облысының әділет комиссары, ак гвардияшылар түрмесінің тұтқыны, Қаратаев атты әскер бригадасын құрушы қызыл партизан, Шығыс майданының 4-ші Армиясындағы Қазақ бригадасы саяси бөлімінің меңгерушісі, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің мүшесі, Қазақстан Кеңестері алғашқы екі съезінің делегаты болды. Ал қазір ол 72 жасар зейнеткер **Бақытжан Қаратаев** еді. Сіңірі шығып, тізесі қалт-құлт еткен дімкөс қарт тарантас үстінде түрегеп тұрып, қазақ коммунистерінің көсемін жазғырған сөздер айтқан екен. Революцияның қасиетті мұраттарын арамдап, қазақтарды шыбынша қырған аштық кәсіретіне ұшыратқанын бетіне басыпты. Бұл үшін республиканың бірінші басшысы жауапты екенін жұртшылық алдында бетіне басқан көрінеді. Голощекин: «Шал шаршап қалыпты», - деп күбір етіп, вагонына қайта сүнгуге мәжбүр болған... Ал «шаршаған шал» ұзамай аштықтан дүние салды. Ол өзінің артында қалған жазба мұраларында алапат ашаршылыққа жалғыз Голощекин емес, оның айналасындағы қазақ қайраткерлері де айыпты деп түйіпті. Б.Қаратаевтың ойынша, мәселе олардың көз бояушылыққа жол беруінде, «қазақ істеріне жүліктік тұрғыдан келуінде» жатқан. Қазақтың осындай маскара аштыққа ұрынуын қарт революционер ұлттың «бас адамдарының» сонау патша заманынан қалыптасқан құлдық санасының, ләббай-тақсырлап бойсұнушылықтан басталған психикалық азғындауының салдарынан деп бағамдады. Тиісінше, кінә автономиялық республика басындағы қазақтардың шын мәнінде «карьерист, аферист, портфельист» («мансапқор, алаяқ, портфельқұмар») болып шығуынан деп есептеді.

Солардың бірі санатындағы Қазақ өлкепарткомының Бюро мүшесі, республика Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Ораз Исаев 1932 жылғы тамызда Сталинге үлкен хат берді. Онда өлкеде орын алып тұрған ахуалды адал баян етті, себеп-салдарларын талдады, қиындықтан шығаратын шаралар хақындағы ұсыныстарын тұжырымдады. Сонымен бірге, орнаған ахуал үшін өзге бюро мүшелерімен қатар өзінің де жауапты екенін мойындай

отырып, «бірінші хатшының көпке мәлім ерекше рөлін» ескере келе, «басшылықта өзіне өзі сын көзбен қарауға қабілеті жетпейтін» орталықтың эмиссары Филипп Голощекин отырғанда - республикадағы ауыр «жағдайды сауықтыру еш мүмкін емес» деп санайтынын жазды.

О.Исаев Голощекинді орнынан босатпайынша іс оналмайтынын айтып, оны Қазақ өлкекомының жетекшілігінен кері шақырып алуды тікелей Бас хатшы Иосиф Сталиннен жалғыз өзі ашық талап етті. Сонымен бірге қазақ ауылы мен мал шаруашылығына байланысты шұғыл атқарылуға тиіс мәселелер жөнінде Орталық Комитеттің арнайы шешім шығаруын сұрады. Бұл өтініші қанағаттандырылды. Оның хатында көрсетілген жәйттер сталиндік Орталық Комитеттің Қазақстанның мал шаруашылығын дамыту жайында 1932 жылғы 17 қыркүйекте қабылдаған қаулысына негіз етіп алынды. Ал Қаулының жүзеге асырылуын тиімді жүргізуді көздейтін бірқатар ұсынысын РКСФР Халкомкенесі төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов 1932 жылғы 29 қыркүйекте Сталинге жолдаған баянхатында айтты. (Мұның көшірмесін ол арнайы жөнелтпе жазбамен Голощекиннің орнына Қазөлкекомның басшысы болып сайланған Л.Мирзоянға 1933 жылғы 31 қаңтарда жіберді).

Келеңсіздіктер талданып, міндеттер белгіленеді. Тек Ф.Голощекин бұрынғы лауазымында қала берді. Тиісінше, ол және оны қолпаштаушылар партия белсенділерінің жиналыстарында аталмыш қаулыны өлкеком бағытын мақұлдағандық сипатта түсіндіруге кірісті. «ОК өлкеком бағытын қазақ ауытқушыларының, қыңкылшыл-уайымшылдарының, топшылдарының байбаламдарына қасақана... дұрыс деп тапты», өйткені өлкелік партия ұйымы «Қазақстанның социалистік құрылысының барлық салаларында өте ірі жетістіктерге» қол жеткізді деп дүрілдетті. Алайда халық аштық, індет зардаптарын тарта берді, қырылу, босқындық тыйылмады. Алматы көшесіне толған аштарды елең қалмаған «адал лениншіл-сталиншіл» Ф.Голощекинді 1933 жылғы қаңтарда коммунистер мақтанш-мадақтауға толы салтанатты жағдайда Алматыдан Мәскеуге бүкілодақтық деңгейдегі жаңа лауазымымен Жоғарғы Төрелік Сотты басқаруға шығарып салды.

1933 жылғы 24 ақпанда ОК Бас хатшысы И.Сталин мен Қазақ өлкекомының жаңа бірінші хатшысы Л.Мирзоянның атына «алтаудың хаты» (қол койғандар: қызыл профессура институтының тыңдаушылары Ғатаулла Исқақов, Ильяс

Қабылов, Жүсіпбек Арыстанов, Бірмұхамед Айбасов, Қазөлкеком мүшесі Ғаббас Тоғжанов, студент Оразалы Жандосов) жіберілді. Онда 300 мыңнан астам қазақ кожальқтарының Сібір және Орта Азия темір жол станцияларына, қалаларына, орталықтағы қалаларға, көрші республикалардың облыстарына босып кеткені, көбінің қайыршылық хал кешіп жатқаны айтылды. Шұғыл көмек көрсетілмесе, көктемге қарай олардың арасындағы өлім-жітім тым көбейіп кететіні хабарланды. Қазақстанның жаңа басшылығы ашаршылық зардаптарын жоюға бағытталған кешенді жоспарды жүзеге асыруға кірісті. Республикадағы 162 ауданның ішінде аштық нәубетінің зардабын көшпенді мал шаруашылығын кәсіп еткен Сарысу ауданы ерекше тартқан еді. Өкімет өкілі Ораз Жандосов сол ауданның үштен бірі ғана аман қалған жұртын жаңа қонысқа көшіріп, әкімшілік бағынысын өзгеру және отырықшылық жағдайдағы экономикасын жандандыру орайында көп жұмыс атқарды. Ашаршылық салдарынан көрші республикаларға босып көшіп кеткендерді елге алып келу үшін автономиялық үкімет атынан жан-жаққа арнайы өкілдер аттанды....

Бейбіт Қойшыбаев, Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының бірінші орынбасары. Жазушы. Абай кз. Порталы.

ҰЛЫ АШАРШЫЛЫҚ

Қазақстан ұмытпауға тиісті халықтық қасірет



1930-шы жылдардағы аштық азабынан босып бара жатқан қазақтар.

Едіге Мағауин

Бұл сұмдықты ұғып, түйсіну үшін ересек кісі болу керек. Менің әкем оны жасына жетпей естіпті. 1952 жылы, он екі жасар кезінде менің әкем колхоздағы жазғы жұмыс орайында атты поштабай болыпты. Аптасына екі мәрте қатынап, алыстағы үлкен ауылмен арада хат-хабар, мәлімет тасиды екен.

Бірде жолды қысқарту үшін төтелей жүріп, тау арасымен өткенде, сай-салада, адамдардың қураған басын, шашылған сүйектерін көреді. Бұл не пәле деп өз әкесінен, яғни менің атамнан бажайлап сұрай бастайды. Сөйтіп, ол осыдан жиырма жыл ғана бұрын адамдардың қолымен адамдарға қарсы жасалған қиянат туралы, өзінің туған халқының басына түскен сұмдық зобалаң салдарынан миллиондаған қазақ азаматының ажал тапқаны турасында естіп біліпті.

1932-33-ші жылдардағы, қазақ халқының айтарлықтай бөлігін жусатып кеткен Ашаршылық — ел тарихындағы ең қасіретті оқиғалардың бірі болып саналады. Барлық пәле Совет өкіметінің Қазақстандағы мал атаулыны тәркілеу туралы шешімінен бастау алады. Бұл кезде қазақ жұртының төрттен үші көшпенді болатын және олардың бар тіршілігі төрт түлікке байланысты еді, ал малдан айрылған жағдайда аштан өлуге тиіс-ті.

*Тамақ іздеп, аштық пен суықтан қалтыраған ана мен бала,
30-шы жылдардың басы.*



Малды тәркілеу 1929 жылдан бастап қарқын алады. 1932 жылға қарай қазақтар мал атаулыдан тақыр-таза қалыпты. Сөйтіп, ғаламат ашаршылық басталады.

Халық туған жерін тастап, шұбыра босқындыққа түседі. Шекараға жақын, шамасы жеткен жұрт көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, тіпті, Қытай мен Моңғолияға қашады. Алайда, алысырақ аймақтағы елдің ешқандай шарасы жоқ еді. Орталық Қазақстан аймағы айрықша ауыр шығынға ұшырапты.

Совет заманында-ақ алғашқылардың бірі болып осы 30-шы жылдардағы архив құжаттарына үнілуге мүмкіндік тапқан тарихшы Талас Омарбековтың айтуынша, Ашаршылық кезінде 2 миллион 300 мың қазақ өлген.

Ілкідегі қараша айында украиндардың Голодомор ашаршылығына арналған, Мәскеуде өткен конференцияда ресейлік тарихшылар осы апат кезінде Қазақстан бір жарым миллион адамынан айрылды деп атап көрсетті.

Қазақ зиялыларының айтуынша, Ашаршылық кезінде Қазақстандағы басқа этникалық топтармен салыстырғанда, қазақтар әлдеқайда артық жапа шекті және көршілес Орталық Азия республикаларында мұндай дәрежедегі қайғы-қасірет болған жоқ. Қазақ зиялылары Ашаршылық себебін тек Совет өкіметінің ұжымдастыру саясатының сәтсіздігіне жаба салуға болмайды деп біледі. Бұл зиялылардың көпшілігі аталмыш Ашаршылық — нағыз гено-

цид деп есептейді. Бірақ Қазақстан өкіметі, сынайына қарағанда, бұл көзқарасты қолдамайтын тәрізді.

Ашаршылық қасіретіне ұшырамай өткен бір де бір қазақ шаңырағы болмаған, әрбір отбасының ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп келе жатқан өзіндік тарихы бар.

Менің атам 1932 жылы, мұғалімдік дипломын алғаннан соң, ауылдардың біріне қызметке жолданыпты. Келсе, халық жаппай қырылып жатыр, мектепке тартатын бір де бір бала жоқ, түгел өліп біткен.

Өз әкеме жеткен әңгіме бойынша, біздің әулеттің азапты жолы былайша жалғасады: атама әлгі мектептегі бекітілген қызметтің төлемі ретінде босатылған жарты кап бидай киын күнде талғажау болады; содан бұлар теміржол бойына жетеді, онда қырылып жатқан жұртты, өлген кісілердің етін жеген сұмдықты көреді; ақыры әйтіп-бүйтіп қыстан шығып, туған ауылдарына келсе, аталас ағайын 70 отбасынан небәрі 13 үй ғана қалған екен; содан соң атамның әкесі — менің бабам аштан өлген ағайын-тумаларының өзеннің екі қабағында шашылып қалған қу сүйектерін жинап, жерге көмеді...

Осы естігендердің әсері сондай, менің әкемнің жүрек-санасында болашақ өмірлік мұраты ұшқын бергендей болыпты. “Алағызған ұйқысыз түндерде қайтсем де жазушы болсам деп армандадым, келешек ұрпақ осыншама сұмдықты ұмытпас үшін бәрін қағазға түсірсем деп ойладым...” - деген еді әкем, осы әңгімені естіп білу кезегі енді маған жеткенде.

Совет баспасөзі Ашаршылық жайында сол кезде де, одан кейін де мүлде үнсіз қалды. Украинадан бір айырма, ол жылдарда Батыс журналистеріне Қазақстанға келуге де рұқсат берілмеді. Әйткенмен де, жеке бір кісілер тарабынан қасірет туралы деректі куәліктер сақталыпты.

Татьяна Невадовская 1933 жылы 19 жаста екен. Ол Ресейден айдалып келген профессор әкесімен бірге Алматы маңындағы Шымдаулет ауылында тұрған екен. Невадовская жергілікті халыққа қатаң қысастық жасалып жатқанын көріп, қатты толқиды, торығады, әйткенмен, сұмдықтан себебін ұғына алмайды. Өз басы ашықпаған, отбасының күнкөрісі жақсы екен. Алайда, қазақтардың шарасыз, ауыр ахуалына бейтарап қарап тұра алмайды.

Невадовская көргенін қағазға танбалайды, суретке түсіреді, ашаршылық туралы толғау жазады. Міне, осының бәрін жарты ғасырға жуық уақыт бойы сыртқа білдірмей, жасырын сақтайды.

Ақыры, зейнетке шыққан соң, 1980 жылы өзінің "альбомын" Алматыдағы Орталық мұрағатқа тапсырыпты.

"Бұл — біз үшін өте ауыр қыс болды. Бірақ нағыз сұмдықты жергілікті халық бастан кешірді," - деп жазыпты. "Баласы, шағасы бар, жасы, кәрісі бар, түгелдей аштан өлген осы кісілерді, қанырап қалған, қазаға ұшыраған ауылдарды, әлі бітіп, ең далада қырылған қаншама жұртты қазақтардың бүгінгі ұрпағы ешқашан ұмытпас деп үміттенемін..."

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң Ашаршылық құрбандарына ескерткіш тұрғызу жөнінде бастама көтерілді. Қазақ зиялыларының талабы бойынша, республика үкіметі 1992 жылды болашақ монументтің орнын да белгіледі. Міне содан бері 16 жыл өтіпті, ескерткіштің елесі де жоқ.

Алайда, Ашаршылық туралы естеліктер ел жадында, ал санадағы ескерткіш қара тастан да берік. Тек, бұл тараптағы әңгімелерді ұғып, білу үшін адам ержетіп, есейіп керек сияқты. Ашаршылық туралы алғаш естігенде менің жасым он жетіде болатын. Әзірге менің балаларым кішкентай, бірақ өсіп жеткен кезінде олар да бәрін ұғып, танып - білетін болады...

Ал Қазақстан үкіметі де есейіп, өз халқының өткен тарихын бағамдайтын дәрежеге жету үшін енді қаншама заман керек болар екен?!

Мақала Батыс жұртшылығы үшін ағылшын тілінде жазылған, қазақ тіліне сол қалпында аударылды. Едіге Мағауин, Азаттық радиосы қазақ қызметінің директоры.

КӘМПЕСКЕ НАУҚАНЫ БАСТАЛҒАН КЕЗ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Шиелі ауданы Нартай ауылының тұрғыны Қошан Сейтжанұлының әңгімесі.

- Менің әкем Сейтжан 1903 жылғы. Әкемнің әкесі Бақыш 1870 жылғы, ауқатты кісі болыпты. Атам Бақыш әкемнің айтуы бойынша жұрт не айтса көне салатын момын кісі болған екен. Орта байлар санатына қосылған Бақыш ақсақалдың 200 шамасында жылқысы, 100-ге жуық түйесі, бір-екі қора қойлары болған.

Кәмпескенің алғашқы толқыны 1928 жылдың көктемінде басталыпты. Байларға алғашқы салық астық ретінде салыныпты. «Астық салығын төлесендер болды, малдарыңа тимейміз» деген

белсенділердің сөзіне сенген атам сияқты қазақтың байлары малдарын қымбат астыққа ауыстырып астық алған. Егіншілікпен айналысатын ауылдарды жағалап екі пұт астық үшін бір түйе беріп астық салығынан құтылыпты. Қолындағы малының жартысы астық салығы үшін кетіпті. Белсенділердің салық осымен тынды дегеніне сенген, қолдарына салықтан құтылды деген қағаз алған атам мен әкем 1928 жылдың жазғытұрында Сарысуға жайлауға көшіп кетеді. Осылай бейқам жүрген кезінде тамыз айында жайлауға ойламаған жерден қаруланған ОГПУ отряды әкем мен атамның малына тарпа бас салыпты. Малын түгел айдап аудан орталығы Шиеліге тартады, аралығы 150 шақырым, малмен жету үшін кемінде 6-7 күн керек. Осылай Қаратауға жақындап қалады. Отрядтың жолсерігі Бақыш ақсақалды жақсы танытын, өз аулының адамы екен. Ақсақалдың момын әрі сөзінде тұратын пәтуалы адам екенін білетін жолсерік қасындағыларға: «Біз аудан орталығына бара берейік, бұлар артымыздан жетеді, сенімді кісілер» депті. Бақыш ақсақал өзіміз жетеміз деп уәде береді. Әкем Сейтжан сол кездерде жасы 25-26 шамасында, нартәуекелшіл, еті тірі, тік мінезді кісі еді. Әкем жолда кездескен бірін-саран жүргіншілер мен жолаушылардан елдегі жағдайды сұрап қанық бола бастайды. Байлардың малын тек қана тәркілеп қана қоймай, олардың өздері мен отбасы мүшелерін жер аударып, соттап жатқанын естиді. Бақыш ақсақал орташа бай ғана емес, оның үстіне елге аты шыққан молдалығы да болатын. Өзі бай, өзі молда Бақыштың отбасының сөз жоқ аман қалмайтынын сезген әкем атама «елге барсақ, тұтыламыз. Аман қалу үшін қашудан басқа жол жоқ» деген уәжді айтып атамды көндіреді. Әуелгі кезде «уәде бердім, болмайды» деген атам сосын көніпті.

Әкем сол түні нартәуекел деп кешкі салқынмен атқа қонып көшті сол жерге қалдырып, Шиелі қайдасың деп орталыққа тартады. Біз арғындарға жатамыз ғой, ағайындарымыздың ішінде Нұрым деген кісі ауылнай болатын. Түнімен жүріп отырған әкем, аты жарамды екен, түн ауа ауылнайдың үйіне жетеді. Ауылнай ағамыз айтыпты «келмегендерің дұрыс, келсендер ұсталып, қамаласындар» дейді. Әкемнің қолына өз мөрі басылған ел шекарасынан шығып кетуге мүмкіндік беретін қағаз жазып береді. Айтады: «мен сендерді көрген жоқпын, сендер мені көрген жоқсындар» дейді. Әкем сол түні 90 шақырым бару, 90 шақырым қайту жол бар, барлығы 180 шақырым жолды атпен өтіп күн шыға атамды қалдырған жерге жетеді.

Бірақ, кашып кету онай емес-ті. Келесі күні олардың сонынан шыққан отряд көшті бір күнде қуып жетері анық болатын. Әкем мен атам мынадай амал жасапты. Айдап келе жатқан түйелері мен ірі малдарын жан жаққа жайылуға жіберіп, сосын оларды бір нүктеге жинапты. Жүк артқан түйелерді жеке-жеке жолға салып, адамдарды із түсірмей, шөпті ғана бастырып бірнеше бағытқа өтірік із тастаған. Өздері Қаратаудың биік бір төбесіне шығып бакылауға алған. Айтса айтқанындай, келесі күні ОГПУ-н мылтық асынған 4 белсенді Шиелі жақтан көрінеді. Келіп көшкен жұрттың орнына келіп із кесе бастайды. Сол жерде төртеуі кешке дейін төрт жақтан із кесіп қанша іздегенімен көштің ізін таба алмаған. Амалдары таусылып кешке қарай қарулы отряд Шиеліге қайтып кетеді. Сол түні дереу жолға шыққан атам мен әкем өз көшіні аман-есен Өзбекстан жаққа бұрып өзбек ағайындардың еліне аман-есен жеткен көрінеді. Айтпақшы, иттердің ішін байлап, түйелердің аузын буып дыбыс шықпайтын амал істегенін әкемнің осы әңгімесінен естідім.

Ашаршылық қасіреті, әкемнің айтуы бойынша Шиелі манайын өте қатты шарпымаған көрінеді. Бірақ, Аркадан ауған аш босқындар Шиелі мен Жаңақорған үстін (мысалы, Жаңақорған кентінің қасында сол аш босқындар жиналып, бірін бірі күтетін «Ашаршылық төбе» деген төбе содан қалған көрінеді) басып өтіп, жүре алмағандары ауылдарымызда қалғандары аз емес екен. Бәкір деген ағамның үйінде Ақсұлу деген өте көрікті жеңгеміздің сондайлардың бірі болғанын, әттеген-ай, ол кісілер марқұм болған сон естідім. Сол аштардың көшімен еріп Қостанайдан келе жатқан Ақсұлу жеңгеміз сол кезде 14-15 шамасында болса керек. Әке-шешесі жоқ жетім Ақсұлуды ағамыз әйелдікке алып қалыпты.

Игібаев Сағат Омарұлының әкесі жайлы естелігінен

- Әкем Игібаев Омар 1914 жылы 22 наурызда туылған, Алматы облысы, Шілік ауданының Қызыл Жиде аулының тұрғыны. Атам төңкеріске дейін болыс болған екен. 1925 жылы атам өліп 11 жасар Омар (әкем) үйдің асыраушысы болып қалады. Әкесінен 1000 қой, 70 жылқы, 10 түйе, 20 сиыр қалыпты. 1929 жылы 15 жасар әкемді байсың деп 500 пұт астық салық, 500 сом ақша салық төлеуге міндеттейді. Егіншілікпен ешқашан айналыспаған, астығы қайдан болсын, бар малын сатып әр пұт астық үшін ұйғырларға 2,5-3 сом ақша төлеп бидай сатып алып салықтан құтылады. Әр қойдың

құны 5-6 сом, жылқының құны 25-30 сомнан болыпты. Әкем бірақ салықтан құтыла алмапты, екінші рет 300 пұт, одан кейін 200 пұт салық салынған. Малының бәрін сатып қорасында ештеңе қалмаған. Зәресі ұшқан 15 жасар баланы Шіліктегі түрмеге жабады. Шамалы уақыт ұстап, кім білсін, аяды ма түрмеден босатады. Бірақ, әкем көп уақыт бостандықта жүре алмайды, келесі жылы 300 пұт астық салық салыныпты. Оны төлейтін ештеңесі болмағандықтан әкем қашуға бел байлайды. Қашады, бірақ көп ұзатпай ұстап алып қайтадан түрмеге жабады. Анасы жалынып-жалбарынып түрмеден босатып алады. Әкемді осыдан кейін колхозға мүше етіп қабылдапты. Бұл өмірі бір жылға созылмай, әкеме тағы да 500 пұт астық салық салады. Амалы таусылған әкем енді Қытай асып қашпақшы болады. Қасына серіктер де табылады, бірақ тағы да жолы болмай шекарадан өтер кезінде атты қызыл әскерлер қуып жетіп көпшілігі оққа ұшады. Әкем астындағы атынан айрылып тауда бірнеше күн кезеді. Бағына орай, жоғалған атын тауып тауда бірнеше күн жасырынып жүреді. Өзі сияқты қашқындарды кездестіріп шекарадан өтуге тағы бір әрекет жасайды. Бұл ретте де жолы болмай қолға түсіп түрмеге салынады. Түрмеде үш жыл отырып ауылына келеді. Бірақ «байдың баласы» деген атағы қайда барса да алдынан шығып 1937 жылы «халық жауы» деген айыппен 10 жылға сотталады. Сол кездерден бастап бір колониядан екінші колонияға айдалып Кеңес одағының лагерлерін шарлайды. Соғыс басталғанда Архангельск облысында темір жол құрылысында болады «Құрылысты аяқтаған соң тамақ нормамызды 25 пайызға қысқартты. Арамызда аурулар мен аштар көбейді. Күніне 10-15 адам аштық пен аурудан өлетін еді» дейтін әкем.

1950 жылы ғана әкем туған елге оралды, 1987 жылы 11 шілдеде ақталғанын білмей өмірден өтті. Санап отырсам, әкем 5 рет түрмеге жабылыпты, барлығы 16 жыл 8 ай 22 күн түрмеде отырыпты...

Зағира Жапарқызы Хұсайынованың естелігінен

- Әкемнің аты Жаппар, анамның аты Хадиша. Біз ол кезде Орал облысының Қазталов ауданында тұрдық. Алғашқы тәркілеуге әкем 1928 ба, әлде 1929 жылы ма, есімде жоқ, түсіпті. Колхозға мүше болмадың деп және астық салығын төлемедің деп әкемді алғаш рет Орал қаласының түрмесіне жабады. Түрмеге әкемді екінші рет тағыда астық салықты төлемедің деп жабады. Мен сол кезде 11 жаста

едім. Әкемді екінші рет түрмеге жапқан кезінде отбасымызға деген қысым жаман болды. «Астықты жасырып отырсындар» деп үйіміз бен қорамызды, қабырғаларын тінтіп, істікпен тексерді. Бұдан кейін май салығы дегенді шығарды, май қайдан болсын, сауып отырған сиырымыз жоқ болатын. Одан ештеңе шықпаған соң, отбасымызды жер аударуға шешіпті. Ауылсоветке шақырды, барсақ. «Екі сағат уақыт береміз, жолға дайындалындар» деді. Сүйтіп анамыз екеуміз жер аударылып кете бардық...

«Возрождение» аралында лагерь болған

Екінші әлем соғысының қатысушысы **Сабантаев Сұлтан Бекқалиұлының** естелігінен

- Мен 1917 жылы Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданы, №1 ауылында Сабантаев Бекқалидің отбасында туғанмын. Әкем мен шешем 1929 жылы тәркіленіп 1930 жылдың наурыз айында «Возрождение» аралына жер аударылдық. Сонда алты жыл тұрдық. 1930 жылға дейін «Возрождение» аралы ату жазасына кесілгендердің аралы болыпты. Сондықтан да болар, бұл жерде адам сияқты өмір сүруге ешқандай жағдай жасалынбаған. Баспана да, ауыз су да жоқ. Адамдарды НКВД-ң 15-і арнайы комендатурасы күзетіп келген екен. 1936 жылдың маусым айында арал КСРО қорғаныс министрлігінің қарамағына көшірілді. Біздерді, тірі қалғандарымызды 24 сағаттың ішінде Арал теңізінің оңтүстік жағалауына, Мойнақ ауданының бұрынғы «Аралрыбтрестің» «Урга» деп аталатын балық зауытына алып барды.

Ешқандай азаматтық құқтарым болмаса да, соғыстың ең ауыр кезеңіне байланысты шығар, мені 1942 жылдың мамыр айында соғысқа алды. Сол жылдың қараша айында Ржев қаласын азат ету кезінде жаракат алып Әндіжан қаласында госпитальда емделіп 1943 жылдың наурыз айында шықтым. Соғыс біткен соң қолыма паспорт емес, алты айлық мерзімге уақытша куәлік беріп Арал қаласынан сыртқа шығуға болмайды деді. Тек 1947 жылы қараша айында, ішінде бір белгісі бар паспорт берді. Сүйтіп ешқайда шығуға құқым жоқ, білімсіз, оқусыз қалдым. Мен әкем үшін жапа шексем, кейін мен үшін балаларым зәбір көрді. Мысалы, балам Ресейде жақсы білім алып Совмин мен СОКП ОК-де жақсы қызмет алудың сәті келгенде «әкесі жер аударылған бай» деген КГБ дерегі бойынша қызметке тұра алмады. Әйелім де өзіммен бірге «Возрождение» аралының зардабын көрген адам, ұзақ өмір

сүре алмай өмірден жас кетті. Әлі күнге дейін әкем мен өзім жайлы деректерді сұрап ақталу үшін сұраған сұрақтарыма: «НКВД-ң 15 арнайы комендатурасы жайлы мұрағат деректері табылмай жатыр» деген жауап алып келемін. **«Народ не безмолвствует» кітабынан, Алматы, 1996, «Обелиск»**

Бактыгүл Бөрібаеваның бабасы Боташұлы Ағыбай жайлы естеліктерінен

- Бабам Боташұлы Ағыбай жас шамасы 1889 жылы туған. Шапыраштының Қарасайы, Қаумен аталығынан. Қазан төңкерісіне дейін ата-бабаларымыз қазіргі Қордай ауданының жерінде, Шу өзенін жағалап мал бағумен айналысқан жандар екен. Тұрмыс деңгейлері анау айтқандай бай емес, орташа ауқатты кісілер болған.

Кенес заманы басталғанда Ағыбай атамды ағайындары өз ортасынан ру ақсақалы етіп сайлап, жиған малы мен отбастарына қорған бол деп сұрапты. Осындай жауапкершілікті мойнына алған Ағыбай ақсақал көмпеске мен зорлап отырықшылдандыру науқаны басталған кезде өз еркімен малын беруге қарсы шыққан. Ағайындарына бас болып, ашық қарсыласуға шыққан, мүмкін екі жылдай ма, одан аз ба, көп пе, білмеймін, берілмей Голощекин жіберген отрядтарды ауылдарына жақындатпай малы мен жандарын қорғап ұстатпай жүріпті. Бірнеше рет атамның артынан арнайы жіберілген отряд оларды қуып жете алмайды. Орындарын ауыстырып көпке дейін ұстатпай жүреді. Қызыл әскер отрядымен қактығыстың бірі «Беріктас» деген жерде болып, біраз ағайындары мен бауырларының қаны төгіліпті. Содан кейін аз қалған жасақтарымен қырғыздар жағына қашып барып «Шәмші» деген тау қойнауында көп уақыт жасырынып жүріпті. Бірақ ол жерде де тыныштық бермей жасырынған тау үңгірі жайлы біреулер жеткізіпті. ...Міне осы қиын кездерде қырғыз ағайындармен жақында-сып олардан көп жақсылық көрсе керек. Содан болар, Өзипа деген қарындасын қырғыздарға күйеуге беріп бауырласады. Ашаршылық кезінде де қырғыз бауырлардан көп жақсылық көрген.

Соңына түскен қызылдың әскерлері бабамды қуғындауды қоймайды. Тірі қалған баласы Еренбай мен Күлсін әжемді қолға түсіреді. Бұған да сатқын ағайындардың «көмегі» болған көрінеді. Бағыбай бабама хабар жіберіпті: «Беріл, әйтпесе әйелің мен баланды өлтіреміз» деп. Амалы жоқ, өзі келіп берілуге мәжбүр болған.

«Кенес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырғаны үшін, продотрядтарға шабуыл жасағаны үшін» деген айыппен бабаны бірнеше жылға түрмеге (ол кісі барлығы 30 жылдай түрмеде отырған) салған. Мұндай қылмысы үшін ол кісіні қалайша ату жазасына кеспегеніне бүгін тандануға болады. Кезінде ол жәйттарды ешкім сұраған да жоқ, білуге қызыққан да жоқпыз ғой...

Осылай «халық жауы» атанған Ағыбай ақсақал сотталып, жалпы мерзімі 30 жылдай түрмеде болған. Он жасқа дейін сол кісінің қолында өстім, бабамның талай ерліктері мен хикаяттарға толы өмірі жайлы естігендерімді балалықпен жадымда сақтамаппын. Бірақ ол кісінің қарулы да қажырлы, сесті көзі мен рухты бейнесі әлі күнге дейін көз алдымда. Әттен, кезінде бабамның айтқандарын жазып алғанда ғой.. Сөз жоқ, бір роман немесе кино түсіретіндей хикаяттар мен оқиғаларды басынан кешкен адам еді, шірікін... Мүмкін бабам жайлы деректер НКВД-н архивтерінде қалған болар.. Болашақта оны да бір күні қолға алармын..

Бабамның атақты кісі болғанына тағы бір дәлел. Ол кісі өлгенде (Күлсін әжем ол кісіден екі жыл бұрын өлді) Қазақстан мен Қырғызстаннан мыңға жуық адам келіп қоштасты.

30-ы жылдарғы ашаршылық жайлы әжем айтушы еді: «Ен жаманы - балаларының көз алдында аштықтан өлгенін көру, еш жәрдем жасауға дәрменінің жоқтығы екен. Бала емізетін әйелдер аш болғандықтан емшегінен сүт шықпай, қан шыққанын көрдім», - дейтін.

Ақтөбелік Хамит Қырқымбайұлының шешесі Балданадан естіген әңгімесі

- Әкең Хайролла 1932 жылы Ойыл ауданында (қазіргі Темір) қоймашы болып істепті. Бір күні туған ауылына ағайындарының жағдайын білейін деп барып, аштықтан қырылып жатқан туыстарын көріп ішқұса болып жұмысына оралады да, қоймадағы барлық мата, тауар, дүниелерін арбаға тиіп алып барып ағайындарына үлестіреді де, сол түні Өзбекстанға қашып кетіпті. «Туғандарыма қолымнан келтіріп жасаған көмегім сол ғана болды» деп айтушы еді әкен.

Қызылорда қаласының тұрғыны, 1953 жылғы Дүйсенкүл Назарованың анасынан жазып алған естелігі

- Анам Дариға Қуандыққызы 1925 жылғы, нағашы ата-бабалары қазіргі Қармақшы ауданының Қарақалпақстанмен

шекаралас «Омар құдық», «Ысық құдық», «Сақы Жұманазар құдық» деген жерлерде көшіп қонып жүріпті. Ауқатты бай кісілер болыпты. Әкесі Қуандық Омарұлы. Омардың әкесі Есендәулет. Есендәулеттің Омардан басқа Жұманазар, Сақы, Ысық деген балалары болған. Нағашы бабасы Есендәулетов Омар болыс, оның баласы Омарұлы Қуандық би болған, Қуандықтың немере ағасы Жолбарыс Орынбаев та болыс болыпты.

Кәмпеске басталғанда қызыл әскерлер бір түнде келіп, барлығы 17 адамды белгісіз жаққа алып кеткен. Кейін естіпті, бәрін де атып тастаған. Олардан қалған балаларды Тәшкендегі балалар үйіне тапсырған. Анам Дариға немере аға-інілерімен - Байдәулет пен Әлімсақ Сүлейменов, Қуатбек және Насырбек Жұманазаров, Медетбек пен Алтынбек Төремұратовтармен бірге осы Тәшкендегі балалар үйінде өскен. Ол жерде оларды жан-жаққа бөліп, Ресейдегі «сталиндік» балалар лагеріне бөліп жіберуге дайындай бастапты. Осы хабарды естіген анам бірнеше аға-інілерімен бір түнде балалар үйінен қашып кетіпті. Қалып қойған немере аға-інілерінің көпшілігінің тағдыры белгісіз. Мысалы, қалып қойған Насырбекті екі жасында аты-жөнін Николай Байжұматов деп өзгертіпті.

Алтынбек Төремұратов Читадағы «сталиндік» балалар лагеріне түсіп, 13 жасынан шахтада жұмыс істепті. Дүйсенкүлдің әкесі Әшірбек 1965 жылы Алтынбекті тауып Қызылордаға алып келіпті. Шахтада істеген ауыр жұмыстан денсаулығы құрыған Алтынбек екі таяқпен жүреді екен. Келген соң көп ұзамай өлді.

Әкем Байжұматов Николайды да (1929 ж. туған) кейін тауып алды. Ресейде оқыған, жұмыс ісетеген. Әйелі орыс, балалары да орыс, түгел орыстанып кеткен. 1978 жылы өлді.

Анамның анасының, яғни нағашы әжем Сырғагүлге байланысты бір оқиғаны айтайын. Міне, осы Сырғагүл әжем жырық-құлақ болған екен. Отызыншы жылдары көп солдаттар келіп 17 адамды алып кеткенде бір солдат Сырғагүл әжемнің құлағындағы сырғаларды құлағымен бірге жұлып алған ғой. Содан әжемнің екі құлағы өмір бойы жырық болып қалыпты.

Анам 6-7 жас шамасындағы ашаршылықты көргендерін айтқандарынан есімде қалғаны — киіз үйлерде өліп жатқан әйелдер, қастарында аштан өлген балалардың бірін бірі тістеп қатып өліп жатқан көріністері көз алдымда әлі тұр, - дейтін.

**АШАРШЫЛЫҚТАҒЫ ЖАНТҮРШІГЕРЛІК ОҚИҒАЛАР
КУӘГЕРЛЕР КӨЗІМЕН
(Қаз қалпында берілді)**

Жетеу НҰРМАНОВ, 1922 жылы туған,
Жаңаөзен қаласының тұрғыны

**АДАМДАР ҚАРА ҚАРҒАЛАР СЕКІЛДІ
ЕСЕКТІҢ ЕТІН ЖЕЙТІН**

- Мен, інім, қарындасым үшеуіміз детдомда қала бердік. Шикі быламық жеп күндіз-түні өліп жатқан балаларда есеп жоқ. Өлгендерін детдом жанындағы ойпаңдау жерге 2-3 бел күрек қазып, бір шұңқырға бірге көме салатынбыз. Детдомның 4-5 күшігі, қара ала иті бір түнде жоқ болып кетті, ашыққандар ұрлап кетсе керек. Детдомның алдынан Қоңыратқа апаратын жолда кетіп бара жатып, қолдарында пышағы бар арықта отырған адамдарды көретінбіз. Олар базарлап жүрген адамның есегінің қарнына пышақ тығып, ішек-қарны шұбатылған есек құлағанда, 20-25 адамдай топ кәдімгі қара қарғалар құсап жабылып, тиген жерінен кесіп алып жататын.

Алтынбек ТӨЛЕКОВ, 1916 жылы туған.
Жаңаөзен қаласының тұрғыны

**ҚАЛАНЫ АШ АДАМНАН ТАЗАЛАУ ҮШІН
КӨЖЕГЕ У ҚОСЫПТЫ**

- Ташкент қаласында босып жүрген 5-14 жас аралығындағы қазақ балалары әскерлерден қалған тамақтың қалдығына таласып, төбелесетін. Әскердегі кілең орыстың ішіндегі жалғыз қазақ мен болғандықтан, балалар «ағакелеп» терезеден телміріп тұратын. Мен бар нанды лақтырып жіберемін. Ас пісірушілер қуып жібергенде олар ит құсап әр жерге барып шоқиып отыратын да көп ұзамай қайтып келетін. Троицк лагері жанынан өтетін «Қарасу» деген су бар еді. 1932 жылы күзде сол судың жанындағы тоғайда көп қазаққа қазан асылды. Өзбектің компартиясы Орталық комитетінің төрағасы Файзулла Ходжаевтың бұйрығымен көже пісіріліп, аш балаларға тамақ берілді. Көжені ішкен балалар өліп қалды. Сөйтсе, қаланы аштан тазалау мақсатымен көжеге у қосылған екен.

Зәмін СҮЛЕЙМЕНОВ, 1916 жылы туған.
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы
«Задарья» совхозының тұрғыны.

**КӨМЕТІН ЖЕР БОЛМАЙ;
ӨЗ ҮЙЛЕРІН МОЛАҒА АЙНАЛДЫРДЫҚ**

- Жұмыс істегендерге күніне 500 грамм бидай беріп отырды. Ал колхоздың жұмысына шығатын адамы жоқ үйлерге ештеңе берілмеді. Аштықтан өлгендерді жерлеуге шамамыз келмегендіктен, үйлерінің тіреу ағаштарын өгізбен сүйретіп, үйлерін құлатып, өз үйлерін молаға айналдырдық.

Дәметкен ШОТБАЕВА, 1894 жылы туған.
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы
«Жақаев» колхозының тұрғыны.

ӨЛГЕНДЕР КӨМУСІЗ ЖАТА БЕРЕТІН

- Жұмыс істегендерге қасықтап дән беретін. Колхоз бір келі астық берсе, оның жартысын басқарма, белсенділер алып қоятын. Бас көтеру болды ма дейсін, қарағым, қайдан бас көтересін. Үлкен адамның көбін қамады. Ұстап әкетіп, атып өлтірді. Соқыр сот деген болған ол уақытта. Өліп жатқандарға ешкім қарамайтын, көмусіз жата беретін. Аштықта өз баласын өзі суға тастағанды көрдік.

РӘЗИЯ ТӘЖІБАЕВА, 1916 жылы туған. Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы, Талдыөзек ауылының тұрғыны.

**КӨЖЕГЕ ҚОЛЫН ТЫҒЫП ЖІБЕРІП,
СОНЫ ТАЛҒАЖАУ ЕТЕТІН**

- Аш адамдар базарда таба нанды ала қашатын. Иесі артынан тұра қуса, қашып бара жатып нанды аузына тығып, шайнамай жұтып жіберетін. Біреулердің ішіп отырған атала көжесіне қолын тығып жіберіп, қашып бара жатып қолын жалап, соны талғажау ететін. Дүкенші Толқынбай, ет алушы Исакжан сарт, дүкенші Мырсыдық сарт - осылар тоқ болды. Кейіннен халықтан қорқып, бар тамағын іше алмады сорлылар. Өкімет «продпомощь» деген бірдене берді. Оның өзін детдом ашып, баласы бар әйелдерге берді. Оған кім жарыған?

ҚЫРЫЛҒАННЫҢ БӘРІ - ҚАЗАҚТАР

- Көп адам сыртқа тентіреп кетті. Сырттан бізге келіп жатқандар да бар. Кімді кім біліп болғандай. Әйтеуір, қырылғанның бәрі — қазақтар. Ой, адам көп қырылды ғой. Талқанын құшақтап

аштан өлген әйелдің баласы емшегін еміп жатқанын көзім көрді. Кейбіреулер баласын бесігімен тастап кетті.

ТЫШҚАН МЕН ҚҰРБАҚАНЫ ҚОЛЫ ЖЕТКЕНДЕР ҒАНА ЖЕДІ

— Өлгендердің бәрін Желдиірмен деген жердегі шұңқырға көме салатын. Өкіметке қарсы шығуға бәрі де қорқатын. Сінлім Мәрзия екеуміз әкемің Мақсым деген тамыр орысының үйінде жүрдік. Әйелі, балалары бар. Қазақшаға судай. Ол кезде Шу өзенінің суы көп. Әлгі орыс өзеннен балық аулап әкелетін. Кейде бірнеше адам жабылып оның балығын тартып алады екен. Тышқан, құрбақаны қолы жеткен адам жейтін. Адам жегендер де болды. Тек екі табан, екі алақан, екі беттің ұшы болғандықтан жемейді екен. Қалғанын жеп қояды. Орман деген байдың баласы киіз үйдің ішінде өліп қалса, біреулер үйдің уығын сындырып, әлгінің санын жеп кетіпті. Бір ішкен тамағы үшін 7 адам Ұзыншаш дегеннің басын кескен.

Жұлдызай СМАЙЫЛОВА, 1917 жылы Іледе туған.

ЕРКЕКТЕР ТАМАҚ ҮШІН ҚАТЫНЫН САТҚАН

— Сол жылы қыс қатты болды. Ішуге тамақ жоқ, ел қырылып қалды. Еркектердің көбісі тамақ үшін қойнындағы қатындарын қырғыздарға сатқан. Малдың бәрін тартып алған. Ел атқұлақ, шырмауық, жаужұмыр, желкек, қояншөп деген шөптерді корек қылды. Өлең дейсің бе, әй, қайдам есімде қалмапты.

— Оянған ұлтымыз,

Жанқияр жұртымыз.

Біз Совет құратын,

Ұйымның кілтіміз. - Осылай шығар, ұмыттық қой.

Мауия ТАСЕКЕЕВА, 1905 жылы туған.

БАЛАНЫ ЖЕЙМІН ДЕГЕН ШАЛҒА КЕМПІРІ АРАША ТҮСТІ

— Мойынқұмға Арқадан ауып келгенбіз. Байдың қыз-келіншектері алтын-күмісті кебекке айырбастайды. Әкеміз бізді далаға шығармайтын. «Ештенесін алмаңдар, алтыны өздеріне» дейтін. Кейін Жамбылға кетіп бара жатып жолда талайды көрдік. Бір шал 5-6 жасар баланы жеймін дейді. Кемпірі таласып бермейді. Ақыры кемпірі баланы алып бөлек кетті...

Әлікұл АБДАНБАЕВ, 1912 жылы туған.

ӨЗІМІЗГЕ ӨЗІМІЗДІ АЙДАП САЛАТЫН

— Біз бай баласымыз, құмда тұрдық. 1928-1929 жылдары көмпеске жүрді. 1930 жылы әкеміз 3-4 күн ауырып өлді. «Халық жауы» дегенге ілікпей қалды. Өлмегенде итжеккенге кететін еді. Өкімет малды сыпырып алды. 1931 жылы Луговой, Әулиеата, Меркі жакка каштық. 1932 жылы қырғыз асып Қара Балта, Пішпек, Ақсуға аулық. Қара Балтада өлгендерді жинап, өзекке төгіп, өртегендерін көрдік. Өзімізді өзімізге айдап салатын. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, сол ашаршылықтан тірі қалдық. Қырғызда жүргенімізде қырғыз кемпір картоп ектіреді. Түнде барып сол еккен картобымызды қазып алып жейтінбіз. 1933 жылы ағам мені ауылға ертіп әкелді. Көрмегеніміз жоқ. Есек жедік... Ұстасак тасбақа, қарғанын балапанын жедік. Жаужұмыр деген тамыржемісті жабайы өсімдік бар, картоп сияқты. Соны отқа көміп жейміз. Көп жей берсең ол да ауру қылады..

Жұмжұма НАЗАРҚҰЛОВ, 1902 жылы туған

КИІЗ, АРҚАН, КӨН ПІСІРІП, ТАПСАҚ ТАСБАҚА ЖЕДІК

— Ашаршылықта көп адам қырылды. Киіз, арқан, көн пісіріп жейміз. Тапсақ тасбақа жейміз. Ол құр шандыр болады екен. Жұмыртқасы көп болады. Біздің жұртта 5-6 үй қалған. Әлімбай дегеннің тамына барса, іші тола бас дейді, көбі әйелдікі. Содан Бейсембай деген дәу жігітті үкімет ұстады...

Сабыр АХМЕТОВ, 1920 жылы туған.

АШ КЕМПІР МЕНІ БАС САЛДЫ

— 1932 жылы Гуляевқадан (қазіргі Мойынқұм) интернат ашылды. Оны ұйымдастырған Қазақстан басшыларының бірі Ораз Жандосов болатын. Мені сонда берді. Интернатта көп бала аштықтан әрі аурудан өлді. Өлгендерді сүйретіп апарып шұңқырға көмді. Бірде тышқан аулап жүріп бір кемпірге кездесіп қалдым. Шашы жалбырап, мені бас салғаны. Ары-бері жұлқына, әзер босанып шықтым-ау, әйтеуір. Әйтпесе әлгі кемпірге жем болар едім.

Мәке МОЛДАБЕКОВ, Алматы оязы Қаракемер ауданы Сарытау ауылында 1910 жылы туған.

ЖҮСІПБЕК ШАЛ ӨЛГЕН БАЛАСЫН ПІСІРІП ЖЕДІ

— Сол кездері «Көрнектіні көрге тық, орташаны орға тық, кедейдің кеңірдегін сық!» деген ұран шықты. Ешкімді аяған жоқ. 1931 жылы Қарағанды, Балқаштан Жаланаşка 300 түгін алып келді. Ел онсыз да аш. Берейін десе өздерінде еш нәрсе жоқ. Солардың ішінде өздерінің аштан өлген балаларын пісіріп жегендер болды. Мысалы, Жүсіпбек деген шал өзінің аштан өлген баласын пісіріп жеген. Балаларын жұртқа орап тастап кеткендер де өте көп болды. Себебі, оны көтеріп жүруге шамасы жоқ болатын.

Мақан ҚҰРМАНҚҰЛОВ, 1924 жылы туған.

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Жанатұрмыс ауылы

«БІРЕУЛЕР СОЙЫП ЖЕП ҚОЯДЫ» ДЕП МЕКТЕПКЕ ЖІБЕРМЕЙТІН

— Басқалар сияқты біздің де малымызды тартып алды. Әкем Құрманды ауқатты деп айдап әкетті. Әкемнің інісі Молдағұлды Байсеркеге оқуға алып кетті. Молдағұл сол жақтан қашып келіп жанына балаларды жинап ұрлық, тонаушылық жолына түсті. Молдағұл келе жатыр дегенде бүкіл орыс, қазақ, ұйғырлар тік тұратын. Ол үкіметке де бағынбады. Сол ашаршылық кезінде біздің үйге бір орыстың сиырын ұрлап әкеліп сойып берді. Сол сиырдың етін түнде асып жеп, күн көріп аштан аман қалдық. Мен мектепте оқитынмын. Өзім толық болдым. Молдағұл ағам «біреулер сойып жеп қояды» деп мені мектепке жібермей қойды.

Зағұл МОЛДАБАЙҚЫЗЫ, 1908 жылы

Қапалда Күреңбай қыстауында туған.

БАЛАСЫН БЕЙІТКЕ ТАСТАП КЕТКЕН

— Аштық жылы үйде тығылып отырып тамақ ішетін едік. Базарбек деген кісінің есік алдында аштан бұратылып өліп бара жатқанын өз көзіммен көргенмін. Сол кезде адам сыйлау деген жойылған болатын. Бір туысымыз отбасын алып бажасынікіне барса, бажасы жақтырмай тек балдызын алып қалып, күйеуін жас баласымен кіргізбепті. Ол кісі баласын көтеріп зираттың қасынан өтіп бара жатып, ашық тұрған бейітке баласын тастап кеткен де, өзі қанғып жүріп өлген.

Өтеген МОЛДАБАЕВ, 1906 жылы Майбұлақ колхозы (қазіргі Шымкент облысы Ленин ауданы Жанабазар сельсоветінде) дүниеге келген.

АТА-АНАМ МЕНІ ТАСТАП ҚАШЫП КЕТТІ

— Ашаршылық кезінде әке-шешем мені тастап Ташкентке қашып кеткен. Сол кездерде тақиядай нан 10 сом болған. Сонымен бірге ашаршылыққа оба ауруы қосылды.

Әбдікәрім ТОҒАЕВ, 1912 жылы туған. Шымкент облысы Ленин ауданы Ленин селосынан

БІЗДІ АМАН АЛЫП ҚАЛҒАН - ТӘШКЕН

— Жергілікті жерден 10 пайыз адам қырылды. Бізді аман алып қалған — Тәшкен. Ал енді осы жерден Тәшкенге дейін жол бойында адамдар қырылып жататын. Олардың көбісі ауылдан келгендер еді. Өліп жатқан адамдардың бетін жабу үшін Тұратан Қодар деген диірменшіден арпа-үн әкеліп, адамдарға азырақ ауқат беріп тойдырып, өлгендердің жүзін жасырып көмдіретін. Ескі құдыққа, шұңқырларға тастай салатын.

Үзімбала ОРАЗОВА, 1907 жылы қаңтарда

Қызылағаш (бұрынғы аты Бұқпанның құймасы) селосында туған.

ҮЛКЕН ҰЛЫН СОЙЫП ЖЕДІ

— Бір шал қайтыс болған екен, бұрын бай болған, жерлегеннен кейінгі түні екі жас жігіт қазып алып жеген. Ақадырда елі жағынан туысымыз болған. Сол кісінің екі ұлы болатын. Бірі 3-те, екіншісі — 6-да. Туысымыздың көршісі: «Жейтін тамақ жоқ, балаларына не бересің, қалай асырайсың? Олар сені өлтіреді, не болмаса аштан бұратылып өзің өлесің. Одан да біреуін сойып жейік», - деп азғырған. Содан екеуі үлкен ұлын үйінде сойып жепті. Қанша дегенмен ет таусылып, екінші ұлын да сойып жеген екен. Кейіннен сол кісі әйелі екеуі мосы мен шөңкені алып, дала кезіп кетеді. Бір күні Қапалға барып жалғыз қайтып келе жатқанмын. Өзім ол кезде денелі, етті болатынмын. Сөйтсем, әлгі туысымыз (аты Ерболсын еді) қырман маңында қаңғып жүр екен. Мені көре салып, қуалап берді. Қанша айтқанмен, адам етін жеген аш әлсіз болады ғой, мені қуып жете алмады. Екі-үш күннен кейін ауыл адамдары Ерболсын мен әйелінің мая түбінде өліп қалғанын көріпті. Бұл оқиға наурыз бен көкек айының арасында болған еді. Ағайынды 8 үйден мен (Үзімбала), 7

жастағы Керім, оның шешесі Қырғауыл үшеуіміз ғана тірі қалдық. Өлмейтін адам өлмейді екен, мен кара су ішіп тірі қалдым.

Мәжікен СӘРСЕНБАЕВ, 1924 жылы туған
**ҚҰЛҚЫН ҮШІН ЖЕМТІК ІЗДЕП
БАСЫ АУҒАН ЖАҚҚА ҚАҢҒЫП КЕТТІ**

– Сол кезде терезеден қарай қалсаң, көшеде өліп жатқан қазақ, жұрт оларды аттап өтеді, адам өліп қалыпты деп жатқан ешкім жоқ. Өне бойы ісіп-кеуіп, көзінің алды күлтүлдеп, аяғын әрең алып бара жатқан аш-арық... Күні-түні есік бекітулі, тірі жанды үйге кіргізу жоқ, кіріп келсе, шамасы барлары өнештен өтетінді тартып ішіп-жеп кетеді..

Қасым ТОҚТАРБАЕВ, 1905 жылы туған.

Семей облысының Ақсуат ауданы
**ӨЗ БАЛАСЫНЫҢ БАСЫН ТАСҚА САЛЫП
МЫЖЫҒАН ӘЙЕЛДІ КӨРДІМ**

- Жас әйелдің өз баласының басын тасқа салып мыжығанын, өлтірмек болғанын өз көзіммен көрдім. Әлгі баланы жұлып алып, бесатарды ала салып, әйелді атайыншы дегенімде, әкем қолымдағы мылтықты жұлып алып, бұл әйел өз ажалынан-ақ өледі деді. Біраз күннен кейін сол әйелдің іші кеуіп жатқанын көрдік. Қарабас асуы жағында шашылып жатқан адамдардың сүйектері көп еді.

Қ.КЕМПІРБАЕВ, Георгиевка селосы.
**ТАҢЕРТЕҢ ЖАНЫМЫЗДА ҚАТЫП ҚАЛҒАН
БАЛАЛАРДЫҢ МӘЙІТІ ЖАТАТЫН**

- Қалың тоғай өскен селоны нұсқап, мені жолға салып жіберген. Сөйтіп, жаяу-жалпылап балалар үйіне де жеттім. Бұл жерде де жағдай онып тұрмады. Аш-жалаңаш, қабырғалары ырсиған, көздері шүңірейіп ішіне кіріп кеткен, сүйегі мен терісі қалған балаларды көрдім. 1933 жылдың қысында балалар үйінде күн сайын ондаған бала өлетін. Ағаш еденде ұйықтайтынбыз, таңертең тәрбиешілер көзімізді ашып, тамырымызды ұстайды. Кеудемізде жанымыз барлар ілбіп орнымыздан тұратынбыз. Кейде жанында жатқан бала өліп қалған болып шығады. Сол бір ауыр кезеңде қаншама бала аштықтан көз жұмды. Олардың барлығын ор қазып, қатар-қатар жатқызып көметінбіз.

Шәкен ОРАЗБАЙҚЫЗЫ, Семей облысының Шұғылбай ауылы

**ӘЛІ КЕТКЕН ЖАС КЕЛІНШЕК
ҰЛ БАЛАСЫН СУҒА ЛАҚТЫРДЫ**

- Шұғылбайға аштық 1931 жылдары кірді. Жол бойында, өзен жағасында өлген адамдар көздері адырайып жататын. Екі апайым аштан өлді. Бейілхан апайым арам етті (көмілген) қазып алуға 1-бөлімшеге бара жатып, соған жетпей аштан өлді. Рахила апайым ауыл ішінде өлді, сүйегі қайда қалғанын да білмедік. Сол жылдары кара судан басқа түк жоқ болды. Аштықтан тамақ іздеп «Большевик» совхозына бардық. Сонда таңертең жас келіншек аштықтан әлі кетіп бара жатып Ақсуаттың суына ұл баласын лақтырып жібергенін көрдім.

Қыдырбай БЕРДІБАЕВ, 1926 жылы туған.

Жаңаөзен қаласының тұрғыны
**ТҮРКІМЕНДЕРДІҢ БАР ЖҰМЫСЫН ІСТЕП,
АҚЫСЫНА БІР КЕСЕ ЖҮГЕРІ АЛАТЫН**

- Түркіменстандағы Ташауыз облысының Калшиши ауданындағы балалар үйінде бір үзім нанды 4 балаға бөліп беретін. Күнде қабылданатын 40-50 баладан 20-30-ы өледі. Себебі оларға аштық өтіп кеткен. Апаларымыз бізді аман алып қалу үшін ертеден кешке дейін түркімендердің бар жұмысын істеп, ақысына бір кесе жүгері алатын. Соны талғажау етіп аман қалдық.

Жорғатай РАХМЕТОЛДИН Семей облысы,
Ақсуат ауданы, Қараоба ауылының тұрғыны
**УЛЫ ТЫШҚАНДЫ ЖЕП,
ҮЙ-ІШІМЕН ҚЫРЫЛЫП ҚАЛДЫ**

- Қарамияның басын қуырып шай қыламыз. Қырда сарыала тышқан болды, ел соны асып жеді. Жакып деген кісі қырдан екі тышқан әкеп, соны кешке асып жеген екен. Келесі күні үй-ішімен қырылып қалыпты. Сүйтсе, ол улы тышқан екен. Қырық жылдық тулақты қайнатып жедік. Ит пен мысықты жеу өте көп болды.

Қауажан ТЫНЫБАЕВА, Семей облысы, Ақсуат ауданы,
Ақсуат ауылының тұрғыны

АДАМ ЕТІН ЖЕГЕНДЕРІ ҮШІН ЖЕР АУДАРЫЛДЫ

- Сағымбай деген ағайынды екі кісі адам етін жегендері үшін жер аударылып кетті. Үйлерінің жанынан өтіп бара жатқан кісі

мосыда қайнап жатқан шәуіміге үңілсе, жас баланың қолы екен. Өлгі кісі сол жерде талып қалады.

Ғалия ӘЛІМҚОЖАНОВА, 1904 жылы туған.

Семей облысы Көкпекті ауданы,

Көкбастау ауылының тұрғыны

- Сол аштық кезеңінде Расулұлы Азаматты 20-30 шақырым жердегі Қараөткелде егілген астықтан алам деп жатқан кезде, егіндіктің орыс күзетшісі атып тастады. Расулдың құны сол күйі сұраусыз кетті...

Қабатай КҮМПЕЙІСОВ, 1916 жылы Семей облысы

Көкпекті ауданы Шұбарши ауылында туған

ТУЛАҚТЫ ҚАЙНАТЫП ЖЕДІК

- Ел Үшкөмейге барып балық аулап, оның етін жеді, ал сүйегін талқан қылып асқазанға алданыш қылды. Тулақтың жүнін күйдіріп, суға қайнатып жеген күндерді есіме алсам, өзімді қоярға жер таппай аласұрамын. Әкемнің інісі Байтілес аштық кезінде тамақ іздеп кеткеннен оралмады. Қолымыздан келгенше өлгендердің біразын көмдік, кейбіреулерін көз жасымыз жағаны жуып тұрып шұңқырларға тастадық.

Мұсахан ЖАҚЫПОВ, Семей облысы

Көкпекті ауданы

Тастай ауылының тұрғыны

АДАМ ЖЕУ БОСҚЫНДАР АРАСЫНДА КӨП БОЛДЫ

- Ағайым Дүкей деген кісінің айтуынша, бір шал кішкене баланы жетектеп иен қораға апарып, сойып, асып жегелі жатқанда үстінен шығады. Ағайымның қолында мылтық болса да, шалға бата алмай, қорыққанынан ауылға қашыпты. Адам жеу көбіне босқындар арасында көп болды. Ашаршылық кезінде кейбіреулер жаяу-жалпы шұбап босып жүрді.

(Естеліктер ҚазҰУ-дің тарих факультетінің профессоры Қамбар Атабаев жетекшілік еткен «32-ін зұлматы» үйірмесінің материалдарынан алынды. Естеліктерді 1990-91 жылдары куәгерлер аузынан жазып алғандар: Г.Байсеркеева, Амангелді Әліпбаев, Самат Ахметов, Дархан Жақсыбеков, Дина Иманбаева және т.б. «Аңыз адам» журналы № 4, 2013, Филипп Голощекин)

Тезекбай ҚҰСАЙЫНОВ, 1927 жылы Іле өңірі Сарытауқұм деген жерде туған

АДАМ МАЛ ҚҰРЛЫ БОЛМАДЫ

- Көптеген үйлер қаңырап бос қалған. Сол үйлерден шенгел, ши түбінен шашылып жатқан адам өліктерін көретінбіз. Адам өлімі мал өлімі құрлы болмаған. Негізі, кісі етін жеу Ақкөлде болған. Сол жерде өте қалың шенгел болатын. Ортасында Баканасқа қарай шығатын жол бар. Шенгел түбінде бұғып жатып, 1-2 адамды ұстап алатын көрінеді. Адамды ұстағанда ойбайлайтындықтан, ол жер «Ойбайшенгел» атанған. (Фейсбуктан алынды)

Төрбек ТӘУЕКЕЛОВ, еңбек ардагері, Қызылорда қаласы

ҮШ ЖАСАР ҚЫЗЫН БАЗАРҒА ТАСТАП КЕТТІ

Бұл екі әңгімені марқұм шешем айтып еді. — Ашаршылықтан есенгіреген халық қалаға барсақ тіленіп күн көреміз деп арқаланып, балаларын жетектеп жаяулап, кейбірі жетіп, кейбірі жете алмай бала-шағасымен жолда өліп кеткен. Соның бірі, бізге ағайын болып келетін жеңгеміз екі қызымен қалаға жетеді. Үлкені 3 жасар, кіші қызы емшекте. Базарда бір-екі күн қайыр сұрап жүріпті, бірақ жарытып тамақ болатындай ештеңе таба алмаған соң, осы екі қыздың біреуін көп халықтың ортасына тастап кетейін, біреу болмаса біреу асырап алар деп ойлайды. Қайсысын қалдыруын білмей, екеуін де қимай екі күн жүрген соң үлкен қызы «апа, нан бер» деп жылай берген соң, «мына қыз есін біліп қалды, нан сұрай алады, емшектегі қыз тамақ сұрамайды, өзім бірдене ғып өлмесем сүтім де жарайды» деп. көпшіліктің ортасына қызын тастап қашады. Сонда жұрт ортасында анасынан адасып қалған қыз: «Апатай-ай, апатай... басымдағы әй-әй орамалымды бөпемнің басына тартып кетсейші, тонады ғой» деп зыр жүгіріп жүр дейді. Кейін осы әңгімені менің шешеме айтқан сол жеңгем «сол қызымның жылағаны әлі құлағымнан кетпейді» деп жылап отырғанын көрдік. Сол қыз сол бойы табылмай кетті...

- Ашаршылықтан есімізді жия бастағанда біздер 9-10 жаста едік. Ойнап жүріп қалың жыңғылдың арасынан аппақ болып кеткен адамның сүйегін көрдік. Ол сүйекке жақындауға қорқып әкемізге айтып бардық. Үлкен кісілер барып екі адамның сүйегін алып келіп жерледі. Олар өзіміздің ауылдың ерлі-зайыпты кісілері

болып шықты. Әйелінің шашының ұшында үйінің кілті бар екен. Сірә, екеуі тышқан, жәндік аулап жүріп өлген болар.. Иә, осындай да өмір өткен... «Сыр бойы» 2012 жыл.

Нұрсая ТҰЯҚБАЕВА

ӘЖЕМНІҢ ӘНГІМЕСІ

Әжем ашаршылықтың зұлматы жайлы көп айтушы еді. Көзі тірісінде жазушыдай шебер болған, қағазға түсірген әңгімелері өте көркем шығатын. Соның бірін жеткізейін." - Ашаршылық жайлаған жылдары ел абдырап, ауылдың басым бөлігі қырғыз қалаларына қарай, басқа да жақтарға босып жатты. Біздің ауылға Құрмет пен Қазрет деген екі ағайынды қырғыз арбасымен келіп-кететін. Жарты қаптың жартысындай ғана бидайды дайындап салып-салып дайын етіп әкелетін де, кімде не заты болса ауыстырып алатын. Осылайша екі рет келіп кеткен еді олар. Үшінші келгенде ауылдағылар арбаны көре сала жүгіріп жатты. Біздің үй де ашығып, жындануға шақ қалып отырмыз. Мен әкем Жанақтан қалған бір арабша ескі кітапты ала шықтым. Шықсам, менің құрбым Райгүлді әкесі қуып бара жатыр екен. Қарап қалыппын. Сөйтсем, қос қырғыз Райгүлді 2 қап бидайға саудалап әкеткелі тұр екен. Анадй жердегі бір топ шенгелдің арасынан Райгүлді сүйреген әкесі Ақылтай көрінді. Қой-қой деп шырылдаған кәрі кемпір де баласын тоқтата алмай жатыр, ал Райгүл кипақтап қаша алмауда. Ақылтайды жың ұрғандай. Бір кезде Райгүлді қылғындырып тұрып маңдайынан сақ еткізіп бір-ақ ұрды. Ұрды да арбаға салды. Ана екеуі екі жарты қапты лақтырып тастады да жүре жөнелді. Ақылтай қаптарды үйіне кіргізіп жан дауысы шығып айқайлады. Кәрі кемпірдің шыдай алмай жаны үзіліп кетіпті. Сонан атып шығып, әлі ұзай қоймаған арбадағы қырғыздардың соңынан жүгірді. Жеткен шағында олар тоқтай қалды. Қызын алмаққа ұмтылып еді, анау екеуі қамшыларымен сабап жатты. Олар алысып жатқанда бір топ ауыл балалары барып жабыла кетті. Екеуі де аман қалмады содан. Осылайша біздің ауыл алғаш рет адам етін жеді."

«...Ұзақ өмір жолында **Ғалым Хакімұлы Ахмедовтың** көрмеген қасіреті жоқ. 1921 жылы 15 жасында Орынборға оқуға барған кезінде өліктер толған вокзалды, өліктерді бірінің үстіне бірін салып қала көшелерінен жинаған көліктерді көрген адам. Бірақ, кейін он жыл өткен соң көргендері одан да сұмдық еді. 1932 жылы

Ахмедов техникум директоры болып істеген кезінде үш рет адамжегіштердің мәселесін талқылаған комиссияның мүшесі болыпты.

- Алматыдан Петров деген ГПУ-н адамы келді. Түрі айнымаған қазақ, қазақша айтсам басын шайқайды, сүйтсем якут екен. Жағасында төрт ромбысы бар. Түскен арыз бойынша тексеруге келіпті.

Бір ауылға бардық. Бір әйелдің үйінен күл төгіндісінің астынан адамның басын, тығып қойылған ет бөлшегін таптық. Біреуді өлтірген болса керек. Әйелді айдап алып кетті, бір жакка...

Қалаға жақын бір ауылда, Свердлов атындағы колхозда, бір жас жігіт қана тірі қалыпты. Адам етін жегендіктен аман қалыпты. Бір әйелді өлтіріп жеген. Тергеп сұрасақ – мойындамайды. «Жок! Ешкімге тиген жоқпын!» - дейді. Қалай, ешкімді дейсің, үйіңнен табылған айғақтар ше?

- Құдайдан қорықсайшы, өлудің алдында жатыр емессің бе! - деді біреу. Иа, өлер халінде жатыр. Аштықтан әбден іскен, қозғала алмайды. Шыдамады, мойындады. —Аштық есімді тандырды. Не істегенімді өзім де білмеймін. Өлтірдім..

Үшінші оқиға келесі ауылда қария кісімен болған жағдай. Шал бір ай бойы адам етін жеп күнелтіпті...

...Есімнен кетпейтін тағы бір жағдай.. Аштық басталған жыл болатын. Базарға келдім. Базар у-шу, айқайлаған дауыстар. Жерде жатқан бір-екі қан тамшыны көрдім. Бұрылып артыма қарасам, сонаулай жерде бір терең шұңқыр, шұңқырдың ішінде отырған жап-жас қазақтың баласы. Шұңқырдың жиегіне басын қойып, екі қолымен басын ұстап отыр. Денесі қалш-қалш етеді, басы мен қолы қан-қан.. Түрі қорқыныш пен үрейге толы.. Бір тоқаш нанды ұрлап алмақ болған жерінде ұсталынған екен, ұстағандар басын жарып жіберіпті..

Данабике Байқадамова:

- Бұл үйде МТС-н саяси бөлімінің бастығының отбасы тұрған екен. Сол кезде болатын өте сирек жағдай – саяси бөлімді бір жас қазақ әйелі басқарыпты. Беліне тағып алған револьверін тастамайды екен. Күйеуі екеуі аштық басталған кезде ауруға шалдыққан үш жасар баласын қанша күтіп баққанына қарамай баланың беті бері қарамапты. Содан бір күні өлім аузындағы баланы күтіп отырып ұйқыдан әлсіреген болса керек, ұйықтап қалады. Таңертен тұрса баласы өліп жатыр, ішек-қарыны

актарылған, жүрегі кесіп алынған. Қыс айы екен, қан тамшылаған ізбен жүрген әйелді із көршінің үйіне әкеледі. Бұл үйде жалғыз еркек тұрады екен, әйелі мен екі баласы жақында жоғалып кетіпті. Үйдің есігі ашық екен, әйел кірсе еркек пештің аузында баланың жүрегін отқа пісіріп жеп отырғанын көреді.

- Атамын! – деп ақырған әйелге еркек: - Ата бер, қорықпаймын - деп міз бақпайды. Сүйтеді де, пештің артынан бірнәрселерді аяғының астына лақтырып жібереді. Әйел қараса, үш бас – бірі жоғалған әйелдікі, екеуі жас балалардың басы. Әйел мылтық ұсынған қолын соған күйінде есінен танып құлапты..

Ғафу Қайырбеков, ақын:

- Әлі есімде, ешкімге айтпай ойнауға шығып кетіппін. Біреу шап етіп қолымнан ұстай алды. Әлсіз қол сияқты, бірақ жібермейді. Жұлқынамын, жібермейді. Жасым сол кезде төрттің ол жақ, бұл жағында. Құдай жар болып, әжем шығып көмекке адам шақырып құтқарып алды. Сол күннен кейін «Жеп қояды, далаға шықпа!» деп күніне бірнеше рет айтатын болды.

Соғыс ардагері Сасан Нұрғалиұлы Нұрғалымов:

- Талдықорған облысының Ақсу ауданы, Қарағаш аулының тумасымын. Әкем Илияс Жансүгіровпен құрдас, екеуі бір партада отырып оқыған. 1926 жылы әкем өлді, анам 4 баламен қалыпты. 1928 жылы бізді кәмпеселеді, бір жылқы мен бір сауын сиырымыз ғана қалған. 1932 жыл есімде анық қалыпты. Аш, жалаңашпыз, тамақ жоқ. Қысқа қарай адамдар өле бастады. ГПУ-ң адамдары шанамен жүріп өлген адамдарды жинап керосинмен өртейді. Біздің ауданға аштықтан жан сауғалағандар Шұбартаудан шұбырып келе бастады. Бәрі де қырылып қалды. Бір әйел ғана аман қалған екен. Сол әйел көшеде өзінен өзі кімге екені белгісіз «Қарғыс атсын!, Қарғыс атсын!» деп айқайлайтын.

Ақпан айының суық күндерінің бірінде шешем тарыдан быламық жасап жатқан. Біз пештің түбінде отырмыз. Бір кезде есігіміз ашылды да шүберекке оралған бір түйіншек топ ете қалды. Шүберекті ашсақ, ішінде екі-үш ай шамасында нәресте. Шешем дереу артынан шығып сыртқа тұра ұмтылды. Ешкім жоқ. Баланың атын Құдай берген деп атадық. Өліп қала ма деп ойлап едік, тірі қалды.. Баласы өлген көршілеріміздің бірі асырап алды...

1916 жылы туған **Қажыяхмет Құлақметовтың естелігі:**

...1932 жылдың қысында 17 шақырым жердегі Гавриловкадан студенттерге азық-түлік әкелуге үш-төрт студент шықтық. Қолымызда бір берданка. 17 шақырым біз үшін таусылмастай болды. Жол жиегі толған өліктер, Гавриловкаға дейін 57 өлікті санадық. Жол бойы шұбырған, тенселіп қалжыраған аштар. Біздің арбада бірнәрсені алып келе жатқанымызды көріп тартып алмақшы болды. Қолымыздағы мылтықтан жоғары оқ аттық. Сонда бір әйел: «Әй, ағайын! Туғандар! Ең болмаса мына баланы алындаршы, мүмкін тірі қалар!» - деп бір жарым жасар баланы ұсынды. Баланы Першина деген еден жуушы әйелге бердік. Баланың одан кейінгі тағдырын білмеймін.

Сағидолла Ахметов:

-1932 жылы көрген сол оқиға ешқашан есімнен кетпейді. Аштықтан шидей болып арып қалжыраған бір әйел нан сатып отырған еңгезердей сатушының бір тоқаш нанын ала салып қашты. Анадая жерде әйелді аш балалары күтіп тұр екен. Сатушыға не тұрады, екі аттап әйелді қуып жетті де шокпар ағашпен басына қойып қалғанда, сокқының күштілігі сондай, әйел тіл тартпастан құлап түсті. Бұл жағдай талтүсте, Ақмолада болған еді..

...Аш адамдар Ақмолаға шұбырып келе бастады. Депо мен қаланың ортасында 5-10 шақырымдай жер ашық дала болатын. Міне, сол даламен жұмысқа барар жолда күн сайын өлгендерді көретінмін. Оларды көмуге арнайы адамдар бөлінді. Бірақ өлгендер саны күн сайын көбейе берді. Осы жағдай Ақмола көшелерінде де болды. Арнайы атты милицияға осы жұмысты тапсырған еді. Әр милицияның арқаны бар, бірнеше өлікті арқанмен байлайды да қаланың сыртындағы ескі қорымға сүйретіп тасиды. Ол моланы да көрдім. Бізбен бірге істеген бір жұмысшы өліп соны жерлеуге барғанда көрдім. Үлкен ор қазып өліктерді соған итеріп тастай береді екен...

Сыздық Бижекенов деген ағамыздың отбасында 18 адам болды. Әуелгі кезде қолымыздан келгенше көмектестік. Кейін өзімізді аштық қысқан кезде көмек бере алмадық... Біреуі де тірі қалған жоқ... В.Михайловтың «Хроника великого джута» кітабынан.

МАРҚҰМ БОЛҒАН БІР АҚСАҚАЛДЫҢ ӘНГІМЕСІ

Сол жылдары, біздерді, педагогикалық университеттің студенттерін, өздеріміз жартылай ашпыз, Алматы облысына колхозға кіруге үгіттеуге жұмсады. Бірінші барған ауылымыз аштықтан өлгендерге толы екен, бір ғана қараша үйдің шаңырағынан түгін көрінді. Киіз үй толған майда балалар, жас шамалары 7-13, 14 сияқты көрінді. Ортада астында от жанып жатқан ошақта беті жабық қазанда бірнәрсені қайнап жатыр. Қазанның қасында 70-і шамалаған бір қария отыр. Не пісіп жатыр деп студенттердің біреуі қазанды қарағанда ішінен жас баланың дене мүшелерін көріп үйден атып шығып құса бастады. Артымыздан еріп шыққан шал: «Мені атып тастаңдар, мұндай өмірдің маған қажеті жоқ. Мынау отырған балаларды алып кетіңдер, олар бейкүнәлер, аман қалсын». Үйден тезірек кетуге асықтық, мұндай жағдайда не істеу керектігін бізге ешкім айтқан жоқ еді.

Ашаршылық зұлматы қазақ жерін түгел шарлады, аштан өлгендерден аяқ алып жүргісіз болды. Сол кезде қазақтар сан жағынан Орталық Азияда ең көп халық еді, 60 пайызынан айрылды. Әлі күнге дейін жаппай қырылған қазақтардың көмілген жерлерін іздесе табуға болады. Аштықтан қашып басқа елдерге өтпек болған қазақтарды қызыл әскерлер шекарада қырып салды. Кейбір жағдайларда патрон шығын болмасын деген солдаттар оларды қылышпен кескілеген. Аштықтан әлсірегендерді, әйел, бала-шағаларды, қарияларды қылышпен өлтіру қиын емес-ті. Қазақтарға көмектескендер де болды. Шекарадан өтіп үлгергендерге қырғыздар мен қытайлар гуманитарлық көмек көрсетті, өзбектер нандарымен бөлісті. Дегенмен, миллиондап қырылған қазақты жойған алапат ашаршылыққа мұндай көмек қарлығаштың қанатымен су сепкендей ғана еді. Ашаршылықпен қатар қазақтың қаймағы – ұлттық интеллигенциясын жою қатар жүргізілді. Оларды түп тамырымен қалдырмай жойып, орнына басқа ұрпақ шығарды. Бір халықты түгел жойып оны мэнгүрттендірудің бұрын-соңды болмаған сынағы жасалды десем қателеспеспін деп ойлаймын. Бұлай дейтінім - осы бір зұлматты ақтайтындардың арасында өз тілін, мәдениетін білетіндердің бар екендігіне таң қаламын. Себебі, мұндайлардың атасы өз айналасындағы ел жақсыларын, білімді ауылдастарын сатып аман қалғандар, НКВД-ің белсенділері болғандар. Өзім аман қалсам болды деп бүкіл ауылдастарын ұстатып аман қалғандар көп болған. Арамызда осындай

сатқындықтың ұрығын бойымызға сіңіргендердің ұрпағы аз емес. Сондықтан болар, оралмандарды жек көрушілер неге арамызда көп? Себебі, оралмандар олардай емес, басқа. Қайын атам айтатын: - Кішкентай бала кезімізде ішегіміз бұралып, аштан ісініп киіз үйде жатамыз. Анамыз бір уыс бидай іздеп тауып әкелсе, оны үлкен қазанға әбден дәу болып ісінегенше қайната береді. Асқазанымызды өтірік алдап толтыру үшін соны ішеміз. Қайын атам сол кезде 4 жаста екен. Кішкентай ғой, аман қалсын деп 7 жастағы ағаларым өздерінен бөліп маған береді екен. Қайын енем 13 күрсақ көтеріпті, осы аштық кезінде солардың 10-ы өліп, қайғыға шыдамай есі ауысып кетеді. Өле өлгенше сол балаларын дауыстап іздеумен өтіпті. Анамның әжесі бір ғана ұлын аман алып қалыпты. Атам екі ашаршылықты басынан кешірген. Бірінші ашаршылықта ата-анасынан айрылса, екінші ашаршылықта өзі адамдарды аштықтан құтқаруға қатысады. Балқаш көлінің қасында тұрғанының көп пайдасы тиеді. Балық аулайтын артельдер ұйымдастырып ұстаған балықтарын аштық жайлаған ауылдарға тасуға тиым болғанына қарамастан таратып отырған. Осы жұмысы үшін белсенді коммунист екендігіне қарамай үлкен станың бастығы болған қызметінен алып тастап, сенімсіздер қатарына қосыпты. Сол кездегі қазақтарды аштықтан алып қалған Мәскеу билігі емес, (олар керісінше қазақтың бар малын тартып алды) бірнеше вагон гуманитарлық көмек жіберген американдар болды!

Біздің бүгінгі билік Ұлы Ашаршылық құрбандарына Алматыда ескерткіш қоюды қажет деп таппай отыр. Тіпті оны айтасын, «тұрғындар арыз жазып жатыр, бұл жерге ескерткіш қоймандар, демалуға кедергі жасайды» дейді. Қандай сұмдық! **Асқар Құмыран Фейсбуктен, тамыз, 2014 жыл.**

Кеше бір ағам сұмдық оқиға айтты. Ашаршылық жылдары ағамыз танытын бір кісі өз отбасының жағдайын айтып берген. «Қатты ашыққан әкем анама мына екі баланың біреуін жейік, болмайды дейді. Менің есім кіріп қалған кез. Әкем ұстамақ болғанда қаша жөнелдім. Жеткізген жоқпын. Қарындасым қашып үлгермеді, әкем бауыздап, пісіре бастады. Анам болса тек жылап жүр. Мен алыстан қарап отырмын. Қарным аш. Ақырын келіп қарағанымда қарындасымның басын көргенде, шыдай алмай, одан да аштан өлейін деп қайта қаштым. Өйтіп-бүйтіп тірі қалдық қой. Әкем содан кейін оңған жоқ, жынданып кетті. Қазір қазақтың

тойларында ысырапты, қоқысқа тасталатын тамақтарды көргенде жүрегім ауырады. Сол бейне әлі есімнен кетпейді»

Мынаны естіп отырып, шошыдым. Ал оны бастан өткеруді айтсайшы. Ойландым. Осыны қолдан жасаған Совет билігі не деген қанішер еді?! Дегенмен, кінәні өзімізден де іздеген дұрыс. Рас, бүгінде проблема көп-ақ. Бірақ аштан қырылып жатқан халық жоқ. Кейде осыны да ойланып қойған дұрыс шығар.

Руслан Желдібай

Көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметовтың балалық шағы аштық жылдарымен тұспа-тұс келіпті. Анасы туралы жазылған естелігінде Мекемтас аға: «.. Ашаршылық жылы сен үш жаста едің. Емшекте нәресте қызым бар. Аштықтан өлетін болған соң түс кезінде Кемербастаудағы жездем Құрманбектің үйіне қарай жолға шықтық. Сені қолыңнан жетелеп, қызымды бауырыма алып, аштықтан бұралып, әрең жүріп келемін. Жол өнбей, ауылға жақындаған шақта қас қарайып кетті. Сарттар еккен қауындыққа жеткенде ұялы қасқыр қамап, топырақ шашып қаумалай бастады. Таяғымды көтеріп, айбат шеге айқайласам да қаймығар емес. Есім шыға, не істерімді білмей ораулы қызымды жерге қойып сені арқалап сытылып шықтым. Сол ақ екен, топ қасқыр қызға бас салды. Шар өткен нәрестенің дауысын естідім... Тура осылай болғандығын шешемнің аузынан естігем. Біз атадан 17 едік. Кейін ашаршылық басталып, бірі соғыста өліп, бірі «халық жауы» боп айдалып, ақырында үшеу-ақ қалдық. Егер соның он жетісі де тірі болғанда бүгін санымыздың қанша болатынын Құдай білсін. Кейін бала боп үйдің бетін көрмей, ұзап кеткенімде анам қатты қиналса керек. Бір сөзінде, «сол кезде қасқырға қызымды тастағанша, сені бермеппін...» дегені бар» дейді. **Әнуар Шотбай.**

Мекемтас Мырзахметов: -Тағы бірде шешем екеуіміз Түлкібас стансасындағы базардан қайтып келе жатқанда, жол бойында пытырлай өліп жатқан адамдардың өлігі көз алдымда. Бір шетте ісіп-кеуіп, қарны жарқырап жатқан адамға қарай беріп едім, шешем көзімді жаба қойды. Бәрібір ісіп-кеуіп жатқан сол адамның бейнесі санамда орнығып қалды. Қартайсам да көз алдыма келе береді... Кейін сұрастырсам, сол кісі туыстарымның бірі болып шықты.

Әлі есімде, «Қызыл әскер» колхозында тұрамыз. Дорбадағы жарты пұттай бидайымызды түнде қойнымызға алып жататынбыз. Бір күні алыстау бір жездеміз үйге қонған. Түн ортасында әлгі жездеміз бидай салынған дорбамызды ұрлап бара жатқан жерінен

шешем мен ағам жабыла айқай салып, басқаларды көмекке шақырып жүріп, әрең дегенде алып қалды. («**Аңыз адам**» № 4, 2013)

«...Өткен қыста аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті... Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...»

Алаш арысы **Ахмет Байтұрсынұлы.** 1922 жыл, 20 жылдардағы аштық жөнінде

Димаш Кәрім

Тарбағатай аймағының бір жайлауында азамат соғысы жылдарында қарулы бір отряд сол жерді қоныстанған ауылға келіп кіреді. Отрядтың бастығы атының басын ауылдағы ең көрікті ақбоз үйге бұрады. Жайлаудағы қазақтар ол заманда кімнің «ақ», кімнің «қызыл» екенін айырмайтын кез ғой. Келгендер Қытайға шегініп бара жатқан ақ гвардияшылар екен, арасында қазақтар да болыпты. Ақтың командирін нөкерлерімен қабылдаған Нүкен ата еді. Менің әкем жетім қалып әкесінің ағасы Нүкеннің қолында өсіпті. Отрядтың қалған мүшелерін басқа киіз үйлерге орналастырады. Қонақтарды қазаққа тән қонақжайлылықпен қабылдап, қой сойып жақсы сый, құрмет көрсетеді. Ақ гвардияшылардың командирі қазақтардың қонақжайлылығына риза болып қолшасарда Нүкен атаға өзінің қылышын сыйлайды. Қанша екені белгісіз, кейін ауылға қызылдар келген кезде біреулер Нүкен атаға сый ретінде берілген қылыш жайлы «айтады». Қызылдар көп сөзге келмей Нүкен атаны халық жауы деп атып тастаған. Әкем інісі Қазым аға екеуі (жас шамалары 10-н үстінде) жетім қалып қашуға мәжбүр болған. Екінші әлем соғысы алдында Қазым ағаны халық жауының баласы ретінде соттап Сібірге айдалып, Сталин өлген соң ғана елге оралды. Әкемді алыстау ағайындар қолына алып асырапты. Өз бетінше оқу, жазуды үйренген әкемнің қабілетін байқаған «Семей» руднигінің директоры, атакты алтын өндіру кәсіпкері Қырықбай Нарымбаев оны Семейге оқуға жібереді. Осылай әкем Қазым ағаға ұқсаған тағдырдан аман қалады.

Әкем де, Қазым аға да НКВД деген сөзді естігенде тына қалатын. Әкемнің Қазым ақсақалға айтқан: «Сен соғыста солар үшін

тойларында ысырапты, коқысқа тасталатын тамақтарды көргенде жүрегім ауырады. Сол бейне әлі есімнен кетпейді»

Мынаны естіп отырып, шошыдым. Ал оны бастан өткеруді айтсайшы. Ойландым. Осыны қолдан жасаған Совет билігі не деген қанішер еді?! Дегенмен, кінәні өзімізден де іздеген дұрыс. Рас, бүгінде проблема көп-ақ. Бірақ аштан қырылып жатқан халық жоқ. Кейде осыны да ойланып қойған дұрыс шығар.

Руслан Желдібай

Көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметовтың балалық шағы аштық жылдарымен тұспа-тұс келіпті. Анасы туралы жазылған естелігінде Мекемтас аға: «.. Ашаршылық жылы сен үш жаста едің. Емшекте нәресте қызым бар. Аштықтан өлетін болған соң тұс кезінде Кемербастаудағы жездем Құрманбектің үйіне қарай жолға шықтық. Сені қолыңнан жетелеп, қызымды бауырыма алып, аштықтан бұралып, әрең жүріп келемін. Жол өнбей, ауылға жақындаған шақта қас қарайып кетті. Сарттар еккен қауындыққа жеткенде ұялы қасқыр қамап, топырақ шашып қаумалай бастады. Таяғымды көтеріп, айбат шеге айқайласам да қаймығар емес. Есім шыға, не істерімді білмей ораулы қызымды жерге қойып сені аркалап сытылып шықтым. Сол ақ екен, топ қасқыр қызға бас салды. Шар еткен нәрестенің дауысын естідім... Тура осылай болғандығын шешемнің аузынан естігем. Біз атадан 17 едік. Кейін ашаршылық басталып, бірі соғыста өліп, бірі «халық жауы» боп айдалып, ақырында үшеу-ақ қалдық. Егер соның он жетісі де тірі болғанда бүгін санымыздың қанша болатынын Құдай білсін. Кейін бала боп үйдің бетін көрмей, ұзап кеткенімде анам қатты киналса керек. Бір сөзінде, «сол кезде қасқырға қызымды тастағанша, сені бермеппін...» дегені бар» дейді. **Әнуар Шотбай.**

Мекемтас Мырзахметов: -Тағы бірде шешем екеуіміз Түлкібас стансасындағы базардан қайтып келе жатқанда, жол бойында пытырлай өліп жатқан адамдардың өлігі көз алдымда. Бір шетте ісіп-кеуіп, қарны жарқырап жатқан адамға қарай беріп едім, шешем көзімді жаба қойды. Бәрібір ісіп-кеуіп жатқан сол адамның бейнесі санамда орнығып қалды. Қартайсам да көз алдыма келе береді... Кейін сұрастырсам, сол кісі туыстарымның бірі болып шықты.

Әлі есімде, «Қызыл әскер» колхозында тұрамыз. Дорбадағы жарты пұттай бидайымызды түнде қойнымызға алып жататынбыз. Бір күні алыстау бір жездеміз үйге қонған. Түн ортасында әлгі жездеміз бидай салынған дорбамызды ұрлап бара жатқан жерінен

шешем мен ағам жабыла айқай салып, басқаларды көмекке шақырып жүріп, әрең дегенде алып қалды. («**Аңыз адам**» № 4, 2013)

«...Өткен қыста аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияктандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті... Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...»

Алаш арысы **Ахмет Байтұрсынұлы.** 1922 жыл, 20 жылдардағы аштық жөнінде

Димаш Кәрім

Тарбағатай аймағының бір жайлауында азамат соғысы жылдарында қарулы бір отряд сол жерді қоныстанған ауылға келіп кіреді. Отрядтың бастығы атының басын ауылдағы ең көрікті ақбоз үйге бұрады. Жайлаудағы қазақтар ол заманда кімнің «ақ», кімнің «қызыл» екенін айырмайтын кез ғой. Келгендер Қытайға шегініп бара жатқан ақ гвардияшылар екен, арасында қазақтар да болыпты. Ақтың командирін нөкерлерімен қабылдаған Нүкен ата еді. Менің әкем жетім қалып әкесінің ағасы Нүкеннің қолында өсіпті. Отрядтың қалған мүшелерін басқа киіз үйлерге орналастырады. Қонақтарды қазаққа тән қонақжайлықпен қабылдап, қой сойып жақсы сый, құрмет көрсетеді. Ақ гвардияшылардың командирі қазақтардың қонақжайлылығына риза болып қолтастарда Нүкен атаға өзінің қылышын сыйлайды. Қанша екені белгісіз, кейін ауылға қызылдар келген кезде біреулер Нүкен атаға сый ретінде берілген қылыш жайлы «айтады». Қызылдар көп сөзге келмей Нүкен атаны халық жауы деп атып тастаған. Әкем інісі Қазым аға екеуі (жас шамалары 10-н үстінде) жетім қалып қашуға мәжбүр болған. Екінші әлем соғысы алдында Қазым ағаны халық жауының баласы ретінде соттап Сібірге айдалып, Сталин өлген соң ғана елге оралды. Әкемді алыстау ағайындар қолына алып асырапты. Өз бетінше оқу, жазуды үйренген әкемнің қабілетін байқаған «Семей» руднигінің директоры, атакты алтын өндіру кәсіпкері Қырықбай Нарымбаев оны Семейге оқуға жібереді. Осылай әкем Қазым ағаға ұқсаған тағдырдан аман қалады.

Әкем де, Қазым аға да НКВД деген сөзді естігенде тына қала-тын. Әкемнің Қазым ақсақалға айтқан: «Сен соғыста солар үшін

бір қолыңнан айрылды. Не таптың, сен сияқты мүгедек оларға керек емес» деген сөзі есімде қалыпты. 70-і жылдары әкем маған: «Ештеңе өзгерген жоқ, билікте солардың балалары отыр» деген болатын. (Фейсбуктан)

Максұт Оразай ақсақалдың айтқан әңгімесі

Марсель Сәбитов деген дәрігер татар кісінің айтқаны: «Біз Троицк қаласында тұрушы едік, 4 жастамын. Бір күні қақпадан шықсам, бір адам жерде ұйықтап жатыр. Қарап тұр ем, оның маңдайына шыбын қонды, ол оянбады. Мен келіп, шыбынды қуып жібердім, шыбын қайта қонды, мен тағы құдым, ол қайта қонды... Сүйтіп отырғанымда мамам келіп, мені үйге алып кетті. Ол өлген қазақ екен. Сонда көше-көшені аралап жүріп, өлген казактарды арбаға тиеп, қала сыртына тасып жататын».

Ауыл-ауылдарымен қырылды ғой. Мысалы, Әнеш Дайырова деген ғалым апайдың айтқаны мынау: «4-5 жасар бала кезім еді. Әкем екеуіміз арбамен келе жатып, жолай бір ауылға бұрылды. Еш адам көрінбеді. Әкем арбадан түсіп, барлық үйлерге кіріп, қарап шықты. Бар дүние-мүлік түгел, бірақ, бір де адам жоқ» - деп еді. Шамасы, ауыл адамдары, ашыққасын, босып кеткен.

Мұхамедрахым Жармұхамедұлы деген ғалым ағайдың айтқан бір сөзі: «Әулиеатаның базарында аш қазақ жігіт сатушының бір тандыр нанын алып қашып, оны иесі қуып жетіп, тепкінің астына алғанда, анау тепкіге қарамай, нанды аузына тыққылап жатқаны әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді». Шынында да, бала кездегі көргендерің қатты әсер қалдырып ұмытылмайды екен.

Қожабек Жұмаділдаев деген адамның сөзі: «Ағам екеуімізді милиция Ташкенттегі детдомға өткізді. Күзде ағам оқитын болып, басқа детдомға ауысып кетіп, анда-санда келіп тұратын болды. Соңғы көргенім – әскер қатарына шақырылып, қоштасып кетті, соғыста өлді. Мен детдом оркестрінде труба тартатынымын. Біздің оркестр 1944 жылдың аяғында болар, түгел әскерге алынып, біз полк оркестрі болдық». Қожабек ағайдың 16 жасында алған «За победу над Германией» деген медалі бар.

1916 жылы туған Сәрсен Елшібаевтың баласы Арсенге айтып қалдырған әңгімесі.

Арсен айтады: - Әкемнің жасы сол кезде шамамен бес шама-сында болса керек. Сонда бұл оқиға шамамен 1921 жылғы ашар-шылыққа сәйкес келеді. Аштықтан бұралып жатқан анам екеуімізді кездестірген жолаушы өзбектер болса керек, анама айтыпты: «Өзіңді алып кетейік, балаңды алып кете алмаймыз» дейді. Анамның бетімнен сүйіп: «Сенің атың Сәрсен, әкеңнің аты Елшібай, руың қонырат» дегені есімде жақсы сақталыпты. Маған қайырымды біреулер кездесіп мені балалар үйіне тапсырады. Сүйтіп аман қалған әкем әуелі фин соғысына, сосын немістермен соғысқа қатысып, аман-есен елге 1952 жылы оралыпты.

Кәкен Балабекқызы

- Бүкіл елді жұтатып, қырып кете жаздаған ашаршылық жылдарында мен тұлымшағы желбіреген 5-6 жастағы бала едім. Біз Ақмола облысына қарасты Қосқопа деген жердегі Жаңажол ауылында тұрдық. Үйде жалғыз сиырымыз болды. Соның сүтін сауып ішеміз. Тек біздің үйді емес, ағайындарымызды да сол сиырдың сүті асырады. Әкем көлден балық аулапты. Соны жейміз. Қосқопа жерінде шөп белуарға дейін өсетін. Ішіне кіріп отырған адамның бойы көрінбейтін. Сол шөптерді мал емес, адамдардың жегенін көрдік қой. Біз сол көлдің жағасында тұрғандықтан аман қалыппыз. (*Егемен Қазақстан, 19.05. 2012*)

СҮЙЕКСАЙ

«Ей, жолаушы! Екпініңді төмендет, бұл жерде ашаршылық құрбандары жатыр». Бұл тақтайшаға жазылған жазу Жаңақорған мен Түркістан қаласының аралығында шамамен оныншы шақырымында орналасқан.

Осы «Ашаршылық төбе» деп аталатын маңда ауыл үлкендерінің айтуынша мыңдаған адамның мүрдесі жатыр. Осыдан оншақты жыл бұрын дүниеден өткен Бірлік ауылының ақсақалы Елескен Тишубаевтың, осы оқиғаның тірі куәсінің айтып кеткені. Бұл жердегі жерленгендер Арқа өңірінен ауып келгендер көрінеді. Сол күні Бірлік ауылының тұрғындарына «Арқа жақтан аштыққа ұшыраған адамдар келеді, әр үй он адамнан бөліп алсын» деген бұйрық түскен. Ауыл адамдары күні бойы күтеді, алайда ешкім келмеген. Ертеңіне ауыл адамдары алаңдап, ауғындарды алдарынан күтіп алу үшін жолға өздері шығады.

Шамамен жеті шақырым жердегі сайда жүздеген өліктің үстінен шығады. Олар ауылға жете алмай, түгел аштан кырылған екен. Енді оларды көму керек. Ауыл адамдары өліктерді тексере бастағанда колхоз бастығы ауру тарайтынын айтып қолмен ұстауға рұқсат бермеген. Амал жоқ, сыммен белдерінен байлап, сайдың төменгі жағынан арнайы қазылған арыққа апарып көміп, Құран бағыштаған..» **Гүлмира Аймағанбет** «Астана ақшамы», 31 05 2012

«...Менің Түркістаннан алған әсерім: Бұл елді аштық жайлаған. Қай жағынан қарасаң да ашаршылықтың белгісі көзге ұрады. Орта Азия тһіірегіннің бойында, Түрксіб бойында, станцияларда, ірі және шағын қалаларда - қай жерге барсаңыз да алдыңыздан аш адамдар шығады. Ашаршылыққа душар болғандар Түркістанның жергілікті халықтары. Елдің әр түкпірінде – Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда және Түркіменстанда ашаршылықтың себебі туралы жергілікті тұрғындардан сұраулар қойып, жауап алдым. Үкімет пен партия қызметкерлерінен ашаршылық себебін сұрасаң қашқалақтап, өтірік жауап қайырады. Олар: «Түркістанда ашаршылық ауық-ауық болып тұрады. Төнкерістен бұрын да болған» - дейді. Бірақ үкімет пен партияның жауапты орындарында отырмаған қатардағы адамдар ашаршылықтың шын сырын бүркелемей ашық айтуға тырысады».

Мұстафа ШОҚАЙ

ЕКІ КӨЗДЕН

МӨЛТІЛДЕП ЖАС КЕЛЕДІ

«Оспан атамның Жұман есімді інісі бар еді. Сол нәубет кезі әйелі Шәдігүл екеуі аштықтан ісінген үш баласын қалай қылам деп қиналып отырғанда баспанасына аяғында әзер тұрған, құр сүлдері қалған кемпір кіреді. Ол барлық туысынан айрылып, қызын паналап келіп отырған Шәдігүлдің шешесі еді. Бірақ, олар кейуанаға дәм ұсына алмады. Өйткені талшық етер түк жоқ еді. Жылаған балаларын әзер ұйқыға жатқызған үлкендер де тыныстауға кетеді. Танертең тұрғанда олар кемпірді таба алмайды. Шәдігүл жетпісінші жылдардың соңында қайтыс болды, бірақ өмірінің соңына дейін шешесінің қайда кеткенін біле алмай-ақ көз жұмды».

Сыр бойы, 2007 12 05

Әлжаппар Әбішев, жазушы.

«... Менің әкемнің аты Әбіш, оның әкесі Жұматай, ал оның әкесі Жолдыбай. Сол Жолдыбайдың ұрпағынан 1931 жылы 94 жан едік, 1933 жылы жеті-ақ адам қалдық. Мен ертерек Қарағандыға қоныс аудардым. Бір жамандық боларын сездім. Қарқаралыдан шешемді, әйелімді, інілерімді алдырдым. Бесеуміз сонда, тағы екі адам мен туған ауылда әзер тірі қалды.

- Қарағандыда тұрған кезімізде қасымызда барақ болатын. Онда тұратындардың ішінде менімен бір ауысымда істейтін жұмысшы үш жігіт болды. Сол жылғы болған қыстағы 40 градусты аязды күндердің бірінде сол жігіттер түнгі ауысымға шықпай қалды. Десятнігіміз Харон деген неміс еді. Танертең жұмыстан үйге қайтып келе жатып жанағы жігіттердің қосына соғып кетейік деп бұрылды. Екі күн бойы ұйытқып соққан боран, қостың алдын қарға батырыпты. Қарды етігімізбен тазалап үйге кірдік. Сөнген ошақтың қасында өлген әйел жатыр, 6-7 айлық нәрестенің аузы әйелдің емшегінде, емшекті сорады, бірақ ештеңе шықпайды. Баланың шырылдаған дауысы құлақты жарады. Харон бірден түсіне қойды, әйелдің көзін жұмып, баланы тонға орап үйден тез шығып кетті..»

Әуелбек Қоңыратбаев, профессор

«.. 1932 жылғы аштықта Кенес (1932), Гүлзада (1934) атты екі бірдей баламды, 1933 жылы Қалкеш деген әжемізді қайта оралмас сапарға аттандырып, өзімнің безгек ауруым шығып әбігерге түсіп жүрген кезім. Жолдасым да оналмас індетке шалдығып, жағдайы күн санап нашарлай берді. Осындай кезде алдындағы ағасы, артындағы інісі ұсталып жатқан адамда не күй болушы еді. Бірде НКВД-а бардым да «ұстайтын болсаңдар мен келдім» дегенді айттым. Сөйтсем, соңғы жасалған тізімге мені қосқандары рас екен. Бірақ бір тұста сызылып қалсам керек. Сөйтіп мен аман қалдым, бірақ тез арада Алматыдан кетуім керек болды..»

(Керуен, Ә. Қоңыратбаев, Алматы, Жалын, 1989, 166 бет)

Еңбібай Әбдібаев

«...1931 жылы Қазалыда қатты аштық болды. Біздің екі түйеміз бар еді. Қызылқұмнан келе жатырмыз, соңымызда ел ілесіп келеді. Қолдарында бір-бір дорбалары бар. Жол бойында адамдардың өлі денелері жатыр. Қарақалпақстанға жеткенде Қызылорда мен Ақтөбеден келе жатқан қазақтардың көбі өлді.

Базарда дақыл сататын. Аш қазақ жүгіріп келіп аузына бір уысын құя салады, ол сорлыны таяқпен де ұрады, теуіп те жатады...

Мен бірде-бір өзбектің, қарақалпақтың, түрікменнің аштан өлгенін көрген жоқпын. Неге? Себебі қазақтың бар малын тартып алды. Оның бәрін сөзбен жеткізу мүмкін емес».

Ұлты өзбек Ақсақ кожа деген ақсақал былай деп еске алды: «Қазақтар сол кезде ауыл болып қырылып жатты. Біз, өзбектер, дихан болғандықтан үйімізден дәніміз үзілмейтін. Шекараға қазақтар келіп дүние-мүлкін, әшекей-бұйымын алақанымызға салып, «баламды аман алып қалшы» деп жалынып жалбарынатын. Кейінірек, баланың атын айтып, қай рудан екенін де жеткізетін. «Жақсы, өзіне аманат, мен елге кеттім» дейді сосын, бірақ, сәл уақыттан кейін-ақ үзіліп жүре беретін».

Е.В.Шумейко

«Біз топырақ құрамын зерттеп жүргенбіз. Жертөлемізде азық-түлігіміз қалады. Сонда деймін-ау, аш қазақтар соның біріне де қол салмайтын».

Ералы Оспанұлы

«Әкем Асылхан аштық болардың алдында қызыл әскер келіп, табын-табын малды қарумен қырып салғанын, оның себебін сұрағанда «ауру шықты» деп алдарқатқанын айтады» **«World diskaveri Kazakhstan» журналынан тәржімалаған А. Тұңғышбаева «Сыр бойы» 2007, 12.05.**

С. Әбдіқадыров, Шиелі ауданының қазіргі Ә. Тәжібаев ауылының тұрғыны

«Бір белсенді өзінің туған ағасы қырманда бір уыс бидайды қалтасына салып жатқанын байқап қалып, ат құйрығына байлап сүйретіп жазалаған екен. Содан ағасы басқа жаққа көшіп кетіп, өле-өлгенше бір-бірін көрмей, балалары араласпай жат болып кетіпті».

ТОЛҚЫН ӨЗЕН (Естеліктен үзінді)

«..Біз анам Ақгүл екеуіміз ғана тұратынбыз. Әкем қайтыс болған, бірақ не себептен қайтыс болғанын білмейтінмін. Анам Ақгүл Бәйтба деген кісімен тұрмыс құрды. Сол кезден бастап мен Бәйтбайтегі, әкем Өтегенұлы Шайман болып атандым.

...Бір күні көрші келіншек жүгіріп келіп, анамнан жалынып, кішкене ірімшік сұрап алып кетті. Анам әншейінде қаттылау болса

да, келіншектің «Кішкене қызыма берем, ашпыз, женеше! Перзентімді аяй гөр, байым өкіметке қарсы шықты делініп сотталып кетті» деп жалынғанына шыдай алмаса керек. Сол келіншекпен болған оқиға әлі күнге дейін сол кездегідей менің көз алдымда...

Ертесіне анам күндегідей базарға кетті. Мен көрші қыздың жылаған дауысынан ояндым. Көршімен біздің арамдықта дуал бар еді, ортасында кішкене тесік бар. Сол тесікке жүгіріп барып өмірімде көрмеген жәйттан шошынғаннан қимылсыз тұрып қалдым. Келіншектің аштан өлгенін, жоқ, өзінің иті өлтіргенін білмедім, өзі аш болғандықтан итін әлдеқашан қуып жіберген сол иті қайтып жабайыланып келген болар, бәлкім. Әйтеуір, қимылсыз қанға боялып жерде жатқан келіншекті ит тістелеп, қарнын сыртқа шығарып жеп жатты. Бір уақытта көшедегі аш, жабайыланып құтырған қанның исін сезген иттер де жетіп келіп, келіншекті талай бастады. Иттердің үрген даусынан өз өзіме келдім, үйге қаша берер кезде есіме келіншектің қызы түсті. Көзіммен тесіктен қызды іздей бастадым, ол қорыққанынан кішкене ошақтың ішіне кіріп кетіпті. Иттер өз алдына келіншекті талап, арпалысып жатқанда, мен тесіктен ақырын көрші бетке өтіп, қызға әрең жеттім. Қызды зорға дегенде ошақтан шығарып, тезірек тесіктен өткізіп, өзім артынша өте бергенде бір ит аяғымнан шап беріп тістеп алды. Тартып таламақшы болған кезде, қолыма түскен бір ауыр затпен ұрып, әрең дегенде тесіктен өтіп кеттім. Қалған иттер де маған ұмтылды, оларды да ұра бастадым. Тесік бір ит сиятын кішкентай болғандықтан маған ұру оңай болды. Иттер қашып кеткен соң мен ол тесікті бітеп тастадым. ...1931 жылы мен 12 жасқа толдым...» **Айгүл Бәйтбаева «Жалын» № 4-10 2012 жыл.**

- Шымыр ауылының тұрғыны Қапиза апаидың айтуы бойынша 1931-1932 жылдары ашаршылық болғанда халықтың жеуге тамақтары болмай, олар бірін-бірі жеген.

«— Мен ол кезде 7 жасар бала едім. Әкеміз қайтыс болған соң шешем мені және 2-3 жасар сіңілімді алып, тауды асып Қарабөгеттегі өзінің төркіндеріне баруды ұйғарады. Жолда жейтін тамақ жоқ, бар-жоғы бір уыс бидайымыз бар, соны қорек еттік, бір-бірлеп жейміз. Одан қалса, даладағы ағаштың бұтағын сындырып соны соратынбыз, сүйек-саяқтарды теріп, қайнатып сорпасын ішетінбіз. Сорпа деген аты ғана, әйтеуір өлместің қамы ғой. Бір күні кеш батып қалғанда бір ауылға жақындап қалғанбыз.

Шешем не де болса осы ауылға барып қонайық деді. Бір кезде қасымызға 2-3 адам келіп «біз сендерге тамақ, жұмыс береміз» деп үйлеріне алып келді. Түнге таман әлгі адамдар сіңілімді өздеріне тартып, ермек қылып ойнай бастады. Содан олар далаға шығып кеткенде, шешем үйді аралап, алашаның астын ашып көрді де, сіңілімді етегіне салып, мені қолымнан жетелеп қаша жөнелді. Әлгі адамдар бізді қуалап еді, жасырынып оларға таптырмадық. Әрең дегенде шешемнің бауырларының үйіне аман-есен жеттік. Кейіннен шешемнен әлгі алашаның астында не бар екенін сұрадық, ол оның астында адамдардың бастары, сүйектері жатыр екен деп жауап қатты. Осылайша ашаршылық кезінде бізді жеп қоя жаздаған» - деп аяқтады әңгімесін Қапиза апай. *Жазып алған Барлықбаева Маржан.*

- Бір күні Асхат ағай курстас құрбым Әйгерім екеумізді ашаршылық күәсі болған өзінің енесінің үйіне алып барды. Әжейдің аты — Юсупова Сәрби, 1928 жылы туылған екен. Ол кісі талай-талай әңгіме айтты, барлығын да жазып алдым. Алайда менің есімде әжейдің келіні Гүләйла апайдың келтірген жан түршіктірер оқиғасы ерекше қалыпты.

- Маған бұл әңгімені 1979 не 1980 жылдары, әйтеуір 7 сыныпта оқып жүрген кезімде, Көксу ауданы, Талапты ауылында тұратын атам Лаубаев Қамсы айтып беріп еді. Қамсы ата кезінде Куйбышев колхозында тұрған екен. Жігіт шағы, шамасы 24-25 жастарда. Бір күні атам қасына досын ертіп көрші үйге барады. Есікті ашып, үй иесінің екі жасар ұл баласын шелекке салып астына от жағып, пісіріп жатқан жерінен түседі. «Жаңағының екі көзі қызарып, денесі қалш-қалш етеді» - деп есіне алып еді атам.

- Есік ашылған дыбысқа жалт етіп бізге аш көзімен қарағаны әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Әлгінің әйелі де із-түзсіз жоғалып кеткен екен. Көршілері мұны кейін біліп іздестірген. Алайда табылмады.

Мен: - Ата, есімін айтыңызшы сол адамның, мен Куйбышевке барғанда тауып алам, үйіне барам, көрем оны» деп біраз жалындым. Бірақ, жетпіске тақап қалған қария: - Оны қайтесің, ол сол кезде менен 7-8 жас үлкендеу жігіт еді, қазір тірі. Бүгінде ол өз отбасын қайтадан құрған, әйелі, бала-шағасы бар — деп жауап қатып еді. *Жазып алған Жұлдыз Нұрлан*

Мұстапаева Айгүлдің әңгімесінен

« - Мен Қаратал ауданы, Жасталап ауылында тұратын Жұмаш атайға жолықтым. Ашаршылық туралы айтып беруді сұрағанымда ол кісі төмендегідей әңгіме айтты.

«Атамыздың жанын, өз көзімен көрген, өзі куә болған келесі оқиға түршіктіріпті. Сол жылдары Бекболат есімді жігіт әкешесі қайтыс болған соң әпкесі Гүлшатпен бірге тұрыпты. Екеуі де ашаршылықтан азып-тозып, тіпті жүрегіне әл-дәрмені қалмапты. Бір күні көздері кіртініп, үйінде бүрісіп жатқан інісі әпкесіне:

- Әпке, сен даладан мысық немесе картоп қалдығын тауып алып кел! Егер тауып әкеле алмасаң, мен сенің өзінді жеймін! — депті. Сонда әпкесі әлсіреп жатқан інісіне жаны ашиды да кең даланы бойлай жөнеледі. Өзі де жүдеп, аштықтан әбден әлсіреген, аяғын әрең басады. Өкінішке орай ол даладан да, ауылдан да ешқандай ауқат таппайды. Жаны қинала інісіне қайтып оралады. Інісіне мойнын ұсынып:

- Жаным, Бекболат, жан інім, мен ештеме таба алмадым. Кешір мені. Міне, мені жесең. Сен үшін жан пида — деп көзінен мөлт-мөлт жас ағып інісіне мойнын ұсынып, өлімге өзінің басын тігіпті. Әлсіресе де інісі алдына бағлан қозы келгендей аш қасқырдай әпкесін сол жерде бас салып бауыздапты. Осыны көзімен көрген Жұмаш атамыз, ол кезде жігіт болып қалған шағы, есінен танып құлапты. Қанша жатқаны белгісіз, біраздан кейін есін жинап алып, алды-артына қарамастан қаша жөнеледі бұл үйден.

- Осы оқиғаны шын мәнінде болған десем де, елдің көбісі бұған сенбейді. Бірақ та, оның болғаны рас. Мың өліп, мың тірілген қазағым осындай жан төзгісіз күндерді де басынан өткерген. Осындай оқиғаны еске алудың өзі де қиынға түседі екен. Ешқашан мұндай ауыр күндер қайталанбасын, халқымның аспаны ашық, күндері жарқын болсын — деп қария аяқтады әңгімесін.

МЕН ТОЗАҚТЫ КӨРДІМ...

Ыбырахым Смағұлұлы:

— 32 жылы әкем және інісі бар, Қарағандыға ат арбамен жолға шықтық. Жолай әкем ауырды. Тамақ жетіспейді. Ол қалжырады. Атты соямыз деп едік, айдалада жаяу қалып аштан өлесіндер деп

болмады. Бір ауылға келдік. Әкем молда іздендер деді. Оны қайте-сіз дегенімде, намазымды шығартамын деді. Сонымен әкем ауылдағы молдаға тіршілігінде намазын шығартты. Міне, осындай да сұмдықты көрдік. О заманда бұ заман, тірі адамның намазын алдын ала шығарғанды кім көрген? Әкем кешінде жолда келе жатып қайтыс болды.

Садыш Досмағанбетов:

– Көктіңкөлде Жәкен көнінде мал жаятын орталық болды. Не керек, әлгі малды сойдырды. Көлік болмай, ет сасыды. Сасыған тонна-тонна етті белсенділердің өртегенін өз көзіммен көрдім. Ел мазасыз қалды да, оған сүзек араласты, шешек араласты. Халыққа күйзеушілік келді. Түн баласында есігімізге кісен салып қоямыз. Танертең тұрсақ, төрт-бес адам өліп жатады. Мен онда 12 жастамын. Ылғи балалар, өлген адамды тамның манайына жеткіземіз. Айта берсе сұмдық. Ол жылдары ат орнына адам жегілетін арбаға. Соны да көрдік. Өлген адамда есеп жоқ. Үштің екісі қырылды десем, артық болмас.

Салиха Жаппарқызы:

– 1925 жылы наурызда туғанмын. Әкемнің аты – Жаппар. Шешем асханада істепті. Екі қыз екенбіз. Әкем қыстың ішінде үш-ақ күн ауырып өлді. Содан кейін тамағымызды ашыққандар тартып алды. Үлкен апам сегіз жасында екі-ақ күн ауырып өлді. Әкем семіз кісі екен. Үш күннен кейін кабірден суырып алып жеп қойыпты. Сонан мені аркалап шешем байғұс Жанаарқаға барады. Балалар үйінде тұрып жаттым... Мені детдомдағы ересек апам Зәуре бауырына басып жатушы еді. Неге десеніз, киіз үйдің іргесінен балаларды суырып әкетіп жеп қояды екен...

Диканбек Айтсайұлы:

– Тамаққа татырлық түк қалмады. Пісімшілікке әлі біраз уақыт бар, негізгі қорегіміз тоғай ішіндегі құстардың жұмыртқа жарған балапандарын жеу болды. Көктемгі қар ерісімен аңыздан теретін кара масақ талқанын жеуден қарындасым Айжарқын, інім Иманары шетінеп кетті.

Аманбек Байдалыұлы:

– Ол жылдары мен мұғалім едім, балаларға араб төте жазуынан дәріс бердім. Бір жолы үлкен жауыздықтың куәсі болдым.

Босқындардың ішінде бір пысықтау келген жігіт қойдың қарнына адамның майын құйып алыпты. Кәдімгі өлген адамдардың қарнын ақтарып жіберіп, іш майын шығарып, қарынға құйып алған. Ол қойдың іш майындай тонбайды, сұйық күйінде тұрады, әрі десе ашыққан адамға үлкен қуат беретін болса керек. Өлген адамның еті жарамсыз, бұзылып кетеді. Жарамдысы осы – іш майы. Байқамаған адам аштық әбден шыңына жеткен адамды алғаш көргенде бағуы келіскен семіз адам екен деп қабылдайды. Алайда, бұл – дененің барт болып, кілкілдеп, ісініп кетті.

Рысқұлбек Ауғанбайұлы:

– Тікелей аштықтан біздің ауылдағы Сиқым руының Асан деген атасынан 70 үйден 1933 жылдың аяғында 8-ақ түтін қалды. Жуалы ауданындағы Алексеевка, Некрасовка, Кантемировка, Успенровка, Благовешенка, Казенка, Петровка, Зыковка, Евгеньевка, тағы басқа толып жатқан орыс елді мекендері айналасының бәрі аштық пен жоқтықты енгізе қоймаған. Бүкіл аудан, облыс, республика көлеміндегі тілі сумаңдаған ажал қазақ ауылдарының ортасында отырған орыс ағайындарының қылын да қисайта алмаған.

Момынкүл Пірәліұлы:

– Жуалы қысы өте қатты. Боран 3-4 тәулікке созылатын. Бір жазған өзінің астығын белсенділерден қорқып даладағы шарбаққа көміпті. 1932 жылы 6 тәулік сокқан боранда ол өзінің тыққан ұрасын таба алмай, үй-ішімен қырылып қалды. «Қала мен дала» басылымы 2015



АЗАЛЫ ЖЫЛДАР ЕСТЕЛІГІ



Әлікей Марғұлан

1932 жылы елдегі ашаршылықты естіп, жолға шықтым (Онда Ленинградта оқып жүрген кезім). Фрунзеге келгенде жүрегім сыздап сала берді. Босқындар (қазақтар) көшеде жүргізбейді. Көбісі — Солтүстік аймақтан. Шыдай алмай, Қырғызстан атқару комитетінің председателіне келдім. Қолымнан келген көмегім сол ғана. Содан Алматыға бет алдым. Голощекинге кіру қауіпті. Елдің өз астығын өзіне қимау не сұмдық. Елге жетсем, ауылдың орнынан басқа ештеңесі қалмапты. Шешем Қарағандыға бара жатып жлда өліпті. Арғы атамыздан қалған араб, монғол, түркі тілінде жазылған, кейі өзгiз терісіне басылған жазбалар бар еді. Оның баршасы жоғалыпты.

(Ә. Марғұланның естелігінен)



Жұмат Шанин

«Пәтима, не нан, не бір кесе үн беріп жібер. Кешеден бері мәніміз болмай отыр.

Жұмат».

Әйгілі режиссер Жұмат Шанин 1933 жылы жазғытұры ақын Лияс Жансүгіровтың әйелі Фатима Ғабитоваға осындай өтініш жолдаған екен.

(«Нәубет» жинағынан. 1988 ж.)



Голощекин геноциді кезінде қазақ сахарасының 40 миллион малы өсіп-көбеюдің орнына бірінші бесжылдықтың екпінді құрлыстарына: Донбасқа, Кузбасқа, Магнитогорскіге, Днепрогэске, Қарағандыға ет болып тоғытылды. Сөйтіп малмен бірге қазақ халқының өзі де

бірінші бесжылдықтың құрбандығына шалынды... Егін екпейтін елге астық салығы салынды... Семей, Кереку қалаларында қойма-қойма, вагон-вагон етті шіріткен, бірақ ашыққандарға бермеген... Ұлытау маңында бір үйір жылқыны сайға қамап, пулеметпен атқылап, қырып салған...

(Қ.Аманжолов. «Мешін жылғы қасірет». «Ақиқат». № 7. 1992 ж.)

Қызылордалық Наурызбай Сармановтың әкесінен қалған естелігінен

- Әкем Бекқожа Сарманұлы 1931 жылғы ашаршылық басталғанда ағасы Нұрымбеттің отбасымен ілесіп бірнеше ағайынға еріп, Тәжікстанның Сталинабад (қазіргі Душанбе) шахарына барып бас паналапты. Өтеген және Әшірбай деген ағалары Сыр бойында қалыпты. Аштықтан аман қалғанынан не пайда, 1933 жылы ол жерде оба ауруы жайлап өзінің отбасы мүшелері және ағасы Нұрымбеттің балалары түгел қырылып қалады. Әйелі, ағасы, өзінің және Нұрымбеттің балалары, барлығы 9 адамнан екі күнде айрылып жеңгесімен екеуі ғана қалыпты. 1933 жылы жеңгесі екеуі елге оралады. Жеңгесін Өтеген ағасына қосып (оның да балашағасы қырылып қалған екен), өзі қайтадан үйленеді. Біз содан қалған ұрпақпыз. Өтеген ағамыздан Нұрмағанбет деген бала туып, одан үш ұл, үш қыз тарап өсіп өнді. Әкем өле-өлгенше сақалын жас жуып «әйелімнің, бауырларым мен балаларымның сүйектерінің жат жерде, қайда көмілгенін білмей кетіп барамын» деп үнсіз жылап отырғанын талай көрдім.

Тасболат Іңкәрбаевтың «Көзім көрген сұмдықтар» атты естелігінен:

«Нағыз ашаршылық жылдары біздің үйіміз Жамбыл облысы Қордай ауданы, қазіргі орталығы Георгиевка селосында тұрды. Ол кезде Георгиевка шағын орыс селосы, небары үш көше екен. Осы селода казактар аз тұрған. Бұл село ашаршылықты ешқандай көрген жоқ. Ашаршылық басталып, аш-жалаңаш казактар шұбыра бастады. Орыстар оларға жұмыс, үй беріп, пана беру былай тұрсын, үйлеріне жақындаса ұрып-соғып қуатын.

Базарда орыс әйелдері түрлі тағамдар сатып тұрады. Аштар жақындап сатып алатындай болып күлшеден ала қашады. Әлгі орыс әйелдер қолындағы бір-бір кеспелтек таяқшалармен қуып жетіп, ұрып соғады. Әлгі аш адам нанды аузына тығып, комағай-

лана жеп әлек. Кейбірі ұрған жерде құлайды, сол жерде өліп те қалады. Көше бойында, арық ішінде, бір тасада өліп жатқан казактар көп кездесетін».

Аталмыш естеліктегі деректер бойынша, сонау қазақ аштан қырылып жатқан кезде Қазалының шағын ашық базары жұмыс істеп тұрған. Ондағы сауда жасап тұрғандардың барлығы өзбектер, орыстар, татарлар. Көне көз қариялардың сол бір зұлмат жылдар жайлы естеліктерінде халықтан тартып алынған азық-түлік, ет пен астық қоймаларда шіріп жатса, ал оған жете алмаған адамдардың денелері қоймалардың сыртында жатқандығы туралы да айтылады. Осының бәрі елу жылдай жасырын сақталып келді, 1932 жылғы аштық зардаптарының деректері де көз көрмес, құлақ естімес жерлерде жасырылды немесе жалған деректер халыққа ұсынылды.

Кенжалиева Бағила Оңғарбекқызы, тарих мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациядан.

1932 жылы Қазақстан Халық Комиссариатында жауапты қызмет атқарып, сол аштықтан қаза болғандарды анықтап жерлеген комиссияның құрамында болған, шындықты айтамын деп 23 жыл қуғын-сүргінде, оның 18 жылын түрмеде өткізген ақсақал Омар Қаймолдиннің естелігінен:

«1932 жылы қазақ аштан қырылды ғой. Соны естігеннен кейін Сталин төтенше комиссия құрып, оның бастығы етіп Жоғарғы Кеңестің жауапты хатшысы Асылбековты тағайындаған болатын. Сонда мен сол комиссияның мүшесі болғам. Өндірей жастар біздерді өлген адамдарды жерлеуге жіберген еді. Сондағы біздің көргеніміз даланың бәрі өлік, қырылып жатқан адамдар. Соларды жинап көмдік. Сендер 2 миллион адамнан айрылдық дейсіңдер — ол өтірік. 18 миллион халық қырылған болатын, сол ашаршылық жылдары. Сонда 20 миллион халықтан қалғаны 2-ак миллион адам. Қазақтар ғана емес, ресейліктер де, украиндар да аштыққа ұшырап қырылып жатты. Бір жыл бойы солардың өліктерін жинап жүрдік. Қанша бала жастай кетті. Нан жоқ, елде аштық. Ақыл-ойы жетілген, дарынды балалардан айрылдық. Мың жарым баланы аман алып қалуға менің шамам жетті. Солардың бірі академик Кәкібаев, қазір осында Алматыда». **«Заң» газеті, 15 ақпан 2006 жыл, № 26 (832)**

- Менің әкемнің әкесі Құрманбай Гурьев облысының Қызылқоға елді мекенінің Қара көл, Саркөл деген елді мекендердің

маңында көшіп – қонып жүріпті. Совет үкіметі келгеннен кейінгі қысымға шыдамай қашып Арал теңізінің маңына барған жерінен қызыл әскерлер артынан қуып барып кері қайырса керек. Қайтадан көшіріп әкелген соң Каспий теңізінің арқа батысына келіп «Шортанбай» деген елді мекеніне келіп ауруханада кемпірі екеуі аштан өлді дегенді 1976 жылы сонда тұратын немере ағам Қайыр-болаттың жерлеу рәсіміне барғанымда жергілікті молла кәриядан естідім.

- Әкем сол 1924 жылдары 12 жасар болса керек. Науша апамыз айтып кеткен еді, өзен толы балық болса да аулайтын құрал болмаған. Ал екінші естігенім, Қырда отырған қазақтардың мал мүлкін тартып алып өздерін дымсыз қалдырған соң олар Гурьев қаласынан 60 километр жердегі «Жаманқала» (Орыстар «Яманка» деп атап кеткен) деген жерге келіп ашы балықты жеп іштері кеуіп көптеп өлгені туралы сол «Яманқала» тұратын орыстардан да, қазақтардан да естігенім бар. Сол Жаманқаланың кәзіргі аты «Махамбет», Иманғали Тасмағанбетовтың туған ауылы **Ғатауғали Бохан**

...Қазақ халқы ашаршылықтан орны толмас апатқа ұшырады. Сол зұлматты көрген анамның айтқан бір естелігін келтіре кетейін. "Бір мылтықтың аузына қырық адам сыяды" деген мақал жөнінде пікір таластырып отырғанда, анам; "Ашаршылық кезінде осы мақалдың шындығын өз көзіммен көрдім. Сұлутөбеде тұратынбыз. Қызыл әскерлер келіп, үйлерді тінтіп, барлық бидай, тарыны жинап алып кететін. Жиналған астықты стансының қасына үйіп қойып, Ресей жаққа жөнелту үшін вагондарды күтіп тұратын. Оны қорғаушылар көп емес, ары кеткенде екі-үш қызыл әскер болатын. Ал аш қазақтар сол тау болып жиналған астыққа жан-жақтан анталай қарап, топ топ болып отыратын. Кейбіреулері сол қарап отырған жерлерінде қисая түсіп, өліп те қалатын" (Дос Көшім)

Ағам Асхаттың әкеміздің ашаршылық жайлы айтқан ащы әңгімесі туралы жазғанынан

- Менің әкем – Қамза Әлімұлы, 1923 жылы қазіргі Қарасай ауданы Еңбекші ауылында дүниеге келген. «Біз бір әке, бір шешеден 13 бала туған едік, солардан үлкен әпкем екеуміз ғана тірі қалдық» деп күнірең әңгімесін шертуші еді қайран әкем. «1932 жылдың суық күзінде бас сауғалап, жаяулатып Шамалған стансасына жеттік. Бір орыс машинистке алтын-күміс беріп, жүк пойызына

отырдық. Бағытымыз – Қырғызстан, ол жерді шаршылық жайламапты дегенді естігенбіз, мақсатымыз сонда жету. Қанша жүргеніміз есімде жоқ, пойыз бізді Токмақ қаласына әкеліп тастады. Стансаға түссек, ана жер, мына жерде сіресіп өліп жатқан қазақтар. Қала халқының дені өзбектер екен, олар ашаршылыққа ұшырамаған тәрізді: әр жерде шайханада сораптап шай ішіп отырғанын көрдік. Ал шайхана табалдырығында қатып қалған қазақтардың өлі денелерін киген киімдерінен танисын. Бұл жерде де қазақ үшін жан сақтаудың онай еместігіне көзіміз жеткендей болдық. Әрі оңтүстікке қарай қашуға қауқарымыз қалмаған. Не де болса осында тұрақтауды жөн көрдік. Қаланың шетіндегі бір сайда аузы-мұрны жоқ біреулер тастап кеткен там бар екен, есік-терезесінің орнына текемет пен алаша жауып, соны паналадық. Екі үлкен ағаларым 17 жасар Мұғали мен 15 жасар Аббас (үйде Қабас дейтінбіз) сайдан қамыс орып, базарға отын ғып сатады. Содан тапқан азын-аулақ тиын-тебенге нан алып жейміз. Шешем елден алып шыққан алтын мен күмісті нанға айырбастайды. Кейін ол да таусылды. Бәріміз де ашпыз. Әкемнің інісі Кәртеңбай кезінде қайтыс болып, оның төрт әйелі де бізбен бірге болатын (кіші әкемнің баласы жоқ тұғын, сондықтан да әйелді ала берген екен), алдымен сол төрт жеңгем қайтыс болды.

Әкем кезінде Бұқара мен Самарқанд жақта медресе бітіріп, ауылда молда болып, балалардың сауатын ашып, оқытқан кісі еді. Ауылдағы елді отырықшылыққа үйрететін: үй салып, тауық-қаз ұстататын, бақ салдыратын. Еңбекшінің күнбатыс жағында «Әлімнің бағы» деген жер әлі күнге шейін бар. Әкем сол кезде 58 жаста еді. Әбден қажыған, әлсіреген, қозғалуға да қауқары жоқ, күні бойы есікте отыратын, ауыл жаққа көз тігіп. Менің жасым тоғызда, күн ұзақ жеті жасар Күлсім қарындасыммен ойнаймын, ойнағанда да көбінесе отырып немесе көрпе астынан басымызды қылтитып қана, асыр салып, жүгіріп ойнау деген жоқ. Көктем шыға бізге де хабар келді «Қазақстанға жаңа бастық жіберілді, аты Мырзажан дейді, казак онала бастапты» деп. Осыдан кейін екі ағам да қозғалыңқырай бастады «Елге қайтайық» деп. Әкемнің «Мен елге жете алмаймын, осында әл шақырып алайық» дегеніне қарамай, ақпан айының орта шенінде «қайдасын Қазақстан, қайдасын туған жер!» деп жаяулатып жолға шықтық.

Шу өзенінің бойында әкем қайтыс болды. Оны өзеннің бойына көмдік. Кейінірек Аббас ағам да көз жұмды. Оны көмуге мұрша жоқ, денесін ескі бір дуалдың іргесіне қойып, дуалды шай-

кап-шайкап мәйітіне құлаттық – ит-құсқа жем болмасын дегеніміз ғой. Арып-ашып қырғыздың Қарабұлағы деген жерге де келдік-ау! Алатаудың ар жағы Қастек – қазақ жері, одан ауыл да алыс емес. Тек биік асудан өту керек. Анадай жерде қырғыздың киіз үйі тігіліпті, алдында он шақты кой жайылып жүр. Шешем Мұғали ағама «Менің әрі қарай жүре алмайтын түрім бар. Күлсім екеуіміз осында қалайық, сен Қамза екеуің асудан өтіп, елге жетіндер. Содан соң туған-туысты жиып, көлік алып, мені алып кетерсіңдер. Мен бір-екі күн мына қырғыздарға барып паналайын, мұсылман болса, қуып жібермейтін шығар» деді. Шешемнің сөзін жөн көрдік те ағам екеуіміз жүріп кеттік.

Карлатып, борандатып асудан да өттік екі иінімізден өрен дем алып. Төмен түссек, елдің бәрі де қолдарына шелек ұстап, жотада жүр. Күні бойғы кәсіптері - сарышұнақтың ініне су құйып, тышқан аулау. «Қазақ онада бастапты» деген әңгіме бекер болып шықты. Содан жаяулатып, ауылға келдік. Ауылдың жартысы қырылып қалыпты, аштықтан естері кеткен ел бізді елеп-ескермеді, тіпті жақтырмады да. Қысқасы не керек, ары ұмтылып, бері қарманып, Алматы жаққа тарттық та, ағам Мұғали біраз уақыттан соң Боралдайда салынып жатқан радиостанса құрылысына жұмысқа жалданды. Алайда бірер күннен соң ағама сүзек жабысып, ол да қайтыс болды. Жалғыз қалдым. Қарғалыдағы әпкеме тарттым. Жаяулатып, екі күн дегенде әпкеме де жеттім. Бірақ аш өзегіне түсіп кеткен жездемнің үй-іші мені құшақ жая қарсы алған жоқ.

Бұл жердегі де күйім мәз болмаған соң, екі-үш күннен кейін қайтадан Алматыға жол түзедім. Түнде бір түп бұтаның арасына барып қондым. Түсіме әкем мен ағаларым кірді: бір ордың ар жағында тұр, ордың бер жағы сым темірмен қоршалған екен, маған күле сөйлеп: «Кел, келе ғой!» деп қолдарын бұлғап шақырады. Ұлдың ең кішісі болғандықтан ба, әкем марқұм мені қатты еркелететін, қасынан тастамайтын, соған орай өзім де шолжан болып өстім: әкем мені бір жерге алмай кетсе, ызаланып, долданатынмын, тіпті пісіп тұрған қазанның ішіне сиіп те жіберетінмін. Білемін, әкем бәрібір менің бар қылығымды кешіретінін...

Сол еркелігіме салдым да, әкемнің шақыруына бармай, жалт бұрылып, қаша жөнелдім. Оянып кетсем, түсім екен. Қайтадан жолға шықтым. Ақсайға жете бере жолдың жиегінде асылып тұрған, астына от жағылған қазанның қасында бүкшендеп жүрген

еркек пен әйелді көріп, «Бұлар маған тамақ берер ме екен» деп дәмепіп, соларға қарай жүрдім. Әйел мені көріп, сасып қалды да, сонан соң «Келе ғой бермен, келе ғой, балам!» деп маған қарсы жүрді. Ер кісі де басын көтерді, бет-әлпеті кап-қара екен, көздері де жынданған адамның жанарындай қорқынышты. Ішім бір нәрсені сезгендей, зу етті. Қаша жөнелдім. Жаңа ғана жылы шыраймен жұмсақ сөйлеп тұрған әйел еркегіне өктем дауыспен «Ұста ананы!» деп бұйырды. Екеуі де артымнан тұра жүгірді.

Қашып келемін, олар ентелеп келеді. Екі өкпем өшіп, «енді ұсталдым-ау!» дегенде бір дөңнің басына шығып үлгердім. Қарасам, дөңнің асты жол екен, сол жолда қасында кемпірі мен бала-шағасы бар, сакалы белуарына жеткен бір орыстың шалы ат жеккен арбамен шоқандатып келе жатыр екен. Соларға қарай жүгірдім. Әлгі екеуі орыстарды көре сала, жерге отыра қалып, шөпшек теріп жүргендей кейіп көрсетті. Мен тоқтамай, сайдан бірақ жүгіріп өттім. Орыстар да мүдірместен өз жолымен кетті, жаңағы екі адамжегіш те көрінбей кетті... Бір ажалдан құтылдым, білем, сол жолы... Айтып-айтпай не керек, Алматыда қайыр сұрап, бірнеше тәулік күнелткен соң, мені милиция ұстап алып, Сергиополдегі (қазіргі Аягөз) балалар үйіне өткізіп жіберді. Екі жылдан кейін ғана барлық балалары аштан өліп, өзі ғана тірі қалған Қарғалыдағы Секер әпкем әр жерге хат жазып жүріп, мені тауып алып, қолына алды.

Сөйтіп, ашаршылықта әкемнен, екінші әпкем Ынтық пен оның барлық балаларынан, үлкен ағаларым Мұғали мен Аббастан (ең үлкем ағам Мәди ауыл кенесінің төрағасы еді, 1931 жылы ашаршылық әдеп басталғанда, оны «бидай ұрлады» деп айыптап, ату жазасына кескен болатын) айрылдым. Шешем мен қарындасым Күлсіннің не өлі, не тірі екенін де білмедім...

Осыдан бастап Секер әпкемнің қолында болдым, орта мектептің жеті сыныбын бітірдім. 1942 жылдың күзінде соғысқа шақырылып, кенес-түрік шекарасында бір жыл қызмет жасаған соң, 1943 жылдың қарашасында қылмыс кодексінің 58 бабының 12 тармағына сәйкес «антисоветтік үгіт-насихат жасады» деген жалған айыппен 10 жыл бостандық айрылуға кесілдім. Сол кезде таралған анекдот бар емес пе еді:

- Не үшін отырсың түрмеде?
- Еш жазығым жоқ, кінәсізбін!
- Өтірік! Кінәсіз болсаң, саған он жыл берер еді! Ал сенде он бес жыл!

Воркута мен Хальмер-Ю қалаларының маңындағы лагерлерде шахтыда белшемнен суық суға батып көмір қаздым, қарағай құлаттым. Елге 1951 жылдың қысында ғана қайтып келдім».

Марқұм әкемнің хикаясы осындай. Кейінірек, ес жинап, үйлі-баранды болып, алты бала сүйгеннен кейін, 1968 жылы әкем Қырғызстанға барып қайтқан еді. Ондағы мақсаты қарындасын табу еді: «Шешем баяғыда қайтыс болып кетті ғой, алайда Күлсім қарындасым тірі шығар, соны тауып алайын». Қасына бір жеңгесін алып алды, өйткені «Қарындасым әкеме ұқсаған аққұба еді, менің жалымда әкемнің бейнесі көмескіленіп қалды ғой, қарындасымды таныса, әкемді келін болып түскеннен көрген осы жеңгем танитын шығар» деп. Қырғызстанда әкем бір айдай жүрді, бірақ қарындасын таба алмады: ешкім де естімеген, білмеген болып шықты. Бірақ әкем іздеуін тоқтатпады: хаттар да жазды, ылғи да біреулер арқылы сұрастырып та жүрді. Тіпті «Үмітсіз – шайтан» деді ме, қайдам, дінге берік әкем, бал ашудың күнә екендігін біле тұра, ауылдағы таныс балгерге қарындасы тұрғысында бал аштырып та еді. Балгер: «Қарындасын тірі: тұрмыс құрған, алты баласы бар екен» деп әкемді үміттендіріп қойған да.

Әкем біреулердің «Қырғыз деген қазақ сияқты аңғал емес, олар араларында болғанды ешкімге де тіс жарып айтпайды. Ал бала асырап алғанда, қара қойды сойып, барлық туған-туыс жиылып, қойдың ішек-қарнына қолдарын салып, «Бұл жәйтті енді бір адамға да айтпаймыз!» деп сертеседі екен. Сондықтан да қарындасыңызды бекер іздейсіз: бәрібір таппайсыз!» деген сөздерін де елемеді. Іздеу сала берді... Тек өзінің қайтыс болғанынан бір жыл бұрын (әкем 1995 жылы ақпан айында қайтыс болып еді) басқа бір балгер «қарындасың қайтыс болыпты» деп сәуегейленгеннен кейін ғана, бейсенбі-жұма күндері әруақтарға бағыштап Құран оқығанда, әкем Күлсім қарындасын дұғаларына қоса бастады... Ал тап осындай болмаса да, осы сынды тағдырлар мен оқиғалар әр қазақ жанұясында болып, сол кездегі әр қазақтың басынан өтті деп айтуға тұрарлық емес пе?! Бұл менің әкемнің тағдыры ғана емес – бүкіл халықтың тағдыры...

Мен студенттеріме «Дәл осылайша ашаршылықты бастан кешкендердің қуәларын жазып алыңыздар. Біз бұл деректерді кітап қылып шығарамыз, сол арқылы қазақ тарихының ақтанлақтарын жабуға өз үлесімізді қосамыз, бұған қоса, бүкіл халықтың бейсанасында жатқан дерттен арылуға аз да болса медеу боламыз.

Сөйтіп үлкен азаматтық борышымызды өтейміз» деп үндеу тастап отырмын соңғы үш жыл ішінде.

Талай студенттер бұл іске жауапкершілікпен қарады. Оларға мың да бір рахмет. Біз, міне, осындай ойдан шығарылмаған, бүкпелісіз шындықты ғана келтірген, халық аузынан шыққан шынайы хикаяларды жазып, жарыққа шығарып, осы кезге дейін айтылмай, ұмыт болып тұрған тарихымызды жандандыруымыз, дүние жүзіне жария етуіміз керек. Осылайша қазақ тағдыры бүкіл адамзатты адамгершілік сипаттан ада, адами мақсаттан жұрдай, жан түршігерлік нәтижелерге алып келетін әлеуметтік-саяси тәжірибелерден сақтандырады, қазақтың қасіреті барлық адамдарға үлгі-өнеге болады деп ойлаймын.

Менің жүрегімде ашаршылық құрбандарының күлі, қаны, көз жасы, қасіреті дүрс-дүрс соғып тұр... Мазалай береді... Тыншытпайды... **Асхат ӘЛІМОВ,** филология ғылымының кандидаты

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары біздің отбасы Тереңөзек ауданының «Інкәрдария» кеншарында тұрды. Бірде сол өңірдің байырғы тұрғыны еңбек ардагері Дабысов Жұмабектің: «Ашаршылық кезені менің бозбала шағыммен тұспа тұс келді. Кезінде ауыз толтырып май асаған ауылдастарымызбен бірге, басқа салғасын, тасбаканың етін жеуге мәжбүр болдық. Кейіннен, құрып бара жатқанын сезгендей, олардың өзі Қызылқұмның қиян түкпіріне іздеп барсақ та таптырмай кетті ғой... Қиын күндерді енді ешкімнің басына бермесін», - деп торыға айтқан әңгімесіне куә болғаным бар.

Анам Шәмшия Жүсіпбекқызының (1929-2006жж.) естелігі: «Біздің отбасы 1933 жылға дейін Жалағаш ауданының жерінде тұрды. Үйде 3 қыз бала болдық. Үлкен екеуі (5 және 7 жастағы) ашаршылық салдарынан көз жұмған соң, жылы - жұмсағын менің ауыма тосқан анам Нәзтай Қызылорда қаласына көшті. Теміржол вокзалы маңайында тұрып, зұлматтан аман қалдық». Анамның тағы бір әңгімесі: «1947 жылдың аяғында Қызылорда облысының Тереңөзек ауданы «Жаңа өріс» ауылында (қазіргі Сырдария ауданының «Ақжарма» ауылының жері) тұратын әкең Әбдімен көңіліміз жарасып, отының басына келін болып түстім. Басқа органы тосырмақ, үйренісе алмай жүрген кезімде орта жастағы бір көрші әйел мені өзіне тартып, үнемі ақыл-кеңесін айтып

жүретін. Нәтижесінде екеуміз бір тонның ішкі бауындай жакындаса түстік. Сол тұста ешкімге тіс жармауымды өтініп, басына өткен қасіретті сырды, көз жасын төге отыра, айтып берген еді. Әңгімесінің ұзын-ырғасы:

- Ашаршылық жылдары жаңағы әйел күйеуі және емізулі баласымен Сыр өңірінен Қызылқұм ішіндегі елге қарай босады. Өзбекстанда бұларды күтіп тұрған ешкім болмауы себепті одан әрі арып-ашыққан олар кері қайтуға бел буады. Жол бойы шөп-шаламмен жүрек жалғап, Сырдария өзеніне (қазіргі Шіркейлі жармасының бас жағы болса керек) ылаждап жақындай түседі. Әлі құрып, көзі қарауытқан ері: - әй, ана баланы талғажу етейік, жаратқанның екеумізге берері әлі де бар шығар, тек ел қарасына жетіп алайық - депті нәрестеге қарай қолын созып. Әйел үзді-кесілді бас тартады. Қалбаңдап ұмтыла түскен ерінен жанұшыра қашып, дарияға жеткен жас ана «баланы сен жегенше, балықтар жесін» деп бауыр еті сәбиін суға өз қолымен атыпты. Артына бұрылып қарамаған бейбақ біресе жүгіріп, біресе жүріп, өлдім-талдым дегенде бір ауылға кезігеді. Сол жақтан пана тауып, іле-шала тұрмыс құрыпты. Есімін сен сұрамай-ақ қой, айтпаймын, артында ұрпақтары бар» - деп аяқтаған болатын өз естелігін анам.

Әкемнің әкесі Омар бай - кулак ретінде кенестік биліктің тәркілеуіне түскен. Қолында қалған бір-екі ірі қара, 20 шақты ұсақ мал көп ұзамай-ақ таусылып, отының басы аштық зардабын әбден тартады. Бүкіл ел тағдырындағы сындарлы заманда Омар атамыз шешесінің төркініне сәлем бере барса керек. Саятшы нағашысы кеше ғана ауқатты, ал қазіргі халі әлжуазға айналған жиеніне (Омарға): «Мен саған мал мінгізбеймін, еті тез таусылады. Ит жеті қазынаның бірі. Бала - шағанды асырайтын тазы беремін» деп, ерекше күтімдегі төрт тазысының екеуін байлапты. Неткен сезімтал еді бұрынғылар. Бабаларымыздың үлгі - өнегесі бізге шын мәніндегі рухани азық. Осыны ұғына, түйсіне түссек екен. «Қасиетті иттердің Қызылқұмнан қоян, қарақұйрық аулап бір қора жанды аштықтан құтқарып қалғанын қалай ұмытарсың» деп, әкем Әбдінің (1924 - 1996жж.) үнемі айтып отыратыны есімде.

1916 жылы туған Әбіш деген ішкі істер органдарының бұрынғы қызметкерінің әңгімесін 1970 жылы өз аузынан естідім. Әкемнің досы болған ол кісінің:

- «Он бестегі кезім. Аштықтан шешем, бауырларым көз жұмды. Әбден қалжыраған әкем екеуміз Сыр бойынан Қызылқұм арқылы Өзбекстанға бет алдық. Ашпыз. Бірде түнде алыстан от көрінді көзі-

мізге. Қуаңғанымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Барсақ, көз жанары адам шошырлықтай боп-боз оншақты адам отты айнала ет қақтап жеп отыр екен. Бізді қастарына шақырып, еттен ұсынды. Оның ерекше дәмін әлі күнге ұмытқан жоқпын, мүмкін ашқұрсақ кезде жегендіктен болар. Бірнәрседен секем алған әкем қатардан дереу шығып кетті. Қайтып келіп құлағыма сыбырлап: «Мыналар адамның етіне дәнiккендер. Әрiректе боршаланған адам денесiнiң мүшелерi жатыр. Ендiгi кезек бiздiкi. Тез кетейiк!» - дедi. Дәм-тұзымыз таусылмаған екен, байқатпай сытылып шығып Өзбекстанға жеттік. Сонда 2-3 жыл тұрып, жағдайымыз түзеле бастаған кезде елге қайттық», - деген естелік - баяны, бала кезімде естісем де, әлі сол күйінде құлағымда жаңғырып тұр.

Өз тарихын жетік білмейтін, одан сабақ алғысы келмейтін қай мемлекеттің де келешегі күнгірт. Демек, елімізде қолға алынып отырған төл тарихымызды түгендеу, ескірген тұжырымдарды жанаша пайымдау сынды игілікті іске белсене атсалысу әрбірімізге ортақ мүдде болмақ.

Қали ОМАРОВ,

ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының мүшесі.

Ордалы Қоңыратбаев, тарих ғылымдарының кандидаты

..Мен ашаршылық туралы әңгімелерді апамнан естіп өстім, ал әкем бізбен саясат туралы көп сөйлеспейтін. Апам 1900-1993 жылдары өмір сүрді, яғни жоғарыда сөз болған барлық ашаршылықты өз көзімен көрген кісі еді. Ашаршылық туралы әңгіме болса, апамның есіне 1918 жылғы ашаршылық алдымен еске түсетін. Жұттың күшті болғаны соншалық, ел қыстаудағы үйлердің шатырын ашып, малға қамысын берген еді дейтін. Кейін мұрағаттарда жұмыс істеп жүріп апамның сөзінің дұрыстығына көзім жетті. 1918 жылы Машат болысының 40 пайыз халқы қырылыпты. Арғы аталарым Қаратау-Сырдария аймағына белгілі сынықшылар болған. Арыс өзенінің бойындағы көк майсалы кең алқап аталарымның жайлауы екен. Апам алғаш келін болып түскен жылдары жайылымға мал сыймай жататын еді дейді. 1932 жылғы тәркілеуден кейін біздің әулетте де мал қалмаған, сол жылы 32 жасқа енді толған атам, апам мен атам түйдей құрдас екен, ашыққан елге Ташкенттен азық жеткізіп, бір-екі күннен кейін ауырып қайтыс болыпты. Апам 7 жасар қызы, 4 жасар ұлымен жалғыз қалады, Басқа балалары түгел шетінесе керек. Балаларды аман алып қалу үшін апам балтамен қаруланып, Билікөл жақтағы туыстарын іздеп жолға шығады. Қаратаудың қойнауындағы ескі сүрлеуге түсіп, екі

баламен жаяу жүріп отырыпты. «Жолда талай рет шұбырған аштар жолықты, бізге тұра ұмтылады, бірақ әлдері жоқ, менің балтамнан қорқып, жолай алмады» дейтін еді апам жарықтық. Аштық басылған соң қайта оралыпты. («Аңыз адам» № 4,2013).

АЛАСАПЫРАН АШТЫҚ АҚИҚАТЫ

1932 жыл. Елде жаппай ашаршылық жүріп жатқан кез. Адамдар аштықтан қырылып, жансыз сүлдерге айналғандары қаншама еді десенші! Елдің көбі есіктерін тарс бекітіп, дүниеден безіп, қара басының қамы үшін, біреулер туысына тартса, енді біреулер аң-құс, жәндік аулап, бытырай, тоз-тозы шыққан кез.

- Мен ол кезде дүкен ұстаушы едім, - деп бастады Дүйсен атай әңгімесін. Сол жылы аяқ астынан дүкенге тексеру жүргенде мен 17 мың сомға қарыз болдым да шықтым. Дүкенді ашуыма рұқсат етпей, жауып тастады. 17 мың сом таба алмайтынымды ойлағанда, бойымды үрей билеп, қатты қорықтым. Біз үйде төрт жан тұратын едік. Әкем, мен, өгей шешем және оның ертіп келген 12-13 жасар қызы. Мен үйленбеген бойдақ едім. Тамақ табудың өзі қиынға соғып тұрғанда, мынау жығылған үстіне жұдырық болды. Ары ақылдасып, бері ақылдасып, үй-ішімізбен құмға қашып, таптырмай кетпекші болдық. Екі-үш күн қонып, ұбап-шұбап құмға жетіп, суы бар кез келген жерге қоянға тұзақ құрып жүрдік. Құмда біз сияқты жан бағып жүргендер ара-тұра кездесіп те қалады. Бір жақсысы – жаз айының басы. Арқамызда бөліп-бөліп көтеріп алған жарты пұттай бидайымыз бар. Әкем екеуміз қоян аулаймыз. Жаужұмырдың тамырын қазып әкелеміз. Шешеміз қызы екеуі үйде қалады. Бір қоян тапсақ, екі-үш рет көже жасайтынбыз. Нан орнына бір уыс бидай салып ішеміз. Әр шәйда дастарқанға бір уыс бидай салып, соны төртеуіміз талғажау етеміз. Бұрынғыдай емес, бидай да азайып қалды. Қоян ұстаудың өзі күннен күнге қиындай бастады. Әкем күнде кетерінде бидайды белгілеп кететін. Қайтып келгенімізде бидай әжептеуір азайып қалғанын байқап, содан шу шығып та жүрді. Бір ұрыстан кейін өгей шешеме сенбеген әкем басқан, тұрған жердің бәрін тінтіп жүріп, шешемнің орамалға түйіп жасырып құмға көміп қойған 3 шыныдай бидайын тауып алды. Әйеліне қатты ашуланған әкем оны сол жерде қалдырып, қызды ертіп, үшеуіміз бет ауған жаққа жүре бердік. Біз ұзақ уақыт арып-ашып Арыс станциясына келіп-

піз. Бұл кезде бидай да біткен еді. Әкем амалсыздан қайыр сұрады. Бірақ оған бірдене берген адамды көрген жоқпын. Бізден бұрын әкемнен әл кете бастады. Адамдар көп жүретін орталық көшеде әкем өзінен үлкендеу шалмен сөйлесіп, бірденеге келіскендей бас шұлғысып, алысырақ тұрған бізді көрсетіп қояды. Сөйтсем, қызды «босқа өлмесін» деп шалға бір қап бидайға сатып тұр екен. Әкем бір қап бидайды қайтып алып жүрсін. Алып жүргенімен, біреу тартып алады. Бір қап бидайға өзі ие болып, бидайы таусылғанша шалдың үйіне қыстап шықпақшы болды. Маған бір ой келді. Осы Арысқа жақын жерде жоғарғы қызметте істейтін досым тұрушы еді. Енді өзім соны тауып, өз күнімді өзім көрейін деп ойладым. Әкемнен біраз қуырған бидай алып, ол кісіге былай дедім:

- Бидайың біткен соң, осы Арыстың маңайынан ұзама, өзім тауып аламын. Әкемнен қоштастым. Әкем бетімнен сүйіп, иегі кемсендеп қала берді. Мен артыма қарамауға тырыстым. Біраз жол жүріп, сұрай-сұрай досымның да үйін таптым. Ірі бастықтың үйі неге жаман болсын. Барын аяған жоқ. Жағдайымды айтып едім, ол:

- Қазір астық деген алтыннан да қымбат. Маған өзін сияқты сенімді адам керек, - деді. – Жақын ауылда бір уәкіл жетіспей тұр еді. Сен оған уәкіл бол. Тамағың тоқ жүреді. Құдай ондап, атқа мінер уәкіл болдым да шықтым. Мен қамбаның бастықтарына бара салысымен, өте қатал болдым. Сол жерде қамбаның бастығының үйінде жаттым. Аудан шақырса, баратын астында аты бар мен едім. Бидайдан халыққа азын-аулақ тарат десе, бұйрықты мен алып келуші едім. Бір күні қамбаның бастығы маған:

- Біз екеуміз астықты үйге әкеліп, өкімет бергеннен басқа өзімізше үйден ақшаға сатайық, - деді. - Ел болса аштан өліп жатыр. Бидай одан азаймайды. Өзін көріп жүрсің ғой. Мен бұған келістім. Енді аудан білсе, бірдене демесін деп, екеуміз екі қап бидайды менің досымның үйіне түнделетіп жеткізіп алдық. Қайтып келген соң, көп ұзамай біз сатуға кірістік. Тек ақшасы барларға ғана өте қымбатқа саттық. Жоғары жақ ештеме демесін өзіміз де білеміз. Ақшасы барлар бидайлы болып, жетісіп қалғандар көбейді. Мен ішімнен ешкімге айтпай, баяғы 17 мың сомды жинауды ойлаймын. Қыстай сатқан бидайдың ақшасын есептеп көрсек, 40 мың сом ақша болыпты. Екеуміз теңдей бөліп алдық. Мен көктем шыға жұмысты қойып, әкемді іздемекші болдым. Арысқа баяғы қызды қалдырған үйге бардым. Ол шалдың баласы жоқ еді, қарындасым екеуі-ақ тұрып жатыр екен. Қарындасымнан әкемді сұрадым.

- Ол кісі қыстай бізбен бірге тұрып, бидайы таусылып, қаңғып кеткен, - деді.

Мен әкемді ауыл ішінен таппаған соң, ауыл маңындағы егіннен карадым. Алыстан екі-үш қарайған адамды көріп, солай қарай жүрдім. Келсем, солардың бірі әкем екен. Піспеген көкпеңбек көк арпаны укалап, жүрелей отырып, әр жерде қалған сирек тістерімен үрлеп қойып, аузына салып жеп отыр. Бет-аузы адам танымастай көнектей болып ісіп кеткен. Мені әрен таныды. Бір-бірімізді тірі көргенімізге қуанғанмыздан жылап та алдық. Аттың еріне әкемді көтеріп мінгізіп, өзім артынан құшақтап, досымның үйіне әкелдім. Ісіп кеткен әкемді көріп досым әйелімен ақылдасып: «Егер тамаққа бірден тойғызсақ, аш өзегіне түсіп, өліп кетуі мүмкін. Алдымен аз-аздан тамақтандырып, ертеннен бастап ұн мен қойдың майынан тосап жасап бермесек, ісігі қайтпайды», - деді. Досымның әйелі әкемді бір апта бойы баладай күтіп, қалпына келтірді. Биыл былтырғыдай емес, ақшан болса, тамақ та табыла бастады. Өлмесімізге көзіміз жетті. Енді осы ақшаны құртпай тұрып, дүкеннен құтылуды ойладым. Біз әкем екеуміз ауылға кетуге жиналдык. Кетерімізде көзіме жас алып тұрып:

- Осы жақсылығыңды өле-өлгенше ұмытпаспын. Егер өліп кетсем, баламның баласына тапсырып кетем, - деп рақмет айтып, қоштастым.

Шіркін, ол кездегі тел өскен достар-ай десеңші.. Елге келдік. Ел дейтін ел де азайып кеткен. Тақыр келейлердің көбі қырылған. Үйіміз өзіміз жауып кеткен қалпында тұр екен. Адамдар дүкен тұрмақ, бізді ұмытуға айналыпты. Әр жерде аштан өлмей қалған туыстарымызбен жылап көрістік. Біраз уақыттан соң олардан «Дүкен жайын не істеймін?» деп ақылдастым. Олар: «Бір қой тауып, бір жәшік арақ алып, соттың, милицияның, дүкеннің бастықтарын қонаққа шақырып, кешірім сұра», - деді. Туыстарымның айтқанын мақұл көріп, 3-4 күн бұрын дайындалып, бастықтардың бәрін үйіме шақырдым. Бәрі де қонаққа келді. Отырыс та басталды. Бастықтар енді қыза бастағанда, мен олардан кешірім сұрадым да, баяғы дүкеннің 17 мың сомын айттым. Олар өзара ақылдасып, ақыры маған кешірім жасады. Мен олар кетерде 17 мың сомды санап алдарына қойдым. Сөйтіп, сотталмай аман қалдым... - деп аяқтады Дүйсен атай тағдыр толайын арқау еткен өз әңгімесін.

Жұлдыз Бағашарова, Ашыбұлақ ауылы, Шелек ауданы, Алматы облысы «Ұлан», 03.06.1992.

1933 жылдың қаңтарында Қаратал ауданынан облыстық инспектор Тухиннен түскен мәлімдеме:

1. Колхоз «Андар» умерло от голода 40 человек;
2. Колхоз «Курамас» умерло от голода 27 человек.
3. Колхоз «Белагач» умерло от голода 40 человек.
4. Колхоз «Октябрь» умерло от голода 80 человек.
5. Колхоз «Казрис» умерло от голода 48 человек.
6. Колхоз «Ураз» умерло от голода 33 человека» («Аңыз адам» № 4, 2013)

Келесі естеліктер «Страницы трагических судеб» кітабынан (Алматы, 2002 жыл, «Жеті жарғы») ықшамдалып алынды.

Наталья Верещагина, Лидия Гладышева ... 1929 жылдан бастап Алматыда тұрдық... Өте қиын жылдар болды ғой бұл кезен. Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты ақылсыз жүргізілгендіктен аштық басталды. Ауылдардан қазақтар шұбырып қалаларға ағылды. Малынан айрылған қазақ аштыққа ұшырады. Қалаларға келіп жұмыс табамын деген ойлары бекер болып шықты. Аштықтан әлсіреген адамдар көшелерде құлап тұра алмай өле бастады. Өліктерді тиеген машиналар оларды белгіленген жерлерге апарып төгетін. Сондай орындардың бірі Наташа оқыған Есептік-экономикалық техникумның клубы болды. Клубқа кіруге тиым салынғанына қарамастан кейбір жастар оны ашып көріп кейбір «өліктердің» қозғалып жатқанын көргендер болды. Мұндайлар есінен танып құлап, олар емханаларға жеткізілді.

Аштық, көше толған өліктердің салдарынан індет жайыла бастады. 1932 жылы анам дизентерияға шалықты. Емдейтін дәрі жоқ, тамақ та тапшы. Осы жылдары торгсіндар («торговля с иностранцами» деген бірлестіктер) ашыла бастаған болатын. Сол жерлерге қасық, жүзік сияқты заттарымызды ұн жармаға ауыстырып анам соны қорек етті. 1933 жылы анам көз жұмды..

Наскен Нұрмұханбетов

...Біз – үлкен ұрпақпыз. Талай қиыншылықтан өттік. Ашаршылықты, репрессияны өткердік. Тұқымымыз құрып кете жаздап, әуірімізмен қалған-құтқанымыз өмірге тұяқ іліктірдік. Әуелі Құдай шығар, сонан соңғысы, атам Мәрденнің арқасы еді. Ол кісінің шапағаты өз ұрпағына ғана емес, бүкіл ауылдастарына тиді.

Сол жақсылығының арқасы шығар, бір атаның баласы ары қарай жалғасын тапты. Тұтас халықтың бір бұтағы көктеп, өсіп-өнді. Ата қонысы Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Жоламан ауылы еді. Мәрден атам 1929 ж. кәмпескеленіп Сібірге жер аударылды.

Атамның 6 ұлын, 5 қызын білемін. Ұлдары: Нұрмұхамбет (менің әкем), Баймұхамбет, Рахмет, Мағжан, Бәтен, Базармұхамбет (Бәскен), қыздары: Елеу, Күлкен, Ләйлу, Мәніш, Шәмшия.

Әкем Мәрденұлы Нұрмұхамбет 1901 ж. (сиыр жылы) туған. Үш ұлы: мен және жастайынан қайтыс болған інілерім – Абыкен мен Шырақ. Қыздары: Шәкен, Павлодар қаласында тұрады және Тілектес, 1992 жылы дүниесалды.

Көре алмаушылықтың салдарынан әкеме бірнеше рет жала жауып, соттатпақ болған. Павлодарда тұрған Шәймерден (қазір марқұм) деген ақсақал маған: «Мен 1920-шы жылдарда сіздің елде мұғалім болып істедім, сонда әкеңнің соты болғанда қатыстым. Әкеңді өзінің өте жақын ағайыны куә болып, «Нұрмұхамбет бір арбаға 60 қап бидай ұрлап тиеп әкеле жатқанын көрдім», - деп айыптайды. Сонда сот тұрып: «Әй, қарағым, 60 қап бидайды сынбай қандай арба көтереді, оны қандай пар өгіз сүйрете алады?» деп сұрақ қойды куәға. Сосын сот әкене мына куәға қандай сұрағың бар дегенде, әкең: «Сұрағым жоқ, менің сұрайтынымды сіз өзіңіз қойдыңыз», - деді. Сот мәжілістің аяғында: «Нұрмұхамбет, сенің ешқандай күнәң жоқ, бірақ маған берген жарлық бар, сені қайткен күнде сотта деген, сол себепті соттап отырмын» - депті.

- Әкемді 1933 жылы ақпан айында банданың бірі деп Новосібір облысы, Здвинск ауданы, Ақорлау ауылында тұтқынға алды. Ол күн әлі есімде, 5-6 жасар кезім. Не әкейде, не басқа кісілерде мылтық, басқадай қару-жарақ болған емес. Мал, артық дүниемүлік те жоқ еді. Әкейге және 4 кісіге жанындағы жолдастары өтірік жала жауып, болмаған жағдайды болды дегізіп, тергеушілердің қорқытуымен сол 5 кісіні ату жазасына кесіп, қалғандарын әр мерзімге соттапты.

Әкеймен бірге екі күйеу баласы, Елеу мен Күлкен қарындастарының жолдастары да тұтқындалған еді, соның үлкені Нағман әкеймен бірге атылды, ал оның інісі Ныкыш Әділбаев кейін Қаражалда тұрған еді. 1990 жылы жаз айында іздеп бардым. Сол кезде жасы 80-нен асыпты. Өте қоян жүрек болып, қорқып қалған адам екен. Екеуіміз жолыққанда бес минуттай үндемей, жыламырап отырдық. Содан аздап есті жинап сөйлесе бастадық. Өзі 1935 жылы түрмеден қашып шығыпты, Жанарқа ауданында прокурор ағайы-

ны бар екен, соны паналап жүріпті. Сотталғаннан кейінгі құрған семьясынан, ел-жұрттан жасырып, партияға өткен, соғысқа қатысып офицер болған. «Не қылмыс істедіңдер, кісі өлтірдіңдер ме, елді тонадыңдар ма?» - деп сұрадым. «Жоқ, ондай қылмыс істеген жоқпыз. Бар айыбымыз – елден азып-тозып, аш-жалаңаш, өлімнің аз-ақ алды болып келген ағайындарды паналатып, соларды қайткен күнде өлтірмей, аман алып қалу амалын жасадық. Біз Ақорлау деген жерде колхоз құрдық, халіміз жаман болған жоқ, жер ауып келген байлар, оның балалары шаруа жағдайын үйреніп, жылда әжептәуір егін орып тұрдық, ат диірмен, май айыру пункті болды. Бірақ елден босып келген аш адамдарды сақтаймыз деп жүріп, өзіміздің жеке меншігіміздегі малды, астықты тауысып алдық. Сосын колхоздың мүлкін жұмсадық. Артынан сотта белгілі болды, елден қашқан ағайындар сол жердегі колхоз, совхоздың малдарын ұрлаған. Аш, өліп бара жатқан адам не істемейді. Кейбір ағайындарды есін жиғызып, әрі қарай құрылыстарға жіберіп отырдық. Міне, осыны елдегі көре алмайтын белсенділер жоғалған малдарын бізден көріп, Кеңес үкіметіне қарсы әрекет жасады, ұйым құрды деп көрсетті. Сөйтіп, бейғам, қамсыз жатқан бізді түнде, шырт ұйқыда жатқанда, түгел ұстап әкетті. Әкеңнің күйеу баласы, менің туған ағам Нағман бізді ұстағанда үйде жоқ болатын. «Менің Нұрмұхамбеттен жаным артық емес, ол қайда болса, мен сонда болам» деп өз еркімен қолға түсті. Егер банды болып кінәсін сезсе, ол өз еркімен қолға түсер ме еді? Кінәміз белгілі ғой, ашаршылыққа қарсы әрекет жасағанымыз» деп ақсақал әңгімесін аяқтады.

Егер де әкей 32 жасында жазықсыз оққа ұшпаса, елінің алдығы қатарлы қайраткерлерінің бірі болуында күмән жоқ. Ұсталар алдында оны ауданға қызметке шақырады, «ашыққандарға көмектесіп жатырмын, қазір бара алмаймын» дейді, егер барса, мүмкін, аман қалар ма еді, кім біледі.

Ғұбайдолла Сейкетов

- Әкем Шәріп Сейкетовты 1933 жылдың 16 наурызында түнде үйге келіп алып кетті. Кейін білдік, 1933 жылдың 20 тамызында әкемнің ісі тоқтатылыпты, яғни ату жазасы орындалса керек.

Әкем тұтқындалғаннан кейін анам балаларымен жалғыз өзі қалып, күн көрістің азабын шегеді. Бұл 1933 жылдың кезі, ашаршылықтың тоқтамай тұрған кезі. Әлі есімде, бір шалдың, осы

жұмысқа бекітілген шал болар, брезент жапқан арбаға көшеде жатқан, өлген балаларды (негізінен қазақтар) тиеп, балалардың аяғы сыртқа шығып көрініп тұратын, күн сайын тасып жүргенін көретінмін. Анам өзінің туыскандарына кетті, жетінші кластан кейін мені мектептен шығарып жіберді. ештеңе айтпады, құжаттарды алып кет деді. Басқа мектептерге де қабылдамады. Орынборға барып интернатқа түсіп едім, ол жерден де қуды. Әуелі Саратовқа, сосын Куйбышев қалаларына барып қайыршылық жасап жүрдім. Сол кезде Алматыда тұратын Беймұқан Мамбетжанов деген туысыма хат жазып, сол кісі өзіне шақырып аман қалдым...

Ибрагим Хисамутдинов

- 1930-ы жылдардың басы Қазақстан үшін аштық жайлаған зұлматты жылдар болды. Көп халық қырылды, негізінен қазақтар. 1932 жылдың сұрапыл қысы әлі есімде. № 14 мектепке баратын жолда, бұл мектеп қазіргі Орталық базарға қарама-қарсы болатын, өліп жатқандарды, үсті алба-жұлба қазақтың еркектері мен әйелдерін көріп сол тұстан қорқынышпен өтетін едім. Қолындағы баласын ұстап өліп жатқан қу сүйек әйелдің бейнесін ешуақытта ұмытпаймын. Қолын созған күйі өліп қалған бір шалды бір «әзіл-кештер» Пастер көшесі мен 8 март көшесінің қиылысындағы екі қабат үйдің қабырғасына түрегелтіп қойған бейнесі әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Осы жердің тұсынан өткен кезімде әлі күнге дейін сол кездегі осы жерде болған сұмдық трагедия елес береді. Сол кездегі байғұстардың жалынышты үнмен көмек сұраған дауыстары әлі құлағымда тұр. Аштардың ең соңғы үміті адамдар көп жиналатын жерден бір үзім нан мен баспана табамын деген ой болса керек. Бірақ, оларды ешкім күтіп тұрмады, ешкім мүсіркемеді...

1932 жылдың жазында әкем екеуіміз көрген бір оқиға есімде қалыпты. Бірде әкем мені мектептен кейін базарға ертіп барды. Базардың нан сататын қатарына жақындағанда, бір топ қашғарлықтарды (ол кезде Қашғариядан келген ұйғырларды солай атайтын) көрдік. Жанағылар кішкентай ғана үсті алба-жұлба жас баланы теуіп ұрып жатыр екен. Бала соған қарамай қолындағы кішкентай шептекті аузына тығып жеп жатыр. Әкем дереу жүгіріп барып бет аузы қан болған баланы ашуға толы ұйғырлардың ортасынан суырып алды. Әкем оларға «Алланың қаһарына ұшырайсындар» деп біраз сөгіп алды. Қансыраған баланың аты

Ғалиолла екен, үйге алып келіп, жалба-жұлба киімдерін тастап, жуындырдық. Өзі Балқаш маңайының арғыны, әке-шешесі, туғандары түгелімен аштықтан өліпті. Үйімізде Ғалиолла жарты жылдай тұрды, сосын бір туыскандары келіп алып кетті...

Назым Ялымов

...Әкем ол кезде Наркомзем жүйесінде істейтін. 1932 ме, әлде 1933 жыл ма, анық есімде қалмапты, әкемді «Қапланбек» совхозын ұйымдастыруға жіберді. Әуелі Шымкентке дейін жеттік, пойызбен. Сосын, ол кезде негізгі көлік ат қой, қос ат жегілген арбамен баратын жерге жүріп кеттік. Бұл сапардан есімде қалғаны, жол бойындағы аштықтан өлгендердің қайғылы көріністері қалыпты. Кей жерде біреу-екеу, кейбір жерлерде бірнеше өліктер.. Тағы бір есімде қалғаны, жол бойында қолында камшы ұстаған тұлғалы қазақ шалдың қатып сіресіп қалған сұлбесі әлі көз алдымда тұр...

АЛАПАТТАН АМАН ҚАЛҒАНДАР

Алматы облысының Балқаш ауданында 1930, 1931 жылдары жаңа өкіметтің көшпенді елді еріксіз коллективтендіру науқанына қарсы екі дүркін көтеріліс болғаны, екеуін де винтовкамен, пулеметпен қаруланған солдаттардың қанға бояп басқаны бұл күнде құпия емес. Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хатында көтеріліс зардабынан қашқандары бар, іле-шала келген жойқын қырғын ашаршылықтан өлгені бар, осы ауданның 60 мың халқының 12 мыңы-ақ қалғаны айтылған..

...Балалық, жастық шағы Балқаш ауданында өткен Ақылбай Бұлғақбаев талай оқиға-алапатты өз көзімен көрген. Совет дәуіріндегі ашының да, тұщының да дәмін өз аузымен татқан.

- Жиырмасыншы жылдардың аяғына дейін біздің ел осы күнгі Талдықорған облысындағы Қапал уезіне қарайтын, Іле-Балқаш ауданы құрылып орталығы осы күнгі «Ақкөл» совхозы орналасқан жердің маңайындағы қалың ел ортасына орналасты да Алматы облысына қарады.

...Мен 1914 жылы туғанмын, бұған дейін молладан оқығаным бар, Құранды білемін, есеп шығара аламын, жазу-сызуға жүйріктін. Алғаш коммуна құрылғанда Тілеуов Қонысбай деген кісі соған бастық болды да, мені хатшылыққа алды. Кедейлердің

малын біріктіріп бір жерге қыстатамыз, жазда шөп шапқызып, сүйреткімен әр жерге үйеміз. Қыска шөпті шалғымен, камысты орақпен орамыз. Қыс катал, қора жоқ. Көп малды бір жерге жаюға болмайды, елмен бірге көшіп жүреміз.

Көп ұзамай коммуна емес, «артель құрамыз» деген дақпырт шықты. Ауыл-ауылда жиналыс болып, Ақкөл манайынан үш артель құрдық. Оған тек кедейлер кірді, байларды жолатқамыз жоқ. Артынша Алматыдан бір топ уәкіл келіп, ірі байларды кәмпескелей бастады. Малы мың қойдан, жүз жылқыдан асса, дүние-мүлкі қатталып, өздері жер аударылды. Мал артельдерге үлестірілді.

1929 жылдан бастап ауылсовет арқылы тізім жасалып, әр түгінге салық түсе бастады. Бүгін ет, жүн, тері өткізесін, салықшылар бір айдан соң тағы келеді. Етпен бірге астық, ақша салығы дегендер шықты. Көшпенді қазақта астық, ақша қайдан болсын, олардың орнына малдарын өткізеді. Және бәрі тегін, өкіметтен ешқандай қайтарым жоқ!

Қысқа қарай әр үйде бір-бір мінетін ат, бір-бір сауын сиыр, оншақты қойдан өзге ешнәрсе қалған жоқ. 1930 жылдың көктемінде «артельдерді колхоздарға айналдыру керек!» деген жарлық келді. «Малды түгел ортақтастырып, егінді бірігіп айдайсыңдар!» деп дікендеді келген уәкілдер. Колхоздың не екенін білмейтін, ауызекі әңгімеден: «мал да, қазан-ошак та ортақ, бәрін бір қазаннан ас ішесіндер, әйел-еркек, бала-шаға түгел бір көрпенің астында жатады» деген сұмдық құлақтарына тиген, бұған дейінгі зорлық-зомбылыққа ашынып жүрген момын елдің ер-азаматтары жаппай атқа мініп, қолдарына шоқпар, сойыл ұстап аудан орталығы - Ақкөлге шабуыл жасады. Аупартком, банк үйлері темір шатырлы еді - бәрінің тас-талқаны шықты. Бірақ «женіс» көпке созылған жоқ, артынша қарулы әскер келіп, көтерілісшілерді бықпырт тигендей етіп, тоз-тозын шығарды. 170 адам қамалып, он бірі табанда атылды. Соған қарамастан келер көктемде ел қайта көтерілді. Елтай Ерназаров басқарып келген қарулы отряд көтерілісшілерді пулеметпен қырғанын көргендер бар..

Бұл екі көтерілісшілердің басшылары бұрын айтылып келгендей, «астыртын жау, бай тұқымдары» емес (олардың бәрін атқандарын атып, атпағанын жер аударып жіберген болатын), Қуат, Көлтай деген азаматтар күн көруге ғана жарарлық азынаулақ малы бар, елдегі бас көтерер қарапайым шаруалар еді..

1930 жылдың күзінде колхоздар құра бастадық, жер қазып шошала салдық, төбесін жылы камыспен жауып, төбеден түгін

шығаратын тесік жасады. Енбекке жарамсыздарды жаппай ұйымдастырып, балшық кірпішпен ауылсоветке кеңсе үйін салып бердік. Келер жылы сол тәсілмен мектеп үйінің де қабырғасын көтердік. Бірақ сол жылдың күзінде жұт болды да, жұрт малдан түгел айырылып, ашаршылыққа ұшырай бастады. Сонда да ет, жүн, астық, ақша салығының қосымша «мақсатты алым», «мақсатсыз алым», мәдениетті алым» деген тонап-қамаудың жана түрлері шықты. Уәкілдер үйлерді тінттіріп, елдің жеп отырған тамағына дейін тартып әкетті. Қарсыласуға дәрмен жоқ, әйтеуір жүріп-тұруға шамасы жеткендер Қордай, Қаскелен, Еңбекшіқазақ аудандары жаққа қанғырып көше бастады. Жолда өлгендері қаншама...

«АСЫРА СІЛТЕУ БОЛМАСЫН, АША ТҰЯҚ ҚАЛМАСЫН..»

...Мен сонау 1928 жылы комсомолға қабылдандым, сол жылдан бастап ауылда қоғам жұмысына белсене араластым, ауылдық советтің секретары болдым, саутсыздықты жоюға қатыстым. Ақтөбедегі Совпарт мектебінде оқыдым...

...Әлі есімде, 1930 жылы ноябрьде суы қаймақшып қатқан Қобда өзенінен жалаңаяқ өтіп, баратын жерімізге жеттік. Ауылда астық жоқ, мал да азайып біткен. Ауқатты шаруалар қалған малдарын, пайдаға асатын үй мүліктерін сатып, түнделетіп Орынбор, Уфа жағына қашып көшіп жатты. Бірақ әр әкімшілік ауыл өзіне берілген астық, ет жоспарынан құтылмайды, жоспар елде қалған шаруаларға бөлініп салынады. Енді оларды «тапшы тап, тапсыр да тапсырдың» астына аламыз. Қайтсін, олар да ебін тауып қашып көше береді.

Есімде, сол жылы қыстың ішінде, қатардағы 5-ауылға шыққан жөнсіз өкіл бір шаруа адамды үйінен қудырып алып, жоспарынды орында деп қысады, ол несін берсін, тапсыру түгілі ішіп-жейтін де астығы жоқ. Өкіл әлгі бейшараны тырдай жалаңаш шешіндіреді де, үстіне 4-5 шелек мұздай су құйып ас үйге (от жағылмайтын үй) қамап, есікті кілттеп тастайды. Ертеніне қараса мұз болып, қатып қалыпты. Еш адам өкілге қой деп айта алмаған, өкілге қалай қарсы шықсын...

...1931 жылы елде жүргенімде бір ауылдан келе жатып, жолшыбай көшіп бара жатқан үлкен керуенмен кездестім.

- Қайда бара жатырсындар?

- Орынбор жағында тоқшылық дейді, қарап отырып аштан өлгіміз келмейді.

Іштерінде таныс адамдарым бар екен. Мен: «Пәлен жерде алтын бар, барсақ бақыр табылмас» деген, әуре болмай қайтыңдар» - деп біраз үгіттеп едім, көнбеді. Тіпті ішінде бір-екеуі мені оңаша шақырып алып: «Мына жұрт ашынған, сіз мазалай берсеңіз ат-матымен байлап алып кетеміз дейді. Әуре болмай жүре беріңіз, қор боласыз», - деді. Амалым бар ма, жөніме кеттім.

Сол жылы Өлкелік партия комитетінің секретары (фамилиясын ұмытыппын) Ақтөбе облысын аралап келіп, «Казакстанская правда» газетіне жазған мақаласында: «Алтықарасу ауданында бір адам қалмапты (аштықтан қырылған, босып кеткен, М.Ә.) сол аудан орталығында қоймада 10000 пұт тары сақталып қалған» деп таңданады.

Әлі есімде, Қазақ педагогика институтының құрылғанына 5 жыл толуына орай салтанатты мәжіліс өтті. Бұған Голошекин бастаған өлкелік комитеттің, Қазақстан үкіметі басшыларының бәрі келді. Жұрт көп жиналған, залдың іші қатты ысып кетті де, сыртқы есіктерді ашып тастауға тура келді. Іргедегі парктен бұзылған мүрделердің иісі мүлкіп қоя берді. Бұл - республиканың түкпір-түкпірінен жан сауғалап келген босқындардың сүйектері еді. Милиционерлер арбамен тасып әкетіп жатады, бірақ толық тазарта алмайды. Аштық тұралатқан адам өліктері үсті-үстіне үйіле береді. Бір кезде Қазақстан Орталық Атқару Комитеті Президиум председателі Елтай Ерназаровқа сөз берілді, ол жарықтың мұрны иіс білмейді екен. Біз мынандай-мынандай үлкен табыстарға жеттік деп сайрап тұр. Есік жақта отырған біздер - студенттер үн шығармай жылап отырмыз. Жылағанда аштан қырылып жатқан халқымыз үшін емес, енді Қазақстан өкіметінің басына сауатсыз, не айт десе соны айтатын мына сияқты кембағал адамның отырғанына қорландым. Мәжіліс біткен соң бастықтар топ-тобымен банкетке беттеді. Профкомда, комсомол комитеттерінде істейтін менімен бірге оқитын жігіттер: «Сен де жүр», - деп еді, мен: «Ұялмай не бетіммен көңіл көтеремін?» деп бармай қалдым.

...1932 жылдың жазында елге келдім. Жұрт аш, жақындарымыздың көпшілігі азып-тозып, өліп қалған. Әкем қайғыға төзімді, көзіне жас алмайтын адам еді. «Сені көре алмаспын деп ойлап

едім» деп жылап жіберді. Аталарымыз ауыл үйлерін көше тәртібімен салдырған. Әкімшілік ауылдың орталығы болатын. Ол - Ерназаров атындағы колхоздың орталығы, 1924 жылы орысша оқыған Көшеров деген кісі ұйымдастырған Терісакқан тұтыну қоғамының кеңсесі де, дүкені де сонда болатын. Онда, 1928 жылы мен ауылдық советтің хатшысы болып жүргенімде жүзге тарта түтін бар еді. Содан 25-30 үй қалған....

...Тірі қалғандары басқа тамақ жоқ, қолдарына шелек алып саршұнақ аулап қаңғырып кеткен. Мен жақын туыстарымды далада кездестірдім. Аш, меніреу адамдай. Тістері жоқ, бет-ауыздары күлкілдеген ісік...

Молдабай Әбдіров, («Жалын» журналы)

АЛТЫ ҚАТЫН

Отызыншы жылдар, Нарынқолдың қазіргі Талас ауылы. Колхоз "қайтсең де жүн өткізесің" дегенде кейбір сорлы үйіндегі көрпесін сөгіп, ішінен шыққан жұрқасынды беріп құтылған кез екен. Қазір сексенге келген бір кемпір айтып еді.

Тәркілеуден қорыққан малдылар Қытайға көшкенде кейбірі бар мүлкін әкете алмай қалды. Сонда атамыз Мұқаш бір үйін тастады. Оған ие қылып тоқалын бірі жеті, бірі екі жасар баласымен қалдырды. Арғы бетке жетіп, қоныс тауып орныққан болады. Сөйтіп, мұндағы тоқалын балаларымен алып кету үшін бірнеше адаммен кері қайтады. Жетеді. Қарағай ішінен етекке көз салады. Үй орнында, бала-шаға аман екенін көреді. Бірақ бірден бара салуға қорқып, түнде бір адамын жазықтағы ауылға жібереді. Күдік бекер болмапты. Кезінде сан соғып қалған колхоз енді мұны қарулы топқа андытып қойыпты. Бұлар тау ішінде біраз күн жатады. Күн суытады. Ақыры, амалы құрып қайтадан Қытайға кетеді. Жас тоқал екі жас баламен көзі бозарған күйі қала береді. Қыс та түседі. Тастап кеткен бір-екі ешкі баяғыда суалған. Еті де желініп болған. Әлгі шешеміз түнде жасырын аңызға түсіп қар астында қалған масақты жинайды. Және оны күн шықпай түйіп алады екен. Күндіз біреу-міреу кеп қала ма, келмесе де келінің дыбысын естіп қоя ма деп қорқады да. Айтып отыратын. «Аз талқанның қоюы кесе түбінде қала берсін, балалар сұйығын ішсін деп сәл тұрған соң берем. Сонда осы Төкен (екі баланың үлкені) қанша ұрыссам да кесені шайқап жіберіп түбіндегі қоюымен ішіп қояды» деп.

Қыс та бітуге айналады. Қалып қойған тағы 5-6 қатын бар маңайда. Шешеміз ауық-ауық соларға барады. Басындағы мұңзарын айтысады. Кейін не істеймізге келеді. Ақыры күн жылына көшкендердің артынан шығысқа қарай жаяу кетпекке келіседі.

Сонда мамыр айы екен. Алты қатын үш бала таң ата шешеміздің үйінен жолға шығады. «Осы дүниеге бола тастап еді. Енді ұстағанның қолында кететін болды. Бәрін әкеткің-ақ келеді, амал жоқ. Әр мүлкімді бір-бір сипап үйден шықтым. Токтаған сайын артыма қараймын. Бір үлкен төбенің үстінен ары асарда соңғы рет бұрылғанымда, алыста жападан-жалғыз қалып бара жатқан ақ үйді көріп көз жасымды тоқтата алмай бір жылайын» деп еді жарықтық.

Сонымен бұлар күншығыс жақтағы Айғайтасты бетке алып жүре береді. Араға алты қонады (Тек жазықпен төте жүргенде атты адам ауылдан Шәлкөденің орта тұсына алты сағатта жетеді. Бұл шамамен 45 километр жер. Ал Айғайтастың ар жағындағы шекараға жақын Бөдеті деген жайлауға дейін тағы сонша жүреді деп естігем. Арғы жылы шілденің ортасында Шәлкөдеге барып, шатыр тігіп үш күн жаттық. Түнінің суықтығы сондай далаға Алматыда қыста қиетін киіммен шығатынбыз). Жетінші күні адасып Ойқарағайдың бір сайына түсіп кетеді. Сол жерде бір келіншектің екі жасар баласы өледі. Оны қарағайдың түбіне көмген болады да дұрыс жол іздеп қайтадан шығады. Сөйтіп, келе жатса бір сайдың ішінен үш салт атты шыға келеді де бұларға қарай тұра шабады. Қазақ ұқпайтын бір тілде айғайлап, бір жаққа қарай айдай жөнеледі. Ақыры, сол маңнан бір тамға алып келеді. «Үш қалмақ» бұларды сол жерде тонайды. Алтауы да байдың тоқалы, талай нәрсе алса керек. Бірақ біздің шешеміз жолға шығардың алдында бір тай тұяқ күмісті балғамен таптап-таптап жұқартып алған екен. Үйге кірген бетте қалмақтың көзін ала беріп соны табанының астына салып жібереді. Сонымен не керек, үш қалмақ өз жөніне, біздің алты қатын өз жөніне кетеді. Біраздан соң ел кезіге бастайды. Сұрастырады. Тағы бірнеше күннен соң «Сәбеттен байларын іздеген алты қатын келе жатыр» дегенді естіп алдарынан шыққан күйеулерін табады.

Сөйтсе, бұрын келген туыстың да көрмегені қалмапты. Бар малдан айырылған. Сонда бір әулетті асырған әлгі жапырған тайтұяқ күміс болды. Оны Мұқаш атам бес сиырға айыр-бастады.

Мұқаштың бәйбішеден туған баласы Мекен – менің қайына-там. Сол кісі «Байдың баласы едім. Бірақ сол байлық маған азаптан басқаны көрсетпеді. Заманың тыныш болса, байлық деген сол екен» деп отыратын балаларына.

Ержан Әбдіраман

Қазыбек Құттымұратұлы

Төмендегі әңгіме - әкем Құттымұрат Құлтумаұлының (1925-2013) өз қолымен жазған өмірбаян естеліктері еді. Мұнда 1930 жылдардағы ашаршылық шынайы суреттеледі. Әкемнің есте сақтау қабілеті өте жақсы еді, кішкене кезінде басынан өткен оқиғаларды қазір болғандай айтып отыратын. Бұл әңгімелер "Ар жақтан Тілеубай мен Шолым өткен" атты кітапта (2012, Орал) жарияланған. 31 мамыр қарсаңында достарымның назарына ұсынып отырмын.

ӨМІР ӨРНЕКТЕРІ

(1930-1940)

Көмпескеден соң

...1930 жылы мамам екеуміз Тайсойғандағы қыстауымыздың басында, қызыл шағыл төбенің басында отыр едік. Мен 4-5 жаста болармын. Бір кісі келіп, «Көшіндер, бұл жер енді кедейлердікі!» деп дікілдеді. «Сендер үкіметтің қас адамысындар, кетіңдер, жерді бүлдіресіңдер!» дейді.

– Жерді жеп қоятындай малымыз да жоқ қой, – дейді мамам. Содан бірер жыл бұрын көмпескелеп, барлық мал-мүлікті сыпырып алған екен.

– Малдарың жоқ болса да осы жердің шөбін қас қылып жұласыңдар!

– Олла, жұлмаймыз!

– Оллан құрсын! - дейді әлгі кісі. Сонымен айғайлап-айғайлап ол кетті. «Мама, бұл кісі кім?!» деп сұрап едім, «Әуелбек деген кедей ғой, осы жерге қорықшы етіп қойған көрінеді» деп жауап берді мамам.

Сонымен көп кешікпей Көкжарға көштік. Бұл қазіргі Ақтөбе облысының Ойыл ауданы. Ойылдың арғы бетінде Барқын деген шағылда бірталай үй отырды. Әрине, бір қатары есімде жоқ. Сол жерде бір айдай отырдық.

Әлдебек деген үлкен ағамыз сол күнде 19 жаста екен. Бай баласы ретінде Орынборға бес жылға жер аударылған екен. Сол ағай 80 сомға Көкжардың базарынан боталы түйе және бір фургон арба сатып алды. Әлгі түйе бұрын жегілмеген екен. Ағайлар арбаға жегіп үйретті. Мені бірде сол арбаға мінгізіп, түйе алып қашқанда құлап қалғанымды білемін. Әлі есімде.

Көш

Сонымен, әлгі інгенді әбден үйретіп, арбаға жегіп, Әлдебек ағай үй-ішімен, мамам, Қожабек ағай, Шамшырақ апам, мен, менен екі жас кіші інім, аты Шапқат еді, бәріміз көштік.

Сол көште Тайсойғанды жайлаған бесқасқаның біраз үйі де болды. Есімде қалғаны – Омаштын баласы Кенебай екі баласымен бар еді. Кекемнің қолындағы баласының аты – Кәң, үйі бөлек баласының аты – Бекбас екен. Бұлардан бөлек Қайнештің әкесі, Жаманғараның баласы Қожамбай да болды. Бұлар үш ағайынды – Қожамбай, Қожамберлі, Мұхамбетжан дегендер еді. Талпақ атамның Қожақан, Құлақан деген балаларының да үй-іші болды. Әйтеуір көшкен кісі көп, көбі есімде жоқ.

Содан Ақтөбенің аржағы-ау деймін, Бұқабай деген жерге барғанда жолшыбай Кекең (Кенебай) қайтыс болды. Сол Бұқабайға, қырдың басындағы мәйітке қойды. Әлдебек ағай балға, кашауын апарып, Кекемнің басына тас қойып келді, сол есімде қалыпты.

Орынбордағы алғашқы жыл

Сонымен көшіміз Орынборға жақындады. Қалаға 10-15 шақырымдай қалғанда тоқтадық. Орынбордың жарығы самсап көрініп тұрды. Сол күні түнде жегіп келген інгенімізді біреулер ұрлап кетті. Жат жерде босып келе жатқанда жоқ іздеу қайда?! Қолда қалған ботаны арқандап бағып, күзде сойып алдық...

Орынбордың шет жағына қоныс тептік. Жайықтың жағасы, ұзын барак. Ағайындар да осында. Қайнештің үйі де болды.

Қысқа қарай ағаш арасынан жер қыстау қазып алып, сонда қыстадық. Көп адам ағаш кесті. Жайықтың бойы болса керек. Жазғытұры су тасып, ағаларым бізді арқалап, баракқа қайта келдік. Мен сол кезде күркүлақ деген ауруға ұшырадым. Бұл бір жаман ауру екен. Аузың іріп, тістің түбі, қызыл еті өзінен өзі босап, тістерің түсе бастайды екен. Әлдебек ағай орыстардан бір шелек картоп сатып әкелді. Соны жеген соң жазылдым.

Әлдебек ағайдың өлімі

Елден хат келсе, бүкіл үлкендер анадай жерге, төбенін басына жиналады. Ағай түрегеліп тұрып, хатты дауыстап оқиды. Ағайлардың кәсібі – ағаш кесу. Қарабаудың бір шеркеші бригадир болыпты. Жас келіншегі, бір жасар баласы бар еді. Сол бригадир бүкіл жігіттердің жалақысын өзі жеп қойыпты. Оны басқалар білмейді. Әлдебек ағай күмәнданып, барып сұраса, екі айдың ақшасын жеп қойғаны анықталады. Ұрлығы ашылған әлгі бригадир қатын-баласын тастап, қашып кетті...

Сол баракта бір айдай отырдық. Енді кімнің қайда кеткенін білмеймін. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» деген заман ғой. Мамам «елге қайтам» деп шешті. «Жер аударылған» үкімі бар Әлдебек ағай жеңгеймен қалатын болды. Ағай үш інісі Қожабек, мен, Шапқатты және мамам – төртеумізді Орынбордың вокзалына алып келді. Шамшырақ апайды Түзтөбеде тұрып жатқан Ораз апай алып кеткен еді. Вокзалға келсек, төңірегі қара құрым адам, арқаланған, қайыршы қазақтар, аяқ басарға жер жоқ. Босқындарды елге қайтару туралы Сталиннен бұйрық болған екен. Сол вокзалда үш күн жаттық. Әлдебек ағай шыдамай, вокзал бастығына барып жолығып, «мына кісілер неге кетпей жатыр?» деп сұрапты. «Бұлар батыстағы үш облыстың (Орал, Ақтөбе, Атырау) адамдары. Үкіметтің шешімімен елге қайтарылып жатыр. Осы халықты жолшыбай азық-түлігін алып беріп, пойыздың баратын жеріне дейін апарып түсіретін сауатты, орысша білетін кісі табылмай тұр» дейді. Содан біздің ағайға жатқан да жабысқан ғой.

Ағай шынында да орысша ағып тұр еді. Тайсойғанда мамыздың орысша оқытқаны қадеге асқан ғой. Вокзал бастығы ағайға: «Сен осы халықты алып бар, орысша білесің» деп жалынған.

– Мен байдың баласымын, осы Орынборға бес жылға жер аударылып келдім, - дейді Әлдебек ағай

– Статъян нешінші?

– Жиырма сегіз, - дейді ағай.

– Онда ештеңе емес екен. Сен өзің келіссен болды. Ертең сағат 9-да осында кел, Калининнен құжат алып беремін. Еліне барасын, ешкім қудаламайды, маңдайыңнан шертпейді. Тек осы адамдарға басшы болып, пойыз баратын жерге дейін жолшыбай тамақтарын алып берсең болады, - дейді вокзал бастығы.

Ертесіне Әлдебек ағай мен жеңгей вокзалға тағы келді. Келген бойда вокзал бастығы «Бүкіл документ әзір, пойыз жүргелі тұр.

Енді бұрылуға уақыт жоқ» деп қуанып кетіпті. Тіпті, ағайдың үйде қалған заттарын алып келуіне де мүмкіндік бермеген. Сөйтіп, бірер сағаттың ішінде жүріп кеттік. Қожабек ағай сол күнде 14-15-те болар, оны «ағайдың үйінде қалған зат-дүниелерін өткен бағасына сатып, артымыздан келерсің» деп, Орынборға қалдырып кетті.

Сонымен қанша жүргенін білмеймін, біз отырған пойыз Түзтөбеге (қазіргі Соль Илецк қаласы) келіп, тағы тұрып қалды. Үш күн тапжылмады. Сол Түзтөбеде Ораз апайдың үйі бар екен. Соның алдында ғана, біз Орынборда тұрғанда Ораз апай мен жездей келіп, Шамшырақ апайды «алып қаламыз» деп ертіп кеткен болатын. Пойыз тұрып қалған соң Әлдебек ағай апа-жездеміздің үйіне барып келмек болды.

Алайда ағай кетісімен, пойыз жүрде де кетті. Бізде қайран жоқ, кете бардық. Әлдебек ағай бір шәй ішіп, стансаға келсе, пойыз жоқ. Кетіп қалған. Оның үстіне, апайдың үйінен шыққасын-ақ ағай ауырып, вокзалға өрең жетіпті. Вокзалдың көленкесіне сүйретіліп жетіп, көленкеде жатқан. Түнде ауырып өлгелі жатқан ағайдың қалтасындағы бар ақшасын жүліктер сыпырып алып кетіпті. Он тиыны ғана қалған екен, соны біреуге беріп, бір стакан су алдырып ішіпті.

Ертеніне «үй әлі кетпеген болар» деп Ораз апай мен Шамшырақ апай вокзалға келсе, пойыздың кетіп қалғанын көреді. Көленкеде біреу қол бұлғапты. Келсе, Әлдебек ағай. Содан жылап-жылап, Ораз апай Әлдебек ағайдың қасына Шамшырақ апайды қосып, жүрдек пойызға билет алып береді.

Ағай мен Шамшырақ апай бізді Ақбұлақ деген стансада қуып жетті. Сол жерден Қожабек ағай да қосылды. Әлдебек ағайдың бүкіл дүние-мүлкін, тіпті көсеуіне дейін 50 тиынға сатыпты. Біз сол жерде амалсыз пойыздан түсіп қалдық. Ағайды Ақбұлақтың ауруханасына бердік. Сонда ол біраз жатты. «Орыстың көзі тиген. Орысшаға ағып тұрғанын көрген бір орыс «жарайсың!» деп арқасынан қаққан екен. Содан болды» деуші еді ағайдың науқасын. Ай жарым-екі айдай уақыт өтті. Күз болып қалды. Елге қайтатындар әлдеқашан кетіп қалған. Ағайды мамам Ақбұлақтың ауруханасынан болмай шығарып алды. Бәріміз шұбырып кейін қарай, Түзтөбеге қайттық. Ағайдың науқасы мендегесін Түзтөбенің ауруханасына қайта бердік. Әлдебек ағай сол жерде, 21 жасында қайтыс болды. Түзтөбенің татар моласына жерленді. Әйелі ағамыз ілкі ауырған кезде-ақ кетіп қалған еді...

«Зибаны мақшарда көрерсің!»

Әулетіміздің баскөтерері Әлдебек ағамыздан айрылған соң біз ағайынды сағалап, Орынбор қолтығына қайта бардық. Ағайын дегеніміз — Рахима деген апамыздың ұзатқан қызы Қәбира деген жиен еді. Күйеуінің аты — Төремұрат болатын. Өздері үш ағайынды екен. Солармен бірге бір үйде қыстадық. Қоржын тамдағы екі қазаннан төрт үй ас ішеміз. Мен кішкентай баламын. Ағайынды үш жігіттің руы себек беріш еді. Ең үлкені сол күзде қайтыс болған. Екі қайнысымен бірге тұрып жатқан жесір әйелдің баласы жоқ болғанымен, шаруасы бұрыштай, тамағы да жеткілікті еді.

Сол жерде әр рудан басқа қазақтар да көп болды. Бәрінің ортасында жалғыз көк аты болатын. Бұл «ауылдың» кәсібі — 20-25 шақырым жерде орыстар үйіп қойған ақ бидай сабанының маясынан бидай дәнін тереді екен. Отыз шақты жігіт ала таңнан кетіп, ымыртта келеді. Сабан қағып, бидай әкеледі. Олжасы — 5-6 келі бидай, Құдай ондаған күні бір шелек дән алып келеді екен.

Қожабек ағам сол күнде 15-16 шамасында болар, өте қарулы, пысық еді. Сол жігіттермен барып, бидай әкеліп, бізді ажалдан арашалап қалған сол болатын. Сол жылдар, одан кейінгі кезеңдер еске түскенде, қағазыма көзімнің жасы тамып-тамып кетеді...

Бірде Қожабек ағай маяны үнгілеп жүріп, әлдекімнің бір шелек бидайды төгіп, жасырып кеткенінің үстінен түсіпті. Ен байлықтың үстінен түскендей болған ағай жалма-жан дорбасына бидайды көсіп сала бастайды. Сол кезде байқап қалған үлкендер бозбаланы былай лақтырып тастап, өздері таласып алыпты...

Қыстың күні ғой. Ағайлар кетіп қалғанда, мамамдар «боран болып кетпесе екен, Құдай сақтай гөр!» деп жалбарынып отырады. Бір күні әлгі жесір әйел, аты Зиба болатын, абысындарымен ұрысып қалды. Аяқ астынан күн бұзылып тұрған. Күйеуі, балалары далаға кеткен әйелдер «А, Құдай!»-лап отыр. Сонда әлгі Зиба көсеумен қазанды сабалап: «Құдай, Құдай! Менің қай байым, қай балам өлер дейсің! Ақпан да ақпан алты күн, аязымен жеті күн боран неге соқпайсың?! Соқ, боран, соқ!» деп айқайлады. Әйелдер жағасын ұстады. Мамам ақырын ғана «Қара басына көрінсін!» деп күбірледі...

Қас қарайып, күн кештете жігіттер келеді. Қожабек жас, өз айтуына қарағанда, жүгіріп, алда кетіп бара жатқан ересек біреудің

етегінен ұстайды екен. Ол қағып жібереді дейді. Екіншісінен ұстайды, ол да қағып жібереді, әйтеуір үлкендердің ығымен аман-есен үйге жеткен.

...Бірнеше күннен кейін аспан ашылып, жарқырап, жаймашуақтанып тұрды. Әлгі жесір кемпір қайныларымен татуласып: «Бүгін сендермен бірге мен де барып қайтайыншы» деп ілесті. Неге олай еткенін білмеймін, тіпті тамаққа мұқтаждығы жоқ еді. Содан бидайларын теріп бола келгенде, қарсы алдынан боран басталады. Бәрі терген бидайын көміп, кемпірге айтады: «Зиба, сен жете алмассың. Мына шөптің ық жағына сені көміп кетейік. Боран ашылғасын келіп, тауып аламыз!» дейді. Кемпір көнбей, ілесіп жүреді. Біреуге біреу қарайтын жағдай жоқ, боран түтеп тұрады.

Үйдегі мамандар тамағын әзірлеп, түн ортасына дейін күтті. Енді күдерін үзіп, зарлап отырғанда ақ қар, көк мұз болып, бәрі кіріп келді. Түгендегенде, кемпір ғана жоқ екен. Әйелдер ағайынды екі жігіттен: «Абыстай қайда?!» деп сұрады. Сонда Төремұрат: «Зибаны енді мақшарда көресің!» деп салды.

Сол боран үзбестен үш күн соқты. Кейін боран ашылды. Сол жерде қыстап жатқан 30-40 үйдің ортасында жалғыз көк бие бар еді. Соны жаяу шанаға сүйретіп, үлкендер кемпірді іздеп шықты. Сөйтсе, кемпір орта жолда, үстіндегі қос шекпеннің біреуін шешіп, таяқ шаншып, соған іліп, екіншісін жамылып, бір қолының жұдырығын аспанға қарата түйіп, қатып қалған екен.

Орынбор. Приютта

Көкек, мамыр айларында Шапқат інім екеумізді Орынборға приютке берді. Шапқат інім сол жерде ауырып, көп ұзамай қайтыс болды. Мен сол жерде екі айдай болдым.

Сол балалар үйінде мен Бисенбай Шымыровпен бірге болдым. Өзі менен сәл үлкендеу секілді. Бисенбай, біз оны Бисекен дейміз, кейін Тайпақ қарақұл совхозында қой бағып, орденді шопан атанды ғой. Әкесі Шымыр – қажыға бес мәрте барған, мешіт ұстаған адам болатын. Атасы – әйгілі жырау тана Сүгір Мырзалыұлы еді.

Бірде Бисекен жел шығарып қойып, мен оны «осырақ» деп мазактадым, ол мені қуғанда, баспалдаққа шалынып құлап, он аяғымның тірсегін оңбай жаралап алдым. Аяғымның сол жері жылтырап, тақырланып бітті, әлі күнге дейін ізі бар...

Сол приютта мен Шымыр ишанды көзіммен көрдім. Сол-ау деп ойлаймын, Бисекеннің тірі кезінде айтпаппын, сұрамаппын.

Сол 1932 жылдың бір күні приютке Шымыр келді. Ұзын бойлы қара кісі екен. Үстінде жадағай шапаны бар. Бисекенді көп жатқызбай, бір айдан кейін алып кетті.

Приютта жатқанда тағы бір оқиға есімде ерекше қалды.

Бір күні приютқа қазақтың бес азаматы келді. Біреуінің мұрты, көзілдірігі бар. Осы күні ойласам, Ахмет Байтұрсынұлына ұқсайды. Олар бізден қай ауданнан келгенімізді сұрады. Бәрімізбен сөйлесті. Сонда мен «Ойыл ауданынан келдім» деп жауап бердім. Өйткені, Ойылда бір айдай отырдық қой. Ағайлардан естігенім бар еді. Содан әлгі кісілер өздері тұрып ақылдасты. «Бұлардың ішінде оқуға жарайтындарын өз ауылдарына жеткізіп, оқыту керек, қазір барлық жерде мектеп ашылды, детдом бар» дегені әлі есімде... Бұл да 1932 жылдар шамасы. Бірақ мені мамандар көп кешікпей приюттан шығарып алды. Біз елге қайтатын болдық...

Елге қайту

Елге қайтуды ойлаған біз ғана емес екенбіз. Көп адам жиналып, бірге жүретін болды. Басшымыз – Базарбай деген жігіт. Солармен ілесіп, көлік жалдап, елге қайттық қой.

Жол бойындағы әңгімені айтайын. Базарбай бір кемпір мен шалды жолдың жанымен, екіаяқ арбамен көштен бөлек жолсыз жүргізеді. Жолшыбай орыстардың сиырын ұрлайды екен. Ол сиырды әлгі шал мен кемпірге жетектетіп қояды. Орыстар атпен шауып келіп, көшті қарап кетеді. Бірақ көште сиыр жоқ қой. Екі-үш күн өткен соң әлгі сиырды сойып, бүкіл көш бөлісіп алады. Осылайша, Қобдаға келгенше үш сиыр жедік...

Елек, Қобда деген жерге келсек, жолдың екі беті керемет бау-бақша екен. Бүкіл көштің адамы әй-шәй жоқ, бақшаға жайылып кетті. Шетінен жұлып, жеп жатыр. Орыстың қатындары бажылдап жүр. Бірақ оған қарап жатқан ешкім жоқ. Алдымызда үлкен поселке бар екен. Соған келгенде, он шақты атты кісі көшті тоқтатты. Ішінде селсоветі бар. Бір сағаттай сол жерде тұрдық. Бір мезгілде әлгі Базарбайымыз аузы-басы қан болып құлап түсті. Көш шуылдап кетті. Базарбайдың шешесі бастаған көп адам аттылыларға сойыл ала жүгірді. Аттылылар шегініп, қайтып кетті.

Базарбай өтірік өлген екен. Жанына келген өз адамына сыбырлап: мені арбаға сал да, көшті тоқтатпандар!» депті. Оны біз алғашында білмедік. Арыстай етіп көтеріп арбаға салды. Көш жүріп кетті. Сонынан қарасақ, әлгі өліп қалған Базарбайымыз

шауып жүр! «Тіпті жібермейтін болған соң біреуінің үзегісімен өз мұрнымнан ұрып жіберіп, құлай кеттім ғой» дейтін көрінеді жарықтық.

Тайсойғанда

Сонымен не керек, 1932 жылдың сүмбіле айында елге келдік. Ел өте күйсіз екен. Жол бойында әне жер, міне жерде аштан өліп жатқан адамдар. Кәтөлегі бір жерде, бөркі мен таяғы бір жерде. «Аштан өлген кісінің моласын көргенім жоқ» дегенді аштан кісі өлмейді екен деп ойласам, расында да аштан өлген кісіде мола болмайды екен... Осыларды көргенде, мен қорқамын. Мамам қолымнан жетектеп, өлген кісілерден бұрылып кетеміз.

Елге келсек, ағайындардың көбі жоқ. Бірқатарын Қаратөбеге, енді біразын Тайпакқа көшірген, колхоз-совхозға ұйымдастырған. Тайпак ауданы құрылған, орталығы – Қалмыков болыпты. Елде Орлықөл, Қамыскөл деген колхоздар ұйымдасқан, оларды ТОЗ деп атайды екен. Олардың орталығы Балабейіт деген жер. Кейін Қызылту, Жангелдин болып өзгерді. Осы ауылдардың бәрі де сол кезде Орал облысындағы Тайпак ауданына қарады. Қызылқоға ауданы болып кейіннен бөлінді. Аудан орталығын 1957 жылы Миялыға көшірді.

Ескі жұртта

Елге келген соң Тайсойғанға бардық. Өзіміздің қыстау бұзылып қалған екен. Әуелгіде Қабдеш ағайдың қыстауына кіріп отырдық. Мамам, Қожабек ағай, Шамшырақ апай үшеуі құмаршық қағады. Мен үйде қаламын.

Сол жылы Жаманғараның қыстауына қыстадық. Қасымызда Тау, Сағижан ағайлардың үйі болды. Үйде тек Шамшырақ апай екеуміз боламыз, мамам мен ағай қыстың күні де үйге тұрмайды. Ар жағымызда, Ойылда №23 ауыл бар, онда, Үштамақ деген жерде «ақ тарының атасы» Шығанақ Берсиев колхозы бар. Ол жақ ашаршылық жылдарында керім күйлі болды. Мамамдар сол ауылға барып, біреудің тарысын қуырып, біреудің тарысын түйіп беруге жалданады екен. 10-15 күн өткенде келіп, тапқан тары-талқанын арқалап әкеліп береді. Сосын қайта кетеді. Мені бағатын – Шамшырақ апай. Апай 1921 жылы туған, естияр ғой. Шағырды арқалап әкеліп, үйді ысытып қояды. Менің үстімде киім жоқ, жалаңбұт, бұтым шыт-шыт көгала болып, оттың алдында тұрам. Өзінде жоқ болса, тума да қараспайды екен.

Сонымен сол қысты сол жерде өткіздік.

Аштық жағадан, бөрі етектен...

Келер 1933 жылы жазғытұры көшіп, Бесотарға, Жантума бапамның үйіне келдік. Көшкенде немен көштік дейсің ғой?! Мамам қазан мен аяқ-табақты арқалайды. Қожабек ағай алаша, көрпе-көпшікті арқалайды. Олардан ауысқан ондай-мұндайды Шамшырақ апай арқалайды. Міне, көшкен түріміз осы. Тайсойған мен Бесотардың арасы 70-80 шақырымдай болып қалар. Қазір көлікпен өлшеп көруге болар еді...

...Күзде «жауын көп» деп, тағы да Тайсойғанға бардық. Бұл жолы Құлымжан деген байдың қыстауында қыстадық. Құлымжан – Машақтың немересі, Дәулетүмбеттің баласы еді. Сол жерде Есжан деген көршіміз болды. Әйелінің аты Рысты еді. Менімен шамалас кішкентай қызы болды. Әлгілердің екі қазақы қойы, егізден туған төрт қозысы бар еді. Сол екі қойды сауып, май жинайды, айран ұйытады. Жарықтық, өте жақсы адамдар болатын. Айранынан бізге беретін еді.

Бір күні түсте үлкендер өздері шәй ішіп отырып қалды. Қойды қарауды Есжанның қызы мен екеумізге тапсырды. Үйдің қасында ойнап жүр едік. Бір көк ит келіп, бір марқаны иығына салып алып кетті. Біз жүгіріп үйге келіп айттық. Есжан артынан қуып жете алмай қалды. Ит дегеніміз қасқыр екен.

Бай қыстауларының иесі

...Иесіз қыстауға жалғыз өзім үш күн түнеген уақытым болды. Мамамдар бірде «енбеккүн бөледі» деп Балабейітке кетіп қалып, үш күнге дейін келмеді. Үйге кірсем, төбеде бірдеңе сатырлап жүреді. Төбеге шығып отырсам, үйде салдырлайды. Есімбай дегеннің қыстауы еді.

Тайсойғанда талай мәрте құмаршық қағып жүрдік қой. Шәріптің қыстауы да қасиетті еді. Шәріп деген – Халел Досмұхамедұлының ағайыны. Машақтан Дәулетүмбет, Досмұхамбет. Дәулетүмбеттен – Құлшымбай мен Шәріп. Бәрі де айтулы байлар ғой. Біз сол жылдары Тайсойғанда Досмұхамедтің қыстауында отырып құмаршық қактық. Бір жағының төбесі ашылған, бір жағы жабық, сабан үйіп қойған қыстау еді.

Анадай жерде Шәріп байдың керім қыстауы болды. Мен кішкентаймын, тоғыз жас шамасында болармын. Қайролланың Қойсан деген апасы бар, екеуміз үйде қаламыз. Мамамдар құмаршық қағуға кетеді. Бір күні Қайролланың ағасы Құлшымбай екеуміз Шәріптің қыстауынан 3-4 пеш тас әкелдік. Мен көтере алмаймын, әкелгенім жалғыз тас.

Ертеніне нән, тайөгіздей қызыл төбет келіп, есіктен қарап тұр. Ел жоқ, құз жоқ жер ғой. Үйде оқтау бар еді, соны алып, «кет!» деп ақырып, әлгі иттің басына ақырын тигіздім, ұрғаным жоқ. Сонда әлгі ит көзі тұздай болып, маған қарады. Мен де көз аудармадым. Әлгі ит сәлден кейін бұрылып, Шәріптің қыстауына қарай жортып кете барды. Осы күні ойласам, қызыл ит – байдың қыстауының иесі екен-ау! Ол күнде баламын ғой, білмеймін. Алла тағаладан бұйрықсыз зиян жасай алмай тұр-ау. Мен сондай-сондай заттарды көзбе-көз көп көрдім ғой...

Мүреттің тонауы

Содан жыл шықты. Тағы да арқаланып Бесотарға, бапамның үйіне келдік. Қожабек ағай колхоздың өгізін бағады. Енбеккүн күзде бір-ақ есептеледі екен. Жазда ештеңе бермейді. Бапамның баласы Алдамберген ағай колхозда есепші екен.

«Тайсойғанда құмаршық көп» деген хабармен тағы кейін баратын болдық. Бапам бізге ілесті. Сонымен бесеуміз құмға бардық. Құмаршық көп екен. Бапамның Нұрқа деген қызы да бізбен бірге. Күйеуінен айрылып кеткен, мамандармен бірге ол да құмаршық қағады. Нұрқаның бұрынғы күйеуі Мүрет – жанбыршы беріш, Сағаттың баласы, Жолғожа мен Кәрімнің інісі, кешегі жылдары «банды» атанған кісі болатын.

Тағы баяғы Қабдештің қыстауындамыз. Бір күні Мүрет жайдақ атқа мініп келді. Мен жалғыз отыр едім. Әлгі Мүрет үйдегі апайдың, біздің бар пайдаға асатын заттарымызды қапқа толтырып, салып алды. «Жезде, мұны неғыласың?» деп сұрадым, «Ертең көшеміз ғой, заттарды сіздің қыстаудың бұрышына апарып төгіп келем» деді. Мен соған нандым. Кешке апайлар келді, үйдің іші тас-талқан.

– Бұл не? - дейді. Мен жездем келіп кеткенін айттым. Онын мені алдағанын қайдан білейін? Бапамның 1917 жылы туған, жігіт болған Махател атты баласы келіп жатқан, екеуі Қызылқоғаға қуып кетті. Барса, Мүрет базарда алып кеткен заттарды шетінен сатып отыр екен. Бапам Мүретті ұстап алып, сабап-сабап, қалған зат пен ақшаны тартып әкелді.

...Сол жылдары Құныскерейдің қасында жүрген үш бандының бірі Жәрдем қолында қара мылтық, жайдақ атқа мініп біздің үйге келіпті. Келе жүкті ақтарып, Қожабектің керемет күмістеген ертұрманы бар екен, соны алып, атына ерттеп алыпты. «Енең қайда?» деп ақыратын көрінеді жеңгемізге. «Оны қайтесің?» десе, «Атып кетейін деп едім! Қашар

алды деп мені көрсетіпті» дейтін көрінеді. «Өзін әурелегесін көрсетпей қайтсін» депті жеңгеміз.

Біреу «бандыға қашар берді» деп көрсеткен ғой.

Теріс бата

Сол жылы сол жерге, Жаманғараның қыстауында қыстайтын болдық. Құбаш, Тау, Сәрсенқұл және Сағижан ағайлардың үй-іші де бірге болды. Бұл төртеуі Шокан көкемнің балалары еді. Бапам да әзірге бізбен бірге болды. Себебі Нұрқа апайға Ахмет деген себек сөз салып, бапам беретін болып уәде байласқан ғой. Ахмет бұрын да бір апамызды алған жездеміз еді, ол әйелі қайтқан екен.

Сонымен, уәделі күні Ахмет біреудің биесін жалдап, 5 пұттық қап толы тары әкелді. Бұл – Нұрқаның «калымалы» еді. Мамам түнімен әлгі тарыдан қуырып, шала байып қалдық. «Жарлының бір тойғаны – шала байығаны» деген ғой. Бірақ сол күні түнде Нұрқа апамыз басқа біреумен қашып кетті.

Құбаш ағайдың әйелі Нәзираның бұрынғы байынан қалған бір баласы бар екен. Көрші ауылдағы адайларда жүреді екен. Сол Нәзира Нұрқаны азғырып, дәл Ахмет келген түні баласына қашырып жіберген екен. Шамасы бұрыннан сөзі болған ғой.

Сонымен не керек, ертеңіне қалған тарысын алып, Ахмет жездеміз кейін кетті. Бапам көзінен жас парлап, арқаға қарап, қолын теріс ұстап отырып, бірнәрселерді күбірлеп, ауылына кетті. Сірә, қызына теріс бата берген болуы керек. Нұрқа апай керемет ажарлы кісі еді. Барған жерінде бір жылдай ғана ғұмыр сүріп, қайтыс болыпты. Соңында қалған жалғыз баласы жауырыны жазылмайтын құныс болды деп есіттік.

Шоңқай

Сол жылы сол жерде қыстап шықтық. Жаз шыққасын тағы да арқаланып, атамдардың басына мамандар зиярат етті. Бұл – Тайсойғанда қазір «Уса-Талпақ» деп аталатын жер еді. Сол жүріспен Қаттыкөл Аппаққа келдік. Сонда бірнеше күн аялдадық.

Шоңқай деген болады екен. Сол ауылдың бәрі шоңқай қазады екен. Ағайлар да шоңқай қазуға кірісті. Өтшоңқай деген не десеңіз, үшқырлы қара өлеңшөптің тамыры. Соны жаңа көктеп келе жатқанда жер астынан қазып алады. Қазып алғанда әлгі тамырдың сырты түк-түк болады. Қазанға топырақ салып, әлгі тамырды топырақпен бірге қуырады. Сосын кенепке салып, ысады. Сонда тамырдың сырты тазарады. Сосын келіге түйіп, елекке елейді. Сонда аппақ ақ ұнтақ шығады. Әйтеуір кісіні

аштан өлтірмейді. Оны күнге кептіріп, шикілей түйіп, табаға салып нан да пісіреді. Наны қоңырлау болады екен.

Кешегі соғыс жылдарында Калмыковтың базарында әтшоңқайдың нанын 15 сомнан талай алып жедік...

Сол Қаттыкөлде бір шал қақпанмен қасқыр ұстаған екен. Аңшы терісін сыпырып алғанда, бір жігіт қасында отырып, қасқырдың өлімтігін «пісіріп жеймін» деп арқалап алып кетті. Елден ашаршылық әлі кетпеген уақыт қой.

Бізді құтқарған құмаршық

Сонымен канша уақыт өткенін білмеймін, тағы да көшіп, Бесотарға тағы келдік. Қожабек ағай тағы да жұмыс жасады. Адамберген ағай есепші. Алажаздай осында болып, күзде тағы Тайсойғанға кеттік. Сол жылы құмаршық жақсы шыққан екен. Бес пұттық қаптармен 4 қап құмаршық алдық. Қазан айының аяғында Қазбек деген жерге келдік. Шапыық деген ағайдың үйі жер қыстауда отыр екен. Жерқыстаудың бір жағын бізге берді. Сонда қыстап шықтық.

Осы қыста мамам да жамбасынан тесіліп, жара шығып, ауырып, өрең жазылды. Жарасына қойдың құйрығын тарту керек болған, содан мені Нұрхан деген басқарманың үйіне құйрық сұрауға жіберді. Құдай итеріп, басқарма нән білем құйрық берді. Әлгіден жұқалап қана кесіп алып жараға тартып, қалғанын құмаршық көжеге салып ішіп, қарық болып қалдық. Ағай үйге тұрмайды. Бізді асыраған Шамшырақ апай. Даладан отын арқалап әкеледі. Екі мезгіл — таңертең және кешке құмаршықты шикі түйіп, көже пісіріп береді.

Сол қысқа төрт қап құмаршық жетті. Төрт қап құмаршық, біз де төртеуіміз: Мамам, Қожабек ағай, Шамшырақ апай, мен. Таңертең бір қалбыр түйіп, көже қылады. Кешке бір қалбыр түйіп көже қылады. Аппақ, қою құмаршық көже. Осылайша қыстан шықтық...

Жара

Орынбордан келгеннен кейінгі жоқшылық жылдар. Тайсойғандамыз. Бір күні басыма жара шықты. Биігейе берді, биігейе берді, бір елідей болып өсті. Бір күні үйде мамам жоқ еді, Рамазан деген жиен бар. Қожабек ағай екеуі «шашынды аламыз» деп кірісті. Басымдағы жараны «Қағып жіберейік пе, қағып жіберейік пе?» дейді. Бір мезгілде ұстарамен қағып жіберді. Шым ете түсті, ақ көбік болып қан ақты. Адам әбден азып-тозғанда шыққан таздың анасы болар деп ойлаймын. Күні

кешеге дейін шұңқырайып, тақыр болатын еді. Қазір шаш шығатын болды.

Біздің ауылда Мәмбетқали дегеннің таз баласы бар еді. Бапам бірде сол Мәмбетқалидың көмбесінен бір шәй сандық тауып алып, ішінен бір пышақ алды. Сол пышақты қайрап, менің шашымды алғаны есімде. «Тағы жұғады, бекер аласың» деп жылағаным қарамады. Сөйтіп жүргенде шынымен тұла бойыма түгел сары жара қаптап шықты. Шәлидің баласы Әлмұқан деген ағамыз бар еді. Етік тігетін, қолы шебер еді. Менің жара басқан шашымды тек сол кісі өзінің пышағымен алып жүрді. Басқа кісі қорқып, ала алмайды. Жарам тіпті өршіп, басым телпек құсап тұтасып кетті. Тіпті болмаған соң бір күні жарама лампа (керосин) жақтым. Құданың құдіреті, содан жазылып кеттім...

Қыстың күні қуып шықты

Жазда Қожабек ағайдың Бесотарда, колхозда өгіз баққанын айтып едім ғой. Күзді күні, қысқа қарай «еңбеккүнімді алам» деп Қожабек ағай Саралжынға кетті. Сонда еңбеккүнге 25 пұт тары тиген екен. Оны бізге қалай алып келсін, көлік жоқ қой. Амалсыз сол жерде сатып, ақшасын алыпты. Қазбекте Зұлқаштың баласы Халес дегеннің кемпірі Жәмилә жалғыз тұратын, біз соның қыстауында отыр едік. Қожабек ағай қыстың күні бір қалашыға ілесіп, бізге өрең жетіпті. Жолда бір аяғы үсіп кеткен екен. Терісі сыдырылып, көпке дейін жазылмады. Жарасына қоянның терісін жауып, майын жағып жүрді.

Әлгі Жәмилә кемпір «иісі шығады, сасық» деп, бұзауіс сары қарда бізді нән үйден шығарып жіберді. Содан шұбырып, бапамның қыстауына келдік. Ол қыстау Қазбектің түбінде еді. Мұнда Нұржанның баласы Ахмет деген себек ағайындарымен отыр екен. Қабай, Ахмет, Рахым деген үш ағайынды еді. Қабай жездемсіз болатын — Мәмбетқалидың қызы Мағзұғаның күйеуі еді. Бірақ біз барған кезде Қабай қайтыс болып, апамыз кетіп қалған екен. Ахмет дегеннің өзі де әуелде Түйтүйдің қызын алған жездемсіз еді. Оның бапамның үлкен қызы Нұрканы алмақ болған «құдалығы» сәтсіз болғанын жоғарыда айтқанбыз.

Сонымен, бұлар да бізді жаратпады. Нұржан дегеннің кемпірі әрі-бері сөйледі. Бірақ шықпадық, бапамның қыстауы, қайда барамыз?! Сол қыста сонда болдық.

Молдағамның кітаптары

Тағы жаз шықты. Қожабек ағай сол жердегі колхозға кіруге арыз берген екен, «байдың баласы» деп алмады. Бұл шамалауымша

1935 жыл болса керек. Бір күні колхозға тышқан аулауға «наряд» (тапсырма) келіп, мамам, Қожабек ағай, Шамшырақ апай үшеуі соған кетті. Ол күнде аудан орталығы – Калмыков.

Мен Қазбекте қалып қойдым. Мені неге тастап кеткенін білмеймін. Айтпақшы, әлгі Қазбектегі үйдің бір бөлмесінде молдағам – Дүйсентай әйелімен тұратын. Сол үйде екі айдай жүрдім. Біз Дүйсентайды «молдаға» дейміз. Талпақтың немересі, кішкентайынан діни оқу оқыған, керемет молда кісі. Бірақ сол кезде ауырып, көбіне бөлмеден шықпай жататын еді.

Осы Молдағамды колхоз басқармасы, аты Жарылғас, әкесінің аты Берекет, «сортатам» деп тыныш жатқызбады. Ағайдың екі жәшік кітабы бар еді. Кілең қызыл былғары, қара былғарымен тыстаған, адамның сәулесі түседі. Соны білген басқарма «Бүкіл кітаптарыңды тапсыр!» деп қоймады.

Бір күні түнде молдағам жәшіктен кітаптарын алып, шаңын сүртіп, әрқайсысын бір қарап ұзақ отырды. Сосын таң ата басқармаға «екі жігітінді жібер» деп хабар жіберді. Екі нән жігіт келіп, екі ала қап кітапты арқалап алып кетті.

Молдағамның кітап ашып, дұғалық беретін «кәсібі» бар еді. Сол кітабын ғана жасырып алып қалды. Әлдекім келіп, дұғалық сұраса, шапанын бүркеніп, құманын алып, дәретке барғандай аулаққа шығып отырып, дұғалықты жасырып жазып алып келетін. Бай мен молданы ит қосып қуып жатқан кез, қорқарды ғой.

Молдағамның бүкіл тумалары Орынборда қалған. Жазғытұры өзі де Орынборға кетіп қалды. Әйелі Әзипа әрі нағашы апамыз, әрі жеңгеміз ғой. Колхозда жұмыс жасайды. Мен Қорғанды бағам. Ол күнде Қорған еңбектеп жүрген бала еді.

Молдағам арада бір ай жүріп келді. Сол кезде шаруасы күйлі. Туып тұрған екі сиыры болды. Сол қос сиырды әйелінің төркіні, Тілеп деген жанбыршының үйіне тастады да, аяқ астынан көшіп кетті. Мен себектің үйінде қала бардым...

Жат үйде жалғыз

Сонымен ағай Орынбордағы туыскандарына кетті. Мен себек беріш Ахмет пен Рахымның үйінде қала бардым. Сол үйдің қойын бағып, күзге дейін жүрдім.

Ағайынды себектер маған алғашында қой бақтырды. Далаға барып, өзімше бағып келем. Осылай бірер күн өтті. «Әй, мынау қой бағуға жарайды екен» деп әңгімелеп қояды. Тағы бір күні қой бағып жүріп, өрістен қайтқанда, қойды қоя бердім. Қозысы

ауылдағы қой маңырап шауып ала қайқайды. Мен жете алмай қалдым. Қой жамырап кетіпті. Келгесін маған қатты ұрысты. Сол оқиғадан кейін маған қой бақтырмады.

Сөйтіп жүргенде күз болды. Қыс болса келе жатыр, мен тырдай жалаңашпын. Шолақ көйлек-дамбалым бар, ол да бүтін болмас. Сонымен қыркүйектің 15-тері шамасы болар деймін. Ағайынды жігіттер ақылдасып, «Осы Жантума Қаратөбе районында, Бесотарда дейді» деп, мені Бесотарға, бапамның үйіне апарып тастамақ болды.

Күн суық. Кімдікі екенін білмеймін, аяғымға бір баланың етігін сұрап кигізді. Үстіме жеңін салақтатып жеңгесінің күртесін жапты. Сонымен мені Рахым алып жүрді. Жолшыбай Көркияк деген жерде бір үйге қондық. Бір аяқтан көже берді. Ол күнде осының өзі үлкен байлық. Рахым ағай анда-санда мені арқалайды. Шамасы ілесе алмайтын болармын. Ертеңіне кеште бапамның үйіне де жеттік. Рахым ағай бір қонып, менің аяғымға кигізген етікті алып, ал күртені қалдырып кетті.

Күртенің хикаясы

Сонымен Бесотарда жүріп жаттым. Бапамның әйелі Ықия шешеміз маған шотпен жусан шаптырып қояды. Оны отын орнына жерошаққа жағады. Қамқа деген қызы менен бір жас үлкен еді. Сол жылы бірінші класс оқиды екен. Бапамның Алдамберген, Махател деген балалары да колхозда қызметте. Алдамберген совхозда совет секретары, әрі бухгалтер.

Сол күнде бапам үйі өте күйлі, екі бұзаулы сиыры, бір дөнені, ешкілері бар. Сиыры мен дөнелінің тезегін Ықия шешеміз түскен бойында жинап алып, соқпалап, жинап қояды. Ол – қыс бойы жағатын отын.

Сонымен, бір күні жусан шауып келсем, шешем Ықия мен киіп келген күртені тігісінен сөгіп, ішін сыртына айналдырып, қызы Қамқаға мықынды бешпент тігіп жатыр екен. Ішім удай ащыса да үндей алмадым. Үндейтін күйім жоқ қой.

Сонымен қыс болды. Баяғыдай жалаңашпын, от басында отырам. Бапам кәрікүлак кісі ғой. Естімейтін, білмейтін нәрсесі болмаушы еді. «Қалисалар Кінәзда, Базаршолан деген жерде, «Жетінші» санды қой совхозында көрінеді. Мен Мұратты үйіне алып барайын» деп, мені алып жүрмек болды.

Бесотардан Тайпаққа

Сонымен бір күні бапам дөнеліні шанаға жекті. Мезгіл қаңтар айының іші еді. Мені тыр жалаңаш күйімде киіз үйдің туырлық

кизіне орады. Бесотардан танертен ерте жүріп кеттік. Бапам анда-санда «тондың ба?» деп сұрап қояды. «Жоқ» деймін. Киізге ораған адам тонатын ба еді?! Содан кешке таман бір үйге келдік. Бұл сол кездегі Тайпак совхозының Қоскөл атты шопан қыстағы екен.

Біз жеткен қыстақтағы қойшылар бапамды танып, «жездеlep» керім болып қалды. Сөйтсек, бұлар сол Тайпак совхозының шопаны, жаңбыршы беріш Қайыр, Сәрсен деген ағайынды жігіттер екен.

Қайыр, Сәрсен — бапamның бірінші әйелі Ұлдаштың інілері екен. Жантума бапам әуелі Үмбет деген байдың Ұлдаш деген қызын айттырып алған. Ол төңкерістен бұрын болған оқиға. Ұлдаштың жасауын он үш түйеге артып, бес қанат отаумен, екі қос атпен, қос жорғамен (жібек жабуынан тек тұяғы көрінеді дейді) ұзатқан ғой. Ол шешеміз ерте қайтып, Алдамберген, Махател атты екі бала, Нұрка атты қыз қалған. Кейін бапам екінші әйелін жайық беріштен алған.

Әлгі Қайыр, Сәрсен бәрін біліп отыр:

Ертеніне бапам екеуміз қайтадан жолға шықтық. Екіндіден жоғарыда бапам мені Ұзынқораға, өз үйіме жеткізді. «Тоғайдың шөбін жесе, атым кекіреlep қалады» деп, дөненіне шанаға салып келген шөбін берді. Танертен ертемен балдыздарына жетіп қонбақ болып, кейін кетіп қалды.

Сонымен, ағайынды шопандар біздің үйді анық біліп отыр. «Қожабек тоғайда ағаш кеседі. Апамның (жаңбыршы болған сон, мамамды апа дейді) тұрмысы жақсы, күйлі. Ұзынқора деген жерде отыр. Баянтөбенің бір жағында нән құлпытас тұр, сол құлпытастың аржағында ұзын қора бар, сол қораның қасында екі қыстау бар, сонда» деп бәрін айтты. Сол жерде Омаштың баласы Мәпет көкеміз бар екен. Мамаммен белнемере Қашифолла дейтін нағашым да сонда екен.

Бұлар өте күйлі екен, бізді етпен, шәймен сыйлады. «Бапам бұл ауылдан шанасына шөп салып алды, ертеніне жүріп кеттік.

Отбасыма оралу

Кіші бесінде үйге де бардық-ау! «Тоғай шөбінен атым кекіреlep қалады» деп қорқып, бапам атына шанаға салып келген шөбін беріп, ертесіне «балдыздарыма барып қонам» деп кетіп қалды.

Баянтөбеде Омаштан туған Мәпет көкеміз бар екен. Мамаммен белнемере Қашифолла дейтін нағашым да Тайпақта екен. Жақсы болды...

Сонымен үйге келдім. Енді аз да болса жаңа өмір басталды. Осында қыстап шықтық. Жазғытұры ауылға бала пішетін қожа келіп, шеркеш кара Кабидың баласы Мұқай екеумізді сүндетке отырғызды. Мен «көп кесіп алды» деп бақырып жылап, ана бөлмеден Қожабек ағай жүгіріп келіп, молданың жағасынан алып, сабамақ болғаны әлі есімде. Үлкендер араға түсіп, әрең арашалап алған...

Жазында тағы да тышқан аулауға кеттік. Жайықтың арғы бетінде, Бағырлай бойында болдық. Үлкен палатка, көп адам. Соның ішінде тұрамыз, бәрі біздің жақтан келгендер. Көбі тоғызбай (ысық), мамамды таниды. Мен үйде қалам.

Қанша ай жасағанын білмеймін, бір жалақы алғанда мамам, ағам және Шамшырақ апайдың жалақысы жоқ болып шықты. Жанағы көп тоғызбай қаралық қылып, жалақы төктірмепті. Сосын ағай Қалмықовқа барып, бастықтарына жолыққан. Сол жерде нағашымыз Жолғожа бар екен. Соған да айтқан. Сөйтіп, келесі айда біздің еңбегімізді кассирдің өзі есептеп, жанағы кісілердің жалақысынан ұстап, алып берді. Сонда жанағы адамдар «сен қуынып ақша алуды қайдан білесің?!» деп, ағайды сабады. «Атасы басқамен аң аулама!» деген мақалдың растығы осыдан көрініп тұр ғой.

Мектеп. Бірінші сынып

Жұмыс бітіп, күзге қарай бұрынғы жерге қыстадық. 1936-37-нін қысы. Сол 1937 жылы мені мамам бірінші класқа оқуға берді. Ұзынқорадан Қызылжарға барып оқыдым. Киім де шамалы: аяғымда кесікбас галош, мамам тоқып берген жүн шұлық. Үстім де онып тұрған жоқ. Әйтеуір зерек болдым. Сол күнде он жастан асып кеткен болармын. Ол кезде «метірке» деген жоқ. Мұғалімдер «Нешелесін?» дегенде, «1928 жылы тудым» деп жаздырдым. Сол жылы бірінші клас оқыдым.

Бірінші класта Жанакала жағынан келген Ғабылжан Кабиев атты жас мұғалім сабақ берді. Кабиевтар ағайынды екі жігіт болатын. Кейін екеуі де соғысқа шақырылып, үй-іші еліне қарай көшіп кетті ғой.

Сәуір айында ағайлар қырға сакманға, қой қоздатуға көшетін болды. Енді маған қалатын үй жоқ болып, мені алып кететін болды. Осы күнгі Құсанов Бақытжанның мамасы Сәуле «біздің үйде қалсын» деп алып қалды. Тоғай деген баласы менімен бірге оқитын еді. Сонымен бірінші класты үздік бітірдім. Суретті жақсы салдым. Оқымай жүріп-ақ оқи білетінмін. Зерек болдым ғой.

Оқу жылдары

1938-1939 жылы 2-класта бізді Сыдиық Есмағамбетов есімді мұғалім оқытты. 1939-1940 оқу жылында (3 сыныпта) Тұрсынғали Мұқанов атты мұғалім сабақ берді. Ол керемет домбырашы еді. 1940-1941 жылы Төлеген Қажығанов есімді мұғалімнен білім алдық.

Бірінші класс бітіретін жылы оқудан тарап, ауылға қайтатын болдық. Жоғарыда айтқандай, мамандар Жаманқұдық жакка малға кеткен. Тоғайдың әкесі Құсан деген кісі – №1 ферманың «транспорты» еді. Екі өгіз арбаны біріне бірін тіркеп, бізді қырға алып жүретін болды. Баянтөбеден тұсқайта шығып, ымыртта Қоскөлге келдік. Сол жерде өгіздерді туарып жіберіп қондық. Таң ата өгіздерді қайта жегіп, жүріп кеттік. Шектібайға тал түсте жеттік. Ол күнде Баянтөбе мен Шектібайдың арасында ел де, су да жоқ. Біздің үй Төбекұдық деген жерде, Төремұрат деген шопанның қарауында екен. Көп кешікпей ағайларды пішенге алды. Ағай арбамен пішен тасып үйеді. Апай сабан (грабля) айдайды. Маман шөмеле салады. Мен үйде болам. Нан көмем, тары қуырам, тамақтарын әзірлеп қоям, әйтеуір сиыр сауған жоқпын, басқанын бәрін жасадым.

Осы жылы Шамшырақ апай тұрмыс құрды. Жездеміз Сағынғали руы тана, тәуір адам болатын. Сол жылы Баянтөбеге қыстадық. Жездемдер немере ағасы Ғаппас дегеннің қолында тұрды. Ағай қысы-жазы жұмыстан үзілмейді. Еңбегіне қарай ақшасын алып тұрады. Маман Қашығолла інісінің үйінен бір ұрғашы баспақ сатып алды. Сонымен малымыз да болды.

Жаз тағы пішенге кеттік. Әуелі шөпті Дүйімбайдан шапты, елде шөп шықпай қалған сияқты. Содан кейін біздің пішеншілер Жымпиты ауданының Үйтолы деген жерінен шөп шапты. Сол күнде совхозда жалғыз полуторка машина бар екен. Күздігүні оқудың балаларын жинауға келді. Өлгі машинаға 12 кісіден артық мінгізбейді екен. Бір орыс механигі бар, шопыры Төлегеннің ағасы Дүйсенбай деген жігіт. Сонда кісіні санағанда, мен он үшінші болдым. Мені алмайтын болғасын, отырған кісілердің арасына, аяқ астына етпетімнен жата қалдым. Елсізге шыққасын барып басымды көтердім. Енді қайдан тастасын. Орыс пен шопыр керісіп, орыс үстіне мінді. Бір мезгілде орыс «машина бұзылып тұр» деп, «шопырға айтындар, жайлап айдасын» деді. Соның арасынша машина да тұрып қалды. Маң дала. Ел жоқ. Орыс түсіп, шопыр екеуі түнімен жөндеп, әйтеуір таң атқасын жүріп, совхозға жеттік.

Қызылжарда маманның Бұлды деген туған сіндісі тұратын. Халықберген мен Ақгүлсім деген екі баласы бар. Мен сол үйге бардым, мамандар қырдан келгенше сонда жатып оқыдым. Апай детдомның балаларының тамағын пісіреді. Тамақ тоқ, бірақ маған тезек тергізіп қояды. Көшеде менен басқа балалар тезек термейді. Мен тезекті арқалауға ұялып, жермен сүйретем. Апай қапты неге сүйретесің, тесіліп қалады» деп ұрсады. Бірақ өз балаларын жұмсамайды.

Кластас қыздар мен ұлдар тоғайға барып, соның жапырағын әкеліп, суретін салып жатады. Мұғаліміміз Орда жақтан келген бір жас жігіт еді. Бірде сабақ үстінде «Балдардың бәрінің не істеп жүргенін білем» деп әңгіме айтып отыр еді. Мен қарап отырмай: «Мен не істеп жүрем?» деппін. «Сен көшеде тезек теріп жүресің ғой» деді. Қатты ұялып қалдым...

Ағалардан айрылу

1938 жылы 18 ақпанда Қожабек ағай армияға кетті. Онымен бірге Бүркітбай ағай Есенгелдиев, Төшти (Өтеген Қамешов), Таңбай (Ерғожин) бәрі бірге кетті. Ол екі жыл өтіп, елге қайтам деп тұрғанда соғыс басталып кетті ғой. «Ала таяқтың түбіне Германия да әскерін төгіп жатыр, біздікілер де әскер төгіп жатыр...» деп жазған ең соңғы хаты соғыстан он үш күн бұрын келді. Ол соғыспай, бірден тұтқынға түсіп кеткен болар, кейінірек, бертінде өз ажалынан өлді ғой деп ойлаймын...

Қабжанов Бітім деген ағамыз Қарабаудың «Қызылүйінде», детдомда оқиды екен. Әуелде Құлтума көкем бауырына басқан бала ғой. Тоғызыншы класс бітірген 1939 жылы бапам Қарабаудан алып келіп, жаздай біздің үйде болып еді. «Құттымұратты оқытамыз ғой, енді біздер есейдік қой» дейтін еді. 1940 жылы күзде, он бітірген соң армияға алып кетті...

Құлтума көкемнің кіші әйелі Нағипа шешемізден туған Шәки деген ағамыз да детдомда өсіп, институт бітіріп, Оралдың аржағындағы бір орта мектепте мұғалім болған екен. Сол жақта ол да армияға қаралып, алғашқыда әскерге жарамаған. Есептен шығып, «біз бар» деп Тайпакқа, үйге келді.

Сол күздігүні мен Қызылжарда, интернатта жатыр едім. Мәпеттің қызы, Рысжанның апасы Сәнім апай тамақ пісіреді. Бір күні жанында бейтаныс жігіт отыр екен. Апай мені шақырып, «Құттымұрат, сенің ағаң бар ма еді?» деп сұрады. Бұл келген Шәки екен. Ағамыз пойызда келе жатқанда бүкіл киімін ұрлатып алыпты. Үйде Қожабек ағайдың посылкамен жіберген киімі бар еді.

Соның бар киімін, пальтосын мамам түгелімен Шәкиге кигізді. Шәки ағай Қызылжардан жұмыс сұрап еді, орын болмады. Ақыры №14 ауылға, Қараменге жұмысқа жіберді. Сол жерде үш ай мұғалім болды. Өте сауатты еді. 1941 жылдың 20-наурызында ол да армияға алынды.

Соңғы екі ағай – Бітім мен Шәки жоғары білімді мамаң болғандықтан, әскерде офицер болған. Алғашқыда «Челябиде кісілерді ойнатып жатырмыз» деген хаттары келетін, «соғысқа аттандық» деген ең соңғы хаты соғыс кезінде келді.

Оқудың соны

Сонымен, соғыс басталды. 1942 жылы қаңтардың 7-сі күні Тайпак совхозынан 107 жігіт армияға аттанды. Ішінде жездем Сағынғали да бар. Біздің үй Баянтөбеде, ал апай Байшөректе, бір шопанның қарауында еді. Қибаджан 6 айлық бала еді. Жазға қарай біріктік. Мен төртінші кластың үш тоқсанын оқыдым, төртінші тоқсанды оқи алмай, жұмысқа шығып кеттім.

...1942 жылы күзде Базаршоланнан Қалмыковқа қарай шығар көше бойындағы дүкен алдында екі-үш баламен бірге қарбыз жеп отыр едім. Қызылжар орта мектебінің директоры Ғабдолла Махамбетов мектептің нән кара нарын арбаға жегіп, Қалмыковқа қарай кетіп бара жатыр екен. Қасында Күлшәт деген үлкен қызы болды. Мені көріп, түйені тоқтатты да, арбадан түсіп, бізге қарай жүрді. Ғабдолла ірі денелі, сақалды, салмақты, көп сөйлемейтін кісі еді. Қырық жыл мұғалімдік қызметі үшін Ленин орденін алған. «Мұнда кел!» деп мені қасына шақырды. Мен жанына барғанда, қолымның қарынан ұстап тұрып: «Құттымұрат, сен неге оқымай жүрсің? Сені біреу оқытпай жүр ме, әлде жағдайың келмей ме?» - деп сұрады. Мен үш ағамның соғысқа кеткенін, оқуға жағдайым келмейтінін айттым. Ол басын шайқап, «әй, Құттымұрат, қор боласың-ау, қор боласың-ау! Оқуың керек еді ғой!» деп біраз өкініп тұрып, кетіп қалды...

Айтпақшы, соғыс біткесін, 1947 жылы мен жетінші класқа бардым. «5-6 класты Қаракөлде оқыдым» деп мұғалімдерге өтірік айттым. Менімен бірге оқыған балалар ол кезде 9-класта оқиды екен. Олар да, мұғалімдер де көмектесті. Алгебра болмаса, өзге пәндерді тез игеріп алдым. Бірақ Сейітбаев Қаби деген ферма менгерушісі мені совхоз мүшесі ретінде тамақ алатын карточка тізімінен қысқартып тастап, амалсыз оқуымды тағы тастауға тура келді. Сол кезде мектептің оқу ісінің менгерушісі Мұрат Тасбаев болатын. Ол үйге қайта-қайта келіп, «мектепке кел, оқуыңды

жалғастыр» деп біраз үгіттеді. Алайда, жоғарыдағы жағдайларға байланысты бұдан кейін мектепте оқи алмадым.

Еңбекке араласу

Сонымен 1941 жылы төртінші сыныптың үш тоқсанын ғана оқыдым дедім ғой. Төртінші тоқсанын оқи алмадым. Соғыс басталып кетті.

Рахманқұл деген ат бағады. Совхоздың қорасында жем көп. Жем дегеніміз – жарған арпа. Ол кезде жұрт әлі аш. Ақтау мен Атыраудан түйелі қалашы шұбырып жатады. Әлгі Рахманқұл мені жұмсайды. «Ат шанамен анаған жем апар, мынаған жем апар» деп жібереді. Бес-алты қапшықтан апарып берем, бір қапшығын маған береді. Жөкшылық кез ғой. Мамам жем сатып, біраз ақша жинады. Мата жөк кез ғой, жайма алып, көйлек тікті, самаурын алды.

Мен жаз пішен шабам, қыс біреудің қарауында қой бағам. Осылай өмір өтіп жатты...

Тайпаққа киізге оралып келген едік. Көрмегеніміз жөк қой біздің. Аштық, тоқтық, бәрі бастан өтті. Ауырдық та. «Уай, шіркін, атқа мінген кісінің арманы бар ма екен?!» деп едік, ат түгіл екі-үш мәшине тоздырдық...

«Жақсыға дәулет бітсе, бақ байланар,

Жаманға дәулет бітсе, ауа айнарлар» деген. Кейінірек қызыл машина алып, елдегі ағайындардың бәрін аралағанда, бәрі де ештеңе демей, құрақ ұша қарсы алып, мал соямыз деп тұрды.

Аштық туралы

Кешегі ашаршылықта байдың малын алғанда «кедейді күйлендіреміз, көктетеміз, бай мен молданы құртамыз» деді. Бірақ, өз ажалынан болмаса, байдың біреуі де аштан өлген жөк. Малының пайдаға асатынын сатты, жаман-жәуітігін үкіметке берді де, көшіп кетті. Ал сол баймен күнелтіп отырған кедейлер, жақын-жуық, бәрі қырылып қалды. Баяғы бізге «көш, көш!» дейтін шолақ белсенді Әуелбек те аштан өліпті.

1932 жылы күздігүні елге қайтып келгенде, қырылып жатқан адамды көзіммен көрдім. Мамам мені жетектеп жүреді, айналып кетеміз. Берірек келген соң бапам екеуіміз Тайсойғанға талай бардық. Сонда бапам өне жерге де, мына жерге де құран оқиды. Мола жөк, қызыл шағыл. «Бапа-ау, неге оқисың, мола жөк қой!» десем, ана жылы аштан өлген кісінің жүзін асырып едім» дейді. Омаштың баласы Темірболат та он екі жан отбасымен өз қыстауында көрпені жамылып, алашаны қабаттап, тізіліп аштан өліп қалған. «Терезден шығарып, сүйреп апарып көмдім» дейді бапам. **Фейсбуктан**

АШАРШЫЛЫҚ АПАТЫ

...Ал енді аштықтың нақты да жантүршігерлік көрінісі қалай болды десек, ол туралы да архив қойнауында деректер баршылық.

Жеті адам қол қойған Шу елді мекеніндегі құжат осыны дәлелдейді:

«...Шу поселкесінің маңайындағы төңіректе №75 барақтағы босқындар жатағының және тамақтандыру орнының санитарлық жағдайын тексеріп шықтық. Сонда мыналарға кездестік: ішінде босқындардың жатақханасы және тамақтандыру орны орналасқан №75 барак жан төзгісіз лас жағдайда: баспан әл-дәрмені таусылған көбі әзер дегенде қозғалатын босқындарға лық толы. Баспан сыз, былғаныш, сасық. Аш адамдар (100-ге тарта адам) жерде жатыр. Баспананың айналасы ластанып кеткен; барлық жерде сүйектер, жыртылған киімдер, адамдардың қоқыстары және шығыс жағында тоғыз өлік жатыр, барактан біраз жерде солтүстікке қарай ордын ішінде тағы да өлік.

Барақтың орнынан шығысқа қарай 1,5 шақырымдай қашықтықта шұқырда бес өлік жатыр. Көмілмегені, сирак және қар еттерінің кесіліп алынғаны кісі етін жеудің орын алғанын айғақтайды. Қазақ бейігі жас молаға толы...»

1932 жылы күзде Л.Мирзоянның және Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы Төленовтың атына жазылған, арыз иесінің аты көрсетілмеген өтініште мынадай жолдар бар: «...Орталық Комитеттің 17. IX – 32 жылғы шешімін Алматы облысының Қоңырат ауданында жүзеге асыру нәтижелері:

№ 1 ауыл	52
№ 2 ауыл	26
№ 3 ауыл	98
№ 4 ауыл	257
№ 5 ауыл	180
№ 6 ауыл	42
№ 8 ауыл	288
№ 10 ауыл	50
№ 11 ауыл	317
№ 12 ауыл	190
Барлығы:	1600 адам.

Бізде №14 ауыл туралы мәлімет жоқ. Бұндағы адамдар ауданның оларды аман алып қалуға мүмкіншілігі бар кезде-ақ аштан өліп қалды. Мұндай маскара құбылыстан басқа мынадай мысалға душар

болып отырмыз: Сталин атындағы колхоздың № 12 «Ақтас-жартас» аулында 4 адамды 19 адам жеп қойыпты. Олардан адам еттерін және өлекселерін тауып алдық. Әлібек колхозында 22 адамның 21-і өлген кезде, қалған біреуі өзінің туған ағасының етін жеген.

Мұндай фактілерді тағы да келтіре беруге болар еді, бірақ, аудан жағдайы туралы түсінік алу үшін келтірілген мысалдардың өзі де жетіп жатыр».

Мұрағат қойнауындағы деректерден ұғатынымыз, алапат аштық, әсіресе, 1933 жылға қарай өршіп кеткен. Хат иелері кол қоймаған тағы бір құжатта мынандай мәліметтер бар:

«1933 жылдың қаңтарынан 31 наурызына дейінгі уақытта Қордай ауданы бойынша жиналып алынған өліктер; ауылдық кеңестің берген мәліметтері:

Ауылдық кеңестің аттары	Өлген адамдар
Благовещенский	51 адам
Успеновский	80 адам
Горно-Никольский	101 адам
Чернореченский	150 адам
Брицкий	213 адам
Георгиевский	76 адам
Барлығы	671 адам

...Успен ауылдық кеңесінде бір байдың баласы көшеде екі адамның басын сүйретіп жүрді (Ол ұсталды, ОГПУ тұтқынында отыр)».

Тағы бір құжатта осыған ұқсас төмендегідей жантүршігерлік деректер бар: Кемшіліктерге мыналарды жатқызуға болады:

1) Босқындарды оларды орналастыратын жерлерге қайта жөнелтудегі салақтық. Осының арқасында жекелеген станцияларда (теміржол бойында – Т.О.) осындай ошарылып қалулар орын алды.

2) Қаратал аудандық атқару комитеті және Іле поселкелік кеңесі ашығып өлген босқындардың өліктерін жинап алуға немкетті қарады. 23. XI - 33 жылы Үштөбенің оперативтік пунктін бастығы жолдас Савельев және... жол. Кашкиров Үштөбе поселкесіндегі сүт фермасына баратын жолға жақын маңайда шашылып жатқан бірнеше өліктерге кездескен. Оның үстіне бір өліктің көзін құстар шоқып тастапты. Сұрастыра келгенде бұл өліктердің жатқанына 10 күндей болғаны анықталды. Бірнеше өліктер теміржол бойындағы

жағалық орлардан табылды.. Оларға мола қазбау үшін осылай істелгені көрініп тұр. Ал жалпы тұрғындар әңгімесіне қарағанда, поселкедегі барлық шұңқырлар өліктермен толтырылған және қармен бүркемеленген. Поселкеден 5-10 шақырым қашықтықта жол бойында көп өлік шашылып жатыр. Байқағанымыз: өлгендердің есебін ешкім де жүргізбейді, өйткені өлгендер санына байланысты қойылған сұраққа поселкелік кеңес төрағасының орынбасары Сихымбаев жолдас былай деп жауап берді: «Қар ериді емес пе, міне, сонда өлгендер қанша екенін көретін боламыз».

Соңғы екі күнде поселке бойынша 30-ға жуық өліктер жиналды». Бұл деректерді жазып отырған сол жылдары Турксиб ҚГПУ-ы жол қатынасы бөлімінің бастығы Евграфкин деген кісі.

Ал енді облыстық комитет уәкілінің 1933 жылы 22 ақпанда О. Исаевтың атына жазған хаты бұдан да бетер жан түршіктіреді. Онда мынандай жолдар бар: «азық-түлік қиыншылығына байланысты босқыншылық кейбір мәліметтерге қарағанда Ақсу ауданында 32-жылдың қазан-қарашасында-ақ басталыпты.

...Аштық негізінде өлгендер саны, милицияның мәліметі бойынша, 1083 адамға жетеді (15 ауылдық кеңестердің мәліметтері); ал табиғи өліммен өлгендерді қоссақ - 2064 адам. Осыған жақын сандарды басқа органдар да беріп отыр.

Жылқының қиынан сұлы жинау, өлген малдың терісін жеп қою жағдайлары жиі кездеседі. Соңғы күндері адамды жеп қою туралы сөздер жиі таралып жүр. Үш жағдайды тексергенімізде мұның өзі азық-түлік алу үшін арандатуға ұқсады, бірақ сенуге болатын да жағдайлар кездесуде (аудандық атқару комитетінің төрағасы Т.Тынысбаевтың мәлімдемесі). Бұл іске байланысты кінәлілар ұсталды. Тынысбаев жолдастың мәлімдеуінше, тіптен 2 тұтқынға әйелдері алып келген шелектерде пісірілген адам еті бар болып шықты. Аудандық комитет уәкілінің айтуынша бұл адамдар ұдайы таяз молаларды ашумен айналысып, өлік етімен тамақтанып келген. Бір жағынан, рас бұл кісі етін жеу емес, дегенмен өзінің сипаты жағынан үлкен мазасыздық туғызатындай.

Бұл мемлекеттік банк меңгерушісінің орынбасары Қ.Османовтың айтқаны: олардың ауласына кірген 27 жасар шамасындағы жігіт әжетханада адамның нәжісімен тамақтанған. Сүйек-саяқты, немесе көшеге лақтырылған жеуге жарарлықтай әйтеуір бір нәрселерді жеп жатқандарды мен Изринович Масин жолдастармен бірге Үштөбеде БК(б)П аудандық комитеті алдында және Ақсуда кездестірдім...» **Талас ОМАРБЕКОВ «Ақиқат» №7, 2004 жыл**

АШТЫҚТА ЖЕГЕН ҚҰЙҚАНЫҢ ДӘМІ...

Нұрлығай ҮРКІМБАЙ «Азаттық» радиосы

Менің бала кезімде апаларымыз таба нан көметін еді. Кәдімге қос дөңгелек табаның арасына, асты-үстің сексеуілдің шоғымен көміп пісіретін, қазақы таба нан. Ол кез - Мойынқұмның алыс тұқпіріне орыс бөлке пешінің әлі жете қоймаған шағы. Әсіресе, анам Мазак Жанпейісқызының пісірген наны бірыңғай қызылсарғыш тартқан, ерекше дәмді болушы еді.

Бастауыш класта, сурет пәні бойынша мұғаліміміз “аналарыңның суреттерін салыңдар” деп тапсырма бергенде, әлі есімде әп сәтте таба нан ұстаған анамның бейнесін сала қойдым. Суреттегі таба нан айналасына шуақ шашқан күнге ұқсап бейнеленген екен. Құдды бір анашым алақандарымен Күнді көтеріп келе жатқандай. Шіркін, бала қиялды қойсаңшы!...

Үшінші сынып оқушысының сурет дәптерінде ондай көріністің пайда болуының өзіндік сыры бар еді. Оның себебі, әркез, жаңа піскен нанды қолына алған сәтінде анамның жүзі біртүрлі нұрланып сала беретіндей көрінетін маған.

- Қандай тоқ болсаңдар да, нанды аяқ-асты етпендер,-деп отырушы еді жарықтық.

Оның сырын анам маған 9-ға толған кезімнен былай қарай там-тұмдап айта бастаған еді. Бәлкім, келер жылы бақилық боларын іштей сезді ме екен, кім білсін, әйтеуір ол кісі нанның қадірін, ашаршылықтың халыққа тигізген зардаптарын көбірек әңгімелеуге тырысты.

Сол әңгімелерінің есімде қалған кейбір сәттерін анамның өз атынан қағазға түсіруді жөн көрдім.

ҚОЛДЫ БОЛҒАН ҚАЙРАН АСТЫҚ

Біздің ауыл ежелден-ақ диканшылықпен айналысып, тары егетін еді.

- Небір жұт жылдарында мыңғырған малынан айрылып, таяқ ұстап қалған талай байлар тарылы ауылға келіп паналаушы еді. Жайшылықта “шіріген тары” деп мұрындарын шүйіретін олар аштық құрсауынан құтылу үшін бір қап тарыға бір қызын беруге әзір тұратын,- деп аталарымыз айтып отыратын.

Сөйтсек ол казак даласының өз ішінде болып жататын өзара ауыс-түйіс, бірі киналса аман қалған келесі жағы қол ұшын беретін жаймашуак кезең екен-ау.

“Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің” демекші тұтас казак шыбындай қырылған аштыққа дәл Совет кезінде кезіктік емес пе?

Аулымызды аштық дендеген 1931 жылы мен небәрі 9 жаста едім, қызым. Дәл қазіргі сенің жасыңда болатынмын.

Одан 3-4 жыл бұрын “мойынсерік боламыз, одан шет қалғаның - халық жауысың” деп, қызылдың белсенділері зорлықпен халықтың бар мал-мүлкін ортаға салдырып, онда бір зардап шеккен едік.

Екі жолы да негізінен мал бағып отырған замандастарымыз баудай түсті. Егін еккендер терісі сүйегіне жабысса да, әйтеуір азды-көпті аман қалғандары болушы еді.

Диканшылықтың жайын күн ілгері ойлағандықтан әкем Жанпейіс інісі Нұрпейістің отбасын бірге көшіріп апарып, Шу өзенінің суы еркін жететін Құшаман тоғанының басына үйлерін тігіп, егін салған еді.

Сол жылы егін бітік шықты. Әке-шешелеріміз тарының бір-неше қабын ақтап, келіге түйіп әзірлеп, шетінен азық етпекке үйге кіргізіп, мойынсерікке өткізетін қаптарды бөлек қойып, шикі тарының біраз қабын “ұзын-сары келгенде талғажу етеміз” деп, ұраға тығып, ал көктемгі егіске ұрық болсын деп тағы бір-екі қабын бөлек көміп тастаған еді.

Арба мінген белсенділер ойламаған жерден, тапа-тал түсте үйімізге сау ете түсісті. Белдерінде-қайыс белбеу, қолдарында-қағаз тола папқалары. Енді ойлап отырсам, сол қағаздар талай адамның малын тәркілеп, өздерін аштықтан қаңғытып жіберген әрекеттерінің қаттамасы екен ғой. Ол кезде біз оны қайдан білейік?! Әйтеуір тапанша асынып, қызылдардың шошақ баскиімін кигендерді көрсек бітті зәре-құтымыз калмаушы еді.

- Біз ауданнан бұйрықпен келдік. Тыққан-бүккен астықтарыңның бәрін шығарыңдар. Панимаш, елден бөлектеніп егін егіп, единоличник болайын деген екенсіңдер ғой? Совет үкіметі ондай сорақылықтарға жол бермейді! - деді тапалтақ бойлы біреуі.

Сонымен не керек, ақталған тарымыздың да, шикі тарының да, мойынсерікке дегенінің де бір қабын бізге қалдырмастан, түгел тиеп әкетісті.

Үйімізде мал дегенде малдан екі-үш ұсак тұяқ бар еді. Оларды да алдарына сап айдап кетісті. Шиедтей бала-шағасы бар мына қос үй не ішіп, не жейді-ау деген ой саналарына кіріп те шыққан жоқ.

Аузымыз анкиып, жаңа ғана не болғанын толық пайымдай алмастан қала бердік. Алғашқы боп ес жиған әкем еді:

- Көнбеске амал кәне, біздің қолымызда не тұр дейсің, тәйірі! Келер жылға да жететін астық жинадық деп мәз болып едік. Енді өлмес жайымызды ойлайық. Тұқымдыққа деп алып қалған екі қап тарыны бұлар байқамады... Бұл да болса өлмес өзекке талғажу болар. Соны үнемдеп, екі үйіміз талшық етелік, - деді әкем.

Сөйтіп кара суға талқан шылап жеп, жабайы шөпті дәтке қуат еткен ашаршылықтың ызғарлы күндері бір-ақ күнде басталды да кетті. Оның үстіне қылышын сүйретіп қыс та келіп қалған болатын.

Аштықтан әлсірей жүріп жинаған отын-потынымыз жер-төлені жылытуға келгенде бұйым болмай қалды. Әрі қарыны аш адам жаурағыш келеді екен.

Әлгі қос қап тарыны аналарымыз мейлінше үнемдеп, келер көктемге дейін жеткізуге тырысты.

Аналарымыз мамыражай жылдары, қолдары сәл қалт еткен кездерінде үйдегі тері атаулыны айран жағып, жұмсартып, жұкарта илеп, жеп-женіл етіп қоюшы еді. Дикан ауылдың көктем келе, жердің тоны түсісімен егін егуге кірісіп, содан жиын-терін біткенше бел шешпейтіні бар ғой.

Аналарымыздың қолы ісмерлік өнерлеріне тек қыс айларында ғана тиюші еді. Жіп иіру, тоқу, илеулі тұрған терілерден шекпен, сеңсең тігу сияқты шаруаларын қыстың суық күндерінде бітіріп алатын. Аштық жылы қатты әлсіреген анамыздың қолы ондай істерге бармады.

Әлі есімде тамақ сұрап қыңқылдаған біздің алдымызға, анамыз сандықта жатқан, бұрын иленіп қойылған жаңа тулақты жайып жіберді де, соның үстіне бір уыс тарыны шаша салды.

Қу құлқын-ай, десейші! Жүні тықырлай қыркылған, әлгі тулақтың қылшықтарының арасына тары жарықтық домалап барып, бізден әдейі жасырынып қалатын сияқты. Сонда да кіншентай ғана саусақтарымызбен тарының әр түйірін “тығылған” жерінен тауып алып, теріп жеп қояр емеспіз.

Кейін ойлап отырсам, аналарымыздың сонысы ақылдылық болған екен ғой. Әуелгі пайдасы сол: біз-сәбилер әр түйір тарыны

іздегіштеп жүріп, аштығымызды естен бір сәтке болса да шығарып жіберетінбіз.

Тағы бір басты пайдасы - егер сол бір уыс тарыны шүпірлеген балалардың алақанына бөліп сап берсе, әп сәтте-ақ оны аузымызға құя салып, одан аштықтың беті қайтпай анамызды тағы да мазалар едік.

Әрі аш өзекке бірден түскен тамақтың адамды сеспей қатыратыны тағы бар. Демек, аналарымыз бізді аштық құрсауынан ғана емес, ажал тырнағынан да арашалап отырған екен.

Осылайша, ол кісілер қос үйдің балаларына танертен, түсте, кешке бір-бір уыс тарыдан шашып отыратын еді.

Біздің “қарнымызды тойғызып” болғаннан кейін дәл сол тәсілмен үлкендер де “тамактанатын”.

Алайда, қыстың бел ортасына жетпей-ақ ол қаптардың да түбі көрінейін деді.

АШТЫҚ ПЕН АУРУ “ҚОЛ ҰСТАСЫП”...

Бір күні әкем Жанпейіс баласына карап:

- Шайдабай қарағым, ел іші ғой, ауылға барып кел. Көз-көргендер талғажулық бірнәрсені берер ме екен!? - деді.

Сонымен ауылға кеткен Шайдабай ағамызды күтіп, екі көзіміз төрт болуда. Құдды бір ол кісі қойны-қонышын нанға толтырып, олжалы оралатындай-ақ, неше түрлі тәтті қиялға беріліп, ауыл жаққа жалтақтап қарағыштаймыз.

Қарнымыз тоқ кезінде аулымызға салып-ұрып, жаяу жалпылап, бір-екі сағатта жетіп барушы едік. Енді міне аштық әлсіреткен адамға ол екі аралық айшылық-алыс жолдай боп қалады екен.

Соны білген әкеміз бәріміздің ішіміздегі, салыстыра келгендегі, қуаттысы деп ағам Шайдабайды жұмсап отыр емес пе!?

Ағамыз ауылда екі күн қонып, үшінші күн дегенде әл-дірманы құрып, жертөлемізге әзер жетті.

Айтпақшы, бұл жертөлени де қос үйдің азаматтары бойларында күш-қуаттары бар жылдары, дикандардың уақытша пайдаланатын мекен-тұрағы ретінде әзірлеген еді. Енді ол қаласак та, қаламасақ та, бізге қыстау боп шыға келді.

Шайдабай ағам сол барғаннан, ауылдан ауырып қайтты. Келісімен ол кісіге шай орынына ішіп отырған шөптерін қайнатып беріп, шешелеріміз әлек болды да қалды.

Айтуынша, аштықтан әбден ыныршақтары айналған ауылдастарымыздың қуаттылары сонау жер мойыны шалғайдағы Шу қаласына ағылып, ал үйден аттап шыға алмайтындарының көз жұмғандары көз жұмып, аман қалғандары құр сұлдерін сүйретіп жүр екен.

“Жұт жеті ағайынды” демекші ауылды ауру жайлаған дейді. Шайдабай ағам да соның салқыны тисе керек. Төсек тартып, ұзақ жатты.

Дегенмен, аштық пен ауру қаншама қыспақтаса да, жастық жігерінің мысқалдай да болса қалдығы бойында сақталса керек. Ағам біртіндеп басын көтере бастады.

Әттен дүние-ай! Әлгі аты белгісіз сырқаттың әсері оларға да тиді ме екен, әйтеуір онсыз да құр сұлдері қалған әке-шешем қыстың соңын ала бакилық боп кетісті.

Бір байқағаным, аштықтан титықтаған адамның қайғыруға да шамасы келмейді екен. Бар қолымнан келгені, сеңсең ішікке оранып, бүк түсіп жатып қалдым. Біздің балаң жүректеріміз одан әрі езілмесін дей ме екен, әйтеуір үлкендер жағы қайғыларын ашық көрсетпеуге тырысатын сияқты.

“Өлмеген құлға болды жаз” деп көктем жарықтық та бір күндері біздің босағамыздан сығалады-ау, не керек! Диканшылықпен бала жастан айналысқандықтан, ағам Шайдабай біраз шөптерді жыға танып, талайының пайдасын біледі екен.

Енді біз түрлі тамырлар мен шөптерді теріп жеуге кірістік.

Тағы бір қуанғанымыз-былтыр тары екен жерімізде, теруге жарамай төгіліп қалған масақтан, әжептәуір егін қылтия шығып, құлақтанып қалған екен.

Әкеміздің бауыры Нұрпейіс пен менің Шайдабай ағам:

- Құдай бұйыртып, осы тарыны күзде жинап алсақ, ішпей-жемей қысқы азығымызға сақтайық, - деп шешісті.

Жаз бойы шөптің тамырынан бастап, әр-нәрсені қорек еттік. Алғы деген шөптің тамырын көбірек жеп қойып, сол екі арада қос үйден тағы біраз адам о дүниелік боп кетті.

Адамның жоспарлағаны бола берген бе, тәйірі! Күзде жинаған тарымыз мандымды болмады. Бар-жоғы жарты қап тары шықты.

Келер 1932 жылдың қысы да айрықша қатты болғаны есімде. Аштық қыспағынан біз, қос үйдің балалары тез есейдік.

Марқұм аналарымыздан көрген тәлімімізді енді біз қайталауға көштік. Бұрынғысынша тері бөстекке бір уыс тарыны шашып

жіберіп, соны қалың орман ішінен құлан іздегендей-ақ, қуалап жүріп теріп жеуімізді одан әрі жалғастырдық.

Маңдайға жазғанға амал бар ма!? Аштықтың екінші қысынан келер көктемге қос үйден үш-ақ бала аман шықтық. Нұрпейіс ағамның қызы-Қаншайым әпкем, ұлы (өкінішке қарай, Нұрпейіс атаның ол ұлының есімі балалық жадымда сақталмаған екен-Н.Ү.) және мен аштық тырнағынан аман шықтық, қызым. Мүмкін менің аман қалуым сендердің көрейін деген жарықтырың шығар.

Кейін Нұрпейіс атаның ол ұлы да созылмалы аурудан қаза тапты. Бауыр дегенде менде тек Қаншайым әпкем ғана қалған еді. Анда-санда біздің үйге келіп тұратын еді ғой. Сол кісі де алдыңғы жылы қайтыс болды, қызым. Енді менің балаларым да, бауырларым да сендерсіңдер, ботам...

Адал еңбегімен күнелтіп, бейбіт отырған момақан дикандардың астығын белсенділер сол жылдары неге тартып алды. Неге біз аштан қырылдық? Ол жағын білмеймін, балам.

Халықты жаппай қыру кімге керек болды? Түсінсем бұйырмасын...

Сен әлі кішкентайсың ғой. Бұл айтқандарымның құлағына бірі кіріп, бірі шығып жатқан шығар. Айтпайын десем тағы болар емес.

Өйткені, сол ашаршылықтан кейін менде асқазан сырқаты пайда болған еді. Соңғы кездері сол құрғырың асқынып бара жатқан сияқты. Қазір, шүкіршілік, қора тола-қой, шара тола-май. Бірақ, амал бар ма! Ішкен асым бойыма сіңбейді.

Олай-бұлай боп кетсем... “Арпа ішінде бір бидайымсың” ғой. Сен нағашы жұртыңның жағдайын біліп жүрсін деп, әдейі айтып отырмын, қызым.

Алланың көрсеткенінің бәріне де шүкір. Тек қана, ағайынды Жанпейіс-Нұрпейістен бір ұрпақ қалмады-ау, деп армандайтыным бар. Әттең дүние-ай, аштық деген сол сұрқиядан талай ошак сөніп, небір ұрпақтар жалғаспай қалды ғой... Қайтейін-ай!

Сен әлі баласың ғой. Бұл айтқандарымның қаншасы құлағыңда қалды, қаншалықты түсіндіре алдым!? Оны бір Алла ғана біледі, балам”.

ШЫНДЫҚТЫ БІЛМЕСТЕН КӨЗ ЖҰМҒАН ҚҰРБАНДАР

Осылай деп әңгімесін аяқтаған анам бір кезде қос алақанымен бетін басып, солқылдап ұзақ жылады. Анашымның онаша қалғанда жылайтынын бұдан бұрын да талай рет байқап жүретінмін. Алайда маған шағынып, егілуі бірінші рет еді. Мен сол арада не істерімді білмедім. Бар болғаны мойнынан құшақтап алып, қосыла жыладым. Жұбату сөздерін де айта алмадым. Тоғыз жасар қыз не айта алар дейсін, тәйірі.

Оның үстіне анамның ағынан жарыла айтқан сол әңгімесінің себеп-салдарларын сол кездері түсінбегенім анық еді. Тіпті қазақ халқына қарсы 1931-33 жылдары қолдан ұйымдастырылған қырғынның түп-төркінін, шығу тегін анам жарықтықтың да жыға түсінбегені-кәдік.

Себебі екеуара бұл әңгіме маған 1964 жылы айтылған болатын. Ол кезде Совет үкіметінің ақ дегені-алғыс, қара дегені-қарғыс боп тұрған жылдар еді ғой. “Апыр-ау, сонда неге солай болды, ей?” деп, жан баласынан жақауратып та сұрау мүмкін болмаған екен ғой.

Ал 1931-32 жылдары Қазақ жерінде Совет үкіметінің темір қолымен тікелей ұйымдастырылған ашаршылықтың біздің отбасымыздағы соңғы құрбаны - менің Анам, сол аштықтан “мирас” боп қалған сырқатымен ауруханада алысып жатып, 1965 жылдың маусымында, 43 жасында мынау жалған дүниеден өтті.

Осылайша, зұлмат аштықтың суық ызғары біздің де жүрегімізге жара салып, бесіктегі кенже інімді тіпті ана уызына жарытпай, жетім қалдырды.

Жариялылық заманында бұл тақырып там-тұмдап айтыла бастаған еді.

- Апыр-ау, осы бір қарғыс атқыр бойкүйездіктен, енжарлықтан қашан арылар екенбіз? Өткеніміз бен бүгінімізді өзара жалғап, одан әрі болашағымызға ұластырып, халық тағдырын екшей ойға салуға, өткеннен сабақ алуға келгенде неге біз жалтақпыз?! - деп күйінеді аштық жайлы сөз бола қалса, біздің ауылдастарымыз.

Қазақстанның өз тәуелсіздігін алғанына екі онжылдыққа жуық уақыт өтсе де, қазақ халқын жер бетінен жоюға тікелей бағытталған сол аштық жылдары жайлы біз әлі күнге дейін жеткілікті түрде айта алмай келеміз. Неге?!

ЖЕЛТОҚСАН АРДАГЕРІ, ҒАЛЫМ ӘРКЕН УАҚТЫҢ АЗАТТЫҚ РАДИОСЫНА 2002 ЖЫЛЫ БЕРГЕН СҰХБАТЫНАН ҮЗІНДІ

“КПСС Орталық комитетінің пленумында жасаған Филипп Голощекиннің баяндамасында мынадай деректер келтірілген. 1932 жылы Сталинге келіп, Қазақстанда өте күрделі жағдай қалыптасып, ашаршылықтан халық қырылып бітуге жақын қалды дегенде, Сталин “от этой желтой заразы только так можно избавиться” деген екен. Сонымен бұл - жоспарлы түрде жүзеге асырылған шара. Көшіп жүрген халықты еш ұстай алмаймыз, оларды қырып тастап, қалғандарын тырп еткізібей ұстап отыру керек деген екен. Бұл - 1931-33-ші жылдардағы қазақ жеріндегі аштықтың геноцид болғанына тағы бір дәлел...

Тағы бір деректерді алға тартсам, “Знамя” деген журнал 89-шы жылғы нөміріндегі 176 бетінде 1928 жылдан бері қарай, сол жылдары Совет үкіметінің қай елге, қанша астық сатқанын келтіреді. Онда 1928 жылы 1 млн пұт астық сатылған, 1929 жылы 13 млн пұт сатқан, 30-шы жылы 48,3 млн. пұт, 1931 жылы қазақтар қырылып жатқанда 51,8 млн пұт астық шетке сатылған. Онымен қоймай 1932 жылы 18 млн пұт астық сатылған. Сонда ең болмағанда бір жылғы сатқан астықтың жартысын халыққа берсе, сол ашаршылықтан талай адамды аман сақтап қалуға болатын еді» деп атап көрсетеді **Әркен Уақ**

- Апамыз марқұм өле-өлгенше айтып кетті, советтің көрсеткен озбырлығын: - 6-7 жасар қыз едім, көкеммен Ташкентке бара жатырмыз, темір жолмен қатар арба жол бойында семіз-семіз адамдар өліп жатқанын талайын көрдім дейді. Көкемнен сұраймын, «мына кісілер неге жатыр деп, ол кісі аштан өлген ғой бейшаралар» - дейді. Мен: - Олар аш адамға ұқсамайды ғой, семіз ғой бәрі» - деймін. Сөйтсем, аштықтан адам ісініп кетеді екен ғой - деп отыратын апамыз.

Сол жылдары қазақтың көбі Ташкентке келіп жан сақтаған екен. Қазіргі Ташкент қаласының маңындағы біраз қазақ ауылдарында ашаршылық жылдары арқадан ауып келген қазақ рулары деседі үлкендер.

Мына суреттердегі қазақтарды қарап сол үлкендердің айтқаны көз алдыма келді. Біздің халық не көрмеді бейшаралар! **Хақназар (Фейсбуктан алынды)**

“Күніне бір неше адам өліп, оларды өзектің сол жақ жағасына жарға жерлеп жатады. Шамасы тың жерден көр қазуға тірі жүргендердің шамасы келмейтін болуы керек. Шешем қолға іліккен жұмысты істей беретін. Кейде түнде үйде болмайтын. Сондай бір күн, түнде: “Секенжан, менің қасыма келші, мен кететін шығармын, бетіннен бір искейін” - деп, мені әпкем шақырды. Бауырына басып, үш-төрт рет сүйді. Мен ол кісінің “өлемін” деген сөзін естіп, қатты қорқып, түні бойы қасыма бара алмадым және ұйықтамадым. Таң атқан соң, ертеңгісін шешем келді. Олар көп адамдар түнімен жұмыс жасапты. Келісімен “Әпкең өліп қалыпты” деп, бір жылап алып, ағайындарды жинап келіп, апарып жерлеп қайтты. Бұл ашаршылықтың нағыз күшіне енген, 1931 жыл еді. Сол жазда кіші шешем мен оның қыздары да қайтыс болды. Оларды да сонда жерледік (жерленгеннен гөрі “бетін жасырдық” деген дұрыс болар).

1931 жылы мен мектепке бардым. Оқу орысша. Бір жақсысы, мектеп жақын болды. Үлкендер СНК-да (Подхоз Совета Народных Комиссаров, кәзіргі Іле ауд., Алматы обл.) жұмыс істеді. Істейтіндері қара жұмыс. Тәуір жұмыстың бәрі орыстардың қолында. Олар бақша егеді, шошқа, тауық ұстайды, қазақтарға “шекесінен” қарайды. Біздің “жер күркеде” тұратындардан 5-6 ғана бала оқыды.” (**Дұшпан Дұшпан, Фейсбуктан**)

Өмір Шыныбекұлы, Шымкент

- 1932 жылдың көктемінде қазақтардың қыстан ілдалдалап аман шыққандары басы ауған жақтарына жаяу - жалпы шұбырып босып кете барды. Оңтүстік қазақтарының бет алысы Ташкент қаласы болды, қаланың іші және оған бастап баратын жолдардың бойы адам өліктерінен аяқ алып жүргісіз еді. Талай қазақ жарты күлше үшін 12-13 жасар қыздарын өзбектің шалдарына тастап кетті. Жарты күлше өз жаны мен қалғандарының жанын сақтаса, қыздарын шал болса да тиген күйеуі аштан өлтірмес деген үміт еді!

Біздің ауылдың тұрғындары (ОҚО, Төле би ауданы) тау асып Өгем арқылы Ангренге бет түзейді. Менің әкем, аштықтан әлі болмай, босқан елге ілесе алмай қалады. Менің әкем Шыныбектің ағасы Еркебайдан басқа барлық туысы 1917, 1921-22 жылдардағы ашаршылықта қырылып қалған еді. Жаңа экономикалық саясат жылдарында қайта әлденіп, өздеріне жетерлік “дөнгелек дүние” құрып алған Еркебай 1928 жылы белсенділердің қуғынына ұшырап кеткен еді. Кешегі “құлақтың құйыршығы” - 21 жастағы

менің әкем 1932 ж. жазға салым, ауылда біреудің мал қорасында кірпігі әзер кимылдап, өз өлімін күтіп жатты. Күн мен түн есебінен баяғыда - ақ жаңылып қалған әкем, бір есін жиғанда қораға біреулердің кіргенін сезеді.

Күбір-күбір дауыстардан ажыратқаны... келгендер - ауылдағы кооперация одағының төрағасы Қонақбай (атақты боксшы Серік Қонақбаевтың атасы) мен оның інісі екен. Аштарға азын-аулақ талқан таратып, шалап ұрттатып жүрген Қонақбай інісіне "Мынаның аузына шалап тамыз" десе, інісі беті бүлк етпей: "Бұл шешенді пәлен қылайын, берсең де өледі, бермесең де өледі" дейтін көрінеді.

"Аш өле ме, тоқ өле ме, оны Құдай біледі" деп інісіне зекіген Қонақбай әкемнің аузына шалап тамызып, талқан жегізеді.

Өкінішке орай, 1934 ж. "Халық жауы" ретінде ұсталған Қонақбай, 10 жылға сотталып, 1939 жылы сол жақта қаза тапты. Екінші әлем соғысынан аман оралып, өмірге 4 ұл, 3 қыз келтірген, менің әкем 1980 жылы 69 жасында дүниеден өтті. (Фейсбуктан)

Амандық Әмірхамзин

Торғайдағы 1931-1932 жылдардағы ашаршылық

- Ұзақ өмірімде небір қиыншылықтарды, жетімдік пен жоқшылықты, кедейшілік пен таршылықтың бәрін бастан өткіздім. Қазір 85 жасқа келіп отырмын. Қазақ айтады: «Жастықта өлім берме, қартайғанда бейнет берме» деп. Адам баласы өмірге келгеннен кейін, армансыз болмайды. Менде де арман болды. Қиялға беріліп, өткен күнді ойлай беруге болмайды. Қазіргіге шүкіршілік етемін. Бұл мұсылмандықтың бір міндеті екен. Әкеден алты жасымда, шешеден он сегізге келгенде жетім қалдым. 1931-32 жылдардың аштық зұлматын, 1941-1945 жылдардағы соғыс кезіндегі тылдағы қиыншылықтардың барлық қасіретін бастан өткіздім. Соғыстан кейін, колхоз-совхоздарда аянбай еңбек етіп, 1987 жылға дейін, зейнеткерлікке шыққанша еңбек еттім.

Бірақ, ашаршылықты өз басымнан өткізгеннен соң, кейінгі ұрпақ біле жүрсін деп есімде қалған оқиғаларды баяндап бермекпін. Кеңес Үкіметінің қолдан жасаған 1931-1932 жылдардағы ашаршылық зобалаңынан тек қана біздің бір әулеттің 35-40 шақты адамынан аштықтан кейін еркек кіндікті 3 жан ғана тірі қалдық. Бұл қасірет пе? Әрине, қасірет!

Торғайда ашаршылық зұлматы 1931 жылдың күзінен басталды. Белсенділер әуелі халықтың қолындағы малын тегіс сыпырып алып, «артель боламыз» деп бір ортаға жинады. Жинаған

малды бөлек бақтырып, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген ұранмен жекенің қолына бірде-бір мал қалдырмады. Одан да сорақысы, халықтың күнбе-күн талғажау қылып отырған азғантай бидай, тарысын тартып алды. Ең соңғы тіршілігінен айрылған халық бұл қорлыққа шыдамай әр жерде Үкіметке қарсы толқулар басталды. Халықтан жинаған малды белсенділер күндіз далаға жайып, түнде бір жерге қораға қамап, күзетуге қолында мылтығы бар күзетшілер қойды. Әбден қаны қарайып аштан өлуге айналған халық мылтықты күзетшілерге де қараған жоқ. Күзетшілерді байлап тастап қорадағы малды алып, сойған малдың етін өзара бөлісіп, бала-шағаларын асырап, аз уақыт жан сақтады. Бірақ, бұл да ұзаққа бармады. Ақыры бір жерге жинаған мал бітуге айналды. Сол бір әділетсіз заманда аштықта болған мына бір оқиға әлі күнге дейін есімде қалыпты.

Менің ұлы атам Ыбырайдан Аянбай, Қоянбай, Айнабай деген үш ұл және екі қыз туыпты. Атамыз қыздарын Ұзын қыпшақ Қаз деп аталатын руларға беріпті. Ал Аянбайдан - Қожайт, Смағұл, Әмірхамза, Әмірәлі, Сәду деген бес ұл туады. Қоянбайдан Тәжібай, Тәшпен деген екі ұл туыпты. Бұл екеуі ертерек үйлі-баранды болып бөлек кетіпті. Айнабай атамыз жастай қайтыс болып одан ұрпақ қалмаған. Ал, біздің атамыз Аянбайдан туған бес баланың үлкені Қожайт деген кісі Ахмет, Әубәкір деген екі баласымен ертерек Акқұм деген жерге (Ахмет Байтұрсыновтың «Акқұм» деген өлені де бар, Акқұм Аханның туған аулы Аккөлге іргелес ауыл) қарай қоныс аударыпты. Сол бір 1932 жылдың аштығында Қожайт әкеміз екі баласымен бірге аштықтан қайтыс болды. Осыдан кейін Аянбайдың қалған төрт ұлының іргесі ажырамапты. Ол заманда бірлік-берекенің бар кезі. Атаны бала, ағаны іні тыңдайтын заман. Ағайындылар арасында кім беделді, кімнің қарым-қабілеті мықты, кімнің сөзі өтімді, соның айтқаныменен жүреді. Сондай бір туыстарының ортасында ғана емес, көрші руларға да беделді адам менің әкем Әмірхамза. Ол кісіні қайын жұрты «Дәулетбике» руындағы, беделді әрі елге сөзін өтімді Төлекенің Әли деген кісі: - «Ой, көктаспам-ау», - деп отырады екен. Қазіргі жастар «Көктаспа» деген сөздің мағынасын біле бермейді. Ол кезде қазіргідей дайын тігілген киім болмайды. Аяқ киімді, етіккі, аттың әбзелін, жүген, нокта, шананың әбзелдерінің бәрін сиырдың терісінен жасайды. Сиырдың терісін бір-екі жеті әбден жібітіп, сыртқы жүні түскеннен кейін бөшкеге салып қояды, әбден мерзімі болды-ау деген кезде бөшкеден алып, теріні талқыға салып (теріні жұмсартатын

колдан жасалған құрал) илей бастайды. Енді талқыдан әбден иі қанып шыққан тері не сынбайды, не үзілмейді. Теріден жасаған бұйымдарды тіпті елу, алпыс жылға дейін пайдалана береді. Соңдықтан қазақ сынбайтын, иілмейтін, әділдігімен халыққа билік айтатын адамды «Көктаспа» дейтін көрінеді.

Әнгімімізге қайта оралсам, қолындағы бар малынан, күн көріп отырған бидай, тарысынан айрылған халық «бәрібір бір өлім» деп оқтан да, соттан да қорықпады. Бауырлары мен балаларын аштықтан аман сақтаймын деп сол топтың бел ортасында менің әкем де жүрді. Біз бір отбасында 16 жанбыз. Әкемнің інісі Әмірәлі екі баласы, әйелімен, Сәду деген ағам әйелімен, нағашыларым да әйел-балаларымен. Осылардың бәрін асырап, бағатын менің әкем. Түнге қарай жанына өзіне серік қылып қарулы үш-төрт жігітті қосып алып, барған бетте қорада мал күзетіп тұрған күзетшілерді байлап тастайды да, бір малды алып шығып, аулақтау жерге апарып сойып, етін бәрі бірдей бөліп алады. Біз үлкен-кішіміз қашан әкеміз келгенше аузын ашқан сары ауыз балапандай күтіп отырамыз. Ұйықтау жоқ. Аш адамда ұйқы қайдан болсын?! Сонымен түн ортасы ауа қапшығын аркалап әкем де келеді. Келген бетте шешелеріміз апыл-ғұпыл етті асып, екі-үш сағат өткенде қойға тиген қасқырдай етті жеп бітіреміз де, сүйектерін көрсетпеу үшін өзенге тастап жібереміз. Таңертең тұрар-тұрмастан ауыл советтің орталығынан өкілдер келеді. (Ол кезде әрбір ауыл совет бойынша аудан өкілдері болатын. Олардың міндеті - артелдің орталығындағы жиналған малды ешкімге алдырмау. Халықтың қолындағы ең соңғы бидай, тарысын тартып алу). Ауданнан келген өкілдерге не істеймін десе де құқық берілген. Олардың өздері сот, өздері милиция. Біздің ауылсоветке бөлінген екі өкілдің аты-жөні менің балалық жүрегімде мәңгі қалыпты. Олар Досмағамбетов Ахат деген рулас ағайын, екіншісі Көрпебаев Әрен деген кісі, руы - Баян. Олар келген бетте кешегі ұрланған малды іздеп, ұрлаған адамдарды алдына салып жаяу айдап, он-он екі шақырым жердегі ауыл советтің орталығы Көкалатқа апарып қамап тастайды. Өзі аш адамдардан жауап алады, қинайды.

- «Ұрлығыңды мойында!», - дейді. Екі-үш күн қамағаннан кейін қайтадан босатып жібереді. Қайтып келгеннен кейін олар бұрынғы кәсібін қайта бастайды. Аштықтың көкесі жаз шыға басталды. Бір жерге жинаған мал да бітті. Халықтың дені өзен жағалап балық аулауға, біразы қырдан зорман, сарышұнақ аулап кетті. Қармаққа балық та түспейді.

1932 жылдың алапат аштығы біздің тұқымға өте қатты тиді. Аянбай балаларының үлкені Қожайт әкеміз Әубәкір, Ахат дейтін үйленген екі баласымен аштықтан өлгенін айттым. Ал Әмірәлі ағам аштықта тастап кеткен әйелі мен екі баланың аянышты өлімі қосылып, ауырмай 1933 жылдың жазында қайтыс болды (ол туралы «Балалардың көз жасы» деген бөлімде жеке тоқталармын). Сөйтіп, 1931-1932 жылдағы аштықтан Торғай ауданының халқының 70-80 пайызы қырылды. Мыңды айдаған байлардың алтыны мен күмісі де, қалы кілемі де, ақ боз үйі де аштыққа араша бола алмай, айдалада иесіз қалды. Түйішкенің Назарымбет тайпасына жататын бөлен жыл болыс болған Қамбар деген кісіні ешкім үйіне кіргізбей, Босаға деген жерде аштан өліпті.

«Балалардың көз жасы»

Халық тегіс қырылуға айналды, әсіресе балалар аштыққа шыдамады. Менің әкеммен тетелес Әмірәлі деген інісінің үйелмелі-сүйелмелі арасы бір жас екі баласы болды. Жеңгіміз Лак деп аталатын рудың қызы еді. Менің әкем құда түсіп он үш жасында осы жеңгімізді Әмірәлі ағамызға алып беріпті. Сол жеңгіміз 1932 жылы бір күнде Қозған деген екі жасар (менің атыма ұқсатып қойыпты) ұлын, бір жасар Рәбиға деген қызын тастап, Дәулетбике руының Мырзағали деген кісісіне тиіп қашып кетеді. Арада бір жеті өткенде әрі аш, әрі ананың ыстық құшағын көрмеген екі бауырым бір күнде көздері жәутендеп, таң ата үзіліп кете барды. Баланың үлкені екі жасар Қозғанның «апа!» деп жылаған жан дауысы осы кезге дейін құлағымда тұр. Балалардың өлерінің алдында анасын іздеп, жан-жағына қарағанын көріп ағам Әмірәлі мен менің әкемнің әйелдерше дауыстап жылағаны әлі көз алдымда. Сол бір таршылық кезеңде іштен шыққан екі сәбиін тастап, біреумен қашып кеткен жеңгіміздің кейінгі өмірі де аянышты өтті. Тірідей жетім қалдырған екі баланың обалы жеңгімізді кешпеді-ау деймін шамасы. Кейінгі тиген күйеуінен бір қыз көтеріп, ол бергін келе тұрмысқа шыққаннан кейін қайтыс болды. Ал жеңгіміз өзінен туған бала болмағандан кейін күйеуінің жақын інісінің біреуінің ер баласын бауырына салды. Бала ержетті, үйленді. Асырап алған баласының еш алаңдығы болған жоқ. Бірақ «атаңа не істесең алдына сол келеді» деп атам қазақ айтқандай келініне жақпады. Отырса опак, тұрса сопақ болды. Асырап алған баласынан кетіп, өлер шағында бірге туған ағасының үйінен сүйегі шықты. Пайғамбар хадисінде тірі адам өлген адам туралы күнә сөз айтуға болмайтын көрінеді. Бірақ

жүреkte қалған запыран, қатқан шер бұл әңгімені ақыр аяғы айтқызбай қоймады. Тағы сол хадисте: «Егер ата-анаң қатар тұрып, баласын екеуі бірдей шақырса, әуелі анаңа бар, содан кейін тағы да анаңа бар» - деген екен. Бірақ бұл сөз осындай безбүйрек, іштен шыққан перзентін өлімге тастап кеткен анаға арналып айтылмаған шығар!

«Орынбектің тірі қалуы»

Осы аштық трагедиясының бір аянышты, сұмдық оқиғасын айтайын: бері келгенше біздің елде Орынбек деген кісі болды. Ұйықтағанда қорылдап, үйді басына көтеретін еді. Жанындағы адам ол кісінің қорылынан ұйықтай алмайтын. 1932 жылдың күз айы болуы керек. Алыстағы бір ағайынынан Орынбек жарты түттай (сегіз келі) тары алып келе жатады. Ауылына жақындағанда алдынан жаяу үш кісі кездесіп қалады да, Орынбектің қабындағы тарысын тартып алып, өзін өлтірмекші болады. Кездескен кісілердің үшеуі де таныс, бір ауылдың адамдары. Енді Орынбек өлерін анық білгеннен кейін жаңағыларға жалынып, жылайды ғой: «Сендер тарыны ала беріндер, бірақ мені тірі қалдырындар!» - деп. Уақыт тығыз. Үшеуі ақылдасып, екеуі:

«Өлтірмей-ақ, қоя берейік, қанын жүктеп қайтеміз?» - дейді. Бұл кезде Орынбектің аяқ-қолы байлаулы жатады. Ал үшіншісі, «бұл айтып қойып, бәрімізді соттатады», - деп Орынбектің кеңірдегін пышақпен тамақтан орып жібереді. Дәл сол кезде тоғай арасынан Орынбектің екі аттылы туысы шыға келеді де, жаңағылар кеңірдекті еркін бауыздауға шамалары келмей, тұра қашады. Орынбектің аяқ-қолы байлаулы, тамағынан қан ағып өлгелі жатыр. Жаңағылар Орынбекті өлтірмекші болған үшеуін де таниды. Бірақ қумайды. Орынбекті ауылға алып келіп, кеңірдегін байлап, күйдіріп киіз басып, қанын тоқтатады. Кеңірдек түбіне дейін толық кесілмегендіктен Орынбек біраз уақыттан кейін жазылып, кесілген жарты кеңірдегінен гүрілдеген дыбыс қорылмен өлгенше өмір сүрді. Кейіннен үйлі-баранды, бала-шағалы болды. Ал әлгі «мұны жіберуге болмайды» деген үшінші адамнан тұқым болмай, соғыста өлді деп отыратын ауыл адамдары.

«Туған баласын жемекші болған адам туралы»

Тап осындай бір әңгімені соғыс жылдары ауыл советінің төрағасы болған К.Досымов деген кісіден талай естігенім бар. Соғыстың жүріп жатқан кезі. Барлық жарамды адамдар әскерге кеткен. Елде кілең қатын-қалаш, бала-шаға. Тұрмыс ауыр. Жағалай жоқшылық, таршылық, техниканың да жоқ кезі. Әр бір кол-

хоз соқамен жер жырттып, егін егіп, бидай салады. Біздің жақта шығыр салып тары өсіреді. Бұл әдісті әуелде Сыр бойынан ерте-ректе келген дихан атамыз Қыпшақ Сейітқұл үйретіпті (ол атамыз туралы Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» деген әңгімесі бар). Қабырға өзенінің биік жарынан екі қатар қылып шығыр салып, тары егеді. Аяқ егін салып, бидай өндіреді. Соғыс кезінде тылда қалған халық өз бетінше еңбек етіп, өз күнін көріп, оның сыртында майданға астық, ет, май жіберіп тұрды. Егін салуға еңжар, уақытында жұмысқа шықпайтындарға ренжіп, ауыл совет төрағасы К.Досымов колхозшылардың бір жиналысында аштық кезіндегі мынадай бір әңгіме туралы айтқаны бар.

- «Мен сендерге бір түйір дәннің кешегі аштық жылдары қандай қиын болғанын, ашаршылықта аштықтан өлмеу үшін туған баласын жемекші болған бір әкенің әңгімесін айтып берейін», - дейтін.

...Аштық кезі болса керек. Әйелі, бала-шағалары аштықтан өліп, бір қарт жалғыз ұл баласымен екеуі ғана қалыпты. Шал күн сайын қакпан құрып, сарышұнақ, зорман аулап күнелтеді. Бір жеті бойы қакпанына ештеңе түспейді. Әкелі-балалы екеуі де әбден ашығады. Әке құдайға мінәжат етіп, өзіне-өзі шарт қояды. «Қой, мен бұлай етпейін. Тағы да үш күн күтейін. Егер осы үш күн ішінде қакпанға ешнәрсе түспесе баламның өзін сойып жейін. Егер мен өліп, ол қалса, балаға ешкім қарамай, бәрібір аштан өледі. Ал, мен тірі қалсам заман түзеліп, кейіннен балалы болармын», - деген ойға бекінеді. Сонымен үшінші күн дегенде шалдың қакпанына бір зорман, екі сарышұнақ түседі. Енді бұдан кейін күн сайын қакпан құр болмайды. Сөйтіп бала өлімнен қалады. Ал, сендер мына бейбіт заманда неге ерінесіңдер?! - деп жалқауларға ұрсып, ұялтатын. Мұның ар жағында айтар дәлелі болмағандықтан колхозшылар бір адамдай жұмысқа кірісетін. Сол К.Досымовтың мысалға келтірген баласы осыдан жиырма шақты жыл бұрын дүние салды. Ол кісінің атын айтып, түсін түстеуді жөнсіз көрдім. Міне, сөз құдіреті деген қайда жатыр?!

1931-1932 жылдардың аштығында көрмеген қорлығымыз, тартпаған азабымыз қалмады. Арам, адал дегеніміз жоқ, тамақтан өткен құрт-құмырысқа, бақа-шаян дегеннің бәрін жедік. Одан кейін бала жүрегімізге өшпес жара салған 1937 жылдың ойраны, 1941-1945 жылдардағы адам айтқысыз алапат соғыстың қиыншылығын бастан өткіздік. Тылда қалған кемпір-шалдармен бірге біздер, балалар да аш-жалаңаш Сарыарканың 40 градус сары

аязында, шілденің аптап ыстығында «Бәрі майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еттік. Соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтірумен, неміс фашистері окупациялаған Украина, Белоруссия Республикаларына көмектесіп, Қазақстаннан мыңдаған мал айдап бардық. Енді міне, сол қиыншылықтың бәрі артта қалды. Еліміз тәуелсіздік алып, бодандықтан құтылды. Аллаға шүкір, дінімізді, ділімізді, тілімізді де сақтап қалдық. Тәубе дейміз! Міне, біздің балалық, жастық шағымыз осындай алапат аштықта, жокшылық пен таршылықта өтті.

«Ашаршылықтағы бір таба нан»

1932 жылдың күз айы. Әкемнің туған ағасы Смағұл аштықтың алдында 1930 жылдары ата-бабаларымыздың туған жері Акқұм-Жыланшыққа көшіп кетіпті. Аштық бір кездері жерінің түгі шығатын қыс айында жылқы, қой жайылыммен шығатын осы өлкеге де қанды тырнағын салыпты. 1928 жылдардағы ұлы конфискацияда байлардың мыңдаған малдарын Кеңес Үкіметі тартып алып, өздерін жер аударғаны тарихтан белгілі. Енді 1932 жылдың аштығында халықтың қолындағы барлық малын тартып алғаннан кейін Акқұм елі адам айтқысыз аштыққа ұрынды. Аштықтан бұрын кеткен Смағұл әкем (әкемнің ағасы) сол аштықтан кейін екі баласымен аман қалды. 1932 жылдың күзінде менің әкем Әмірхамза «цинга» деген аурумен ауырып жатқан болатын. 1931-1932 жылдың аштығынан аман қалған әкем 1933 жылы наурыз айының орта кезінде осы цинга ауруынан көз жұмды. Аурудың белгісі - адамның бүкіл тістері түсіп, қызыл иек болып қалады екен. Цинганың бірден-бір емі жуа. Әкем марқұм: «Ой, дүниесі ай, Қорған («Қыпшақ Сейітқұл» атамыз салдырған қорғанның жұрнағы еді) мен Жуалы түбектің жуасына жете алмадым-ау...» - деп қамығып жататын.

Әкемнің ауырып жатқанын естіген ағасы Смағұл 1932 жылдың тамыз айының орта кезінде ауырып жатқан інісін бір көріп қалайын деп сонау Акқұмнан таңертең ертемен жаяу жолға шығады. Қойынында інісіне алып келе жатқан бір таба наны бар. Акқұм мен Албарбөгеттің арасы 80 шақырымдай жер. Өзі аш адам әбден шаршайды, жолда ішетін су да кездеспейді. Неде болса бар күшін жинап, күн батпай ел қарасына жетсем деп ойлайды. Сонымен не керек, «Қоймұрат жарығы» деген шалшық суы бар жерге де жетеді. Аздап дем алып, су ашы болғандықтан ауызын шайып, енді жүре берейін дегенде маңайда қақпан құрып, тышқан аулап жүрген үш адам қиялап жолын кесіп, әкеме

қарай жүгіреді. Түстері суық, сақал-шаштары өскен, бәрі де бұрын таныс адамдар. Олардың қолына түссе аман жібермейтіні хақ. Анадайдан айқайлап, «не тамағың бар?» деп жүгіріп келеді. Ішінде ересектеу, денелі біреуі келе сала әкеме жармасады. Олар үшеу, әкем біреу, әкемнің жалғыз қаруы қатқан қара сойылы ғана. Ал, олардың қолдарында пышақ. Әкем заманында зор денелі, батыр тұлғалы адам болған. Неде болса айқасып өлейін деп алдыңғы келген біреуін тобықтан салып түсіреді. Ол құлаған кезде аса бір жылдамдықпен қатар келген екеуін де сол әдіспенен сирақтан ұрып жығады. Ойбайлап үшеуі де жығылған кезде әкем алды-артына қарамай тұра қашады. Жүгірумен бір қырдан асып, артына қараса ешкім көрінбейді. -Уф, деп демін алып, әрі қарай жүріп отырып, күн ұясына бата «Сарытымақ» деп аталатын қоныста отырған біздің үйге жетеді. Келген бетте ауырып жатқан інісіне: «ой, бауырым тірімісін?!» - деп жылап көріседі. Ажалдан аман алып қалған қойнындағы бір таба нанды дастарханға қояды. Сөйтіп өмірін бәйгеге тігіп, көзінің тірісінде інісімен қауышады. Не деген туысқандық, не деген адами биік қасиет десенізіші!

Міне, сол әкеміз Смағұл аштықтан кейін де көп жылдар өмір сүріп, балалары мен немерелерінің қызығын көріп, бері келе 76 жасқа қараған шағында 1956 жылы дүниеден өтті. Арада көп жылдар өткенде сол баяғы Қоймұрат жарығында кездескен үш қарақшының бірі соғыс жылдары болуы керек, әкеме кездеседі ғой. Ол кезде біздің ауылды төртінші ауыл, Албарбөгет ауыл советі деп атайды. Ал көршілес үшінші ауылды Жангелдин ауыл советі дейтін. Манағы жолда әкемді өлтірмекші болған үшеудің екеуі аштық жылдары қайтыс болыпты. Үшіншісі аман қалады. Көп уақыт өткеннен кейін әкеме кездескенде былай депті: «Әй, Смағұл, сенін ажалың жоқ екен. Үш адамнан бірдей қалай құтылып кеттің?», - деп сұрайды. Сонда әкем: «мені ажалдан Алла сақтады ғой, сендер мені аяйын деген жоксындар. Ал, сендердің өмірлеріңді мен сақтадым. Үшеуіңді де сол жолы тобықтан емес бастан ұрсам өлетін едіңдер. Мен сендердің қандарыңды жүктемейін дедім, сөйтіп сендер аман қалдыңдар» - депті әкем. Ал, жанағы тірі қалған адам: «рас, Смағұл, рас!» - деп әкемнен кешірім сұрапты. Өмірде кешірімпаз болғанға не жетсін шіркін! Сөйткен әкеміз өмірдің бейнетін де, зейнетін де көріп, балаларының қызығын қызықтап, дүниеден өтті.

Еңбек және тыл ардагері Қорған Әмірхамзин (фейсбуктан, 2013 ж)

АТАМНЫҢ ӘНГІМЕСІ

Ішкен-жегенімді артық санап кеттім... Аштық жылдарындағы адамдардың азабын ойлап...

Күпірлік... Күпірлік еткім келмейді, шүкірлік етейікші... Мен оқып отырған кітаптағы аш бала жүгірген қоңызға тұра ұмтылып, артынан көзі қызарған баска бір аш адамды көргенде:

"Менікі" - деп аузына тыға салғаны... Өзегіме біреу оттық жағып жібергендей болды. Әділетсіздік-ай, нәрестенің аш қалатындай не кінәсі бар еді? Әділетсіздікті көтере алмайтын сәби жүрегімді қолыма ұстап:

- Ата! - деп жүгіріп келдім жалма-жан.

- Не болып қалды? , - деді атам құшағына алып.

- ...

- Бірденеден қорықтың ба?...

- Жоқ, - дедім басымды шайқап.

- Айт енді, айта ғой не болды?

- Сіз аштықты көрдіңіз бе?, - дедім бас салып. Даусымда діріл бар.

Атам үнсіз отырып қалды...

- Ата, айтып беріңізші маған... Сол жайлы. Сол аштық жылдары туралы...

- Е-е-е, қызым... Оның несіне қызығып сұрадың, - деді атам.

Мені бала санаса керек, ашыла қоймады.

- Бар, одан да ойнай ғой, - деді бетіме тесіле қарап.

- Жоқ ата! Сіз маған айтып бермей, мен ешқайда да кетпеймін!

- ...

- Анау кітаптағы есік пен терезесінің сыртынан ағаш шегелеп кеткендер ше, бал-шағасының өлігін өз көзімен көрмеуі үшін... Сіз сол туралы айтып беріңізші маған?!

Атамның басы кеудесіне түсіп, біраз отырды. Күйзеліп отырғанын жанарынан байқадым.

- Атааа...

Бір нүктеден көзін айырмай отырып қалған қария, бір күрсініп барып:

- Ееее, біз не көрмедік?! Үйілген өліктің үстінен аттап жүріп те өлмедік қой. Ажалым жоқ екен, міне қария да атандық. Қария атанбақ тұрмақ, бүгін ақ таңды көремін бе, көрмеймін бе, - деп жатушы едік, екі бүктеліп... Көз алдымнан кетпейтін, жүрегімде қатталып қалған бір оқиғаны айтып берейін, - деді жастығын

дұрыстап. -Бес-алты жастар шамасында болсам керек. Әйтеуір кәрі атам есекте, мен жаяу келе жатқанымды жақсы білемін..., - деп бастады әңгімесін.

- Сонда, сәби болсам да жанымның тәттілігінен шаршап құласам ажал құшатынымды түсініп, атамның есегінің құйрығынан тас қылып ұстап алатыным... Бірде, ен даланың төсін шарлап қанша жүргеніміз белгісіз, әйтеуір, аяғым талып, аш өзегім өртеніп, өлімші халде екенімді білемін. Бірақ, өлгім келмегендіктен шыдап келемін. Бар үмітім есектің құйрығында. Жіберсе қайта тұрмайтынын бала жүрек білді-ау сонда... Аш, әлсіз едім ғой, құласам өліп қалатынымды түсініп қойғанмын. ...Бір кезде, жыпырлаған өліктің үстінен өттік...

- Үстінен?! Неге айналып өтпейсіздер, ата?!, - деппін жалма-жан.

- Е-е-е қызым, қайдағы айналып өту? Салбыраған басынды көтерудің өзі азапка айналып, өлікті де ас көрген тұста... , - деді бетіме қарап. - Сол адамдардың үстінен әзер аттап келемін, тәлтір-ректеп. Бір кезде таяқ тастам жерден қыбырлаған нәрсені көзім шалды... Сөйтсем, ...жаңағы қыбырлаған нәрсе нәресте екен... Өлген әйелдің омырауын ашып, емізулі сәби еміп жатыр...

Мен бетіне жалт қарадым. Мұнымды сенімсіздік деп ұкса керек:

- Иә, өз көзіммен көрдім... Мәмесін бүлкілдетіп сорып жатыр, бейшара бала. Өмір мен өлімнің құшағында жатып алып...

- ...Неге, өзіңмен бірге алып кетпедің, ата, сол баланы?! Қазір жалғыз болмас едіңіз... Бауырыңыз болып араласып кететін едіңіз... - деппін жалма-жан.

- Әй! И-и-и-и, баламысың деген!!! Мен атама - атам маған, қарай алмай келе жатқанда ол сәбиді кім көтереді? Қалай көтереді?, - деді кейіп...

Мен үнсіз қалдым...

- Адам өлімі шыбын құрлы болмай тұрған тұста өмір сүрдік қой, қалай аман қалғанымға өзім де таңмын. Аштық пен қайғы астасып жатқан заман еді ғой ол. Бір уыс бидайға, кәрі-құртан байдың өзі - уыздай жас қыз-баланы иемденіп қалды... Сен танитын әлгі Анардың әжесі ше, сол он жасында елудегі шалға тиген. «Әйтеуір жалғыз қызым аман қалсын, ішіп-жемі бар екен», - деп шешесі сол шалдың бәйбішесіне тастап, табыстап кетіпті... Кейін сол анасының қайда кеткенін, «сүйегін де таппай қалдым» деп егілуші еді бейшара бала. Сол титімдей қызды ажалдың аузынан анасы осылай арашалап алған...

Әңгіме аяқталып қалғандай, атам енді қайтып бұл әңгімені қозғағысы келмесі анық еді. Не де болса бүгін бәрін біліп алайын деген ниетпен:

- Ата, апам екеуіңіз бір әнді айтасыздар ғой ылғи...

- Қандай ән?...

- «Әкем өлсе өлсін» дейтін ше... Соны, соны айтып беріңізші! Сәл үнсіз отырып барып:

- Әкем өлсе өлсін, шешем аман болсыншы, шекпен тігіп берсе де, өлмеймін ғой..., - деді дір-дір еткен кәрі дауыс, әндетіп. ...Әке сөзі ең аяулы ұғым болып қана қалды ғой менің көп құрдасыма. Себебі, біз ешқашан, ол кісілердің мойнына асылып, еркелеп өспедік. Асқар таудай пейілінің қорғанын да сезген жоқпыз. Ойын баласы болсақ та, ойлы бала болып өстік. Сондықтан да төгіліп қалған сүтті шәй мен, шашылып қалған қиқымды көрсем, жаным дірдек қағып, денем түршігіп кетеді...

Араға ұзақ жылдар салып, осы әңгімені есіме алып отырмын. Атамның әңгімесі жүрегіме алауын жағып, өзегімді өртеген от-тарихтың тағы бір оқиғасын ойымда тұтатып жібергені... Иісі қазаққа белгілі тұлға Мекемтас Мырзахметовтың тағдыры еді, кеудемде шок болып тұтанған...

...Ұмытыңқырап отырмын қай жылдары, және қандай жағдайда екенін. Әйтеуір, өмір отының иісі аңқыған өлкені іздеп, арыған, ашыққан Ана қос құлынын арқалап, талай жерді аралап табаны тозды. Уақыт өткен сайын жетегіндегі бала мен құшағындағы нәрестесін межелі жеріне жеткізе алмасын білген соң, «Ұл ғой, тірі болса ұрпағымды жалғастырар...» деген үмітпен, Мекемтас атаны ала кетіп, кішкентай қызын тастап кетсе керек. Сонда жүрегін өкініш пен қайғы қанша кернесе де, арман-үміті қазақтың ұлын аман сақтау үшін жанталасты-ау... Ел-жұртты көргеннен, көз жасына тұншығып, жолай жалғыз қалдырған қызын айтып, бозінгенше боздап барып, алдыруға адам жібергенде - екі алақаны мен табаны ғана жатқан дейді сәбидін... Сонда аяулы Ана тарихта аты қалар Аңыз адамды аман алып қалғанымен, құрсағынан шыққан бір құлынын құрбан етті-ау... Бұл аңыз емес, бұл тарих... Тарих сабағында апайымды момынсынып, еркелік пен есерлікке бой алдырып, шығып кетуші едім сыртқа. Бабаларым кешірмес, күнә екенін мойындап отырмын...

Жетім баланың жанарынан жас болып тамып, Жесір әйелдің қабағына жабысып, Ұрпағының миында, Батыр ұлдың білегінде, Аш арудың бұрымында да дақ болып қатып қалды, сол бір зұлмат

жылдардың мұны - кара қанға айналып... Сол қанды қалай кетіреміз?! Қазақ атамның жұмылмай қалған кара көзіндей болған тірі қазақ, бүгін қандайсың?! Көктегі арманы көрге тығылып, бұрымына қайғы ораған кара шаш пен жұдырығын жасырмаған әкелерден сол бір азалы жылдары дүниеге келген барша қанаты жоқ - бейкүнә періштелердің үнін, бойжеткендердің назын, бозбалалардың сазын тындасам: «ӨМІР СҮРГІМ КЕЛІП ЕДІ!»,- деп еңірейтіндей... «БАҚЫТТЫ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ!» деген сөздің өзін артық көретін сияқты сол - бейбақтар... «Бір тілім нанын болса, жаның қайда қашар дейсің, Қазақ?!» дегісі келетін сияқты тағы... Ал, мен «бүгіннен» былай деп жауап қаттым: Енді ұрпағын ешқашан Алғы қазып жемейді — у екенін біліп тұрып... Жүгірген аң, ұшқан құс, қыбырлаған қоңызды іздеп қоректенбейді.. Аштықтан бет-ауызы ісіп, ажал құшпайды... Өткен күнге ҚАРҒЫС айтсақ та, келер күнге АЛҒЫС айтатын күн туды АЛАШ!!! Кім айтты Бейімбет қайтып келмейді деп, кім айтты Ахмет мәңгі өлді деп, кім айтты Абылай енді өсиет айтпайды деп... «Өлді деуге бола ма айтындаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деген өсиетті де қанында қазақтың қаны бар Абай атамыз айтып кетіп еді ғой... Марғасқалар оралмас, бірақ олардың көзінде ұрпағы қалды артында... Алаш азаматының арқасында, біз қалдырамыз сол ірілердің ізін басар ұрпақты — Қазақтың қыздары деген атымыз барда... Алла көбеюге жазсын! Ей болашақтың ұрпағы, өмір өзіңнің қолыңда! Асау өмірдің асау арғымағына қанша үйірсеңіз де, жанарыңызға ешқашан тамшы үйірілмесін! **Құралай СЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ (Фейсбуктан, 2013)**

ҚАЗАҚТЫҢ ЕҢБЕГІ ЕШ БОЛМАСА ЕКЕН

Мың өліп, мың тірілген қазақ.. Сорлының аты сорға құлайды. Ішіңнен былық, басыңнан сырық кетпеген сенің. Өзіңе өзін жауысың, екі көздің арасында мұрын тұр. Бірін-бірі талап жеп қойма-сың деп. Ал қазақтың арасында бәтуа айтатын бүгінде зиялы жоқ. Бәрі тірі өлік Қан жылап жатқан халқын танымайды... Сталинге хат жазған үшеуден садаған кеткірлер! Алдымен халқыңды, ұлтыңды сыйла! Саф алтынды ешқашан құм баспайды. Қайта ол жылдар өткен сайын, құмнан аршылып, жарқырап айбаттана түседі Кешегі арыстар сол алтындай, ғасырлардан ғасырларға жарқырап келе жатыр емес пе? Бір қызығы керек десеніз, біз оларды өзіміз аттырып, өзіміз ақтап алдық. Енді арыстардан "адалан-

дык", жалған «барысты» малдандық. Барлық бәле өзімізде жатыр. Ұлт емес руды көздейміз, жүзіміз қара жүзге бөлінеміз. Жын қаққан жүрегіміздің түкпірінде сатқындық, қорқақтық дүние қоныздық жатыр. Абылайдың ұрпағы шынымен қоян болды Бір жерде біреулер тағдыр таукіметін тартып, келенсіздікке ұшырап жатса бейжайлық таныттық, Өліп жатсақ та тойымызды тойлап, тек баюды ғана ойлап жүретін ұрпақ болдық. Өзгені емес, енді біз өзімізді қорғай алмайтын халге келдік. Ақ сарай маңында мөңтеңдеп, сыйлық пен марапат дәмәтуден басқаны білмейтін зиялылар қаптады Парақор әкімдер, бәтуасыз болыстар көбейді. Өзіміз сыйсыз, сыйсыз болсақ, сырт бізді қайтіп сыйласын? Сонау жылғы зұлмат, адами қырғын ашаршылық туралы айталмай әлі қақалып жүрміз. Ал ана Украиндар болса, ол күнді аза тұтып, қан жылап жатыр. Біз көз жасымызды көрсетуге қорқып, қыстығып жылаумен келеміз, неге жалтақпыз? Өз тарихымыздың ақтандақ тұсын айтуға «Ұлы держава» болған «ағадан» қорқамыз ба?. Сонда біздің бодансыз болғанымыз қайда? Ал «аға» ел бізді жарты жолда ай далаға тастап кеткен. Үлкен үйден қалған мұраны иемденді де теріс бұрылды, бізден..кезінде. Қанша «ағалап» аяғына жығылсақ та безбүйрек бұрылмады. Амал жоқ өзіміз лашық тігіп, ел болуға ұмтылдық. Тәуелсіздігімізді алдық. Өстік, өркендедік, Аллаға шүкір. Сонан келе өз көленкемізден әлі қорқамыз, сол күлсе күлеміз, сол жыласа жылаймыз.

Бірақ бізге олардың істемегені жоқ. Қолдан аштық ұйымдасытырып, қырып салды Қаншама қазақ көзіне көк шыбын үймелеп көмусіз қалды. Қазір оның есебін айтуға қорқамыз. Сонда шолақ мылтығын шошандатып, қазақтың белсендісі басқа бәле болып жабыспады ма?

- Мен аштық басталғанда 12 жасар бала едім. Құдайдың құтты күні тінтуден, үптеп кетуден көз ашпадық дейді 90 ға келіп көз жұмған қызылордалық Кеулімжай қария бір әңгімесінде.

- Салықтың түрі көп екен. Май салық, астық салық, шөп салық. Әкірендеген белсенділер сол өзіміздің артелден. Жокқа сенбейді. Ұшы біздей істікпен ұра, қоймаларды піспектеп шығады. Піспекке бір түйір жүгері ілінсе, біттің халық жауысын, бай құлақсын. Халық солардан сілеледі. Бірде біздің қойманы тінткен Шаку деген шолақ белсенді, қоймадағы өліп жатқан тышқандарды көріп, өзі шошып кеткен. Сонан соң, біз Қарақалпақ жаққа бір түнде үдере көштік. О, жасаған ием! Ол жақта тоқшылық... Егістік алқапта еңбек етсең әйтеуір қарнын

тояды. Әңкілеп, әкірендеп жатқан ешкім жоқ. Біз ауып келген жағымызға үнемі үрейлене қарап жүретінбіз. Келіп таяқтап-таяқтап алып кететіндей...

Үлкендердің әңгімесінен еститініміз, қазақтар басының ауған жағына кетіп жатқаны. Ауыл-ауыл байғыз баққан моладай, мұржалары шошайып қаңырап қалған. Дені Ташкен жаққа ауды Сондағы Алай базарына жеткендер, әйтеуір талғажау тауып, тірі қалыпты, ал жетпегені жолда шашылып өліп қалған. Дегенмен Ташкен тоқ қала ғой шіркін деп отыратын ақсақалдар.

- Бізге не болды сонда? Өзімізді өзіміз жүндей түтетін халық болғанымыз ба, жеріміз, малымыз ала тақиялардан кем бе еді, сонда? Біздің түбімізге жеткен табансыздығымыз, сатқындығымыз, жағымпаздығымыз деген еді, бет әжімі әлемдік картадай тарау-тарау болған Кеулімжай қария.

Соны айтуға бізде бүгін батыл жоқ Өйткені болмайды. Біреулер өкпелейді, қапа болады.

Ұлы Отан соғысында сол кездегі Отанның жүрегі, Ұлы халықтардың жүрегі болған Мәскеуді жаудан қорғап қалғандар кімдер? Қазақтар. Алматы. Талғар мен Ақтөбеде жасақталған №101 ші атқыштар дивизиясы. 14 ай бойы өлім мен өмірдің арасында толарсақтан қан кешкен аты шулы 28 панфиловшылар, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты Баукендер емес пе? Аты аңызға айналғандар Волокаламск тас жолында маңдайын неміс танкісіне тіреп, «Шегінетін жер жоқ. Артымызда Москва!» тістеніп жатқан жоқ па еді? Сол соғыстың құпиясы әлі толық зерделенген жоқ. Оны 2017 жылға дейін айтуға болмайды дейді, білгіштер Соның тірі куәгері, қаһармандардың қаһарманы, қазақтың маңдайына біте бермейтін бір туар ұлы Бауыржанға сол кезде өзге «иттің итақайы» алып жатқан, батыр атағын бәріміз жабылып алып бере алмағанымыз өтірік пе? Оны да айта алмадық, айтпадық...

Фашист деген әбжыланның іні болған рейхстаққа ең алғашқы болып женіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевті «аға» жағымыз бүркемелеп, өзгеге теліп жатса да үндемейміз

...Үлкен жақтың көңіліне қараймыз, қайымығамыз Ақты ақ деуден, қараны қара деуден қалдық «Өзінді өзін сыйла, жат жаныңнан түңілісін» дейді атам қазақ. Сонда қазақтың еңбегі еш болмас еді. Бізді жарға жыққан жағымпаздық,,,

Жеткерген Жүсіпов

Жолымбет МӘКШЕВ

Қазақ жерінде қапаста болғандардың басынан өткен мына бір керемет оқиға. Бұдан қазақтың ұлылығы, мәрттігі мен жомарттығы көрінеді. Орыстың бір генералының әйелі-ау деймін, түрмеде жатқан сол келіншекпен кездейсоқ жолығып қалған қазақтың кимешек киген кейуанасы былай деген екен. «Қызым, әр жамандықтың бір жақсылығы болады». Кейін әлгі кісінің өсиетін орыс қызы өле-өлгенше ұмытпай, емірене еске алып "Қазақтай ұлы халықты көрмедім" деп, айтып отырыпты.

Қазақ әйелдерінің ГУЛАГ тұтқындарын аштықтан құтқарғандығы жайлы.

ҚҰРТ – ҚАСИЕТТІ «ТАС»

Бұл әңгімені «АЛЖИР» деп аталатын «халық жауларының» әйелдері қамалған лагерьдің тұтқыны болған, қазір Германияда тұратын Гертруда Платайс деген әйел 1990 жылы Қазақстанға келіп АЛЖИРдің музейін көрген кезінде айтқан еді.

- Қазақтарды алғаш рет көруім осы лагерьде жатқан кезімде болды. Сол жылғы боранды суық күндердің бірінде біздерді күшейтілген конвоймен Жаланаш деген көлдің жағасынан барак салу үшін камыс оруға апарды. Бір кезде қалың камыстың арасынан жақын жерде орналасқан «Жанашу» деген ауылдың жергілікті халқы, қариялары мен бала-шағасы шыға келді. Үлкендер бірдене айтуы сол екен, балалар өздері калжыраған әйелдерге тас лақтыра бастады. Аязды күндері күніне 17-20 сағатта норма бойынша 40 бау оруға тиіс едік. Мұны көрген конвойшылар бізге күле бастады: «Көрдіндер ме, сендерді Мәскеу ғана емес, мына ауылдың балалары да жек көреді».

«Әрине, мұндай оқиға бәріміздің жанымызға қатты батты» - дейді Гертруда. — Осылай бірнеше күн қайталанды. Іштері шер мен ашуға толған тұтқын әйелдер мұндай әділетсіздікке, сталиндік үгіт-насихатқа уланған қазақтарға налыдық. — Бір күні, - дейді Гертруда, лақтырылған тастардан қашамын деп сол тастардың біріне етпетімнен құладым. Мұрнымның астындағы затқа қарасам сүзбе мен сүттің, ірімшіктің исі келіп тұр. Біреуін алып аузыма салып едім — дәмі тәп тәтті. Тастарды жинап баракка алып келдім. Баракта қазақтың тұтқын әйелдері де бар болатын. Олар айтты — бұл күнге кептірілген тұздалған сүзбе. Сүйтсек, біз оларды түсінбеппіз, бізге жаны ашыған қайырымды қазақтар, қалай көмектесудің амалын іздеп, күзетшілерді күдіктендірмеу үшін, әлсіреген қалжыраған тұтқын әйелдерге өздерінің ауыздарынан

жырып соңғы құртымен бөліскені екен ғой. Осының алдында 30-шы жылдары өздері ұлы ашаршылықты басынан кешірген қазақтар күзетшілерден жасырып бұталардың түбіне піскен бір шөкім ет, талқан, құрт, нан қойып кетіп жүріпті. Қазақтарға деген ризашылығымызды өмір бойы ұмытқан емеспіз. Тұтқын лагерьлеріндегі өмір қиын болды. Бірақ соның ішінде Қазақстандағы лагерьлерде көп адамдар тірі қалды, қазақтардың арқасында. Себебі, олар аштық пен жалаңаштықты бастарынан кешкендер».

Осы орайда Гертруда Платайстың «Құрт – қасиетті тас» естелігін негізге алған тарих пәнінің мұғалімі Раиса Голубева мынадай өлең жазған екен.

О, Господи, да это ведь не камень
От него так пахнет молоком
И в душе затрепетал надежды пламень
А в горле встал ком
Так вот что придумали старики!
Вот за что женщины детьми рисковали!
Они нас от болезни берегли
Они нас от безверия спасали
Они поняли, что мы не враги
А просто несчастные женщины
И чем смогли - помогли
Поразив нас своей человечностью
Я молча поползла по льду
Собирая драгоценные камни
Теперь я отвратила от них беду
Спасая их от охраны
А ночью в холоднейшем бараке
На оскверненной палачами земле
Я, немка, молилась мусульманскому богу
Да ничего не просила себе
Я просила старикам здоровья
Женщинам-матерям - счастья
Особенно я молилась за детей
Чтобы они не видели несчастья
Я прошла все круги ада
Потеряла веру и друзей
Но одно я знаю
Что только так и надо воспитывать детей

Р. Голубева

БІР УЫС БИДАЙ

Бұл оқиға сонау нәубет жылдары болған екен. Халық аштан қынадай қырылып жатыр. Ел ішінде аяқ артар мал қалмаған. Тірі қалғандар өзен-көлдерді сағалап өзек жалғау үшін босып кеткен. Аяғы жеткендер қала-қыстақты жағалап, тұяқ іліктіріп тірі қалудың қамы үшін қаңғып кеткен. Көктемнің көкөзек шағы. Даланың қары әлі толық еріп бітпеген. Ересек ұл баласын жетектеп, үш жасар қызын арқалаған жас әйел зорға жүріп келеді. Әлсін-әлсін аялдап, аштық өзегіне түскен қос балапанын өкпек желдің өтінен қорғап, сонау көз ұшында бұлдыраған адыр төбеге қарай ұмсына аяндайды. Өлдім-талдым дегенде күңгей бетінің қары еріп, бауыры қасқаланған адыр төбеге де тұяқ іліктірді. Терістен соққан ызғар жатаған төбенің ескі селеуін жапыра жығып, шөп басындағы болымсыз дәнді сыпыра жинап бұта-бүргеннің түбіне үйген екен, жас әйел қармаусыз қолын созып селеудің кепкен дәнін жинады. Қар суымен еріген дәнде қайдан құнар болсын, қос құлыншағы шөптің нiлiн жұтып, қарысуға шақ қалған жақ сүйегін қозғағандай болады. Жас әйел қос құлының бауырына басып ұзақ отырды. Еңкілеп жылағысы келді, бірақ көзінің жасы суалған екен, жылай алмады, жай кемсендеді. Анасының бауырына жабысқан жас қыз, жанары мөлдіреп, бүйрегі бүлкілеп, солықтап отырған анасына бір қарайды, сонау көз ұшында мұнартқан сағымға бір қарайды. Қу мекиен дала, жорғалаған тірі жан, татып алар түйір дән жоқ, үш мұнлықтың өмірі қыл үстінде... Күн жамбасқа ауған соң жас әйел бойына бар қуатын жинап, бұта-бүргеннің түбін тіміскіледі. Түртінектеп жүріп, дала тышқанының інін тауып алды. Құдайға шүкір, жұт жеті ағайынды дегендей аштық басталғалы даланың өріп жүретін сұр тышқаны да құрып кеткелі қашан. Әлде қырғидай тиген аштардан қорқып бір жаққа ауып кетті ме екен...

Жас әйел жалма-жан тышқаның інін қазды. Қар суы сінген жер қыртысы жұмсақ екен, қара топырақ опырылып тез қазылды. Іннің түбі көрінді. Ой, Алла, жиегін ұялап, ортасын шұңқырлаған жұмсақ сары шөптің ішінде көзін әлі ашпаған қызыл шақа тышқанның төрт баласы шиқылдап жатыр. Сәл арғы жағында бір уыс бидай үйіліп тұр.

Бидайды көрген жас әйелің үміт оты ояңғандай болды. Осы бір уыс бидайды талғажау етіп, аштан өлмей ел шетіне ілініп кетуге болатын шығар. Бидайды шашау шығармай жинап

алмаққа қолын созғаны сол еді, шақалақ тышқандар шиқылдап шырылға басты.

Жас әйел қолын тартып алды. Егер мына бидайды жинап алар болса, сөз жоқ мына тышқанның балалары аштан өледі, алмаса өзінің балалары аштан өледі. Жүрегі езіліп ұзақ отырды. Содан Аллаға тәуекел етті. Аштықтың не екенін міне бір кісідей көріп келеді, бидайын тартып алып байқұс тышқандарды аштан өлтірсе, жолы болмақ па?! Әлде сабыр сақтап, Алладан үміт еткен дұрыс па?!

Жас ана бидайға қол тигізбеді. Бұл шақалақтардың анасы бар ғой, ол балаларын аштан өлтірмеу үшін қиналып жүріп мына бидайды жинаған шығар...

Бейбақ әйел екі баласын жетелеп орнынан тұрды. Қараңғылық түспей тұрғанда анау бір сағымданған бөктердің жиегіне жетіп алмаққа бекінді. Сөйтіп, төбеден түсті. Жүріп келеді. Екі баласы «анамыз бір уыс бидайды неге алмады» дегендей артық жаққа жалтақ-жалтақ қарайды. Жас әйел қос құлыншағының жанарына қарай алмады, қараса «бізді аштан өлтірмексің бе?» деген үнсіз жанайқайды көрер еді. Жас ана «Аллаға тәуекел еттім емес пе, бізді ызықтандыруы керек» деген нық сенімнен басқа түгі де жоқ аяндап келе жатты. Бір заманда зу еткен канат дыбысы естілді. Қараса, бір қу түлек бүркіт, еліктің шыбышын қуып жүр. Елік бұларға қарай қашып келеді. Дәл алдарына қашып келген елікті бүркіт шүйіліп келіп бүріп түсті де, тырп еткізбей басып қалды. Анасы балаларына қосылып шулап қоя беріп еді, үріккен бүркіт елікті тастады да, көкке көтеріліп кетті. Алланың рахым көрмейсіз бе, шалажансар елікті үш мұнлық бауыздап алды. От жағып етін қақтап жеді. Қалған етін мүшелеп, арқалап алды да жолға шықты. Ел шетіне ілінді. Бес шалқардың бойына қос тігіп балық аулап күн көріп жатқан адамдарға қосылды. Қарға тамырлы қазақ емес пе, жас әйелдің нағашылары сол жерден табылып, олар қамқорлығына алды. Арада жылжып жылдар өтті, жас әйелдің ұлы медицина ғылымдарының докторы болды, қарындасы Мәскеуде оқып бітіріп, ұзақ жыл стандарттау саласында еңбек етті. Бұлардың бойында басқа адамдар жоқ айырықша бір қасиет бар еді. Бұл аналарынан қалған өсиет: «Адам баласына қайырымды болу». Өйткені, бұлар алапат аштықтан бір Алланың қалауымен тірі қалған жандар болатын...

Жолымбет Мәкішев

ЖҮНІС МОЛДАНЫҢ ҮКІМІ

Бұл 1928-ші жылдары болған оқиға екен. Бұдан 10 жыл бұрын төңкеріс дейтін дүние еліп, өз жайымен жүріп жатқан қоғамның басын аяғына, аяғын басына қаратып төңкеріп қойған заман. Онымен қанағаттанбай «Бай талау» (кәмпескі) науқанын жүргізіп, елдің ішіне «Құдайсыздар ұйымы» дейтін құрылып халықтың көне руханияты қирап жатқан шақ.

Бірақ ескінің сүрлеуін жақсы білетін қазақы қариялар дүлей үкіметке күші келмесе де ішін бермеген заман. Бірде Жүніс молдаға әпербакан шолақ белсенді шошандап болмапты. Жүкең сұрапты:

- Осы сендер қандай үкімет құрғалы жінігіп жүрсіндер?

- Байды кедейге теңейміз, - деп дәуірігіпті ана бейбақ. Жүніс молда басын шайқап, мырс етіп күліпті де:

- Ей, шырағым-ай, әу баста қате кеткен екенсіңдер, есі дұрыс үкімет қайта кедейді байға теңемей ме?!

Бірде «Құдайсыздар ұйымының» белді мүшесі, өкірген команистің ер жеткен жалғыз ұлы ажал құшыпты. Дінсіздің ұлы өлді деп қарап отыратын емес Жүніс молда бар елдің ақсақалдары жиналып келіп, көңіл айтады. Ұлы өлген команис бейбақ қолына ұзын кездік ұстап алған оны аспанға құлаштап лақтырып жүр дейді. Не болды десе, - Менің жалғыз ұлымды алған Құдайдың көзін ағызам, - дейтін көрінеді. (Астағыпыраллаһ).

Мына қылықты көрген шалдар шошып кетіпті. «Ойбай мына ақымақ Құдайға тіл тигізіп, үлкен күпір етті, бұның маңына жолауға болмайды, құрысын кеттік» деп, ошарылып орындарынан тұрады.

Ел дүрлігіп жатса Жүніс молда үнсіз сақалын сипап отыр. Шалдар еңтігіп есік көзінде тұр. Содан Жүкең, - Ей, халайық, - депті. - Неге дүрлігіп кеттіндер, сабыр-сабыр, бері таман келіндер, қараңдаршы ана бейбақ аспанға кездік лақтырып жүр, ол нені білдіреді, баласын берген де, алған да бір Алла екенін біліп істеп жүр. Алда-жалда баламды сендер өлтірдіңдер деп біздің көзімізге пышақ лақтырса не болдык. Бұл бір. Екіншіден, әкесі күпір болды делік, мына марқұм баласының жазығы не, ертен мына мұсылманның жаназасы үшін біз жауап береміз, әкесі мына қылығы үшін өзі жауап береді. Барыңдар да дәрет алыңдар, жаназаға тұрамыз, - деген екен.

Жалпы бұрынғы казактарда хикмет деген ұғым болған. Бұл жерде Жүніс молда хикметпен үкім айтып тұр. Қазір бізде білім бар, бірақ осы хикмет жоқ. **Ж.Мәкішев**

Жеткер Жүсіп

ЖАУЫЗДЫҚТЫҢ ҚАМШЫСЫ

Сардар Ахмет шал айтады: "Қырда жоқ іздеп барып бір шопанның үйіне қондым. Өте биязы жандар екен. Барын беріп, асты үстіме түсіп жатты. Сұрастық, білістік Барғаннан көзіме төрде дойыр камшы шалынған-тын. Ерекше өрлген темір қосып. Ай қанша бір жаны сірі адам болса да бес тартқанға шыдар, шыдаса..."

- Сонау кезде біздің өңірде Шындаулет "шегіркөз" деген белсенді болыпты. Айда шап елдің берекесін кетіріпті. бәтшағар. Камшы сонан қалыпты. Осы дойыр камшымен бір тартқанда інгендей кайқандап, тыққан астықтарын өздері зыр жүгіріп тауып беретін ел деп бастады әңгімесін үй иесі.

Мылтығын шошандатып, ауыл біткенді күн ара шауып кетеді екен шегіркөз. Сондай кезде біздің ауылға келіп "тыққан астықтарыңды тауып беріңдер" деп лаң салыпты. Қасында жасауыл орыстары бар. Бәрін тіміскілеп біздің үйге де әбігер тудырыпты бәлелер. Соңғы астықты өткенде жинап алдыңдар дегенге сенбей. Қора қопсы біткенді пістіктеп ештеңа таба алмапты. Ұраға өзі түсіпті шегіркөз, сенбей. Сөйтсе, ұрадағы тышқандардың өзі аштан қырылып, бірін бірі жеуге әлі келмей жатқанын көріп, түсі бұзылып шығыпты оның,,

Әкемді әурелеген орыстар Шегірге: "Мынаны мына қолыңдағы дойырмен неше ұрғанда өлтіре аласың?" депті, мазақтап.

- Бес ұрамын! - депті анау есіріпті. Сол жерде бәстесіпті.

Сөйтіп жауыз, бес ұрыпты. Бірақ әкем орнынан қанға боялып тұрыпты. Шырпыры шығып жылап жатқан мені қолтығына қысып тәлтіректен үйге кіре бере құлапты.

Анау ашуланып дойыр камшысын әкемнің артынан лақтырып, ауыздығымен алысқан атына мініп шаба жөнеліпті. Сол кеткеннен ауылды көрмепті Сол "жауыздықтың белгісі бұл" депті үй иесі күрсініп. "Баламның баласының баласы, оның баласына қалдырдым мұны" депті марқұм әкем, үш күн жатып жан кешерде...

Әнуар Шотбай Документ № 518

Справка секретаря Кустанайского обкома ВКП(б) Ярмухамедова о голоде в колхозах и аулсоветах Мендыгаринского района
Не ранее 10.03.1932 г

По имеющимся сведениям, в колхозе Брелотик № 8 аула весь корм для скота продан в Усть-Удинский р., в продаже принимали участие пред. колхоза Жумабаев Каре, пред. аулсовета Аямов и зав. МТФ Байжанов. Поэтому рабочий скот во время сева кормом абсолютно не обеспечен. Секретарь ячейки ВКП(б) Мусамбаев и пред. аулсовета приказывают колхозникам варить мясо в обязательном порядке по 4 раза в день. Примером может служить то, что 5 марта в танаке «Бескудукской» они заказывали варить мясо для них Маралову, Манасову, Тлеубердинову и Мухамеджанову, заказ был выполнен, это может подтвердить колхозник Байджанов.

В колхозе Камыши-Куль от плохого ухода пало 34 головы скота. Корм к базам не подвозится. В колхозе Алам-Агаш 5-го аула было коров 100 голов, осталось 38 голов. Лошадей было 160 голов, осталось только 65. Весь недостающий скот — часть зарезан и часть продан при прямом участии председателя колхоза. В колхозе Аксуат было 300 коров, осталось только 12 голов, лошадей было 500, осталось 87, и 50 коров сдано в молочную ферму. Недостающее количество — часть зарезана, а остальное продано при непосредственном участии председателя колхоза.

На 10 марта в колхозе «Куштубе» голодной смертью умерло 8 человек бедняков-колхозников, в опухшем состоянии 3 семейства с 12 едоками. В аулсовете № 1 голодной смертью умер 1 человек. В опухшем состоянии 4 семьи. В колхозе «Восстание» (русский) семейство вдовы Малюженко производит убой собак, мясом которых питается (сын в Красной армии), там же 4 семейства опухшие, в том числе пастух Литвиненко, получающий 400 г просянки на 7 едоков. Наряду с этим руководители колхоза производят убой скота с целью создать запасные фонды для верхушки работников сельсовета (ведется следствие). В колхозе «Первый труд» в опухшем состоянии 6 семейств с 17 едоками, в том числе 2 батрацких семьи. В промартели «Красные стрелки» в опухшем состоянии 2 батрацких семьи. В колхозе «Боевик» в опухшем состоянии 4 семейства, которые собирают падаль для пропитания. Аналогичное состояние в колхозах №№ 7, 5, 6, 8 аулсоветов, т.е. эта группа колхозов остро нуждается в продовольственной помощи.

Вторая группа нижепоименованных колхозов, испытывающая продовольственные затруднения, но имеющая внутри колхоза около 15% хозяйств, которые питаются с примесью суррога-

та, к тому же внутри самих колхозов имеются значительные запасы картофеля, просянки и других суррогатов, к числу этих принадлежат около 30 колхозов, из них более нуждающиеся и требуют первичной помощи: Ленина, Сталина, «Новый труд», «Верный труд», «Интернационал», «Красный комбинат», «Урожай» и др. К числу относительно благополучных в продовольственном отношении принадлежат колхозы: «Восток», «Любитель», Немецкие ...2 и Милютинский. Эти колхозы помимо просянки, картофеля располагают незначительным хлебным запасом, полученным колхозниками в счет трудовой, однако внутри колхозов около 60% колхозников питаются примесью суррогата и просянки.

Секретарь обкома ВКП (б) Ярмухамедов Пом. секретаря ОК ВКП(б) В. Васильев

ГА Кустанайской обл. Республики Казахстан. Ф. 15. Оп. 1. Д. 14. Л. 71—72. Подлинник.

Н.Назарбаев: АШТЫҚ ТАҚЫРЫБЫН САЯСИЛАНДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ



«1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына тағзым»
атты композиция, Астана, 31.05.2012 жыл.

Светлана Глушкова, 31.05.2012.

Ескерткішке гүл койған зейнеткер Балкия Әлібаеваның үлкен ағасы 1932 жылғы аштықта қайтыс болыпты. Ағасы сол жылы атқа мініп, алыстағы туыстарына барған, барған бетте адамдар атты сойып алыпты.

«АТТЫ СОЙҒАН ДА, ӨЗІН ӨЛТІРГЕН»



Зейнеткер Балкия Әлібаева Азаттық тілшісіне:

- Атты сойған да, өзін шауып өлтірген. Ағамның артында екі бала қалыпты. Әкем бауырына басты, бірге өстік, - дейді.

Ағасы аштық құрбаны болған Балкия Әлібаева, Астана, 31 мамыр 2012 жыл.

Ол көп жылдар бойы ашаршылық тақырыбын қозғауға тыйым салынып келгенін айтты.

- Қазақстандағылар қандай аштық болғанын енді ғана түсінген сияқты. Ондай аштық тіпті соғыс кездерінде болмаған. Бұл – ұйымдастырылған аштық. Голощекин ұлт пен республиканы жойып жіберу үшін келген. Бар байлықты кәмпескеге салды. Жұрт қырылды, - дейді ол.

«БҰЛ ТАҚЫРЫПТЫ САЯСИЛАНДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ»

Ескерткішті ашуға жиналғандар аштық құрбандарын үнсіздікпен еске алды. Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі.

Назарбаев «Аштықтан Қазақстанда бір жарым миллионнан астам адам қырылды, 600 мыңнан астам адам аштық пен қуғын-сүргіннен бас сауғалап, елінен кетті...Тарихты таразылағанда көреген болуымыз керек және бұл тақырыпты саясиландыруға болмайды» деді.

«ҚАРА КЕРЕГЕ»

Ескерткіш монументте ана мен баланың мүсіні қойылған. Авторы - Валерий Пирожков. Ал артындағы «қара керегені» ұсынған - Орал Әлібаев.

Сәулетші Валерий Пирожков:

- Әйел балам аман қалсын деп жалбарынып тұр. Бала жүген ұстап тұр. Жүген – үміт, оналуға деген үміттің белгісі, - дейді.

Монументте киіз үйдің бір бөлігі - «қаралы кереге» бар. Авторы - Орал Әлібаев. Оның әке-шешесі 1930 жылдары дүниеге келген екен.

Архитектор Орал Әлібаев «1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына тағзым» атты ескерткіш кешені авторларының бірі, Астана, 31 мамыр 2012 жыл.

- Әйтеуір тірі қалған. Жер басып жүргенім сол кісілердің арқасы. Осы монумент арқылы өтелмеген парызымды өтедім, - дейді ол.



Алайда Орал Әлібаев «монумент дұрыс жерге қойылмады» дейді. Айтуынша, «Қаланың оңаша, тыныш жері жөн болар еді. Ал қазіргі тұрғаны - ескі қаланың ортасы. Мұнда шетелдік делегациялар келмейді, мемлекеттік және халықаралық шаралар қаланың жаңа жағында, Есілдің сол жағалауында өтеді».

- Миллиондарға қойылған ескерткіш. Қаланың бұл жері - ию-кию тіршілік. Екі жер айтып едім – билік басқа шешім қабылдапты, - дейді сәулетші.

АШТЫҚ СТАТИСТИКАСЫ

Тарих ғылымдарының докторы Айман Досымбаева 1930 жылдары қазақ халқына қарсы геноцид болды деп есептейді. Оның есебінше, үш миллион қазақ опат болған. «Мұның өзі кеңес кезіндегі мәлімет» дейді ол.



Тарихшы ғалым Айман Досымбаева, Астана, 31 мамыр 2012 жыл.

- 1930 жылдары қазақ элитасы жағдайды айтып, Сталинге хат жазды. Сталин Голошекинге телефон шалып «Қазақтарға не болды? Қазан вокзалында, Омбы мен Орынборда босып жүр дейді ғой» деп сұрапты. Голошекин «Бұлар - көшпелі халық. Әдеті солай» деген екен. Миллиондаған адам қырылып қалды, - дейді тарихшы.



Профессор Қадыржан Абуев қазақ даласында аштық екі рет болғанын айтты. Біріншісі - 1920 жылдары, екіншісі - 1930 жылдары. Оның мәліметі бойынша, төрт миллион адам аштықтан қаза болған. Елдің көбі Қытайға ауып, Ауғанстан, Ресейге босып кеткен. Қадыржанның аталары Ресейге, Тюмень облысына кетіпті, 1934 жылы елге қайтып оралған.

- Аштық Қазақстанда ғана емес, Волга бойында, Украинада да болды. Бірақ ол жақтың жұрты қазақтай қырылмаған. Ол кезде қазақ жеті миллионға жетіп тұрған. Тарихшы ғалым Қадыржан Әбуев, 31 мамыр 2012 жыл.

Екі аштықта төрт миллионы қырылды. Көшеде мәйіттер үйіліп жатқан, жинап үлгермеген жағдай болған, - дейді тарихшы.

Астана әкімдігі баспасөз қызметінің таратқан мәліметтері бойынша, аштық жылдары екі миллионнан астам халық опат болған. Ал Нұрсұлтан Назарбаев ескерткішті ашқанда «бір жарым миллион» деді. Қазақстан президентінің айтуынша, аштық пен саяси қуғын-сүргіннен 600 мың қазақ босқын болып, шетке кеткен.

«Сводка фактов о голодовке населения в аулах Павлодарского района»

Сообщение С.Жанбаева и Жумабаева

(Үзінді. Бұл құжаттың басына «Совершенно секретно» деп біреу қолымен жазыпты, 1932 жылдың маусым-шілде айлары шамасында жазылған))

«... В ауле не стало даже мяса от падали, чем до этого времени кормились, поэтому голодающие начали питаться лоскутами шкур и кожаными брюками, у жаривая их в огне.. В хоз. Ауле, где находится овцеводческая ферма, умерли трехлетняя дочь и мать бежавшего кулака Бакина Сламбека, трупы их были вынесены на двор, а проживающие в этом доме двое детей гр-на Сманкулова Темирбая ночью сварили мясо от трупа девочки и начали есть.. Ночью при появлении комиссии, гр-ка Бикельбаева с детьми была застигнута во время еды мяса и при проверке оказалось, что они ели мясо собачье... Были гр-не, которые занимались переваркой сдаваемой в утиль кости и питались этим супов...»
Ильяс Козыбаев, Тот самый Жанбаев, Алматы, «Атамұра», 2014

ТЫШҚАН ЕТІН ЖЕГІЗГЕН...

Солтүстік Қазақстанда қазақ неге аз білесіз бе? Мұның себебі ашаршылықта жатыр.

1897 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы жергілікті ұлттың үлес салмағы 70-80 пайыз болғанын біреу білсе, біреу білмес...

Аштық зобаланы күтпеген жерден, аяқ астынан басталған жоқ. Қазақстанда «Кіші октябрь» лаңымен «атағы» шыққан Голошекиннің асыра сілтеу саясатының салдарынан республика халқы 1930 жылғы 5,9 миллионнан 2,5 миллион адамға азайды.

Голошекин өз саясатын бүркемелеу үшін: «бұрын өз ауылынан ешқайда ұзап шығып көрмеген қазақ өзінің көшіп қонатын өрісінен басқа жолды білмеуші еді, ал қазір олар Қазақстанның бір ауданынан екінші ауданына оп-онай көшіп бара алады» деп Мәскеуге, Сталинге қуанышты рапорттар жөнелтіп жатса, бар тіршілік көзі – малынан айырылған қазақ өз жерінде аштықтан қырылып жатты.

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің Голошекиннің атына жіберген ақпаратынан: «1932 жылдың 17 сәуірін-



дегі мәлімет бойынша, облыс бойынша 246 адам аштықтан өлді, 133 адам аштықтан әбден әлсіреп, ісіп-кеуіп кетті».

Булаев ауданынан: «Аштықтың салдарынан колхозшылар өліп жатыр».

«Слет добровольцев» колхозынан: «Колхозшылар өлексемен тамактанады, өлген жылқыларды қазып алып, тамаққа пайдаланады».

Төнкеріс ауданынан: «Аштықтың салдарынан 23 адам өлді, 29 адам әл үстінде жатыр». Қаралы цифрлар осылай кете береді.

1932 жылы мамыр айында Сырымбет ауылына арнайы комиссия келеді. «Өте құпия» деп белгі соғылған анықтамаға мынадай сөздер жазылған: «Адамдар аштықтан» әбден әлсіреген. Жейтін ешнәрсе қалмаған. Қу сүйекті суға қайнатып, талғажау қылады. Әбден ақжемделіп қалған теріні талшық етеді. Ит етін жеген отбасылар анықталды. Ондай үйлердің жанында сүйек тау болып үйілген. Шоқы ауылында 144 отбасы болса, қазір қалғаны – 60 ғана. Тамақ іздеп, жан-жаққа қаңғып кеткен. Мұнда қалғандары мысық, ит, қарға, сауысқан, тышқан етімен күн көріп жүр...».

Қазақ халқының сан ғасырлық көшпенді өмірімен есептеспеген Голошекин: «Ауылдағы экономикалық жағдайды

өзгерту қажет. Байға қарсы тап күресінде кедейлерге күресу керек. Ал мұның өзі азамат соғысына алып барса, біз оны да құп аламыз», - деп жар салды.

Аштықтың соны түрлі ауруларға ұласты. Адамдар аштықтан бір қырылса, аурудан екі қырылды. Тек 1932 жылы Солтүстік Қазақстанда 16 мың адам сүзек, 17 мың адам құркұлақ ауруынан өлді.

Ашаршылықтың нағыз шығандап жеткен шырқау шегі – ашынған адамдар топтасып, қолдарына қару алып, атқа қонып, Кеңес өкіметіне қарсы қарулы қақтығысқа баруы. Тек 1930 жылдың қантар, наурыз айларында 2000-ға тарта қарулы қақтығыс болған. Сөйтіп, қазақтар тәркілеуге, ұжымдауға және ашаршылыққа қарсы өз наразылықтарын білдірген.

Қолдан жасалған аштық зобаланы салдарынан қазақтар өз атамекенінен босып кетті. Ал басқа ұлттар мен келімсектер олардың орнын толтыруға ұмтылды. Тек 1931 жылдың қыркүйек айының басында ғана 172 мың орыс, украин, беларус, мордва Солтүстік Қазақстанға жер аударылған екен. Кейін 1937 жылдың күзінде Қиыр Шығыстан 2229 кәріс көшіп келді. Бұлар шығыс шекарадағы саяси шиеленіске байланысты жер аударылды. 1940 жылы Украина мен Беларусьтің батыс облыстарынан 28 мың адам және көшіп келеді. Бұған тың игеру жылдарын қосыңыз! Осындай «саясаттан» кейін қазақ өз жерінде азаймағанда, көп келімсектер «сендер азсындар, біз көппіз» деп донайбат шекпегенде қайтеді?

1897 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы жергілікті ұлттың үлес салмағы 70-80 пайыз болғанын біреу білсе, біреу білмес...

КІСІНІҢ ЕТІН ЖЕГІЗГЕН...

Көнекөз қариялардың тарихымыздың қасіретті беті – ашаршылық кезені жайлы айтқан естелік деректері адамның жанын қайыстырады. Сонда олар: «Адамды қасқыр ғана емес, адамның өзі де жеді емес пе? Әсіресе, Ақкөл жақтан Қоралас дегеннің аты сұмдық шықты. Иесіз қалған ауылда Қарасаздан бері шұбап келе жатқан адамдарды аңдып, сойып жейді екен. Көк шәугімі бар, соған асып жеген көрінеді. «Кісінің етін жеген Қоралас» деген содан қалған. Осының бәріне абжыландай ысқырған ашаршылық кінәлі. Сол ашаршылық неден туды?

Ө. Есқали немересі, Солтүстік Қазақстан облысы

ФАКТИЛЕР

1932 жылдың зобалаңындағы ресми деректерге қарағанда, ашаршылық жылдары емшектегі сәбилердің 72 пайызы, 7 жасқа дейінгі балалардың 60 пайызы қырылып қалған.

1932 жылы қазақтар арасындағы өлім бала туудан артық болып, Орал қаласында 5 есеге, Қостанайда 2 есеге, Қызылжарда екі есеге кеміп кеткен.

1932 жылы балалар үйіне 68 617 жетім алынса, 1933 жылғы 1 қаңтарға дейін 45 100 бала панасыз қалып, оның 1682-сі аштан өлген. Бірақ...бұл кезгі ресми мәліметтердің барлығы саналы түрде кемітіліп, редакцияланып көрсетілгенін ұмытпайық.

Алапат ашаршылық жылдары Қазақстан шекарасынан шығып, босқыншылыққа ұшыраған шаруалардың (қазақтардың) саны – 1 миллион 31 мың. Олардың 165 мыңы бұрынғы Кеңес Одағының шекарасынан әрі асып, Қытайға, Моңғолияға, Ауғанстанға, Иранға, Түркияға өтіп кеткен. Сөйтіп туған жерлеріне қайтіп орала алмаған. Ал көрші республикаларға Ресейге қоныс аударып, орнығып қалғандар саны – 450 мыңдай. (Архив құжаттарынан)

Ораз ИСАЕВ, қоғам және мемлекет қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны: (Сталинге жазған хатынан үзінді)

– 1929 жылғы есептің деректері бойынша, Қазақстанда 40 миллион бас мал болған. Ал қазір небәрі 6 миллиондай мал қалды. Оның 2 миллионы совхоздарда, ал колхоздық сектор мен жекеменшік сектордағы 4 миллион малдың көп бөлігі орыс аудандарында...Сонда қазақтардың құр таяқ ұстап қалғаны ма?!

ҚАРЛАГ-тан қашқан казак



Мынау Шет ауданының Қарасу, Жылымсу өңірінде Әйменбет Әжібайұлы атты қазақ өткен. Сол кісіні жалпақ жұрт есімін жұқартып Әйкелеп отырады. Ол кісінің кім екендігі сұралмайды.

Өйткені, бәрі біледі. Өзінің ақыл-парасатымен жанына жақсыларды жиып, бір атаның сөзін ұстаған адам. Қарасу бойында мешіт салдырып, елді имандылық жолына салуда көп еңбек сіңірген. Сол кезде есімдері дүрілдеп тұрған ауыл молдалары Ақбар Әйменбетұлы, Қапан Әбілдаұлы, Асқар Әйменбетұлы, Илияс Әйменбетұлы, Рақымбек Мәжібайұлы (кейін өзі дәріс берген), Баймырза Мәндібайұлы, Омарбай Мұстапаұлы, Смайыл Мұстапаұлы, Әшей Ыбырайұлы және басқалары осы медресенің талабалары болыпты.

Осы талабалардың біразы кесек тұлғалар болды. Біразы сол кездегі саясат құрбаны болып, қуғын-сүргінге ұшырады.

Әйменбет баласы Ақбар сондай тұлға болатын.

Ақбар Әйменбетұлы Ақшатау болыстығының оныншы ауылында 1890 жылы дүниеге келген. Әкесінің дәулеті арқасында мұсылманша білім алып, ерте жетіледі. Астынан ат кетпей, ел ісіне араласады. Алған тәліміне қарай елді имандылық жолына шақырады. Боса-болмаса діни әдебиеттер таратады. Кешегі талабаның мұндай тірлігі сол кездегі төрт әріптегілерге ұнай қоймайды. Ашық түрде мүсілім молда болады. Сол кездегі саясатқа ытырынып қарайды.

Ашаршылық жылдарында ашық түрде қызыл саясатқа қарсы болады. Ашыққан елді құтқарып қалуға барын салады. Осы өңірдегі казактарды отырған орындарынан қозғалмауға шақырады. Алыс жатқан ағайындарды жандарына топтастыруға ұмтылады. Өйткені, оларды балығымен, егінімен асырап отырған Қарасулары бар еді. Шатақтың бәрі осы жерден басталады.

– Тығып отырған астығын бар екен, шығар, құлак, – деп ыңқыбы (НКВД) әнгіртаяқ ойнатады.

– Халық үстінен күн көрген арамтамақ, – деп және біз тілдерін сұғады.

– Бетіннен май тамып тұр ғой, боржай – деп және тиіседі.

– Бәрі бір Құдайдан, – деп құтылып кетеді Ақбар атамыз.

Совет өкіметінен көрмей, Құдайдан көргені жағады ыңқыбыға.

Алайда, сонысы өзіне пәле болып жабысады.

Қайтып келіп олар Ақбардың қолын қайырып, аудан орталығына бастайтын айдау жолға салады. — Не жаздым? - деп сұрайды.

— Бәрі бір Құдайдан... - дейді айдауылдар.

Аудан орталығына әкеліп жауаптың астына алады. Бұл тұс Шеттегі ыңқыбылардың атағы жер жарып тұрған тұсы. Осы өңірден жапон тыңшысын да, қытай тыңшысын да ұстаған ыңқыбылар оған да статья табады. ВУИК бабы деген.

Бұл мәселе бойынша сұрау салғанбыз. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы сәйкес алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша басқармасы» ММ берген мұрағаттық құжатта Айменбетов тек есімі Аймағанбетов деп жазылыпты. Одан әрменгі ақпарат бізді шынымен тығырыққа тіреген. «Шет аудандық сотының 1933 жылғы 7 қазан күнгі шешімімен ВУИК бабымен (құжатта осылай жазылған) өтеу мерзімі 1933 жылғы 5 қазаннан 1943 жылғы 5 қазанға дейін деп белгіленіп, он жыл мерзімге кесіледі». Бұл — ресми органның жауабы. ВУИК бабын айырып бермеді. Мұнын не статья екенін біз тұрсын, заңгерлердің өздері біледі ме екен?!

Дегенмен, бір сәуле түсіруге болады. ВУИК емес ВМН (высшая мера наказания) болар. Бұл - ату жазасы деген сөз ғой.

Сонымен, Ақбар Аймағанбетов он жылға кесіліп кете барады.

1933 жылғы қыркүйектің ортасында Қарағанды еңбекпен түзеу лагеріне айдалады.

Бұл кәдімгі ҚарЛАГ болатын. Қыркүйектің жиырмасынан бастап осында отырады.

Ақбарды кешегі шалдар Қарасуды теріс ағызған молда деп отыратын. Сонысы рас болса керек. Төрт әріптегілер оған мұнда да күн көрсетпейді.

Ең қиын жұмыстарға салады. "Жаныңдағыларды тауып бер" деп жанын күндіз-түні кинайды. Соның біріне мойымайды. Келер жылдың бесінші желтоқсанында патшаға мәдет тілеп, дұға оқиды. Келер күні де дұға оқиды.

Келер күні оның жатқан орнында түрме қап жатады.

Есікті бұзбаған. Терезе де аман-сау. Төбе де тесіктен аман.

Сонда қақаған қыс ішінде тыр жалаңаш тұтқын қайда барып сіңеді?

ҚарЛАГ аяғынан тік көтеріледі. Әрі іздеп, бері іздеп таппайды.

Бұған дейін ҚарЛАГ-тан қашқан жан болмапты.

Қашуға ұмтылыс жасағандарды сол бетінде басатын болған ғой.

ҚарЛАГ-тан тұтқын қашты деген бетке шіркеу. Оның үстіне қашқын қазақ болар ма? Амал жоқ, іздестіруді тоқтатады. Қалай қашты, соңғы тағдыры не болды? Мәлімсіз. Ауылдың жер тартқан абыздары:

— Түрмедегілердің көзін байлаған екен ғой... - деп күрсінер еді. Содан бері сексен жыл өтіпті. Содан бері бір хабары болмай тұр.

Ақбар бабамыздың ұрпақтары әлі іздеу салуларын жалғастырып келеді.

Бүгінде сол істің басында немересі Жәкенұлы Мұрат жүр.

— Көкке ұшса өзі біледі... - дейді Мұраты. Мен оның осынау сөзіне қарап, Ақбар бабамыз туралы дерек табатынына сенемін.

Табылмаса... Несі бар? Көкке ұшса, ұшқан шығар...

«Орталық Қазақстан», Төрехан МАЙБАС

АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ЖАНТҮРШІГЕРЛІК КӨРІНІСТЕРІ...

Келесі суреттер өткен ғасырдың 20-жылдары Ресейде болған ашаршылықты бейнелейді. Осындай ашаршылық Қазақ жерінде де болды... Бұл суреттерді көру ауыр. Бірақ, ақиқатты айтпау онан да ауыр...



Көруге қорқынышты.... Бірақ, ұмытуға бола ма!!!



Поволжьедегі аштықтан көрініс...



Өлген адамдарды жейтіндер...



Мұндай суреттерді көрсету әрине дұрыс болмас,
бірақ ақиқаттан қалай аттайсың....



...қалай іштерді көрсету...



Сол кезде Ресейге американдыктар жағынан келген көмек болмағанда Ашаршылық қырғындарының саны бұдан бірнеше есе артық болған болар еді..



1922 жылдың 9 ақпанында АРА және бірнеше американдық ұйымдар мен жеке адамдардың жіберген гуманитарлық көмегі 42 миллион доллар, оның ішінде Советтік Ресейге 12 миллион 200 мың доллар шамасында, Ф.Нансен және оның қасындағы ұйымдардың көмегі 4 миллион доллар болды. Екі жыл ішінде АРА 78 миллион долларға, оның 28 миллионы АҚШ үкіметінің, 13-і кеңес үкіметінің шығындары, қалғандары әртүрлі қайырым-шыл жеке адамдар мен ұйымдардан болды. Сонымен бірге АҚШ Конгресі Советтік Ресейге деп қосымша 24 миллион долларды астық және дәрі-дәрмек сатып алуға деп бөлді. 1922 жылдың аяғына дейін АРА-н құрамына кіретін ұйымдардың көмегімен 10 миллионнан аса адамға көмек көрсетілді. Атап айтқанда АРА 1922 жылы Башқортстанда 138 панасы жоқтарға үй, 21570 адамға арналған 46 асхана, 1923 жылдың мамыр айында 118478 адамға арналған 765 асхана ұйымдастырды.

ҚР мұрағатынан алынған мына бір деректі кәмелетке толмаған балаларға оқытуға бола ма, жоқ па, ойланыңыз.
Р.Г. 4 э. С. Секретно
Разослано: 1. т. Ягода. 2.т. Прокофьеву 3.т. Агранову 4.В дело.

П. п. ЗАМ. НАЧ. ГУРКМ - МАРКАРЬЯН.
СПЕЦСВОДКА.
ОПЕРАТИВНОГО ОТДЕЛА ГУРКМ при О.Г.П.У.

«О людоедстве и убийствах с целью людоедства».
«31» марта 1933 года.

За последние месяцы, в некоторых местностях Советского Союза установлен ряд случаев людоедства, продажи человеческого мяса на рынках и убийстве с этой целью. Отмечаются следующие случаи:

КАЗАКСТАН


В г. Аулиэ-Ата с 11 по 16 февраля с.г. задержаны: 1) на рынке женщина с частями человеческого тела в вареном виде. По заключению суд. мед. эксперта части тела от ребенка в возрасте 6-7 лет; 2) на Узбекском кладбище мужчина-казак с ребенком в изрубленном и сваренном виде.

Кроме того, в снегу около узбекского кладбища обнаружена убитая женщина-казачка 22-х лет, разрезанная на части (мясо на бедрах и руки отсутствовали).

Находящемуся под стражей в Каркаралинской исправтрудколони ШЕКЕНОВУ, в качестве передачи, в камеру принесено мясо человека.

В г. Каркаралинске в квартире у гр-на С. хранился труп неизвестной женщины.

Ведется расследование... (Осындай оқиғалардың сонымен бірге Северный мен Нижне-Волжск өлкелерінде болғандығы жазылған).



ҚОШАҒАШТАҒЫ ҚАСІРЕТ

Қауырт жұмыс, қызу еңбек ортасы болған баспаның қапылып жатқан бір уағы. Түс әлетінде бөлмеге алпысты алқымдап қалған, ақсары жүзді, ұзын бойлы, басында оюлы жасыл тақиясы бар егде кісі кірді. Көркем әдебиет бөлімінің жетекшісі Қуат Құрмансейітпен азды-көпті сөйлескенінде білдік: біздің баспадан кітабы шығарту үшін өтінішпен келген екен. Өзін «Алтай өлкесі, Қошағаш (Қосағаш) қазағымын, есім-сойым Пионер Мұхтасыров» деп таныстырды әлгі ағамыз. Қолжазбасын тапсырып, кітап жайында сөйлескен соң көп бөгелместен қайтып кетті.

Ол кісінің кітабы қолыма ертесінде тиді. Қызыл қатқыл папкаға ұқыптап шығарылған қолжазбамен қатар, баспа шарты бойынша алынатын электрондық нұсқасы да компьютеріміздің бетінен сол сәтте-ақ орын тепті. Біз пақырдың мұндағы жұмысы — редакторлық еді. Қош, әңгімені созып қайтеміз?! Шығарманы оқуға кірістік...

«Бәйтеректің оқшау шыққан бұтағы» деп аталған бұл туындыға көркем өлке Алтайдың қойын-қонышынан ырзығын теріп, қоныс еткен Найман ұлысы, алты Қаратай елінің берідегі, талайлы тағдырына арқау болған. Кітаптың атауында айтылғандай,

тұтас қазақ елінің тарихының бір бөлшегіндей Алтай өлкесіндегі Қошағаш қазақтарының әр кезеңдегі өмірлері, шаруашылық жайы мен тұрмыс қалпы баяндалады. «Қиыр қонып, шет жайлап», «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Жылаған жылдар шежіресі», «Нәубет құрбандары», «Өткен күнде белгі бар» деген тараулардан тұратын кітаптың құндылығы сонда, ұрпақ жадына ұлт тарихынан мол мағлұмат беріп, жүріп өткен жолымыздың қандай қасіретті, қандай ауыр болғанын сөзсіз меңзейді. Сондықтан ел тарихының кемшін тұсын толтыруға, ашылмаған ақтаңдақтардың жария болуына септігін тигізетіні даусыз бұл еңбектің.

Шығарма автордың – Пионер Солтанұлының нағашысы Рүстем Әбітұлы, Қошағаштағы Шүй деген жерді мекен еткен көне көз қариялардың, «көнектің түбін тескен» қарттардың, маңдайын ерте әжім басқан әжелердің айтқан әңгімесін тыңдап, соларды саралап, мың ойланып, мың толғанып барып жарық көргені аңдалады. Сонымен қатар екінің бірінің қолы жете бермейтін мұрағат материалдарын орынды пайдалана білген.

Қаратай елінің ұрпағы өсіп, аумағы кеңейгеннен жері тарлық ете бастайды. Рулардың бас көбейсе, яғни буын саны жеті атадан асатын болса, оларды ру деп танып, еншісін беріп бөлек шығаратын қазақтың жолы бұрыннан бар. «Бес Отыншы» атанған бір қауым елдің Құлжабайы да бөлектеніп, жырақтана бастайды. Қалдеке деген биі, ел басқарар көсемі сайланып, Шабанбай жайлауынан асып, өзге жерге ірге тебеді. Содан басталған таусылып бітпес тарих тегершігі аласапыран шапқынға ұласып, жер үшін, жесір дауы үшін өзімен де, өзгемен де жауласу, қабақ андасу тоқтаусыз жүріп жатады.

Барлық оқиғаны жазып оқырман уақытын да, қағаз көлемін де алмайық, өзімізге айрықша әсер еткен, жадымызға салмақ түсірген, ойлантқан-толғандық жерлеріне тоқталсақ. Сөз басында кітаптың қандай тарауларға бөлінген жазғанбыз, осы тараулардың ішінде ерекше тоқталғанымыз келетіні – «Жылаған жылдар шежіресі» тарауы. Мұндағы қазақ тарихындағы қасіретті саналатын зұлматты жылдардағы жазықсыз құрбан болған аталарымыз бен аналарымыздың бақсыз, талайсыз тағдырының баяны. Кітапта бұл жайында автор күр сөзбен қуырдақ қуырып, баяндап қана қоя салмайды. Кезінде кірмек түгілі естудің өзі сұмдық үрей болған НКВД мекемесінің мұрағатынан қажетті деректі ала алу ісі, қол жеткізіп тұрып келістіріп жариялау ісі тиянақты жүргізілген.

Айталық, 1930 жылы 8 наурыздағы Ақталдағы митинг кеңес үкіметі қарсылық деп бағаланып, оған қатысқан қарапайым адамдар, жазықсыз жандар жаппай жазалау науқанына ұшырайды. Осы митингтің басқарушысы ретінде Құтбай Әкімбайұлы ұсталып, жеке суретке түсіріледі. Айрықша тергеледі. Суретте анық көрсетілгендей, тергеу барысында болатын түрлі қысымдарға төтеп бергені, ұрып-соғуларға қыңқ демегені байқалады. Мұрағат деректерінде Құтбай туралы: «Әкімбайұлы Құтбай 1883 жылы Семей облысында туған. 20.02.1931 жылы ұсталған. 19.08.1931 жылы атылған», деп жазылыпты.

Себебі, 1931 жылды ақпан айының 20-нда ұсталған Құтбайды тамыздың 19-на дейін тергейді. Осыншама ұзақ тергегенінен білінеді, мойындату, болмағанды болды дегізу, қол қойғызудың азапты әрекеттерінде оның даланың көкжалдарындай қайсарлығын, қара ағаштай қаттылығын үштік еңсеріп жеңе алмаған. Жанарынан от шашқан, тозақтың қай түріне де ашы мысқылмен, уытты кекесінмен қарайтын тегінде қайсарлық рухы есіп тұр.



Осы бір кара емендей кайсар азамат туралы шығармада былайша суреттеледі:

«Айтқандарына тұрып 1930 жылы 8 наурызда күн көтеріле әр тұстан топ-тобымен атқа мінген азаматтар сельсоветтің артындағы алаңға жинала бастады. Қолдарында шошандатқан камшыдан басқа қарулары болмаса да, айбаттанып қыр көрсеткендері ажарлы, ешнәрседен тайынғалы тұрған жоқ. Ауылдағы үкімет басындағылар жұмыс орындарында отыра алмай жиналған халықтың неге көтерілгенін біліп тұрса да білмегенсіп, қайда барасындар мұнша халық неге жиналдындар деп сұраған болды.

Топтың ішінен атын тебініп алға шыққан Әкімбайұлы Құтбай: — Мына халық «Кенес үкіметі жазықсыз түрмеге отырғызғандарды босатсын және бұдан былай мұндай бассыздықты тоқтатсын!» деп айтқалы келді, - деді.

Ауыл кеңесінің бастығы Қарамұрзаұлы Әміржай жиналғандарға жақындауға сескеніп, алыстан айқайлап:

— Тарқандар үйлеріңе! Кенес үкіметіне қарсылық көрсетуге болмайды, - деді.

Сонда Мұрынұлы Мәсіп:

— Ей, Әміржай, әрине сендер бізді естігілерің келмейді, айдалғандар халық жауы емес, анық халық жауы сендерсіңдер, бізбен бірге Қошағашқа барасындар, сондағы бастықтарға бірге барып наразылығымызды жеткіземіз. Тез қасымызға еріндер, ермесеңдер өзгеге болмаса да сендерге күшіміз жетеді, сатқын немелер, - деп сөзін аяқтап үлгермей Қосағаш жақтан гүрілдеген дауыс шықты.

Халық жиналып үкіметке наразылығын білдірмекші деген хабар Қосағаштағы әскер бастықтарына хабарланып қойғанын көтерілісшілер енді ғана білді».

Содан жазалаушы жасақ Ақтал деген жерде өткен митингке қатысы бар деп 55-ке жуық адамды ұстап, соттаған. Осының ішінен 27 адамды үш жылдан он жылға дейінгі жазада бас бостандығынан айырса, тағы 27 адамды ажал оғына байлаған. Ендігі әңгімемізді 07.07.1931 жылы Айрықша үштіктің ПП ОГПУ-дың Батыс Сібір Өлкесінің № 260 шешімімен тергеуге алынған 54 кісінің фотосуретімен сабақтастыра баяндайық. Алғашқы суретті әлгінде көрсеттік: Құтбай Әкімбайұлы жеке түсірілген. Ендігі фотосуретте барлығы 50 адам. Ескерте кетейік: мұндағы кісілердің кеудесіне жазылған сол кездегі таңба, белгі. Кара дақ — қасірет таңбасы.



1. Құдайбергенов Антон — тілеуіт. 1904 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 5 жылға сотталған.

2. Нұрсалиев Сүбейбай — казак. 1906 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 5 жылға сотталған.

3. Эдымов Кучук — тілеуіт. 1897 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 13.08.1931 жылы атылған.

4. Илюшев Михаил — тілеуіт. 1898 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 5 жылға сотталған.

5. Яйтинов Турдыбек — тілеуіт. 1895 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 13.08.1931 жылы атылған.

6. Сыдықов Жүгірәлі — казак. 1886 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 10 жылға сотталған.

7. Қалданов Солтанбай — казак. 1859 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 13.08.1931 жылы атылған. Ұлы Кабақан (Кабрахан), қызы Рахила.

8. Жортпасов Керейбай — казак. 1870 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 13.08.1931 жылы атылған. Ұлы Ыдырыш, Сәдуақас.

9. Тұрдыбаев Мұстафа — казак. 1865 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 13.08.1931 жылы атылған. Ұлдары: Бәлден, Таберек, Мәжін, Әмбия. Қыздары: Мағмер, Қайың, Қолды, Рәузән.

10. Шынғожанов Құжырбай – қазақ. 1867 жылы туған. 13.04.1931 жылы ұсталған. 13.08.1931 жылы атылған. Ұлы Елғазы.

11. Шынғожанов Божрак – қазақ. 1864 жылы туған. 13.04.1931 жылы ұсталған. 13.08.1931 жылы атылған. Ұлдары: Балғазы, Сібәт, Әтекей. Қыздары: Окан, Майбала.

12. Жортпасов (Керейбаев) Ыдырыш – қазақ. 1900 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 5 жылға сотталған.

13. Солтанбаев Қабдрахман (Қабакан) – қазақ. 1912 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 5 жылға сотталған.

14. Мұстафанов Тәберек – қазақ. 1901 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 5 жылға сотталған. Ұлдары: Астау, Нұрмат. Қызы Нәзипә.

15. Жапынов Қали – қазақ. 1890 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 5 жылға сотталған. Ұлдары: Қашын, Тайлак. Қыздары: Кәмиле, Майсан.

16. Ахетов Мағзұм – қазақ. 1908 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 10 жылға сотталған.

17. Ақтоқалов Жұмағұл – қазақ. 1886 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 5 жылға сотталған. Қыздары: Шәпия, Тоташ, Шәмә.

18. Әлпиев Тілеуді – қазақ. 1882 жылы туған. 01.03.1931 жылы ұсталған. 13.08.1931 жылы атылған.

19. Шұқаев Қасен – қазақ. 1905 жылы туған. 20.02.1931 жылы ұсталған. 10 жылға сотталған.

20. Шәкіртов Әжмұхамет – қазақ. 1908 жылы туған. 13.04.1931 жылы ұсталған. 5 жылға сотталған. Қызы Қайырды.

Ақталдағы толқуға он шақырымдай жердегі Көкру аулынан тілеуіттің көптеген өкілі қатысқан. Оларды бастап келгендер: Майхиев Яков, Майхиев Федор, Эдымов Күчүк, Бойдоев Амырлар. Бұлар – өз аймағының бетке ұстар беделді азаматтары болған екен.

Сондай-ақ суішкілігі бар дейміз бе, періштесі жебеді ме, кім білген, «үштіктің шешімімен жалғыз адам ағарған. Ол кісі Құмарұлы Мүді секілді. Түрмеден босатылды деген құжат архивтен шыққан. Бірақ ол кісі үйіне келмеген. Өлінің санында да жоқ», - деп жазады автор П. Мұхтасыров.

Барлық сотталған адам саны – 54, ал фотосуретке түсірілгені – Құтбай Әкімбайұлын қосқанда 51 адам. Жетпей тұрған үш адам тергеу барысында қайтыс болғандықтан, бейнесі мәңгілік «тасқа басылмай» қалған. Суреттегі кісілердің жүзінен аңғарсаңыздар:

не нәрсені де қасқайып қарсы алған асқак, өршіл бейне бар. Сан түрлі сауал, қитұрқы амалдардан мезі болып қажыған қарттардың торығыңқы қалпы да бар. Нақактан нақак қуған көрген көп жанның «бұл не қылғаны» деген танданысты келбеті бар. Ал көтерілісшілерді фотосуретке түсірдегі мақсат – Қошағаш аймағында ұйымдасқан, Совет үкіметін құлатуға дайындалған үлкен банданың ұясын таптық деп жоғарғы жаққа көрсетудің көзірі болғандығы айдан анық.

Шынында да ОГПУ-шылардың мақтанғаны мақтанған, жоғарғы жақ олардың еңбегінің бағалап, 1931 жылы 15 қарашада «Кош-Агачскому отряду было вручено Революционное Красное Знамя» белгісін тапсырыпты.

Жалпы Қошағаш тарихы – қазақ тарихының зерттелмей жатқан, ескерусіз, елеусіз жатқан бөлігі. Сондықтан болар, бұл бір тұтас тарихты біріктіру үшін игі кадам болатынын айта келіп, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы кітапқа жазған алғы сөзінде: «...атамекеннен жырақ қалып, қиыр қонып, шет жайлаған елдің ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында көрген қиындығы, замана тудырған құбылыстар, қоғамдық формациялардың өзгеруін қазақтардың қалай қарсы алғаны, Шүй жеріне орныққан елдердің қарым-қатынасы (кітапта – З.К.) жан-жақты суреттеледі. «Бәйтеректің окшау шыққан бұтағы» деген кітап атауының өзі де көп нәрсені аңғартқандай, түбі бір туыс, қандас елден ажырап қалған тағдырының окшаулығын, онашалығын сөз еткендей», - дейді. Осы орайда айта кетейік, деректі туындыны оқып танысқан тарихы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қойшығара Салғара ағамыз кітапқа ат қойып, басылуын құптап, батасын берген.

Міне, қарапайым ғана күнін көріп, қара байыр ғана тірлік кешкен аталарымыздың ХІХ-ХХ ғасырлардағы бет-бейнесі. Айдарынан жел есіп, дүниенің төрт тарабын билеген кешегі көшпелі бабалардың сарқыншағы осындай күйге түскен. Неге? Дінсіздік басқан, имансыз билеген көпір қоғам, сайқал билік біздің аталарымыздың осылайша жазықсыз тәнін қинап, қанын ағызып, нақак жанын қиған.

Ал біздің қазіргі алапес билік «Кедендік одақ керемет!» деп тамсанумен келеді. Әрине, осындай кепке келген олардың «атамының құны қайда?» деп сұрай алмасы белгілі. Тексіздік төрге озған

заманда олар үшін бабанның қаны бес тиын. Тек мұны біз, бізден кейінгі ұрпақ — алаштың жаңа буыны, жалпы халық білуге тиісті. Тек біліп қана қоймай, кіммен дос болып, кіммен қас болуды да, жау қай жақтан шығатынды да ұғып тұрғаны абзал.

Занғар КӘРІМХАН

ШҰБАРТАУ КӨТЕРІЛІСІ

Қазақ тарихында әлі де анықтай түсуді аса қажет ететін мәселелер аз емес. Соның бірі — 1929-1931 жылдар арасында орын алған кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы халық көтерілістері. Бұл туралы ел тәуелсіздігіне қол жеткізген соң ғана айта бастағанымыз да белгілі. Оның басты себебі — олардың кезінде «бандиттік» және «контрреволюциялық» бас көтерулер ретінде жағымсыз тұрғыдан бағаланып және сипатталып келгендігінде еді. Бүгінде бұл мәселеге тарихи көзқарас мүлде өзгеріп, тарихымыздағы «ақтаңдақ» беттер туралы шындықты айтуға мүмкіндіктер туған кезде оған қатысты көзқарастар түбірінен өзгере бастады. Кеңестік дәуір кезінде әдейі құпияға айналдырылған мұрағат құжаттарын талдап, оларға объективті пікірлер білдіруге де тарихшылар қауымы енді ғана мүмкіндіктер алып отыр. Солардың арасында біз әңгімелеп отырған замандағы Қазақстанның бірінші басшысы Ф.Голощекиннің И.Сталинге жазған хаттары да бар. Құпия құжаттардағы мәліметте тек 1930-1931 жылдары ғана Қазақстанда кеңестік билікке қарсы он беске тарта ірі көтеріліс болып, оларға 34 мыңдай адам қатысқанын атап көрсетеді. Солардың бірі — «Шұбартау көтерілісі» деген атпен тарихта қалған болатын. Көтерілістің мән-жайына тоқталып, өзіндік бағасын беріп көрсек.

Шұбартау, негізінен, тек мал шаруашылығымен айналысатын аудан еді. Ол кезінде Қазақстандағы артта қалған көшпелі және жартылай көшпелі 70 ауданның қатарына да жатқызылған болатын. Сондықтан да бұл аудан, шын мәнінде, Семей ет комбинатына мал өнімдерін тоқтаусыз өткізетін, яғни индустриялық орталықтар мен Ресейдегі ірі қалаларды ет өнімдерімен жабдықтайтын аудандардың бірі ретінде танылды. Алдына осындай міндеттер қойыла тұрса да, ішкі нарықты ғана қамтамасыз етуге бейімделген бұл ауданның мүмкіншіліктері тым шектеулі еді.

Алайда мұндай қиыншылықты сол тұстағы Қазақстан басшылығы ескере қойған жоқ. Оның үстіне 1928 жылдан елде бас-

талған «Кіші Октябрь» бағдарламасының басты тармағының бірі — ірі байлардың шаруашылықтарын тәркілеу саясаты аудандағы дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп жіберді. Бұл аз болғандай, дәл осы тұста орталықтың тапсырмасымен ауданда ет дайындау науқаны да белең алып кетті. Онсыз да тұралаған ауыл шаруашылығына бұл тіптен ауыр соққы болды. «Жығылғанға — жұдырық» демекші, осындай жағдайда шаруалар шаруашылықтарын жаппай ұжымдастыру және оның негізінде мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандарды күшпен отырықшыландыру, сондай-ақ бай-қулақтарды тап ретінде жою тәрізді науқандар бірінен соң бірі қабаттасып, онсыз да күйзелген қазақ шаруаларын тығырыққа тіреді.

Мұндай дүрбелең науқандарда ауылдағы кедей-кепшікті асырап отырған шаруалардың ауқатты бөлігі мүлде жойылып кетті. Қазақ халқы көпе-көрнеу қолдан жасалған ашаршылық зауалына тап болатынын айқын түсіне бастады. Ашыға бастағандар топ-тобымен тамақ іздеген босқындардың қатарын толықтыруға бейім болды. Оның үстіне үкіметтен ешқандай көмек те, жеңілдік те бола қоймайтындығы айқындала түсті. Алайда халық та қарап жатпады. Шолақ белсенділердің жергілікті жерлердегі ақылсыз да адамгершілікке жатпайтын қатал саясатына қарсы Абыралы және Шыңғыстау аудандары халықтарының көтерілгендері туралы алып-қашпа хабарлар ауылдарға кең тарала бастады. «Ұзынқұлаққа» жел бергендер тіптен, Қазақстанның кейбір аудандарында Кеңес өкіметінің құлағаны туралы өсек-аяндарды кең көлемде өрбіте түсті. Мұндайда «жел тұрмаса, шөптің басының қимылдамасы» және белгілі еді. Дегенмен де шұбартаулықтар тек осындай «жел сөздерді» естіп ғана қоймай, нақты дәлелдерге де көзі жете бастады. Мысалы, аудан тұрғындары Қабыкен Зорбасов және Зәкір Әкішев өздерінің көрші Шыңғыстау ауданында орын алған көтеріліске қатысқандарын және ондағы халық тонаған кооперативтерден маталар мен астық алып келгендерін ашықтан-ашық қызу әңгімелейді. Мұның өзі аудан тұрғындарына қозғау салды. Ашыға бастаған ауыл қазақтары енді «мұның ақыры не болады» деген сауалдарға мән бере қойған жоқ. Оның үстіне өкіметтің қайырымсыздығын айқын аңғарғандар оған қарсы қатты өшігіп, мұндай әділетсіз биліктен тезірек құтылудың жолын іздестірді.

Тарихи деректер бұл аймақта сол тұста Мырзаш Қарамұрзин деген кісінің жергілікті керейлер арасында аса ықпалды болғаны

туралы айтады. Сондықтан да осындай қиын-қыстау жағдайда ел соның аузына қарады. Ал ол болса, көрші Шыңғыстау ауданынан Қабыкен Зорбасовтың алып келген хабарына онша илана қоймай, мәселенің ақырын күтті. Алайда көп кешікпей-ақ оның өзі де Абыралы ауданындағы өзінің күйеу баласы Бәкен Кемпірбаевтан және оның ағасы Ыскактан, шынында, да Абыралы және Шыңғыстау аудандарында болған халық көтерілістерінің жергілікті жерде Кеңес өкіметін құлатқаны туралы нақты хабар алды. Мұндай хабарды Қарамұрзиннің шабарманы Бекіш Ақшалаев та алып келді. Көрші ауданда көтерілгендер өздерін «шұбартаулықтар қолдайды» деп үміттенетіндерін жасырған жоқ. Шынығында да, құда-жекжаттық қатынастармен шырмалған қазақтардың мұндайда ағайынды жалғыз қалдырмасы белгілі еді.

Алайда көпті көрген, не жасаса да алды-артын кеңінен ойластыратын, содан соң ғана асықпай шешім қабылдайтын Мырзаш Қарамұрзин кеңесу үшін өзіне ет жақын керей руынан шыққан туыстарын қонаққа шақырды. Олардың арасында Қали Молдабаев, Өмірәлі Молдабаев, Ғали Молдабаев, Әубәкір Құнбаев және тағы басқа елге сөздері өтімді ағайындар бар еді. Тамақ үстінде №8 ауылдық кеңестің хатшысы, М.Қарамұрзинге туыстас Тұрсынбек Омашев ауылдағы ауқаттылардан жинап алынған малды аудан орталығына айдап келу туралы жоғарыдан келген нұсқау бар екендігін айтып, мұндай жарлықты жүзеге асырмаудың бір ғана жолы бар екендігін, ол Абыралы ауданындағыдай халықты көтеріп, малды орталыққа алып кетуге жол бермей, күшпен алып қалу болып табылатындығын атап көрсетті. Сонымен қатар жоғарыдан белгіленген бұл шараның әділетсіздігіне назар аударма келіп, кәмпескеленген малдарды қиянатшылар қолына бермеумен шектелмей, оларды өздерінің заңды иелеріне таратып беру керектігін де айтты. Бұл ұсынысты отырғандар түгелдей мақұлдады.

Осыдан соң Мырзаш Қарамұрзин араға бір күн салып, 1931 жылдың 1 наурызында біраз адамдарды басқарып, ауылдық кеңестің кооперативіне басып кіріп, ондағы заттарды теңдей бөлісіп алды. Бүліншілік басталғандықтан көтеріліс аясын кеңейте түсу басты мақсатқа айналды. Сондықтан да М.Қарамұрзин көрші аудандарға шабармандар жөнелтті. Олар көп кешікпей-ақ, 100-ге тарта адамдарды жинап келді. Бұл топ М.Қарамұрзиннің өзінің тікелей бастауымен ауылдық кеңес кеңесіне басып кіріп, ондағы малды тәркілеуге және адамдарды жазықсыз жер

аударуға байланысты құжаттарды өртеді. «Шешінген судан тайынбас» деген қағиданы ұстанған көтерілісшілер мұнан ары не істейтіндерін ақылдасу үшін «Бидайық» атты жайлауға жан-жақтан келе бастады. Осында ашық жиын болды. Жиында Мырзаш Қарамұрзин көтерілісшілерден сарбаздар жасақтарын жасақтауды ұсынды. Ол әрбір ауыл өздерінің орталарынан сарбаздар тобына 10 жігіттен жасақ шығарулары тиістігін нақты міндет етіп қойды. Оның мұндай батыл ұсынысы жиылған жұрттан толық қолдау тапты. Осылайша, көрші ауылдар орталарынан сарбаздар шығаруды шұғыл түрде қолға алды. М.Қарамұрзин көтерілісшілер қатарында берік тәртіп орнатуға да баса назар аударды. Ол өзінің сөйлеген сөзінде сатқындардың, көтеріліске қатысудан бас тартатындардың қатал жазаланатынын, оларға өлім жазасына дейін жазалау шаралары қолданылатынын да баса айтты.

Иә, қалыптасқан ауыр ахуал, шынында да босансуды көтермейтіндей аса қауіпті еді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің шектен шыққан, ақылға сыймайтын шаруашылық-саяси науқандарына төзу мүмкін болмағандықтан және қарсыласудан басқа жолы қалмаған халық осыдан он бес жыл бұрын бастан өткізген 1916 жылғы көтеріліске қатысқан батырлардың жолын таңдады. Олардың қайтпас қайсар ерліктері халықтың жадында сақталып қалған еді. Ол кезең мен бұл кезеңдегі саяси ахуалдардың әртүрлі екендігіне ашыққан және ашынған халық мәселеге тереңдеп бойлай қоймай, енді неге де болса дайын тұрды. Осылайша, кооперативті тонау, мемлекеттік мекемелерді қирату мен өртеу басталды.

1931 жылы 4 наурызда «Сарыоба» жайлауына жиналған халық Қали Молдабаевтың бастауымен Аягөз стансасынан өнеркәсіп тауарларын тиіп, Шұбартау ауылына қарай келе жатқан жүк арбасын тонауға бел буды. Қолға түскен дүниені олар өзара тең бөліп алды. Ауылдарда ет дайындауға арналған малды тартып алу да басталды. Халық ет тапсыруға өздерінің қарсы екендіктерін ашықтан-ашық мәлімдей бастады. Мұндайда қол қусырып қарап отырудың өліммен тең екендігін жақсы түсінген жергілікті шалақ белсенділер баста ауыл-ауылдарды аралап, халықты райынан қайтаруға шақырды. Құпия құжаттарда осындай үгіт жұмысымен айналысқандар қатарында ОГПУ өкілі Исмағұловтың, Қызыл отау судьясы Ибраевтың, жергілікті белсенділердің және полиция қызметкерлерінің есімдері аталады. Деректердің бірінде олардың 1931 жылы 4 наурызда ет тапсырудан бас тартқан

№11 ауылға келіп, «Кенес өкіметі құлады» деген сөздің жай ғана қауесет екендігін, шын мәнінде, бұл халықты арандату үшін біреулердің ойдан шығарған әңгімелері болып табылатындығын, өкіметке қарсыласып-қасарысудың ешқандай да жақсылыққа апармайтындығын, «құрығы ұзын» өкіметтің түбінде мұндайларға аяушылық білдіре қоймайтындығын ескертіп, ет тапсырудан бас тартып, көтерілейін деп тұрған ауылды райынан қайтарғандығы атап көрсетіледі.

Осыдан соң, Исағұлов бастаған белсенділер аудан орталығына қайтар жолдарында жолай-жолшыбай Бабахан ауылына да кідірген. Бұл ауыл көтерілісшілер жиналып жатқан жоғарыда аталған «Бидайық» жайлауынан он-он бес шақырымдай ғана қашықта орналасқан еді. Сондықтан да белсенділердің әрекеттерінен көтеріліске шыққан халық алдын ала хабардар болып үлгерген еді. Кешкісін 150-ге тарта аттылы-жаяулы көтерілісші белсенділер орналасқан қыстау үйіне таяп келіп, өзінің наразылығын білдіре бастады. Олар орталарынан бір адамды келіссөзге шығарды. Ол болса белсенділерге таяп келіп, олардан қаруларды тапсыруды талап етті. Белсенділер өз кезегінде қаруларын ерікті түрде бермейтіндіктерін және күштеу қолданылған жағдайда өліспей беріспейтіндіктерін ашық мәлімдеді. Дегенмен де қасарысудың өздері үшін де жақсылықпен аяқталмасын түсінген белсенділер ашулы халықпен бейбіт түрде тіл табысудың жолдарын іздестіріп, оларды райынан қайтару мақсатымен өздері де орталарынан бір адамды шығарған. Ол көтерілісшілерге барып, олардың кооперативті тонап, ондағы астықты бөліп алуларын аш адамдардың амалсыз әрекеттері ретінде қабылдайтындықтарын, бірақ жағдай әлі де ушықпай тұрғанда астықты кооперативке қайта қайтару керектігін түсіндірмек болды. Алайда бұл әрекет ашынған халықты тоқтата алған жоқ. Түн ортасында көтерілісшілер ұрандап, белсенділер тығылып отырған үйге лап қойды. Белсенділер болса, оларға қарсы мылтықтан 10-15 дүркін оқ атты. Мұндайды күтпеген көтерілісшілер, тосылып қалып, таяудағы киіз үйді тасалады. Қалыптасқан жағдайды пайдаланып, белсенділер арасындағы ауылдық партия ұйымының хатшысы Сыбанқұлов көтерілісшілерді қарсылықты тоқтатуға үгіттей бастады. Екі арада келіссөз басталды. Осыдан соң жағдай мүлде басқаша өрбіді. Қарсыласудың және ашулы көтерілісшілерге қарсы тұрудың ешқандай да жақсылыққа апармайтынын жақсы түсінген ОГПУ өкілі Исағұлов бірінші болып өзінің винтовкасын 63 дана

оғымен есік аузына келіп ентелеп тұрған көтерілісшілер қолына өз қолымен тапсырды. Мұндағы мақсат – ашулы халықтың аз да болса, райынан қайтуларына ықпал ету еді. Көтерілісшілер осыны пайдаланып қалғандардың да қаруларын қолма-қол сыпырып алды да, белсенділердің өздеріне тимей, оларды еріктеріне босатып қоя берді. Екі жақты қарама-қарсы тұру кезінде адам шығыны орын алмағандықтан да, көтерілісшілер белсенділерге тиіспеді. Ал қолға түскен қаруларды олар өзара бөлісіп алды. Көтерілісшілердің көпшілігі «Кенжайлау» жайлауындағы жиналысқа қатысты. Мұнда да олардың алдында Мырзаш Қарамұрзин белсенділік танытып сөз сөйледі. Ол қолына «Кенес өкіметі жойылсын! Мұхаммедтің діні жасасын!» деп жазылған ақ жалауды желбіретіп ұстап тұрды. Осында жиналғандардан құралған керей және төленгіт руларының ақсақалдар кеңесі М.Қарамұрзинды орталарынан хан көтерді. Ол өзінің барлық әрекетін осы ақсақалдар кеңесімен ақылдасып жүргізуге міндетті болды.

Мұның өзі – шын мәнінде, көтерілісті ұйымдастырушыларды алға қойған басты мақсаттарға топтастыра түсті. Хан болып сайланған М.Қарамұрзиннің сөзінен туындаған міндеттердің бастысы, аудан орталығын басып алу еді. Сондықтан да көтерілісшілер кешеуілдетпей аудан орталығын басып алудың жолдарын және жоспарын талқыға салды. Көтерілістің мұндай бағыт алуына көрші аудандардан келіп түсіп жатқан мәліметтер де тікелей ықпал жасады. Оларда көршілердің аудан орталығында Кеңес өкіметін қандай жолмен құлатқандары жан-жақты әңгіме болды. Мұның өзі елдің делебесін одан ары қоздыра түсті. Кейбір ауылдар тіптен көтеріліс басшысы М.Қарамұрзиннің шақыруын күтпей-ақ өздерінің ауылдарынан аудан орталығын басып алуға аттанып жатты.

Жасы 77-ге келген М.Қарамұрзин бұл аттанысқа қатыса алмайтынын ескертіп, есесіне, өзінің орнына көтерілісшілерге үлкен ұлы Тәуірбайды басшы етіп тағайындап, оған серік етіп басқа ұлдары Амансары мен Мұздыбайды да қосты. Әке бұйрығын қалтқысыз орындаған ұлдар ақ жалау көтеріп, көрші ауылдардан Мұқа Серғазин, Қали Молдабаев, Мелдехан Байғозин, Итжан Әбітаев бастап келген 300-дей адамды аудан орталығын басып алуға шұғыл түрде бастап кетті. Жолай-жолшыбай наразы болған ауылдардан қосылған көтерілісшілер сандары аудан орталығына тақаған кезде 700 адамға жетті. Ашу бұған халықтың тас-

кын судай екпіндері қатты болғанымен олар аса нашар, негізінен, қолдарына түскен қарапайым суық қарулармен қаруланған болатын. Нақтырақ айтар болсақ, оларда осы кезде бар болғаны үш сызықты төрт винтовка, бір наган, бір винтовка, үш револьвер және бес бытыра мылтық бар еді. Кейінірек қосылған төрт-бес ауылдың адамдарында тағы да бірнеше бытыра мылтықтары болды. Оның есесіне көтерілісшілер қатарында әртүрлі сойылдар сүйретушілер жеткілікті еді.

Аудан орталығына тақап келген көтерілісшілер оны қантөгіссіз алудың жолдарын іздестіре бастады. Тағы да келіссөздер басталды. Көтерілісшілер аудан басшыларының қарсыласпай берілулерін және мүлкі тәркіленіп аудан орталығында қамауда жатқан байлар мен ауқатты шаруаларды босатуды, халықтан күшпен жинап алынған астықты, ет дайындауға арналған малды қайтарып беруді талап етті. Кеңестік тәртіпке сай келмейтін мұндай талапқа бірден жауап қайтара алмай, күмілжіген аудан басшылары кідірістей берді. Бұл жағдай онсыз да шыдамы таусылған ашулы халықты ашындыра түсті. Ақыры өздерінің талаптарына жауап ала алмаған халық аудан орталығына лап қойды. Алайда мәселенің осылай бетбұрыс алып кету мүмкін екендігін алдын ала пайымдап үлгерген аудан белсенділері, баса-көктеп келе жатқан көтерілісшілерге қарсы бірнеше дүркін оқ атты. Қарсыластарынан мұндай батылдықты күтпеген, сондықтан да қаймығып қалған бұқара кейін шегіншектей бастады. Осы сәтті пайдаланбақ болған аудан белсенділері көтерілісшілерге өздерінің өкілдерін жіберіп, оларды көтерілістен бас тартуға, үйлеріне тарауға үгіттеуге көшті. Олар осылай болған жағдайда көтерілісшілерге астық және мануфактура өнімдерін таратып беретіндерін мәлімдеді. Мұның өзі көтерілісшілердің кейбірінің көңіл күйлеріне әсер ете бастаса да, олардың негізгі бөлігі бәрібір мұндай уәдеге сене қойған жоқ. Олар таң атысымен халықты тағы да жинап, аудан орталығына бәрібір басып кіретіндерін аудан белсенділеріне ашықтан-ашық мәлімдеді.

Осыдан соң сырттан келер көмек болмай жалтақтаған және көтерілісшілердің алған беттерінен қайтпайтындарын түсінген аудан басшылары түн ортасында аудан орталығынан жасырын қашып шығып, көрші Балқаш ауданына барып жан сақтады. Ертеніне — 8 наурызда қорғаныссыз қалған аудан орталығына көтерілісшілер ешбір қантөгіссіз басып кірді. Мұның өзі, шын мәнінде, аудан ауқымында Кеңес өкіметін құлату еді. Білік енді,

көтерілісшілердің өздерінің қолдарына көшті. Олардың аудан орталығында алғаш жүзеге асырған шарасы — әртүрлі саяси-шаруашылық науқандарда, негізінен, әрине, ет дайындау науқандарында жүгенсіздікпен салынған салықтарды дер кезінде төлей алмаған, сөйтіп, қаласа да, қаламаса да байлар қатарына жатқызылған және сол үшін қамауда отырған 41 адамды босату болды. Жазықсыз қамалғандар туыстарымен жылап қауышып, Кеңес өкіметіне жаппай қарғыс айтып жатты. Мұның өзі көтерілісшілердің рухын көтерді, арты не боларын аңдап жатпаған ызалы халық аудандық мекемелерге басып кіріп, ондағы мүліктерді қиратып, құжаттарды өртеді. Олардағы жарамды заттар, кооперативтегі дүниелер халыққа түгелдей таратылып берілді. Ашыққан халықты мұндайда тежеп ұстау да мүмкін болмады. Дегенмен де мәселені өзара дау-дамайсыз, әділетті шешу қажет болды. Сондықтан да көтеріліс басшылары осы жұмыспен айналысатын арнайы комиссия құрды. Оның құрамына Мырзаш Қарамұрзин, Итжан Әбітаев, Тоғыжан Қайтанаев, Мәди Бейсенов, Ысқақ Татубаев, Амантай Қабетаев, Мұқа Серғазин және т.б. халыққа танымал адамдар кірді. Комиссия астықты және шыт маталарды көтеріліске белсенді қатысқандар арасында теңдей бөліп берді. Ауылдардағы ет дайындауға өткізілу үшін жиналған жылқылар босатылып, өздерінің иелеріне қайта таратылды.

1931 жылдың 12 наурызына қарай көтеріліс ауданның басқа ауылдарына да жаппай тарап, олар да кооперативтерді тонап, белсенділерді жазалауға көшті. Мұндайда кісі өлтіру әрекеттері орын ала қоймаса да, кезінде шектен шығып, халыққа тізелерін батырған шолақ белсенділер аяусыз таяқталып, халықтан өздеріне тиісті жазаларын алды. Көтерілген ауылдар орталарынан басшылар шығарып, алда қандай әрекеттерге бару керектігін жоспарлай бастады. Мырзаш Қарамұрзин бастаған көтерілісшілер сарбаздарды «Ақтас» ауылына топтастырып, көрші Аягөз ауданының орталығын басып алуға дайындық жасауға кірісті. Бірақ мұндай маңызды жоспардың жүзеге асуына Аягөзден шұғыл түрде шыққан ОГПУ-дың қарулы отряды кедергі жасады. «Ақтасқа» қарай желе-жортып келе жатқан М.Қарамұрзиннің өзі қасындағы алты серігімен жазалаушылардың тосқауылына кездесіп қалып, аңдаусызда қолға түсті. Мұның өзі көтерілісшілердің ұйымдасқан түрде жазалаушыларға қарсылық көрсетулеріне мүмкіндік бермей, олардың рухын түсірді.

«Ақтасқа» жиналып жатқан көтерілісшілерді де дер кезінде келіп жеткен ОГПУ-дың қарулы отряды мен жергілікті коммунистер мен комсомол мүшелерінен құралған коммунистік отряд қоршап алды. Мұны естіген және әлі де өз ауылдарынан «Ақтасқа» аттанып үлгермеген көтерілісшілердің кейбір отрядтары өздерінің ауылдарында бекініп алып, жазалаушыларға қарсылық көрсетпек болды. Осындай аласапыран уақытта «Қарашеке» жайлауына жиналғандарды да жазалаушылар қоршап алды. Оларды тұтқыннан босату үшін көмекке келген көрші ауылдардың адамдарының әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Қарбаласта көтеріліс басшыларының бірі — Мұқа Серғазин жазалаушылар тарапынан атылған оққа ұшып, көтерілісшілерді қатты абырратты. Ал мұның өзі көтерілісшілердің жазалаушыларға табанды түрде ұйымшылдықпен қарсылық көрсетулеріне айтарлықтай кедергі келтірді.

Дегенмен ауыл араларының едәуір қашықтығы және оларда қалыптасқан жағдайдың да әртүрлілігі ОГПУ-дың және коммунистік отрядтарға көтерілісті жылдамдата басып тастауға мүмкіндік бере қойған жоқ. Мысалы, №6 ауылдың көтерілісшілері 1931 жылдың 24 наурызында Балық тресінің қоймалары мен дүкендері орналасқан «Алғазы» аралына шабуыл жасады. Алайда аралдағылар мұндай шабуылдың болатынын алдын ала біліп, қорғаныс қамына кірісіп кеткен еді. Олар балық кәсіпшілігін айналдыра ор қазып, өздері сонда бекініп алып, келгендерге қарсы оқ атты. Өзара қарсы тұрғандардың текетіресі 56 сағатқа созылып, нәтижесінде өздерінен бір адам қаза болған соң ғана көтерілісшілер шабуылды тоқтатып, «Жыланды» жайлауына қайтып кетті. Қарсыласу басқа ауылдарда да жүріп жатты. Мысалы, №8 ауылда көтерілісшілер жазалаушыларға қарсы табанды қарсылық көрсетіп, жеті адам қайтыс болды.

Өкімет те қарап қалған жоқ, теміржол арқылы ағылып келіп жатқан жазалаушы отрядтар біртіндеп барлық ауылдарды қоршап алып, оларға қатал бақылау орнатты. Халықты қан қақсатын шолақ белсенділер заманы қайта орнады. Олар әрбір ауылдағы айыпкерлерді шұғыл түрде іздестіріп, көтерілісшілерді ұйымшылдықпен төтенше жазалауды қызу түрде қолға алды. Ұлттық мемлекет қауіпсіздігі мұрағатында ОГПУ тергеушісі Байбосынов дегеннің жүргізген тергеу жұмысының құжаттары сақталған. Онда көтерілісті белсенді ұйымдастырған 42 адамға тағылған әртүрлі айыптар айтылады.

«Тарихта есімдері атаусыз қалмасын» деген оймен осы азаматтардың аты-жөндерін айта кетуді жөн көріп отырмыз. Бұл кісілер мыналар: Мырзаш Қарамұрзин, Қали Мәндібаев, Итжан Әбітаев, Тахир Молдабаев, Спан Сұлтанғазин, Мелдехан Байғозин, Тәуірбай Мырзашев, Амансары Мырзашев, Тайжан Молтанаев, Дүйсен Манғозин, Құдаш Мұқашев, Мұқыш Орыншин, Рымтай Қарамұрзин, Ысқақ Омаралин, Смайыл Омаралин, Зәкір Әбішев, Қабыкен Зорбасов, Мұздыбай Мырзашев, Өмірәлі Молдабаев, Алтай Бейбітов, Амантай Кәбетаев, Кәріпжан Тоқшорин, Шайзада Бертөлепов, Тұрғамбай Байғозин, Рашид Ысқақов, Құдайберген Нұрақымов, Дәуіт Оспанов, Әлізе Дәуітов, Иманхан Шомқанов, Әмірхан Әлдекин, Токсанбай Рымтаев, Ысқақ Әмірханов, Алтай Әмірханов, Мақа Шағаманов, Керімжан Қалиев, Адамбай Мукин, Өмірзақ Сыздықов, Бітірбай Ахметов, Салық Бейбітов, Кенжежан Сыздықов, Шамахан Сейілханов және т.б.

Бұлар түгелдей дерлік ОГПУ тарапынан қатал жазалауға ұшырады. ПП ОГПУ-дың (Полномочное представительство Объединенного Государственного Политического Управления) Ерекше үштігі өзінің 1931 жылдың 14 мамырындағы және 29 маусымындағы, сондай-ақ, 1932 жылдың 19 маусымындағы үкімдерімен көтерілісті басқарған және ұйымдастырған 28 адамды ату жазасына, 66 адамды 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбек түзету лагерьлеріне қамауға, 17 адамды Қазақстанның өз ішінде 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жер аударуға кесті.

«Апырм-ай, жаза тым қатал болды-ау, ашыққан халықтың жазығы жоқ еді ғой, оның үстіне өкімет адамдарынан ешкім де қаза тауып, жапа шеге қойған жоқ еді ғой» деп аяушылық танытып мүсіркегендер билікте отырғандар қатарынан көріне қойған жоқ. Кенестік тоталитарлық жүйе осы аудан аумағында өзіне адал қызмет жасаған партия-кенес қызметкерлерін де қатал жазалады. 1931 жылдың 25 сәуірінен 5 мамырына дейінгі аралықта Шұбартау ауданында жұмыс істеген мемлекеттік комиссия (төрағасы Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров, хатшысы — Ж.Тәттібаев) «сатқындық жасағаны, таптық бағытты бұрмалап, оппортунизмге түсіп, байлармен және бандиттермен достасқаны» үшін Шұбартау ауданының бұрынғы басшыларын партия қатарынан шығарды. Олар — аудандық партия комитетінің хатшысы Сатыбалдин, аудандық атқару комите-

тінің төрағасы Қамшыбаев, ГПУ өкілі Байбосынов, ауатком төрағасының орынбасары Дүйсембаев, нұсқаушы Бегімбетов, инспектор Тенізбаев, ауатком хатшысы Исағұлов болатын. Бұлардың тағдырының мұнан кейін аса күрделі болғаны, партиядан жоғарыдағыдай аса ауыр айыппен аласталғандықтан аталғандардың кенестік билік алдында ешбір күнәлары болмаса да, сотталып кете барғандары белгілі. Қуғындалғандардың өздері ғана емес ұрпақтары да қаңғып кетті. Өйткені оларға «халық жауларының балалары» деген ат аз болғандай, «бандиттердің балалары» деген лақап ат та қоса тағылды. Мысалы, халық хан көтерген Мырзаш Қарамұрзинның кенже ұлы Мұздыбай көп жылғы айдаудан соң Ұлы Отан соғысына сұранып кетіп, одан да аман есен оралып, елден жырақта, басқа ауданда тұрып, өткен ғасырдың 90-жылдары қайтыс болды. Ал Мырзаш Қарамұрзинның туған інісі Рымтайдан өсіп-өнген ұрпақ шүкіршілік, бүгінде Алматыда және Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданына қоныстанып, еңбек етіп жатқан жағдайлары бар. Ал енді басқа көтеріліс басшылары ұрпақтарының тағдырларынан хабарсызбыз.

Сонымен, қорыта келгенде айтарымыз, Шұбартау көтерілісі кенестік тоталитарлық жүйенің шектен шыққан зорлық-зомбылықтарына шыдамаған халықтың еріксіз бас көтеруі болып табылады. Оған қатысқан халық аудан көлемінде болса да, кенестік билікті құлатып, орталарынан хан сайлап, саяси жүйені дәстүрлі негізде өзгертуге талаптанды. Сондықтан да бұл көтеріліс бүгінгі тәуелсіз тарихымызда қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының заңды жалғасы ретінде бағаланып, тарихымыздан құрметті орын алуға әбден лайықты.

Талас ОМАРБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы
кафедрасының меңгерушісі

ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЫ А.Н.КУРОПАТКИН

Ресей империясының отаршылық езгісінің нәтижесінде 20-ы ғасырдың басындағы казак халқының жағдайының құлдырауға жете бастағандығын сол кездегі орыс басқарушылары да түсіне бастаған еді. Жайылымын тартып алғандықтан казактың малы қырылды. Патшаның мұздай қаруланған әскери билігіне қарсы тұруға шамасы болмаған карусыз қалған казактар жер, су, жайылым үшін өзара қырқысуға барысты. Тайпа мен тайпа, ру мен ру арасында ұрыс-керіс көбейді. Казак даласында ашу, кек пен ыза кептеліп жинала бастады. Алда 1916 жыл тұрды...

Түркістан өлкесінің сол кездегі генерал-губернаторы А.Н. Куропаткиннің мына сөзі осы айтқандарымызға айқын дәлел бола алады: «...Қырғыздар соңғы 30 жылда, әсіресе соңғы 12 жылда жан жағынан қыспаққа түсті. 1904 жылдан бастап, тек қана Жетісу облысының өзінде олардың күнкөрісі үшін өте маңызды бірнеше миллион десятина жері тартып алынды. Сендерге қажет пе, жоқ па деп, ешкім олардан сұраған да жоқ. Бірнеше орыс елді мекендері пайда болды. Әрине, бұл жақсы жағымыз. Бірақ, қырғыздардың (қазақтардың С.Ж.) орысқа деген жек көрушілігі пайда болды. Бұл — теріс нәтиже. Мысалы, мен әлі күнге дейін түсінбеген нәрсе бар — 1913, 1914 және 1915 жылдары Жетісу облысының 1 800 000 десятина жерін әртүрлі адамдарға мал шаруашылығына деп бергеніміз, соның ішінде Верный қаласының полицмейстері Поротиковқа 10 000 десятинаны неге бердік? Бұл мәселе атақты «башқұрт жерлері» деген оқиғадан да сорақы бола ма деп қорқамын. Қандай мақсатпен, неге бұлай еттік, өзіміз білмейміз. Қырғыздарды отырықшылыққа үйретеміз деп оларға егістік жер ғана бердік, мал шаруасына жарамды 1 800 000 десятина жерді қырғыздарға бермей, қайдағы бір алаяқтарға бердік. Дәл осы кезде барлық облыстар мен өлкелерде ормандық жер көлемдері мәселесінде биліктегілер білгенін істеп жатты. Орманшылар мен объездчиктер бұл жерлердің бірден бір қожайындарына айналып қырғыз, түркімен, сарттарды ол жерлерден ығыстыруға бар күштерін салуда. Оларды тек қазынаға кірістелген жерлерден ғана емес, сол аймақтың көшпелі және отырықшы тұрғындарына деп қалдырылған жерлерден де қуа бастады...»



**БАЛҚАШТА АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНА
ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ**



Ескерткіштің ашылуы осы жылдың 4 қазанына тура келді. Ескерткіш жеке азаматтардың жинаған қаражаттарына салынды. Бұл игі іске мұрындық болған және ынталы топтың жетекшісі болған — Балқаш қаласының тұрғыны Бейсен Интепеков.

Осыдан үш жыл бұрын Бейсеннің қолына Қазақстандағы ашаршылық жайлы жазылған бір журнал түсіп оны оқығаннан кейін туған халқының кешкен сұмдық зұлмат жайлы ойлар оны мазаландыра берді. Бүкіл ұлттың басына түскен алапат ашаршылықтың әлі күнге дейін тарих қойнауында толық аршылмай, тарихтан өзіне тиісті бағасы мен орнын алмай отырғандығы жанына ерекше батты.

Не жасыратыны бар, көптеген замандастарымыз, оның ішінде әсіресе жастар, қазақ даласында болған, әрбір екінші отбасыны шарпыған, сол бір сұм зұлмат жайлы дұрыс білмейді. Бейсен Мұсабеқұлы бірнеше достары мен ынталы топ мүшелерін жинап, сол бір зұлмат жылдары Балқаш өңіріне аштық айдап келіп, осы өңірдің сай-саласында ажал тапқан, сүйектері көмусіз қалған ата-бабаларымызды кейінгі ұрпақ білсін деп, олардың әруақтарына зиярат ететін ескерткіш белгі орнату жұмысын қолға алады. Осы мақсатта ашаршылық тақырыбында көптеген зерттеулер жүргізген ғалым-демограф Мақаш Тәтімовпен байланысып бірлесіп жұмысқа кіріседі.

Кесенеге орын таңдау мәселесі де ойланып шешілді. Қаланың қазіргі Ескі Алан деп аталатын жерінде зауыт болған еді. Міне осы жерге 1930 жылдары аштықтан аман қаламын деген үмітпен шұбырған мыңдаған қазақтар ағыл-тегіл келе бастады. Осы кездер жайлы «Индустриальная Караганда» басылымында балқаштық өлкетанушы Күләш Сардарбек былай жазыпты: «...Жұмыс іздеген, малынан айрылған, бір үзім нан іздеген көшпелі қазақтар Балқашқа ағыл-тегіл келе бастады. 1930 жылдары Балқаш көлінің жағасында алғашқы қала құрылысшыларына арналған 1000 киіз үйлік поселок пайда болды. Құрылысшыларға тамақ жетіспейтін. Шұбырып келіп жатқандардың легі тоқтар емес. Келушілер киіз үйлерге кіріп пана іздейді. Не істеу керек? «Жұқпалы аурулардың індетін болдырмау» мақсатында жанағы мың үйдің 900-ін өртеп жібереді.

Осы оқиғаны өз көзімен көрген С.Сидоров: «Қазіргі алаң маңында, тұғырда Т-34 танкі тұрған жерді келген комиссияның бірі «тазартыңдар» деп бұйрық берді. Комиссия тексерген киіз үйлерді өліктерден тазартты. Аман қалғандар мен ауруларды

түгел жинап көлікке тиеп белгісіз жакка алып кетті. Қалған босаған киіз үйлерді жығып, ішіндегі заттарымен бірге өртеп жіберді. Көл жағасында киіз үйлер көп болатын..»

Осы сөздерді қаланың ежелгі тұрғындары Әбдуалиев, Құлжанова растады, олар киіз үйлерін жасырып, өртеуден аман алып қалыпты. Қаланың алғашқы құрылысшыларының бірі Л.Маленко адамдарды баржаға еріксіз мәжбүрлеп тиеп Бөрлітөбеге (қаладан 300 шақырым жерде) тасығанын, жол бойы өлгендерді көлге лақтырғанын өз көзімен көрген. Сонымен бірге, ол кісі адамдарды сөндірілмеген әкпен бетін жауып көмгенінің куәсі болыпты.

Бұл деректер қаланың мұрағат қорында болмай шықты. Бірақ мұндай зұлматты халықтың жадынан өшіруге бола ма? Жок. Ешбір күштің қолынан келмейді, оны өшіру. Бірақ бір дерек қалыпты. Балқаш қаласының көшелерінің бірі соғыстан кейінгі жылдарға дейін сол аштан өлгендердің белгісі ретінде Голодная (қаланың ежелгі тұрғындары біледі) деп (қазіргі Томпиев көшесі) аталып келіпті.

Кейбір деректер бойынша Балқаш қаласын салу құрылысында 49 мың казак өлген. Сол кезде қазақтарды зорлықпен отырықшылыққа мәжбүрлеу жұмысы жүргізіліп, олардың малы тартып алынды, коммунистік жұмақ тұрмысқа жеткіземіз деп колхозға айдап кіргізді. Осындай голощекиндік зұлымдық террордың нәтижесінде Қазақстанда жергілікті халықтың жартысынан көбі қырылды. Қазақтар оны Ұлы Ашаршылық деп атады.

Голощекин жасаған Ашаршылық – ХХ ғасырда болған ең үлкен трагедия. Ол пайыздық үлесі жағынан армян геноцидінен асып түседі, украиндік ашаршылықтан үш есе артық, еврейдің Холокостімен теңеседі. Қасіреттік тұрғыдан алғанда Пол Поттың тұсында болған кампучиялық қанды қырғыннан да асып түседі.

Кесене - қурап қалған ағаш – Әруақ образындағы өлгендерді, олардың азабын көрсетеді. Жоғары жағында қазақтың рухани байлығының белгісі – Домбыра қойылған. Төменгі жағына қазақтың жалғаса беретіндігінің айғағы ретінде – Бесік қойылған. Бесікке үніліп қарағанда одан шығып тұрған жеті бұтақты, яғни әр қазақтың білуге тиіс, ұмытпауға тиіс Жеті Ата ұрпағын көрсететін белгіні аңғарасыз. Астына араб тілінде: «Рахымы күшті Аллатағаланың құдіреті жар болсын» деген Құран сөзі жазылған.

Бұл кесенені алматылық сәулетші Сегізбай Сұлтанов жасаған. Кесененің ашылуына академик-демограф Макаш Тәтім

келіп сөз сөйлеп бұл ескерткіштің Қазақстандағы Ашаршылық құрбандарына арналған алғашқы кесене екенін атап өтті.

Бір өкініштісі, ресми адамдар бұл шараға келмеді, сірә бұл ескерткішті артық санаған болса керек. Олардың Ар мен Әруақтардың алдында өз айтары мен өз дәлелі бар болар. Біз бұл мәселені саясиландырудан аулақпыз – халықтың тартқан азабын, бастан кешкен зұлматты жылдарын адамдардың жадынан да, тарихтан да өшіре алмайсың. Мұндай зұлматты ешуақытта ешбір халықтың басына бермесін! Қайталанбасын! Сол үшін ғана ұмытпайық!

Оксана Живицкая, 2014 жыл.

ҚОСЫМША ҚҰЖАТТАР
Бұрынғы Кеңес одағы аймағындағы еңбекпен түзеу поселкелері

		Адам саны	Еңбек пос. саны (1938 01.07)	Адам саны	Еңбек пос. саны (1941 I кв)
1	Новосібір облысы	195523	517	171056	453
2	Свердлов обл.	171899	243	89868	145
3	Молотов обл.			75369	92
4	Челябі обл.	57337	40	46900	41
5	Омбы обл.	44513	113	34824	98
6	Архангельск обл.	39031	82	36597	75
7	Иркутск обл.	32211	42	29236	44
8	Краснояр өлкесі	58836	120	51718	181
9	Қыыр шығыс өлкесі	29276	128		
10	Хабаров өлкесі			25416	36
11	Приморье өлкесі	10		1018	3
12	Ленинград обл.	23231	9	3175	2
13	Чита обл.	22745	73	23609	73
14	Коми АССР	20172	37	17634	35
15	Өзбек ССР	14307	13	12078	14
16	Белбалткомбинат НКВД	29181	21	22166	21
17	Башқұрт АССР	12624	13	11670	12
18	Қырғыз ССР	11845	26	7236	18
19	Вологда обл.	9606	45	9978	48
20	Тәжік ССР	9052	17	8588	18
21	Киров обл.	7790	8	7386	7
22	Украин ССР	7470	44	6312	47
23	Карел-Фин АССР	6167	2	8661	79
24	Якут АССР	3988	8	3321	7
25	Куйбышев обл.	3287	4	2757	3
26	Алтай өлкесі	2783	18	2624	9
27	Орынбор обл.	3532	3		
28	Чкалов обл.			2121	3
29	Бурят-Монғол АССР	1945	5	1667	5
30	Ставрополь өлкесі	45531	10	44540	10
31	Комбинат сальникель			2012	14
32	Воркутауголь, Норильлаг			1798	2
33	Мурманск обл.			15607	4
34	Сталинград обл.			2519	7
35	Оңт. Қазақстан обл.	34453	61	3547	11
36	Қарағанды обл.	91217	30	87787	29
37	Шығ. Қазақстан обл.			9352	17
38	Сол. Қазақстан обл.	9352	9	35356	28
39	Алматы обл.	8905		7096	29
40	Ақмола обл.			24445	26
41	Жамбыл обл.			8886	14
42	Қызылорда обл.			2445	16
43	Семей обл.			836	3
44	Павлодар обл.			238	2
45	Калмак АССР			1020	2
46	Сол. Осетин АССР			154	1
	Барлығы	997329	141	966650	1784
	Оның ішінде Қазақстан бойынша:	134653	100	180015	175

Дерек көзі: «Социологические исследования» журналы, № 2 1992 ж. авт. В.И. Земсков.

1928-1995 жылдар арасында әр аймақтан жер аударылған «бай мен құлақтардың» саны, қаншасы жолда өлді, қаншасы лагерлерде өлді, 1995 жылға тірі қалғандары (И. Пономаревтың есебі бойынша)

	Қай өңірден жер аударылды	Жер аудар. саны	Өлгендері	1995 жылға тірі қалғаны
1	РСФСР	9 млн. 150 мың	5 млн 490 мың	91500
2	Украина	2 млн 40 мың	1 млн 224 мың	20500
3	Қазақстан	750 000	510 000	7500
4	Закавказ республикалары бойынша	1 млн 65000	628 000	10650
5	Белоруссия	600 000	360 000	6000
6	Қырғыз респ.	315 000	190 000	3150
7	Прибалтика және Молдавия	300 000	180 000	300
8	Орта Азия Барлығы бұрынғы КСРО бойынша	780 000 15 млн	468 000 9 млн 50 мың	7700 150 000.

Қазақстан аймағындағы арнайы поселкелерде тұрған адамдардың саны (1941 ж. I тоқсаны)
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ - 7096 адам;

1	Қаратал ауданындағы а/ш артелі	944 адам
2	Қаратал ауд. қызылша совхозының 1-і бөлімшесі	757
3	Қаратал ауд. Қызылша совхозының 2-і бөлімшесі	566
4	Қараталстройдың 2-і учаскесі	547
5	Қоғалы ауданының 2-і учаскесі	521
6	Алматы ауданындағы темекі совхоз	408
7	Үштөбе МТС-і	357
8	АХО НКВД	352
9	Қаратал ауд. әртүрлі ұйымдары	345
10	Совхоз № 3 НКВД	325
11	Совхоз № 1	238
12	УСВР № 9	173
13	Бантор	154
14	Құлалы ауд. № 3 учаске	150
15	Көк-су	133
16	Қаратал ауд. Кустпромартель	131
17	Қоғалы ауд. № 2 бас орталығы	127
18	Қоғалы ауд. № 3 пункт	114
19	Қараталстройдың № 4 учаскесі	107
20	ОИТК-н колониялары	98
21	Алматыдағы әртүрлі ұйымдар	98
22	ОИТК НКВД	90
23	Қоғалы ауд. № 2 пункті	83
24	Қараталстройдың №-1 учаскесі	82
25	Коммунжилстрой	67
26	Қаратал ауд. бордакылау базасы	46
27	Қоғалы ауд. № 1 пункт	38
28	Қоғалы ауд. құс өсіру мекемесі	33
29	Қоғалы ауд. мал жайылым базасы	12

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ -
87787 адам;

1	Новотихоновка	9749 адам
2	Майқұдық № 2	8448
3	Қарағанды	8406
4	Новотихоновка № 1	6729
5	Компанийский 1	6601
6	Майқұдық № 1	5753
7	Пришхтинский	5529
8	Компанийский № 2	4419
9	Литвиновск	4345
10	Осакаровка	3150
11	Интернациональный	2511
12	Пионерский	2410
13	Октябрьский	2212
14	«Передовик»	1971
15	Новобытний	1764
16	«Трудовик»	1570
17	Тансумак	1442
18	Новый Шахай	1344
19	Коллективный	1254
20	Батбак	1205
21	Красная нива	1094
22	Вторая пятилетка	1051
23	Крешенко	1039
24	Родники	919
25	Құндызды	723
26	Красное озеро	652
27	Шортанды	520
28	Первомайский	517
29	Красноармейский	459

СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ - 35356 адам;

1	Краснокаменка	1930 адам
2	Зеленый гай	1819
3	Ясная поляна	1756
4	Красная поляна	1544
5	Литовочный	1524
6	Донецкий	1521
7	Вишневка	1512
8	Калиновка	1502
9	Южный	1430
10	Подлесный	1426
11	Подольский	1386
12	Петровка	1354
13	Черниговка	1353
14	Озерный	1320
15	Чкалов атындағы	1295
16	Краснодольский	1123
17	Степной	1097
18	Новогречановка	1081
19	Горький атындағы	1078
20	Новая Березовка	1035
21	Нагорный	1033
22	Белоярка	1021
23	Глубокое	1018
24	Красная Киевка	1018
25	Константиновка	933
26	Вольнский	893
27	Ростовский	725
28	Леонидовка	629

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ -
3547 адам;

1	«Мақта-Арал» совхозы	655 адам
2	«Каучуксовхоз» №12	573
3	Үлкен Октябрь	425
4	Күйық	324
5	А\Ш артелі, Мақта – Арал ауданы	149
6	Үлкен Октябрь	83
7	Тұлқибас	84
8	Дарбаза астық совхозы	77
9	Қызыл-Құм МТС-і	76
10	Братское	65
11	Көк-Су қой совхозы	36

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ -
9352 адам;

1	Риддер	2862
2	Белоусовка	1272
3	Трудовой	1214
4	1-і аудан	1127
5	2-і аудан	771
6	Глубокое	446
7	Столбуха	462
8	Малая Ульба	206
9	4-і аудан	406
10	Ерофеевка	128
11	Бутаково	124
12	Голуха	116
13	Бірінші Ульба	78
14	Шаровка	32
15	Журавлиха	25
16	Крыльчатник	16
17	Толстуха	13

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ -
24445 адам;

1	Шортанды	2098
2	Каменка	1272
3	Первомайский	1604
4	Новокубанский	1518
5	Андреевский	1389
6	Степняк	1386
7	Петровский	1212
8	Раздельный	1136
9	Камышенка	1116
10	Садовый	1010
11	Лозовой	994
12	Пригородный	989
13	Островной	975
14	Пришимский	910
15	Интернациональный	783
16	Байкальский	724
17	Новошимский №1	741
18	Подлесный	675
19	Новокавказский	571
20	Алтайский	518
21	Островной №2	518
22	Новошимский №2	447
23	Октябрьский	403
24	Тельман атындағы	336
25	Зеленый гай №1	331
26	Зеленый гай №2	315

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ -
2445 адам;

1	Арал к.	654
2	Мойнак консерв зауыты	327
3	Май-Пост	217
4	Қазақ-Дарья	207
5	Аралсульфат	175
6	Авань	118
7	Мойнак	117
8	Урга	106
9	Үшсай	95
10	Арал ауд. промартель	94
11	Аралсольтрест	92
12	Бөген	84
13	Ұзынкайыр	61
14	Сарыбасат	36
15	Уялы	51
16	УНКВД подхозы (Арал ауданы)	11

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ -
8886 адам;

1	№ 2 Шу ауд. а\ш артелі	2315
2	Көксудақ	1303
3	Қордай ауд. а\ш артелі	1111
4	Шу ауд. № 1 а\ш артелі	1040
5	Степное совхозындағы 1-і бөлімше	783
6	Мерке қызылша совхозындағы 1-і бөлімше	694
7	Мерке қызылша совхозындағы 2-і бөлімше	227
8	Жамбыл қызылша совхозының 1-і бөлімшесі	335
9	Жамбыл қызылша совхозының 2-і бөлімшесі	282
10	Георгиев тінталшық зауыты	277
11	Шөміш плотинасы	185
12	Степное совхозының 2-і бөлімшесі	96
13	Степное совхозының 3-і бөлімшесі	104
14	Жамбыл	12

СЕМЕЙ ОБЛЫСЫ -
863 адам;

1	Рудный Ақтал	457
2	Георгиевка	275
3	Рудный Боко	131

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ -
238 адам;

1	«Новая заря» а/ш артелі	126
2	Мойский рудник	112

Деректер «Социологические исследования» (№ 2, 1992) журналынан алынған. Мақала авторы В.Н. Земсков – «Қулацкая ссылка»

«ҚАЗАҚТАР ШЫБЫНДАЙ ҚЫРЫЛЫП ЖАТЫР...»

«...Қазақстандағы алапат ашаршылықтың үш жылды (1931-1933 жылдар) қамтығанын естен шығармауымыз керек. Рас, қазақтар бұл қасіретті «32-жылдың ашаршылығы» деп айтуға дағдыланып кеткен. Бірақ, біз жоғарыда келтірген құжат халықтың үш жыл бойы шығынға ұшырағанын айқын көрсетіп отырған жоқ па. Тарих нақтылықты ұнатады. Ресми құжаттарға қарамастан, қазақ даласындағы босқындардың ерсілі-қарсылы ауа көшуінің жанталасушылығы 1933 жылдың екінші жартысынан кейін ғана толастай бастағанын аңғара бастаймыз.

Жасыратын не бар, Сталин қазақтарға көмек көрсету мәселесімен Тұрар Рысқұловтың (аяулы азаматымыздың бұған дейінгі хаттары Сталин тарапынан ескерусіз қалған-ды) 1933 жылғы 9 наурызда оның тікелей өзіне жазған, Қазақстандағы аштықты жасырмай әшкерелеп көрсеткен аса батыл хатынан кейін ғана шындап айналысты. Аштық жылдарында өзге де адамдардың (О.Исаев және т.б.) Сталинге жазған хаттары белгілі, бірақ бұлардың ешқайсысы да Қазақстандағы аштықты Т.Рысқұловтай ашық және батыл айта алмады және оны мемлекеттік деңгейдегі мәселе етіп қоя алмады. Т.Рысқұловтың бұл орайдағы ерен еңбегін, халқы үшін басын бәйгеге тіккен ерлігін ешкім де ұмытуға тиіс емес.

Т.Рысқұловтың арқасында алғаш рет 9 наурызда аштық туралы азалы ақиқат ресми түрде мемлекеттік мәселе етіп қойылды. Осыдан кейін ғана, яғни аштықтың барысы Сталинге жария болған соң ғана қазақ зиялылары өз пікірлерін бұқпанталамай, кейінгі Қазақстан басшысы Мирзоянға жаза және айта бастады. Тұрар Рысқұлов ұлт зиялыларын шындықты айтуға, Сталин тәрізді тажалдың өзімен бетпе-бет келгенде де шындықты айналып кетпеуге үйретіп кетті. Сондықтан да **1933 жылдың 9 наурызы азалы күн болып жариялануға әбден лайық.**

Республика парламенті құратын комиссия назарынан осы қырғынға кінәлілердің есімдерін анықтаудың да тыс қалмайтынын есітіп, қуанып қалдық. Иә, халқымызға бұл шындықты да айтатын жөніміз бар. Осы мәселені зерттеп жүрген маман ретінде өз ойымызды айта кетсек, парламент комиссиясы жұмысына көмегіміз тиер деген игі ниетпен осы орайда мынаған назар аудардық. Егер жеке адамдарды айтар болсақ, «қазақтардың шыбындай қырылуына» басты құнаһар – Сталин. Оның «тап

күресінің өршуі» туралы теориясымағын көшпелі қазақ қоғамына қолдану, жедел индустрияландыру идеясын жүзеге асыруға қажетті астық пен етті қазақ шаруаларынан күштеп тартып алу, кооперативтерді талқандап, колхоздарды зорлап ұйымдастыру қасіреті қазақ даласын қанға бөктірілді. Қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, С. Сәдуақасов, Ж. Сұлтанбеков, Ж. Мынбаев, С. Қожановтар және орыс ғалымы С.П.Швецов ұсынған қазақ қожалықтарын дамытудың баламалы ұсыныстары аяқ асты етілді.

Екінші кінәлі – Голощекин. Голощекиннің төңірегіндегілер де өздерінің солшылдық пиғылдарымен көзге түсті. Олардың ішінде әсіресе, І. Құрамысовтың кінәсі ауыр. Ол – Голощекиннің «көленкесі» болды. Ал енді төмендегідей адамдардың қолдары қып-қызыл қан: Қазақстандағы ПП ОГПУ-дің (Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың толық уәкілетті өкілдігі) 1929-33 жылдардағы басшылары – Волленберг, Даниловский, Каруцкий, олардың орынбасары – Альшанский. Қазақстандағы әскери комиссариаттың саяси бастығы – Идельсон, Волга бойы әскери округінен Қазақстанға жазалаушы дивизияны басқарып келген, ашық далада қазақтарды пулеметпен қырған – Евсеев, Сталиннен әскер сұраған, Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы – Рошаль, Мәскеудегі ОГПУ-дің бастығы – Ягода, Адай көтерілісін басқан – Рагозин мен Оглода. Бұл тізім әлі де жалғасуы керек. Бұл тізім, әрине Голощекиннен басталады. Дегенмен, мынаны да ұмытпағанымыз жөн. Қазақстандағы ПП ОГПУ кейбір мәселелерді Голощекиннің өзінен де жасырды. Мұны Тактакөпір бас көтеруі, Созақ көтерілісі, қазақтардың Қытай асуы туралы материалдар ашық дәлелдейді. Волленберг Тактакөпірде, Бетпаққарада, Бостандықта көтерілісшілерді топтап қамауға алуда, аяусыз жазалауда белсендік танытса, Альшанский одан да асып түсіп, атлаған көтерілістермен қатар Ырғыз, Қарақұм, Қызылқұм, Өскемен, Сарканд және т.б. халық наразылықтарында қарусыз халықты оқтың астына алуда ерекше көзге түсті.

Әрине, Қазақ өлкелік партия комитетінің, республика үкіметінің де кінәсі аз емес. Бірақ, тікелей қырғынды жүзеге асырған ОГПУ органдары екенін ұмытпайық. Бұл ұйым Сталинге ғана тікелей есеп беретіндіктен бұл жылдары партия бақылауынан шын мәнінде шығып кеткен еді. Халық наразылықтарын басуға пайдаланылған жергілікті отрядтар осы ОГПУ-дің басшылығымен әрекет етті. Туған халқына қарсы оқ атты.

Тағы бір айта кетеріміз: сталинизмге, күштеп коллективтендіруге қарсы жоғарыда біз атап кеткен және т.б. 1929-1931 жылдары болған халық наразылықтары тарихымызға ұлт-азаттық қозғалыс ретінде енуі керек.

Парламент комиссиясына қажет болар деп бұл наразылықтар болған өлкелерді атап шығамыз: 1929 жылы – **Тактакөпір, Бостандық, Батпаққара, Наурызым, Торғай, 1930 жылы – Ырғыз, Шалқар, Қарақұм (Арал маңындағы), Қызылқұм, Шокпар, Талас, Сарысу, Қордай, Өскемен, 1931 жылы – Адай, Табын, Қарқаралы, Абыралы, Қу, Шыңғыстау, Шұбартау.**

Бұлардың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысынан географиялық ауқымы да, қозғаушы күштері де бірде-бір кем емес. Қазақтардың Голощекин геноцидіне бірден мойынсұна қоймай, ат жалын тартып мініп, қарсы шыққанын кейінгі ұрпақ білуі керек.

Біздің ойымызша, Қазақстандағы ашаршылық туралы мәселемен айналысатын парламент комиссиясы осы айтқандарды назардан тыс қалдырмай, жендеттердің бетпердесін ашып көрсетуі тиіс.

Талас ОМАРБЕКОВ, «Егеменді Қазақстан», 13.07.1991.

Қазкрайком ВКП (б)

Ф.Голощекинге және С.Сәдуақасовқа

Партия мүшесі Ф. И-ң арызы

10 қыркүйек 1926 жыл Өте құпия

Мен ГПУ қызметкері ретінде, бір топ европалық қызметкерлер - Шишко, Берестин, Озол, Альшанский және басқаларды танитын болғандықтан, олардың жүргізіп жатқан саясатын көріп білгендіктен осыны айтып жеткізуді өзімнің партиялық парызым деп санаймын. Егер осы топтың антипартиялық саясатын, атап айтқанда, олардың қазақ қызметкерлеріне қарсы арнайы бағытталған, олардың бойындағы күш, жігер мүмкіндіктері мен қасиеттерін өздеріне қарсы пайдалану арқылы оларды қуғындау мен ізіне түсіп алушылықтарын қойдырмаса болмайтынын айтпақпын. ГПУ-ң салған жолы бойынша, оның бірінші кезектегі оперативтік жұмысы - жауапты қызметтегі қазақтарға қарсы жалған материалдарды жинау. Біз бұл тәжірибемізде әртүрлі әдістерді пайдаланамыз, қазақтардың арасынан қылмыстық элементтерді арнайы іздеп тауып оларды жалдаймыз немесе

барымташыларды тұтқындап олардан қазақтың жауапты қызметкерлеріне қарсы жалған топ құрған болып оларды қазақтың жауапты қызметкерлеріне қарсы айдап салу арқылы қажетті материалдарды аламыз. Сонымен бірге, олардың ізіне тыңшы салып қазақ қызметкерлерін жеңу мақсатында олардың өз жұмыстарын атқаруына мүмкіндік бермейміз, бір қызметкерді екінші қызметкерге айдап салып, бірінің «кінәсін» екіншісіне тағамыз және т.б. ГПУ линиясы бойынша жетістіктеріміз болып саналатын, біздің саясатымызға тән тағы бір жұмысымыз бар - жыл сайын кедей қазақтар мен орташа қазақтардың арасын бөлу үшін ондаған қазақ жарлыларын өлтіреміз, әрине өзіміз өлтірмейміз, орыстың бұзақылары арқылы жасаймыз.

Биылғы жылы, өткен жылдардағыдай армияға шақырылғандарды пайдаланып жатырмыз. Оларды қазақ тұрғындарына ғана емес, жоғары қызметте отырған жауапты қызметкерлерге барымташыларды қарсы қойып келеміз. Орыс тұрғындарына «барымташыларды басқарып отырған қазақтың жауапты қызметкерлері» дейміз. Олай еместігі білініп қалса, бар бәлені орыстың құлақтарына, атамандарына, қазақтың рубасыларына жабамыз. Қазақстанның жағдайында іс жүзінде оларды басқарып қазақтың жауапты қызметкерлеріне қарсы пайдаланып келеміз. Біздің қарамағымызда агент болып қызмет атқарғаны үшін орасан мөлшерде ақша алып қазақ қызметкерлеріне қарсы маңызды материалдар жинап беретін орыстың құлақтары мен қазақтың рубасылары жеткілікті.

Өзім білетін бұл құпияны ашуға құқым болса да, партия мүшесі ретінде Қазкрайкомның хатшысы Голощекиннің жеке өзіне және Қазкрайкомның Бюро мүшесі Сәдуақасов жолдасқа жеткізгім келеді. Бұл құпия хатымды европалық және қазақ басшысының білгені жөн, сонда ғана мен жоғарыда айтқан мәселе тура шешіледі. Үзілді-кесілді пікірімді қоса мәлімдеймін, жоғарыда айтылғандар - қалыптасқан жағдайдың көріністері, Лепсі және Жаркент уездерінде уәкіл болып істеген кезімдегі өзім қолданған іс-тәжірибемнен алынған жәйттер. Сондықтан да, осы іс-тәжірибелер мен әдістердің дұрыстығына күмән келтіре отырып, Сізден жеке кеңес алғым келеді. Әрине, ешкімге айтылмасын, егер осы хатым жайлы Альшанский және Журавлев жолдастар біліп қойса, олар мені тірідей жеп қояды. Бір ғана жол бар: менің қолым емес деп бас тарту немесе қолымды өзгерту. Әйтсе де мені ренжітуге тастамайсыз деген үміттемін, комму-

нистік ашықтығым үшін бұл тағы хайуандарға мені талатпайсыз деген сенімдемін

Коммунистік сәлеммен Фома Иванов *ҚР Президентінің мұрағаты, Ф. 141, оп. 1, 1458 іс, 21 парақ* *Рассталған көшірме Қазақшалаған С.Жүсіп*

**Миша Шамонин, беспризорник из Бутово.
13 лет. Украл 2 буханки хлеба.
Расстрелян.**



Екі бөлке нанды ұрлағаны үшін 1935 жылы атылған 13 жасар Миша Шамонин (Бутово). 12 жастан бастап ату жазасына кесу туралы КСРО Совхалкомының Қаулысы 1935 жылы 12 сәуірде қабылданған. (Фейсбуктан)



Отрывок из рапорта неизвестного представителя ОО ПП ОГПУ по Средней Азии. По косвенным данным документ составлен летом 1930 или 1931 г.

"Секретно.

Председателю ГПУ Тадж.ССР.

Докладная записка.

...Политически доброотряд был отсталым; никакой работы среди населения он не вел, между собой так же. Партиячейка организована не была. На мой вопрос — почему не работаете среди населения? — один отрядец ответил мне: "Какое там население — они все нам враги, мы ведь берем у них продовольствие"...".

Фото: отряд Красной армии входит в Бухару 1 сентября 1920 года, разрушенную артиллерийским огнем.

Қазақ даласында малдың қырылуынан болған ашаршылықтардың бірі жайлы А.Н.Харузиннің «Степные очерки (Киргизская Букеевская орда)» деген еңбегінде жазылыпты.

О голодоморе 19 века в западной части Казахской степи... Российской империей был издан указ о запрете казахам подходить к Каспийскому морю и Уралу.

А.Н.Харузин. Степные очерки (Киргизская Букеевская орда). Странички из записной книги. — М., 1888 г.

«...— Голод был, барин, такой голод, что и сказать нельзя, киргизы все хворали и умирали; их и не хоронили, а просто бросали в степь; кости в третьем году еще лежали верст 15 от Ставки; так и называли все — «голодное кладбище»; такой голод был: киргиз и верблюд — все помирало; тогда и рубили лес, давали листья верблюду, а кору сами ели...

Старик замолк, опустив грустно голову на грудь; замолк и Агедил...». Нұрлан Салтаев

«Везде голод и нищета. Везде горе и бедность сопровождают киргизов в их кибитках» **Генерал А.К. Гейнс**

«Киргизы часто бывают поставлены в положение Тантала: и близко к воде, а воду пить нельзя, а также ловить в ней рыбу»

Косторин В.

«Бураны и холода, продолжаясь до первых дней апреля, завершили свое дело полным, можно сказать истреблением всего скота торгайских киргизов. Забота о сохранении домашних

животных уже исчезла; ее заменило более важное народное горе: голод. Десятки голодных людей ежедневно стекаются в скудный городок, окружают дома, которое не отказывают еще в куске хлеба, да рыщут по всем казармам, ища чего-нибудь съестного: но на деньги редкий из них найдет каравай черного хлеба за рубль или пуд ржаной муки за 7-8 рублей» (Оренбургский листок. 1880, 11 мая).

Ибрай Алтынсарин

«Очередной джут случился в Иргизском уезде в конце 1917 года. Представитель Торгайского уезде Николай Токарев на пятом заседании съезда Советов области, состоявшемся 26 марта 1918 года, докладывал: «Симптомы голода начали резко обрисовываться еще с осени, и к тому же жители почти совершенно лишились скота, и у них наступил форменный голод». С.Асипулы, «Танталовы муки» степи, Алматы, «Сөздік-Словарь» 2001

АШАРШЫЛЫҚ ЖАЙЛЫ ЖОҒАРҒЫ ОРГАНДАРҒА ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАРДАН ҮЗІНДІЛЕР БК (б) ӨЛКЕЛІК КОМИТЕТІНЕ ГОЛОЩЕКИН жолдасқа

4 шілде, 1932 ж.

(Бесеудің хаты)

«...Бірақ қазір, Сіздің мәлімдемеңізден кейін 2 жыл өткен кезде Қазақстанда мал шаруашылығы саласында мал басының қисапсыз кеміп кеткені әмбеге аян болып отыр: 1930 жылғы мал басының 1/8 бөлігі (40 миллионнан 5 миллион) ғана қалды. Тек байлар мен кулактардың ғана емес, тек жеке меншікші орташалар мен кедейлердің ғана емес, сонымен бірге негізінен алғанда, колхоздар мен колхозшылардың (ішінара совхоздардың да) қоғамдастырылған және қоғамдастырылмаған малы да осындай зор шығынға, сұрапыл қырғынға ұшырады».

«5. Мал басының қисапсыз кеміп кетуі мен көптеген казак аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына ікеп соққан ашаршылық (қыстың екінші жартысынан бастап) жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс...»

Мүсірепов Ғабит, Ғатаулин Мансұр, Дәулетқалиев Мұташ, Алтынбеков Емберген, Қуанышев Қадыр.

Хат иелері өздерінің осы хатты жазғаны үшін жазғырылуы мүмкін болғанын білген. Сондықтан да, хат соңына: «Бұл мәселелерді қоюшылар ешқандай «жапа шеккен» де, сол сияқты мансап-құмар адамдар да емес. Сондықтан бізге партия ішінде қым-қуыт жанжал шығару, қасарысып қаскүнемдік жасау да жат қылық әрі (біздің) қыңқылдап, өз партиямыз алдында мәселені тура қоюда таясақтағымыз келмейді. Біздің бірден-бір мақсатымыз – партиялық демократия шеңберінде және партиямыздың негізгі қаруы болып табылатын өзара сын ретінде Өлкелік комитет алдында кейбір елеулі олқылықтарды көрсетіп, өзімізді толғандырып жүрген мәселелерді түп-тура большевикше қойып, Қазақстандағы социалистік құрылысқа көмектесу. Сондықтан Сіз біздің мәселелерімізге қандай да болсын басқалардың, атап айтқанда, «дәу» адамдардың есімдерімен байланысы жоқ орташа деңгейдегі партия активі болып саналатын кінәратсыз жолдастардан шыққан ұсыныстар ретінде қарап, жауап береді деп сенеміз» деген қысқаша хатты тіркеген.

Алайда, Қазақ өлкелік комитетінде хатпен танысқаннан кейін, оның авторларына жасалған психологиялық қысым өте күшті болған. Дәулетқалиевтің, Мүсіреповтың, Алтынбековтың және Қуанышевтің (Ғатаулин ол кезде жолсапарда жүрген) 1932 жылдың 11 және 12 шілдесінде жазылған өтініштерінде олар өздерін кінәлауға мәжбүр болып, жаздық-жанылдық деп хат жазған.

ОРАЗ ИСАЕВТЫҢ ХАТЫ

Тамыз, 1932 жыл

Сталин жолдас!

«...Орталық Қазақстанның 10-12 ауданында халықтың едәуір бөлігі қазір де аштыққа ұшырауда. Алынған болжамды деректерге қарағанда, биылғы көктемде 10-15 мың адам аштан өлген, әсіресе 1931 жылы ерекше етек алған жаппай қонысынан ауу, басқа өлкелер мен республикаларға кету қазір де тоқталмай отыр. Көптеген қазақ аудандарында 1929 жылмен салыстырғанда халықтың жартысы да қалмаған. Өлкедегі шаруалар қожалықтарының жалпы саны 1931 жылдағыдан қазір 23-25 пайыз кем. Арып-ашыған казактар мен олардың панасыз балалары өнеркәсіп орындарының, Семей және Ақтөбе аудандарындағы совхоздардың, темір жол

стансаларының төңірегінде сендей соғылысады, ұрлықпен айналысуда, колхоз егініне түсіп, масақты көктей жұтуда. Аштық, ойдан-қырдан жиналған елдің есепсіз көбеюі, тазалықтың жоқтығы жұқпалы аурулардың (қара шешек, сүзек, қантышқақ және басқа) таралуына жол ашты...»

Коммунистік сәлеммен О. Исаев.

РСФСР Халық Комиссарлары Советі Төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың хаты

БК (б) П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ - СТАЛИН жолдасқа

«...Қазақстанда 1928 жылғы 32 миллион бас малдан (қазақ органдары тіпті 40 миллионға дейін болды деп есептеуде) қазіргі уақытта (1932 жылғы ақпанда жүргізілген Бүкілодақтық мал санағының деректерін есепке алғанда) 5397 мың бас мал қалған, яғни ол 83 процент кеміп кеткен (оның ішінде қой 88 процент, сиыр 86 процент азайған)».

«Есепте қалған 5542 мың бас малдың (санақ кезіндегі) 28 проценті ғана қазақтардың меншігінде болды (ал 1928 жылы олардың меншігінде 80 проценті болған еді). Қазақтардың меншігінде 1555,9 мың бас малдың (1932 жылғы ақпандағы санақ деректері) колхоздарда 1247,2 мыңы, яки 80 проценті (дені фермаларда) қоғамдастырылды; колхозшылардың жеке меншік пайдалануында 166,0 мың бас және жекешелерде 142,7 мың бас мал бар еді, ал бұл – бәрін қосқанда 308,7 мың бас мал (оның ішінде 43 мың сиыр) немесе қазақтардың барлық малының 20 проценті. Басқаша айтқанда, жекеше пайдалануда (қазіргі 670 мың қазақ қожалықтарына шаққанда, ал 1928 жылы 802 мың қожалық болған-ды) әрбір екі қожалыққа бір малдан, оның ішінде әрбір 15 қожалыққа бір сиырдан және әрбір 40 қожалыққа бір қойдан қалды...»

Т. Рысқұлов, 29 қыркүйек, 1932 жыл.

РСФСР Халық Комиссарлары Советі Төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың хаты

БК (б) П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ - СТАЛИН жолдасқа ҚҰПИЯ

КӨШІРМЕСІ:

БК (б) П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫ-ЛЫҚ БӨЛІМІНЕ - КАГАНОВИЧ жолдасқа

ССРО ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ - МОЛОТОВ жолдасқа

«...Аштық пен індеттің салдарынан бірқатар қазақ аудандарында және қонысынан ауғандар арасында адамдардың қырылып жатқаны сонша, бұл мәселе орталық органдардың шұғыл араласуын қажет етіп отыр. Қазақстанда қазақ халқының белгілі бір бөлігі душар болған мұндай мүшкіл жағдай өзге өлкелердің не өзге республикалардың ешқайсысында жоқ... Бұл мәселенің маңызы зор болғандықтан, Сіздің осы хатпен танысып, аталмыш жайға араласуыңызды, сөйтіп, түбіне аштық жеткелі тұрған көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуға көмектесуіңізді өтінемін.»

«...Қазақтардың арасында 1932 жылдан бастап белең алған аштық пен індет осы қоныстан ауудың және қазақ қожалықтарының шаңырағы шайқалуының ең кесапатты зардаптары, жаз айларында біраз саябырсыған аштық пен індет, қазір қайтадан сұрапыл өршіп отыр. Өткен көктемде қазақ аудандарында және қонысынан ауғандар арасында ашаршылық пен індет салдарынан адам өлімі өте көп болған еді. Қазір көктем жақындаған сайын бұл құбылыс тағы да үдеп барады. Жергілікті жерлердегі материалдардан алынған және осы соңғы кездерге қатысты бірсыпыра деректер бар. Бірқатар өлкелерден РСФСР Халық Комиссарлары Советі комиссиясының жұмысына қатысу үшін келген өкілдер мынадай фактілерді мәлім етеді: Илларионов жолдас (Орта Еділ атқару комитетінен) Соль-Илецк және Орск аудандарында қонысынан ауып келгендерден күн сайын 5-10 адам өлетінін айтты; Алағызов жолдас (Батыс Сібір атқару комитетінен) бір ғана Сібір темір жолы бойындағы станцияларда 10 мың қазақтың сендей соғылысып жүргенін, олардың арасында жұқпалы ауруларға шалдыққандардың көптігін және өлім-жітімнің аз еместігін, Солтүстік жол құрылысының кірпіш заводында 84 қазақ жұмысшысы істегенін, кейін олардың жұмыстан шығарылғанын, 14 адамның аштан өлгенін, бұл үшін айыптылардың

жауапқа тартылғанын хабарлады; Туғанбаева жолдас (Қырғызстан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары) Фрунзе қаласы мен оның төңірегіне 10 мыңға жуық қазақтың ауып келгенін (бұл жөнінде БК (б) П Орталық Комитеті мен БК (б) П Қырғыз облыстық комитетіне жазылған) және олардың арасынан күн сайын 15-20 адам (көбі балалар) өліп жатқанын хабарлады.

Қонысынан ауғандардың хал-жағдайы Қазақстанның өз ішінде де мәз емес. Көптеген қалалар (Әулиеата, Шымкент, Семей, Қызылорда және т.б.) мен темір жол станцияларында өлген қазақтардың мәйітін күн сайын қала сыртына алып кетіп жатады. Шу ауданынан аудан орталығы Ново-Троицк селосында күн сайын дерлік 10-12 қазақ өледі, сондай-ақ ауданнан коммунистердің 60 проценті кетіп қалған (уәкіл Жандосов жолдасын айтуы бойынша). Сарысу ауданындағы 7000 қожалықтан тек 500-дей қожалық қалған, өзгелері Әулиеатаға және басқа аудандарға көшіп кеткен, ал бірсыпырасы тіпті Қырғызстанға ауып барған. Қараша айында осы ауданнан әлденеше жүздеген қазақ тайлы-таяғы қалмай шұбырып ұзақ жолға шыққан. Осы жол үстінде олардың біразы қаза тапқан. Қантардың екінші бес күндігінде ғана 24 адамның сүйегі табылған. Жолда оларға қарулы қарақшылар шабуыл жасаған. Шарасы қалмаған әйелдер балаларын суға лақтырған. 5-6 қантарда Әулиеатаның шайхана-ларында үсіп өлген 20 баланың сүйектері жинап алынған және сол мерзім аралығында 84 ересек адам аштан өлген. Ақтөбе облыстық партия комитетінің 1932 жылғы 16 қазандағы қаулысында Жосалы темір жол станциясына қайта көшіп келген және кейін Сексеуіл станциясына жөнелтілген 300-400 отбасынан 100 қазақтың (оның ішінде 21 адам қара шешектен) көмек көрсетілмегендіктен қаза тапқандары (дәл емес деректер бойынша) және қазақтарды ұрып-соғудың орын алып отырғаны айтылған. Аталмыш қаулыда «қазақтардың жаппай қырылып жатқанына аудандық ұйымдардың енжар қарап, араласпай отырғаны» ашып айтылған. Бұл оқиға шілде айының аяқ кезінде болса да, облыстық комитеттің қаулысы қазан айында қабылданған.

Қазір Ақтөбе облысында жұмыс істеп жүрген Қызыл Крест қоғамының Москва қосынының баяндамасында Торғай сияқты аудандарда қазақтарды аштық пен індеттің жайлап алғаны хабарланады. Аш-арықтар төгілген қокыстарды ақтарып, тамақтан өтетіннің бәрін талғажау етіп, жабайы өсімдіктердің

тамырларын, ұсақ жәндіктерді жеп күнелтуде. «Сол маңдағы ит пен мысық атаулы түгел желінген, қазақтар тұратын қостардың айналасында иттердің, мысықтардың, ұсақ жәндіктердің, ақкемік болғанша қайнатылған сүйек-саяқтарынан көз сүрінеді...» Өлген кісілердің етін жеген оқиғалар жайында хабар жете бастады...»

Т.Рысқұлов, 9 наурыз, 1933 жыл

КҰПИЯ
БК (б) П ҚАЗАҚ ӨЛКЕЛІК КОМИТЕТІНЕ -
МИРЗОЯН жолдасқа
Көшірмесі
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ -
ИСАЕВ жолдасқа

«...Күздің жақындап қалуына байланысты кәсіпорындарға орналастырылған ауғын қазақтарды тұрақтандыру және Қазақстаннан тағы да 25 мың адам алдырту жөнінде өте елеулі мәселе туып отыр...»

«...Исаев жолдастың мұндай жауабы мүлде жеткіліксіз. Өйткені қазақтардың ұйымдаспай, жеке-жеке топтарға бөлініп Қазақстанға қайтып жатқандығын, олардың тура өз ауылдарына барғандығын, онда ешқандай көмек көрмей, ауыр жағдайға тап болғандығын көрсетететін мысалдар аз емес...»

РСФСР Халық Комиссарлары Советі төрағасының орынбасары
Т.Рысқұлов 9 қыркүйек 1933 жыл.

ССРО ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ
ПРЕЗИДИУМЫНА
ҚАЗАҚ АССР-інің ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ
ТҮРҒЫДАН ЖЕР АУДАРЫЛҒАНДАРДАН
7 ақпан 1932 ж.

Қазақ АССР-інің бұрынғы Павлодар дуанының халқы душар болған ашаршылық туралы мәселе жөнінде

ӨТІНІШ

«...Ісініп кеткен және ескі-құсқы киген аш адамдар, көбінесе қазақтар шамамен алғанда бір жарым айдан бері Павлодарға аудандардан ағылып келіп жатыр. Қала соларға толып кетті. Адам айтқысыз қайыршылық етек алды. Әр үйге күн сайын ондаған аш адамдар келіп кетуде. Олардың арасынан әр түрлі жастардағы

адамдарды: жастарды, көрілерді, балаларды көруге болады. Қоқыс тасталатын жерлерде үйінділерден өздеріне қорек болатын тамақ тауып жеп жүрген аш адамдар қаптап кетті.

Емдеу мекемелері аштан өлгендерге толып кетті. Ашаршылықтың салдарынан жұқпалы аурулар тарайды (тіпті сүзекке қарсы күрес жөнінде үштік құрылды). Қала төңірегінде және қаланың өз ішінде үсіген, панасыз қалған және ашыққан адамдардың өліктері әрқашан табылып жатты. Қалалық шипаханада қабылдауға келген аурулардың көз алдында болған аштан өлу фактілері де белгілі. Бір үзім нан сұрап келген адамдардың өлім аузында құлап түскенін де көрдік. Жадағай шанаға заттарын, үстіне жол бойында қайтыс қалған баланың өлігін тиеген қазақ әулеттерін жиі кездестіруге болады.

Мекемелерге үсікке ұрынған аш балаларды тастап кетушілер де бар. Лық толы балалар үйлері оларды қабылдай алмайды. Адасып қалған, тонып жаураған, жадап-жүдеген, аштықтың салдарынан ісініп кеткен әр түрлі жастардағы балаларды қалада күн сайын ондап ұшыратасыз. Олар әдетте былай деп жауап береді: «Әкеміз өлді, шешеміз өлді, үйіміз жоқ, бір тілім нан да жоқ».. Кейбір азаматтар мұндай балаларды жинап алады да, милицияға тапсырады, ал милиция оларды қабылдамай, қайтадан көшеге қуып шығады».

«...Қайыршылық етек алып барады. Аштыққа душар болғандар аудандардан Павлодар қаласына қарай шұбыруда. Әлсіреген адамдар жол бойында қазаға ұшырауда. Үйді-үйді аралап, бір үзім нан сұрап жүрген аштардың айтуына қарағанда, бір ауылдар мен поселкелер қанырап мүлде бос қалған, ал екіншілері бір елді мекендерде тек бірлі-жарым үйлерден ғана тіршіліктің нышаны байқалады.»

«...Біз қандай көмек шаралары қолданылуға тиіс екендігін көрсетіп жатпаймыз. Біздің мақсатымыз – ашаршылықтың салдарынан пайда болған жан түршігерлік жағдайдың бет-пердесін ашу, сөйтіп аштыққа ұшыраған өнімнің толық болмаса да шын көрінісін сипаттау».

Саяси тұрғыдан жер аударылғандар: В.Иогансен, О.Селихова, П.Семенов-Ткаченко, Ю.Подбельский, А.Флегонтов. Павлодар қаласы.

БҮКІЛОДАҚТЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

М.И. КАЛИНИН жолдасқа

КАССР-ы МАКСИМ ГОРЬКИЙ АУДАНЫНДАҒЫ № 4 АУЫЛДЫҚ СОВЕТТІҢ АЗАМАТЫ ДҮЙСЕНБИНОВ НҮРҒАЛИДАН

1932 жылғы 10 ақпан

«Қазақстанды мекендеуші адамдардың бәрі аштан өліп жатыр, кейбір жерлерде, мысалы: Павлодар және Ертіс аудандарының №9, 10, 11 ауылдық Советтеріндегі, сондай-ақ Қазақстанның басқа да аудандарындағы тұтас ауылдардың қырылып қалғаны байқалады.

Сонғы уақытта барлық жерлерді өлім жайлаған, халық қырылып жатыр, егін шықпай қалған, мал атаулы мемлекетке өткізілген... Әрбір қожайынның жеке меншігінде және колхоздарда тігерге тұяқ қалмаған, жылқы да жоқ... Жергілікті ұйымдарда істейтін қызметкерлер, селолық, ауылдық Советтердің төрағалары мен мүшелерінің жергілікті белсенділері, партия ұяларының және кандидаттық топтардың хатшылары, сондай-ақ аудандық ұйымдардың қызметкерлері өзгенің мүлкін тонаумен айналысуда. Егер әлдебір азаматтан немесе колхозшыдан бір үзім нан, бір қадақ ұн, не бір кесек ет көрсе болғаны, жалма-жан тартып алады және тапсырылды деген желеумен өздері пайдаланады, шын мәнінде, тамақ атаулыны өздірі қылғып қояды... Осылайша қырып-жоюдан, өлтіруден, кәмпескелеуден, парадан және мүлкін тонаудан қорқып-үріккен халық бейшаралықтан қайыр сұрап немесе бөтен өлке мен дуанға, басы ауған жаққа қаңғырып кетеді. Әке-шешесі аштықтан шиеттей балаларын тастап, өздері кетіп қалған жағдайлар да болған... Оған қоса, жергілікті өкімет орындары осы бір аш халықтың арасында неше түрлі дайындау науқандарын жүргізеді, ал халық болса дайындау жоспарларын жүргіземіз орындаймыз деп, өзі қорексіз, бір үзім нансыз қалады. Жергілікті өкімет орындары адамдардың бұл қырылуы аштықтан емес, тырысқақ ауруының салдарынан деп дәлелдейді. Іс жүзіне келгенде халық арасында тырысқақ ауруы жоқ...»

«Осы арыздың нәтижелері туралы почта арқылы мына мекен-жайға жедел хабарлауды өтінемін: **Қақира почта бөлімшесі, Қазақ АССР-ы, бұрынғы Павлодар округінің Максим Горький ауданы, № 4 ауылдық Совет, Дүйсенбинов Нұрғалиға.**»

М.И. КАЛИНИН жолдасқа
БҰРЫНҒЫ ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ЛЕПСІ ауданындағы
САРҚАНТ СТАНЦИЯСЫНЫҢ АЗАМАТШАСЫ (ГОЛЕВА)
ДВОРНИКОВА МЕЛАНИЯ ХАРИТОНОВАДАН
жолдастық ХАТ

1932 жылғы ақпан

«...Ал, міне, қазіргі кезде ашыққан жұрт шиеттей бала-шағасын шұбыртып, нәр іздеп қанғып жүр, жол бойы кара шыбындай қырылып жатыр. Сөйтіп, осының салдарынан тонау, кісі өлтіру атаулы болуы ықтимал, ал қазірдің өзінде-ақ осындай жағдайлар кездеседі. Аягөз станциясында бір жарым бөлке нан үшін бір әйелді бауыздап кеткен. Қайыр сұрап күн сайын ондаған бейшара сенделіп жүр, бірақ оларға беретін ештеңе жоқ, ал май дегенді ауызға алуға болмайды...»

«...Малды тартып алып, жүз-жүздеп, тіпті бақташылары әрі табыншыларымен қоса тұтас табынымен айдап әкететін жағдайлар жиі ұшырасады, ал мұның өзі біздің советтік игілігіміз емес пе...»

«...Колхоздардағы жұмысшылар күзде жұмысшы аудандарға барып кәсіп етуге жөнелтілді, ал оларда көп адамдар қысқартылып жатыр, кісілер белгілі бір орын таба алмай, әуре-сарсаңға түсіп, аш-жалаңаш жүр, міне осының бәрі аш-арықтардың тобырын көбейте түсуде, сөйтіп мен осы жағдайларға ақылым жетпей дал болудамын...»

Осыған қолымды қоямын. **МЕЛАНИЯ ДВОРНИКОВА**

Дерек көзі: «Қазақ қалай аштыққа ұшырады: (Қасіретті жылдар хаттары) Құрастыр. С. Әбдірайымов, И.Н.Бухонова, Е.М.Грибанова, Н.Р.Жағыпаров, В.П.Осипов. Алматы, «Қазақ университеті», 1991,-208 бет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ашаршылық жайлы естеліктер, зерттеулер, әңгімелер, шағын мақалалар мен үзінділерді жинастырудың жеке өлкетанушылық ізденісі ретінде жазылған бұл жинақты құрастыру барысында - адамзат тарихында теңдесі жоқ алапат трагедияның, Ұлы Ашаршылық жайлы, осы трагедияны сипаттайтын куәлардан қалған сөздерді жинауды кеш бастағанымызды бірден аңғарып отырмын. Тірі куәлар әлдеқашан дүниеден озып кетті. Кеңес заманында ашаршылық жайлы айтқызбады. Ең болмағанда тоқсаныншы жылдары бұл жұмысты мемлекеттік деңгейде қолға алғанда ғой... Содан да болар, олардың балалары мен ұрпақтарына айтып кеткендерін жинақтауда біраз қиыншылықтар алдымызда тұр. Дегенмен әлі де кеш емес, себебі, қазақ даласында ашаршылық оты шарпымаған отбасы кем болды. Солардан қалған әрбір ұрпақ бұл жұмысты қолға алса, естеліктерді, азды-көпті қалған жәдігерлерді жинауды тоқтатпай жинай берсе құба-құп болар еді.

Мәскеудің, Қытайдың, Түркияның, алыс-жақын шетелдің құпия мұрағаттарында қаншама ашылмай жатқан құжаттардың жатқаны жәй көзбен-ақ еш дәлелдеусіз аңғарылады. Шетелді айтпағанның өзінде өзіміздің яғни Қазақстанның тарихи мұрағат қорлары толық ашылған жоқ. Оларды әдейі ашпай отыр деп айтуға да күмәнданамын, себебі оларды ашуға, зерттеуге дегенде енжарлық, селкостық басым сияқты. Осы орайда кейбір тарихшылармен сөйлескенімде олардың ой-түкпірінде – жоғарыдан нұсқау, тапсырма күту, сол тақырыпқа ғылыми еңбектер мен кітаптар, монографиялар жазуға үкімет ақша бөлмей отыр, мемлекеттік тапсырыс жоқ деген сынайды да байқадым.

Сонымен бірге тағы бір байқағаным - естелік айтушылардың көбісі аштықтың, ашаршылықтың, кәмпескелеудің, ұстатып жіберулердің көпшілігіне басты кінәлілер деп – ең әуелі Қазақтың өзін кінәлайды, сол кездегі **Қазақ Белсенділерін**, өзінің жақын, туыс ағайындарын атайды, бірақ сүйте тұра, олардың атын атап, жүзін жүздеуге келгенде кібіртпейді, аттарын айтқысы келмейді. Қазекемнің бойындағы осы бір қасиет (мүмкін, жақсы жағы да бар болар), осы бір ауру – қазақтың бірін бірі оңай сататындығы, оны оңай кешетіндігі қанша зұлматтан бері жалғасып, жазылмас кесел болып келеді. Әрине, Оларды – қазақ белсенділері мен жантықтарының (ішіндегі атақты ақын-жазушыларымызды да) атына бүгінгі күні қарғыс, лағнет айтып қажеті болмас,

олардың немерелері мен шөберелері бірін-бірімен жауласып кек іздемегенін қалаймыз. Бірақ ОЛАРДЫҢ аттарын айтып, теріс істеріне теріс деп баға беретін уақыт жеткен сияқты.

Осы орайда Ашаршылыққа байланысты тоқталатын маңызды бір мәселе тұр. Ол – сол кездегі елді басқарған, қоғамдық санаға дуалы аузымен ықпал жасауға мүмкіндіктері болған қазақтың қайраткерлеріне берілетін саяси баға төңірегіндегі пікірлер. Осы орайда қазақстандық тарихшылар сол кезеңде жауапты қызмет атқарған қазақ басшыларын **үш санатқа** бөлгенді дұрыс санайды.

Мәселен, тарих ғылымының докторы Талас Омарбеков Филипп Голощекин төңірегіндегі қазақстандық большевиктер арасында оның озбыр саясатын тежеуге тырысқан және қазақ интеллигенциясын аға ұрпақтың демократиялық дәстүрлері негізінде топтастырып, саяси аласапыранда қазақ халқының мүддесін ашық қорғауға күш салған «Алаш» қозғалысына бүйрегі бұратын азаматтар да болды деп есептейді.

Ол бұл **топтың** қатарына Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Жалау Мынбаев, Санжар Асфендияров, Нығмет Нұрмаков, Асфендияр Кенжин, Сұлтанбек Қожанов, Ыдырыс Мұстамбаев, т.б. коммунистерді жатқызады.

Талас Омарбековтің жазуынша, қазақ интеллигент-большевиктерінің екінші тобын Филипп Голощекин төңірегіндегі басқарушы-бюрократтар, билік иелері құрайды. Жоғарыда аталған топтан бұлардың айырмашылығы – республиканың бірінші басшылығына ашық қарсы шықпаған, оның ұстанған бағытын, жеке қызметін сынамаған, Филипп Голощекиннен түскен нұсқауларды партиялық және мемлекеттік тапсырма ретінде бұлжытпай үлкен жауапкершілікпен мұлтсіз орындағандар. Бұл адамдар өз халқының психологиясын, тұрмысын және мәдениетін терең білді және құрметтеді. Тәркілеу, күшпен ұжымдастыру секілді әлеуметтік және экономикалық процестерді жеделдету қазақ ауылына апат әкелетінін аңғарды, бірақ олар өз пікірлерін ашық айта алмады, республиканың бірінші басшысына қарсы шықпауға тырысып бақты.

Ораз Жандосов, Ұзақбай Құлымбетов, Абдолла Розыбакиев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Қабылов, Сара Есова, Әліби Жангелдин, Жанайдар Сәдуақасов, т.б. коммунистерді Талас Омарбеков осы **екінші** топқа қояды.

Сонымен қатар, тарихшының жазуына қарағанда, Ораз Исаев, Ғаббас Тоғжанов, Абдолла Асылбеков, Әбдірахман Байділдин, Ізтай Құрамысов, Сейітқали Меңдешев, Әбдірахман Әйтиев, Елтай Ерназаров, Хамза Жүсіпбеков сияқты сол кездегі жауапты қызметтегі коммунистердің «қызметқұмар болғаны, үкімет қызметіндегі мәртебелі орнынан айырылғысы келмей, лауазымды қызметті туған халқының мүддесінен жоғары қойғаны анық» деп пікір түйіп оларды **үшінші** топқа қояды.

Бұл жерде менің айтпағым – **үшінші топтың** кісілерін сынау бағытын мақсат қоймасак керек. Әйтсе де, бұл мәселеде кімнің халық қамын ойлаған қайраткер, кімнің қайраткер еместігінің жігін ашып беретін айқындық болмағандықтан, республикалық деңгейдегі «мемлекет және қоғам қайраткерлеріне» ескерткіштер қойылып, аттары көшелер мен мекендерге беріліп жатқан жағдайда облыстық, аудандық деңгейдегі «жергілікті қайраткерлердің» ұрпақтары осы екіұштылықты қолдарынан келгенше пайдалануда. Нақтылап айтар болсақ, рулық, жерлестік және тағы басқа «көзкімастықтарды» пайдаланып аудан, қала, ауыл төңірегінде аталары мен әкелерін ұлықтау үрдісі өршеленіп барады... Бұл жағдай енді танып жатқан, енді жаңғырып келе жатқан тарихымыздың шынайылығына үлкен кедергі болары анық... Жазбайлар мен қарасартотардың жана ұрпағын тәрбиелеуді жалғастыра береріміз анық..

Мұның өзі нені көрсетеді? Голощекиннің тарихи бейнесі анықталғанмен, оның төңірегінде жауапты қызметтер атқарған қазақ большевиктеріне әлі күнге дейін дұрыс саяси баға берілмегендігін көрсетеді. Аталған қайраткерлер, рас, көпшілігі репрессияның диірменіне түсіп атылып кетті. Ашаршылық пен қуғын-сүргінді «көрмеген» қызметкерлер жекелеген зерттеулерде ғана айыпталады. Ал оларды «мемлекет және қоғам қайраткері» деп санайтын жергілікті жерлер кейбіріне, тіпті, ескерткіш қойып, есімдерін қала көшелері мен оқу орындарына беріп отыр.

Қазақ өз заманында болған сатқындықты, арамдықты Жантық, Қодар сияқты кейіпкерлер арқылы бейнелеген болса, Ашаршылық кезінде орын алған арсыздық, қатыгездік, сатқындық жасаушы белсендінің аты **Жазбай** деген атпен бейнеленеді. Ол өмірде болған адам. Отызыншы жылдары бір ауданнан келген өкілге бір кесек еті, бір үзім наны, қос уыс бидайы қалмаған сорлы жарлылар барыпты.

« – Аштан өліп барамыз, азық-түлік бер» -деп жалынады. Бірақ уәкіл: (оның аты жөні архив құжаттарында толық берілмеген: есімі – Жазбай, партияда жоқ, мұғалім) былай деп жауап берген: «Бізде азық-түлік жоқ, жалпы мемлекеттің сендерге азық-түлік беретін ойы да жоқ» деп келте жауап қайтарған.

Сонымен бірге бұл уәкіл өзінен көмек сұрап келгендерге түк бермегенімен тұрмай, оларды барынша қорлады, аш халықты әжуалап, келеке мазакқа айналдырады. Мысалы, Балқаш ауданының екінші ауылындағы тұқымдық астық тапсыруға байланысты болған жиналыста өзінің жанына БК (б) П мүшелігіне кандидат, осы ауылдық кеңестің төрағасын қосып алған шолақ белсенді Жазбай былай деді: «Егер кімде азық-түлік жоқ болса, онда өз балаларыңды пісіріп жей берулеріне болады, ал мемлекеттен көмек күтпендер!» (Т.Омарбеков, «Зобалан», Алматы, Санат, 1994, 240-241 б.).

Кенес заманында қаншама ішкі істер қызметкерлері, партия белсенділері әртүрлі казак даласындағы наразылықтар мен көтерілістерді басуға қатысты. Сол «енбектері» үшін қызметтері өсті, аты жазылған қарулар алды. Сол белсенділер – НКВД-н, ГПУ-н тергеушілері, қызметкерлері, аудандық, қалалық бөлімдерінің басшыларының ұрпақтары қазір сол аталарына ескерткіштер қойып, көше, мекен аттарын беру жағдайлары жиі кездесіп жатыр. Жақында осындай жағдай Қызылорда облысының Қазалы ауданында көрініс тапты. Мұнда өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қазалы аудандық НКВД бастығы болған, «Асан көтерілісін» аяусыз басуға қатысқан, сол үшін арнайы қару алған Өмірзақ Түркебаевтың атына көше беру мәселесі қаралған. Қызылорда қаласында бір үлкен көше ЧеКаның агенті болған Құлтекеновтың атымен аталады. Кеңес заманында «кеңес үкіметінің қас жауларымен жан аямай күрескен» осындай белсенділер батыр аталып, оларға ескерткіштер қойылды. Олардың «ерлігі» жыр-дастандарда жырланды. Мысалы, 1930 жылғы Ақмырза Төсұлы бастаған көтерілісті басуға барған жазалау отрядын басқарған («Сыр бойы» энциклопедиясына кірген, көше берілген) Үбісұлтан Аяпов туралы кеңестік ақын Әзірбек Ақшолақов жыр арнап Аяповтың Ақмырзаны жұрт алдында тірідей өртегенін «батырлық» деп көрсеткен:

...Өлтірді Ақмырзаны майды құйып,
Өртеді халық алдында жұртты жиып.
Басынан бақыты ұшып бір мезгілде

Денесі күл боп кетті отқа күйіп.

Солдаттан бір-екі адам шығын болды

Қаңғыған бандылардың оғы тиіп

Белгісіз бандылардан қанша өлгені

Әр жерде бөлек-бөлек жатыр үйіліп... («Сыр санлақтары», Алматы, «Агпа-В» 2010, 664 бет)

Ал, «тап жауларының» қолынан өлген милиционерлер қазалылық Серікбай Жәкеев пен теренөзектік Жылқыбай Құттыбаевтарға Теренөзек кентінде 1967 жылы ескерткіш қойылған, көше аттары берілген, энциклопедияға аттары жазылған. Мәселе, бұл ескерткіштер мен жыр шумақтарға «ревизия» жасауда болмаса керек. Әлі күнге дейін осы аталғандар сияқты «кеңес үкіметінің қас жауларымен күрескендер» жайлы билік басылымдарында олардың «казак бандыларын» қалай қырғандығын ауыздарынан сілекейі ағып жазып келе жатқандығында. Мысалы, Қызылорда облыстық «Сыр бойы» басылымы (9 маусым, 2009) С.Жәкеев, Ө.Түркебаев жайлы «Дзержинский тарту еткен тапанша» (авторы Ж.Табынбаев) деген мақалада жазса, республикалық «Сақшы» басылымы «Дзержинскийдің қолынан тапанша алған казак» (авторы Н.Ағыбаев) деген мақалада қазақтың «жарқын болашағы үшін адал қызмет еткен» Ө.Түркебаев туралы тебіреніп жазады. Бұл «дәстүр» тоқтайтын емес. 2015 жылдың 30 мамырында Ашаршылық күніне арналған бетінде облыстық «Сыр бойы» басылымы «Тұңғыш чекист Тасымов» деп айқайлатып мақала басты. Мұндай мақаламен аяусыз қырылған, атылған, айдалған ата-бабалардың әруағын қорлап отырғандығын облыс әкімінің газеті ойлады ма екен? Тұңғыш чекистің «ерліктерін» тауыса алмай, қызып кеткен автор чекистке қалаға қарайтын МИС елді мекенін осы кісінің атына беруді ұсыныпты.

1917-1919 жылдары ревтрибуналдың, ЧеКаның мүшелері болған С.Бедебеков, Жанкин, Құлтекенов тағы басқаларға қаладағы көше атаулары тәуелсіздік алғаннан кейін берілді. Кеңес үкіметін құру, нығайту үшін казактарды қырғандарды осылай ұлықтайтын болсақ, несіне тәуелсіздік алдық?

ОГПУ мен НКВД мұрағаттарында әлі ашылмай жатқан олардың аяусыздықтарын, қанішерлігін дәлелдейтін деректер де аз емес. Мүмкін, осындай жағдайлар сол құпияларды аштыруға «кедергі» жасап жатқан болар? Қызылорда қаласының №1 Құрметті азаматы Курдюковтың жеке лас істері әлі ашылатын емес.

Мысалы, Қазақстан ПП ОГПУ-н кадрлар бөлімінің бастығы Авдаковтың 1932 жылы 17 қаңтарда қолы қойылған түпнұсқа құжатынан мынадай үзінді оқып көріңіз: «В июле месяце 1931 года под руководством нач. Четского РО ПП ОГПУ Сычева без следствия и суда расстреляно 8 арестованных казахов. Кроме того, начиная с весны 1931 года, в Четском районе была произведена целая серия самочинных расстрелов. Главными инициаторами указанных выше расстрелов, кроме сотрудников органов ОГПУ, являлись районные совпартработники, как например: секретарь РК ВКП (б) Абжаленов Тойбек, зав. РО Госбанка — Бектасов Касым, зав. райФО Абдрахменов Кабылхан, зав. райЗУ — Айдаров Зияда, судья красной юрты — Тайбеков Омар и др. Все члены ВКП (б). Таким образом, за этот период было расстреляно около 30-40 человек. В процессе расследования установлены элементы садизма при расстрелах. Расстреливали из дробиков и малокалиберных винтовок, пили кровь арестованных и т. д.» (5208-іс, 58-п). (Т.Омарбеков, «Зобалан», Алматы, Санат, 1994).

20-ы және 30-ы жылдары қазақ даласында болған алапат ашаршылықтың басты айыпкері — большевиктер бастаған басқару жүйесі, Сталин мен Голощекин екендігі, бұл ашаршылықтың қолдан ұйымдастырылғандығы, оның мақсаты — қазақ халқын жер бетінен жойып жіберу болғандығы енді айқындалып отыр. Солай екендігіне көзіміз жетіп отырса да, сол бір зұлматтың сол кезде өз жеріміздегі қолдаушылары, дем берушілері, үнсіз орындаушылары — жазбайлар, елтайлар, қарасартовтардың болғанын да ашып айтып енді келесі заманда сондай жағдайларды болдырмайтын заң мен іс-шаралар қабылдайтын уақыт жеткен сияқты.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында Шығыс Еуропаның социалистік жүйесінен құтылған елдері мен Прибалтикалық республикалары **Люстрация туралы заң** шығарып бұрынғы коммунистік басқаруда болып қолдары қанға боялғандарды түгелімен биліктен аластатып тазарып алды. Өз халқына сатқындық, сексоттық, жендеттік жасағандарды басқару жүйесіне жақындамайтын етті. Осындай заңды жақында Украина Радасы да қабылдады. Мұндай заңның, мұндай тазарудың, коммунистік большевиктік санадан арылудың қазақ жерінде де бір күндері орнайтыны анық.

Кәмпеске кезінде көршісі мен ағайынының жерге көміп қойған ұрадағы екі қап бидайын көрсеткен, байсын, құлақсын деп соңғы сиырын тартып алып кеткен, байдың баласысын, құйыршығысын деп ұрпақтарын көрсетіп қуғындаған, халық жауы деп ұстатып берген жазбайлар мен елтайлар, қарасартовтардың, ұлтшылсын деп бірінің үстінен бірі арыз жазған ақын-жазушыларымыздың, солардың мінбері болған «социальды қазақстандардың» атын атамай, жүзін жүздемей кешірудің арты неге әкеліп отыр? Оның арты - сол сатқындықтың, бірін бірі ұстап берудің үдере жалғасуына соқтырды. Желтоқсан оқиғасы жаңа жантықтарды — есілбаевтарды тудырды. Қазақ жастарын айыптаған Ермек пен Асанәлі ағаларымыздың қазақтың абыздары атануына, Жаңаөзен оқиғасы кезінде ауыздарын аша алмаған Парламентімізді (депутаттардың бәрін жантықтар деуге тұрады) бір адамның билігі мен байлығын нығайтатын заңдар шығаратын орынға айналуына әкеп соқты. Жазбайлардың ғасыры жалғасуда..

Жазбайлар мен қарасартовтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеуді жалғастырып жатсақ керек... **С.Ж.**



ОГПУ қызметкерлері тығылған астықты тәркілеп жатыр.
1932 жыл.



1932 жыл. Ашаршылықтың өршеленіп тұрған шағында Қазақстан жазушылар одағының пленумы өтті. Жазушылар қазақ ашаршылығы жайлы айта алмады. 1 қатар- 2-і Мұқтар Әуезов, 4-і – Әбділдә Тәжібаев, оң жақта шеткі – Қасым Аманжолов; 2 қатар: 3-і – Ілияс Жансүгіров (1938 ж. атылды), оның сол жағында Ғабит Мүсрепов. 3 қатар: Оңнан 2-і – Қанабек Байсейітов, актер, режиссер, драматург; Жоғарғы қатарда 2-і – қазақ театрының тұңғыш режиссері Жұмат Шанин (1938 ж. атылды).



Түрксиб құрылысына келген қазақ әйелдері, 1930 жыл.





Орыстар Украинаға қайдан келді? (Басқа ұлттар Қазақстанға қалай келді деп қазақтар да осы сұрақты қоюына болады С.Ж.) 1932-1933 жылғы ашаршылықта қырылған украиндердің орнына Ресейден орыстарды көшіріп әкелді! Украиндер, өз тарихыңды біліңдер! Оны ұмытуға хақыларын жоқ! Мына суреттердің астына жазылған сөздер. Авторы Галина Мищенко

Қосымша құжаттар

№ 12

Шифrogramма первого секретаря Казахского крайкома ВКП(б)

Ф.И. Голощекина

генеральному секретарю ЦК ВКП(б) И.В. Сталину

о репрессиях при проведении хлебозаготовок

21 ноября 1932 г.

Строго секретно

Снятие копий воспрещается

Из Алма-Ата отправлена 18-21 21.11.1932 г.

Поступила в ЦК ВКП на расшифрование 21.11.1932 г. ч. 22 м. 10

Вх. № 1839 ш

Москва ЦК ВКП(б) т. Сталину

Ознакомившись с телеграммой Хахиани[7] в ЦК от 20 ноября, бюро крайкома сообщает:

1) На черную доску занесены только три района, а не 19, как сообщает Хахиани.

2) В отношении 14 решающих хлебных районов применены товарные репрессии, без объявления на черную доску.

3) В районах, список которых нами сообщен в ЦК 28 октября, на черную доску занесены только отдельные колхозы, где имеется упорное сопротивление хлебозаготовкам, всего 87 колхозов.

4) В отношении Кзыл-Орды, Карамачи-Казалинска, против которых особенно протестует Кахиани, они на черную доску не занесены, но предложено обкому выявить колхозы, которые надо занести на черную доску, в этих районах имеем высоко-товарные колхозы по хлебу и рису. При этом в этих районах, которым план снизили против первоначального примерно наполовину, заготовки стоят на недопустимо низком уровне. Например, по Кзыл-Орде - 17 % плана, воровство и хищение там развито до чрезвычайности.

5) Считаю правильным и наш пункт об объявлении колхозникам в оседло-земледельческих районах, занесенных на черную доску, особо сопротивляющихся заготовкам, что до выполнения плана им не разрешается расширительное право индивидуального пользования скотом по постановлению ЦК от 17 сентября. Объявление в областной и районной печати этого пункта и пункта о возможном выселении крайкомом признано неправильным и предложено исправить.

6) К ноябрю положение с хлебозаготовками в Казахстане стояло на низком уровне: меньше на 8 млн пудов, чем в прошлом году на это время, причем в крайкоме накопилось большое количество фактов исключительного сопротивления хлебозаготовкам как в форме пассивных, так и активных вплоть до вредительства и террора, и массовые факты смыкания коммунистов⁽²⁶⁾ связи с классовым врагом на почве саботажа⁽²⁷⁾ нажима к отдельным колхозам.

Поэтому крайком считал вполне правильным после получения телеграмм ЦК от 8 ноября применить в отношении отдельных районов и колхозов аналогичные меры. Какие были указаны в телеграмме.

7) Крайком признает свои ошибки, что своевременно не довел до сведения ЦК о принятых вышеуказанных мерах.

8) Ввиду создавшегося положения с телеграммой в ЦК Кахиани и имея в виду, что мы вступили в наиболее трудный период заготовок, крайком просит ЦК дать свое решение по этому вопросу.

Секретарь Казкрайкома Голошекин
Расшифрована 22.11. 1932 г. 13 ч. 10 м. Напечатано 4 экз.
Чечулин, Батекин.

Помета: "т. Сталину. Архив 2-го сектора".

АП РФ. Ф. 3. Оп. 40. Д. 83. Л. 138-138 об. Подлинник.

№ 13

Шифротелеграмма генерального секретаря ЦК ВКП(б) И.В. Сталина руководству Казахстана о необходимости репрессий в ходе хлебозаготовок

21 ноября 1932 г.

Строго секретно

Шифром

Алма-Ата. Крайком ВКП(б) тт. Голошекину, Исаеву, Кахиани

Шифровка Кахиани с выражением недовольства по поводу последних распоряжений Совнаркома и крайкома Казахстана по линии хлебозаготовок получена. Оценка т. Кахиани при других условиях была бы правильна, а при данных условиях совершенно неправильна. Тов. Кахиани не учитывает, что за последние пятидневки хлебозаготовки в Казахстане падают скачками и ведут к фактическому прекращению заготовок, а это несмотря на то, что план заготовок максимально сокращен, а долг по плану заготовок превышает 10 млн пудов. При таких условиях задача состоит в том, чтобы ударить в первую очередь по коммунистам в районах и ниже районов, находящимся целиком в плену мелкобуржуазной стихии и скатившимся на рельсы кулацкого саботажа хлебозаготовок. Понятно, что при этих условиях СНК и крайком не могли поступить иначе, как перейти на рельсы репрессий, хотя конечно дело репрессиями не может ограничиться, так как необходима параллельно широкая и систематическая разъяснительная работа.

Сталин

АП РФ. Ф. 3. Оп. 40. Д. 83. Л. 137. Заверенная копия.

«Записбкрайком ВКП(б) просит принять срочные меры к предотвращению дальнейшего бегства казахов»

В отечественной и зарубежной историографии принято считать, что именно 1929 г. стал годом сталинского «коренного

перелома» во внутренней политике, годом окончательного свертывания НЭПа, революции «сверху» в аграрном секторе [1]. В период НЭПа сельское хозяйство Казахстана переживало подъем. Например, в 1928 г. валовой сбор зерна был в 50 раз выше по сравнению с 1920 г. Однако крестьяне ровным счетом ничего от этого не выиграли. Из-за низких государственных закупочных цен (в три раза ниже рыночных), они стали повсеместно уменьшать посевные площади, в стране разразился хлебозаготовительный кризис. У крестьян стали отбирать все запасы зерна, включая семенные фонды. В Казахстане обязательства по сдаче зерна накладывались и на скотоводческие районы, чтобы их выполнить казахам приходилось менять скот на хлеб. Продолжались кампании по заготовке мяса и шерсти, приведшие к массовому забою скота.



Откочевщики. Семипалатинск. Зима 1932/1933 г. Текст на документе: «Карточка снята внутри 6-го барака. Вы можете видеть лежащих истощенных казахов и казашек и трупы, лежащие до 4 дней. 8 марта 1933 г. Управделами ВКП КК–РКИ (подпись)».

Следующими актами грядущей трагедии 30-х гг. стали закон о конфискации байских хозяйств и кампания по коллективизации. По директиве Казкрайкома (17 декабря 1929 г.) акцент ставился на организации крупных животноводческих колхозов.

По существу, скот обобществлялся административными методами: аулы с огромной территории сгонялись в одно место, где скот погибал от бескормицы. Коллективизация в Казахстане должна была завершиться к 1932 г., однако местные власти форсировали этот процесс, сопровождавшийся насильственным оседанием казахов. По уровню обобществления посевных площадей крестьянского сектора (97,8%) Казахстан вышел на первое место в стране [2]. Кроме всего вышперечисленного, как следует из докладной записки У. Исаева [3] и М. Орумбаева [4] в Совнарком СССР: «Недород 1931 г. захватил подавляющую часть районов Казахстана, в частности почти все районы Северного и Западного Казахстана. Особо неблагоприятные последствия недорода 1931 г. в ряде районов имели место в связи с тем, что в этих районах недороду 1931 г. предшествовали недороды предыдущих лет. В отдельных районах Казахстана урожай был настолько низок, что не оправдал семенных затрат...» [5]. В 1930-1933 гг. общая численность населения в республике сократилась в 2,4 раза. Уже весной 1931 г. уполномоченные с мест стали посылать сведения о голоде в Алма-Ату, однако власти их игнорировали, ужесточая административный нажим. Для партийно-советского аппарата кулацкие происки стали удобным объяснением неудач экономической политики, страданий и голода простого населения. Ниже публикуется переписка между первыми руководителями Казахстанского и Западно-Сибирского крайкомов партии о казахских откочевщиках, погибающих от голода и холода на просторах страны Советов.



Откочевщики. Семипалатинск. Зима 1932/1933 г. Текст на документе: «Вы можете видеть, как в 6-м бараке набито откочевщиков: где должно помещаться 75 человек (помещается) 250. 8 марта 1933 г. Управделами ВКП КК—РКИ (подпись)».

Документы свидетельствуют о том, что представители партийно-советского руководства 1930-х вполне осознавали характер и масштабы разыгравшейся трагедии. Супруга заместителя уполномоченного ОГПУ по КАССР в своих воспоминаниях, описывая страшный эпизод о детском трупоедстве в Караганде в 1931 г., замечает, что коллеги ее мужа были осведомлены о голоде в республике. В то же время, они с комфортом ехали «среди вымирающих селений в вагоне, обитом бархатом, где было полно провизии. Мы везли замороженные окорока, кур, баранину, сыры, в общем, все, что только можно везти» [6]. Партийные чиновники, стоявшие у власти, играли, словно мячиком, словами «голодомор», «не голодомор», действуя согласно директивам, спущенным сверху, возможно, сами того не осознавая, нанесли удар невиданной силы по всему сельскохозяйственному производству. Экономические проблемы нарастали как снежный ком. И, как следствие, небывалый голод и демографическая катастрофа, поразившие все без исключения районы Казахстана.

Куғын-сүргіннің алдындағы бір шаңырақтың мамыражай тірлігі. 1927 жыл. Семей облысы...



Киіз үйдің ішіндегі казактар. 1931 жылғы сурет...



Ішкі көрініс байының үйінен. 1931 жыл.



Барак для откочевщиков. Семипалатинск. Зима 1932/1933 г. Текст на документе: «Общий вид барака №6, из которого занимают две комнаты откочевщики, остальное разрушено, где нельзя жить ввиду морозов в Семипалатинске от 35 до 40?. 8 марта 1933 г. Управделами ВКО КК—РКИ (подпись)».

В 1991 г. по документам Архива был издан сборник «Голод в казахской степи» [7], куда вошли наиболее информационно насыщенные материалы. Предлагаемые вниманию читателей документы публикуются впервые. Коллективом АП РК они отнесены к категории особо ценных. Публикацию подготовила главный эксперт Архива Президента Республики Казахстан Чиликова Е.

№1

**Письмо секретаря Западно-Сибирского крайкома ВКП(б)
ЗАЙЦЕВА М. СЕКРЕТАРЮ Казкрайкома ВКП(б)
Голошкеину Ф. [8]
О ТЯЖЕЛОМ ПОЛОЖЕНИИ КАЗАХСКИХ
ОТКОЧЕВЩИКОВ**

г. Новосибирск 9 февраля 1932 г.

Совершенно секретно

С осени 1931 г. стали наблюдаться случаи бегства казаков с территории Казахстана в смежные с ним районы Западно-Сибирского края. За последнее время это бегство приняло массовые размеры. Прибежавшие казахи в своем большинстве (по их заявлению) являются колхозниками и лишь небольшая часть относится к числу байско-кулацкого элемента. Насколько серьезные размеры принимает бегство, можно судить хотя бы из следующих цифр: только в одном, смежном с Казахстаном Славгородском р-не, насчитывается до 10 000 человек казахов, переселившихся в район за последнее время, из которых около 6000 осели в самом г. Славгороде; в Баевском р-не учтено до 1300 человек казахов и т. д.

Прибежавшие казахи расселяются в казахских аулах, население которых, в связи с этим, почти удвоилось, а также на окраинах города в пустующих домах и в квартирах, занятых казахами, не имеющие квартир ночуют на улицах. Не имея работы и никакого имущества, большинство из них буквально голодают, среди них развивается нищенство, появляются инфекционные заболевания. Отмечены массовые случаи употребления в пищу суррогатов, мяса павших животных.

Милицией ежедневно на улицах подбираются больные от голода казахи. Имеются также факты смерти казахов от голода, причем смертность от голода, истощения и замерзания особенно увеличилась за последнее время, в связи с наступившим похолоданием и свирепствовавшими буранами (за пятидневку с 15 по 20 января зарегистрировано 4 случая).

В связи с голодом, среди казахов развивается конокрадство (с 15 по 20 января зарегистрировано 9 случаев), принимают широкие размеры кражи, грабежи, отбирание хлеба у граждан не только на улице, но и в квартирах, куда казахи приходят группами по 5-8 человек, требуя снабдить их хлебом. Столовые Славгорода переполнены нищенствующими казахами, которые там

подбирают хлебные крошки, вылизывают тарелки, а иногда прямо отбирают пищу у столоющихся.

В Славгороде почти ежедневно казахи приходят в районные учреждения, приводят с собой и бросают там детей. За последние дни ежедневно подбирают на улицах по 4-5 человек брошенных казахских детей. Детдома и больницы переполнены, и не все дети, подбираемые с улицы, могут быть обеспечены детдомами.

Учитывая, что местные районные организации не могут оказать необходимую помощь голодающим казахам, т.к. ряд районов сами переживают продовольственные затруднения, Запсибкрайком ВКП(б) просит принять срочные меры к предотвращению дальнейшего бегства казахов, а также оказать необходимую помощь прибывшим с территории Казахстана.

Секретарь Запсибкрайкома **М. ЗАЙЦЕВ**
АП РК. Ф.141. Оп.1. Д.5192. Л.21 и об. Подлинник.

№ 2

Письмо секретаря Казкрайкома ВКП(б) Голощекина Ф. секретарю Западно-Сибирского крайкома ВКП(б) Эйхе Р. [9] «О возвращении казахского населения, откочевавшего в пределы Западно-Сибирского края»

г. Алма-Ата 20 марта 1932 г.

Секретно

Мы организуем сейчас возвращение откочевавшего казахского населения в пределы Вашего края. Само собой понятно, что организация этого дела без серьезной, в том числе и материальной, помощи с Вашей стороны, со стороны Ваших местных организаций невозможна.

Как Вы знаете, откочевки начались не только в этом году, они имели место и в прошлом году. Очевидно, Вы не будете оспаривать, что эти откочевки, за исключением некоторых случаев в этом году, не носили характера голодобеженцев, а являлись одним из методов классовой борьбы, сопротивления байства, которое не желая выполнять всех государственных заданий, организовывало откочевки в пределы края, где нет знающих о их классовой принадлежности. Поэтому понятно, что эти откочевавшие хозяйства в первое время своего пребывания в Вашем крае имели еще значительное количество скота. Сейчас, по имеющимся у нас данным, эти хозяйства, в основном, лишились

скота и орудий производства. Этот скот был частью истреблен, распродан ими же самими, а частью был заготовлен разными методами органами Сибкрая. Сейчас, в связи с посевной, мы ставим задачу возвращения в первую очередь тех хозяйств, которые имеют еще частичные средства производства и по возвращении в Казахстан смогут включиться в посевную.

В отношении абсолютно разоренных хозяйств мы ставим задачу об оказании им помощи, в первую очередь, местными органами Сибкрая и возвращении их обратно в Казахстан с наступлением тепла для частичного устройства их как в колхозах, так и в промышленности, промыслах, совхозах. При этом понятно, что возвращение этих хозяйств мыслится на строго добровольных началах. Мы не думаем возвращать баев, также и ту часть трудовых хозяйств, которые уже устроены в колхозах, промышленности и совхозах Вашего края.

Мы ставим вопрос об организации возвращения трудовой части хозяйств еще не устроенных в Вашем крае. Вам кажется, что при такой постановке вопроса у нас нет никаких разногласий с Вами. Между тем, как сообщают наши уполномоченные, побывавшие в Славгородском и Павлогородском районах, Ваши местные организации извращают этот вопрос. Там происходят массовые случаи увольнения казахов, уже работающих в совхозах и организациях, административного выселения в Казахстан всех бездомных и нищенствующих граждан, принадлежащих к казахской национальности. Мы считаем это совершенно неверным подходом к вопросу. Вы не будете отрицать, что казахское население в Вашем крае имеется и без всяких прикочевков извне. Кроме того, разве не задача местных органов Западно-Сибирского края – хозяйственное устройство и культурное обслуживание трудящегося казахского населения и прикочевавшего извне, если бы оно не желало там оставаться. Выходит, на самом деле, что пока эти хозяйства имели скот, и он заготавливался, славгородские и павлоградские товарищи не возражали, а теперь считают нужным уже пауперизированных казахов без всякого устройства и помощи административно высылать в Казахстан, как каких-то нарушителей границ и голодобеженцев.

По всем этим вопросам мы просим твердых указаний Вашим местным организациям.

С товарищеским приветом

Ф. ГОЛОШЕКИН

№ 3

**Письмо секретаря Западно-Сибирского крайкома ВКП(б)
Эйхе Р. СЕКРЕТАРЮ Казкрайкома ВКП(б) Голошекин У Ф.
ОБ ОТКОЧЕВЩИКАХ**

г.Новосибирск 29 марта 1932 г.

По вопросу возвращения откочевавшего к нам казахского населения Казкрайком, по нашему, занимает неверную линию, нарушающую ту договоренность, которую мы имели с Вами в г. Москве. В письме от 20 марта Вы пишете, что откочевки начались не только в этом году, что откочевавших нельзя считать какими-то голодобеженцами. Нам кажется, что Казкрайком, очевидно, неправильно информирован своими местными организациями, если он считает, что то, что имеет место в этом году в части откочевок, в какой-нибудь степени можно сравнить с тем, что бывало в прежние годы. В этом году не только в районы, прилегающие к Казахстану, перекочевали тысячи хозяйств, но даже в таких отдаленных районах, как Новосибирск и др., появились откочевавшие из Казахстана казахи. Несомненно, что среди откочевавших бай-кулаки вели и ведут контрреволюционную работу — это не новость. Весь вопрос только в том, почему в этом году контрреволюционная работа бая-кулака была столь успешна, что ему удалось сбить тысячи бедняцко-средняцких хозяйств.

Организация помощи этим хозяйствам возможна только в Ваших районах и с Вашей стороны. Организовать в Западно-Сибкрае какую-нибудь базу по снабжению откочевавших нуждающихся казахов означает поощрять дальнейшую откочевку. Единственная материальная помощь, которую мы можем оказать и уже оказали, это, что мы выделили некоторое количество хлеба для тех казахов, которые уезжают обратно.

Нам непонятна та медлительность, которую проявляет Казкрайком в вопросе обратного приема откочевавших. По нашему, в этом вопросе должна быть проявлена исключительная спешность, иначе весенняя кампания для этих хозяйств будет потеряна и целый хозяйственный год эти тысячи хозяйств останутся иждивенцами государства. Совершенно правильно, что надо отсеять кулаков-баев, но это можно сделать только в Казахстане, в тех приемочных пунктах, куда мы направляем возвращающихся. После отсева Вы имеете возможность отсеянных кулаков-баев направлять в свои спецпоселки и

использовать иначе, согласно имеющимся указаниям центральных организаций. Попытка организовать такой отсев здесь у нас невозможна.

Ваш намек, что у нас увольняют казахов, уже устроившихся в совхозах, совершенно не обоснован, но для того, чтобы еще раз проверить работу местных организаций в этом вопросе Крайком сегодня дает самое жестокое распоряжение в этом отношении и в случае выявления указанных в Вашем письме фактов, таковые немедленно будут пресечены.

Не понятен также Ваш намек, что будто бы Вам отправляют казахов Западной Сибири — это, по-моему, из области ни чем не обоснованных слухов и Казкрайком должен был бы таких «слухопускателей» привлечь к ответственности.

Еще раз просим Казкрайком в вопросе организации откочевки выработать жесткие указания своим местным организациям, согласно нашей договоренности в г. Москве, и форсировать эту работу. По нашему, это единственно правильный путь, на который должны твердо встать организации Казахстана. Конечно, это тяжелая работа и для этого требуются большие жертвы, но Казахстан имеет возможность, как при помощи центра, так и своими силами это сделать.

С товарищеским приветом

Р. ЭЙХЕ

Генсек Константин Черненко. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары қазақ-қытай шекарасында әскерде болып қазақ ауылдары мен Қытайға жаны мен малын сақтау үшін қашқан «банды қазақтарды» пулеметпен қырған...



«Жуткая картина предстала перед нами. Караван кибиток, набитых детьми, стариками, женщинами, под охраной всадников - мужчин, спустился с песчаных холмов к пересохшему ручью и тут был встречен огнем пулемета, установленного на вершине большого бархана. Это был отличный пулеметчик. Перестрелянные лошади, люди, ползающие и визжащие женщины, оружие дети, вой и проклятия мужчин. Некоторые из них, человек пять с оружием, пытаются отстреливаться, чтобы спасти своих родных и падают от меткого огня стрелка. Пулеметчик не жалеет никого. Вот свалилась маленькая девочка, спасающего своего маленького братца, вот попало старухе, прятаншейся за кибиткой, вот... впрочем...»

Из-за наших спин выскакивает прорвавшийся через стада Джаркентский эскадрон и несется на остановившиеся кибитки. Тут начинается настоящая резня, бойцы рубят все, что осталось живым

... - Товарищ Черненко отлично показал себя в бою. Десятки и сотни бандитов были уничтожены под его меткими пулями.. Благодаря ему мы задержали и разгромили знаменитую банду Сандырбаева. Командование выносит благодарность бойцу Черненко и рекомендует принять его в ряды ВКП (б)...

- Сандырбаев, не бандит...

Сразу стало тихо.

- Кто сказал?

- Я.

Бледный Лешка встал с земли.

- Я здесь давно и знаю всех кочевников, еще с тех пор, когда около шести лет назад разбили последнюю басмаческую банду бая Акбая. Сандырбаев мирный казах и по законам своих предков не раз пересекал границу туда и обратно в поисках хороших пастбищ. Ни одно правительство, никто не может подтвердить, что Сандырбаев нападал на аулы, селения, поселки, никто не может подтвердить, что он занимался разбоями или грабежами... То что произошло на границе можно назвать резней мирного населения.

- Кучера... Черненко.

- ??? Почему Кучер?


- Он в моих документа, когда принимал и сдавал оружие подписывался К.У.ЧЕР. ... (с) Евгений Кукаркин «Кучер» - о жизни первого секретаря СССР Черненко.

Екі ескерткіш

Форт-Шевченко қаласындағы Шевченко атындағы паркте әлі күнге дейін бір ескерткіш тұр. Бұл ескерткіш 1931 жылы «қазақтың банды байларына қарсы күресте ерлікпен өлген чекист» Фетисовқа арналған. Сүйегін осы жерге әкеліп көмген.

Фетисов кім? Ол – бұрынғы орыс патшалығының офицері, ақ гвардияшылар қатарында болып, сосын қызылдар жағына өтіп қызмет еткен. НКВД-н қызметкері болып мансабы мен шені өскен, аяусыздығымен аты шыққан нағыз жедет болған. Қазақтың саяси сауатсыздығы мен білімсіздігін пайдаланып оларды әртүрлі заң баптарымен көздерін жойып қырып салған.

Жоғарыда айтылған «бандылар» жайлы әңгімеге келсек, отызыншы жылдары көмпеске мен талауға түскен, аштық құрсауына түсіп одан құтылмақ болған жергілікті қазақтар қашуға мәжбүр болғанда қазақ-түрікмен шекарасында оларды пулеметтің оғымен қарсы алған Фетисов бастаған шекарашы қызыл-әскерлер еді.



Бұл әңгіме бізге Адай тайпасының медет руынан шыққан Серікболдың аман қалған ұрпақтары, атап айтқанда Серікболдың апасы Балсұлудан бізге жеткен. Аштықтан қашқан бишараларды Фетисов бастаған қызыләскерлер оқ жаудырып өткізбей қояды. Адамдардың арасынан әкесі мен інісі оққа ұшқан Нұрғали деген жаужүрек жігіт әкесін оқ астынан шығаруға еңбектеп жетеді, әкесінің өлгенін көрген Нұрғали пулеметтен оқ жаудырып жатқан Фетисовты сыртынан айналып өтіп өлтірген екен. Осы қырғыннан селдіреп қалған медет руының бірнеше адамдары түрікмен жағына өтіпті. Медет руы осы қырғынның әсері болса керек, ең саны аз ру болып саналады. Серікболдың анасы Тәрбие сол кезде кішкентай қыз екен. Олар туған жеріне 1960 жылдары ғана қайтып келуге мүмкіндік алды. Мына суретте Серікболдың анасы Ақтау қаласындағы өз ұлының атындағы, Серікбол Қондыбайдың ескерткіші жанында тұр.

Айтпақшы Шығыс Қазақстандағы Қытаймен шекара бекеттерінде әлі күнге дейін аштықтан қашып Қытайға өтпек болған қазақтарды қырған фетисовтарға ескерткіштер толып тұрған көрінеді. Қытайға өтпек болған күйеуін Таласбектің әжесі мен барлық туыстарын шекарашылар сол кезде қырып салған екен. Сол қырғыннан екі-ақ адам аман қалыпты – Таласбектің атасы және оның үш жасар баласы...

Зира НАУРЫЗБАЕВА

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. СТРАНИЦЫ ТРАГИЧЕСКИХ СУДЕБ, Сост. Е.М.Грибанова, А.С.Зулкашева, А.Н.Ипмагамбетова и др. Алматы, 2002, 448 б.
2. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті, Т.Омарбеков, Алматы, Санат, 1997, 320 б.
3. Тәтімов М. Қазақ әлемі, Атамұра, 1993, 160 б.
4. Шаяхметов О. Өлмес әннің рухы, Алматы, 2009, 413 б.
5. Сафаров Г. Бочагов А. Колониальная революция, Алматы, Жалын, 1996, 272 б.
6. Пономарев М.И. Народ не безмолвствует, Алматы, Простор, 1996, 302 б.
7. Әлімжанов Ә, Познание, Алматы, Шабыт, 1994, 96 б.
8. Данабаев Қ. Сағыныш екен бала кез, Астана, Фолиант, 2008, 400 б.
9. Қазақ қалай аштыққа ұшырады, Құраст. С.Әбдірайымов, И.Н.Бухонова және б. Алматы, Қазақ университеті, 1991, 208 б.
10. Әлем, Альманах, Алматы, Жазушы, 1991, 496 б.
11. І.Байжанов, Қара Қоңыр, Бес торанғы, Қостүйінім.. - Шымкент, «Азиат» баспа үйі, 2011. 276 б.
12. Омарбеков Т. Зобалан, Алматы, «Санат», 1994, 272 б.
13. Қоңыратбаев Әуелбек, Керуен, Алматы, Жалын, 1989, 216 б.
14. Михайлов В. Хроника великого джута, Алматы, СП «Интербрук».
15. Ахмади Жанат, Зар-Зараука, Хикаяттар мен әңгімелер, Алматы, «Өлке» баспасы, 2001, 160 бет.
16. Құлыяс Табыл, Қырғын, Деректі хикаяттер және өлеңдер - Астана, Фолиант баспасы, 2010 – 384 бет.
17. С. Асипулы, «Танталовы муки» степи, Историческое эссе о колонизации, Алматы, «Сөздік-Словарь» 2001
18. Ильяс Козыбаев, Тот самый Жанбаев, Алматы, «Атамұра», 2014, 232 б.
19. М. Шокай. Блокада и ее последствия. Статистические данные Высшего экономического совета Туркестана. – Ташкент, 1919.
20. М. Шокай, Түркістанның қилы тағдыры, Алматы, «Жалын» 1992, 184 б.
21. Семенюта В.А. Продовольственный кризис в Туркестане в 1917-1918 годах и его преодоление – 35 бет.
22. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұлов. Өмірі мен қызметінің күнерегі. 1 том, Тараз 2014.

МАЗМҰНЫ

Ашаршылық жайлы зерттеулер, мақалалар	4
ҰЛЫ ЖҰТ немесе қазақ даласындағы Ұлы аштық қырғыны жайлы.....	12
Ашаршылықтың ащы шындығын қаншалықты аша алдық?	18
Бір зұлмат, екі халық, екі тағдыр	50
Ашаршылық кезінде ел басқарған	
Елтай Ерназаров	55
Қазақстандағы ашаршылық зұлматына байланысты қазақтардың	
Батыс Сібірге босқыншылығы	64
Докладная записка	73
Орыстың озбырлығы	77
Кәмпеске нәубетінің тарихы неге ашылмай жатыр?	82
Қазақстан кіндік атқару комитетінің басындағы қазақ азаматтарына	
ашық хат	85
Ашаршылық жайлы әңгімелер	86
Ашаршылық	90
Кек	98
Әжемнің ашаршылық жайлы әңгімесі	101
Қазақ ақын-жазушыларының ашаршылық жайлы әңгімелері	
Күлпаш	106
Айт күндері	107
Аштық құрбаны	110
Қылмыс	112
Әкемнен естігендерім	114
Соңғы өлік	124
Өз көзіммен көрдім...	125
Қалжан Қоңыратбаев	138
Керкеткен	139
Зар-Зарауқа	143
Ағадан қалған аманат	151
Балықтың қылтаны	155
Смағұл Елубай, жазушы	158
Тұрсын Жұртбай,	
филология ғылымдарының докторы, профессор	159
Қойнына мысық тыққан бала	165
Қазақ қасіреті	169
Ашаршылық	172
Мың өлген қазақты тірілткен қазақтың аналары...	174
Кіші ашаршылық 1918-1922	178
Сыр бойындағы ашаршылық пен індет	184

Голощекин жайлы пікірлер мен мақалалар. Голощекин:	203
Ұлы ашаршылық	
Қазақстан ұмытпауға тиісті халықтық қасірет	209
Кәмпеске науқаны басталған кез жайлы естеліктер	212
Ашаршылықтағы жантүршігерлік оқиғалар куәгерлер көзімен	220
Н.Назарбаев: Аштық тақырыбын саясиландыруға болмайды	328
Ашаршылықтың жантүршігерлік көріністері...	338
Кошағаштағы қасірет	345
Шұбартау көтерілісі	352
Косымша құжаттар	368
«Қазақтар шыбындай қырылып жатыр...»	372
Ашаршылық жайлы жоғарғы органдарға жазылған хаттардан	
үзінділер	378
Қорытынды	387
Косымша құжаттар	397
Екі ескерткіш	411
Пайдаланған әдебиет	413

Сағат ЖҮСІП

АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ
Деректер мен дәйектер

Бұл кітап жайлы пікірлеріңізді
С.Жүсіпке тел: 87772736427
хабарласуға болады

Редактор Сағат ЖҮСІП
Техникалық редактор Бибінұр Құрман

Басуға қол қойылған күні 28.07.2015 ж. Қалыбы 60x90/16 .
Қаріп түрі "Times New Roman PS MT". Шартты баспа табағы 26.
Есепті баспа табағы 26. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 072

Тапсырыс берушінің файлдарынан "Курсив" ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, "Бағанашыл" ықшам ауданы, Восточная көшесі, 2 үй.